

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Қазақ тіл білімінің қолданбалы лингвистика саласының негізін салушы, көрнекті
ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор
Асқар Құдайбергеноұлы Жұбановтың 85 жылдық мерейтойына арналған
«АСҚАР ЖҰБАНОВ ОҚУЛАРЫ»
тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында
«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
КОРПУСТАР ҚҰРАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ»
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической конференции
«АСКАР ЖУБАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ» в рамках регулярной
научно-лингвистической площадки
«ИНФОРМАЦИОННОЕ ПРОСТРАНСТВО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И
ОПЫТ СОЗДАНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ КОРПУСОВ»,
посвященной 85-летию юбилею основоположника прикладной лингвистики
Казахского языкознания, выдающегося ученого, доктора филологических наук,
профессора **Аскара Құдайбергеновича Жұбанова**

PROCEEDINGS

international theoretical and scientific conference
«ASKAR ZHUBANOV READINGS» as part of the regular
scientific-linguistic platform
«THE INFORMATION SPACE OF THE KAZAKH LANGUAGE AND THE
EXPERIENCE OF CREATING NATIONAL CORPORA»,
dedicated to the 85th anniversary of the founder of applied linguistics of the Kazakh
language, an outstanding scientist, doctor of philological sciences, professor
Askar Kudaibergenuly Zhubanov

Алматы, 2022

УДК 811.512.122
ББК 81.2 (Каз)
А 90

Жалпы редакциясын басқарған:

Анар Мұратқызы Фазылжан – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
директоры, филология ғылымдарының кандидаты

Жауапты редактор:

А.Жаңабекова

Жауапты шығарушылар:

А.Қожахметова, Е. Бесіров, Г.Тлегенова

А 90 **«АСҚАР ЖҰБАНОВ ОҚУЛАРЫ»** тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында
**«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КОРПУСТАР
ҚҰРАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ»** атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары / Жауапты редактор – А. Жаңабекова. – Алматы: ЖК «Асыл» баспасы,
2022. – 235 б.

ISBN 978-601-269-202-0

Жинақ 2021-2022 жылдарға арналған «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» (OR 11465483) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Жинаққа Қазақ тіл білімінің Қолданбалы лингвистика саласының негізін салушы, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор **Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың** 85 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары еніп отыр. Бұл еңбек тіл мамандарына, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ғылыми зерттеу институттары қызметкерлеріне, PhD докторанттар мен магистранттарға, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

**УДК 811.512.122
ББК 81.2 (Каз)**

ISBN 978-601-269-202-0

© А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

Асқар Жұбанов – қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалаған белгілі ғалым, қоғам қайраткері, профессор Құдайберген Жұбановтың ұрпағы, қазақ тіл білімінің қолданбалы саласының қарыштап дамуына ерекше үлес қосқан, саналы ғұмырын қазақ лингвостатистикасы, корпустық лингвистикасы сияқты заманауи бағыттарды қалыптастыруға арнаған әлемдік деңгейдегі ғалым.

Қазақ тіл білімінің Қолданбалы лингвистика саласының негізін салушы, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың 85 жылдық мерейтойына орай 2022 жылдың 15 қарашасында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Асқар Жұбанов оқулары» тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында «Қазақ тілінің ақпараттық кеңістігі және Ұлттық корпустар құрастыру тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізді.

Конференция бағыттары:

- Профессор А.Жұбановтың тілтанымдық мұрасы;
- Қолданбалы лингвистика: статистикалық және компьютерлік лингвистика мәселелері;
- Әлем тілдерінің электрондық корпустары және Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасаудағы проблемалар;
- Түркі тілдері мәтіндерін семантикалық талдау және омоним сөздерді автоматты түрде ажырату;
- Қазақ сөзін анализдеу мен синтездеу әдістері;
- Компьютерлік лингводидактика: білім берудегі цифрлық және инновациялық технологиялар;
- Автоматтандырылған аударма мәселесі;
- Ақпараттық-іздеу жүйелері;
- Жасанды интеллект;
- Тіл білімінің өзекті мәселелері.

«Асқар Жұбанов оқулары» тілтанымдық алаң аясында конференцияда Ұлттық корпустар құрастыру тәжірибесі бойынша проблемалық мәселелер көтеріліп, әлемдік корпустарға талдау жасалды. Сонымен қатар мәтінді автоматты тану бойынша жасалған және алда жасалуға тиіс компьютерлік әзірлемелер таныстырылды. Атап айтқанда:

Қазақ халқының таным-білімдерін автомат арқылы анықтау жүйесі (М.Нұрлан);

А. Жұбанов еңбектеріндегі лексика-семантикалық топтарды кодтау мәселелері және корпуста семантикалық белгіленім енгізудің әлемдік тәжірибесі (М.Иманғазина);

А.Жұбанов еңбектеріндегі автоматтанған оқу жүйесінің негізгі ұстанымдары және білім беру корпустарын жасаудың әлемдік тәжірибесі (Г.Тлегенова);

Ауызша корпустар жасаудың әлемдік тәжірибесі және А.Жұбанов еңбектеріндегі қолданбалы лингвистиканың фонетикалық аспектілері (С.Бейсенхан);

Қазақ тілінің автоматты сөздігі: қазақ сөз формасының синтезі (А.Жұбанов еңбектері мен морфологиялық анализатор әзірлемесі бойынша) (Ғ.Аязбаев).

Терминологиялық база жасау бойынша «А.Жұбанов және терминологиялық база жасаудың алғышарттары» (Ж.Ескендір) атты баяндамада бүгінгі күннің өзекті проблемасы – терминдерді жинақтау мен оларды автоматты қолданысқа айналдыру мәселесі көтерілді.

Асқар Жұбанов – тек тілдің ішкі мәселесін автоматтандыруды ғана емес, мәтінге қатысы бар көптеген нысандарды автоматтандыру, цифрландыру туралы алғышарттар жасап, алгоритмдерін де жазып кеткен ғалым. Мәселен, конференциядағы «А.Жұбанов

еңбектеріндегі баспа ісін автоматтандырудың лингвистикалық негіздері» (Е.Бесіров) атты баяндамада ғалымның осы мәселе бойынша жасаған алгоритмдері талданып, баспа ісін автоматты жүйеге көшірудің жолдары айқындалды.

Сонымен қатар «Статистикалық есептеу және ықтималдық теориясы (А.Жұбанов еңбектері бойынша) атты баяндамада (К.Пірманова) жиілікті шығару мен мәтінді қамту пайызын анықтау формулары талданды.

Жоғарыда аталған баяндамалар А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жас ғалымдарының арнайы жүргізген зерттеулері бойынша жасалды.

Конференцияда Башқұртстан республикасы, Уфадан келген ғалым Зиннур Сиразитдинов башқұрт тіліндегі мақал-мәтелдерді модельдеу бойынша баяндама жасаса, Л.Бускунбаева башқұрт тілінің ұлттық корпусының жұмысымен, іздеу жүйесімен бөлісті.

НУ Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институтының қызметкерлері (Қ.Байменова, С.Мусаходжаева, Р.Ешпанов) сөйлеуді анализдеу мен синтездейтін Іт-өнімдірімен таныстырды.

Тараз қаласынан Асқар Жұбановпен бірге алғашқы (1973) қазақ тілінің жиілік сөздіктерін шығарған лингвостатист-ғалым Алмасбек Белботаев қазақ тіліндегі жиілік сөздіктер жасау тәжірибесін, компьютер жоқ кездегі қиындықтар мен сөздерге сөз табын қоюдағы қиындықтарды сөз етті.

Конференцияны Институт директоры Анар Фазылжан жүргізіп, «Профессор Асқар Жұбанов және қазақ тіл білімінің болашағы» атты баяндамасында цифрландыру, автоматтандыру туралы әлі түсінік жоқ кезеңде ғалым жазған және жасаған ғылыми мұраларының бүгінгі ақпараттық қоғам үшін өте қажетті идеялар екенін атап көрсетті.

Мерейтой аясында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Асқар Жұбанов атындағы ғылыми-шығармашылық зертхана» ашылып, Асқар Жұбановтың авторлығымен шыққан және қолданбалы бағыттағы ғылыми зерттеулермен жабдықталды.

«Асқар Жұбанов оқулары» атты тілтанымдық алаң қазақ тілін автоматтандыру мәселесін алғаш көтерген ғалым Асқар Жұбановтың еңбектерін зерттеу және ғалым көрсеткен цифрландыру проблемаларын әрі қарай дамыту, қазақ тілін әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару мақсатын көздейді. Бұл тілтанымдық алаң әсіресе жас ғалымдарды бүгінгі күннің сұранысына қарай қазақ тіл білімінің қолданбалы бағытын дамытуға, мемлекеттік тілдің функционалдық әлеуетін арттыруға өз үлестерін қосуға түрткі болмақ.

Әке жолын қуған және соңғы демі біткенге дейін Жұбановтар туын көтерген адал перзент, қазақ тіл білімінің қолданбалы бағытына сара жол салған Асқар Жұбанов қалыптастырған мектеп бүгінгі қоғамдағы мемлекеттік тілді заманауи, жаһандық ақпараттық кеңістікке шығаратын бірден-бір кәсіби ресурс боп қала береді. Бұған ғалым атымен ашылған Зертхана мен «Асқар Жұбанов оқулары» атты тілтанымдық алаңның жолға қойылуы дәлел.

Қорыта келгенде айтарымыз: «Ғалым мен Ғылым» тоғысында өткізілген аталмыш конференцияның жас ғалымдарды тәрбиелеуге, мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістігін нығайтуға, Цифрлық қазақ тілінің әлеуетін арттыруға септігі тиеді деген сенімдеміз.

Жинақта осы конференцияда жасалған баяндама-мақалалар берілді.

АЙМАН ЖАҢАБЕКОВА

Филология ғылымдарының докторы

І СЕКЦИЯ. ҰЛТТЫҚ КОРПУСТАР ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫН ӘЗІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. ФАЗЫЛЖАНОВА

*А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі
институтының директоры*

ҰЛКЕН ЖИЛІК СӨЗДІК ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада 7 миллионнан астам сөзқолданысы бар мәтіндік база негізінде жасалған «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» талданады. Сонымен бірге сөздіктің құрамы, құрылысы, мақсаты қарастырылып, жиілік сөздіктерге шолу жасалады.

Түйін сөздер: жиілік сөздік, әліпбилі-жиілік сөздік, Ципф заңы, лексикография.

Аннотация. В статье анализируются «Частотный словарь казахского языка в общем образовании», составленном на основе текстовой базы, содержащей более 7 миллионов слов. Также рассматриваются состав, структура, назначение словаря и обзор частотных словарей.

Ключевые слова: частотный словарь, алфавит-частотный словарь, закон Ципфа, лексикография.

Annotation. The article analyses the "Frequent Dictionary of the Kazakh Language in General Education", compiled on the basis of a text base containing more than 7 million words. The composition, structure, purpose of the dictionary and an overview of frequency dictionaries are also considered.

Keywords: frequency dictionary, alphabet-frequency dictionary, Zipf's law, lexicography.

«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» ең алдымен мемлекеттік тілді оқытуда, оқулық, оқу құралдарын, оқу сөздіктерін, тілдік (лексикалық, грамматикалық) минимумдарды ғылыми негізде жасауда аса қажетті осы сипаттағы еңбектердің ішінде омонимдердің ажыратылғандығымен, мәтіндік базасының ауқымдылығымен ерекшеленетін тың тілтанымдық-лексикографиялық еңбек болып табылады. Сонымен бірге сөздік морфологиялық, фонетикалық дублет, жарыспалы сөздердің қай нұсқасын әдеби нормаға алуды анықтауда, кірме сөздер, терминдер, неологизмдердің тілдің жалпыхалықтық лексикадағы орнын анықтауда, басқа да түрлі сөздіктер жасауда, лексикографиялық теориялық мәселелерді шешуде, тілдің лексикалық байлығы мен стильдік ерекшелігін, түрлі стильдердегі сөзқолданыс сипатын анықтауда, типологиялық зерттеулер жүргізуге керек материал жинауда, сөздер мен сөз таптарының статистикалық деректерін алуда бірден-бір қажетті құрал болып табылады.

Сөздіктің негізгі мақсаты – тілдегі белсенді сөздік қор шегарасын, сол арқылы қазақ тілін, әсіресе екінші тіл ретінде үйренетіндерге арналған тиімді оқулықтар мен оқу құралдарын, оларға база болатын лексикалық-грамматикалық минимум әзірлеуге қажетті лексикалық материалды анықтап беру.

Бұл Сөздікте қазақстандық оқушының бірінші сыныптан бастап мектеп бітіргенінше қарым-қатынасқа түсетін тілдік орта, тілдік жағдаяттарындағы мәтін түрлері мейлінше толық қамтылды. Дегенмен де оны тек мектеп қабырғасында игерілетін білім деңгейін ғана қамтылған мәтіндер базасындағы сөздік деуге келмейді, себебі, тілдік материалының көп бөлігін оқу дискурсындағы мәтіндер алғанымен, қоғамдық өмірдің алуан саласындағы күрделілігі жағынан оңайдан қиынға дейінгі әртүрлі сипат-мазмұндағы типі мен жанры алуан түрлі жалпы көлемі ауқымды мәтіндер қамтылды. Бұл мектеп қабырғасын аттаған баланың оны бітіріп шыққанша зияты мен тілдік қарым-қатынастағы білім-біліктілік-дағдысы қоса жетіліп оты-

ратынын ескерумен, қазақ тілін жетік түрде игерген тілдік тұлғаны қалыптастыруға, оны дамытуға қажетті бола алатын қоғамдық өмірдің сан қырлы саласындағы тілдесім әрекетіне тән мәтіндерді барынша қамту ниетімен байланысты Сөздік базасының ерекшелігі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандар Сөздіктің оқу-білім ғана емес, қазіргі қазақ тілінен ақпарат іздеген ғылыми-зерттеулер саласында да құнды құрал бола алатынын көрсетеді. Себебі жиілік сөздіктің базасына алынған мәтіндер қазіргі стиль қоғамның сан саласында өмір сүріп отырған алуан түрлі тілдесім әрекетіне қатысты болуы арқылы тіліміздің бүгінгі тынысын, айырым ерекшелігін, онда орын алған заманауи трендтер мен тенденциялардан сандық көрсеткіштер арқылы дәйектелген мәлімет бере алады. Тілдегі құбылыс – санадағы өзгерістің бейнесі, санадағы трансформациялар тілде айнаға түскен кескіндей анық бейнеленеді, олай болса, Сөздік қоғамдық санадағы құбылыстарды зерттеушілер үшін де таптырмас құрал бола алады.

Осы сөздіктің әліпбилі-жиілік түрін ашып, кез келген жерінен сөзтізбедегі сөздерді оқысақ, олардың тілдегі орны, «танымалдығы» әртүрлі екені аңғарылады. Мысалы, *абадан, абажадай... абақ, абақай, ...абат, абаттан* сөздері қатарындағы *абадан* (қасқырдыңтоптанған әуегінің(үйір)көсемі, күшті демықтыбастаушысы), *абақ* (1. кәсіби. Ұзындығы мың метрдей, көлденені бесжүзметрдей болатын,теңізден балық сүзетінжылымныңбіртүрі. 2. Үлкен өзендерменкөлдерден балық сүзетін аудың түпкібөлігі, ау түбіндегідорба,қалта) сөздерінің мағынасын барлығы бірдей біле бермейді [1]. Тіпті қазақ тілінде сөйлеп жүріп, көптеген сөздің мағынасын білмей өту күнделікті өмірімізге еш зиянын тигізбеуі де әбден мүмкін. Алайда өмір бойы қазақша сөйлеп, қазақи ортада өсіп, *мен, бол, сен, және, ақ, жүр, жатыр* сияқты сөздердің мағынасын білмеу мүмкін емес. Демек, сөздердің барлығы бірдей «танымал», әрі олардың тілдік қарым-қатынастағы арқалаған жүгі, атқаратын рөлі тең емес. Бір қызығы, бәріне таныс сөздер кез келген жиілік сөздікте жиілігі жоғары болып келеді. Олай болса, сөздердің ішіндегі белсенділерін қайдан көреміз, олардың жиіліктерінің арақатынасын қалай анықтаймыз деген сұрақтың жауабын статистика, сан арқылы жиілік сөздіктер бермек.

Жиілік сөздік сонда ең алдымен тіл үйрету үшін қажет. Алайда оның тілді ана тілі ретінде үйретудегі пайдасы екінші тіл ретінде үйретуге қарағанда өзгеше. Өзге тілдің иелмені үшін қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда, сөз жоқ, жиілігі жоғары, яғни белсенді сөздік қордағы сөздерді анықтап, түрін түстеп алудың маңызы зор. Ал қазақ тілін ана тілі ретінде игерген тұлға үшін белсенді сөздерден гөрі, жиілігі аз сөздірді игеру пайдалырақ. Сондықтан бұл мәселеге байыппен қарау керек.

Сонымен қатар жиілік сөздіктің мәліметтері заманауи ақпараттық-технологиялық құралдар арқылы жасалатын табиғи тілді автоматтаушы, мәтінді өңдеуші компьютерлік қондырғы, бағдарлама, қосымшалар, интернет-ресурстар және т.б. әзірлеу үшін аса маңызды болып отыр. Жаһаният заманында тіл жазбаша формада тек қағазда өмір сүрмейді, электрондық нұсқадағы жазбаша мәтіндердің үлесі жылдап емес, күн санап артып келеді. Мәтінді компьютерде теру, өңдеу жұмысын жеңілдетудің түрлі іт-бағдарламалары, әсіресе интернеттегі лингвистикалық технологиялар қарқынды дамып отыр. Мәселен, электрондық мәтіннің емлесін автоматты түрде тексеретін редактордың компьютерлік бағдарламасын әзірлеу үшін жиілік сөздіктегі ақпарат аса құнды болып табылады. Мысалы, компьютерді пайдаланушы «маға» деген сөзді теріп қойса, мәтін редакторы оның қате екенін сөзформалар тізбесінен анықтап, оған дұрыс балама іздейді, алдымен жиілік сөздік негізінде алынған жиілігі жоғары «маған» есімдігін ұсынады, ал осыған ұқсас «мағаш» сияқты жиілігі аз диалект сөз, қолданылу ықтималдығы төмен болғандықтан, кейінгі кезекте ұсынылады. Компьютерлік емле редакторын сөздердің сөзжасамдық және формажасамдық түрленімін түгендейтін аса ауқымды мәтіндік база негізінде жасалған сөзформалар сөздігінің көмегісіз сапалы жасап шығару мүмкін емес.

Жиілік сөздік сол сияқты тілтанымдық ізденістер үшін аса қажет. Бір қызығы, жиілік сөздіктегі математикалық тәсілдермен анықталған сандық мәліметтер тек дәстүрлі-құрылымдық зерттеулер үшін ғана емес, тарихи-салыстырмалы, сонымен бірге антропоцентристік жаңа парадигмадағы когнитивтік модульдегі зерттеулер үшін де таптырмайтын ақпарат көзі болып табылады.

Мәселен, осы жиілік сөздікті жасаушы тілтанушылар алғаш рет ауқымды мәтіндік базаны өңдеудің арқасында тілдегі көптеген жаңа үрдістерді байқау мүмкіндігіне ие болды. Солардың бірі – тілдік нормадағы узусқа, яғни тілдік жүйеде қалыптасқан әдеттегі нұсқаға, логикалық жолға сәйкес келмейтін дәстүрлі жолмен қалыптасқан дағдылы нормаға қатысты мәліметтер. Узустың мысалына *туылдым* (жүйе, логика бойынша) емес, *тудым* (дағды, дәстүр бойынша), *менге* емес, *маған*, т.б. сөздерді келтіруге болады, дәл осы сөздердің, яғни узустық сипаты бар тілдік бірліктердің жиілігі жаппай алғанда жоғары болатыны байқалды. Сонымен қатар осы сияқты тіл теориясы тұрғысынан диахрондық аспектіде тың зерттеулерді қажет ететін тағы бір құбылыс: сөздікте ажыратылған грамматикалық омонимдердің дені бір немесе екі, ары кетсе үш буынды болып келді және олардың орташа жиілігі жаппай жоғары мәндерден көрініп отырды. Демек, мұндай омонимдер тіліміздің белсенді сөздік қорының шегарасына енеді. Мәліметтерді 1-кестеден қарауға болады.

1-кесте. Омнимдердің әліпбилі-жиілік сөздігінен үзінді

СӨЗ/сөз табы	Жалпы жиілігі	Көнетүркілік түбірі
айт/ет	23421	*ajt-
айт/зт	63	*ajt
айт/од	7	
айтыс/ет	262	*ajtis-
айтыс/зт	299	*ajtis
айыр/ет	758	*ajir-
айыр/зт	20	*ajir
айыр/сн	1057	
ақ/ет	256	*ak-
ақ/зт	57	*āk
ақ/сн	1201	*āk
ақ/шл	964	
ақша/зт	2019	*ākğa (Ә.В.Севортян бойынша)
ақша/сн	202	*āk (түбірінен)
ал/ет	43359	*al-
ал/сн	106	*āl
ал/шл	8393	
ала/зт	17	* āla
ала/сн	2969	* āla

Бұл мәселені диахрондық аспектідегі ізденістер арқылы зерттеу керектігі омонимдердің көнетүркілік лексикалық қабаттан қалыптасқандығы туралы фактіні дәйектеп тұр. Осы мәселеге назар аударған компаративист ғалымдар аз емес. Қазақ тіл білімінде мұны алғаш теориялық тұрғыда қарастырған ғалым академик Ә.Қайдар, кейіннен оның шәкірттері болды [3]. Дегенмен жаңа жиілік сөздіктегі тың мәліметтерге сүйене отырып, жүргізілген заманауи зерттеулер тілдегі көнетүркілік түбірлердің құрамындағы бірінші реттік (первичная) созылыңқы дауыстылардың қатысуымен, яғни гетерогенді және этимологиясы бір түбірден тара-

ған, яғни гомогенді омонимдерге қатысты бұл мәселенің әлі де ашылмай жатқан көптеген көлеңкелі тұсына сәуле түсіретініне сенімдіміз.

Сол сияқты лингвокогнитивтік зерттеулер үшін де жиілік сөздік құнды мәліметтер бере алады. Қоғамдық санада идеологиялық, базалық концептілердің қайсысы өзектіленіп отырғанын жиілігі жоғары атауыш сөздер аңғартады. Сөздіктен адам санасына, қоғамдық санаға қатысты танымдық, эвристикалық материалды табуға әбден болады. Осы пікірді алғаш айтқан философ ғалымдардың бірі М.Эпштейн жиілік сөздікті әлемнің тілдік бейнесі ретінде зерттеу құралына айналдыруды ұсынады. Автормен келісе отырып, оның «сөздердің жиіліктік реті – бұл ұғымдардың жалпыхалықтық, стихиялық-демократиялық жүйесі» деген анықтамасының дәлдігін 21 жыл бұрын жарыққа шыққан «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің сөздіктері» еңбегіндегі сөзтізбе мен осы Сөздіктің сөзтізбесін салыстырғандағы жиілік мәліметтері көрсетіп отырғанын алға тартамыз [4]. Ол үшін екі сөздіктің де реестріндегі көмекшілік мәні бар сөздерді ысырып, жиілігі жағынан алғашқы жүздікте тұрған атауыш сөздерді салыстыра қарауға болады:

2-кесте. 1995 және 2016 жылғы Жиілік сөздіктердің алғашқы 100-дігіндегі зат есімдер

Реті	«М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің сөздіктері»	«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі»
1.	СӨЗ	ЖЫЛ
2.	ЕЛ	СӨЗ
3.	ЖЕР	АДАМ
4.	КҮН	ҚАЗАҚ
5.	ҮЙ	БІЛІМ
6.	БАС	ЕЛ
7.	АДАМ	ЖЕР
8.	ҚАЗАҚ	ТІЛ
9.	жол	БАЛА
10.	БАЛА	КҮН
11.	ҚОЛ	халық
12.	КӨЗ	жұмыс
13.	ат	ӨЛЕҢ
14.	ӨЛЕҢ	еңбек
15.	жан	КӨЗ
16.	ой	әйел
17.	кісі	кез
18.	ауыл	ҮЙ
19.	ақын	жол
20.	кез	ҚЫЗМЕТ
21.	ҚЫЗ	ҚОЛ
22.	ЖЫЛ	деңгей
23.	ТІЛ	БАС
24.	жігіт	қала
25.	ІС	өмір
26.	-	республика
27.	-	ие
28.	-	түр
29.	-	тапсырма
30.	-	іш
31.	-	мемлекет
32.	-	мәселе
33.	-	ІС
34.	-	отбасы

Егер 1995 жылғы сөздікте жиілігі жоғары алғашқы жүз сөздің ішінде 25, ал 2016 жылғы сөздікте 34 зат есім бар болса, олардың 15 екі сөздікте де қайталанып тұр: *жыл, сөз, адам, қазақ, ел, жер, тіл, бала, күн, өлең, көз, үй, қол, бас, іс*. Мұның сыры неде? Неліктен соңғы, яғни тәуелсіздік алғаннан кейін шыққан сөздікте алғашқы жүздіктің қатарынан республика, мемлекет сөздері орын алған? – осы сұрақтардың жауабын қоғам тынысы мен сол қоғамды жасап отырған адамның танымын қарастыратын, лингвистикалық ізденістің антропоэзектік парадигмасындағы когнитивтік тіл білімі тұрғысынан жүргізген зерттеулер ғана берері сөзсіз.

Олардың бірінде жиілік сөздіктердің мәліметтеріне сүйене отырып, қандай да бір мәтіндер базасындағы жиілігі жоғары лексемаларға талдау жүргізу әдісін доминанттық талдау деп атап, сол арқылы белгілі бір этнос, әлеуметтік топ немесе жеке тұлғаның концептуалды картинасының доминанттарын анықтауға болатыны алға тартылып жүр [5]. Мұндай әдіске әбден сенуге болады деп ойлаймыз, себебі жиілік сөздік сөйлеу практикасын неғұрлым объективті көрсететін сөздіктің бірегейі, өйткені ондағы жоғары жиілікті сөздер сөз ағымындағы көп қолданысты, яғни сол тіл иелмені жасап жатқан белгілі бір қоғамдағы неғұрлым сұранысы жоғары ұғым-түсініктерді көрсетеді. Зерттеуші доминанттық талдау арқылы дүниенің тілдік бейнесі тұрғысынан жиілігі жоғары сөздерді анықтап, одан әрі доминант сөздерден доминант концептілерді табуға жол ашады.

Демек, екі кезеңде: бірі – кеңестік, екіншісі – тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген жиілік сөздіктердегі *жыл, сөз, адам, қазақ, ел, жер, тіл, бала, күн, өлең, көз, үй, қол, бас, іс* атауыш сөздерінің жоғары жиілікпен сипатталуы олардың қазақ ұлттық концептосферасы доминант (базалық идеологиялық және құндылықтық) концептілерінің тілдік репрезентанттары екенін көрсетсе керек. *Республика, мемлекет* сөздерінің Тәуелсіздік кезеңінде туындаған мәтінде жиілігі жағынан алғашқы жүздіктен көрінуінің себебі де осында жатыр: мұны доминант концептілердің тәуелсіздік алумен байланысты этномәдени тілдік ұжым санасындағы трансформацияның (толығының) көрінісі ретінде қарауға болады. Ұлттық санадағы өзгерістер – тілтанушылардың ғана емес, әлеуметтанушы, саясаттану, философ т.б. қоғамдық-гуманитарлық ғылым салалары мамандарының зерттеу объектісі. Олай болса, жиілік сөздік аталған сала ізденушілері үшін де деректер көзі болып табылады.

Сонымен, қорыта айтқанда, жиілік сөздік оқыту үдерісін ұйымдастырушы құралдар әзірлеу, жаңа ақпараттық-лингвистикалық технологиялар жасау және теориялық тілтанымдық ізденістер жүргізу үшін аса қажет лексикографиялық еңбек болып табылады.

Тілдегі сөздердің «танымалдық» деңгейін оның сөздіктегі жиілігі көрсетеді, ал олай болса, сөздердің жиіліктері арасында белгілі бір заңдылық болуы мүмкін бе, мәселен, ең жиі қолданылатын сөз бен одан кейінгі жиілікте тұрған сөз жиіліктерінің сандық көрсеткіштері арасындағы қатынаста заңдылық бар ма, олар геометриялық прогрессиямен өзгере ме, әлде қалай деген сияқты сұрақтарға жауап іздеген ғалымдар аз болған жоқ. Солардың бірі америкалық Джордж Кингсли Ципф ашқан сөзтізбедегі сөздер жиілігінің өзгеру заңдылығын қазіргі ғылымда Ципф заңы деп атайды. XX ғасырдың басында америкалық тілтанушыдан бұрын да осы құбылысты байқаған ғалымдар мен ізденушілер болған, алайда ғылыми қауымдастық арасында айналымға енуіне зор үлес қосқандықтан, ол Д.Ципфтің есімімен аталып кетті. Бүгінгі күннің инфометриясын, яғни ақпараттың сандық, соның ішінде семантикалық сипаттамаларын өлшеудің теориясын бұл әмбебап заңсыз елестету мүмкін емес, себебі ғалым о баста мұны қала халқының санына қатысты айтты, кейін сөздердің жиілігіне тән екенін көрсетті, сөйтіп, тіпті қоғам мүшелері арасындағы байлықтың шоғырлану мөлшеріне қатысты да осы заңдылықтың орындалатынын анықтады [6].

Ципф заңы бойынша, тілдегі сөздер қорының шағын ғана бөлігі жиі, ал басым бөлігі өте сирек қолданылады, бұған қоса сөздер белсенділігі бойынша мына тәртіпке бағынады: бірінші разрядтағы сөздер екінші разрядтағы сөздерден екі есе, ал үшінші разрядтағы сөздерден үш есе көп жиілікпен қолданылады [7]. Яғни сөз жиілігі оның разрядына кері пропорционал.

Ұсынылып отырған сөздіктегі сөздердің жиілігінде осы заңның сақталғанын **9-кестеде** берілген мәліметтер дәлелдейді. Кестедегі мәлімет бойынша, 108 мыңнан **астам** рет қолданылған *бол* сөзінің көрсеткіші екінші разрядта тұрған *ол және мен* сөздері жиілігінен шамамен екі еседей артық, ал үшінші разрядтағы 16 сөздің орташа жиілігінен үш есе анық артық, осы сияқты қалған разрядтағы сөздерге қатысты осы заңдылық жалпы алғанда сақталып отырады.

Бұл құбылысты экономикада италиялық әлеуметтанушы Вильфредо Паретто 1897 жылы ашқандықтан, оны көрсететін заңдылықты Паретто заңы, кейде үлестірімі деп те атайды. Паретто заңын қарапайым түрде «халықтың 10 пайызы барлық игіліктің 90 пайызына ие», «нәтиженің 80 пайызы жұмсалған күштің 20 пайызына тән» деген сияқты бүгінгі бизнес-ортада әйгілі болып кеткен тұжырымдар төңірегінде түсіндіруге болады. Ал ғылыми түрде оның негізі Ципф ашқан заңдылықпен бірдей.

Аталмыш заңдар ұсынылып отырған сөздік сөзтізбесіндегі 7 млн сөзқолданыстық мәтінде 108 113 рет жиілікпен қолданылған сөздің неге біреу-ақ (*бол* етістігі), ал есесіне небары 1 рет қана кездескен сөздердің жалпы саны 8082, бұл 36265 сөзден тұратын бүкіл сөзтізбенің 4/1 бөлігінен де артық деген сұраққа жауап береді.

Тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыруға жұмсалатын лексикалық бірліктердің қандай да бір уақыт кесіндісіндегі (қазіргі заман, кеңестік кезең, т.б.) және тіл иелмендері арасындағы қатынастың нақты кеңістігіндегі (ғылыми ортадағы, ресми-іскери жағдаяттағы, бейресми т.б. қарым-қатынастағы) ауқымы мен қолданыс қарқынын жиілік сөздіктер ерекше дәлдікпен сипаттай алады. Осыған байланысты ақын-жазушы, саясаткер, қоғам қайраткерлерінің жекелеген беделді тіл иелмендері шығармаларының жиілік сөздігі, сол сияқты саяси, экономикалық, педагогикалық т.б. түрлі дискурстағы мәтіндерден алынған салалық жиілік сөздіктер болады. Бұлардың алғашқысы бойынша жиілік сөздіктер қазақ лексикографиясында аз емес, ал соңғысына қатысты, яғни арнайы бір дискурс негізінде жасалған жиілік сөздіктің алды ұсынылып отырған осы еңбек болмақ.

Қазақ тілінің жиілік сөздіктерінің тілтанымдық теориялық негізі лингвостатистика саласының қалыптасып, дамуы арқылы жасалды. Қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың 70-жылдары осы саланың дамуына ерекше еңбек сіңірген ғалым Қалдыбай Бектаев болды. Белгілі математик Қ.Бектаев ЭЕМ (электресеңтеуіш мәшинелердің) дамуы кезеңінде математикалық білімдер арқылы лингвистикалық құбылыстарды модельдеу, олардың статистикасын алу ісінің ғылым-білім, тіл үйрету, тілтанымдық ізденістерді дамыту ісіне де аса қажет екенін түсінді. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Қолданбалы лингвистика бөлімінің ашылуына мұрындық болып, қазірде осы бөлімді талай жылдан бері басқарып келген, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Жұбановпен және басқа да осы саланың мамандарымен бірлесіп тұңғыш қазақ тілінің жиілік сөздіктерін жарыққа шығуына жетекшілік жасады.

Бұл ретте профессор Асқар Жұбановтың: «Түркі тілдері бойынша статистикалық зерттеу-лер жүргізіліп, жиілік сөздіктердің ХХ ғ. 70-жылдары алғаш қазақ тілінде жарық көруі – сол кезеңдегі үлкен жаңалық еді» – деген сөзін мақтаншпен келтіруге болады [8]. Шынымен де, түркі тіл білімінде статоллингвистикалық зерттеулер нәтижесінде алғашқы

жиілік сөздіктер-ді қазақ тілтанушылары құрастырған болатын. Олардың ішінде ерекше атап өтуге тұратын еңбектер қатарында: Қ.Б. Бектаев, А.Қ. Жұбанов, С.Мырзабеков, А.Б. Белботаев құрастырған «М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» (1979) мен А.Қ. Құрышжанов, А.Қ.Жұбанов, А.Б. Белботаев құрастырған «Құманша-қазақша жиілік сөздік» (1978). Сол сияқты Қ.Б.Бектаев, А.Қ.Жұбанов, С.Мырзабеков, А.Б.Белботаев құрастырған «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздігі» (1995), Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімі профессор А.Жұбановтың жетекшілігімен және А.Жаңабекова, Б.Карбозова, А.Қожахметовалардың құрастыруымен 2012-2014 жж. гранттық зерттеу бойынша поэзия, көркем проза, публицистикалық стиль, ғылыми-техникалық стиль мәтіндері негізінде жарық көрген жекелеген сөздіктер материалдары базасында 2,4 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтінді қамтыған (оның 2,1 млн-ы М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағынан) сөзтізбесі 30515 сөзден тұратын жиілік сөздік (2016) те осы қатардағы аса қажетті еңбек.

Аталған сөздіктер ұсынылып отырған жаңа еңбектің әзірленуіне теориялық әрі практикалық бастам болды. Олардың бүгінгі күнге дейін құндылығы жоғары. Мәселен, «М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» ұлы жазушы шығармасының «сөз шұрайы, тіл кестесі келісті, өрнекті сөз орамдарына мейлінше бай теңдесі жоқ туынды» екенін сандық мәліметтер, цифрлар арқылы нақтылай түседі [9]. М.Әуезов осы бір ғана шығармасында 16 983 сөз қолданса, 20 томдық жинақта жарық көрген еңбектерінде 29483 сөз қолданғанын жоғарыда көрсеткен жиілік сөздіктер анықтап отыр. Бұл олардың тұтынушыға беретін сан түрлі пайдалы ақпаратының тек бір жағы ғана. Сол кездегі қазақ тіліндегі түрлі құбылыстардан, мысалы, советизмдердің игерілген, игерілмеген формаларынан, тілдің сол уақыттағы белсенді сөзжасаушы жұрнақтарынан т.б. толып жатқан тілтанымдық-статистикалық ақпараттан хабардар ететін осындай еңбектер тілтанушы үшін, тіл үйренуші үшін ешқашан өз құндылығын жоғалтпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-т. 30 және 32-бб. – Алматы: Дәуір, 2011.
2. *Севортян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. 120 с.
3. *Кайдар А.Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы: «Арыс», 2005.
4. *Эпштейн М.* Предлог "В" как философема. Частотный словарь и основной вопрос философии // *Вопр. философии.* -2003. -№ 6. С. 86-95.
5. *Хроленко А.Т.* Основы современной филологии. М.: Флинта, 2013. 252 с.
6. *Комлев Н.Г.* «Словарь иностранных слов. Более 4500 слов и выражений», Москва: «Эксмо-Пресс», 2006. (қараңыз: Инфометрия).
7. *Шаров С.А.* Частотный словарь, <http://www.artint.ru/projects/frqlist.php>
8. *Жұбанов А, Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А.* Қазақ тілінің жиілік сөздігі. Алматы: «Қазақ тілі баспасы», 2016. 5 б.
9. *Құрышжанов Ә., Уәли Н.* «Абай жолының» жиілік сөздігі // Қазақ әдебиеті, 29 февраль, 198.

А.Б. БЕЛБОТАЕВ

*А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің академиялық профессоры,
Ш.Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық
институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.
E-mail: Belbotayev@mail.ru*

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫНДА ЖИЛІК СӨЗДІКТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГЕ ДЕЙІНГІ ДАМУЫ

Аңдатпа. Мақалада ғылыми ізденістер, негізінен, жеке автор шығармаларын, функционалдық стильдерді, сондай-ақ толық әдеби тілді қамтыған мәтіндерді статистикалық әдіс-тәсілдермен зерттеу тәжірибесінде әртүрлі жылдық сөздіктер жасаудың өзекті (актуалды) мәселе екендігін көрсетеді. Көп жылғы жүргізілген зерттеулерде қолданбалы лингвистика саласының әдіс-тәсілдері қамтылып, жылдық сөздік мәселесі, олардың автоматты жасалу жолдары да сөз болады.

Түйін сөздер: қолданбалы лингвистика, лексикография, жылдық сөздіктер, электронды есептеуіш машиналар.

Аннотация: В статье подчеркивается, что научные изыскания являются актуальной проблемой создания различных частотных словарей в практике статистических методов исследования текстов, охватывающих преимущественно отдельные авторские произведения, функциональные стили, а также полный литературный язык. В многолетних исследованиях будут освещены методы и приемы области прикладной лингвистики, речь пойдет о проблеме частотного словаря, способах их автоматического создания.

Ключевые слова: прикладная лингвистика, лексикография, частотные словари, электронные вычислительные машины.

Abstract: The article emphasizes that scientific research is an urgent problem of creating various frequency dictionaries in the practice of statistical methods of text research, covering mainly individual author's works, functional styles, as well as a complete literary language. In the long-term research, methods and techniques of the field of applied linguistics will be highlighted, we will talk about the problem of a frequency dictionary, ways of their automatic creation.

Keywords: applied linguistics, lexicography, frequency dictionaries, electronic computers.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану заманында әлемдік деңгейдегі талаптарға сай, әрі кез келген заманауи ақпараттық технологиялық үдеріске төтеп бере алатын ана тіліміз – қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуіне, әлеуметтік өміріміздің ақпараттық саласында ресми түрде қызмет етуіне, сонымен қатар оның ғылым тілі дәрежесіне дейін дамуына қоғамымыздың – әдеби, мәдени, ғылыми және әлеуметтік салаларында бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан сан түрлі іс-шаралардың маңызы зор. Ашып айтар болсақ, бұл бағытта атқарылып жатқан істер қатарында тіл білімі саласы мамандарының – тілші-ғалымдардың да өзіндік үлесі бар. Анығын айтқанда, өткен ХХ ғасырда басталған ғылыми-техникалық «революция» әлемнің кез келген елінің ішкі-сыртқы саясатына, оның экономикалық әлеуетіне де ерекше серпін берді. Әсіресе біздей Тәуелсіз Қазақстан Республикасы сияқты жаңа бағыттағы дамушы елдердің жас мемлекет ретіндегі қалыптасып дамуында оның айрықша рөлі болды. Айталық, өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы қоғамдық қызметтің қай саласында болмасын *қолдан-балы бағыттағы ғылыми зерттеулер басымдық алып отыр.* Осыған орай еліміздегі қоғамдық ғы-

лымдар қатарындағы тіл білімі бағытында да зерттеудің жаңашыл мазмұндағы әдіс-тәсілдері қолданыла бастады. Басқаша айтқанда, жалпы тіл білімінде оның бұрыннан бар саласы – *қолданбалы тіл білімі* (прикладная лингвистика) ендігі жерде жаңғыра дамып, бұрынғы дәстүрлі тіл білімі бағыттарын өз әдіс-тәсілдерімен жаңаша зерттеуге кірісті. Бұл құбылыс тек біздің елде ғана емес, бүкіл әлемдік ғылымның кейінгі кезеңдегі даму сатыларында болып, оларда жаңа инновациялық бағыттарда зерттеліп, жасалып жатқан жұмыстарға да тән болып отыр.

Мәселен, өткен ғасырдың соңғы жартысында ғылым мен техникаға қоса, сандаған жаһандық жаңалықтар тұрмысымыздың барлық салаларына барынша дендеп, тереңдеп еніп, қолданылып жатты. Бұлардың ішінде, әсіресе, компьютерлік техникалардың (бұрындары ЭЕМ (ЭВМ) – *электронды есептеуіш машиналар* делінетін) дамып, олардың сан түрлерінің шығуы, атқаратын қызметтерінің көптеп өсуі қол күшін керек ететін сандаған жан иелерінің ауыр еңбектерін жеңілдетті. Көп адам бірігіп атқаратын ұзақ уақытқа созылған қарапайым қара жұмыс үдерістерін неғұрлым тездетуде әрі оңтайландыруда бұл заманауи техникалық құрылғылардың көп көмегі тиіп отыр. Жұмыс өнімділігі мен сапасын арттыруда да олардың көп жәрдемі болды...

Өткен ғасырдың 50-70 жылдарында біздің еліміздің тіл білімі саласында қолданбалы тіл білімі (қолданбалы лингвистика) ілімі қарқын алып, дами бастады. Одан тараған сан тараулы ғылым салаларының бірі – *лингвистикалық статистика* еді. Ол – тілдегі құбылыстарды математика ғылымының сандық заңдылықтарына сүйене отырып статистикалық әдістермен қарастырды. Басқаша айтқанда, белгілі бір тілдің тілдік құрылысында бар, не болып жатқан әртүрлі тілдік құбылыстарды, не өзгерістерді сандық және сапалық тұрғыдан жан-жақты зерттеуді (қарастыруды) мақсат тұтты. Ал мұндағы негізгі ұғымдардың бірі – *жиілік* ұғымы еді. Ол (жиілік ұғымы) көбінесе жазба тілдегі тілдік материалдарды лингвистикалық статистика тұрғысынан зерттеуде не ондағы тілдік бірліктерді (фонема, әріп, буын, морфема, сөз, сөзтұлға т.б.) талдауда қолданылды. Яғни, бұл – талдау-зерттеу үшін қажет болған мәтіндегі зерттеу нысанына алынған тілдік бірліктер мен мәтін бөліктерінің (үзіктерінің) ауызекі сөйлеу тілінде не жазбаша тілде жұмсалыну (қолданылу) жиіліктеріне негізделді. Өйткені әр мәтіннің өзіне тән статистикалық сипаттамалары болады. Ол сипаттамалар, жоғарыда айтылғандай, зерттеу үшін қажет болған мәтіндегі зерттеу нысанына алынған тілдік бірліктер мен мәтін бөліктерінің (үзіктерінің) бірінің не бірнешеуінің қолданылуын зерттеу үшін талданып жасалынған жиілік сөздіктер мен жиілік тізбелер арқылы көрініп отырады. Сондықтан да *жиілік* сөздіктер мәселесі тіл білімінің лингвистикалық статистика (лингвостатистика) бағытында сөз ететін мәселелердің ішіндегі ең бастысы болып табылды.

Тіл білімінде жиілік сөздіктердің түрлері көп. Олар нақтылы бір мәтіндерден белгілі бір тілдік құбылысты не оның құрылымын анықтау, зерттеу мақсатына қарай әрқалай құрастырылады. Бұл жайында кезінде осы жолдар иесінің (авторының) де [1], [2], [3], [4], басқалардың да жазған мақалалары мен еңбектерінде [5], [6], [7] жазылған және айтылған.

Белгілі бір мәтін көлеміндегі немесе электронды жазбаның бір үзіндегі, сол сияқты нақты бір көлемде жинақталған сауалнамалық анықтамалардағы сөздердің не оның тұлғаларының (сөзтұлғалардың), не сөз тіркестерінің, сондай-ақ грамматикалық тұлғалардың, буындардың, дыбыс таңбалары мен оның тіркестерінің қолданылу жиілігі көрсетіліп берілген тізбесін *жиілік сөздік* не *жиілік сөзтізбе* дейміз. Өзіндік құрылысына қарай, ондағы тілдік материалдардың қағаз бетіндегі орналасуына қарай жиілік сөздіктер:

1) *әліпбилі-жиілік сөздік*,

2) *жиілік сөздік*,

3) *кері әліпбилі-жиілік сөздік* болып үш түрге бөлінеді. Олардың әрқайсысының өзіне тән мазмұны мен атқарар мақсат-міндеті бар.

Айталық, *әліпбилі-жиілік сөздік* – белгілі бір зерттеуге алынған мәтін көлеміндегі сөздердің не олардың сөзтұлғаларының қолданылу жиілік саны көрсетіле отырып, алдыңғы (сол жақтағы) әріптері бойынша қатаң әліпби тәртібімен берілген тізбесі.

Жиілік сөздіктің бұл түрі:

- а) зерттеуге қажет болған сөздер топтарын (лексикалық топтарды) оңай ажыратып алуға,
- ә) ондағы керек сөздерді (сөзтұлғаларды) қиындықсыз тез тауып алуға,
- б) қаралынып отырған мәтіннің стильдік сапасын таңдауға,
- в) зерттеуге алынған шығарма тілінің лексикалық байлығы мен оны жазған шығарма иесінің (автордың) сөз қолданылуындағы тілдік ерекшеліктерін, шеберлігін тануға,
- г) морфологиялық қосақталған нұсқаларының (дублеттерінің: педагогикалық-педагогтық-педагогтік), фонетикалық қосақталған нұсқаларын (сөйтіп-сүйтіп, қазір-кәзір, кәне-кәні-қані) қай нұсқаларының жиі, қай нұсқаларының сирек қолданылатындығын білі арқылы олардың орнықтылығын (әдеби тілге жақындығын десек те болады) анықтауға,
- ғ) сондай-ақ, жарыса қолданылатын жарыспалы сөздердің қай нұсқаларының әдеби норманың талабынан шығатындығын да анықтауға жәрдемдеседі.

Жиілік сөздік – белгілі бір зерттеуге алынған мәтін көлеміндегі сөздердің не олардың сөзтұлғаларының қолданылу жиілік санына қарай қатаң кемімелі тәртіппен орналасып берілген тізбесі. Егер мұнда сөздер мен оның тұлғаларының қолданылу жиілік саны бірдей болып келсе, онда олар әліпбилі-жиілік сөздіктегідей алдыңғы әріптері бойынша қатаң әліпби тәртібімен беріледі.

Жиілік сөздіктің бұл түрі:

- а) сөздік құрамындағы лексикалық топтардың (кірме сөздер, терминдер, жаңа сөздер, көнерген сөздер, т.б.) мөлшер-шамасын нақтылауымызда және ондағы қажет болған сөздердің қандай лексикалық топтарға жататындығын анықтауда,
- ә) тілдерді оқытудың тиімділігін арттыру үшін пайдалануда,
- б) шетел тілдерін оқытуға байланысты оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру,
- в) оқулықтар мен көмекші оқу құралдарын дайындауда оларға тілдік материалдарды тиімді орналастыруда,
- г) лексикографиялық жұмыстарды құрастыруда,
- ғ) тілімізге жаңадан ене бастаған сөздер мен сөз қолданыстардың өміршеңдігін анықтауды,
- д) сондай-ақ, ана тілі материалдарын (мәліметтерін) туыстас және туыс емес тілдермен салыстыра зерттеулерде аса қажетті көмекші құрал бола алады.

Тіл үйретуде көп жылдық тәжірибелері бар оқытушы-педагогтардың, ғалымдардың атап көрсетуінше, кез келген бөтен тілді үйренушілерге ең алдымен, неғұрлым сол тілдің мәтіндерінде жиі қолданылатын сөздерін іріктеп алып, ол сөздердің грамматикалық топтарының (сөз таптарының) түрленуін, оған байланысты ол тілдің грамматикалық ерекшеліктерін оқытып үйретсе, соғұрлым үйренейін деп отырған тілді тез меңгеретіндігіне мүмкіндік мол туатындығы айтылып жүр [7].

Жиілік сөздіктер материалдарының тіл білімін зерттеудегі қажеттілігі мен бағалылығы жөнінде ғалым Л.Н.Засорина мынадай пікір айтқан болатын: «Материалы частотных словарей исключительно ценны и для собственно лингвистических исследований. Они оказывают влияние на судьбы традиционной лексикографии. Ими пользуются в решении основной проблемы общей лексикологии – выделение словарного фонда активного и периферического словаря; они полезны и при изучении вопросов стилистики, семантики и литературной нормы языка» [8].

Жиілік сөздік өзге сөздіктердің көлеміне қатысты және басқа да лексикографиялық мәселелерді шешуде объективті негіз болатындықтан, екі немесе одан да көп тілдік аударма сөздік

пен түсіндірме сөздік жасаушылар бұл сөздіктен қажетті деректер таба алады. Сондай-ақ жиілік сөздіктер телефон мен телеграф байланыстарын жетілдіру үшін де, стенография мен полиграфия мұқтажықтары үшін де пайдаланылады.

Кері әліпбилі-жиілік сөздік – Сөздіктердің басым көпшілігінде сөздер алдыңғы дыбыстары бойынша қатаң әліпби тәртібімен орналасса, кері әліпбилі сөздікте, керісінше, сөз бен сөзтұлғалар соңғы әріп-дыбыстарынан басталып қатаң әліпби тәртібіне келтіріледі және сөздердің соңғы жағынан (оң жағынан) тегістеліп беріледі. Сөздіктің бұл түрі – «*Кері әліпбилі сөздік*» немесе ауызекі тілде тек «*Кері сөздік*» деп те аталып жүр. Егер белгілі бір мәтін бойынша түзілген мұндай сөздікте әр сөздің мәтіндегі қолдану жиіліктері де ескерілетін болса, ондай сөздікті «*Кері әліпбилі-жиілік сөздік*» деп атайды. Қазақ тілін зерттеу жұмыстарында мұндай сөздік түрлерінен проф. Қ.Б.Бектаев құрастырған сөздікті атауға болады [9].

Жиілік сөздіктің бұл түрі:

а) зерттеушіге сөздің негізгі бөлшектерін (лексикалық және грамматикалық тұлғаларды) ажыратып тануымызда және ол бөлшектердің тілдегі қолданыстарына талдамалар жасауымызға көмектеседі. Мысалы, тілімізде сөзжасам қосымшалардың жұмсалыуында ауытқушылықтың болатындығы, сондай-ақ, сөздерге тиісті қосымшалардың нормаға айналған түрлерін орынсыз жалғап қателесу жиі кездесетіндігі және морфологиялық тәсіл арқылы сөз тудыру әрекетінің әдеби тілге кейде ұтымды еніп, жалпыға ортақ болып келетін дұрысы да, енбейтін бұрысы да болатындығы байқалады. Міне, мұндай мәселелердің басын ашып алуда бізге кері әліпбилі-жиілік сөздіктің берер мәліметі, көрсетер көмегі мол.

ә) кері әліпбилі-жиілік сөздіктегі сөз тұлғаларының соңғы әріптеріне қарай бірыңғайласып әліпбилік тәртіппен орналауы, біріншіден, зерттеушінің сөз тудырушы және сөзтүрлендіруші грамматикалық қосымшаларды қиындықсыз тез тауып алуына көмектессе, екіншіден, омонимдес қосымшалардың сыңарларын бір-бірінен ажырата білуге де үлкен септігін тигізеді. Ал олардың мәтіндегі қолданысын көрсететін жиілік көрсеткіштері ол қосымшалардың тұрақты, тұрақсыздығын, өнімді, өнімсіздігін, нормалану жағдайындағы ерекшелік сипатын анықтауға жәрдемдеседі.

б) кері әліпбилі-жиілік сөздіктің сондай-ақ, сөздердің тұлғалық (морфологиялық) бөлшектерін оқытуда да, оған байланысты оның оқыту әдістемесін тиімді ұйымдастыруға да көрсетер септігі мол.

Негізі «Кері сөздіктің» алғашқы үлгісі осыдан бір ғасырдай бұрын (1873 ж.) баспадан шыға бастағаны белгілі. Бірақ біздің заманымызда бұл сөздіктерге қызығушылық тек ХХ ғасырдың 80-жылдарынан ғана басталды деуге болады. Мәселен, 1904 жылы латын тілі мен ескі иран тілінің кері сөздіктері жарияланды. 1944 жылы ескі грек тілінің кері сөздігі пайда болды. 1955 жылы ескі славян тілінің, ал 1957 жылы қазіргі румын тілінің кері сөздігі шықты. Чехословакияда 1935-1957 жылдары чех тілінің 9 томдық сөздігі бойынша жасалған кері сөздік кішігірім кітапшалар түрінде басылып шықты.

Кері әліпбилі-жиілік сөздіктер жасауға айырықша көңіл бөлінудің нәтижесінде, Кеңес Одағы кеңістігінде де кезінде әр түрлі тілдер бойынша осындай сөздіктер жарық көре бастады. Мысалы, орыс тіліне қатысты «Обратный словарь русского языка» (М., 1974), А.А.Зализняктың «Грамматический словарь русского языка» (М., 1977) және т.б.

Кері сөздіктердің рөлі, әсіресе, агглютинативті тілдер үшін ерекше екенін атап айтқан жөн. Олардың саны әлі де болса санаулы. Осындай сөздіктердің алғашқылары ретінде жоғарыда атын атаған қазақ ғалымы проф. Қ.Б.Бектаевтың «Қазақ тілінің кері алфавитті сөздігін» (Алматы, 1971), Р.Кунгуров, А.Тихоновтардың «Обратный словарь узбекского языка» (Самарканд, 1969, өзбек тілінде) және т.б. кері сөздіктерін атауға болды. Аталған сөздіктер мәтінге тікелей қатыссыз, яғни бұрын жарық көрген түсіндірме, орфографиялық және т.б.

сөздіктер негізінде жасалғандықтан, оларда сөздердің қолдану жиілігі көрсетілмеген. Ал белгілі бір тілдің мәтініне байланысты жасалған кері сөздіктер болса, олардың сол тілдің грамматикалық форманттарының жұмсалуды зерттеуге бірден-бір қажет екендігі айқын. Бірақ мұндай *іргелі сөздіктер* түркі тілдері тәжірибесінде әлі жасалынған жоқ.

Қазақ тілінің кері әліпбилі-жиілік сөздігінің ең алғаш жарық көруі М.О.Әуезов шығармаларының ЭЕМ арқылы зерттеле бастауымен тікелей байланысты. Бұл мәселеде 1979 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігінің» және 1995 жылы шыққан «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар мәтіндерінің жиілік сөздіктерінің» жарық көргенін айрықша атап айтқан жөн [3], [10]. Осымен қатар қазақ тілінде кейбір ғылыми, публицистикалық әдебиеттердің мәтіндері бойынша да ірілі-кішілі кері әліпбилі-жиілік сөздіктерінің жасалып, оларға да кезінде біршама лингвостатистикалық талдаулар жасалғанын айтуға болады.

Жиілік сөздіктің кері әліпбилі түрінде реестрлік сөзге (сөзтұлғаға) қосылған біркелкі жалғаулар мен жаңа сөзжасам немесе сөзтүрлендіруші жұрнақтарының бір жерге жинақталып берілуі қаралынып отырған мәтіннің тіл құрылымы мен құрамын зерттеушілер үшін аса құнды тілдік мәліметтер береді деп саналады. Кері әліпбилі-жиілік сөздік морфологиялық тұлғаларды (морфемаларды) зерттеу кезінде де және сөзжасам, сөзтүрлем морфемалардың құнарлы не құнарсыз екендігін анықтауда да, терминдер мен басқа тілдерден енген сөздерге жалғанған қосымшалардың құрылымын талдауда да аса бағалы. Осы айтылғандармен қатар, тіл зерттеушіге қажетті деген тілдік мәліметтерді әрі толық, әрі тез түрде тауып алу үшін де кері әліпбилі-жиілік сөздік түрін таптырмас тілдік қазына деуге болады.

Кері әліпбилі-жиілік сөздіктердің лингвистикалық құндылығын ғалым И.Штиндлова өзінің мынадай ой-пікірімен білдіреді: «...Обратные словари могут быть использованы не только в качестве метариала для освещения вопросов словообразования, не только как словари рифм или как пособия для восстановления испорченного текста, но они ценны, в первую очередь, при сравнительном изучении родственных языков. И были бы интересны и для другого типа, например для аналитического языка, или для агглютинативных языков» [11].

Атқарар мақсат-міндеттеріне қарай құрастырылған әр түрдегі бұл аталған жиілік сөздіктердің әрқайсысы тілдерді оқыту үдерісінде болсын, ғылыми-зерттеу жұмыстарында болсын өзіндік құрылым-сипаттарына орай мүмкіндігінше пайдаланылады, қолданылып та келеді. Қазақ тілтанымында қазақ тілінің жазба мәтіндерінен құрастырылған мұндай жиілік сөздіктердің бір тобы ертеректе баспадан жарық көрген. Мысал үшін айтсақ, олардың қатарында ұлы ақын Абай Құнанбаев шығармаларының тілінен жасалынған «Тіл жиілік сөздігін» [12, 659-708 бб.], ұлы классик жазушы М.О.Әуезов шығармаларынан жасалынған бірер жиілік сөздіктерді: [3], [10], [13], [14] және орта ғасырдағы көне тарихи жазба ескерткіш болып табылатын «Кодекс куманикус» («Құмандар кітабы») сөздігі тілінен жасалынған – «Куманша-қазақша жиілік сөздігін» [15] айтуға болады.

1978 жылы жарыққа шыққан отандық түркітану ғылымы үшін өте құнды болып табылатын ортағасырлық жазба ескерткіші «Кодекс Куманикус» мәтіні тұңғыш рет ЭЕМ жадына енгізіліп, ол бойынша ЭЕМ көмегімен «Куманша-қазақша жиілік сөздігі» алынды. Қазақстан ғалымдары орындаған бұл еңбек кезінде қазақ тіл білімі үшін ғана емес жалпы тіркітануда аса жоғары баға алды. Ал бұдан кейінгі жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «М.О. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» атты ұжымдық лексикографиялық еңбек те қазақ лингвостатист ғалымдарының статистикалық лингвистика саласына қосқан айтулы еңбегі болды [3]. Сондай-ақ өткен ғасырдың 90-жылдары 20 томнан тұратын М.О.Әуезовтің шығармалар жинағы мәтіндері ЭЕМ жадына енгізіліп, соның нәтижесінде 1995 жылы «М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар тексттерінің жиілік сөздіктері» атты жиілік сөздіктер

топтамасының жарық көргенін айтсақ болады. Бұл сөздік, біріншіден, автор тілін, жазушы шығармашылығын талдауда, екіншіден, қазақ тілінің лексика-грамматикалық құрылысы мен сөздік құрамын зерттеуде, үшіншіден, басқа тілдердегі осы сияқты тілдік материалдармен салыстыра қарастыруда, төртіншіден, ұлттық лексикографиялық жұмыстар жасауда қажеттілігі мен маңызы зор еңбек болып шыққандығын айтуымыз керек [10].

Сөзнұсқағыш әліпбилі-жиілік сөздік. Тіл білімінің лексикография саласындағы сөздіктер түзу мәселесі, әсіресе, түсіндірме сөздікті құрастыру барысына тән – ең алдымен неше түрлі сөздердің мағынасын ашатын картотекалық қор құру (жинақтау) қажеттігі. Картотекалық қордағы әрбір кеспе қағазда тілші-лексикографқа ең бірінші қажеттігі – «тірек сөз» (лексема) және, екінші ретте, сол сөздің мағынасына қатынасты мәнмәтін (контекст) келтіріледі. Осылармен бірге ол мәнмәтіннің қандай шығармадан алынғаны және оның шығу деректері: қалам иесі (автор), шығарма аты, баспа аты, шыққан жылы, көлемі, мәнмәтіннің кездескен бет саны да бірге берілуі керек. Бұл мәселеде қазақ тіл білімінде біршама жинақталған іс-тәжірибе бар десек болады. Айталық А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында көп жылдардан бері жинақталған осындай картотекалық қордың жалпы көлемі – 5 млн кеспе қағазды (мәнмәтінді) құрайды десек, осы қордың негізінде қазақ тіл білімінде - 2 томдық және 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері» [16], «Абай тілі сөздігі» [17] және 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» [18] құрастырылды.

Мұндай көлемді картотекалық қорды толықтыру, түзету немесе ұзақ мезгілге сақтау мен пайдалану жұмыстары тілші-лексикограф үшін оңайға түспейтіні анық. Сондықтан да, заманауи талапқа сай, қазақ лексикография саласын кешенді автоматтандыру (немесе компьютерлендіру) проблемасын шешудің алғышарттары бүгінде жасалынған.

«Сөзнұсқағыш әліпбилі-жиілік сөздіктің» басқа аталған сөздіктерден негізгі айырмашылығы – баспадан шыққан шығарма мәтініндегі сөздердің кітап беттеріндегі орындарын нұсқау (мегзеу), яғни ол сөзтұлғаның (сөздің) қай бетте және сол беттің қай жолында кездесетініне дейін сілтеме жасап көрсету. Сонда зерттеушіге қажет деген сөзге қатысты мәнмәтінді сол сілтеме арқылы кітап беттерінен оңай тауып алуға мүмкіндік береді. Атап көрсеткен жөн, қазақ тіл білімінде мұндай сөздік түрін жасау тәжірибесі бір кездері (80-ші жылдары) алғаш рет А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында белгілі жазушы М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының жиілік сөздіктерін алу жағдайында қолданылған болатын (А.Қ.Жұбанов). Әрине, мұндай сөздік көлемінің өте үлкен болуына байланысты, арнайы сөздік ретінде баспадан шығару оңайға түспесі анық. Есесіне «Сөзнұсқағыш әліпбилі-жиілік сөздікті» тілші қауымның компьютерлік нұсқа (электронды нұсқа) түрінде пайдалануына сол кезде мүмкіндігі болды.

... 90-шы жылдар Қазақстан статоллингвист ғалымдары үшін ауыр кезең болды. Ұлы Ұстазымыз – ұстаздардың ұстазы Қалдыбай Бектайұлы Бектаев (27.11.1920 – 16.10.1996) дүниеден өтті. Ол Қазақстандағы математикалық лингвистика, инженерлік лингвистика, лингвистикалық статистика ғылымдарының негізін қалаған алғашқы қазақ ғалымы болды. Оның есімі мен ғылыми еңбектері сол кездің өзінде-ақ тек бізде – қазақ елінде ғана емес, сондай-ақ Еуропа ғалымдарына да, шет елдерде де танымал болатын.

Бұдан кейін отандық Қазақстан ғылымының – лингвистикалық статистика, инженерлік лингвистика (машиналық аударма), математикалық лингвистика және компьютерлік лингвистика бағыттары дамуында біршама уақыт іркіліс болды. Бірен-саран ғалым шәкірттерінің жазған шағын еңбек-мақалалары болмаса, іргелі зерттеу жұмыстары болмады. Лингвистикалық статистика саласының жиілік сөздіктер жасау бағытында да осы құбылыс байқалды. Тек соңғы жылдарда – Тәуелсіздік жылдарында ғана жаңа заманның жаңа толқынының әсерімен бұл бағытта ауыз толтырып айтарлықтай бірнеше дүние жарыққа шықты.

2016 жылы Білім және ғылым министрінің тапсыруымен мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдістемесін жасау мақсатында лексика-грамматикалық минимумдар жасау үшін аса қажетті қазақ тілінің жиілік сөздіктерін құрастыру ісі қолға алынды. Ол істер Қазақстан Республикасының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындала бастады.

Алғашқы кезекте, 2016 ж. осы институттың бір топ маман қызметкерлерінің (А.Қ.Жұбанов, А.Ә.Жаңабекова, Б.Д.Карбозова, А.Қ.Қожахметова) дайындауымен іргелі еңбек – «Қазақ тілінің жиілік сөздігі» жарық көрді [19]. Бұл – қазақ тіл білімінде, оның ішінде қазақ лингвостатистикасында жарты ғасырға жуық уақытта осы сала мамандары мен ғалымдары асыға әрі сарыла күткен аса бағалы құнды еңбек болып шықты. Сондай-ақ бұл еңбек тек қазақ тіл білімі үшін ғана емес түркітанудағы тұңғыш іргелі (фундаменталды) еңбек болды.

Сөздік қазақ тілі лексикасының статистикалық құрылымын анықтауға арналған. Мұнда жиілік сөздіктердің негізгі үш түрі де (әліпбилі-жиілік, жиілікті-әліпбилі және кері-әліпбилі сөздік) берілді. Жұмысты құрастыруға алынған мәтін көлемі – 2 102 496 сөзқолданысты қамтыды. Ұядағы (реестрдегі) сөзтізбе саны – 30 515 сөз болды [19]. Еңбектің құндылық жағы – біріншіден, мұндай мазмұнда, үлкен көлемде түркітануда орындалған ең алғашқы іргелі еңбек болуы, екіншіден, тіл мамандары мен ізденуші-зерттеушілерге қазақ тілі бойынша мол қазына байлықтың жинастырылып берілуі, үшіншіден, ұлттық тіліміз – қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіндегі қазіргі заманғы қолданылу сипатын көрсетуі.

Бұдан кейінгі кезекте бір топ ғалым мамандардың қатысуымен жасалынған, 2016 ж. «Дәуір» баспасынан жарық көрген – «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» [20] атты ұжымдық іргелі еңбектің құрастырылуын айтуға болады. (Жалпы редакциясын басқарған – ф.ғ.д., проф. Қажыбек Е.З., ф.ғ.к. Фазылжанова А.М. Көлемі – 1472 б.). Сөздік 7 (жеті) миллионнан астам сөзқолданысы бар мәтіндік (тілдік) база негізінде жасалған. Ол – мемлекеттік тілді оқытуда, әсіресе оқулықтарды, оқу құралдары, оқу сөздіктерін, тілдік (лексикалық, грамматикалық) минимумдарды жасауда бірден-бір қажетті құрал бола алатын еңбек болып шыққан [20].

Сөздік – «Стильдер бойынша үлестірілім әліпбилі-жиілік сөздік» және «Жалпы жиілікті-әліпбилі сөздік» деп аталынатын екі бөлімнен, сондай-ақ ф.ғ.к. А.М. Фазылжанованың жазған «Сөздіктің құрылысы, құрамы мен статистикасы» деп аталған 3-4 баспа табақ көлеміндегі жан-жақты зерттеу әрі анықтамалық мазмұндағы кіріспе мақаласы берілген [20]. Сөздікте сөз жоқ мол «алтын» қазына берілген, тек зерттеу үшін уақыт қажет.

Келесі кезекте 1918 жылы бір топ ғалым мамандардың қатысуымен «Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздіктері» жарыққа шықты. Көлемді еңбек – 552 б. Жалпы редакциясын – ф.ғ.д., проф. Қажыбек Е.З. басқарған. Сөздік материалдарына (әріп, әріп тіркесі, буын, түрленім қосымша, түрленім тұлға, сөз) қазақ тіл білімінің лингвостатистика саласының теориялық мәселелерін толықтыратын өте мол тілдік деректер берілген. Ондағы статистикалық ақпараттар тілдік құбылыстарды зерттеу мен анықтауда көп қызықты мәліметтер берері даусыз [21].

Қысқасы, қазақ тілтануының лексикография саласында қазақ тілі жиілік сөздіктерінің алар орны айырықша. Әсіресе олардың жастарға білім беру ісінде, мемлекеттік тілді оқыту-үйретуде, оны тереңірек меңгертуде, тілдік қабаттарының дамуын бақылауда, сөздік қорымыз бен сөздік құрамымызды әлеуметтік тұрғыдан зерттеуде өте маңызды. Сөйтіп алдағы кездегі ұлттық тіліміз – қазақ тілінің даму бағыты мен сипатын анықтап отыруымызда мұндай еңбектер көп септігін тигізбек.

Атқарар мақсат-міндеттеріне қарай құрастырылған әр түрдегі бұл аталған үш жиілік сөздікті – «Қазақ тілінің Алтын-қазынасы» десек те болады. Өйткені олардың қайқайсысы болмасын – тілдерді оқыту үдерісінде болсын, ғылыми-зерттеу жұмыстарында болсын өзіндік құрылым-сипаттарына орай мүмкіндігінше пайдаланылады, пайдаланылып та келеді әрі

мол мәліметтер береді деп білемін. Әрине ол ізденуші мен зерттеуші адамның, сондай-ақ сөздікті қолданушының талғамына, талабына, түсінік-біліктілігіне де тікелей байланысты екендігі белгілі.

Лингвистикалық статистика жетістіктерін білім беру жүйесінің оқыту үдерісінде пайдалану. Лингвистикалық статистиканың жетістіктерін білім беру жүйесінің оқыту үдерісінде толығынан пайдалануға болатындығы жайында соңғы кездері көп айтылып та, жазылып та жүр. Ол үшін әдіскерлер мен педагогтар бұл ғылым саласының қандай ғылым екендігінен және оның тіл біліміндегі қандай мәселені қалай қарастыратындығынан хабардар болуы қажет. Сол кезде оның өзі де сол ғылымға қалай еніп, оны қалай қолданып қалғандығын қызыққандықтан аңғармай да қалатын болады, сонда ғана бұл саладағы, яғни лингвистикалық статистикадағы орындалған жұмыстармен жете танысып, олардың мән-мазмұнын тани алады. Бұл үшін олар осы бағытта жазылған бірнеше зерттеу еңбектермен және мақалалармен таныс болғандары жөн [22], [23], [24]. Бұдан кейін барып, өздері осы мазмұндас орындаған жұмыстарының қорытындысында шыққан сандық деректердің астарында жасырынып тұрған, қарастырып жатқан мәнмәтіннің сапалық қасиеттерін танып, оларды өздерінің сабақ беру, оқыту үдерістерінде түсініктеріне сай іс-тәжірибелеріне орайластыра шығармашылықпен пайдалана алатын болады.

Мәселен, тіл біліміндегі лингвостатистикалық зерттеулердің нәтиже-қорытындылары тілімізде әр түрлі тілдік стильдерден (көркем әдебиет, ғылыми-техникалық, публицистика, т.б.) құрастырылған әр түрдегі жиілік сөздіктер (алфавитті-жиілік сөздік, жиілік сөздік, кері алфавитті-жиілік сөздік), жиілік тізбелер арқылы көрінеді. Бұл жиілік сөздіктер мен жиілік тізбелерге лингвостатист мамандар тұрғысынан лингвостатистикалық талдамалар жасалынып, қорытындыда шығатын сандық деректерге (мәліметтерге) тілдік, яғни лингвистикалық реңк, өң беріледі. Басқаша айтсақ, лингвостатист маман не сөздікті тұтынушы оқытушы-педагог, немесе ізденуші-зерттеуші өз тұрғысынан лингвистикалық (филологиялық десек те болады – Б.А.Б.) талдау жасап, пікір білдіруге ұмтылады. Демек, лингвистикалық тұрғыдан талдауға алынып, зерттелініп отырған нысанның (мәнмәтіннің) тілдік сипаты (мазмұны – стилі, тілі, лексикалық және грамматикалық сипаты; көркем шығармадан болса – ақын не жазушы тілінің ерекшелігі, шеберлігі, т.т.) сіз бен біз ұғынғандай мазмұнда сипатталып жазылады. Не болмаса жиілік сөздіктердің әр түріне қарап отырып: *әліпбилі-жиілік сөздіктен* – лексикалық топтарды, кірме сөздер қабаттарын, омоним, синоним, антоним, т.б. сөздерді; немесе *кері әліпбилі-жиілік сөздіктен* – морфемалар түрлерін, құрылымын, сөздердің лексика-грамматикалық топтарын, т.б. ажыратуды; сондай-ақ, *жиілік сөздіктен* – мемлекеттік тілді оқытып үйретуде негізінен қандай сөздерді, қандай сөздер топтарын оқытып, меңгертуді; қандай дыбыстарды (әріптерді), буын және оның түрлерін, т.б. үйретуді білуге болады. Ал мұндағы жасалынған (шыққан) қорытынды-нәтижелерді мектептердегі білімгерлерге, басқа ұлт өкілдеріне немесе әртүрлі деңгейлердегі тіл үйреніп жатқан топтарға тіл материалдарын оқытып үйретуде немесе түрлі грамматикалық категорияларды оқытуда, талдауда, т.б. меңгертуде пайдалдануға әбден болады.

Филология, оның ішінде тіл білімі ғылымы бүгінде жан-жақты дамыған ғылымдар қатарына жатады. Осыған орай айтар болсақ, тіл үйретуде көп жылдық тәжірибелері бар оқытушы-педагогтардың, ғалымдардың атап көрсетуінше, кез келген өзге (басқа) тілді үйренушілерге ең алдымен, оқып отырған, тілін үйренейін деп отырған тілдің мәтіндерінде неғұрлым ең жиі қолданылатын сөздерін іріктеп алып (*Жиілік сөздік*. Ол соншалықты көп те емес – Б.А.Б.), ол сөздердің грамматикалық топтарының (сөз таптарының) түрлену жолдарын, оған байланысты ол тілдің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін көңіл бөліп танитын сипаттарын оқытып үйретсе, білімгер не тіл үйренуші үйренейін деп отырған тілдің тілдік материалдарын

солғұрлым тез меңгеретіндігіне мүмкіндіктерінің мол болатындығы айтылады. Ал, белгілі бір тілдегі (мысалы: қазақ тілінде) жиі қолданылатын сөздерді анықтау үшін ол тілдегі (қазақ тіліндегі) шыққан басылымдардан (кітап, газет, журнал, не оқулық, т.б.) мүмкіндігінше мол көлемді қамтыған мәнмәтіндер (зерттеу үшін алынған тілдік материалдар) алынып, олар лексика-грамматикалық тұрғыдан талдауға түседі. Ол бізге омоним сөздерді ажыратып алу үшін қажет. Бұлар компьютерге теріліп, енгізіледі де одан инженер-бағдарламашының көмегімен жоғарыда аталынғандай әр түрдегі жиілік сөздіктер түрлері алынады.

Бұл айтылған жайларға орай кезінде арнайы «Статистическое и информационное изучение тюркских языков» (Алматы, 1969), «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика» (Чимкент, 1980), «Статистическая оптимизация преподавания языков и компьютеризация обучения» (Чимкент-Минск, 1990), «Түркі тілдері терминдерінің компьютерлік қоры» (Түркістан-Шымкент, 1995) – деп аталынатын ғылыми конференциялар мен семинарлар да болды [25], [26], [27], [28].

Бұл салаға байланысты айтылатын тағы бір жайт – жалпы тіл білімінде тілімізде бұрыннан бар әрі қолданылып келе жатқан дәстүрлі сөздіктерден басқаша, жаңа сипатта құрастырылған мұндай *жиілік сөздіктер түрлері* зерттеп отырған тілді не қалаған шетел тілдерін оқытып үйрету іс-тәжірибесі дүниежүзіндегі басқа тілдерде де (ағылшын, француз, неміс, латыш, орыс, өзбек, т.б.) ертеректен бар екендігін, әрі олардың бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығын да айтқанымыз дұрыс [29], [30], [31], [32], [33], [34].

Қорытынды. Бұл жоғарыда айтқандарымыздың бәрі – ғылыми ізденістер, негізінен, жеке автор шығармаларын, функционалдық стильдерді, сондай-ақ толық әдеби тілді қамтыған мәтіндерді статистикалық әдіс-тәсілдермен зерттеу тәжірибесінде әртүрлі жиілік сөздіктер жасаудың өзекті (актуалды) мәселе екендігін көрсетті. Көп жылғы жүргізілген зерттеулерде қолданбалы лингвистика саласының әдіс-тәсілдері қамтылып, жиілік сөздік мәселесі, олардың автоматты жасалу жолдары да сөз болды. Сондай-ақ, мұнда қазақ тілі мәтіндеріндегі негізгі сөз таптары көрінісінің үлестірімдік ықтималды-статистикалық моделін құру мәселесі де зерттелді. Зерттеу нәтижелері негізінде аса маңызды және күрделі мәселелер: тілді лексика-грамматикалық нормалауға, түркі тілдерін өзара салыстырмалы зерттеуге және олардың компьютерлік қорын құруға зор мүмкіндіктер жасайтындығы дәлелденді.

Сондай-ақ қазақ тіл біліміндегі қазақ тілі мәтіндері негізінде орындалған лингвистикалық статистика (лингвостатистика) саласындағы зерттеулердің қорытынды-нәтижелерін еліміздегі мектептерде, жоғары оқу орындарында, т.б. білім беретін мекемелерде тіл мәселелерін оқытып үйрету үдерістерінде толығынан пайдалануға болады әрі қолданылып та келеді деуімізге болады. Десек те оның кеңірек қолданысқа ие болуы, әсіресе мектеп мұғалімдеріне тікелей байланысты. Олар тіл білімінің осы бір лингвистикалық статистика (лингвостатистика) бағытынан хабардар болып, оның қолданылу тәсілдерін, зерттеу нәтижелерін өздері өткізетін сабақтарында қолданып отыруға бейімделулері керек-ақ. Өйткені, ол – біз үшін болашақ жастарымызға жан-жақты білім беруде, ана тілі мен шетел тілдерін оқытып үйретуде қолданылатын жаңа бағыттағы, жаңа мазмұндағы жаңаша оқыту әдіс-тәсілдердің бірі. Сонымен бірге қазіргі заманғы заманауи уақыт талабына да толығымен сай келеді.

Қысқасы, қорыта айтқанда, қазақ тілтананымының лексикография саласында қазақ тілі жиілік сөздіктерінің алар орны айырықша. Әсіресе олардың жастарға білім беру ісінде, мемлекеттік тілді оқыту-үйретуде, оны тереңірек меңгеруде, тіліміздің тілдік қабаттарының (байырғы қазақ тіліндегі сөздер мен сырттан енген кірме сөздер қабаттары) сипатын, оның дамуын бақылауда, қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын әлеуметтік тұрғыдан зерттеуде аса маңызды. Сондай-ақ алдағы уақытта да ұлттық тіліміз – қазақ тілінің әр кездегі даму бағыты мен статикалық жай-күйін анықтап, зерттеп отыруымызға көп септігін тигізбек.

Бүгіндегі қазақ тіл біліміндегі лингвостатист ғалымдар тобы ізденістерінің негізгі зерттеу бағыты – Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін қоғамның барлық салаларында ғылым тілі ретінде қолдануға және дамытуға бағытталған. Мұнда ғалымдар өздерінің тілдік ғылыми-зерттеу ізденістерін негізінен компьютерлік техникалар қызметімен тығыз байланыстырып, олардан алынған тілдік материалдарды лингвостатистикалық тұрғыдан талдауларда жан-жақты пайдаланды және олардың көмегіне сүйенді. Ендігі жерде Қазақстандағы компьютерлік лингвистика ғылыми тобы ғалымдарының алдында қазақ тілін зерттеуде оның күн тәртібінде тұрған көптеген кезек күттірмейтін мәселелер бар. Олардың қатарында – лексикография саласы бойынша компьютерлік қор (база) жасау, қазақ мәтіндері корпустарының компьютерлік базасын құрастыру және автоматты аударма мәселелесімен айналысу, сондай-ақ бұл бағыттағы зерттеулердің қорытынды-нәтижелерінің негізінде болашақ жас ұрпаққа білім беруге қажеттілігі бар – сөздік, оқулық, көмекші оқу құралдарын жасау сияқты жайлар тұр. Бұлардың ішінде ең бастысы – әр түрдегі «ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖИЛІК СӨЗДІКТЕРІН» жаңаша жасау болуы керек. Өйткені ол мемлекеттік тіліміз – қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамының өсу, даму сипатын, дәрежесін дәл, нақты көрсететін өз мазмұнын түгел қамтыған толыққанды іргелі еңбек болып шығуы тиіс. Мұны орындау – парызымыз!

Әдебиеттер

1. *Белботаев А.* Жилік сөздік. – Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998 ж. 143-144 бб.
1. *Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б.* Куманша-қазақша жылік сөздік. – Алматы, 1978. 5-6 бб.
2. *Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б.* М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жылік сөздігі. – Алматы, 1979. 336 б.
3. *Белботаев А.* Ғылыми-техникалық әдебиет тілінің стилі. – Қазақстан мектебі, № 8, 1978.
4. Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1973. – 732 б.
5. Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1990. – 208 б.
6. *Бектаев К.Б.* Статистико-информационная типология тюркского текста. – Алма-ата, 1978. – 184 стр.
7. *Жұбанов А., Белботаев А., Өскенбаев С.* Тіл жылік сөздігі // Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
8. *Бектаев Қ.Б.* Қазақ тілінің кері алфавитті сөздігі. – Алматы, 1971.
9. *Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б.* М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалары текстерінің жылік сөздіктері. – Алматы-Түркістан, 1995.
10. *Штиндова И.* Обратные словари // Автоматизации в лингвистике. М. – Л., 1966.
11. *Жұбанов А., Белботаев А., Өскенбаев С.* Тіл жылік сөздігі // Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
12. *Бектаев Қ.Б., Белботаев А.Б.* «Өскен өркен» романының алфавитті-жылік сөздігі. – Шымкент, 1988. – 78 б.
13. *Бектаев Қ.Б., Белботаев А.Б.* М.О. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесінің алфавитті-жылік сөздігі. – Шымкент, 1989. – 48 б.
14. *Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б.* Куманша-қазақша жылік сөздік. Алматы, 1978 ж. 5-6 беттер.
15. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1974-1986.
16. Абай тілі сөздігі. – Алматы, 1968.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. – Алматы: «Арыс» – «Қазақ тілі», 2006-2014.
18. *А.Қ.Жұбанов, А.Ә.Жаңабекова, Б.Д.Карбозова, А.Қ.Қожахметова.* Қазақ тілінің жылік сөздігі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 792 б.

19. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
20. Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздіктері. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 552 б.
21. *Белботаев А.Б.* Қазақ тіліндегі жиілік сөздіктері. – Академик Ә.Қайдар және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы, 2004. 56-59 беттер.
22. *Белботаев А.Б.* Қазақ тіліндегі жиі қолданылатын сөздерді тіл үйретуде оқыту әдістемесі туралы. – Академик Ә.Қайдар және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері.
23. *Алексеев П.М.* Лексикографическая статистика. – Ленинград, 1976 г.
24. Статистическое и информационное изучение тюркских языков (тезисы докладов и сообщений). – Алма-Ата, 1969.
25. Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика». – Чимкент, 1980.
26. Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и компьютеризация обучения». Часть 1, часть 2. – Чимкент-Минск, 1990.
27. Түркі тілдері терминдерінің компьютерлік қоры. – Халықаралық конференция материалдары. – Түркістан-Шымкент, 1995.
28. *Штейнфельд Э.А.* Частотный словарь современного русского литературного языка. – Таллин, 1963.
29. *Кунгуров Р., Тихонов А.* Обратный словарь узбекского языка (на узбекском яз.). – Самарканд, 1969.
30. *Ротарь А.С., Чижаковский В.А.* Частотный немецко-русский словарь-минимум газетный лексики. – Москва, 1976.
31. Частотный словарь латышского языка. – Рига – 1966; 1969; 1972; 1973 (ответственный редактор Якубайтис Т.А.).
32. *Нелюбин Л.Л.* Частотный англо-русский военный словарь-минимум лексики боевых документов. – Москва, 1974.
33. *Кочеткова В.К.* Частотный французско-русский словарь-минимум по электронике. – Москва, 1975.

А.Б. БЕЛБОТАЕВ

*А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры,
Ш.Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.
E-mail: Belbotayev@mail.ru*

АҚЫН-ЖАЗУШЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада жазушы шығармаларының сөздік қорын білу – оның шығармаларының тілін жан-жақты зерттеудің, автордың сөз байлығы мен оның сөздерді қолдану тәсілін, сөз қолданудағы стильдік, тілдік ерекшеліктерін анықтаудың қорытындысы туралы айтылады. Ал жазушы шығармаларының сөздік қорын білу – жеке әдебиет өкілінің өз шығармаларының сөздігі арқылы (бір жақты болса да) өз білімінің дәрежесінде өз ана тіліне, оның сөздік қорына қосқан үлесін көрсетеді.

Түйін сөздер: жазушы тілінің сөздігі, сөздік қор, статоллингвистикалық талдау.

Аннотация: Таким образом, знание словарного запаса произведений писателя является итогом всестороннего изучения языка его произведений, определения словарного богатства автора и способа его употребления слов, стилистических, языковых особенностей употребления слов. А знание словарного запаса произведений писателя-показывает вклад отдельного литературного представителя в свой родной язык, его словарный запас в степени собственных знаний через словарь его произведений (хотя и односторонний).

Ключевые слова: словарь языка писателя, словарный запас, статолингвистический анализ.

Abstract: Thus, knowledge of the vocabulary of the writer's works is the result of a comprehensive study of the language of his works, determining the author's vocabulary and the way he uses words, stylistic, linguistic features of the use of words. And knowledge of the vocabulary of the writer's works shows the contribution of an individual literary representative to his native language, his vocabulary to the extent of his own knowledge through the dictionary of his works (although one-sided).

Keywords: dictionary of the writer's language, vocabulary, sato linguistic analysis.

Ақын-жазушы шығармалары және оның сөздік қоры. Лингвистикалық еңбектерде жазушының сөздік қор көлемі көп жағдайда оның (жазушының не ақынның) шығармаларындағы сөздік қор мөлшерімен өлшеніп жүр. Негізі осы дұрыс па?

Жазушы – халық өкілі. Оның шығармаларының тілі – әдеби тіл. Демек, ақын не жазушы шығармаларынан жасалған сөздік сол ақын не жазушы шығармаларының сөздік құрам мөлшерін, шамасын білдіреді, бірақ жазушы халық өкілі екен деп, оның шығармаларынан жасалған сөздіктегі сөз мөлшерін сол халық тілінің сөз байлығымен, яғни сөздік құрам мөлшерімен тең көруге бола ма? Әрине, болмайды. Себебі, ол – халықтың бір өкілі ғана. Бұл ретте проф. А.Ысқақов: «...қандай ұлы жазушы болса да, өзінің білген сөздерін орынсыз тықпылап, ретсіз, жөнсіз енгізе бермекші емес, тек өзінің жазып отырған тақырыбына қатысы бар сөздерді ғана орнымен жұмсамақшы» [1, 12 б.], – деп өте орынды көрсеткен. Сондықтанда дәлірек айтар болсақ, «Жеке автор тілінің сөздігіндегі» жасалынып отырған жазушы (не ақын) шығармаларының сөздік қор мөлшері ол өкілі болып табылатын халық (ұлт) тілінің сөз байлығынан әр кезде де аз болып отырады.

Ал жазушының сөздік қоры өзінің шығармаларының сөздік қорымен тең шамалас немесе одан үлкен болуы тиіс. Міне, осы себептен де бізге «жазушының сөздік қоры» деген ұғыммен бірге «жазушы шығармаларының сөздік қоры» деген екі ұғымның не екенін біліп алудың қажеттігі туады.

Жазушы шығармаларының сөздік қоры – белгілі бір жазушының (не ақынның) толық шығармалары мәтіннің негізінде ондағы барлық лексикалық ұғым беретін сөздер топтарының жиынтығы. Ал жазушының сөздік қоры болса, ол-жазушы шығармаларының сөздік қорына қоса оған жазушының шығармаларында қолданылмай қалған, бірақ жазушы зердесінде бар, оның интелектісінен (дүниетанымдық ой-өрісінен, пайымдау мен түсінігінен, дарындылық-қабілеттілігінен) туатын ұғымдардың – бәрінің де қосылып есептелінуі қажет екендігін ескеруіміз керек. Әрине, бұл айтуға оңай болғанымен уақыттың өтуіне байланысты жазушы (не ақын) шығармашылығынан көрініс тауып отыратын құбылыс екендігі анық.

Сонымен, жазушы шығармаларының сөздік қорын білу – оның шығармаларының тілін жанжақты зерттеудің, автордың сөз байлығы мен оның сөздерді қолдану тәсілін, сөз қолданудағы стильдік, тілдік ерекшеліктерін анықтаудың қорытындысы. Ал жазушы шығармаларының сөздік қорын білу – жеке әдебиет өкілінің өз шығармаларының сөздігі арқылы (бір жақты болса да) өз білімінің дәрежесінде өз ана тіліне, оның сөздік қорына қосқан үлесін көрсетеді.

Сондай-ақ жазушы шығармаларының сөздік қорын білу – жазушының өмір жолын, әлеуметтік қоғамдағы орнын, дүниетанымын, ана тілін меңгертудегі жеткен биігін және оны дамытудағы ролін зерттеп, білу деген сөз. Олай болса, жазушы сөздік қорының көп не аз болуы оның дарындылығына, қабілеттілігіне, өз әдебиеті мен басқа елдер әдебиеттерін де жақсы білуіне, дүниетану шеңбері мен ой-өрісіне, байымдау аясы мен түсінік аумағына және шығарма жанрының түрлілігі мен оларға қойылатын тақырыптарының әр түрлілігіне де байланысты.

Ақын-жазушы тілінің сөздігі. Жазушы тілінің сөздігі – белгілі бір автордың бүкіл шығармаларындағы сөздерді қамтып түгендейтін және ондағы сөздердің беретін мағыналарын сол автор шығармаларынан алынған мысалдар негізінде түсіндіріп көрсететін сөздік. Сөздіктің бұл түрі жазушының не автордың барлық әдеби шығармалары, хаттары, қолжазбалары мен ресми іс-қағаздары мәтіндерінің негізінде немесе оның тек белгілі бір шығармашылық еңбегі мәтінінің негізінде құрастырылады. Құрастырудың мақсат – автор өмір сүріп, жұмыс істеген дәуірдегі әдеби тілдің тарихын тереңірек тануға, зерттеуге көмектесетін құрал етіп шығару, яғни мұнда әрбір сөздің не оның тұлғасының қалай қолданылғандығын, ол сөз бен тұлғаның автордың қай шығармасында, қай бетінде екендігін т.б. мүмкін болғанша қатаң құжаттап көрсету. Сонымен бірге, сөздіктің бұл түрі, өз кезегінде жазушы шығармашылығын жақсы танудың, оның мәтінін дұрыс түсінудің кілті, жөннұсқағышы бола алатындығы.

Жазушы тілінің сөздігі – автордың тілдік, әдебиттік стильдерін зерттеуде, жарық көрмеген шығармаларының тілдік ерекшеліктерін және басқа да көптеген шығармашылықтармен байланысты тарихи-филологиялық зерттеулерін қарауда пайдаланылатын қажетті құрал бола алады. Атап айтқанда, жазушы тілінің сол замандағы статикалық құрамы мен құрылымын, сол кездегі сөздердің жасалу және өзгеру жүйесін, қолданылу және жұмсалыну үлгілерін, әдеби нормаларын, лексикалық және грамматикалық амал-тәсілдерін, стилистикалық өрнектерін т.б. тануға көмектеседі.

Жалпы тіл біліміндегі сөздіктердің жасалу тарихында жазушы тілінің сөздігін жасау тәжірибесі бізден басқа елдерде ертеректен-ақ бар болатын. Мәселен, орыс тілі бойынша жарық көрген алғашқы жазушы тілінің сөздігі қатарында К.П.Петровтың «Д.И.Фонвизин шығармалары мен аудармалары сөздігін» (1904) атауға болады. Бұдан кейінгі кезде оларда В.В.Виноградовтың редакциясымен шыққан «Пушкин сөздігі» [2], А.В.Федоров пен О.И.Фоняковтар құрастырылған М.Горькийдің әдеби шығармаларындағы тақырыптар мен географиялық атауларды (жалқы есімдерді) көрсетуге арналған «М.Горький трилогиясының автобиографиялық сөздігі» (1975), т.б. еңбектер шықты. Ал бізде бұл мәселеде 1968 ж. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасынан жарыққа шыққан «Абай тілі сөздігін» атауға болады [3].

Жалпы редакциясы проф. А.Ысқақовтың басқарумен жарық көрген жазушы тілінің бұл сөздігі – қазақ халқының жазба әдебиеті мен ұлттық әдеби тілінің негізін қалаған ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев шығармалары тілінің бүкіл сөз байлығын түгел қамтуға арналған. Мұнда қазақ тілі лексикографиясы тарихында алғаш рет автор шығармаларындағы сөздердің сөзқолданыс жиілігі көрсетілді. Сөйтіп, ұлы ақынның өз шығармаларында 6 мыңдай жеке-дара сөз қолданғандығы анықталды. Қазақ тіл білімінде жеке ақын шығармаларының негізінде құрастырылған бұл жазушы тілінің сөздігі – түркі туыстас халықтар ақын жазушыларының арасынан тұңғыш рет құрастырылған әрі толық түсіндірме, әрі тарихи-жөнеме, әрі алфавитті-жиілік сөздік болды.

1965 жылы Т. Жанұзақов газет бетінде «Тіл біліміндегі статистика» деп аталатын мақала жариялады. Мұнда ол статистикалық методтың мақсат – мәні жайлы айтып: «Бұл метод бойынша, фонемалар мен лексиканың жиілігі, синтаксис құрылысының заңдылығы дәлме-

дәл зерттеледі», – дейді де, қазақ тілінің материалына жүгінеді. Соның ішінде Абай тілінің сөз байлығына, әр түрлі жиілікте қолданылған сөздердің түріне, көлеміне, лексиканың түгелдей қамтылуына (покрываемость) тоқталады, соның нәтижесінде ақынның тіл шеберлігін сөз етеді. «Демек, жеке жазушының тіл байлығын, сөз қолдану ерекшелігін статистикалық тұрғыдан дербес зерттеп, талдау, оның тілінің көркемдік, мәнерлілік рең жағын, стилі мен орасаң байлығын, мағналық сипатын толық танытады», – деген тұжырымға келеді [4].

Абай шығармаларында қанша сөз барын, яғни, жазушының тіл байлығы жөнінде бүгінде нақты айтуға болады. Бұл туралы қазақ ғалымдарының ішінде алғаш рет статистикаға (лингвостатистикаға) көңіл бөлген де осы профессор Т.Жанұзақов болды. Ғалым Абай шығармаларындағы сөздердің жиілігін бастапқыда дәстүрлі жолмен есептеп, оның тіл біліміне деген қажеттілігіне көңіл аударады. Сондай-ақ, ол статистиканың (лингвостатистиканың – Б.А.Б.) маңыздылығына тоқтала келіп: «Статистикалық методтың аса құнды жағы – сөз жасау, сөзден сөз тудыру амалдарын есеп жолымен дәлелдеу. Бір түбірден өрбіген сөздердің тарихи даму жолын, қолдану ерекшелігінің жиілік дәрежесін цифр арқылы анықтау», – деп атап көрсетті [4].

Әдебиеттер

1. *Ысқақов А.* Абай және қазақтың әдеби тілі. – Абай тілі сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1968. – 734 б.
2. Пушкин сөздігі. – М., 1959-1962.
3. *Ысқақов А.* Абай және қазақтың әдеби тілі. – Абай тілі сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1968. – 734 б.
4. *Жанұзақов Т.* Тіл біліміндегі статистика. – «Лениншіл жас», 1965, 7 июль, № 133

А.АЛДАШ

Филология ғылымдарының докторы, профессор

СӨЗДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ (тезистер)

1. Жазба және ауызша коммуникацияда ойды, ақпаратты жеткізудің негізгі құралы – сөз. Тіл жүйесінің негізгі бірлігі болып табылатын сөз арқылы зат пен бұйым, олардың сипаттамасы, қасиет-сапа, қимыл-әрекет аталады. Сөз – белгілі бір тілдің ойды, ақпаратты беру мүмкіндігін, икемділігін, байлығын танытатын, тілтаным ғылымының барлық салаларын зерттеуге негіз-арқау болатын маңызды тілдік бірлік. Тілді жүйе деп қарастырған жағдайда сөз морфология, синтаксис, сөзжасам, фонетика, лексика тармақтарының аспектілерінде аса мәнді сегмент ретінде негізгі алынады. Сонымен қатар ауызша және жазба коммуникацияның ағынына түскенде қарым-қатынас құралына айналатын сөз тіл мәдениеті, стилистика, тілді меңгерту салаларының да ғылыми, практикалық тұжырымдарына тірек болады.

2. Сөз талдауға алынатын еңбектерде екі ерекшелік негізге алынады: қазақ тілтанымындағы зерттеулерде шетел тілдеріндегі plan of expression and plan of content (ағыл.), «план выражения және план содержания» (орыс тілінде) дегендерге сәйкес келетін сөздің сыртқы тұрпаты, мазмұн тұрпаты немесе ішкі мазмұны, тұрпат межесі, мазмұн межесі сияқты аталымдар қолданылып келеді. Әрине, бұл арада сыртқы тұрпаты деген сөздің әріптер (айтылу кезінде дыбыстар) кешені, жиынтығы, яғни сөздің сыртқы қабығы дегенді білдіретіні анық. Ал мазмұн тұрпаты әріптер кешенінен қарағанда анағұрлым күрделі.

3. Әлемдік ғылымда бастапқы, негізгі, референциал (кейде референтті деп те аталады), номинативті, уәждеделген мағына, денотат, коннотат, сигникативті, прагматикалық мағына дегендер де аталады. Осылайша таратылған терминдердің ұғымдық жағынан алғанда, түсіндірілуі бір-біріне жақын түсетінін де байқаймыз. Мәселен, бастапқы/негізгі, референциал, денотат аталымдарының түсіндірмесі барлық дерлік зерттеулерде бір-бірінен алшақ кете қоймайды. Сол сияқты коннотат, прагматикалық мағына, мағынаның уәжділігі дегендер де бір мазмұнда анықталады. Сөздің мазмұндық тұрпатының осындай күрделі болуы, тегінде, тілді пайдаланатын адамның ойлауы, танымы арқылы зат пен құбылысқа атау беру қабілетіне, ойсанасындағы үдерістерге, коммуникативтік актіге қатысуы кезіндегі ойды, ақпаратты жеткізу әрекетіне байланысты. Бұл жөнінде Ұлт ұстазы – А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда иә нәрсеге тиісінше ойлайды, иә көңілінің түйісінше ойлайды. Нәрсе түрлі сипатты болады. Ол сипаттарының біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. [1, 394]. Тарата түссек, зат пен бұйымның, құбылыстың сыртқы тұрпаты, формасы, не үшін қажеттілігі сияқты белгілер, яғни бойына біткен сипат нәрсеге тиісінше ойлау арқылы жүзеге асады да, тура, негізгі, денотат мағынаға ие сөз жасалады, Ал көңілінің түйісінше ойлаудың нәтижесінде сөздің ауыспалы, коннотат мағыналары туындайды деп түсінеміз.

4. Сөздің мазмұн тұрпаты тіл ғылымында сан салалы аспектілерде қарастырылады. Өйткені мазмұн тұрпаты арқылы сөздің тура, ауыспалы мағыналары, мағыналық реңкі ашылады. Егер сөздің тура мағынасы анық-қанық десек, ауыспалы мағына, көпмағыналық және мағыналық реңкі дегендер талдай түсуді керек етеді. Мысалы, «тұтқа» деген сөздің тура, негізгі мағынасы «есіктің т.б. заттардың қолмен ұстауға ыңғайлы етіп жасаған жері» [ҚӘТС, 14-том, 1251-бет). Лексикографиялық еңбекте келтірілген *тұтқалы шам, тұтқалы орын* дегендермен қатар Қазақ тілінің Ұлттық корпусындағы 570-тен астам қолданыстың 85 пайыздайы ауыспалы мағынада: *тіршілік тұтқасы, дүниенің тұтқасы, ел бірлігінің тұтқасы, кәсіптің тұтқасы, өнердің тұтқасы, қызметтің тұтқасы, болашақтың тұтқасы, елге тұтқа болу, телефонның тұтқасы, эскалатордың тұтқасы, қазанның тұтқасы* және т.б. Бұл ретте бірнеше құбылыс байқалады: а) «тұтқа» сөзінің «ашып-жабатын құрал» тура, негізгі мағынасындағы *қолға ұстауға болатын* деген бір семасы сақтала отырып, мағына «қайта құрылып», *тетік, бөлшек* деген семантика (*телефонның тұтқасы, эскалатордың тұтқасы*), яғни кеңмағыналық пайда болады. Сөздің бастапқы/негізгі мағынасы басқа арнаулы заттың, бұйымның сыртқы тұрпатына, адам тіршілігінде не үшін қажеттілігін білдіретін ұғымға біршама болса да сәйкес келіп, мағына кеңейеді;

ә) контекстуалды синоним ретінде де қолданылады. Қараңыз: *Ере кірген жігіт екі жағында тұтқасы бар, ішіне толған қымызы меймілдеген үлкен қара керсенді қайқая әрең көтеріп алып шықты* (С.Мұқанов) деген сөйлемде *қазанның құлағы* атауының орнына қолданылған; б) алайда жоғарыда айтқанымыздай, «тұтқа» сөзінің ауыспалы мағынаны иеленуі жиі кездеседі. Бұл – тілді пайдаланушының/тілдің төл иесінің/тіл иелменінің ойсанасындағы (когницияда) когнитивті процестерге байланысты. Адамның ойсанасында қоршаған орта жөнінде ақпарат жинақталады, сақталады және өңделеді, ал өңделу процесі тіл қолданысқа түскен кезде жүріп отырады, адамның ойсанасындағы тілдік бірліктің семемасы немесе семасы да қайта құрылады. Ақпаратты әсерлі жеткізу мүддесінде ойсанадағы бар сөз «прототип» ретінде алынады; бұл жаңа сөз ойлап тапқаннан гөрі, басқа тілдің сөзін қолданғаннан гөрі әсер туғызу, ықпал ету үшін ыңғайлы болады; в) сөйтіп, мәселен, «тұтқа» деген сөздің *ұстауға болатын* деген семасы ойсанадағы тілді білу деңгейінен жинақталған білім арқылы таратыла түседі. Мазмұн тұрпатына, мағынасына ұқсас түсетін заттар мен құбылыстарды атауда сөздің тура мағынасы түрленеді, осыдан ауыспалы синтагматикалық-құрылымдық мағына (*билік тұтқасы*) туындайды. Демек, *елдің тұтқасы / билік тұтқасы / отбасының тұтқасы*

(адам), *тұтқа болу* деген перифраздарда *қолында бар, мүмкіндігі мол, таяныш, сүйеніш, негізгі* дегендер сияқты қосымша мағыналар бар.

5. Осы себепті сөздің лексика-семантикалық мағынасын дәл сипаттауда, құрылымдық, тура/ауыспалы, референциал, сигникатив мағыналарды анықтауда ішкі реконструкция әдісін қолдануға, сондай-ақ когнитив лингвистиканың әдістеріне де сүйену керек деген ойдамыз.

6. Ұлттық корпуста сөздің грамматикалық тұрпатымен қатар лексика-семантикалық мағыналарын танытудың маңызы зор. Қазақ сөзінің мағынасы алуан қырлы, сөз әсіресе қолданысқа түскен кезінде адамның ойсанасына қарай мағына жағынан күрделеніп, түрленіп кетеді. Дегенмен Ұлттық корпуста сөздің барлық түрленген мағыналарын таныту үшін сигникатив мағынаны (немесе жай ғана мағына деп атауға болады) анықтау жеткілікті. Сигникатив мағына сөздің контекстке тәуелсіз жеке тұрғандағы лексикалық ең мәнді белгілерін анықтап беретін ұғымдық мазмұнды танытады, құрылымын тарата келіп, сөздің қандай топқа енетіні туралы ақпарат береді (дара немесе күрделі; түбір немесе туынды; төл сөз немесе кірме сөз). Мысалы, *айран* сөзі *дара, түбір, төл, сүт өнімі, ашытылған, қою* деп көрсетілсе, сөз туралы толық мәлімет жеткілікті. жеткілікті деуімізге негіз – жалпы сипаттама болса, *сүт өнімі, ашытылған, қою* дегендер маңызды семантикалық белгілері; олар Д.Н.Шмелевтің көрсетуінше, лексеманың ең мәндісі, парадигматикалық, синтагматикалық қатарлардың, ауыспалы мағыналардың туындауына да себепкер болатын осындай семантикалық белгілер [2, 108]. Осы мәліметтің өзі корпустағы нақты дереккөздерден алынған мәнмәтіндердегі ауыспалы мағыналарды, тіркес құрамындағы мағына түрленімін шапшаң түсінуге негіз бола алады. Сөз мағынасының осылайша жинақталып, Ұлттық корпуста берілуі, біріншіден, тіл мен мәдениеттің арасындағы сабақтастық, сөз мағынасының күрделілігі туралы мәліметті қамтиды және ауыспалы, коннотат, синтагматикалық-құрылымдық мағыналарды ажыратуға негіз болады. Академик Р.Сыздық лексикалық мағынаны сөздің нейтралды мәні, коммуникативтік қызметі, көркемдік мағынасын, стилдік қызметіне қатысты талдаған [3, 184]. Сонымен қатар Ұлттық корпуста әр сөздің лексика-семантикалық мағынасының ашылуы әсіресе білім беру жүйесінде, лексика-грамматикалық минимум, басқа да лингводидактикалық база жасауда айрықша маңызды дерекқор болып саналады.

Әдебиеттер

1. *Байтұрсынұлы А.* Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.
2. *Шмелев Д.Н.* Проблемы семантического анализа лексики. – М., Изд. «Наука», 1973 – 279 с.
3. *Сыздық Р.* Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 бет.

З. А. СИРАЗИТДИНОВ

*к.ф.н., в.н.с., отдела прикладной лингвистики
и диалектологии ИИЯЛ УФИЦ РАН*

СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ДВУХАКТАНТНЫХ ОБОБЩЕННО-ЛИЧНЫХ ПОСЛОВИЦ БАШКИРСКОГО ЯЗЫКА (НА МАТЕРИАЛЕ ФОЛЬКЛОРНОГО КОРПУСА)

Андатпа. Қазіргі тіл ғылымы лингвистикалық құбылыстарды зерттеуде құрылымдық-семантикалық тәсілді талап етеді. Бірақ бүгінгі күнге дейін башқұрт мақал-мәтелдерін құрылымдық-семантикалық зерттеу және модельдері түрлерін бөліп көрсету паремияның бүкіл қоры негізінде, шешілмеген болып қала береді. Осы мақаланың мақсаты мақал-мәтелдер модельдерін зерттеу болып табылады. Бұл жұмыстың материалы башқұрт тілінің машина

қорының фольклорлық корпусындағы мәліметтер базасынан екі актантты жалпыланған жеке мақал-мәтелдер болды.

Түйін сөздер: башқұрт тілі, мақал-мәтелдер, синтаксис, жай сөйлем, жалпыланған жеке сөйлемдер, құрылымдық схема, модель, семантикалық рөлдер.

Аннотация. Современная филологическая наука выдвигает требование структурно-семантического подхода при исследовании языковых явлений. Но до сегодняшнего дня структурно-семантическое исследование башкирских пословиц с привлечением всего фонда данной паремии и выделением конечных типов моделей остается нерешенной задачей. Целью настоящей статьи является исследование моделей элементарных простых предложений. Материалом для данной работы послужили двухактантные обобщенно-личные пословицы из базы данных в фольклорном корпусе Машинного фонда башкирского языка. Корпус содержит 354 пословичных выражений, выраженных обобщенно-личными предложениями, что составляет 73,5 % от численности всех односоставных глагольных пословиц. Методом исследования является предложенная новосибирскими синтаксистами методика выделения элементарного простого предложения, включающего предикат и обязательные актанты. Под синтаксическую моделью понимается план содержания ЭПП, который определяется пропозицией. Структурная схема представляется планом выражения элементарного простого предложения.

Ключевые слова: башкирский язык, пословицы, синтаксис, простое предложение, обобщенно-личные предложения, структурная схема, модель, семантические роли.

Abstract. Modern philological science puts forward the requirement of a structural-semantic approach in the study of linguistic phenomena. But until now, the structural-semantic study of Bashkir proverbs with the involvement of the entire fund of this proverb and the allocation of finite types of models remains an unsolved problem. The purpose of this article is to study models of elementary simple sentences. The material for this work was generalized personal proverbs from the database in the folklore corpus of the Machine Fund of the Bashkir language. The corpus contains 354 proverbs expressed in generalized personal sentences, which is 73.5% of the number of all one-part verbal proverbs. The research method is the method proposed by the Novosibirsk syntaxists for isolating an elementary simple sentence, including a predicate and obligatory actants. Under the syntactic model is understood the plan of the content of the EPP, which is determined by the proposition. The block diagram is represented by the plan of expression of an elementary simple sentence.

Keywords: Bashkir language, proverbs, syntax, simple sentence, generalized personal sentences, structural diagram, model, semantic roles.

Прект корпусы башкирских фольклорных текстов содержит подкорпусы эпосов, сказок, загадок, примет, заклятий, проклятий, поверий, поговорок и пословиц. Разграничение пословиц от поговорок и включение их в разные подкорпусы проведено на основе предложенной нами методике [1] Подкорпус пословиц на сегодня составляет 10907 единиц и представляет достаточный материал для исследования синтаксической структуры данного вида паремии.

Отметим, что отдельные вопросы синтаксиса пословиц были рассмотрены в работе М. Х. Юсупова [2], сравнительные аспекты синтаксиса башкирской паремии с турецким, русским и английским языками затронуты в диссертационных исследованиях И. Бинера и Э.М. Созиновой [3-4] Эти описательные и сравнительные исследования раскрывают определенные особенности синтаксического строя башкирской паремии. Но современная лингвистика выдвигает требование структурно-семантического подхода.

Работы по моделированию синтаксиса предложений в отечественной лингвистике были начаты в 1960-е гг. Так, лингвистами рассматривались вопросы структурных схем и моделирования русского предложения [5-8].

С 80-х годов прошлого столетия были начаты модельные исследования по тюркским языкам [9-12]. Однако предложенный подход авторов страдает излишней детализацией и приводит к значительному увеличению объема структурных схем предложений.

Сегодня при модельном описании синтаксиса вводится понятие минимальной структуры предложения, что позволяет создавать более компактные модели. Однако существуют разные подходы к определению ее компонентов. Так, Н. Ю. Шведова не вводит в структурную схему конкретизаторы, считая их факультативными [6: 26].

Ряд авторов не соглашается с этим и считает, что структурная схема должна обладать и информативной достаточностью, которая во многом определяется сирконстантами. Ими в структурные схемы предлагается включать облигаторные обстоятельства [13: 65; 14: 125; 15: 284].

С.А. Алексанова в разряд облигаторных вносит также и присловные темпоральные распространители, относя к сирконстантам лишь обстоятельственные распространители, не заполняющие глагольную валентность [16: 97].

Создатель новосибирской синтаксической школы Черемисина М. И. вводит понятие элементарного простого предложения, включающего предикат и облигаторные актанты [17: 9].

К облигаторным актантам новосибирские исследователи, кроме предметных участников ситуации, относят и локальные распространители при глаголах движения, перемещения, местонахождения [18-20]. Данная минимальная структура представляет собой элементарное простое предложение (ЭПП). Формализованное представление условными знаками ЭПП является структурной схемой предложения. Моделью предложения является заключенная в структурной схеме пропозиция [21: 8]. Представители данной школы разграничивают понятия «модель» и «структурная схема».

При построении синтаксических структур и выделении синтаксических моделей пословичных предложений мы придерживаемся позиции новосибирских синтаксистов и под моделью понимаем план содержания ЭПП, который определяется пропозицией и представляется в виде набора местоимений кто и что в определенных падежах в сочетании с предикатом. Под структурной схемой понимаем план выражения ЭПП, представленный условными символами, отражающими морфологический способ выражения компонентов.

Полное представление о предложении должно учитывать все формы его членов, в частности, для сказуемых – синтетические и аналитические формы, включая и фразеологизмы. На начальном этапе выявления и описания основных синтаксических моделей мы ограничиваемся рассмотрением пословиц с простыми финитными глаголами.

Выбор обобщенно-личных пословиц объектом исследования определяется следующими факторами:

- наличием конечного числа клауз из потенциально возможных данного типа;
- закрепленностью типа субъектного актанта во всех изучаемых клаузах. В предложениях данного типа субъект хотя явно не указывается, но он присутствует в форме самого глагола. В «Русской грамматике» 1980 г. данный тип предложения не выделяется как особая структурная схема и рассматривается как неполная реализация двусоставного предложения ($N_1 - V_f$) [22: 248]. В нашей работе в структурных схемах мы указываем субъект в скобках как неявно выраженный субъектный актант;
- с желанием выявления варьирования в языке типов предикатов и объектных актантов для случая, когда потенциальный объем пословичных высказываний и субъектов являются константами.

В фольклорном корпусе башкирского языка численность односоставных глагольных пословиц составляет 481 единицу, доля обобщенно-личных пословиц составляет 73,5 % (354 единицы) [23: 122].

В пословичных предложениях рассматриваемой группы двухактантные клаузы составляют большинство (191)¹. Такая же картина наблюдается среди родственных языков – в кумыкском и алтайском языках [24: 12; 20: 160]².

Анализ материала показывает, что большое количество обобщенно-личных пословичных предложений (63 %) имеет отрицательную форму глагола.

Обобщенно-личные пословичные выражения представлены глаголами в 2-х формах:

– глаголом императивом во 2-м лице единственного числа. Нами выделено 335 единиц (69,6 %). Такая частотность обусловлена, прежде всего, тем, что «в предложениях, содержащих умозаключение в отношении обобщенного лица, повелительное наклонение приобретает назидательный характер» [25: 284], что наиболее близко к функциям самих пословиц;

– глаголом в форме 2-го лица единственного числа будущего неопределенного времени. Нами выделено всего 19 таких единиц. Такие пословицы, оформленные обобщенно-личными предложениями, выражают поучение, относящееся ко всем людям, но в тоже время имеют форму обращения к конкретному собеседнику.

В таблице 1 представлена статистика двухактантных структурных схем пословиц, выраженных ЭПП с финитными глаголами. Как видно из таблицы 1, схема (S) + N_{ACC} + V_f с объектом в винительном падеже является самой частотной. Аккузатив в башкирском языке является грамматическим средством оформления актанта как объекта прямого непосредственного воздействия [25: 138].

Таблица 1.

Структурные схемы башкирских пословиц, выраженных двухактантными обобщенно-личными предложениями

№	Структурная схема	ед.	%
1	(S) + N _{ACC} + V _f	117	62
2	(S) + N _{DAT} + V _f	51	26
3	(S) + N _{Abl} + V _f	14	7
4	(S) + N _{instr} + V _f	7	4
5	(S) + N _{loc} + V _f	2	1
Итого		191	100

Вследствие ограниченности объема сборника в данной статье подробно рассматривается именно структурная схема (S) + N_{ACC} + V_f, которая отражает 117 двухактантных обобщенно-личных пословиц и является репрезентацией 8 моделей ЭПП, в которых получают выражения разные пропозиции. Каждая из этих моделей характеризуется собственным набором семантических ролей и типовым значением.

1. Модель физического воздействия на объект [(S) + N_{ACC}^{Pat} + V_f^{Act}] (62)³ с пропозицией «кто на кого/что воздействует».

¹Указанная численность включает только пословицы с простыми финитными глаголами.

²Процентные данные вычислены нами по абсолютным данным, приведенным в монографическом исследовании Ойроткиновой Н.Р. [20].

³Здесь и далее в скобках указаны количество пословиц с данной моделью.

Глаголы, принадлежащие в целом к лексико-семантическому классу «действие», выражают действие агенса, направленного на пациенс с целью его создания, изменения или уничтожения [26: 9].

Например:

<i>Тимер-зе</i>	<i>кызыу-ында</i>	<i>хук.</i>
Железо - Асс	горячий - PossP3SgLoc	куй - ImpP2S g

«Куй железо пока горячо».

<i>Силэг-енә</i>	<i>карап</i>	<i>һыу-ын</i>	<i>эс.</i>
бадьа- PossP3SgDat	по	вода-PossP3SgAcc	пить-ImpP2Sg

«Пей воду по бадье».

2. Модель восприятия субъектом объекта $[(S) + N^{Perc}_{ACC} + V^{Perc}_f]$ с пропозицией «кто кого/ что воспринимает» (10).

В реализации данной модели участвуют глаголы физического восприятия: күр «видеть» (8), кара «смотреть» (1), тыңла «слышать» (1).

Примеры:

<i>Ялкау-зы</i>	<i>ялан-да</i>	<i>күр-мәчәң.</i>
лентяй-Асс	поле- Loc	увидеть-Fut.IndfP2SgNeg.

«Лентяя в поле не увидишь».

Глаголы восприятия кроме первичного значения восприятия с помощью внешних органов чувств имеют и вторичное ментальное значение с актуализированными семами «понять», «оценить» [27: 223]. В 8 пословицах находит отражение именно обусловленное контекстуальными условиями ментальный процесс «понять, оценить кого-то/что-то»:

<i>Мактансык-тың</i>	<i>өй-өн</i>	<i>күр.</i>
хвастун-Gen	дом-PossSgP3Acc	видеть-ImpP2Sg

«Оцени дом хвастуна».

3. Модели речевого поведения субъекта $[(S) + N^{obj}_{ACC} + V^{voc}_f]$ с пропозицией «кто что говорит» (7).

Данная модель реализуется глаголами: һөйлә «говорить» (6), әйт «сказать, говорить» (1), которые являются глаголами речи с общими значениями и обозначают нейтральный процесс в отличие от остальных глаголов речи с дифференциальными значениями, в которых отражаются эмоциональное состояние и характер говорящего [28: 102].

Высокая частота употребления глагола һөйлә связано с тем, что в пословицах превалирует назидание «не разглашать, не сплетничать». Значение «разглашать, распускать сплетни» является семантическим составляющим глагола һөйлә, который в пословицах употребляется в отрицательной форме (4). В роли объекта выступают: *ишеткән бер һүз* «каждое услышанное слово», *тузга язмаган* «неписанное на бересте», *күңелгә килгән бер намә* «все что по душе», *күзең менән күрмәгән* «не виденное воочию». Данные актанты-объекты выполняют роль содержания речевого акта (см.: [29: 55]) и выражают понятие «непроверенная информация»:

<i>Туз-га</i>	<i>яз-маганды</i>	<i>һөйлә-мә</i>
береста-Dat	писать-Pst.PtcpNegAcc	говорить-ImpP2SgNeg.

«Не говори неписанное на бересте».

Глагол әйт не имеет отрицательного компонента, он имеет более конкретную семантику, обозначает отдельную реплику или важный момент из общей речи [28: 106]. Это отражается в пословице, где назидается о необходимости быть краткословным:

<i>Аз</i>	<i>һүз</i>	<i>менән</i>	<i>күп-те</i>	<i>әйт.</i>
Малый	слово	с	много-Асс	говорить-ImpP2Sg.

«Выскажи о многом кратко».

4. Модель речевого воздействия на объект [(S) + N^{pat}_{ACC} + V^{voc}_f] с пропозицией «кто кого учит» (2). Данная модель реализуется в двух пословицах с глаголом өйрәт и пациенсом бала «ребенок», которые являются синонимичными и отличаются друг от друга сирконстантами: *йәштән* «смолоду» и *бишектән* «с колыбели»:

<i>Бала-ны</i>	<i>йәштән</i>	<i>өйрәт.</i>
ребенок-Асс	смолоду	учить-ImpP2Sg.

«Учи ребенка смолоду».

5. Модель оценки субъектом объекта [(S) + N^{pat}_{ACC} + V^{ment}_f] с пропозицией «кто оценивает что/кого» (9).

Пропозиция оценки в пословицах реализуется глаголами оценки (макта «хвалить», *һына* «испытывать», *хурла* «охаивать»), пациенсами при которых выступают одушевленные (кеше «человек», ат «лошадь», яман «нехороший», *дошман* «враг», айғыр «жеребец») и неодушевленные (иртә «утро», аш «пища») объекты:

<i>Ай-һы з</i>	<i>ат-ың</i>	<i>макта-ма.</i>
месяц-Abs	лошадь-PossSgP2Acc ₀	хвалить-ImpP2SgNeg

«Раньше времени не хвали коня».

6. Модель ментального поведения субъекта [(S) + N^{del}_{ACC} + V^{ment}_f] с пропозицией «кто что знает/понимает/думает/забыл» (21).

В эту модель объединены пословицы с глаголами интеллектуальной деятельности: *бел* «знать», *уйла* «думать», *аңла* «понимать», *кайғырт* «заботиться, думать», *онот* «забыть» с семами «знание», «понимание», «осмысление», «забывание».

Делиберативами в пословицах выступают в основном отвлеченные немотивированные существительные (*кәзер* «цена», *якшылык* «благодетение», *белем* «знание», *каза* «беда», *кайгы* «горе», *ахыр* «конец», *азак* «конец»). Из немотивированных субстантивированных употреблены имена действия *һатыу* «продажа», *сығыу* «выход» и субстантивация причастия бирер (биреренде) в значении «возврат долга».

В пословицах в большей степени поучается знать и помнить о хорошем. Отрицательная форма глагола употребляется только в двух случаях, где назидается не забывать добро и о невозможности предугадать грядущее:

<i>Килер</i>	<i>каза-ны</i>	<i>бел-мәһең.</i>
Приходящий	бедствие-Асс	знать-Fut.IndfP2SgNeg

«Не предугадаешь бедствие заранее».

7. Модель психологического воздействия субъекта на объект [(S) + N^{pat}_{ACC} + V^{psych}_f] с пропозицией «кто кого пугает» (2).

Пропозиция психологического воздействия реализуется глаголами *куркыт* «пугать» и *өркәт* «напугать внезапно», пациенсами выступают объекты животные:

<i>Бүрек</i>	<i>бәр-еп</i>	<i>бүре-не</i>	<i>куркыт-ма.</i>
шапка-Асс ₀	кинуть-Ger1	волк-Асс	испугать-ImpP2SgN eg

«Волка не испугаешь, закидав шапкой».

<i>Кабы</i>	<i>һуз-ып бесәй</i>	<i>өркәт-мә.</i>	
лыко-Асс ₀	колотить-Ger1	кошка-Асс ₀	пугать-ImpP2SgNeg.

«Колотя лыко, кошку не испугаешь».

Употребление определенной формы аккузатива в первом случае определяется тем, что речь идет конкретно о волке, а во втором случае объект *кошка* оформлена неопределенным каузативом. Форма аккузатива в башкирском языке, кроме выражения неопределённости прямого объекта, позволяет создавать значение общности [30: 102], и в данной паремии она выступает как обобщение всех животных малого размера и кроткого нрава.

8. Модель социального отношения к объекту $[(S) + N_{ACC}^{obj} + V_f^{social}]$ с пропозицией «кто кого/что защищает/надеется» (4).

Пропозиция социального отношения в пословицах выражается глаголами *һакла* «хранить, беречь» (3) и *көт* «ждать» (1). Актантами при глаголе *һакла* выступают абстрактные слова (*һамыс* «честь» и *дан* «слава»), конкретное существительное *юлдаш* «спутник»:

Дан-ыңды *йәштән* *һакла*
 слава-PossSgP2Acc смолоду беречь-ImpP2Sg.
 «Береги славу смолоду».

Ожидание представляет явление, включающее в себя, помимо признаков состояния и процесса, также признаки прогнозирования и желательности чего-либо [31: 8].

В академическом словаре башкирского языка для глагола *көт*, кроме основного значения «ожидать кого/что», также отмечено значение «надеяться на кого/что», которое реализуется в пословице:

Сайна-п *каптыр-һанды* *көт-мә.*
 разжевать-Ger1 положить (в рот)-Pst.PtcpAcc ждать-ImpP2SgNeg
 «Не жди, когда разжевав, положат в рот».

Заключение

Структурная схема $(S) + N_{ACC} + V_f$ ЭПП является самой частотной среди обобщенно-личных пословиц с финитным глаголом, поскольку эта структурная схема является базовой в реализации представления о действии с указанием самого глагола и двух необходимых участников: субъекта и объекта в аккумулятиве [32: 121].

В рамках данной структурной схемы реализуются 8 моделей. Каждая модель характеризуется собственным набором семантических ролей и типовым значением. Отметим, что в подавляющем большинстве случаев объектные актанты выступают в форме определенного аккумулятива.

Рассматриваемая схема ЭПП является простым типом синтаксических конструкций и можно предположить, что синтаксические особенности, выделенные в конструкции данного типа, с большой вероятностью проявятся в современном литературном языке и разговорной речи с более сложной синтаксической структурой.

Поскольку в статье моделирование осуществляется на базе элементарных простых предложений, то вопрос об атрибутах и необлигаторных сирконстантах не рассматривается. Эти конститuentы являются важными для пословичных высказываний, определяющими их прагматическую нагрузку. Освещение их ролей в рамках выделенных моделей является отдельной задачей.

Сокращения, использованные в статье при глоссировании

Глосса	Расшифровка
Abs	категория лишительности
Acc	аккумулятив определенной формы
Acc ₀	аккумулятив неопределенной формы
Dat	датель
Fut.Indf	будущее неопределенное время
Gen	родительный падеж
Ger1	деепричастие на <i>-п</i>
Ger2	деепричастие на <i>-ғас/-ғәс</i>
Imp	императив
Loc	местный падеж
Loc.Atr	категория атрибутивного местоимения (с аф. <i>-дағы/-дағы</i>)

Neg	аффикс глагольного отрицания
P1	показатель множественного числа
P2	показатель 2-го лица
P3	показатель 3-го лица
Poss. Atr	категория притяжательности (с аф. -дыкы/-деке)
Poss	категория принадлежности
Pst.Ptcp	причастие, прошедшего неопределенного времени
Sg	показатель единственного числа

Литература

1. *Сиразитдинов З.А., Бускунбаева Л.А.* Поговорки башкирского языка (проблема разграничения, анализ структуры)// *Oriental Studies*. 2022. Vol. 15. Is. 1. С.144-157.
2. *Юсупов М. Г.* Синтаксическая структура башкирских пословиц (на башкирском языке). – Стерлитамак: Изд-во СГПИ, 1996. 75 с.
3. *Бинер Исмет.* Особенности языка и стиля пословиц и поговорок в башкирском и турецком языках: автореф. дисс... канд. филол. наук. – Уфа, 2004. 28 с.
4. *Созинова Э.М.* Общее и специфическое в паремиях-эквивалентах: (на материале башкирского, русского и английского языков): автореф. дис... канд. филол. наук. – Уфа, 2006. 23 с.
5. *Ломтев Т.П.* Принципы построения формулы предложения // *Филологические науки*. 1969. № 5. С. 56-68.
6. *Шведова Н.Ю.* Спорные вопросы описания структурных схем простого предложения и его парадигм // *Вопросы языкознания*. 1973. № 4. С. 25-36.
7. *Золотова Г.А.* Очерк функционального синтаксиса русского языка. – М.: Наука, 1973. 351 с.
8. *Белошапкова В.А.* Минимальные структурные схемы русского предложения // *Русский язык за рубежом*. 1978. № 5. С. 55-59.
9. *Ахматов И.Х.* Структурно-семантические модели предложения в современном карачаево-балкарском языке. – Нальчик: Эльбрус, 1983. 360 с.
10. *Тыбыкова А.Т.* Исследования по синтаксису алтайского языка. Простое предложение. – Новосибирск: изд-во НГУ, 1991. 228 с.
11. *Кетенчиев М.Б.* Формально-семантические модели именных предложений в современном карачаево-балкарском языке. Нальчик: Изд-во КБГУ, 1993. 80 с.
12. *Тикеев Д.С.* Основы синтаксиса современного башкирского языка. – М.: Наука, 2004. 312 с.
13. *Распопов И.П.* Что же такое структурная схема предложения? // *Вопросы языкознания*, 1976. № 2. С. 65-70.
14. *Никитин М.В.* Основы лингвистической теории значения. – М.: Высшая школа, 1988. 168 с.
15. *Аппоев А.К.* Семантическая структура паремических высказываний в карачаево-балкарском языке // *Вестник Челябинского государственного педагогического университета*. 2014. № 2. С. 281-290.
16. *Александрова С.А.* Обстоятельственные распространители в структуре простого предложения // *Вестник Адыгейского университета. Серия 2. Филология и искусствоведение*. 2009. № 1. С. 93-98.
17. *Черемисина М.И.* О теоретических вопросах модельного описания предложения // *Предложение в языках Сибири*. – Новосибирск: Наука, 1989. С. 3-18.
18. *Чугунеева А.Н.* Глаголы движения и формируемые ими модели простого предложения (на материале хакасского языка): автореф. дисс... канд. филол. наук. – Новосибирск, 1998. 20 с.

19. Байжанова Н.Р. Модели элементарных простых предложений в алтайском языке: структурная схема ЭПП N_1-V_r – Новосибирск: Наука, 2004. 176 с.
20. Ойноткинова Н.Р. Алтайские пословицы и поговорки: поэтика и прагматика жанров /отв. ред. О. Н. Лагута. – Новосибирск: Редакционно-издательский центр НГУ, 2012. 354 с.
21. Черемисина М.И. Итоги исследования простого предложения в языках Сибири //Языки коренных народов Сибири. – Новосибирск: 1998. Вып. 4. С. 3–31.
22. Русская грамматика 1980 – Русская грамматика. Т. 2. Синтаксис / под ред. Н. Ю. Шведовой. – М.: Наука, 1980. 709 с.
23. Бускунбаева Л.А., Сиразитдинов З.А. Шамсутдинова Г.Г. Типы односоставных предложений в пословичном фонде башкирского языка (на материале фольклорного корпуса) // Oriental studies. № 6 (40). 2018. С. 120–129.
24. Идрисова 2015 – Идрисова П. Г. Синтаксис кумыкских пословиц и поговорок: автореф. дисс... канд. филол. наук. – М., 2015. 27 с.
25. Грамматика современного башкирского литературного языка / отв. ред. А. А. Юлдашев. – М.: Наука, 1981. 495 с.
26. Кильдибекова Т.А. Структура поля глаголов действия. – Уфа: Изд-во БГУ, 1983. 76 с.
27. Омельченко С.Р. Функционально-семантическая характеристика русских ментальных глаголов [электронный ресурс] // Известия Уральского государственного университета. 2004. № 31. С. 217-229 (Электронный научный архив УрФУ). URL: <https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/23834/1/iurg-2004-31-17.pdf> (дата обращения: 17.05.2021).
28. Усманова М.Г. Функционально-семантическая классификация глаголов башкирского языка. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2002. 212 с.
29. Падучева Е.В. Динамические модели в семантике лексики. – М.: Языки славянской культуры, 2004. 608 с.
30. Абдуллина Р. Словоизменение башкирского языка. – Уфа: Гилем, 2008. 124 с.
31. Чебышев Ф.А. Семантика ожидания и средства её выражения в русском языке: автореф. канд. дис. ... филол. наук. – Пермь, 2017. 24 с.
32. Черемисина М.И., Озонова А.А., Тазранова А.Р. Элементарное простое предложение с глагольным сказуемым в тюркских языках Южной Сибири. – Новосибирск: Любава, 2008. 205 с.

А.Ә.ЖАҢАБЕКОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д.*

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫН ЖАСАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Мақалада Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау тарихы баяндалады.

Ғылым мен білім берудің бүгінгі даму сатысында ақпараттық технологияларды қоғамның барлық саласында кеңінен қолдану ісі кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің біріне жатады. Осы орайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпін береді. Сондықтан Үкімет ІТ саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауға тиіс», – деп цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендету қажет екенін айқындап берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрландыруды ұлттық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің басты құралы» дей келе, «азаматтардың сауаттылық деңгейін, олардың цифрлық білімін арттыру қажеттілігін, сонымен қатар 2021

жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру. ... Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз», – деп атап көрсетті.

Елбасы мен Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілінің мемлекеттік статусын, қоғамдық қызметін күшейту, қолданыс аясын кеңейту үшін оны әлемдік тіл білімінің ақпараттық технология кеңістігіне шығару қажеттігі күн тәртібінен түскен емес.

XXI ғасырдағы ақпараттық технологияның қарқынды дамуы ғылымның барлық салаларын цифрландыруды қажет етті. Қазіргі кездегі әлеуметтік қызметтердің барлық түрі, хат алмасу, ақпарат алмасу т.б. ұялы телефондар арқылы орындалатын заманда, қағаз формадағы кітапты оқудан гөрі, қажетті ақпаратты әлеуметтік желілерден іздеу үрдіс алды.

Осы ретте жаратылыстану салаларында ғана емес, гуманитарлық салалар өнімдерін де замана сұранысына сай әзірлеу әрі бүгінгі ғылым-білімнің жетістіктерінің арқасында адамдардың өмір сүру формасын жеңілдету, оңтайландыру мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі туды. Ұлттық корпустар жасау мәселесі де әлемдік тіл білімінде әсіресе осындай лингвистикалық зерттеулер жүргізу мен практикалық құралдар жасаудың таптырмас құралы ретінде XX ғасырдың аяқ шенінде күрт дамыған болатын. осылайша, Корпус жасаудың аса маңыздылығы мен қажеттігі туындап, алғашқы болып, **1963 ж. АҚШ-та Браун корпусы** өмірге келді.

Бастапқыда бұл корпустың көлемі 1 млн. сөзқолданыстан тұрып, оның құрамында әрбіреуі 2 мың сөзқолданысқа тең 500 мәтін қамтылған. Алайда тілдік зерттеулерді сапалы жүргізу тек ауқымды тілдік материалдар негізінде ғана жүзеге асатындығы біліне бастады. Осыдан корпустарға қойылатын **көлемділік** шарты туындады.

Корпустық лингвистиканың ағылшын тіл білімінде кең етек алуын ғалымдар АҚШ-та компьютерлік техника мен XX ғасырдың 60-80 жылдары британ лингвистикасындағы интеллектілік ахуалдың белсенді дамуымен түсіндіреді. Осы кездерде тілдік зерттеулердің ең көп бөлігі компьютерленген мәтіндік корпустарға лингвистикалық талдау жүргізуге бағытталған-ды. Мұндай зерттеулердің нәтижесі 2001 жылы Бирменгем университетінде корпустық лингвистика кафедрасын ашуға және **International Journal of Corpus Linguistics (Корпустық лингвистиканың халықаралық журналы)** баспадан шығарып тұруға мүмкіндік туғызды. Бірнеше тілдің материалдары бойынша құрастырылған, түрі мен қызметі жағынан ерекшеленетін корпустар және солардың негізінде неше түрлі сөздіктер түзіліп, грамматикалар жазылды.

Ғалым В.П. Захаров «Корпусная лингвистика» атты оқу құралында былай дейді: «Под названием лингвистический, или языковой, корпус текстов понимается большой, представленный в электронном виде, унифицированный, структурированный, размечанный, филологический компетентный массив языковых данных, предназначенный для решения конкретных лингвистических задач» [1, 3-б.]. Демек, корпус дегеніміз – әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін мәтіндер жинағы. Ал оның қызметі осы мәтіндер жинағын адамның әртүрлі ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік құралдар жазу, тіл үйрену барысында пайдалануына мүмкіндік беруге бағытталады.

Қазақ тіл білімінде де Тәуелсіздік алуымызбен байланысты ғылым салалары да кең қанат жая бастады. Тіл білімі саласында да тілді адам факторы тұрғысынан зерттеу тіл мүмкіндігін жаңа көзжиектерге көтерді. Антропоэзеттік парадигмадағы когнитивтік лингвистика, психолингвистика, функционалды лингвистика салаларымен қатар тілді математика, информатика салаларымен сабақтастықта зерттейтін Қолданбалы/ Компьютерлік лингвистика саласы да дами бастады.

Қазақ тіл білімінде статоллингвистика саласы 1970 жылдары белгілі математик ғалым Қалдыбай Бектаевтың жетекшілігімен және профессор Асқар Жұбанов, Аманкеш Зекенова, Алмасбек Белботаев т.б. статист ғалымдарымыздың жиілік сөздіктер құрастыру тәжірибесінен басталады.

Институтымыздың Қолданбалы лингвистика бөлімінде тапжылмай көп жылдар бойы меңгерушілік қызмет атқараған профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов Қолданбалы лингвистика саласының Статоллингвистика, Формалды модельдеу, Компьютерлік лингвистика сияқты салалары бойынша зерттеулер жүргізе жүріп, және осы салалар бойынша Жоғары оқу орындарында дәріс бере жүріп, Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау қажеттігін де ертеден-ақ көрегендікпен көре білді.

Мұны ғалым А.Жұбановтың: «Әлемдік корпусық лингвистиканың даму сипаты – ұлттық толық мәтіндерді арнайы зерттеу нысаны етіп алуды қажет етуде. Қазақ мәтіндерінің стилдік, құрылымдық, мағыналық, функционалдық және т.б. сипаттарын анықтау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан автоматтанған қазақ тіліндегі мәтіндер корпусының компьютерлік базасын құру да ғылыми және практикалық жағынан аса құнды мәселе», – деуінен көреміз.

Қолданбалы лингвистика бөлімінің зерттеу бағытын осы мәселеге бұрды.

Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасаудың алғашқы қадамдары аз көлемдегі мәтіндерді базаға салып, морфологиялық белгіленімдерді мәтінге қолдап қою арқылы жүзеге асырылды. Атап айтқанда, *2009-2011 жылдары*:

- қазақтың белгілі жазушылары А.Құнанбаев, М.Әуезов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, М.Мақатаев шығармаларынан алынған таңдама мәтіндер (көркем стиль) бойынша мәтіндік бірліктерге (150 000 сөзқолданыс) «қолдап» морфологиялық белгіленімдер (*ручная разметка*) қойылып, корпус базасына енгізілді.

1. С. қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар.

С. {С - зат: жалпы, дара, түбір, қысқарған, деректі + Ø жекеше + Ø септік, атау}
қаласының {қала - зат: жалпы, дара, түбір, деректі + Ø жекеше + тәуелдік, 3-жақ + септік, ілік}
оңтүстігін {оңтүстік - зат: жалпы, күрделі, біріккен, деректі + Ø жекеше + тәуелдік, 3-жақ + септік, табыс}
жайлаған {жайла - етістік: дара, түбір, негізгі, сабақты + есімше + Ø рай, ашық + Ø жіктік, 3-жақ, Ø көпше}
елдің {ел - зат: жалпы, дара, түбір, деректі + Ø жекеше + септік, ілік}
қалаға {қала - зат: жалпы, дара, түбір, деректі + Ø жекеше + септік, барыс}
қатынасатын {қатына - етістік: дара, түбір, негізгі, салт + етіс, ортақ + есімше + Ø рай, ашық + Ø жіктік, 3-жақ, Ø көпше}
қара {қара - сын: дара, түбір, сапалық}
жолының {жол - зат: жалпы, дара, түбір, деректі + Ø жекеше + тәуелдік, 3-жақ + септік, ілік}
үстінде {үст - көмекші есім: дара, түбір + Ø жекеше + тәуелдік, 3-жақ + септік, жатыс}
Арқалық {Арқалық - зат: жалпы, дара, туынды, деректі + Ø жекеше + Ø септік, атау}
деген {де - етістік: дара, түбір, көмекші + есімше + Ø рай, ашық + Ø жіктік, 3-жақ, Ø жекеше}
тау {тау - зат: жалпы, дара, түбір, деректі + Ø жекеше + Ø септік, атау}
бар {бар - әрарап сөз + Ø жіктік, 3-жақ, Ø жекеше}

Осы аз көлемдегі база негізінде корпусқа енгізілген басқа да мәтіндерге морфологиялық белгіленім жасалды. Алайда «қолдап» енгізілген морфологиялық белгіленім қойылған база көлемі аз болғандықтан, мәтіндерге морфологиялық белгіленімдерді автоматты түрде қоя алатын морфологиялық анализатор жасау қажеттігі туды. Бұл морфологиялық анализатор корпусқа енгізілген мәтіндерді автоматты түрде түбір мен қосымшаға бөліп, олардың сөз табына қатысын және сөз формаларының түрленімін (грамматикалық/морфологиялық) сипаттау қажет еді.

Осы ретте «Қазақ әдеби тілінің аннотацияланған ұлттық корпусы» (2012-2014) атты тақырып ұсынылып, осы кезеңде ф.ғ.д., проф. А.Қ.Жұбанов, ф.ғ.д. А.Ә.Жаңабекованың ғылыми жетекшілігімен морфологиялық анализатор жұмысын жүзеге асыру үшін:


- 15-томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» барлық томдары бойынша реестр сөздер бір-томдық «Қазақ сөздігіндегі» сөздермен толықтырылып және олардың сөз табына қатысын көрсететін грамматикалық белгіленімдер тексеріліп, реттеліп, **қазақ тіліндегі негізсөздер сөздігінің (реестр) электрондық базасы** жасалды;

- қазақ тіліне тән әрбір сөз табы үшін құрастырылған **сөзөзгертуші (сөзтүрлендіруші) қосымшалардың компьютерлік базасы** жасалды.

Мұнымен қоса базада сөзөзгертуші/түрлендіруші қосымшалар құрылымы алдын ала грамматикалық деңгейде белгіленді. Әрбір сөзөзгертуші/түрлендіруші қосымшаға қысқартылған түрде белгіленімнің шартты белгісі жазылды, яғни сөзөзгертуші қосымшаларға қысқарту арқылы грамматикалық белгіленімдері көрсетілді. Жекеленген сөз таптарының сөзөзгертуші/түрлендіруші аффикстерінің тізімі А.Жұбановтың негіз сөздер үшін соңғы дыбыстарының аяқталуына (дауысты, дауыссыз, қатаң, ұяң т.б.) қарай құрастырылған кестелері бойынша жасалды;

- аталған негіз сөздер базасы мен түрленім қосымшаларының морфологиялық белгіленім базасы негізінде **туындатылған сөзформалар базасы** жасалды;

- негізсөздер (реестр) мен түрленім қосымшалар кестесі арқылы туындатылған сөзформалар базасы негізінде корпус мәтіндеріне немесе кез келген көлемдегі таңдама мәтінге автоматты түрде грамматикалық белгіленім қоятын **морфологиялық анализатор** жасалды.



- Ономастика бөлімі қызметкерлері шығарған қазақ тіліндегі антропонимдер мен топонимдер сөздіктері корпусқа енгізіліп, программа осы тізім бойынша корпус мәтіндерінде кездесетін онимдерге **антропоним** не **топоним** екендігін көрсете алатын болды.

Корпус ең алдымен лингвистикалық зерттеулер үшін қажетті көлемді массивті мәтіндер болып табылады. Зерттеу жұмыстарының белгілі бір жүйе бойынша жүргізілетіні белгілі. Өйткені тіл – қарым-қатынас құралы, қолданыс аясы өте кең күрделі жүйе болғандықтан, тілдік зерттеулер белгілі автор шығармалары бойынша немесе белгілі бір кезеңде жарық көрген көркем не баспасөз немесе тарихи ескерткіштер бойынша, сол сияқты белгілі бір жанр, стиль немесе белгілі бір тақырып, мәселе бойынша тарам-тарам болып жіктеліп кете береді. Осындай әртарапта шашылып жатқан материалдарды корпус жадына жай ғана енгізбей, белгілі бір жүйеге бағындырып енгізсе, зерттеу жұмыстарының да тиімді орындалуына орасан зор ықпал етеді. Осы ретте Қолданбалы лингвистика бөлімі корпусқа енгізілетін мәтіндерді метамәтіндік (экстралингвистикалық) ақпаратпен қамтамасыз ету қажеттігін ескере келе, әлемдік корпусардағы метамәтіндік ақпараттар енгізу тәжірибесін зерттеу және оны қазақ

тілінің корпусына енгізу мақсатында «Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы метамәтіндік белгіленімдердің ұстанымдары» (2015-2017) атты ғылыми жобаны ұсынып, **6 миллион** сөзқолданыстан тұратын мәтіндерге метабелгіленімдер енгізді. Поэзия және қазақ тілінің 5 стилінен жинақталды.

а) көркем проза (М.Әуезов, Ә.Кекілбаев, Ж.Аймауытов, О.Бөкеев, Ғ.Мүсірепов, Б.Майлин шығармаларынан *1 миллион сөзқолданыс*);

ә) поэзия (М.Мақатаев, А.Байтұрсынұлы, Ж.Молдағалиев, К.Ахметов, М.Өтемісұлы, М.Жұмабаев, М.Шаханов, Т.Молдағалиев, Т.Айбергенов, Х.Ерғалиев, Ш.Құдайбердиев, Қ.Аманжолов және т.б. бойынша *1 миллион сөзқолданыс*);

б) ғылыми-гуманитарлық мәтіндер (2012-2014 жылдар аралығында жарық көрген «Тілтаным» журналынан, филология саласы бойынша соңғы жылдары (2010-2015) жарық көрген ғылыми конференциялар жинақтарының мәтіндері, «Ұлы дала тұлғалары» сериясымен жарық көрген ғылыми жинақтар («Қ.Жұбанов», «І.Кеңесбаев», «А.Байтұрсынұлы», т.б. *1 миллион сөзқолданыс*);

в) публицистикалық мәтіндер («Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Айқын», «Қазақ әдебиеті», «Жетісу», «Астана ақшамы», «Дала мен қала», «Ақиқат» т.б. газеттерден *1 миллион сөзқолданыс*);


г) ресми (іскери) стиль мәтіндері (интернет сайттарынан іскери құжаттар *1 миллион сөзқолданыс*);

д) сөйлеу стилі (интернет сайттарынан алынған сұхбаттар мәтіндерінен *1 миллион сөзқолданыс*) т.б.;


- әлемдік тіл біліміндегі метабелгіленімдер қоюдың теориялық және практикалық әдіс-тәсілдері зерттеліп, оларды Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізудің тиімді әдістері айқындалды; нәтижесінде **метабелгіленім қоюдың жартылай автоматты компьютерлік бағдарламасы (9 параметрмен)** жасалды;

- жоғарыда аталған 5 стильден таңдалып алынған мәтіндерге метабелгіленімдер (мәтін авторы; мәтін атауы; мәтіннің жазылған уақыты мен жері; мәтіннің көлемі; мәтін типі; мәтін дереккөзі т.б.) енгізілді;

- Қолданбалы лингвистика бөлімінің 6 миллион сөзқолданыстан тұратын қазақ тілінің 5 стилінен алынған «**Қазақ тілінің мәтіндер корпусы**» сайты (**89.250.84.132**) жасалды;



- зерттеу тәжірибесі бойынша «Корпустық лингвистика» (автор А.Жұбанов, А.Жаңабекова) монография (ISBN 978-601-7293-43-7) /оқу құралы жарық көрді.



- фонетикалық белгіленімнің буынға бөлу нұсқаулығы жасалып, ізделген сөзді автоматты түрде буынға бөлетін компьютерлік бағдарлама корпуста енгізілді.

2015 жылы Тіл білімі институтының бір топ қызметкерлерінің қатысуымен «Қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастырудың негізгі факторлары, Қазақстан Республикасындағы тілдердің үштұғырлы идеологиясына сәйкес коммуникативтік және тұтастырушылық қызметін арттыру» атты ғылыми жобасы бойынша корпус жұмыстарын жетілдіру бойынша төмендегідей нәтижелер алынды:

- онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі» реестр сөздер түсіндірмелері/ дефинициялары корпус базасына енгізілді; Осы түсіндірме сөздік базасы арқылы Корпуста ізделген сөздің лексикалық мағыналары беріліп тұрады.

- Қолданбалы лингвистика бөлімінде орындалған морфологиялық белгіленімдер «қолдап» енгізілген мәтіндер базасы негізінде морфо-семантикалық белгіленімдер (дара, күрделі, түбір, туынды, салт, сабақты, т.б.) қою программасы жасалды;

- корпуста ізделген сөзді түбір мен қосымшаға ажырататын (лемматизация) және автоматты түрде морфологиялық және морфо-семантикалық белгіленім қоятын, сонымен қатар сөздер дефинициясы берілетін «Қазақ тілінің қанатқақты корпусы» атты сайт (А.Фазылжанованың мұрындық болуымен) жасалып, іске қосылды.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ МЕГАЖОБАСЫНЫҢ ҚАНАТҚАҚТЫ БАСТАПҚЫ НҰСҚА ЖОБАСЫ

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

БАС БЕТ

КОРПУСТАН ІЗДЕУ

БАЙЛАНЫС

Іздеу нәтижелері

Табылған құжат саны 3412

1. **Әбіш Кекілбаев.Аңыздың ақыры//Проза,Қызыл алма,**
Қызметші түгілі үезірлер де , қол басылары да , тіпті өз балалары келгенде бауырларын жаза алмай , тұрмай ма
2. **Әбіш Кекілбаев.Аңыздың ақ** қол
Ұстаз бала шәкірттей қыбыр етп
3. **Әбіш Кекілбаев.Аңыздың ақ**
Үезірлері мен балалары өзі тапс
4. **Әбіш Кекілбаев.Аңыздың ақ**
Қызметші әйел егде еркектің тес
5. **Әбіш Кекілбаев.Аңыздың ақ**
Ылғи көші балалар елді қатты се
6. **Әбіш Кекілбаев.Аңыздың ақ**
Шешелерінің сарайына балалар
7. **Әбіш Кекілбаев.Аңыздың ақ**

	Сипаттау	
Лемма	қол	
Морф. белгіленім	зт	
Лексик. семантика	1. Адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін бес саусақ, алақаннан тұратын қолдың басы. 2. Адамның иықтан қар, білек, қолдың басын қамтыған дене мүшесі. 3. а у ы с. Жұмыс күші, адам. 4. а у ы с. Билік, иелік. 5. а у ы с. Қолтаңба, жазу. Көшпелілер арасында жасақ, қосын, лек, әскер ұғымдарында қолданылған дәстүрлі әскери атау. Жөн, ыңғай, лайық.	
Морфо-семант белгіленім	жалпы, дара, түбір, деректі	

- 2016 жылы Тіл білімі институтының сол кездегі директорының ғылым жөніндегі орынбасары ф.ғ.к. **А.М.Фазылжанованың** ғылыми жетекшілігімен «Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу және жасау» мақсаттық ғылыми жобасы Тіл білімі институты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері» кафедрасының оқытушыларының (ғылыми кеңесші проф. **Э.Д.Сүлейменова**) қатысуымен жүзеге асырылды. Бұл кезеңде:

- Қазақстандағы электрондық мәтіндер базасы бар мекеме, ұйымдардан **үлкен көлемде мәтіндер жинақталды;**

- стильдер бойынша **метамәтіндік белгіленім қоюдың лингвистикалық нұсқаулығы мен 23 параметрден тұратын компьютерлік бағдарламасы** жасалып, корпусқа енгізілді;

- лексика-семантикалық белгіленім бағдарламасын жасауға қажетті **қазақ тіліндегі сөздердің лексика-семантикалық топтарының тізімі жинақталды (профессор Б.Момынованың жетекшілігімен)**, қазіргі кезде осы классификация арқылы Институтта Етістік сөз табының семантикалық топтары жіктеліп, лексика-семантикалық белгіленімдер корпусқа енгізуге дайындалып жатыр.

«Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы зерттеу аясындағы 3.2 тапсырма (**тапсырмаға жауапты: А.Ә.Жаңабекова**) (Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі қазақ тілінің корпусық ресурстарын жаңа латын графикасында әзірлеу және жасау) бойынша:

2018 жылы – 2 млн. сөзқолданыстан тұратын көркем мәтіндер;

2019 жылы – 2 млн. сөзқолданыстан тұратын оқулық мәтіндері;

2020 жылы – 2 млн. сөзқолданыстан тұратын ғылыми мәтіндер және 2 млн. сөзқолданыстан тұратын публицистикалық мәтіндер жоспарланып, Қолданбалы лингвистика бөлімінің ғылыми қызметкерлері корпус базасына 2018 жылы 23 параметрмен метабелгіленім қойылған 2 млн. сөзқолданыстан тұратын көркем мәтіндерді, 2019 жылы әртүрлі ғылым салалары бойынша пән оқулықтары мәтінін, 2020 жылы 2 млн сөзқолданыстан тұратын публицистикалық мәтіндер мен 2 млн. сөзқолданыстан тұратын ғылыми мәтіндерді жинап, метамәтіндік белгіленімдер енгізді.

Бұл кезеңде корпус бекітілген **ақут әліпбимен конвертор бағдарламасы арқылы кирил-лше мәтіндерді автоматты түрде латынға көшіріп, латын қарпімен де іздей алды.**

Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау ісі Институттағы ғылыми жобалар аясынан бөлек, магистрлік және докторлық диссертациялар деңгейінде де жүзеге асырылды.


Магистрлік жұмыстар аясында (Диссертация жетекшісі: А.Ә.Жаңабекова): 1) сөзжасамдық белгіленім (Пірманова Күнсұлу); 2) фразеологизмдер белгіленіміне қажетті **фразеологизмдер базасы** жасалды.

Корпуста сөзжасамдық қосымшалар базасы арқылы анализатор туынды түбір сөздердің жасалу тәсілдері мен жасалу жолдары туралы ақпарат береді. Алайда кейбір жағдайда омоним, омограф формалардың, яғни сөзтүрлендіруші қосымшалармен, сол сияқты сөзтудырушы омографтармен астас келіп, қате көрсетуі ықтимал.

Фразеологизмдер/тұрақты тіркестер базасы арқылы конкордансқа шыққан сөйлемдердің ішінен фразеологизмдер айырықшаланып тұрады және курсормен көрсеткенде мағынасы шығып тұрады. Қазіргі кезеңде тұтас фразеологизмдер бар сөйлемдерді іздеу бағдарламасы арқылы табу қарастырылуда.

Осы диссертация аясында қазақ тіліндегі күрделі етістіктер сөздігінің (түсіндірмесі берілген) базасы жасалған. Алдағы уақытта бұл база арқылы морфологиялық анализатор күрделі етістіктерді жеке сыңарларға бөлмей, біртұтас бірлік ретінде сипаттайтын болады.

2020 жылы Тіл білімі институтының директоры А.М.Фазылжанованың басшылығымен корпус сайтының дизайны мен интерфейсі жаңартылып, **qaz.corpus** домен атауымен қалың көпшілік пайдалануына ұсынылды.



15.08.2020 - Корпус базасына жинақталған қазақ тілінің бес стилі мәтіндері жеке дара ішкорпуста жіктеліп берілді және әрбір ішкорпус бойынша іздеу мүмкіндігі жүзеге асырылды.

16.08.2020 - Әрбір ішкорпуста метабелгіленімдер бойынша іздеу жүйесі жетілдірілді.

19.08.2020 - Компьютерлік бағдарламаның түбір сөздерді ғана емес, олардың түрленген формалары бойынша да мысал табу мүмкіндігі қарастырылып, сөзформадан іздеу ұяшығы қосылды.

25.08.2020 - Изделген сөз бойынша табылған деректер статистикасын шығару мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

15.08.2020 - Корпустың орысша және ағылшынша интерфейсі іске қосылды.

26.11.2020 - Пайдаланушыға қажетті сөзді іздеу бойынша мәтінді көшірудің программалық жолдары жасалды.

Грамматикалық қосымшалар бойынша іздеу бағдарламасы жасалды.

2021 жылы публицистика мен көркем мәтіндер бойынша бөлім қызметкерлері мен институттағы өзге қосымша орындаушылар көмегімен **7 миллионнан** астам сөзқолданыстан тұратын мәтіндерге метабелгіленім енгізіліп, корпус базасына салынды.

Параллель корпустың әзірлемесі жасалды.

ПАРАЛЛЕЛЬ ІШКОРПУСТАН ІЗДЕУ
Қажет сөзді ішкорпус базасынан іздеу үшін ұяшықтарды таңдап, сөзді енгізіп, іздеуді басыңыз

Сөз

Сөз тіркес Сөйлем

Авторды таңдаңыз	Аудармашы
Тақырыпты таңдаңыз	Аударма тақырыбы
Мерзімі	Аударылған мерзімі
Мәтін стилі	...
Түпнұсқа тіл	Аударма тілі

Табылған құжаттар саны **«ұзақ» - 15**

Мұхтар Әуезов - «Абай жолы», 1-том

<p>— Жол ұзақ. Ұяғы ашар болсын деп ойнап ем, ғайыпқа ұйырмаңыз, Жұмаке! - деді. Елді тіпті сыпайы. Сөзімді түр. Жұмабай жас баланың пішініне ырыза болып қарады да, үндемеді. Байтас Абайды құрбысындай қалғаны: — Жарайсың, «ғайыпқа ұйырмаңыз». Сенің мынауым, менің: «Көшкенде жүк артатын сары атанға, айтамын не бетіңді Ойке апамыз?» деген өлеңім сияқты болды-ау? - деді. Абай жете түсіне алмады. — Қалай дейсің, Байтас аға? Ойке апа деп кімді айтасың? — Е, Ойке апаны білмеушімен? О несі екен?! — Бәсе... — Бәсе, Ойке апа деген біздің қатын. Быттар апа жазалай сөрісік құрып, ел қадырып, қыз-келіншекпен сұзақ-сайран салмады ға? Содан, аяғы қызық бітіп, үйте қайтатын да мезгіл жетті. Елді қатынға қалай қараға да, не деп барарға да бет жоқ. Сонда өлеңі бетіңді зәрі қайта өрсін деп, «Не бетіңді айтамын Ойке апам...» деген өлеңімді өзім ауызға бармастан бір-екі күн бұрын айтқанып, жолдастарымды жіберіп жатып ем. Сол осы күні мәтел боп жетті, - деді. Абай да, Жұмабай да қызғылп тыңдасты. Өзі сері, өңші, сұту Байтасқа екеуі де - бірі қар, бірі жас бала - қызғана да, тамашалай да қараған еді. Абайдың көз алдына Ойке деген жемгесі де, Байтастың быттар жаздағы өңші, сұзқымал жолдастары да толық елестеді.</p>	<p>— Нам еще долго ехать, — я пошутил, чтобы разогнать скуку. Простите меня, Жұмаке! Слова его прозвучали ласково, и Жұмабай, довольный этим, только молча посмотрел на Абай. А Байтас стал шутить с подростком, как со взрослым: — Натворил дел, а потом «простите меня!» Совсем как в моей песне: Натрети верблюда в поход — Терпеливо он все снесёт. Но боюсь и подумать я: Ойкала как стерпит мой? Абай не понял. — Как вы сказали, Байтас-ага? Кто это — Ойкала? — А ты разве не помнишь Ойке, мою жену? — Конечно, помню. Ну и что жё? — В прошлом году я прогулял все лето, гостил по вечерам, веселился с девушками и молодыми женщинами. А когда пришел домой беспечному житью, у меня не хватало духу войти в свой дом и взглянуть в лицо жене. Ну, я и решил заранее смягчить ее сердце: сложил эту песню, чтобы жена через моих друзей-певцов еще за месяц до моего возвращения услышала мое покаяние... Байтас был признанным певцом и красавцем. Абай посмотрел на него с нескрываемым восхищением. И сама Ойке и друзья Байтаса, которых Абай знал с прошлого лета, — веселые неотомженные певцы с чудесными голосами, — живо встали в его память.</p>	<p>- We still have a long ride, - I joked to dispel boredom. Forgive me, Zhumake! His words sounded kindly, and Zhumabay, pleased with this, just silently looked at Abai. And Baytas began to joke with a teenager as with an adult: - I did something, and then «forgive me!» Just like in my song: Load your camel on a hike - Patiently he will take it all down. But I'm afraid to think: Oikala, how will mine endure? Abai did not understand. - How did you say, Baytas-abai? Who is Oykala? - Don't you remember Oike, my wife? - Of course I remember. So what? - Last year I took a walk all summer, visited all the auls, had fun with girls and young women. And when the end of the carefree life came, I did not have the heart to enter my house and look my wife in the face. Well, I decided to soften her heart in advance: I composed this song so that my wife, through my singing friends, would hear my repentance a month before my return... Baytas was a recognized singer and handsome man. Abai looked at him with undisguised admiration. Both Oike herself and Baytas's friends whom Abai had known since last summer - cheerful, tireless singers with wonderful voices - vividly stood in his memory.</p>
---	---	---

Сайт интерфейсі, дизайны жаңартылды және Диалектологиялық ішкорпустың негізі Аймақтық сөздік материалдары бойынша әзірленіп, корпусқа салынды.

2022 жылы Институт «Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу: ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы» (2022-2023) атты ғылыми жоба аясында Қазақ тілінің ұлттық корпусының ішкорпустарын (**Ауызша корпус, Тарихи корпус, Параллель корпус**) жасауды қолға алды. Жаңа белгіленім түрлерін (**лексика-семантикалық, мәдени-семантикалық, просодикалық**) әзірлеу жұмыстары жүріп жатыр.

«Ғылыми-зерттеу және оқыту Интернет-ресурсы ретіндегі ҚТҰК-ның барлық функционалды стильдерді қамтитын цифрланған мәтіндік базасының көлемін 40 млн сөзқолданысқа жеткізу» міндеті бойынша:

ҚТҰК-ның цифрланған мәтіндік базасын 40 млн сөзқолданысқа жеткізу үшін жоспарланған ішкорпустар түрлерінің мәтіндік базасы жинақталады: а) қажетті қазақ және орыс тіліндегі аударма мәтіндер; ә) аудиотаспаға жазылған ауызекі, шаршысөз, ғылыми және іскери дискурс мәтіндері; б) жазба мұрағаттар базасы.

Параллель ішкорпус – екі не бірнеше тілде жарық көрген бірдей шығармалардың теңестірілген мәтіндердің корпустық іздеу жүйесіне салынған базасы. 2022 жылдан басталған бұл ішкорпус жасау міндеті бойынша қазір қазақ-орыс параллель корпусының қанатқақты әзірлемесі жасалды. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша 200 000 сөзқолданыстан тұратын қазақ және орыс тіліндегі мәтіндер теңестіріліп, параллель ішкорпус базасына салынуда.

Ауызша корпусқа жинақталған мәтіндер әр стильдегі сөйлеу (ауызша) тілінен диктофонға жазылып алынды. Жалпы 2022 жылы жинақталған мәтін көлемі –112 360 сөзқолданыс.

Тарихи ішкорпус – тарихи ескерткіштердегі әртүрлі графикада жазылған мәтіндердің компьютерлік-корпустық базасы. Тарихи ішкорпусқа енетін XII-XX ғғ. жазба мұралардың мәтіндері жинақталды.

Жалпы тарихи ішкорпусқа дерекқор базасына транскрипциясы – 24 747, аудармасы – 125 491 сөзқолданыстан тұратын мәтіндер енді. Жалпы мәтіндер көлемі – 150238 сөзқолданыс.

Диалектологиялық ішкорпустың мәтіндік базасы ретінде «Аймақтық сөздік» корпусқа салынды. «Аймақтық сөздіктің» реестрлік сөзтізбе саны – 13872. Мысалдар көлемі – 190391 сөзқолданыс. Сонымен қатар онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінің» иллюстрациялық материалдары (мысалдары) қосылды. Көлемі – 3 294 049 сөзқолданыс. Диалектологиялық ішкорпустың жалпы көлемі – 3 484 440.

Қазақ тілі ұлттық корпусының Ономастикалық ішкорпусы бойынша Қазақстан Республикасының 2 облысы, атап айтқанда, Ақмола және Алматы облысының топонимдері жинақталды. Оларды сипаттау, талдау жұмыстары жасалды және де осы материалдар ономастикалық ішкорпус құруға негіз болды. Қазақстанның екі облысы бойынша материалдар Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогынан алынды [2]. Оно-мастикалық ішкорпуста топонимдердің этимологиясы, семантикасы, грамматикасы, географиялық орналасуы жөнінде ақпараттар қамтылды. Осы тектес ақпараттар Т.Жанұзақ, А.Әбдірахманов, Б.Бияров т.б. ономаст ғалымдар мен топонимика ғылымына қатысты энциклопедия, сөздіктер, географиялық анықтамалықтардан алынды. Қазақ тілінің ұлттық корпусының «Ономастикалық ішкорпусына» 5000-ға топоним, 30000 сөзқолданыстан тұратын мәтіндер базасы жинақталды.

Қазақ тілінің ұлттық корпусының **мәдени-семантикалық белгіленімі** бойынша 1000-ға тарта мәдени семантиканы танытатын тілдік таңбалар жинақталды. Соның ішінде, қазақ тіліндегі ұлттың болмысын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениеті мен өзіне тән өмір сүру ерекшелігін танытатын 500-ге жуық лингвотанымдық бірліктер мен таңбалардың тілдегі көрінісі ашылды. Олардың белгіленімі (сөз табы, стильдік белгі, мәдени (заттық және рухани) қойылды. Лингвистикалық және мәдени-семантикалық мағынасы ашылды. Нәтижесінде қазақ тіліндегі мәдени-семантикалық белгіленімдерді корпусқа енгізудің тілдік базасы жасалады.

Қазақ тілінің ұлттық корпусының Просодикалық белгіленімі тапсырмасы бойынша дауысты және дауыссыз дыбыстардың тіркесімінің, мыңға жуық сөздер мен ритмикалық топтардың

алгоритмі жасалды. Өртүрлі дереккөзден Просодикалық белгіленім бойынша көркем мәтіндердің метамәтіндік белгіленімі құрастырылды. 400 беттен тұратын мәтін жинақталды. Мәтін көлемі – 109 740 сөзқолданыс.

Лексика-семантикалық белгіленім – сөздердің тақырыптық және лексика-семантикалық тобын көрсететін автоматты бағдарлама. Қазақ тіліндегі етістіктердің лексика-грамматикалық, грамматикалық және лексика-семантикалық сипаттарына қарай 7 түрлі белгі-кодтан тұратын белгіленім әзірлемесі дайындалды. Олар:

- Дара/күрделі;
- Негізгі/туынды;
- Салт/сабақты;
- Болымды/болымсыз;
- Жалпы лексика-семантикалық топтар;
- Жеке лексика-семантикалық топтар;
- Эмоциялық реңкті етістіктер.

Ағымдағы жылғы жоспарға сәйкес 18 200 етістік жинақталып, семантикалық талдау арқылы 72 лексика-семантикалық субтоп анықталды. 9100 етістікке толық лексика-семантикалық белгіленім жасалып, 30 субтопқа жіктелді.

Зат есімнің лексика-семантикалық белгіленімін жетілдіру бойынша 1000-нан аса сөздің семантикалық топтары, тақырыптық топтары анықталды. Зат есімдер құрылымына, мағынасына қарай жіктелді. Семантикалық белгіленімдер макротоптар және микротоптарға ажыратылды. Зат есімнің семантикалық белгіленімдері үш үлкен макротопқа іріктелді: адам, қоғам, табиғат. Табиғат макротобының ішінде өсімдік, бұта, ағаш, жануар, құс, жәндік, балық, тау, су, ауа райы, т.б ішкі микротоптарға жіктелді.

- Дара/ күрделі
- Деректі/дерексіз
- Жанды/жансыз
- Түбір/туынды

Ботаника: өсімдік/ бұта/ ағаш, гүл, т.б.

Табиғат: өсімдік, жануар, құс, жәндік, балық, т.б. белгіленімдер қойылды.

2021 жылы Қазақ тілінің ұлттық корпусының мәтіндер базасында (Негізгі корпуста) 21 000 000 сөзқолданыстан тұратын қазақ тілінің 5 стилінен алынған мәтіндер қамтылды. 2022 жылы Негізгі корпусты қоспағанда, ішкорпустар көлемі – 3 974 481 сөзқолданыс. Негізгі корпус бойынша биылғы 2022 жылы ғылыми мәтіндерден – 5 000 000 сөзқолданыс, іскери мәтіндерден 2 000 000 сөзқолданыстан тұратын мәтін корпус базасына енгізілді. Жалпы алғанда, Қазақ тілінің ұлттық корпусының жалпы көлемі – 32 974 418 сөзқолданыс.

2022-2023 жылдарға арналған бұл жобада Қазақ тілінің ұлттық корпусының 3 ішкорпусын жасау жоспарланған. Ішкорпустар дегеніміз – әртүрлі мақсатта жасалатын бір тілдің Ұлттық корпусының құрамына енетін шағын корпустар. Жалпы корпустың міндеті – пайдаланушыға кең ауқымды мысалдар арқылы қажетті лингвистикалық білімдер жүйесін жеткізу. Осы ретте пайдаланушы үшін екі ең маңызды параметр бар. Оның біріншісі – корпустан ізделген сөздің қандай дереккөзден алынғанын білу және неше түрлі параметр бойынша қажетін іздеп табу. Бұл метабелгіленім арқылы шешіледі. Екіншісі – табылған сөздің тілдің барлық деңгейі бойынша лингвистикалық сипаттамасы. Осы екі параметр әртүрлі мақсаттағы ішкорпустардың әр-қайсысына лайықталып жасалуы тиіс. Өйткені ішкорпус мақсатына сәйкес, аталған екі параметрдің (лингвистикалық және экстралингвистикалық (метабелгіленім) формалары да өзгеруі тиіс немесе қажетті жағдайда ішінара өзгереді. Осы ретте 3 ішкорпустың ең алдымен метабелгіленім терезесін жасау қажет болды.

Тарихи корпус метабелгіленім мына түрде жасалды:

- мәтін туралы қысқаша аңдатпа;
- мәтін авторы (аты-жөні);
- мәтін тақырыбы;

- мәтін графикасы: көне жазу, араб-қадим, араб-жадид, араб-төте;
- мәтіннің алғашқы жариялануы;
- мәтін стилі: ресми, публицистикалық, тарихи шежіре, көркем, ғылыми, педагогикалық дискурс;
- мәтін жанры: проза, поэзия, (аралас: поэзия, проза), сөздік, хат, жарлық, газет, өтініш, арыз, оқулық, мақала, ғылыми ақпараттық, ғылыми көпшілік.

- мәтін дереккөзі;
- мәтіннің нұсқалары: Қазан нұсқасы, Демезон нұсқасы,
- мәтін транскрипциясының авторы;
- мәтін аудармасының авторы;
- мәтіннің бет саны;
- аудитория жасы;
- мәтінді корпусқа енгізген автор;
- мәтінді корпусқа енгізген мерзімі.

Параллель корпусның метабелгіленімі төмендегідей үлгіде жасалды:

Автор: Мұхтар Әуезов

Аудармашы: Анатолий Ким

Тақырып: «Абай жолы» романы

Аударма тақырыбы: «Путь Абая»

Мерзімі: 1-том 1942, 2-том 1947, 3-том 1952, 4-том 1956 ж.

Аударылған мерзімі: 2018 ж.

Мәтін стилі: Көркем әдебиет

Түпнұсқа тілі: Қазақ тілі

Аударма тілі: Орыс тілі

Параллель корпуста лингвистикалық белгіленім ұяшығы қазақша мәтіндерде Негізгі корпустағы морфологиялық, фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық белгіленімдер бойынша ақпарат береді. Сонымен қатар екі тілдегі (қазақ-орыс) сөздерінің сөзбе-сөз аудармасы берілетін болады. Осы мақсатта қазіргі уақытта Қазақша-орысша сөздіктің электронды базасы Корпусқа салуға дайындалуда.

Ауызша корпустағы метабелгіленімі ауызша жазылып алынатын жазбаларға сәйкес құрастырылды. Ауызша сөз мәтіндерінде метабелгіленім параметрі аздап өзгеріп отыруы мүмкін. Ол жазылып алынған материалға байланысты. Ауызша сөздің типі әртүрлі. Олар: сұхбат, диалог, монолог, баяндама, топтық сөйлесім, дайындықты, дайындықсыз т.б. Осы типтік сипатына қарай метабелгіленім параметрлері де әртүрлі қойылады. Немесе ауызша сөздің барлық типін қамтитын стандарт метабелгіленім үлгісі жасалады. Мәтін/дискурс типіне қарай параметр ұяшықтары толтырылып, қажетсіз ұяшықтар бос қалдарылады. Төменде сұхбат типіндегі метабелгіленім үлгісі берілді:

Сұхбат беруші: Нұртілеу Иманғалиұлы

Сұхбат алушы: Берік Сұлтан

Уақыты: 2015.

Ұзақтығы: 27 мин

Тақырыбы: журналистика, студент, жастар

Сұхбат берушінің жынысы: ер

Сұхбат берушінің туған жылы: 1952.

Мамандығы: журналист

Орны: ютуб

Дереккөзі: Нұртілеу Иманғалиұлы \ Үйрен \ Асыл арна

Сөз стилі (тілі): шаршысөз стилі

Сөзқолдану саны: 2628

Мәтін көзі: <https://www.youtube.com/watch?v=c9g9YZpEoY8>

Сұхбатты жазбаға түсірген автор: Қ.Күдерінова

Сонымен, біріншіден, есептік 2022 жылы Параллель ішкорпус, Тарихи ішкорпус, Ауызша ішкорпустағы экстралингвистикалық (метамәтіндік) белгіленім үлгілерінің (терезесінің) жобасы жасалды. Олар ішкорпус түрлеріне, ерекшеліктеріне қарай бір-бірінен айырым табады (жоғарыда әрқайсысының метабелгіленім үлгілері берілді).

Екіншіден, 3 ішкорпустағы барлығы бұрын жасалған қазақ тілінің 5 стилін қамтитын Негізгі корпустағы лингвистикалық белгіленімдер бағдарламасымен (программасымен) жұмыс істейді. Атап айтқанда, Параллель корпустағы аударма мәтіннің қазақша нұсқасында, Ауызша корпустағы нормаланған орфографияланған стенограммасында, Тарихи корпустағы қазіргі тілде бар, таныс сөздерде сөздер түбірмен қосымшаға ажыратылып, морфологиялық, фонетикалық, фонологиялық, сөзжасамдық, лексика-семантикалық белгіленімдері қойылады. Ал бұл 3 ішкорпустағы ерекшелігіне қарайғы жаңадан енгізілетін лингвистикалық терезе қазіргі уақытта дайындалу үстінде. Олар: Параллель корпустағы қазақша-орысша мәтіндеріне арналған Қазақша-орысша сөздік; Ауызша корпус материалдарындағы таспаға жазылып алынған материалдың аудиосы, орфографияланған стенограммасы, сөйлеуші тілінің сөзі (нормаланбаған) және нормаланған орфоэпия; Тарихи ішкорпустағы лингвистикалық терезесіне енгізілетін арабша-қазақша, парсыша-қазақша сөздіктер базасы (графикасы, қай тілден енгендігі, сөз табы, түсіндірмесі). Бұл аталған лингвистикалық ресурстар 2022 жылы жоспарланған міндетке сай орындалды.


Ізденіс жүйесі Қазақ тілінің ұлттық корпусында бірнеше параметр бойынша жұмыс істейді. Олар:

- 1) Түбір сөз бойынша іздеу (бала);
- 2) Сөзформа, яғни бір сөздің неше түрлі түрленімі (балаға, баланы, балада, балалар т.б.) бойынша іздеу;
- 3) Корпус базасына енген мәтіндердегі сөзформалар, яғни корпус мәтіндерінің реестрі бойынша іздеу;
- 4) Стильдік белгілер бойынша іздеу (ауыс., әлеу., кірме, кәсіби, тарихи, поэтикалық, бейнелі, ғылыми т.б.);
- 5) Грамматикалық түрленім формалар арқылы іздеу (-дай, дайды, дайға, даймен т.б.; -лар, ларға, лардан, лармен т.б.).

Сонымен қатар метабелгіленімдер бойынша іздеу ұяшықтары жасалған. Олар: а) автор бойынша іздеу; ә) мәтін атауы бойынша іздеу; б) мәтін стилі бойынша іздеу; мәтін типі бойынша іздеу, аудитория жасы бойынша іздеу; мәтіннің шыққан мерзімі бойынша іздеу т.б.

Диалектологиялық ішкорпуста:

- 1) Жергілікті сөз бойынша іздеу;
- 2) Диалектологиялық корпуста енген мәтіндер реестрі бойынша іздеу;
- 3) Өңір бойынша іздеу.



Тарихи корпус бойынша да ескерткіш мәтіндері бойынша метабелгіленімдер жасалып жатыр. Келешекте Іздеу жүйесі тарихи мәтіндердегі метабелгіленімдер параметрлері бойынша іздеу жасайтын болады.

Сол сияқты Параллель корпустағы Іздеу жүйесі де метабелгіленімдер бойынша іздеу жасайтын болады, сонымен қатар қазіргі уақытта Сөз бойынша іздеу жұмыс жасап тұр. Келешекте екінші тілдегі теңескен сөз бойынша да іздеу жасау жоспарланған.

Ауызша корпус мәтіндері орфографиямен корпуста енгізілетіндіктен бұл ішкорпустағы Іздеу әдеттегі негізгі корпустағы іздеу жүйесімен бірдей болады. Сонымен қатар ауызша тілдің элементтері, ерекшеліктері қамтылатындықтан, мәтіндерге просодикалық белгіленімдер енгізілгеннен кейін, бұл параметрлер бойынша да іздеу жасайтын болады. Қазіргі кезде корпус программасы кез келген жазба мәтінге фонологиялық белгіленім қояды. Сонымен қатар сөздерді автоматты түрде буынға бөліп, қандай буын екендігін сипаттайды.

Ұлттық корпустардың теориялық және практикалық маңызы орасан зор. Атап айтқанда:

Ұлттық корпус, ең бірінші кезекте, тілші-ғалымдарға лексика мен грамматиканы жан-жақты зерттеуге мүмкіндік тудырады. Ал корпустың келесі міндеті – тілдің ішкі салалық (лексика, грамматика, тіл тарихы және т.б.) аясына қатысты әртүрлі анықтағыштық рөл атқару.

Әрине, Ұлттық корпусты қолданудың маңызы тілдерді ана тілі немесе шет тілі ретінде оқытуда арта түседі. Сондықтан қазіргі кезде көптеген оқулықтар мен оқу бағдарламалары мәтіндік корпустарға бағышталып құрастырылуда.

Ұлттық корпус лексикографияға, жасанды интеллектіге, әдебиеттануға, сөйлеу тілін талдау мен жинақтауға және лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеу түрлерін жүргізуді қамтамасыз етеді. Сонымен бірге танымал академиялық сөздіктер құрастыру мен ғылыми грамматикалар жазуда корпустардың маңызы ерекше.

Ұлттық корпусты пайдаланушылар – әртүрлі саладағы тілшілер, әдебиеттанушылар, тарихшылар және гуманитарлық білім салаларының өкілдері. Ұлттық корпустың ана тілі мен шет тілін оқытуда, оқулықтар мен бағдарламалар құрастыруда маңыздылығы да аса зор деуге болады.

Әдебиеттер

1. *Захаров В.П.* Корпусная лингвистика: Учебн.-метод. пособие. –СПб., 2005.
2. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 1 том. Ақмола облысы. – Алматы: Арыс, 2012. – 120 б.

М. МИРОВ

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақ филологиясы кафедрасы*

Н. САДУАКАС

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақ филологиясы кафедрасы*

АСҚАР ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл білімінің қолданбалы саласында танымал ғалым Жұбанов Асқар Құдайбергеноұлының өмір жолы, ғылыми және педагогикалық еңбектері туралы баяндалған. Ғалымның қазақ тілінің статистикасы, жиілік сөздіктер, компьютерлік және

корпустық лингвистиканың ғылыми мәселелері жөнінде жүргізген зерттеу жұмыстарына талдау жасалған.

Түйінді сөздер: Қолданбалы тіл білімі, машиналық аударма, статистика, формалды модельдер, мәтін лингвистикасы, компьютерлік лингвистика, корпустық лингвистика, жиілік сөздіктер.

Аннотация. В статье рассказывается о жизненном пути, научных и педагогических трудах известного ученого в прикладной области казахского языкознания Жубанова Аскара Кудайбергеновича. Проведен анализ исследовательской работы ученого по статистике казахского языка, частотным словарям, научным проблемам компьютерной и корпусной лингвистики.

Ключевые слова: прикладное языкознание, машинный перевод, статистика, формальные модели, Лингвистика текста, компьютерная лингвистика, корпусная лингвистика, частотные словари.

Annotation. The article tells about the life path, scientific and pedagogical works of the famous scientist in the applied field of Kazakh linguistics Zhubanov Askar Kudaibergenovich. The analysis of the scientist's research work on statistics of the Kazakh language, frequency dictionaries, scientific problems of computer and corpus linguistics is carried out.

Key words: applied linguistics, machine translation, statistics, formal models, text linguistics, computer linguistics, corpus linguistics, frequency dictionaries.

Есімі елге танымал Профессор Құдайберген Жұбановтың бел баласы, сүт кенжесі болған Асқар Жұбановтың математик маман болып, еңбек жолын жаңа бастаған кезеңіне ойша зер салар болсақ, сол тұста ғылым салаларындағы ізденістердің алға басуы әртүрлі ғылым салаларының да тоғысып, заман талабына қарай жаңа бағыттағы зерттеулерді талап ете бастағанын байқатқан еді. Бұл жылдары ел басына төнген талай қиындықтардың бұлты сейіліп, өнер-мәдениет, ғылым мен техниканың дамуы жаңаша сипат алып, елдің де еркін тыныстай бастаған кезі еді. Осы кезде тілге де математика жағынан келіп, тілдік бірліктердің сандық өлшемін есептеп, оны алгоритмдік негізде жүйелеуге, мәтінді электронды есептеуіш машина арқылы қарастырып, аударма жасау ісін де компьютерлік техника көмегімен жүзеге асыруға бағытталған жаңа ғылыми сала ретінде «қолданбалы тіл білімі» ғылымының аясында «математикалық лингвистика» бой көтере бастаған болатын [1.108]. Осы тұста жас математик Асқардың бір-бірінен алыс жатқан екінші бір сала – лингвистикаға келуін бір жағы күтпеген жағдай десек, екіншіден тағдырдың жазуы деуге болады. Себебі әкесі профессор Құдайберген Жұбанов өзінің қысқа өмірінде тілдің сан-салалы бағытына қалам тербеген болса, ғылым дамуына байланысты дүниеге келген қазіргі тіл білімінің жаңа салаларының алғашқы ұшқындары да ғалым Құдайберген Жұбановтың еңбектерінен бастау алып жатқанын бүгінгі жас ғалымдар өз зерттеулерінде көрсетіп келеді. Осындай жаңаша зерттеу әдістерінің бірі тілдік бірліктерді санмен байланыстыра зерттеудің алғашқы үлгісі Құдайберген Жұбанов еңбектерінен табылған болатын [1.109]. Асқар ағамыз өзінің әке жолын ұстап, осы бір жалынның ұшқынын үрлеп, одан әрі лаулата жандыруына, математикалық тіл білімі жолына түсуіне өзінің ағасы, ғалым Есет Жұбановтың да ағалық ақылының қозғау салғанын айтып отыратын еді. Алғашқы уақытта тілді тек тілдік тұрғыдан зерттеу керек деген көзқарастағылар тілді математикалық есептеулермен байланыстыра қарастырудың қажеттілігін дұрыс сезіне алмай жатқан кезінде, яғни, бүгінгі таңда керекті ақпараттарды алу, не өз ақпаратымызды екінші бір жерге жіберу сияқты толып жатқан барлық іс-әрекетімізді автоматты түрде үйде отырып-ақ жүзеге асыратынымызды ойласақ, Асқар Жұбановтың бүгінде цифрлық

технология деген жаңа атаумен бүкіл адамзаттың қажеттілігіне айналып отырған осы салаға қарай бұрылуын ғылыми көрегендік, батыл қадам, ғылымдағы сирек құбылыс деп те бағалауға болады. Себебі жаңа салаға сол саланың мамандары да батыл бара бермейтінін ескерсек, тіл саласына математик маманның келуі, сонымен бірге өз жұмысында бір елге жүк болатындай пайдалы іс жасау екінің бірі қолынан келе бермейтін шаруа деп есептейміз. Сонымен бірге әкесі Құдайберген Жұбановтың өзінің өлшеусіз ғылыми мәнді еңбектерімен қазақ тіл білімін биікке көтергенін, одан кейін туған ағасы ғалым Есет Жұбановтың да қазақ фольклорының тілін зерттеуді алғашқы болып қолға алып, өзінің өзгеге ұқсамайтын терең білімімен ғылымға өшпестей үлес қосып кеткенін ескерсек, қазақ тіл білімінде алғашқы болып жаңа бір саланың іргесін қалап, оның ғылыми нәтижелерін ел игілігіне ұсынып, соңына ерген ізбасар ғалым шәкірттеріне жол көрсете білуі Асқар Жұбановтың ғылымдағы өзіндік дара жолын көрсетеді.

Жұбанов Асқар Құдайбергенұлы 1937 жылғы күз айының 13 қарашасында Алматы қаласында дүниеге келді [2.382]. Әкесі халқымыздың тарихындағы тіл ғылымының тұңғыш профессоры, қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаушылардың бірі, алғашқы кәсіби лингвист, ағартушы, түркітанушы ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болатын. Әкесі Құдайберген солақай саясаттың құрығына іліккен кезде Асқар үш айлығында-ақ жер аударылып, туған қаласы Алматыдан әке-шешесінің туған жері Ақтөбедегі Мұғалжар өлкесінен бір-ақ шығады. Құдайберген Жұбановтың жөргектегі нәрестесі Асқардың жарық дүниеге келгеніне небәрі үш-ақ күн болғанда «жапон шпионы» деген жалған жаламен қамауға алынған сәтінен інілерінің тағдырына алаңдап, ағалық көмек көрсетіп, ақыл-кеңес беріп келген Ахмет Жұбанов 1949 жылы бала Асқарды Алматыға алдырып, №18 қазақ орта мектеп-интернатының төртінші сыныбына оқуға береді. Бір жыл өте үлкен ағасы Ақырап Алматыдағы 1950 жылы көркемсурет училищесін бітіріп, жолдама бойынша Петропавл қаласына жұмысқа тұрып, анасы мен бауырларын көшіріп алған кезде, отбасының сүт кенжесі Асқар да осы басқа жерде оқуын жалғастырады. Шыр етіп жарық дүниенің есігін ашқаннан тағдырдың тепкісін көрген кенже бала Асқар өзінің екі аға, үш апасы, «халық жауының әйелі» атанған Раушан ансымен қалып, сол кезеңдегі қызыл саясаттың кесірінен әке есімі «ақталғанша» талай жерде қиындықты көріп өседі.

Бала кезінен техника, математика бағытындағы салаларға ерекше қызығушылық танытып өскен Асқар Құдайбергенұлы орта мектепті бітірген соң 1955 жылы Алматы қаласындағы Тау-кен (политехникалық) институтына ең жоғары балл жинап, оқуға түсіп тұрған сәтінде, сол қатал заманның «Халық жауының баласы!» деген айыптауы тағы да алдын орап, білім қуған талапты жастың арманының тауы шағылған еді. Қай заманда да үлкен жүректі, адал азаматтар болды десек, алаштың атақты перзенттерінің бірі, сол кезде ҚазПИ-дің ректоры, Кеңестер Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің: «Сенің әкең – ұлы кісі» деп, сол сәтте жас жігіттің жарым көңіліне жарық нұр сепкендей болып, бауырына басып, 1955 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің физика-математика факультетіне оқуға түсуіне қол ұшын бергенін Асқар Жұбанов әр кез айтып отыратын [3.6].

Әке жолын қуып, әке рухына табына жүріп, тіл саласына келген математика маманы Жұбанов Асқар Құдайбергенұлы 1967-1970 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының күндізгі бөлімінің аспиранты болып, Минск қаласындағы Шет тілдер институты жанында ғылыми тәжірибеден өтіп, Мәскеу-Ленинградтың осы саладағы ғалымдарымен байланыс жасап тұрады. Тіл білімі институтындағы тілді зерттеуде математика мүмкіндігін пайдалануды іске асыратын жаңа бағыттағы «Статистика-лингвистикалық зерттеу және автоматтандыру» тобының кіші, кейіннен аға ғылыми қызметкері бола жүріп, тілдің сөз байлығын жаңа қырынан зерделеу жолында лингвистикалық сөздіктерді сандық және сапалық белгілеріне қарай математикалық статистика тәсілімен зерттеуді қолға алған алғашқы

белгілі математик – ғалым Қалдыбай Бектаевпен бірлесе еңбек етеді. Асқар Құдайбергенұлы 1973 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы Қ.Б.Бектаевтың және академик І.Кеңесбаевтың ғылыми кеңесшілігімен «ЭЕМ көмегімен қазақ мәтінін статистикалық зерттеу» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, қазақ тілін математикалық әдіспен, яғни статистика мен ықтималдылықтар теориясы әдістерімен зерттеу жұмыстарын жүргізді [2.382]. Қазақша мәтіндерді электронды есептеу машинасының көмегімен зерттеп, тұңғыш рет сөзформа, негіз сөз, әріп, әріп тіркесі, т.б. тілдік бірліктердің автоматтанған жиілік сөздіктерін құрастырудың алгоритмі мен бағдарламасын жасап шығарады. Осындай зерттеулер нәтижесінде заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында 465691 сөзқолданысты пайдаланғанын, онда сөз саны – 16983, ал сөзформасы – 61424 екенін ғылыми түрде анықтайды[4.68]. Ал 2002 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің меңгерушісі қызметін атқара жүріп, сол мекеменің ғылыми кеңесінде «Қазақ мәтіні мазмұнын формалдаудың негізгі ұстанымдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми атағын алады. Ол қазақ тіл білімінің корпуслық лингвистика деп аталған жаңа бағыттағы саласының бірден-бір білікті маманы ретінде өзіне ізбасар ғалым-шәкірттер дайындаумен шұғылданып, 1991 жылдан бастап А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қолданбалы лингвистика» бөлімінің меңгерушісі, кейіннен жаңаша аталымдағы «Компьютерлік лингвистика» ғылыми тобының бас ғылыми қызметкері міндеттерін атқарды.

Адам бойында ата сүйегімен біткен, ана сүтімен сіңген тектік сипатымен қатар, әркімнің өзіне ғана тән табиғатына біткен қарым-қабілеті болады десек, әкесі Құдайберген Жұбановтан келген тума талантылығы, дарынды ғалым ағасы Есет Жұбановтан алған үлгі-өнегесі бар Асқар Жұбанов та ерекше қабілетті, білімді азамат еді. Асқар Жұбанов «М.О. Әуезовтің толық шығармалар жинағы мәтінін ЭЕМ-ге енгізуге дайындау және сөзнұсқағыш-сөздіктерді құрастыру», «М. Әуезовтің 20 томдық шығармалары бойынша автоматтанған картотекалық қор жасау», «М. Әуезовтің шығармалары бойынша сөзформалар мен сөздердің жиілік сөздіктерін ЭЕМ арқылы құрастыру» атты ғылыми тақырыптарға жетекшілік етеді. «Профессор» ғылыми атағын алған ғалым Асқар Жұбанов корпуслық лингвистиканың еліміздегі алғашқы ірі маманы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филолог магистранттары мен студенттеріне математикалық және компьютерлік лингвистика пәндері бойынша дәріс беріп, осы салаға арналған жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарын дайындап шығарады [5]. Корпуслық лингвистика маманы ғалым Асқар Жұбановтың жетекшілігімен осы саланың 5 кандидаттық және бірнеше магистрлік диссертациясы қорғалды.

Көпшілікке жете таныс емес «формалды логика» дегенді тіл ғылымына қарай бұру, қазақ тілін зерттеуде математикалық әдістерді қолдануда, сол арқылы «машиналық аударма» жасаумен айналысатын ғылыми саланың дүниеге келіп, оның статистика, формалды модельдер, мәтін лингвистикасы, қолданбалы лингвистика, компьютерлік лингвистика, корпуслық лингвистика деген атаулармен дамуында осы бағыттың алғашқы маманы ретінде Асқар Жұбановтың көп еңбегі сіңген еді [6]. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде аталған саланың сандық технологиялармен үндесе жаңа қырынан дами бастағанын ескерсек, Асқар Жұбанов еңбектерінің заман көшімен бірге ілесіп, жаңа леппен дамып бара жатқанын көріп, ғалымның осы жаңа саланың алғашқы бастаушылардың бірі ғана емес, оны әрі қарай алып барушы да болғанын мақтан етеміз. Жұбанов Асқар Құдайбергенұлы өзінің ғалымдық еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2013) медалі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен «Жұбанов» медалімен (27.11.2017 ж. №3 хаттама), Қазақстан Республикасының «Құрмет

грамотасы» (5.12.2017 ж.), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2017) медалі, «Еңбек ардагері» медалімен (2018) марапатталды. Корпустық лингвистиканың білгір маманы ретінде Асқар Жұбанов «Квантитативная структура казахского текста» (1987), «Куманша-қазақша жиілік сөздік» (құрастыруш. бірі. –1978), «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» (құрастыруш. бірі. – 1995), «Основные формализации содержания казахского текста»(2002), «Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы» (2004), «Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер» (2006), «Қолданбалы тіл білімінің мәселелері» (2008), «Корпустық лингвистика» (2017), т.б. еңбектер жазып қалдырды [2.385]. Қазіргі ғылыми-техникалық үдерістер заманында ақпарат көлемінің бұрын-соңды болмаған дәрежеде артуына байланысты қажетті мәліметтерді тез тауып алу бағытындағы ізденістер Асқар Құдайбергенұлының компьютерлік лингвистика саласындағы зерттеулерінде өз шешімін тауып, ақпаратты іздестіру, оны табу әрекеттері, аталған қызметтерді жүзеге асыратын құралдары мен әдістері, яғни ішкі жүйелерді жабдықтау түрлері, ақпарат іздестіру тілінің грамматикасы, қазақ тілінің компьютерлік қорын құрастыру, т.б. теориялық мәселелер қарастырылды. Бүгінгі таңда осы аталған саланың ғылым қуған жас мамандары ғалым ғалымдар Асқар Құдайбергенұлының зерттеулері арқылы корпустық лингвистиканың ғылыми негіздерімен танысып, корпустық технологиялардың мәнін түсініп, корпустармен жұмыс істеу дағдысын меңгеріп жатыр. Ғалым Асқар Жұбановтың жетекшілігімен қазақ тілінің жиілік сөздіктері де шығарылып, корпустық лингвистиканың жас мамандары да ғылыми жетістіктерімен тілімізді жаңа бағытта зерттеуге үлес қосып келеді [7].

Қазақтың «тектілік» деген түсінігін дәлелдеп, халқымыздың мақтанышына айналған «Жұбановтар әулеті» деген қымбат атты жоғары ұстап келе жатқан ғалым ағамыз Асқар Жұбанов әке-шешесінің туған жері Ақтөбе, Мұғалжар өлкесінің жұртшылығына сыйлы, әкесінің есімін иеленген Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессор-оқытушыларына жақсы таныс, тығыз қарым –қатынас орната білген ардақты азамат еді. Университеттің ғылыми-педагогикалық өміріне өзінің ғылыми ақыл-кеңестерімен қол ұшын беріп, жастардың ғылыми шығармашылығына қолдау көрсетіп жүретін. Асекең университет жастарымен келген сайын кездесіп, оларға ғылыми тұрғыда ағалық, аталық ақылын айтып, қазіргідей жастарға барлық жағдайлар жасалып жатқан кезеңде қиындықтан қашпай еңбектенуге, оқу-білімге зейін салып, ғылыммен шұғылдануға шақырушы еді. Сондай кездесулердің бірінде: «Өмірдің жақсы да, жаман да жақтарын басымнан кешірдім, бірақ оның қиын тұстарының бәрі де әкемнің нақақтан «халық жауы» аталуымен салыстырғанда түк те емес», – деп, өткен күндерді еске ала отырып, бақытты заманның бақытты жастарына батасын беріп, университетіміздің жақсы істеріне куә болып, жеткен биіктеріне балаша мәз болып отыратын... Ақтөбе жеріне әр келген сайын университеттің қазіргі білім беру ісіндегі заман талаптарына сай жұмыс жүргізіп, көш басындағы алдыңғы оқу орындары қатарынан көрініп келе жатқанына қуанып, өзінің ғалымдық, азаматтық келбетімен білімді жастарға рухани күш сыйлайтын. Университетте «Жұбановтану» саласындағы жас зерттеушілерге де да бағыт-бағдар беріп отыратын.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі ғылымының жарық жұлдызы атанған Құдайберген Жұбановтың даңқына сай ұл болып, «Әкеден ұл тумас па, әке жолын қумас па?» деп дана қазақтың әр қариясы арман еткендей ғылымдағы толағай табыстарымен танылған Жұбанов Асқар Құдайбергенұлының артында ғылыми мол мұрасы, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары, үлгі-өнеге берген өзінің ізін қуған талантты шәкірттері қалды. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері ретінде зерттеу жүргізен корпустық лингвистика саласындағы ғылыми еңбектері кейінгі ұрпаққа рухани мол мұра деп білеміз.

Әдебиеттер

1. «Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі». – Алматы: «Ғылым», 1990. – 368 б.
2. *Құдайберген Жұбанов*. (Ұлы дала тұлғалары). (жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.д., профессор М.Малбақов). – Алматы: «Шафран» ЖШС, 2013. – 528 б.
3. *Оразбаева Ф.Ш.* Жұбанов тағылымының ұлағаты // «Жұбанов тағылымы-IX» дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ, 2017. – 5-9- б.
4. *Жұбанов А.Қ.* Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 210 б.
5. *Жұбанов А.Қ.* Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: Оқу құралы. – Алматы: «КИЕ лингвоелтану инновациялық орталығы», 2013. – 204 б.
6. *Жұбанов, А. Қ.* Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер : Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 280 б.
7. *Жұбанов А., Жаңабекова А., Б.Д. Карбозова, А.Қ. Қожахметова.* Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы. «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 792 б.

Н.М. АЛДАШЕВ

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

ПРОФЕССОР АСҚАР ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ

Аңдатпа. Мақалада ақпараттық – компьютерлік технологиялар тілдің белсенді қызмет атқаруына әсері сөз болады. Тілдің когнитивтік және коммуникативтік құрал ретіндегі қажеттілігі мен оны дамытудың жолдары талданады.

Түйін сөз: корпустық лингвистика, мәтін корпусы, тіл.

Резюме. В статье рассматривается вопрос о востребованности языка как когнитивного и коммуникативного средства, а также его развитие, соответственно, и дальнейшее сохранение его как культурного явления, в значительной степени зависят от активности функционирования языка в компьютерных информационных технологиях.

Ключевые слова: лингвистический корпус, корпус текста, язык.

Annotation. This article deals with the question of the demand for the language as a cognitive and communicative means, as well as its development, respectively, and its further preservation as a cultural phenomenon, largely depend on the activity of the functioning of the language in computer information technologies.

Key words: linguistic corpus, text corpus, language.

Қазіргі жаһандану процесі ғылым салаларының тоғысу мен бірігуіне ғана ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етуде. Корпустық лингвистика – тіл білімінің қоғамдық-әлеуметтік орны мен ролінің күшеюіне орай, адамзаттың ой мен тіл, сана мен сөйлеу, таным мен тілдік қарым-қатынас процестерінің бірлескен әрекеті нәтижесінде тілші-ғалымдар алдына жаңа идея қойған, тың ізденісті қажет ететін сала. Сондықтан тіл білімінде қолданбалы сала үлкен орын алып, қалыптасқан дәстүрлі тіл білімінің жаңа бағыттарын қарастырыу қажеттігі туындады.

Корпустық лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып – білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырумен қатар, қазіргі заман талабына сай математикалық, формальды – логикалық, статистикалық әдістерді пайдалана бастады.

Корпустық лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады.

Осындай қажеттіліктен туындаған салаға қатысты профессор Асқар Құдайбергеновтың «Основные принципы формализации содержания казахского языка» атты докторлық монографиясы қазіргі уақыттағы қолданбалы лингвистикадағы маңызы зор еңбек деп тануға болады.

Қазіргі уақытта тіл білімі мен корпустық лингвистиканың бір-бірімен байланысын көрсете отырып, компьютерлік лингвистика саласы арқылы ақпараттық – танымдық жүйесін қалыптастырып, осы мәселенің танымдық аспектілеріне байланысты ғылыми еңбектерді, концептуалды пікірлерді, көзқарастарды талдап, талқылай отырып, корпустық лингвистика арқылы зерттеу және де қол жеткізген материалдарды ана тіліміздің материалдары арқылы қолданысқа енгізіле бастады.

Сонымен бірге корпустық лингвистикаға қатысты ұғымдарды, терминдерді, метатіл түсініктерін меңгеру қажеттігі оларды нақты мысалдар мен деректер арқылы талдап көрсету, оны теориялық жағынан қарастыра отырып, ой, сана, тіл тұтастығы арқылы тілдік қатынасты жете меңгеру, таным процесін жан-жақты іске асыруға болатындығын көреміз. Себебі, корпустық лингвистика-компьютерлік лингвистиканың бір саласы [1].

Жалпы тіл білімінде компьютерлік лингвистика мен корпустық лингвистика жан жақты зерттеліп өткен ғасырда қолға алынғаны белгілі Шетел ғалымдары Т.Мак Энери мен Э.Вилсон, В.В.Рыков, В.П.Захаров секілді ғалымдар корпус термині мен оның беретін ұғымына қатысты жан анықтама береді. Корпустық лингвистикаға қатысты пікір білдірген зерттеуші ғалымдар оны құрастырудың мен қолданудың бірізділігі жоқ екендігі айтылады да, оның негізгі белгілерінің топтап көрсетеді [3,4,5,6].

Корпустық лингвистика шеңберінде тіл білімі аспектілеріне жүгінетін (бағдарланған) зерттеулер бар. Бұл жұмыстардың қатарына тіл және ойлау, тіл және сананың (зерде) өзара байланыс мәселесі, адам санасының онтогенезде (жеке адамның санасында) және филогенезде (қоғамда тілдің шығуы (происхождение) қалыптасуы жатады. Осындай ерекшеліктердің барлығы мәтіндер корпусы мен оның қолдану аясының әр түрлі болғанымен оның қатарына ғылымның бірнеше салалары топтастырылуы мүмкін.

Бұл мәселеге қатысты: «Мәтіндер корпусын қолдану аясы неше түрлі болғандықтан, олар лингвистикалық, филологиялық және педагогикалық салаларға топтастырылуы мүмкін. Ондай топтарға жататын пәндер: лексикография, грамматика, мәтінлингвистикасы, типология, контрастивтік лингвистика, аударма жасаудың теориясы мен практикасы, әдебиеттану ғылымы, лингводидактика, қазіргі кезде корпустық лингвистиканың қолдану аясы бұрынғыдан кеңейе түсті. Корпустық лингвистиканың негізгі түсінігін, оның бейнелейтін аясына қарай корпустағы сақталатынақпарат бірлігі тұрғысынан, оны әртүрлі негізде топтастыру мен құрастыру және т.б. принциптерді ұстаным етуіне қарай әрүрлі етуе болады» – деген нақты пікірді «Корпустық лингвистика» атты зерттеу еңбектен кездестіреміз [1].

Олай болса, корпустық лингвистиканың тағы бір пайда болу себебі техникалық құралдардың көмегімен үлкен қашықтықтарда ақпарат тарату қажеттігіне байланысты. Себебі байланыстырушылар түсініксіз хабарларды жиі (әріптер түсіп қалған немесе алмастырылған) алып жатады. Бұл байланыстырушылардың қателіктерінен немесе байланыс каналдарындағы

кедергілерден пайда болатындығы белгілі. Мысалы, әскери адамдар арасында инженерлік лингвисттерді түсініксіз хабарларды түсінуге көмектесетін кедергілердің деңгейін анықтау проблемасы қызықтырады. Сондықтан олар мәтінді кодтау және мәтін мазмұн кодын шешу тіл құрылымымен және адамның информацияны түсіну психологиясымен байланыстыра отырып қарстыру проблемасымен айналысады.

Ал корпустық лингвистиканың қызметі мен жұмсалыу аясы күрделі болып келеді, яғни оны пайдалану барысында адамдар өзіне қажетті ақпараттарды алу үшін «қолжетімділік сипаты маңызды критерий болып саналады» [1.10].

Корпустық лингвистика мәтінді зерттейтін ғылымымен де байланысты. Сөйлеу мәтінінің тууы мен қабылдануы тіл ғылымында адамның шындықты түсіну контекстінде қарастырылатындығы белгілі. Корпустық лингвистика мәтін интерпретациясының (әрбір оқырман мәтінді өзінше түсінеді) көптігі жөнінде постулат (қағида) қабылданған.

Осы мәселеге қатысты зерттеуші ғалымдар мына мәселені айрықша бөліп көрсетеді: «Біріншіден корпусқа енгізілген мәтіндер арнайы бағдарламалар арқылы жұмыс істейді. Арнайы енгізілген бағдарламалар арқылы жеке сөздерді ғана емес, кез келген сөз формасын, сондай-ақ ол сөз формасының әр түрлі позициядағы қолданысын тауып алуға және жиілігін анықтауға болады. Ал мұндай жұмысты аннотацияланбаған (белгіленбеген) жай ғана мәтіндер жинағы атқара алмайды. Екіншіден, корпусқа енгізілген мәтіндердегі әрбір тілдік бірлікке, ол не жеке сөз не қосымша болсын, лингвистикалық ақпарат беріледі. Тілдегі мұндай лингвистикалық ақпарат беруді аннотациялау деп атайды [1.61].

Тұтас бір халықтың ана тілі болып табылатын қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғаннан кейін, оның қолдану деңгейін көтеру мақсатында көптеген жұмыстар жолға қойыла бастады. Әсіресе ғылым мен техника тілі – қазақ әдеби тілінің терминологиялық жүйесін жаңаша қалыптастыру төңірегінде сан-алуан пікірлер айтылып, шаралар жүзеге асырылуда.

Қазақ тілінің тың сипат алып отырған жағдайында алдағы уақытта атқарылуға тиісті бір-қатар теориялық-практикалық жұмыстар әлі де баршылық. Осындай жұмыстардың қатарына қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыру мәселесі де жатады [1.2.9.10].

Корпустық лингвистикаға қатысты жарық көрген теориялық зерттеулерде корпустық лингвистиканың қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыруда әлі де болса лингвистикалық белгіленімдер мен олардың моделі, шартты белгілері бірізді емес екендігі айтылып келеді және де «орыс тілінің тәжірибесіне сүйеніп, корпус құрастыру мәселесін өзінше шешемін деп талаптанғанмен, ауқымды мәтіндерді компьютер жадына енгізу лингвистикалық белгіленімдер талдамасын жасау ісінде шашыраңқылық бар. [1.84-85].

Бұл мәселе қазақ тіл білімінде қазіргі уақытта ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеліп, жан-жақты қарастырыла бастады. Сондықтан оның зерттелуі қажет екені ешбір күмән туғызбайды, оған филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың зерттеулері мен ғылыми тұжырымдамалары дәлел бола алады.

Әдебиеттер

1. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика «Қазақ тілі» баспасы, – Алматы, 2017.
2. Жұбанов А. Компьютер қазақ сөзін жатсынбайды. – Алматы, «Ана тілі» №17, 30 сәуір – 6 мамыр, 2009 жыл
3. McEnery T., Wilson A. Corpus Linguistics. – Edinburg: Edinburg University Press, 2001
4. Рыков В.В. Корпус текстов как реализация объектно-ориентированной парадигмы // Труды Международного семинара Диалог – 2002. – М.: Наука, 2002.

5. *Захаров В.П.* Корпусная лингвистика: Учебно-метод. пособие. – СПб., 2005.
6. *Баранов А.Н.* Корпусная лингвистика // Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику: Учебное пособие. – М.: Едиториал УРСС, 2003 –С.114 с.
7. *Ахабаев Ә.* Есімдіктердің морфологиялық құрылымына статистикалық талдау В сб.: Статистика казахского текста. – Алма-Ата, Наука, 1973 – 88-117 б.
8. *Мырзабеков С.* Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің құрылымына статистика – лингвистикалық талдау. Филолог. ғыл. канд.дисс. – Алматы 1973 – 242 б.
9. *Жұбанов А.* Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. Алматы – 2008-640 б.
10. «Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу» атты I халықаралық конференция ЕҢБЕКТЕРІ. ТРУДЫ I Международной конференции «Компьютерная обработка тюркских языков» PROCEEDINGS Of the I International Conference on Computer processing of Turkic Languages (TurkLang-2013) – АСТАНА, 2013.

Л. А. БУСКУНБАЕВА
*старший научный сотрудник
отдела прикладной лингвистики и диалектологии
Института истории, языка и литературы
Уфимского федерального исследовательского центра РАН*

СИСТЕМА ПОИСКА В КОРПУСЕ ПУБЛИЦИСТИКИ БАШКИРСКОГО ЯЗЫКА (на материале районных газет)⁴

Аннотация. В Институте истории, языка и литературы УФИЦ РАН продолжается расширение и пополнение Корпуса публицистики текстовым материалом из районных газет южной части Республики Башкортостан.

В данной статье рассматривается система поиска лингвистической информации в корпусе публицистики башкирского языка, позволяющая получить многообразные выборки из базы данных, отсортированных по замыслам лингвистического эксперимента.

Ключевые слова: корпусная лингвистика, публицистика, башкирский язык, тюркские языки.

Annotation. The Institute of History, Language and Literature of the Ufa Federal Research Center of the Russian Academy of Sciences continues to expand and replenish the corpus of publicistics with textual material from regional newspapers in the southern part of the Republic of Bashkortostan.

This article discusses a system for searching for linguistic information in the corpus of publicistics of the Bashkir language, which makes it possible to obtain diverse samples from the database, sorted according to the ideas of the linguistic experiment.

Keywords: corpus linguistics, journalism, Bashkir language, Turkic languages.

Аңдатпа. РФА ООӨ тарих, тіл және әдебиет институтында Башқұртстан Республикасының оңтүстік бөлігіндегі аудандық газеттердің мәтіндік материалдарымен журналистика корпусын кеңейту және толықтыру жалғасуда.

Бұл мақалада башқұрт тілінің журналистика корпусындағы лингвистикалық ақпаратты іздеу жүйесі қарастырылады, бұл лингвистикалық эксперименттің дизайны бойынша сұрыпталған мәліметтер базасынан әртүрлі үлгілерді алуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Корпустық лингвистика, публицистика, башқұрт тілі, түркі тілдері.

⁴Настоящее исследование выполнено в рамках государственной субсидии — проект «Развитие и лексико-грамматическое исследование корпуса письменных текстов башкирского языка» (номер госрегистрации: 122040400129-9).

Газетно-публицистический подстиль занимает особое место в системе публицистического стиля. Информировав широкую аудиторию о произошедших либо предстоящих событиях и воздействуя через периодические печатные издания (газеты и журналы), данный подстиль публицистики имеет свой уникальный и особенный язык. Лаконичная, образная, эмоциональная и оценочная подача информации, клишированность являются характерными чертами языка газет и журналов, в котором могут переплетаться элементы разных стилей – от научного до разговорного.

В башкирском языкознании публицистический стиль только единожды становился объектом исследования. В своей диссертационной работе «Формирование и развитие публицистического стиля башкирского литературного языка» Н. Б. Салимов исследует историю башкирской публицистики и публицистический стиль современного башкирского языка, анализирует его не только в жанровом, лексическом, грамматическом аспектах, но и в сравнительно-историческом плане [1]. В то же время есть аспекты, которые остаются до сих пор неисследованными.

Поднимая на своих страницах злободневные проблемы современного общества, публицистика оперативно реагирует на все изменения в общественно-политической и экономической жизни. Следовательно, в первую очередь, именно в языке газет и журналов находят отражение все изменения, происходящие в языке. Как отмечает Г. Я. Солганик: «Язык СМИ находится в центре стилистической системы современного русского языка, оказывая сильное воздействие на речевые жанры, практически на весь литературный язык. Многие словесные новшества, прежде чем получить всеобщее распространение, возникают и апробируются именно в языке СМИ» [2, с. 4].

Для многостороннего и объективного исследования любого лингвистического явления необходим репрезентативный «филологически компетентный массив языковых данных» [3, с.3].

Разрабатываемый сотрудниками отдела прикладной лингвистики и диалектологии Института истории, языка и литературы УФИЦ РАН (в рамках государственной субсидии – проекта «Развитие и лексико-грамматическое исследование корпуса письменных текстов башкирского языка») корпус публицистики представляет собой богатый лингвистический источник для анализа текстов периодической печати. Данный корпус также дает возможность пользователю получить не только объективную картину соотношения в газетном и журнальном материале текстов периодической печати различного жанра и тематики, их единиц и отношений между ними, но и лингвистические данные относительно семантической и морфологической информации представленных текстов. В 2022 году продолжается работа над размещением в данный корпус газетных текстов южных районов Республики Башкортостан.

Публицистический корпус на данный момент функционирует в сети Интернет в составе информационной системы «Машинный фонд башкирского языка» [<http://mfbl2.ru>].

В публицистическом корпусе предусмотрено три параметра поиска информации: поиск по корпусу, частотные словари, информация о статьях.

Поиск по корпусу:

В корпусе предусмотрен поиск по трем параметрам: по экстралингвистической информации, морфологическим показателям и семантике. Удобный интерфейс корпуса дает возможность пользователю, ограничив область поиска и отметив в совокупности или отдельно параметры, за короткий промежуток времени получить нужные, интересующие его примеры.

Поиск по экстралингвистической информации. Экстралингвистическая разметка позволяет пользователю производить поиск по следующим запросам:

– изданию (год, месяц, день и номер выпуска). Для газетных текстов можно указать конкретный год, месяц, число, для журнальных – год, месяц, номер выпуска. Выбор осуществляется из ниспадающего списка.

– автору статьи (инициалы впереди). Пользователь может сузить круг поиска, самостоятельно вводя нужного автора в строку поиска (если он известен пользователю).

– статье (название статьи вводится полностью).

– тематике статьи: искусство, культура и литература; красота и здоровье; кулинария; медицина; наука и техника; образование; политическая и социальная жизнь; природа и путешествия; психология; религия; сельское хозяйство; спорт; философия; частная жизнь; экономика. Выбор осуществляется из ниспадающего списка.

– жанру статьи: интервью, беседа; обзор печати; письма; поздравления; рецензия; советы; статья, очерк, репортаж, обозрение; художественные произведения (эссе, фельетон, рассказ, стихи, эпиграммы). Выбор осуществляется из ниспадающего списка.

Поиск по предоставленной в корпусе экстралингвистической информации позволяет пользователю проводить анализ лексики конкретного издания или автора, либо сопоставительные исследования нескольких авторов или изданий, исследования языковых явлений определенного временного отрезка, по гендерному принципу, по жанру, тематике и т.д. (рис. 1).

Рис. 1. Поиск в корпусе публицистике по следующим параметрам: газета «Ашказар хэбәрзәре», 2017, тематика: сельское хозяйство, жанр: интервью, беседа.

Поиск по морфологическим показателям.

Поиск по морфологическим показателям дает возможность выбора той или иной словоформы с конкретными морфологическими характеристиками (рис. 2). Реализована возможность выбора отображаемой информации на выходе: исходная форма слова (лемма), словоформа, признак части речи, признаки грамматических категорий [5, с. 106–111].

Рис. 2. Выбор морфологических характеристик слова.

Поиск по семантике. В корпусе публицистики реализован поиск по семантике слова, который включает в себя тематический класс и словообразовательные характеристики лексемы. Данный вид поиска позволяет выдавать примеры употребления конкретного слова в определенном значении, что существенно облегчает поиск нужной информации в корпусе публицистики, содержащего многомиллионные словоупотребления. Например, у имен существительных в корпусе представлены следующие семантические группы: вещества и материалы, географические названия, животный мир, инструменты и приспособления, механизмы и приборы, наименования видов оружия и их элементов, наименования лиц, наименования одежды и их элементов, наименования организаций, наименования пищи и напитков, наименования построек, наименования частей тела, посуда, пространство и место, растительный мир, текст, термины музыки, термины родства, транспорт, украшения, фамилия, имя, отчество, этнонимы.

Частотные словари. В корпусе есть возможность квантитативно-статистического анализа публицистических текстов. Разработана функция построения частотных словарей словоформ и лексем (основ), расположенных по мере убывания употребительности.

Пользователь, ограничив область поиска и отметив в совокупности или отдельно необходимые параметры, за короткий промежуток времени имеет возможность получить числовые данные употребительности словоформ и лексем.

Удобный интерфейс позволяет построить частотные словари по интересующему пользователя критерию, например, по изданию (при составлении частотного словаря конкретного издания), автору статьи (при составлении частотных словарей по конкретным персоналиям), по дате выпуска (например, при исследовании языковых явлений определенного временного отрезка), по жанру, тематике и т.д. (рис. 3.)⁵

Корпус башкирского языка
Публицистика
Частотные словари

Издание	Хайбулла хабәрзәре	Год	2021	Месяц		День		Номер	
Автор (инициалы впереди)									
Статья (полностью)									
Тематика	политическая и социальная жизнь								
Жанр									

Выбор статей

Выбрать все статьи Отменить весь выбор

Выбранные статьи							
Издание	Год	Месяц	День	Номер	Автор	Статья	Жанр
Хайбулла хабәрзәре	2021	Все	Все	Все	Все	Все	Все

Статей всего / выбрано (выбрано словоформ) 25232 / 698 (194171)

Словарь по словоформам Словарь по основам

Рис. 3. Интерфейс корпуса публицистики при составлении частотного словаря по конкретным параметрам (например, издание – газета «Хайбулла хабәрзәре», год – 2021, тематика – политическая и социальная жизнь).

Частотные словари не только предоставляют информацию о частоте встречаемости слов, но и позволяют выявлять активную и пассивную лексику в публицистических текстах, долю заимствованных слов; распределять лексику по частотным зонам; фиксировать неологизмы; исследовать лексику определенного временного отрезка; разрабатывать различные словари и т.д.

Частотный словарь позволяет проследить распределение частотности в текстах

⁵Издание, дата выпуска (год, месяц, день, номер), тематика и жанр выбираются из всплывающего списка. Автор и название статьи необходимо вводить самостоятельно.

разных изданий. Например, в литературно-художественном журнале для женщин и семьи «Башкортостан кызы» наиболее частотными^{6*} являются слова, обозначающие женщину, семью: кыз «девочка, девушка», ғаилә «семья», тормош «жизнь», әсә «мать» и др., в республиканской общественно-политической газете «Башкортостан» – общественно-политическая лексика: республика, район, мәктәп «школа», миллиәт «нация» и др., в районной газете «Табын» (Гафурийский район) – ауыл «деревня», йыл «год», район, халык «народ» и т.д.

Информация о статьях. В данном разделе можно получить экстралингвистическую информацию о всех размещенных в корпусе статьях.

Корпус башкирского языка
Публицистика
Информация о статьях

Издание Год Номер

N	Месяц	День	Статья	Автор	Тема	Жанр	Словоформ
1	9	19	Республика халкы һорауларына луап бирзе	мехәрририет	политическая и социальная жизнь	статья, очерк, репортаж, обозрение	110
2	9	19	Стәрлетамак йәрминкәһе сакыра	мехәрририет	сельское хозяйство	статья, очерк, репортаж, обозрение	89
3	9	19	Фестиваль символы Башкортостанга күсте	мехәрририет	политическая и социальная жизнь	статья, очерк, репортаж, обозрение	92
4	9	19	Мосолман донъяһын кузғытыу кемгә керәк?	С. Ғәлиуллин	политическая и социальная жизнь	статья, очерк, репортаж, обозрение	747
5	9	19	Көзгә муллыҡ байрамдары башланды	И. Әлибаева	сельское хозяйство	статья, очерк, репортаж, обозрение	89
6	9	19	Юбилейҙары кин билдәләнде	мехәрририет	политическая и социальная жизнь	статья, очерк, репортаж, обозрение	101
7	9	19	Атҡараһы эштәр бихисап	С. Ғәлиуллин	политическая и социальная жизнь	интервью, беседа	1049
8	9	19	Үткән гүмер - аккан һыу	В. Мехәрметова	частная жизнь	статья, очерк, репортаж, обозрение	452

Рис. 4. Поиск экстралингвистической информации.

Выбрав конкретное издание, год и номер выпуска, пользователь получает информацию о содержащихся статьях в указанном номере (информация представлена в виде таблицы): название статьи, автор, тема и жанр статьи, количество словоформ в статье (рис. 4).

Таким образом, корпус публицистики башкирского языка содержит богатый материал для исследования башкирского языка, позволяющего оценивать современное состояние языка, фиксировать неологизмы, диалектные особенности той или иной территории. В корпусе публицистики реализована удобная система поиска, которая позволяет получить многообразные выборки из базы данных, отсортированных по замыслам лингвистического эксперимента.

Литература

1. Салимов Н.Б. Формирование и развитие публицистического стиля башкирского литературного языка. Дисс. на соик. уч. степ. канд. филол. наук. 2001. 188 с.
2. Солганик Г. Я. Язык современной публицистики: сб. статей / сост. Г.Я. Солганик. 3-е изд. М.: Флинта: Наука, 2008. 232 с.
3. Захаров В.П. Корпусная лингвистика: Учебно-метод. пособие. СПб., 2005. 48 с.
4. Машинный фонд башкирского языка: <http://mfbl2.ru>.
5. Бускунбаева Л.А., Иимухаметова А.Ш., Ибрагимова А.Д. Система метаданных в корпусе публицистики башкирского языка // Труды Казанской школы по компьютерной и когнитивной лингвистике TEL-2014. Казань, 2014. С. 106-111.

^{6*}Не учитывались союзы, частицы, местоимения, вспомогательные глаголы, являющиеся самыми частотными словами в башкирском языке.

**А.Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАСПА ІСІН
АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
ЖӘНЕ БАСПА ІСІН АВТОМАТТАНДЫРУ**

Аннотация. Мақалада профессор Асқар Жұбановтың еңбектері бойынша баспа ісін автоматтандыру мәселесі қарастырылады. Баспа ісін автоматтандырудың лингвистикалық негіздерін алты кезеңге бөліп, теориялармен дәлелдедік.

Баспа ісін автоматты жүйеге көшірудің және олардың сайтта берілу жолдарын, әдіс-тәсілдерін сызбамен көрсеттік. Қорытындысында баспа ісінің маңыздылығын түйіндедік.

Түйін сөздер: Корпус, баспа ісін автоматтандыру, баспа ісі, сайт, алгоритм.

Аннотация. В статье рассматривается проблема автоматизации издательского дела по трудам профессора Аскара Жубанова. Лингвистические основы автоматизации издательского дела мы разбили на шесть этапов и доказали теориями.

Схематично показали способы, приемы перевода издательского дела в автоматическую систему и их передачи на сайте. В заключении мы резюмировали важность издательского дела.

Ключевые слова: Корпус, автоматизация издательского дела, издательское дело, сайт, алгоритм.

Annotation. The article deals with the problem of publishing automation based on the works of Professor Askar Zhubanov. We have divided the linguistic foundations of publishing automation into six stages and proved them with theories.

Schematically showed the ways and techniques of translating publishing into an automatic system and their transmission on the site. In conclusion, we summarized the importance of publishing.

Kew words: Corpus, automation of publishing, publishing, website, algorithm.

Бүгінде ақпараттық заманда ғылым-білімнің барлық салаларын модернизациялау, инновациялау, цифрландыру, автоматтандыру кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің біріне айналуда. Қазақ лингвистикасы кеңістігінде қазақ тілін жаңа ақпараттық технологиялардың, компьютерлік технологиялардың көмегімен автоматтандыру «Цифрлы Қазақстан» үшін де, тіл, ұлт, ұлттық идея үшін де өте маңызды.

Цифрлы технологияларды қолдану арқылы тілдік материалдарды автоматтандыру маңыздылығы бүгінде тіл білімінің «Компьютерлік лингвистика», оның ішінде «Корпустық лингвистика» сияқты салаларының дамуына, қалыптасуына мүмкіндік берді.

Жалпы қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыру мәселесі жиілік сөздік құрастыру, картокадан басталған еді. Бүгінде бұл іспен Мақсатты қаржыландыру жобасы аясында біздің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институт ұжымы айналысып келеді. Бұл Ұлттық корпус мәселесінде ғалым А.Қ. Жұбанов корпустарды бөліп, жіктеп қарастырған болатын. Соның бірі, қолданбалы лингвистика бөлімі айналысып отырған параллель корпусы бар, тарихи корпус, іскери, ресми және т.б. осындай ішкорпустармен қоса Асқар Жұбанов айтып кеткендей қазіргі баспа ісін автоматтандыру, яғни, бұл да корпустың бір бөлігіне кіретін маңызды мәселелер екенін, сол уақытта 2013 жылдары «Компьютерлік лингвистикаға кіріспе» атты еңбегін шығарып, оның бір тарауына «баспа ісін автоматтандырудың лингвистикалық негіздері» деп кезеңдерге бөліп қарастырып кеткен болатын.

Қазіргі кезде ең өзекті болып тұрған *баспа ісін автоматтандырудың лингвистикалық негіздерін* профессор, ғалым А.Қ. Жұбанов мынадай алты кезеңге бөліп қарастырған болатын:

1) **Авторлық кезең** (мәтін авторының шығармасын ақпарат сақтайтын тетікке көшіруі);

2) **Редакциялық кезең:**

а) авторлық түпнұсқа мәтінге корректура (түзету) жүргізу мен редакциялау;

ә) редакциялық баспа қызметі (рецензиялау, корреспонденцияларды өңдеу, деректер базасынан ақпарат іздеу және т.б.);

3) **Құрылымдау кезеңі** (мәтіннің әр элементіне полиграфиялық параметрлерді белгілеу: терме мен бет пішімі, шрифтердің кегелі мен гарнитурасы және т.б.);

4) **Полиграфиялық қайта туындату кезеңі (воспроизводство)** (мәтіннің әр элементі үшін белгіленген полиграфиялық параметрлерді фототерім машиналары арқылы сыннан өткізу);

5) **Таралымды белгілеу кезеңі**, яғни мәтінді ұсынылған дана санына сәйкес басып шығару (егер басылым дәстүрлі қағаз түрінде болса);

6) **Тарату кезеңі.** (басылымды ақпарат сақтайтын тетік арқылы немесе байланыстың электрондық торабы арқылы баспа қорынан оқырманға ұсыну).

5-кезеңде тілдік деректер толығымен қатыспайды, ал басқа кезеңдерде оның тек орташа дәрежесінде ғана қатысы бар. Тілдік деректердің ең күшті қажеттілігі – 2-кезең. Тілдік деректердің ең күшті қажеттілігі – 2-кезең [1, 177 б.].

Біз енді осы *баспа ісін автоматты жүйеге көшіру* мәселесін қолға ала отырып, келешекте баспа қызметтерін сайтта немесе Ұлттық корпуста автоматтандыру идеясымен, теориясымен және олардың сайтта берілу жолдарына, әдіс-тәсілдеріне, кезеңдеріне тоқтала кетсек.

Мұнда ең алдымен, Баспа қызметі жүйесінің қандайда бір *сайты* (Мысалы, *Baspa.kz*) құрылуы қажет. Бұл жүйе немесе сайт, интернеттегі іздеу жүйесіне яғни, *google.kz*-ке, қазақ тілінің *Ұлттық корпусы сайтына* және тағы басқа да *әлеуметтік желілерге* автоматты түрде қосыла алу мүмкіндігі болу қажет. Бұл іздеу жүйесіне кірген кез келген адам *Баспа қызметі* (*Baspa.kz*) сайты теріп, баспа қызметтерінен ақпарат алып, өзінің кітаптарын, монографияларын, журналдарын, поэзияларын, ғылыми шығармаларын жалпы мәтін авторларының шығармаларын қалай шығару жолдарымен танысып, баспа ісінің онлайн түрдегі қызметтерімен танысуға, тәжірибе алмасуға қолжетімді болу қажет.

Сайттың бастапқы кезеңі яғни, **тапсырыс беру** параметріндегі тетікті басып, өз таңдауын жасап, тапсырыстарын бере алу мүмкіндігі болу қажет. Тапсырыс беру параметрінде бүкіл Қазақстан баспаларының атауы және сілтемелері көрсетіледі.

Қандай баспадан шығаратынын әркім өз таңдауын жасағаннан соң баспа қызметінің келесі кезеңі – **авторлық кезең** басталады.

Авторлық кезеңде ғалым А.Қ.Жұбанов мәтінді теру үшін авторлар әртүрлі мәтіндік процессорларды қолданады, мәтінді теру мен оған өзгертулер жүргізгенде компьютерлік бағдарламаларды пайдаланылатындығын, мұндай мәтіндік процессорларда тілдің қызметтері орын алатындығын айтады. Оны былайша жіктейді:

1) автордың қалаған сөзіне синонимдерді іздестіру және қажеттілікке қарай, ол сөзді автоматты түрде оның синонимімен алмастыру;

2) қате жазылған сөздерді эталондық орфографиялық сөздіктен іздестіру немесе ол сөздің сөздікте жоқ екендігін айқындау;

3) тұлғалық сәйкестік бойынша эталондық сөздіктегі сөзді мәтіндегі тиісті орнына көшіру.

Аталған тілдік қызметтердің біріншісі осы авторлық кезеңде жүзеге асады, ал екіншісі мен үшіншісі келесі кезеңдердің негізін құрайды, сондықтан оларды кейінірек қарастырамыз.

Авторлық кезеңде қалам иесі қажетті деген мәтін элементтерін бөліктерге бөліп алуы үшін таңбалар жүйесінің арнайы жазылған формалданған тілін қолдануына мүмкіндігі бар. Егер автор ондай таңбаларды шығарма мәтініне енгізбей кетсе, баспа жұмысын құрылымдау кезеңінде ол міндетті техникалық редакторлардың атқарулары қажет.

Сонымен бірге бұл кезеңде автордың машиналық ақпарат сақтайтын тетікте жазылған түсіндірме және энциклопедиялық сөздіктерді автономдық сипатта қолданылуына да мүмкіндігі бар. Жүйенің программалық жабдықталуы тұтынушының өзіне қажетті деген сөздік мақаланы тез тауып алуына жағдай жасайды [1, 178 б.].

Баспа ісін автоматтандыру жүйесінің ең негізгі кезеңі – **редакциялық кезең**. Бұл кезеңде мәтіндерді өңдеуге қатысты корректура жасау жұмыстары мен редакциялау қызметтері жүзеге асырылады. А.Жұбанов корректуралау мен редакциялаудың нысаны ретіндегі шығармалар мәтіні мынадай элементтерден тұратындығын айтады.

– жәй мәтіндер (графемалар, яғни әріптер, морфемалар, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, фразадан тыс тұтастық; топтамалар, яғни бөлімдер, тараулар және т.т.; және дискурс, яғни бүтін түріндегі мәтін);

– күрделі мәтіндер, яғни математикалық өрнектер мен кестелер;

– шығарма аппаратын құрастырушы мәтіндер (титулдық бет, басылым мәліметтері, сілтемелер және т.б.);

– қызметтік мәтіндер, яғни мәтін элементтерінің таңбалары және полиграфиялық безендіруге қатысты бұйрықтар [1, 179 б.].

Сондай-ақ А.Қ.Жұбанов Редакциялау кезеңінде баспа ісін автоматтандыру әрекетіне қатысты авторлық мәтінді өңдеудің мынадай екі түрлі амалын атауға болатындығын айтады:

1) мәтіндерді түпнұсқаға сәйкестендіру;

2) мәтіндерді қазіргі кездегі тілдік нормаға сәйкестендіру.

Редакциялық кезеңде кейде «Мен» деген ғалымдардың кейбірі мәтінде «бұған сызықша қойылу керек» десе, енді бірі «қойылмайды» деген әртүрлі ой-тұжырымдарын білдіреді. Осындай үтір мен нүктелерге, тыныс белгілеріне қатысты қайшылықты пікірлерді тудырмас үшін, пунктуациялық емле-ережелердің баспа жүйесіндегі параметрлерін сайтта бере отырып, мәтін модельдерін салуды, алгоритмдерін біз қазіргі заман талабына сай жасайтын болсақ, сонда баспа жүйесінде корректорлар үшін де, авторлар үшін де, редакторлар үшін де бұл маңызды, баспа ісіне қажетті ақпарат, әдіс-тәсіл және құрал болып табылады.

Баспа жүйесіндегі полиграфиялық параметрлерде жазуға қажетті ақпараттардың барлығының үлгілері тұру міндетті. Себебі полиграф, жас маман болып келуі де мүмкін ол өзіне қажетті ақпаратты сайттан табуға мүмкіндігі мол әрі тез табады.

Корректура үшін мәтін көшірмесінің бұрмалану дәрежесі. Бұл бұрмалану дәрежесі дегеніміз – корректор жұмыс жасап отырған кезде көп нәрсені өзгертіп жіберуі мүмкін.

Асқар Жұбанов өзгерген мәтіндердің алгоритмдерін баспа жүйесінде корректурадан немесе редакциялаудан өткен автор мәтіннің сапасын анықтау үшін мынадай шарттардың орындалғаны жөн деп есептейді:

– корректура үшін – мәтін көшірмесінің бұрмалану дәрежесі мына өрнекпен анықталады:

$$E=e/M,$$

мұндағы e – мәтінде кездесетін бұрмалану саны, M – авторлық баспатабақ бойынша есептелген мәтін көлемі;

– редакциялау үшін – қателесу дәрежесі:

$$S=r/M,$$

мұндағы r – мәтіндегі қате саны [1, 179 б.].

Бұл өрнектерден автор мәтінінің сапасын, өзгерісін, редактордың, корректордың жұмыс істеу кезіндегі түпнұсқа мәтіннен қаншалықты өзгертілгендігін көруге болады. Мысалы қазақ тілінің Академиялық грамматикасын жасап отырған кез келген адам түпнұсқадан қаншалықты өзгертіліп жөнделгенін білмеген болса және осы сияқты *Баспа жүйесіндегі* (Baspa.kz) *параметрдің тетіктерінің біріне басқанда* терезе ашылып, ең алдымен сол жағында бұрынғы түпнұсқа мәтін тұрады, ал екінші, оң жағында *корректированный* мәтін

тұрады. Сонда мына автомат арқылы екеуін есептеп шыққан кезде оригиналмен сәйкестіктерді анықтайды да оригиналға сәйкес еместерді шығарған кезде өзгерген мәтін шығады. Және бұл арқылы редакцияланған мәтін статистикасын оңай есептеуге мүмкіндік мол. Оның алгоритмін автоматты түрде мынадай математикалық өрнектермен беруімізге болады:


$$E=e/M.$$

Мұндағы шыққан сан қаншалықты дәрежеде қателердің жөнделгендігін анықтайды. Мысалы, кез келген мәтіндік түзетулерде, корректор, редактор өз жұмыстарын бояп қойып, мынадай қостым деп ауызша айтады. Ал егер біз осылай оригинал мәтінмен сәйкестікті тауып, ал сәйкес еместерді шығарған кезде ол қаншалықты корректурасы, редактурасы жасалғандығының пайызы (процентный соотношения) шығады. Ал түпнұсқасы (автордың салғаны) ол сайтта алдын ала салынып қойылуы керек.

Бас редактор сайтта қаншалықты корректорлық, редакторлық өзгерістер болғанын көріп отырады. Автомат, өзгерген сөздерді экранда белгілеп (выделять) етіп, көрсетіп отыру керек. Мысалы, автор өзінің жұмысына күмән келтіргенде, автор өзінің жұмысы туралы қаншалықты өзгергендігін, баспа ісі сайтында *коррекция жасалған, редакция* деген параметрге барып көре алады. Қарау үшін автор бір тетікті басқан кезде өзгерістерді ол ана жерден шығарып беріп тұрады. Автордың жөндеген мәтіні мен редактордың жөндеген мәтіні арақатынасының қаншалықты автоматты өзгергендігін көрсету үшін.

Егер де автор мен редактор арасында қайшылықтар туған кезде редактор *Баспа қызметі* (Basma.kz) сайтындағы деректер арқылы дәлелдеп көрсете алады. Ол үшін корректор, редактор ондай қайшылықтар болдырмас үшін *Баспа қызметі* (Basma.kz) сайтындағы қызмет көрсету параметрлерінің бірінде (*Нұсқаулық параметрі*) қазіргі қазақ тілінің жазба тілде нормаланған нұсқаулығы, *пунктуациялық емле-ережелері* (оның ішінде терминологиялық, ономастикалық т.б) тұру міндетті. Осы параметр арқылы автор өз қателерін салыстырып, *пунктуациялық емле-ережелерді* алыстан іздемей-ақ көруіне мүмкіндігі мол болмақ.

Жоғарыдағы теорияларға сүйене отырып, *баспа ісін автоматты жүйеге көшіру* және олардың сайтта берілу жолдарын, әдіс-тәсілдерін төмендегі сызбамен көрсетеміз:



Баспа ісін автоматты жүйеге көшіру кезеңдері және параметрлері

Қорытындылай келе, *баспа ісі* – ұйымдасқан ұжымдық қызметкерлердің жұмысы. Баспа қызметін автоматты жүйеге көшіру үдерісінде, баспа қызметкерлері *біріншіден*, уақыт үнемдесе, *екіншіден*, қуат күшін үнемдейді. *Үшіншіден*, баспа қызметін *автоматты жүйеге көшіру* жұмыстарын дамытады. Нәтижесінде, баспа қызметі жүйесіне тапсырыс беруші кез келген авторға қысқа уақыт аралығында *сапалы, дайын, оңай, жеңіл, тез* өнім береді.

Әдебиеттер

1. *А.Қ. Жұбанов*. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: Оқу құралы. – 2 бас. Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2013. – 204 бет.

Г.Б.ТЛЕГЕНОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Қолданбалы лингвистика бөлімінің ғылыми қызметкері,
PhD докторант*

Б.А.АРЫСТАНБЕКОВА

Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы

А.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АВТОМАТТАНҒАН ОҚУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ КОРПУСТАРЫН ЖАСАУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Мақалада білім беру корпусын автоматтандыру жүйесінің А.Жұбанов еңбектерінде берілуі және білім беру корпус жасаудың әлемдік тәжірибесі туралы сөз қозғалады. Сонымен бірге білім беру корпусының қазіргі оқыту жүйесінде маңыздылығы айтылады. Корпус арқылы тілді оқыту – заманауи тіл білімінің ең ірі саласы.

Түйін сөздер: Қазақ тілінің ұлттық корпусы, білім беру корпусы, автоматтанған оқу, Орыс тілінің ұлттық корпусы.

Аннотация. Статья посвящена представлению системы автоматизации учебного корпуса в работах А.Жубанова и мировому опыту создания учебного корпуса. При этом упоминается важность учебного корпуса в современной системе образования. Корпусное изучение языка является крупнейшей отраслью современной лингвистики.

Ключевые слова: Национальный корпус казахского языка, учебный корпус, автоматизированное обучение, Национальный корпус русского языка.

Annotation. The article deals with the presentation of the educational corpus automation system in the works of A. Zhubanov and the world experience of creating an educational corpus. At the same time, the importance of the educational corpus in the modern education system is mentioned. Corpus language learning is the largest branch of modern linguistics.

Keywords: National corpus of the Kazakh language, educational corpus, automated learning, National corpus of the Russian language.

Бүкіл тіл жүйесін біртіндеп компьютер жадына енгізіп, оларды белгілі бір автоматты басқару орталығы арқылы іске қосу, әсіресе, тіл тұтынушыларының практикалық қажеттілігі үшін аса маңызды. Бұрын ғылыми зерттеулер мысал жинау, кәртішкі жазу, оларды жинақтау, топтау сияқты қол жұмыстары арқылы атқарылып, ұзақ уақытқа созылған ғылыми ізденісті қажет

еткен болса, тілдік корпустар мұндай жұмыстарды барынша жеңілдететіндігі және де тілші мамандар үшін ғана емес, журналистер, әдебиетшілер, тарихшылар, мәдениеттанушылар, тіпті қалың көпшілік қауым үшін де ақпараттық-анықтамалық құрал қызметін атқару мүмкіндігі бар екендігі анықталып отыр. Осы орайда білім беру жүйесін автоматтандыру ісі қазіргі педагогикада аса өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл өз кезегінде мұғалімдерді шығармашылық әрекеттен, қол жұмысынан босатып, білім беру жүйесін қарапайым механикалық амалдарға ауыстырады.

Білім беру корпусы білім беру барысындағы дәстүрлі әдіс-тәсілдеріне жұмсалатын адам еңбегі компьютерге (білім беру корпусына) жүктеледі. Бұл адам баласының бір рет ғана атқаратын еңбегін ізденушілер өз қалауынша компьютердің көмегімен сан рет қайталауына мүмкіндік алады [1, 593].

Білім беру корпусындағы деректер:

- 1) тіл үйрену;
- 2) орфографиялық, грамматикалық, синтаксистік ережелерді меңгеру;
- 3) оқулықтар, оқу құралдарын, әртүрлі жаттығулар жинағын құрастыру;
- 4) онлайн мультимедиялық оқыту сервистерін құру;
- 5) ғылыми лингвистикалық зерттеулер жүргізу үшін аса пайдалы.

А.Жұбанов Білім беру корпусын құрастыруда лингвистикалық белгіленімдер (грамматикалық, синтаксистік, лексикалық) мен метамәтіндік белгіленімдерді басты назарда ұстану қажеттігін айтады (мысалы: *оқулық мәтіні және автор туралы ақпарат: автор, оқулық атауы, жылы, шыққан жері, мәтіннің жанры, тақырыбы, стилі, көлемі* т.б.) [2, 81].

Корпус арқылы білім беруді «автоматтанған оқу жүйесі» құрайды [1, 593].

Білім беру корпусына – ең алдымен мектеп бағдарламасы бойынша оқытылатын оқулықтар және ЖОО студенттерінің пән бойынша оқытылатын шығармалары кіреді.

Сонымен білім беру корпусы – оқытуды дараландыру үшін компьютерлік негіздегі техникалық, оқу-әдістемелік, лингвистикалық, бағдарламалық пен ұйымдастырушылықты қамтамасыз етуге арналған ішкорпус.

Білім беру корпусының функциялары:

- Бастапқы білім деңгейін, ізденушілердің іскерліктерін, олардың дара ерекшеліктерін анықтау;

- Оқу материалын даярлау: түсіндірілетін мәтіндер мен оқылатын мәселе бойынша, оқу және бақылау тапсырмалары бойынша иллюстрациялар;

- Оқу материалын көрсету, оның күрделілік деңгейі ақпаратты беру қарқыны бойынша адаптациясы.

Білім беру корпусын пайдаланушылар

- Мектеп оқушылары
- Студенттер
- Мұғалімдер
- Оқытушылар
- Редакторлар
- Жазушылар
- Тіл мамандары

Автоматтанған оқу жүйесі әртүрлі пәндерді оқыту барысында пайдаланылуы мүмкін. Оның қызметі сол жүйедегі программалардың оқушыға тигізетін әсері арқылы анықталады.

Оқыту программаларының негізгі қызметтеріне мыналар жатады:

- Жаттығу
- Бақылау
- Бағалау [1, 130].

Бұлар Білім беру корпусына тікелей қатысты программалар.

Жаттығу программасының негізінде мұғалім сабақ үстінде корпустан қажетті иллюстративті материалды іздей алады немесе жаттығуларды құрастыра алады. Немесе ЖОО-да студенттер

семинарда пайда болған нақты қойылған мәселелерді шешуде сұрақтарға жауап бере алды.

Мұғалім немесе оқушы, студент корпустан сөздің белгілі бір формасын іздеп-тауып, солардың негізінде неше түрлі жаттығулар құрастыруына болады.

Ал бақылаушы программалардың жұмысы кезінде әрбір тапсырманың жауаптары базада сақталып отыруы қажет. Жауаптардың негізінде кеткен қателердің ақиқат және кездейсоқ екенін ажырата алады.

Бағалау программаларында қателерді әрі қарай талдап, тапсырма нәтижелерін статистикалық өңдеуден өткізеді.

Осылай корпустен жұмыс істеуде студенттің, оқушының шығармашылық қабілеті ашылады. Мәселен, тұтынушы корпустан сөздің белгілі бір формасын іздеп-тауып, солардың негізінде неше түрлі жаттығулар құрастыруына, мысалдар жинақтауына болады. Тапсырмаларды өз бетімен де, үй жұмысы ретінде де орындай алады.

Сонымен А.Жұбанов оқыту жүйесін құрастыруға қатысты мынадай ұстанымдар болу қажеттігін атап көрсетеді:

1. Көптеген автоматтанған оқу жүйесінің жоғары нәтижелілігінің жеткіліксіздігі оқып-үйрену ісіне кешенді түрдегі қатынастың жоқтығы. Оқытудың кешенділік ұғымы оқып-үйрену барысында компьютердің толық аралас жағдайы.

2. Тілді оқып-үйрету көпәспектiлi болуы қажет. Яғни оқыту программасын құрастыруда оқып-үйрету мазмұнын құрайтын ақпаратты тілдің әр деңгейіне бірдей қатысты болу керек дейді.

3. Оқыту барысының табиғилығы. Арнайы дайындықсыз диалог жүргізуді ұйымдастыру керек. Мысалы, тілді жаңадан үйреніп жатқандарға ана тілі негіз болғаны дұрыс.

4. Оқып-үйренуді автоматтандыру оқу барысында үйренушінің қажеттілік, қызығушылық деңгейін арттыруға мүмкіндік туындатады [1, 133].

Білім беру корпусының әлемдік тәжірибесіне үнілсек, мәселен, Орыс тілінің оқыту корпусы алғашында ең маңызды, ауқымды мәселелерді шешуге бағытталды. Пайдаланушылар – лингвистер, әдебиетшілер, программистер, редактор және т.б. болды. Мәтіндерде орфография мен пунктуацияның нормалануы аз мөлшерде ғана болды. Бұл – оқыту корпусы үшін қолайлы болмады [4].

Омонимдері анықталған мәтіндердің (қолмен алынған) пайызы аз болды. Бұл тілді үйретуде тек мектепте ғана емес, ЖОО-ның оқытушыларына да қиындық тудыратыны анық. Оқыту корпусы үшін ең алдымен мәтіндердің арнайы критерийлерін мұқият қарауды талап етеді.

Кейін Оқыту корпусындағы көркем мәтіндер ішкорпусына мектеп бағдарламасына және студенттердің орыс әдебиеті бойынша оқытылатын шығармалар кіретін болды:

Көркем мәтіндер

Іскери мәтіндер

Публицистикалық мәтіндер

Ауызша мәтіндер

Ғылыми-оқыту мәтіндер енген.

Белгіленімдер жеңілдетілген және мектеп бағдарламасының талабына сәйкес бейімделген.


Орыс тілінде ғылыми грамматикалық талдау мектепте бекітілген талдауға қарағанда күрделі. Падеж саны көбірек. Алайда оқыту корпусы тіл мұғаліміне практикалық көмек және мектеп бағдарламасындағы тапсырмаларды оқытуға бағытталғандықтан, грамматикалық талдау дәстүрлі, жеңілдетілген болып, мектепте оқытудың тағы бір ерекшелігі – орфографияға бағытталады.

Оқыту корпусынан қазіргі ғылыми орыс тіліндегі кейбір категориялар алынып тасталды: компаратив, санау формасы (счетная форма) звательная форма, есімдік-предикатив.

Лексико-грамматикалық топтардың семантикалық ақпараты мектеп бағдарламасына сәйкес енгізілді: (*зат есім, сын есім, есімдік*).

Оқыту корпусын пайдалану бойынша нұсқаулық оқытушылар мен қатысушылардың қажеттілігі ескере отырып арнайы жасалған. Нұсқаулық қолжетімді әрі көрнекі түрде жасалған.

1-сурет. Орыс тілінің ұлттық корпусы



Қорытындылай келе, А.Жұбанов Білім беру корпусын құрастыруда келесі міндеттерді негізге алу қажеттігін айтады:

- Білім беру корпусына енетін мәтіндердің метамәтіндік параметрлері компьютерлік базаға салынуы қажет. Сондықтан корпус құрастыруда метабелгіленімдер (оқулық атауы, авторы, жылы, шыққан орны, стилі, жанры, көлемі т.б.) мен грамматикалық белгіленімдерді мәтінге енгізудің әдіс-тәсілдерін, түрлерін, компьютерлік бағдарламаларын т.б. зерттеудің маңызы зор;

- Әртүрлі сөздіктер құрастыруда, ғылыми грамматикалар жазуда, оқыту жүйесінде және оқулықтар құрастыруда, әдістемелік құралдар жазуда, аударма жұмыстарында, ғылыми-зерттеулер жүргізуде, статистикалық мәліметтер алуда, энциклопедиялық ақпараттар алуда осы білім беру корпусы негізге алу керек;

- Білім беру корпусына енген мәтіндердің құрамына тек қазақ тілін ғана емес, басқа да пәндер қосу және мәтіндерде кездесетін омоним сөздерді автоматты түрде немесе жартылай автоматты түрде ажырату қажет [1, 135].

Әдебиеттер

1. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 640 бет.
2. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 336 бет.
3. Қазақ тілінің ұлттық корпусы: <https://qazcorpus.kz/>
4. Орыс тілінің ұлттық корпусы: <https://ruscorpora.ru/>

ПІРМАНОВА К.Қ.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Қолданбалы лингвистика бөлімінің қызметкері
e-mail:kunsulu.pirmanova@mail.ru*

СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛДЫҚ ТЕОРИЯСЫ (ПРОФЕССОР А.Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Аңдатпа. Мақалада профессор А.Қ. Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі статистикалық есептеу мен ықтималдық теориясына арналған ғылыми-зерттеу еңбектері талданады. Ғалымның қазақ тіл біліміне статистикалық, қолданбалы лингвистика, корпустық лингвистика бағыттарын танытқаны және аталған бағыттар бойынша айналымға енгізген терминдері ақпараттық технологиялар кеңістігіндегі қазіргі Цифрлық Қазақстан үшін аса маңызды да құнды еңбек.

Түйін сөздер: лингвостатистика, ықтималдық теориясы, математикалық статистика, ауытқу шамасы, ауытқулардың абсолютті ортасы, дисперсия, жиілік.

Аннотация. В статье анализируются научно-исследовательские работы профессора А.К.Жубанова, посвященные статистическим вычислениям и теории вероятностей в казахском языкознании. Тот факт, что ученый продемонстрировал в казахском языкознании направления статолингвистики, прикладной лингвистики, корпусной лингвистики и ввел в оборот термины по данным направлениям, является важнейшим и ценным трудом для современного Цифрового Казахстана в пространстве информационных технологий.

Ключевые слова: лингвостатистика, теория вероятностей, математическая статистика, величина отклонения, абсолютное среднее отклонение, дисперсия, частота.

Annotation. The article analyzes the research works of Professor A.K.Zhubanov devoted to statistical calculations and probability theory in Kazakh linguistics. The fact that the scientist demonstrated the directions of statolinguistics, applied linguistics, corpus linguistics in Kazakh linguistics and introduced terms in these areas into circulation is the most important and valuable work for modern Digital Kazakhstan in the information technology space.

Keywords: linguostatistics, probability theory, mathematical statistics, deviation value, absolute mean deviation, variance, frequency.

*Профессор Э.Д. Сүлейменова: «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да
Компьютерлік лингвистика мамандығын
Асқар Құдайбергелі үшін ашқанбыз...»*

Біз өмір сүретін ортадағы заңдылықтардың екі түрін арнайы бөліп айтуға болады. Оның біріншісі динамикалық деп аталса, екіншісі статистикалық (ықтималдық) заңдылыққа жатады. Бірінші заңдылық бойынша оқиғаның болу-болмауын алдын ала дәлме-дәл айтуға болады. Мысалы, темірдің суда бататынын, ток қосылғанда электр шамының жарық беретінін, 100° С-да судың қайнайтынын, түннің күнге ауысатынын және т.б.

Ал енді заңдылықтың екінші түрінің нәтижесін алдын ала кесіп айту қиын, оны тек екі аралық арасында, бір *орта шамадан ауытқуын* ескере отырып қана айтуға болады. Бұл заңдылықтың түріне мысал ретінде адамның ми жұмысын, мектептің, үгіт-насихаттың, мәдениеттің адамға әсерін, баланың психикасының дамуын, сөйлеу қызметін, тілдің дамуы мен қызметін және т.т. айтуға болар еді [1]. Дәл осы нәтижесін кесіп айту қиынға соғатын, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін біршама талдау, сұрыптау, есептеу жұмыстары арқылы жететін тіл білімінде екіден бірінің емес, тіпті оннан бірінің қолынан келе бермейтін бағытты қазақ тіл білімінде ғылыми айналымға енгізген профессор А.Қ.Жұбанов болды. Ғалым статолингвистика, компьютерлік лингвистика, қолданбалы лингвистика, корпуслық лингвистика, жиілік сөздіктер сияқты есебі мен тілдік талдауы қатар жүретін тіл білімінің бағыттарын қазақ тілінде сөйлетіп, ғылыми жетекшісі Қ.Бектаевтың ілімін жалғастыра отырып, қазақ тілін зерттеуде математикалық статистика мен ықтималдылық теориясы пәндерінің әдістерін және қазақ лексикография саласын компьютерлендіру жолдарын тұңғыш қолданған және оны әрі қарай дамытқан ғалым. Ғалымның алғашқы зерттеулері ЭЕМ арқылы М.О. Әуезов шығармаларының жиілік сөздіктерін құрастыру мен тілдік бірліктердің статистикалық заңдылықтарын анықтау болса, соңғы ғылыми ізденістері «Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл – қазына» атты ұлттық компьютерлік қорын» құрастыру мәселелеріне арналған.

Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша:

Егер $P(A)=0$ болса, ондай оқиға – «мүмкін емес оқиға» деп, ал $P(A)=1$ болса, «ақиқат оқиға» деп аталады.

Ықтимал оқиғаның барлық жағдайын қамтитын математикалық өрнек түрі, ол $0 \leq P(A) \leq 1$ деген теңсіздікпен көрініс табады.

Мысалы: М.Әуезовтің «Абай жолы» романының 2-ші кітабында 124398 сөзқолданыс бар. Оның 11467 сөзқолданысы сын есім сөздер екен. Сонда 4 кітаптан тұратын «Абай жолы» романында сын есімнің кездесуінің ықтималдығы қанша? – деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл сұраққа $P(A)=\frac{m}{n}$ өрнегі жауап береді: $n=124398$, $m=11467$, A – сын есімнің кездесуін білдіретін оқиға.

Сонда, сын есім сөздердің роман бойында кездесу ықтималдығы – $P(x)=\frac{m}{n}=\frac{11467}{124398}=0,092 \approx 0,1$ шамасына тең болады. Бұл шаманың аз не көп екендігін білу үшін «0» мен «1» аралығымен салыстыру керек. Егер $P(x)$ мәні «1» санына неғұрлым жақындаған сайын, ол оқиғаның шығу мүмкіндігі артады.

Оқиғаның ықтималдығын анықтаудың ең қарапайым статистикалық құралы ретінде ол оқиғаның кездесу «жиілігін», «орта жиілігін» және «орта жиіліктен ауытқу» деп аталатын шамаларды табу жолдарын айтуға болады.

Бұл жердегі «жиілік» терминін «болмыстың бөлігі» ішіндегі байқауға алынған оқиғаның (қайсыбір тілдік бірліктің) кездесу саны деп түсіну қажет. Ал «болмыстың бөлігі» ретінде, мысалы, үлкенді-кішілі көлемдегі мәтін бөлігі алынуы мүмкін.

Айталық, ойын кубін 1000 рет жоғары лақтырғанда оның «бір» деген белгісі бар жағы 170 рет шықты десек, онда осы сан (170) «бірдің кездесуі» жайлы оқиғаның «жиілігі» деп есептеледі. Сол сияқты, М. Әуезовтің «Абай жолы» романында түбір есімдік 20811 рет, ал оған тәуелдік жалғауы жалғанған тұлғасы (формасы) 2686 рет кездеседі делік. Осы келтірілген 20811 бен 2686 сандары есімдік сөздердің роман мәтіні бойынша есептелген «жиілігі» болып саналады.

Әдетте, статистиктер тілдік бірліктерге қатысты оқиғаның заңдылығын ашу кезінде бір саладағы барлық мәтіндерді түгелімен (*генералды жиын* немесе *бас жиын*) қамтуды мақсат етпейді, себебі ол мүмкін де емес. Сондықтан зерттеуші ол мәтіннен тек сынаққа түсетін белгілі көлемдегі үлгілерімен ғана қанағаттанады. Міне, осындай мәтін бөліктерін «*таңдама бөліктер*» немесе «*таңдама жиындар*» (выборки) деп атайды. Әрине, мұндай бөліктер көлемі жағынан бас жиыннан айтарлықтай аз мөлшерде болады және бөліктер саны бірнешеу болған жағдайда, олардың көлемдері тең не жуық шамада болуы керек. Осындай «*сынама үлгілер*» бойынша тағайындалған «оқиғаның» статистикалық заңдылығы бас жиынға да таралады. Мәтіннің осындай *сынама үлгілері* (немесе *таңдамалары*) бойынша есептелген «оқиғаның» кездесу жиілігін «*таңдама жиілік*» деп атайды. Мысалы, көркем әдебиет стилі *бас жиын* деп саналса, М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағы таңдама бөлік болып саналады. Ал егер бас жиын ретінде М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының мәтіндері алынса, онымен салыстырғанда «Абай жолы» романының бір ғана томының мәтіні «*таңдама бөлік*» болып есептеледі. Осы *таңдама бөліктен* анықталған тілдік бірліктің жиілігі, мысалы түбір есімдіктің жиілігі, *таңдама жиілік* деп аталады. *Таңдама жиілік* жеке тұрып «оқиғаның» ықтималдығы мен статистикалық заңдылықтары жайлы зерттеушіге қанағаттан-дырғысыз ақпарат беруі мүмкін. Ал егер біз «*орта таңдама жиілік*» немесе «*орта жиілік*» деген терминдермен аталатын шаманы анықтайтын болсақ, бұл жағдайда «оқиға» туралы ақпарат ұлғая түседі.

Орта таңдама жиілікті есептеудің көптеген жолдары ішінен біз тек қана ең қарапайым түрін қарастырмақпыз [2; 3; 4, 22-б.].

Айталық, зерттеуге жататын мәтін ішінен құрылымы жағынан біркелкі келетін және бірдей көлемдегі (ұзындықтағы) бірнеше таңдама мәтін үзінділерін зерттеу нысаны ретінде алдық делік. Мысалы, таңдалып алынған зерттеу нысаны – 500 негіз сөз тұратын 10 мәтін бөліктері (үзінділері) болсын. Енді зерттеу «оқиғасы» ретінде «зат есімнің кездесуін» «х» деп белгілейтін болсақ, оның «орта жиілігін» есептеу үшін 10 мәтін үзінділердің әрбіреуіндегі зат есім сөздердің кездесу жиілігін санап шығуымыз керек болады. Егер ондай жиіліктерді x_1, x_2, \dots, x_{10} деп белгілесек және тәжірибе жүзіндегі олардың сандық мәндері: $x_1=182, x_2=187, x_3=218, x_4=173, x_5=158, x_6=201, x_7=222, x_8=233, x_9=213, x_{10}=194$ шамаларына тең деп есептейік.

Енді «орта жиілікті» \bar{x} және мәтін үзінділерінің санын n деп белгілесек, орта жиілікті есептеп шығару үшін мынандай амалдарды орындауымыз керек:

а) оқиғаның кездесу жиіліктерінің қосындысын табу:

$$x_1 + x_2 + \dots + x_{10} = 182 + 187 + \dots + 194 = 1981;$$

ә) «орта жиілік» шамасын немесе арифметикалық ортаны табу:

$$\bar{x} = \frac{x_1 + x_2 + \dots + x_n}{n}. \quad (2)$$

Жоғарыда келтірілген есеп берілісі бойынша зат есімдерге қатысты «орта жиілік» (2) өрнек арқылы есептеп шығару керек болса, ол мына түрде табылады: $\bar{x} = \frac{1981}{10} = 198,1 \approx 198$.

Сонымен, алынған сандық нәтиженің мәні мынада: мәтін ішіндегі әрбір 500 негіз сөзге, орта есеппен алғанда, 198 зат есім сәйкес келеді деп саналу қажет.

Егер математика пәнінде қосындыларды мынадай « \sum » таңбамен белгіленетінін ескерсек, онда: $x_1 + x_2 + \dots + x_{10} = \sum_{i=1}^{10} x_i$ пішінінде жазылады. Онда «орта жиілікті» анықтаудың (2) өрнегін қысқа түрде былай жазуға болады:

$$\bar{x} = \frac{1}{n} \cdot \sum_{i=1}^n x_i. \quad (3)$$

Бұл (3) өрнек «орта таңдама жиілікті» (немесе «орта жиілікті») анықтау үшін қолданылады.

Есеп: Жоғарыда қарастырған таңдама мәтіндер ішінен сын есімдердің кездесу жиіліктері: $x_1=69, x_2=71, x_3=83, x_4=60, x_5=43, x_6=73, x_7=72, x_8=59, x_9=69, x_{10}=71$. Сын есім сөздердің «орта жиілігін» табу керек. Яғни егер $n=10$ және сын есімнің кездесу жиіліктері белгілі болса, $\bar{x}=?$ (жауабы: $\bar{x} \approx 67$).

Тілді статистикалық тәсілмен зерттеуде «орта жиілік» шамасын білу аса маңызды деп саналады. Зерттеушінің тандап алған тілдік «оқиғасының» статистикалық заңдылығын айқындау немесе оның ықтималдығын білу осы (3) «орта жиілік» өрнегі арқылы іске асады. Сандық мәні белгілі болған орта жиілікті әрі қарайғы зерттеуімізге пайдалану үшін таңдама жиіліктің (x) орта жиіліктен (\bar{x}) ауытқу шамаларын анықтау қажет болады.

Егер «таңдама жиілік» мәні «орта жиіліктен» кіші болса, ауытқудың таңбасы – теріс (минус), ал керісінше жағдайда – оң (плюс) деп саналады. Мұндай ауытқу шамалары жеке тұрып, зерттеушіге беретін мағлұматы аз болуы мүмкін. Сондықтан ауытқуларды да жалпылайтын «ортаны» табудың қажеттігі туындайды. Математикалық статистика пәнінде мұндай «ортаны» табудың екі түрлі жолы кездеседі:

а) ауытқулардың абсолют шамаларының ортасын табу. Бұл жағдайда теріс таңбалы айырым шамалар оң таңбаға ауыстырылып, содан кейін барып ауытқулардың ортасы табылады. Ал ондай ортаны табу үшін абсолютті ауытқулардың қосындысын таңдама бөліктердің санына бөлу қажет:

$$\bar{a} = \frac{\sum |x_i - \bar{x}|}{n}; \quad (4)$$

ә) немесе екіге дәрежеленген ауытқудың орта шамасын мынандай өрнекпен анықтау қажет:

$$\hat{\sigma} = \sqrt{\frac{\sum (x_i - \bar{x})^2}{n}}. \quad (5)$$

Мұндағы $\hat{\sigma}$ (сигма) – квадраттық ауытқудың ортасы (*среднее квадратичное отклонение*) және $x_i - \bar{x}$ – таңдама жиіліктің орта шамадан ауытқуы деп аталады.

Егер $x_i - \bar{x} = a_i$ арқылы белгілейтін болсақ, онда квадраттық ауытқудың ортасы:

$$\hat{\sigma} = \sqrt{\frac{\sum a_i^2}{n}}. \quad (6)$$

Бұл (6) өрнекті (формуланы) сынақ таңдамалардың (бөліктердің) ұзындығы (көлемі) өзара тең болған жағдайда пайдалану қажет (мысалы, 500 сынақ таңдамалардың әрбіреуі 100 негіз сөзден тұрады).

2. Жоғарыдағы (5) теңдіктің екі жағын бірдей квадраттайтын болсақ:

$$\hat{\sigma}^2 = \frac{\sum (x_i - \bar{x})^2}{n}. \quad (7)$$

Математикалық статистика пәнінде (7) өрнек «дисперсия» деген атпен аталады. Кейбір тәжірибе кезіндегі есеп-қисаптарда «квадраттық ауытқу ортасы» (6) өрнегінен гөрі дисперсия өрнегін (7) пайдаланған ыңғайлы деп саналады.

Есеп: Бір мәтіннен 5 сынақ таңдама бөлік алынған. Әрбір бөлік 500 атаушы сөздерден тұрады. Оларда етістіктердің кездесу жиіліктері мынадай: $x_1 = 95; x_2 = 87; x_3 = 94; x_4 = 104; x_5 = 100$.

Орта квадраттық ауытқуды табу керек.

Шешімі: Орта квадраттық ауытқудың өрнегі:

$$\hat{\sigma} = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (x_i - \bar{x})^2}{n}}; \quad 1 \leq i \leq 5; \quad n = 5;$$

$$\bar{x} = \frac{95 + 87 + 94 + 104 + 100}{5} = \frac{480}{5} = 96;$$

$$x_1 - \bar{x} = 95 - 96 = -1; \quad x_2 - \bar{x} = 87 - 96 = -9; \quad x_3 - \bar{x} = 94 - 96 = -2; \quad x_4 - \bar{x} = 104 - 96 = 8; \quad x_5 - \bar{x} = 100 - 96 = 4; \quad (x_1 - \bar{x})^2 = 1;$$

$$(x_2 - \bar{x})^2 = 81; \quad (x_3 - \bar{x})^2 = 4; \quad (x_4 - \bar{x})^2 = 64; \quad (x_5 - \bar{x})^2 = 16;$$

$$\hat{\sigma} = \sqrt{\frac{1 + 81 + 4 + 64 + 16}{5}} = \sqrt{\frac{166}{5}} = \sqrt{33,2} = 5,76.$$

$\hat{\sigma} = 5,76$ – орта квадраттық ауытқу. $\sigma^2 = 33,2$ – дисперсия.

$$\bar{x} - \sigma \leq \bar{x} \leq \bar{x} + \sigma; \quad 90,24 \leq \bar{x} \leq 101,76.$$

Осы есептің шешімін төмендегідей кесте арқылы көрнекі түрде де беруге болады:

Сынақ таңдамалар	Етістік сөздер		
	x_i	$a_i = x_i - \bar{x}$	$a_i^2 = (x_i - \bar{x})^2$
1-ші	95	-1	1
2-ші	87	-9	81
3-ші	94	-2	4
4-ші	104	8	64
5-ші	100	4	16
Қосындысы	480	0	166
	$\bar{x} = 96$		
	$\hat{\sigma} = 5,76; \quad \sigma^2 = 33,2$		

Есеп: Алдыңғы есептің берілісі бойынша зат есім сөздердің жиілігі белгілі делік.

Олар: $x_1 = 199, x_2 = 205, x_3 = 195, x_4 = 201, x_5 = 210, n = 5$.

$$\sigma = ? \sum_{i=1}^5 x_i = 1010, \bar{x} = \frac{1010}{5} = 202, \sum_{i=1}^5 a_i^2 = 132, \sigma = \sqrt{\frac{132}{5}} = \sqrt{26,4} = 5,14.$$

Осы есептің шығару жолын кесте түрінде де көрсетуге болады.

Сонымен, жоғарыдағы баяндауымызда профессор А.Қ. Жұбановтың ғылыми-зерттеулерінің негізінде математикалық статистиканың ең маңызды әрі қарапайым түрдегі алты ұғымымен және олардың аталу терминдерімен таныс болдық.

Олар:

1) ықтималдық; 2) статистикалық заң; 3) таңдама жиілік; 4) орта таңдама жиілік; 5) ауытқулардың абсолютті ортасы; 6) орта квадраттық ауытқу (дисперсия).

Статистикалық әдісті қолданғысы келген тілші-зерттеушіге, алғашқы қадам ретінде, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың осы аталған ұғымдары мен сипатталған қарапайым санау құралдары жеткілікті деуге болады [1].

Әдебиеттер

1. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 209 бет.
2. Бектаев Қ. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. – Алматы: «Рауан», 1991. – 432 бет.
3. Гмурман В.Е. Теория вероятностей и математическая статистика. – М.: «Высшая школа», 1972. – 368 с.
4. Головин Б.Н. Язык и статистика. – М., 1971. – 191 с.

А.МУРСАЛ

А.Қ.ҚОЖАХМЕТОВА

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК МӘСЕЛЕСІНДЕГІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕНІМ

Аңдатпа. Зерттеу мақаламызда күрделі етістіктерді лексикографиялауға дайындау мен автоматты корпустық белгіленімге енгізудің әзірлемесін жасау болғандықтан, күрделі құрамды етістіктердің ең алдымен тізімін жасау керек, яғни сөздігін құрастыру қажет болды. Осы мақсатта біз жұмысымыздың бірінші тарауын күрделі құрамды етістіктер мәселесіне, лексикографиялану сипатына арнадық. Бұл екінші тарауда күрделі құрамды етістікті тіркестерді автоматты морфологиялық талдауда біртұтас лексика-грамматикалық бірлік ретінде танудың жолдарын қарастырамыз.

Түйін сөздер: Корпустық лингвистика, күрделі етістіктер, корпустық белгіленім, морфологиялық анализатор.

Кіріспе

Корпуста сақталатын бірлікке сөз, сөзтіркес, сөйлем немесе толық мәтіндер жиынтығы жатады. Мәселен, корпуста енгізілген мәтіндердегі әрбір тілдік бірлікке, ол не жеке сөз, не қосымша болсын, лингвистикалық ақпарат беріледі. Тілде мұндай лингвистикалық ақпарат беру «аннотациялау» деп аталады. Аннотация дегеніміздің өзі «қысқаша мазмұн» дегенді білдіретіндіктен, корпуста енгізілген тілдік бірліктердің аннотациясы да шартты белгілер арқылы

қысқаша беріледі. Орыс тілінде «разметка» деп аталатын мұндай шартты белгілер қазақ тілінде «белгі-код», «белгіленім» деген терминдермен аталып жүр.

Қолданбалы тіл білімінің негізін қалаушы Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов «Мәтіндер бірліктеріне берілген лингвистикалық ақпараттардың толық сипатта болуы белгіленімдердің әртүрлілігіне байланысты. Белгіленім тілдегі жекелеген деңгейлерге тән тілдік мәліметтерді көрсетеді» (А.Қ.Жұбанов, 2008:581) – деп қортады. Ондай белгілер семантикалық (лексика-семантикалық), морфологиялық, синтаксистік сипатта болуы мүмкін. Мәселен, орыс тілінің Ұлттық корпусында сөздерді сөз табына, септелуіне, тегіне (род – муж., жен.), жіктелуіне, жанды-жансыздығына, етіс және етістік түріне, шырай және т.б. морфологиялық сипаттамаларына қарай арнайы морфологиялық белгілер қойылған. Сол сияқты семантикалық талдау арқылы да мәтін ішіне қажетті белгілердің қойылатынын айтуға болады.

Светлана Олеговна Савчук орыс тілінің мәтіндер корпусы туралы жазылған ғылыми еңбектерде фонетикалық, морфологиялық, семантикалық, синтаксистік белгіленімдер енгізілетіндігі туралы айтылады (О.С.Савчук, 2005:147). Бірақ корпус жасау барысында аталған белгіленімдердің барлығын бір уақытта енгізу қиындық тудырады. Сондықтан шетел, орыс тіл біліміндегі мәтіндер корпустарында лингвистикалық белгіленімдер енгізу ісі кезең-кезеңмен жүзеге асырылған. Аталған белгіленімдердің бәрі қойылып, толық лингвистикалық ақпарат берілген корпустар «терең аннотацияланған» (глубоко аннотированный) деп аталады.

Табиғи тілді өңдеуге арналған арнайы компьютерлік бағдарламалардың ішінен мәтінге белгіленім енгізуді автоматты түрде жүзеге асыратын бағдарламалар айырықша орын алады. Корпустарға белгіленім жүргізу (tagging, annotation) ең бір күрделі жұмыс деуге болады, әсіресе қазіргі кездегі корпустар көлемінің үлкендігі бұл жұмысты одан сайын күрделендіре түседі. Егер корпус мәтіндеріне морфологиялық және синтаксистік деңгейдегі белгіленімдер жүргізу үшін қазіргі кезде неше түрлі тәгтерлер (taggers) және парсерлер (parsers) деп аталатын программалық құралдар қолданылатын болса, ал анафоралық және просодикалық деңгейлердегі белгіленімдерді жүргізетін автоматтанған жүйелерді құру әзірше мүмкін болмай, негізгі жұмыс қол күшіне жүктеліп отыр. Морфологиялық талдауды (тәгтерлер) автоматтандыратын компьютерлік бағдарламалар жұмысының нәтижесінде мәтін бойындағы әрбір лексикалық бірлікке олардың грамматикалық сипаттамалары «тіркеліп» беріледі.

Шетелдік терминологияда part-of-speech tagging (POS-tagging) қолданылады, сөзбе-сөз аударсақ, орысшасы – частеречная разметка, ал қазақшасы – сөз таптары белгіленімі.

Шындығына келгенде, морфологиялық белгілер тек сөз таптарын ғана анықтап қоймайды, ол сонымен бірге сол сөз табына ғана тән грамматикалық категорияларды да қамтиды. Бұл белгіленімдер типінің негізгісі болып саналады. Себебі, біріншіден, көлемді корпустардың көпшілігі морфологиялық белгіленім жүргізілген корпустар, екіншіден, морфологиялық талдау әрі қарайғы талдау формаларына – синтаксистік пен семантикалық белгіленімдер жүргізуге негіз болып саналады және үшіншіден, компьютерлік морфологияның жетістіктері үлкен дәлдікпен көлемді корпустарға автоматты түрде белгіленімді жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды.

Белгіленім туралы деректер белгілі құрылымда көрініс табады және олардың түрлері мынадай: лемма, сөз табы белгісі, грамматикалық категориялар белгісі.

Морфологиялық белгіленім сызбасының шарты бойынша, біріншіден, тәгтердің (таңбалардың) топтамасының болуын, екіншіден, олардың әрқайсысының сипаттамасының болуын, үшіншіден, мәтін бірліктеріне тәгтерді (таңбаларды) сәйкестендіру ережесі болуын қажет етеді. Әртүрлі корпустарда қолданылатын таңбалар (тәгтер) топтамасының көлемі құбылып тұрады. Әрине, таңбалар топтамасы неғұрлым көп болса, соғұрлым оның көмегімен мәтінге жасалатын талдау да толық сипатта болады. Бірақ мәтіндер корпусының көлемі ұлғайған сайын морфологиялық таңбалар санының қысқару үрдісі байқалады. Белгі-код қоюдың ықшамдалған жүйесін қолдану артық қате жібермеуге, ретсіздікті, морфологиялық бірізділікті

бұзбауға және миллиондаған сөзден тұратын мәтінге белгіленім жүргізу үрдісін тездетуге мүмкіндік туғызады.

Орыс тіл білімінде морфологиялық белгілеу үш кезең бойынша іске асырылады: анализталдау (парсинг); сұрыптау; омонимдерді ажырату. Мұндағы бірінші кезеңде жасалатын лингвистикалық (морфологиялық) белгілеу әдісі MYSTEM программасы бойынша жүзеге асады. Бұл программа А.А. Зализняктың «Орыс тілінің грамматикалық сөздігіндегі» мәліметтерге негізделген және мұнда әрбір сөзформаның морфологиялық белгілерінің мүмкін нұсқалары ирек жақша ішіне жазылады (А.А.Зализняк, 1980:125).

Бірінші кезеңде сөзформаның мүмкін варианттары автоматты түрде түгелдей қамтылса, екінші кезеңде омоним сөзформалар анықталып, олардың тұсына сұрақ белгілері қойылып отырады. Бұл да автоматты түрде GRAMBAT программасына салынады. Үшінші кезеңде анықталған омонимдер, яғни бірдей сөзформалардың (ол сөз не сөздің формасы, яғни грамматикалық формалар болуы мүмкін) лексикалық не грамматикалық мағыналары мәтіндерден іздестіріліп, қай сөз табы екендігі автоматты түрде емес, қол жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Ал омонимдерді автоматты түрде ажырататын алгоритм ойлап табу немесе осы мәселенің шешімін тапқан тілдер болса тәжірибе алмасуымыз қажеттігі да тудырмайды.

Нәтижелер мен талқылау

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімі қызметкерлері жасаған автоматты морфологиялық белгіленім қою бағдарламасы төмендегіше талдау жасайды.

«XIX ғасырда мәдениет мәселелерімен тығыз айналысқан ғалымдардың бірі, ағылшын ғұламасы Эдуард Бернетт Тайлор тұжырым жасаған («Айқын»).

XIX/ XIX// [Lat],
ғасырда/ғасыр/да/ [ЗТ/да/ЖС],
мәдениет/мәдениет [зт],
мәселелерімен / мәселе/лерімен/ [зт/лер/КЖ+i/ТЖ-3+мен/КС],
тығыз/тығыз// [сн],
айналысқан / айналыс/қан [ЕТ/қан/Е+АР+ЖЖ-3],
ғалымдардың / ғалым/дардың/ [ЗТ/дарКЖ+дың/ІС],
бірі / бір/і [ЕС/і/ТЖ-3+АС],
бірі/ бір/і [СА/іТЖ-3+АС],
ағылшын/ағылшын [зт],
ғұламасы / ғұлама/сы [СН/сы/ТЖ-3+АС],
Эдуард/Unknown,
Бернетт/ Unknown,
Тайлор/ Unknown,
тұжырым /тұжырым/ [зт],
жасаған/жаса/ған/ [ЕТ/ған/Е+АР+ЖЖ-3].

Мұндағы шартты белгілер:

ЗТ – зат есім.

ЖС – жатыс септігі.

КЖ – көптік жалғауы.

ТЖ-3 – тәуелдік жалғаудың 3-жағы.

КС – көмектес септігі.

Е – есімше.

АР – ашық рай.

ЖЖ-3 – жіктік жалғаудың 3-жағы.

ІС – ілік септігі.

СН – сын есім.

АС – атау септігі.



1-сурет – Морфологиялық анализатор

Жоғарыдағы морфологиялық талдауды компьютер бағдарламасы автоматты түрде жасайды.

Қазақ тілі – жалғамалы тіл, сондықтан сөздерді түбір ме қосымшаларға бөлу қиындық ту- дырмайды. Программаға негізінен екі лингвистикалық база беріледі: бірі – қазақ тіліндегі реестр сөздер базасы; екіншісі – грамматикалық сипаты қысқаша шартты белгілер арқылы сипатталған қосымшалар тізімі беріледі. Осы екі лингвистикалық база бойынша морфологиялық анализатор бағдарламасы жұмыс істейді. Мысалы, жоғарыдағы автоматты талдауда сөйлем алдымен бір қатарға бірінің астына бірі түсіріліп берілген. Анализатор мәтін талдағанда, ең алдымен, осы программаны жүзеге асырады. *Екіншіден*, парадигмалық қатардағы сөздердің түбірін табады. Мұны лемматизация деп атайды. Үшіншіден, түбірге жалғанған қосымшалар тізбегі жекелеген қосымша түрлеріне ажыратылып, олардың қастарына грамматикалық сипаттамалары қысқаша шартты белгілер арқылы көрсетіледі.

Мұндағы Unknoun – деген табылмаған сөз. Табылмаған сөз ол бұл мәтінде жалқы есім болып тұр. Негізінде жалқы есімдер тізімі корпус жадына салынса, жадта бар жалқы есімдер туралы ақпарат берілген болар еді.

Қолданбалы лингвистика бөлімінің ғылыми қызметкері Қожахметова Ақтоты «Мәтіндер корпусына морфологиялық аннотация жасаудағы күрделі етістіктердің берілуінде корпус бағдарламасы автоматты түрде лемматизация жасап, сонымен қатар олардың сөз табы мен белгілі бір категориялық мағыналарына сәйкес шартты белгілерін қойып беріп отыр» (А.Қожахметова, 2012:130) – деп жазды мақаласында. Морфологиялық белгіленімдер әзірле- месі туралы қазақ тілінде ғылыми еңбектер жарық көрді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жаңабекова Айман Әбділдәқызы «Тілдік корпусардың ғылыми-зерттеу әлеуеті ізделген сөзге қажетті ақпаратты бір жерде жинақтап беруге де болады, яғни сөзге қатысты тек морфологиялық белгіленім ғана емес, лексикалық сипаттама, семантикалық белгіленімін де көрсету мүмкіндігі бар» (А.Ә.Жаңабекова, 2015:191) – деген. 2015 жылдары Қолданбалы лингвистика бөлімі жасаған 6 миллион сөзқолданыстан тұратын «Қазақ тілінің мәтіндер корпусы» бар еді. Корпус бойынша «бала» сөзіне жүздеген мы- сал конкардансы шығады. Ал сол корпуста лингвистикалық белгіленім/сипаттама мына түрде көрініс тапқан.

1-кесте – Корпустағы лингвистикалық белгіленімдер

балаға	Сипаттау
Лемма	бала
Морф. белгіленім	ЗТ ға/БС
Лексик. семантика	«1. Ата-ананың перзенті, ұрпақ; тұқым. 2. Нәресте, сәби, бөбек. 3. Жан-жануарлардың күшігі, құстардың балапаны. 4. а у ы с. Ер жетіп ысылмаған; жас, балғын». «1. Ата-ананың перзенті, ұрпақ; тұқым. 2. Нәресте, сәби, бөбек. 3. Жан-жануарлардың күшігі, құстардың балапаны 4. а у ы с. Ер жетіп ысылмаған; жас, балғын жалпы, дара, түбір, деректі».

Демек, жоғарыда «балаға» сөзі алдымен түбірі көрсетіліп, лемматизация жасалған. Екіншіден, морфологиялық белгіленімі берілген, яғни зат есім сөз табына жататындығы және жалғанған қосымшаның барыс септік жалғауы екендігі сипатталған. Үшіншіден, лексикалық семантикасы ретінде 4 түрлі мағынасы сипатталған. Төртіншіден, түбірдің морфосемантикалық сипаттамасы берілген, яғни жалпы есім екендігі, құрамына қарай дара зат есім, жасалымына қарай түбір екендігі, сонымен қатар деректі зат атауы екендігі сипатталған.


Енді күрделі құрамды етістіктерді морфологиялық анализатор қалай талдау жасайтынын көрейік.

Жақан түсіне алмай қойды (Ә. Кекілбаев).

түсіне/түсін/е [ET/е/К],

алмай/ал/май [ET] ма/БЖ+й/К,

қойды/қой/ды [ET] ды/ЖӨШ+AP+ЖЖ-3.



2-сурет – Морфологиялық анализатордан өткен күрделі етістік

Көріп отырғанымыздай, *түсіне алмай қойды* деген күрделі құрамды етістікті тіркесті (аналитикалық формалы етістікті) морфологиялық анализатор әрбір сөзін жеке-жеке бөліп алып, құрамына морфологиялық талдау жасаған. Әрине, морфологиялық талдау үшін әрбір сөзді жеке-жеке алып талдау бір жағынан дұрыс. Алайда корпусты пайдаланушы бұл күрделі тіркестің бір ғана мағынаны білдіретін біртұтас тілдік бірлік екенін, яғни күрделі етістік (аналитикалық формалы етістік) екенін білуі қажет. Морфологиялық анализатор осы сияқты құранды етістіктердің де сыңарларына жеке-жеке талдау жасайды. Бір ғана мағынаны білдіретін фразеологизмдерді де морфологиялық анализатор, егер олардың тұтас лексикалық бірлік екені туралы нұсқаулық берілмесе, әрбір сыңарын жеке-жеке бөліп алып, талдайды. Мұндайда тілдегі бірнеше сыңардан тұратын біртұтас мағынаны білдіретін тілдік бірліктер бөлшектеліп кетеді де, олардың тілдік тұтастық мәндері көрінбей қалады (А.Мурсал, 2019:64).

Қортынды. Түйіндеп айтқанда морфологиялық анализатор бағдарламасына бұл тіркестердің күрделі құрамды етістікті тіркестер (күрделі етістік, құранды етістік, аналитикалық етістік) екенін көрсетіп/белгілеп тұратын, автоматты түрде тани алатын лингвистикалық нұсқаулық беру керек. Міне, осылайша морфологиялық анализатор жұмысын жетілдіру мақсатында күрделі құрамды етістіктерді танитын әрі белгілейтін автоматты программа жасау қажет. Осындай түрткіжайттар бұл проблеманы біздің мақаламызда қарастырып кетуімізге ойтүрткі болды.

Әдебиеттер

1. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008. – 640 б.
2. Савчук С.О. Орыс тілінің ұлттық корпусындағы метамәтіндік белгіленімдер: базалық

ұстанымдары мен негізгі функциялары // Орыс тілінің ұлттық корпусы: 2003-2005. Нәтижелері және болашағы. – М., 2005. – 456 б.

3. *Зализняк А.А.* Грамматический словарь русского языка. Словоизменение. М., 1980. – 880 с.

4. *Қожахметова А.* Мәтіндер корпусына морфологиялық аннотация жасаудағы күрделі етістіктердің берілуі // Тілтаным. – Алматы, 2012. - №2. – 128-133 бб.

5. *Жаңабекова А.Ә.* Тілдік корпустардың ғылыми-зерттеу әлеуеті // «Қазақ лексикографиясы: тарихы, тәжірибесі, болашағы» атты халқаралық ғылыми-теориялық конференция. 2015. 29 мамыр. – 189-192 бб.

6. *Мурсал А.* «Күрделі етістіктер: лексикографиялау және автоматтандыру» атты магистрлік диссертация. 2019. – 301б.

М.А.ИМАНГАЗИНА

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Грамматика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері*

А.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫ КОДТАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ КОРПУСҚА СЕМАНТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕНІМ ЕНГІЗУДІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Андатпа. Мақалада қазақ тіліндегі сөз таптарының лексика-семантикалық классификациясы және оны модельдеу мәселесі талданады. Бұл бағыттағы маңызды зерттеу – профессор А.Жұбановтың 5 сөз табы мен 2 грамматикалық категорияға жасаған жіктемесі зерттеу нысанына алынды. Ғалым жіктемесінің аса құнды тұсы – өзіне дейінгі М.Оразов секілді семантиктердің еңбектеріне сүйене отырып сөз таптарының тақырыптық топтарын ажыратып қана қоймай, қысқаша кодтарды ұсынып, корпуста енгізу моделін жасауы. Зерттеуде Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы лексика-семантикалық белгіленім әзірлемесін дайындауда жүргізілген жұмыстар сипатталды.

Лексика-семантикалық белгіленім мен семантикалық белгіленімнің аражігі ажыратылды. Белгі-кодтарды беруде және сөздерді мағыналарына қарай тақырыптық топтарға бөлуде лексикалық, сөзжасамдық және морфологиялық деңгейлер бойынша сипаттамалар алынды. Әлемдік тәжірибелерді саралау барысында әлемдік тілдік корпустар лексика-семантикалық белгіленімі жасалмаған, лексика-семантикалық белгіленімнің қарапайым деңгейіндегі және лексика-семантикалық белгіленімі синсеттерге негізделген корпустар деп шартты түрде үш түрге бөлінді. Ағылшын, орыс, қалмақ және т.б. тілдердегі белгіленімдердің қалыптасу, даму үдерісі үлгі ретінде талданды.

Түйін сөздер: Паралингвистика, бейвербалды амалдар, коммуникативтік акті, прагматика, мәтін, символ.

Аннотация. В статье анализируется проблема лексико-семантической классификации частей речи в казахском языке и ее моделирование. Объектом исследования был взят научный труд профессора А. Жубанова, в котором 5 частей речи и 2 грамматические категории были классифицированы на лексико-семантические группы. Наиболее ценным аспектом труда ученого является создание модели ввода в корпус, не только с выделением тематических групп опираясь на труды таких семантистов, как М. Оразов и др, но и с предоставлением кратких кодов. В исследовании описана работа, проведенная при подготовке разработки лексико-семантической разметки в Национальном корпусе казахского языка.

В статье лексико-семантическая разметка различается от семантической разметки частей

речи. Получены описания по лексическому, словообразовательному и морфологическому уровням в присвоении кодов и разбиении слов на тематические группы по значениям. Также в данной работе анализируется мировая практика, в результате которой мировые языковые корпуса условно подразделяются на три типа: корпуса простого уровня лексико-семантической разметки и корпуса на основе синсетов, и корпуса не имеющие лексико-семантической разметки. Процесс формирования, развития разметок в английском, русском, калмыцком языках рассматриваются как образец создания лексико-семантической разметки частей речи казахского языка.

Ключевые слова: Паралингвистика, невербальные элементы, коммуникативный акт, прагматика, текст, символ.

Annotation. The article analyzes the problem of lexical and semantic classification of parts of speech in the Kazakh language and its modeling. The object of the study was the scientific work of Professor A. Zhubanov, in which 5 parts of speech and 2 grammatical categories were classified into lexico-semantic groups. The most valuable aspect of the scientist's work is the creation of a model of input into the corpus, not only with the allocation of thematic groups based on the works of semantists such as M. Orazov and others, but also with the provision of short codes. The study describes the work carried out in preparation for the development of lexical and semantic markup in the National Corpus of the Kazakh language.

In the article, lexico-semantic markup differs from semantic markup of parts of speech. Descriptions of lexical, word-formation and morphological levels in the assignment of codes and the division of words into thematic groups by meanings are obtained. Also in this paper, the world practice is analyzed, as a result of which the world language corpora are conditionally divided into three types: simple-level lexico-semantic markup corpora and synset-based corpora, and corpora that do not have lexico-semantic markup. The process of formation and development of markup in English, Russian, Kalmyk languages is considered as a model for creating lexical and semantic markup of parts of speech of the Kazakh language.

Keywords: Paralinguistics, nonverbal elements, communicative act, pragmatics, text, symbol.

Тіл – айналамыздағы ақиқат болмысты тасымалдаушы. Ол бір адресанттан екінші бір адресатқа, бір хронотоптан екінші бір хронотопқа ақиқат болмысты ғана тасымалдап қоймайды, сондай-ақ тіл мағына тасымалдау қызметін де атқарады. Бұны ғылыми терминмен тілдің семиологиялық қызметі деп атауға болады. Тілдің өзегі мағына болғандықтан, тілдің семиологиялық қызметі оның басқа барлық қызметтеріне негіз болады. Нақтырақ айтқанда, тіл номинативтік қызмет атқарып, номинация жасай алуы үшін мағынаға ие болуы керек, коммуникативтік қызмет атқарып, қарым-қатынас құралы болуы үшін де онда мағына болуы қажет. Сол секілді тілдің кумулятивтік, ойжасамдық, нормалаушылық қызметтері де тікелей тілдегі семантика негізінде жүзеге асады.

Тіл семиологиялық қызметін атқаруда алдымен сөздердің мағынасына сүйенеді. Сол себепті сөз мағынасын дұрыс тану, ондағы семантикалық компоненттерді анықтау тіл білімі үшін әрқашан өзекті. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамуының арқасында қалыптасқан тіл білімінің жаңа саласы қолданбалы лингвистикада да семиология ерекше мәнге ие. Компьютер белгілі бір тілді түсінуі үшін, сол тілдегі сөздердің мағынасын және грамматикалық модельдерін толық тануы керек. Қазақ тіл білімінде осы бағытта елеулі еңбек еткен және қолданбалы лингвистиканың негізін қалаған ғалым ретінде профессор А.Жұбанов есімін ерекше атап өтуге болады.

Корпусқа орнатылатын аппарат белгіленім немесе аннотация деп аталады. Корпус құнды саналу үшін оның аннотациялануы аса маңызды. Көп жағдайда, корпусстарды аннотациялау әрекетін автоматты және «қолмен» жүргізу түрлері қатар жүргізіледі. Ал автоматтанған анно-

тациялау әрекетін қанағаттандырырлық деп санау үшін, қателік шегі үш пайыздан аспау керек. Корпустағы мәтіндерді аннотациялаудың бір түрі – семантикалық деңгейде белгіленім жасау сөз мағынасын айрықшалау, омонимия мен синонимия мәселелерін шешу, сөздерді категориялау (топтау), тақырыптық топтарды, каузативтік белгілерді, сөздердің бағалауыштық және деривациялық сипатын анықтау және т.б. мәселелерді қарастырады.

А.Жұбанов компьютерлік лингвистика қазақ тіл білімінде қалыптаса қоймаған ХХ ғасырдың 60-70 жылдардың өзінде үлкен көрегендікпен аталған саланың болашақтың саласы екенін дәл болжаған. Қазақ тілінің ұлттық корпусын құрудың, онда түрлі белгіленімдерге негізделген алгоритмдік жүйені енгізудің маңыздылығын да атап көрсеткен. Ғалым сөз мағынасын бағдарламалаудың алғашқы сатысы саналатын лексика-семантикалық белгіленімге қатысты: «Лексика-семантикалық белгіленім – өте күрделі мәселе. Ол тіпті әлем тілдерінде де әлі күнге дейін шешімін таппаған», деп пікір білдірген. Сондай-ақ ғалым лексика-семантикалық белгіленім әзірлемесі үшін аса қажет сөз таптарының лексика-семантикалық классификациясын жасауды қолға алады. Нәтижесінде бес сөз табы мен екі грамматикалық категорияны ірі лексика-семантикалық топтар мен субтоптарға жіктеп, модельдеген.

Зат есім	Етістік	Сын есім	Есімдік	Үстеу	Есімше	Көсемше
11 ірі топ	9 ірі топ	Сапалық сын есімдер: 4 ірі топ	7 ірі топ	2 ірі топ	4 ірі топ	4 ірі топ
		Қатыстық сын есім: 7 ірі топ				
73 субтоп	110 субтоп	Сапалық сын есім: 25 субтоп	-	7 субтоп	19 субтоп	17 субтоп

1-кесте. АЖұбанов бойынша сөз таптарының лексика-семантикалық классификациясы

Қазақ тіліндегі лексика-семантикалық белгіленімнің негізін салған ғалым А.Жұбанов белгіленімді жасау барысында сөздердің синтактикасы, денотативті және сигнификативті мағынасы мәселелеріне баса назар аударған. Себебі автор мағынаны барынша кең әрі нақты беруге болатын модельді жасау қажеттігін байқайды.

А.Жұбанов қазақ тіліндегі сөз таптарын лексика-семантикасы бойынша классификациялау кезінде сөз мағыналарын анықтауда үлкен жұмыс атқарғаны көрінеді. Ғалым өз зерттеулерінде М.Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегіне сүйене отырып, сөз мағыналарына қатысты құнды тұжырымдар ұсынады. Ғалымның лексика-семантикалық белгіленім бойынша зерттеулері арқылы А.Жұбановты тек қана қолданбалы лингвистиканың емес, сондай-ақ сөз семантикасын терең тани білген семантист маман ретінде де танимыз. Әр сөз табында кездесетін лексика-семантикалық топтарды барынша кең қамтуы да бұл пікірімізге дәлел. А.Жұбанов жасаған сөз таптарын семантикалық классификациялау моделі қазіргі таңда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жүзеге асырып отырған Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы лексика-семантикалық белгіленімге негіз болып отыр.

Қазақ тілі лексикасын семантикалық жақтан классификациялаудың негізгі үш ұстанымын атауға болады. Олар: 1) денотативті-десигнативті; 2) парадигматикалық; 3) синтагматикалық. А.Жұбанов зерттеулерінің мақсатына сәйкес ғалым жасаған лексика-семантикалық классификацияға денотативті-десигнативті ұстаным негіз болған. Алайда кей субтоптардан одан бөлек екі ұстанымға да сүйеніп, классификацияны толықтырып отырғаны байқалады. Қазіргі кезде әзірленіп жатқан лексика-семантикалық белгіленімде де А.Жұбанов ұсынған алғашқы екі ұстаным басшылыққа алынады. Ал синтагматикалық ұстаным болашақта мәтінді автоматты тану сөз деңгейінен жоғарылап, сөз тіркесі, сөйлем көлемінде жүзеге асқанда қолға алынбақ.

Лексика-семантикалық белгіленім жасаудың әлемдік тәжірибесі.

Корпус жасаудың әлемдік тәжірибесінде ең алғаш лексика-семантикалық белгіленім жасауда құрастырушылар сөздерді тікелей түсіндірме сөздіктегі мағыналары негізінде аннотациялаған. Ең танымал тәжірибе ретінде ағылшын ғалымы Уилкстің Longmans Dictionary of Contemporary English (LDOCE) [Wilks 1993] сөздігі арқылы ағылшынның *bank* (жаға, мекеме т.б.) сөзінің мағынасын анықтауын айта аламыз. LDOCE сөздігіндегі сөздердің кластеризациясына сүйене отырып ағылшын ғалымы Уилкс аталған сөздің 200 сөйлемдегі мағынасын анықтайды. Нәтижесінде сөз мағынасын кластерлер арқылы автоматты тану 90 пайыз дәлдікті көрсетсе, ал жеке тұрғандағы мағынаны автоматты тану дәлдігі 53 пайыздан аспаған. 1994 жылы Брюс және Вибс LDOCE сөздігі бойынша *interest* (қызығушылық) сөзінің 2 476 сөз қолданысына қолмен белгіленім жасаған [Bruce 1994]. Ғалымдар сөздіктегі әрбір жеке түсінікті семантикалық аннотациялау әр сөзбен жеке жұмыс жасауды қажет ететіне көз жеткізген. Сол себепті семантикалық белгіленімге қажет семантикалық талдауды тек бірнеше сөздерді таңдап алып қана жасап көруге болады деген қорытындыға келген. Бұл әр сөздің семантикасын ашып отыру өте үлкен уақыт және қол еңбегін қажет етуіне байланысты болса керек.

Сөздіктерге жасалған тәжірибеден кейін семантикалық талдау арқылы аннотациялаудың жаңа жолдары қарастырыла бастады. Нәтижесінде семантикалық белгіленім сөздіктерге емес, «семантикалық торларға» немесе лексикалық классификацияларға байланытын болды. Бұл жаңа жүйенің басты ұстанымы – сөз мағынасын синонимдер, яғни «синсеттер» (синонимдік торлар) арқылы анықтау.

Ең танымал семантикалық топ – WordNet <http://wordnet.princeton.edu/> жүйесі. Нақтырақ айтқанда, WordNet жүйесіндегі сөздер өзара синонимдесе отырып байланысады. Мысалы ағылшын тіліндегі *жабу* деген мағынаны білдіретін *shut* және *close* сөздері бір синонимдік тордың құрамында. Синонимдік торларға топтау сөз мағынасын тануға көмектесетін көптеген критерийлер бойынша жүзеге асады. Бұл жүйеде 117 000 *синсет* бар. Олар басқа синсеттермен белгілі бір концептуалдық немесе мағына жақындығымен байланысқан. WordNet-тің басты артықшылығы ол жердегі әр сөзге шағын анықтама және түсінікті болуы үшін бірнеше иллюстрациялық сөйлемдер берілген. Сөзформалар да мағыналық ерекшеліктеріне қарай синсеттерге біріккен. Сондай-ақ WordNet-тегі әр жұп қайталанбайтын болып саналады. Синонимдік торларды құруда Oxford Advanced Learners Dictionary [Fellbaum 1998] сөздігіндегі сөздерді мағыналарға жіктеу классификациясы қолданылған. Осы үлгімен ең алғаш Браун корпусында 234 136 сөз қолданысқа семантикалық белгіленім жасалған [Miller 1993]. Кейінірек тілде ең жиі кездесетін екі жүзден астам етістіктер мен зат есімдері қамтитын, қолдан белгі-кодтары қойылған 192 800 сөз қолданыстан тұратын LEXAS жүйесі пайда болған [Lee 1996].

Синонимдік торлар арқылы сөз мағынасын анықтау қазіргі таңда әлемдік корпусарда кең таралған тәжірибеге айналды. Мысалы Пристон университетінің 700 000 сөз қолданысы бар SemCor корпусында 200 000 сөз қолданыс WordNet жүйесіндегі синсеттер арқылы қолдан аннотацияланған. Бұндай көлемдегі сөзқолданысты аннотациялау семантикалық белгіленім үшін үлкен жетістік болып саналады.

Қазіргі таңда әлемде семантикалық белгіленімі бар корпусар санаулы. Мысалы, орыс тілінің Газет мәтіндері корпусында семантикалық белгіленімнің элементтері ғана кездеседі. Атап айтқанда, кейбір сөздердің семантикалық белгілері көрсетілген. Газет мәтіндері корпусында жануарлар атауларына қатысты сөздер семантикасына қарай 60 топқа жіктелініп аннотацияланған. Сондай-ақ аталған корпусқа кейбір сөздердің синонимдік қатынастары да қамтылған. Орыс тілінің Хельсинк аннотацияланған корпусында да семантикалық белгіленім жасау әзірлемесі бастапқы қарапайым деңгейде. Хельсинк корпусының құрастырушылары

семантикалық белгіленімді жетілдіруді синтаксистік белгіленімді аяқтағаннан кейін толықтай қолға алуды жоспарлауда.

Орыс тілінің Ұлттық корпусы 2004 жылдың 29 сәуірінен бастап ғаламторда ашық түрде қолжетімді. Содан бері 20 жылдан астам уақыт өтсе де, аталған корпуста да семантикалық белгіленім тұралап тұр. Орыс тілінің ұлттық корпусында сөз таптарының лексика-семантикалық белгіленімі лексика-семантикалық топтарды, сөздердің деривациялық құрамы, таксономиясы т.б. қамтиды. Бұл әлі де әлем тілдері корпустарында озық семантикалық белгіленім үлгісі жоқ екендігін байқатады. Эстон, хорват, дат тілдерінің корпустары әзірге мүлдем жұмыс істемей тұрса, ағылшыннан басқа еуропа тілдерінің корпустарында семантикалық белгіленім қарастырылмаған. Ал ағылшын тілі корпустары тікелей синсеттер негізінде жұмыс істеуде. Әлем тілдеріндегі корпустарды саралай келе, Қазақ тілінің ұлттық корпусына әзірленіп жатқан семантикалық белгіленім басқа корпустар тәжірибесін ескере отырып бірнеше кезеңдік жұмысты қамтымақ. Алғашқы кезең лексика-семантикалық классификацияға негізделсе, екінші кезең синсеттерге, үшінші кезең синтактикаға негізделмек.

Қазақ тілінің лексика-семантикалық белгіленімінің артықшылығы грамматикалық кейбір ақпараттар арқылы қосымша семантиканы да беріп отыруында. Онда қамтылған сөздің грамматикалық құрамына қатысты белгі-кодтар алдағы уақытта морфологиялық белгіленімді жетілдіру жұмыстарын жеңілдетпек. Себебі қазақ тіліндегі етістіктердің лексика-семантикалық белгіленімі сөздің морфемалық құрамы, сөзжасамдық тәсілі, тұлғасы, құрамы, сөз табы сынды маңызды ақпараттарды қамтиды.

Қазақ тілінің ұлттық корпусында етістіктердің лексика-семантикалық белгіленімінің әзірлемесі дайындалуда. Лексика-семантикалық белгіленім семантикалық белгіленімнен біраз ерекшеленеді. Себебі семантикалық белгіленім сөз мағынасын жан-жақты әрі дәл көрсетуді мақсат етеді. Ал лексика-семантикалық белгіленім сөздерді мағына ортақтығына, жақындығына қарай ірі топтар мен субтоптарға классификациялауға бағытталған. Семантикалық белгіленім сөз мағынасын семантикалық компоненттер арқылы талдайды. Мысалы: *Шаңғышылар ауылға кіргенде көз байланып та қалған еді* (М.Сүндетов) деген сөйлемдегі *кір* етістігінің құрылымына назар аударсақ мынандай семантикалық компоненттерді анықтауға болады:

- 1) қимыл-қозғалыстың болуы;
- 2) субъекті (зат немесе адамның кіріп келе жатуы);
- 3) қимыл-қозғалыстың жерде болуы;
- 4) белгілі бір аумаққа қарай өтуі (ауылға кіру);
- 5) «ішке кіру» семасы.

Бұл мағыналар берілген етістіктің сөйлемдегі басқа сөздермен байланысы негізінде анықталып тұр. «Ауыл», «шаңғышылар» сөздері арқылы біз іс-әрекеттің ауылдың сыртында, шаңғымен, қардың үстінде болып жатқанын біле аламыз. Алайда дәл осы *кір* етістігі басқа сөздермен тіркесіп мүлдем басқа мағынада жұмсалуды мүмкін. *Мен 1962 жылы партия ұйымына кірдім*. Мұнда *кіру* бір ұйымға мүше болу мағынасын білдіріп тұр. Сонда алғашқы *кір* лексемасының негізгі мағынасын түсіну үшін бүкіл контекст емес *ауыл* (аумақ) *ауылға кіру* тіркесі жеткілікті. Екінші мысалда да *ұйымға кіру* тіркесі берілген етістіктің нақты мағынасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл семантикалық белгіленімнің синтактика, сөздердің синтагмалық байланысы негізінде жасалатын талдауларға сүйенетінін көрсетеді. Сол себепті көпвалентті етістіктер семантикасы бұдан да терең талдауды қажет етеді. Сондай-ақ бір етістіктің әртүрлі мағынада қолданылуы семантикалық белгіленімнің лексика-семантикалық белгіленімге қарағанда әлдеқайда күрделі екендігін байқатады. Оған *келу* етістігін мысалға алу арқылы көз жеткізуге болады:

- Үйге келу* – 1-лексикалық мағынасы
Тура келу – 2-лексикалық мағынасы

Ойға келу – ауыспалы мағынада
Тілге келу – 1-фразеологиялық мағынасы
Қарсы келу – 2-фразеологиялық мағынасы
Қашып келу – күрделі етістік
Кіріп келу – аналитикалық форма.

Семантикалық белгіленімде мұндағы әр мағына жеке-жеке қарастырылады. Сол себепті семантикалық белгіленім нақты бір алгоритмге салуға келе бермейді. Әр сөзде әртүрлі семантикалық компоненттер болатындықтан, стандарттау қиынға соғады.

Семантикалық белгіленім құрылымының күрделілігі қазақ тілі секілді жас корпустарға сөз мағынасын тануды ең алдымен лексика-семантикалық белгіленімнен бастау қажеттігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Жұбанов А. Корпустық лингвистика. – Алматы, 2017.
2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы 1991 ж.
3. Рыков В.В. Корпус текстов как реализация объектно-ориентированной парадигмы // Труды Междунар.семинара «Диалог-2002». – М.: Наука, 2002.
4. Leech G. Corpus annotation schemes // *Literary and Linguistic Computing*, 1993, № 8/4. Pp. 275-81.
5. Wilks, Y.; Fass, D.; Guo, C.-M.; McDonald, J. E.; Plate, T.; and Slator, B. M. (1993). “Providing machine tractable dictionary tools.” In *Semantics and the Lexicon*, edited by J. Pustejovsky. Kluwer Academic Publishers.
6. Bruce R., Wiebe J. Word sense disambiguation using decomposable models // *Proceedings of the 32nd Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics (ACL-94)*, LasCruces, NM, June 1994. P. 139–146.
7. Fellbaum C., Grabowski J., Landes S. Performance and confidence in a semantic annotation task // Fellbaum C. (ed.) *WordNet: An Electronic Lexical Database*. Cambridge (Mass.): The MIT Press, 1998.
8. Miller G., Leacock C., Rande T., Bunker R. A semantic concordance // *Proceedings of the 3rd DARPA Workshop on Human Language Technology*, Plainsboro, New Jersey, 1993. P. 303–308.
9. <http://wordnet.princeton.edu/>

С. БЕЙСЕНХАН

*А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының қызметкері*

АУЫЗША КОРПУСТАР ЖАСАУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ А.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНБАЛЫ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл шағын мақалада қазіргі таңда қолданыстағы ауызша корпустар сипатталып, ауызша корпус жасаудың әлемдік тәжірбиелері сараланады. Сонымен қатар, профессор А.Жұбановтың еңбектеріндегі қолданбалы лингвистиканың фонетикалық аспектілерінің мәселелері аталып, ғалымның ұсынған шешімдерін айқындап береді.

Түйін сөздер: ауызша корпус, сөйлеу технологиялары, компьютерлік лингвистика, қолданбалы фонетка.

Аннотация. В этой небольшой статье описываются существующие на сегодняшний день устные корпуса и разбирается мировая практика создания устных корпусов. Кроме того, упоминаются проблемы фонетических аспектов прикладной лингвистики в работах профессора А. Жубанова и уточняются решения, предложенные ученым.

Ключевые слова: устный корпус, речевые технологии, компьютерная лингвистика, прикладная фонетика.

Abstract. This short article describes currently existing oral corpora and distinguishes world practices of speech corpora creation. In addition, the problems of phonetic aspects of applied linguistics in the works of Professor A. Zhubanov are mentioned and the solutions proposed by the scientist are clarified.

Keywords: speech corpus, speech technologies, computational linguistics, applied phonetics.

Бүгінгі таңда корпуслық лингвистика компьютерді пайдаланумен тығыз байланысты. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде «Корпуслық лингвистика» термині «тілді зерттеу үшін машинада-оқылатын мәтін жинақтарын пайдалануды қамтамасыз ететін сала» деген ұғымды білдіреді [1].

Қазіргі таңда барлық сала виртуалды әлемге енгендіктен қоғамның барлық саласы сол бағытқа икемделуде. Сондықтан адам өмір сүрген жердегі басты құбылыс тіл де толығымен виртуалдануы керек. Осы себепті дамыған елдердің корпус жасау ісін жеделдетуде.

Корпус дегеніміз әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін, лингвистикалық ақпараттарды қамтитын мәтіндер жиыны. Корпусның электронды нұсқадағы мәтіндер жиынтығынан бірден-бір айырмашылығы – мәтін өз ішінде анық түрдегі әртүрлі лингвистикалық ақпаратқа ие болуы. (Жаңабек) Корпус жасау ғылыми өнімділік пен қоса қаржыны да қажет етеді. Корпус жасау кезіндегі шығындарды мүмкіндігінше азайту үшін бір корпус жинағына әртүрлі мүмкіндіктерді қосу арқылы оңтайлы шешуге болады [2]. Жалпы алғанда, корпусның көптеген түрлері бар, олар зерттеу және қолданбалы міндеттердің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Қойылған мақсаттарға байланысты корпус түрлерін жіктеп, әртүрлі ажыратуға болады. Орыс ғалымы Захаров корпусстардың жіктемесін жасаған. Онда ғалым корпусстарды сипаты пен типіне қарай екі түрге бөледі. Корпусның сипатына тілдік деректер түрі, параллельдік, мақсат, жанр, қолжетімділікті жатқызады. Ал корпус типіне ауызша, жазба, аралас, біртүрлі, екітүрлі, көптүрлі, әдеби, диалектілік, ауызша, терминологиялық, бірмақсатты, көпмақсатты сияқты сипаттарды жатқызады [3]. Біздің назарға алып отырғанымыз сөйлеуді толық тани алатын, тудыра алатын ауызша корпус жасау ісі.

Ауызша корпус – аудио файлдар мен мәтін транскрипцияларына негізделген деректер базасы. Ауызша корпус сөйлеу технологияларын жасауда кеңінен қолданылады. Жасанды интеллектіні мәтінді синтездеу, сөйлеуді тану мен тудыру, акустикалық үлгілерді жасау т.б. қабілеттерге үйрету үшін де ауызша корпус пайдаланылады. Тіл білімінде сөйлеу корпусы фонетикалық, әңгімені талдау, диалектология және басқа салаларда зерттеулер жүргізу үшін таптырмас құрал.

Ауызша корпусның екі түрі бар:

1. Оқылымды ауызша деректер – мыналарды қамтиды:

Кітаптан үзінділер;

Жаңалықтарды тарату;

Сөздер тізімі;

Сандар тізбегі;

2. Спонтанды сөйлеу – оған мыналар кіреді:

Диалогтар – екі немесе одан да көп адамдар арасындағы әңгімелесулері;

Әңгімелер – бір адамның оқиғаны баяндауы;

Картаны сөйлету т.б.;

Сөйлеу корпусының ерекше түрі – шетелдік акценті бар сөйлеуді қамтитын ана тілді емес деректер базасын құру [4]. Кең мағынада ауызша корпус дегеніміз сөйлеудің барлық қызметін атқара алатын жасанды интеллект базасы.

Әдетте ауызша корпус дыбыстық жазбалар немесе мәтін транскрипцияларының негізінде жасалады. Дыбыстық жазбалар дыбысты сақтау технологиялары арқылы электронды дерекқорларда MP3, WAV файлдары ретінде сақталады. Транскриптор ауызша сөйлеуді жазбаша түрге айналдырады. Сөйлеудің кез келген түрін сөйлеу корпусында кездестіруге болады. Ауызша корпус жасаудың бірден бір артықшылығы сөйлеуге негізделген бағдарламалық құралдарды (сөйлеу технологияларын) жасауға көмектесудегі практикалық пайдалылығы. Мысалы, көптеген компьютерлер мен басқа электрондық құрылғылар терілген мәтінді оқу, айтылған сөздерді мәтінге түрлендіру немесе ерекше дауыс белгілері бойынша сөйлеушіні анықтау сияқты сөзді тану мүмкіндіктеріне ие. Бұл қолданбалар ауызша корпусы дерекқор ретінде пайдалану арқылы жүзеге асырылған. Сөйлеу корпусынан алынған үзінділер әрбір жеке дыбысқа акустикалық модельдер деп аталатын математикалық негізделген статистикалық жинақтарды қолдана отырып, сөйлеу технологияларын жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, дерекқорлар тіл үйренуге арналған аудио таспаларды әзірлеуге, айтылымды, сөздердің ретін және басқа да тілдік модельдерді зерттеу үшін құнды құрал. Егер бірнеше тілді немесе көптілді корпус құрастырылған жағдайда зерттеушілер әртүрлі аймақтық диалектілер мен тілдердегі ұқсастықтарды, айырмашылықтарды салыстыруға мүмкіндік алады [5].

Қазіргі таңда белгілі бірнеше ауызша корпустарға сипаттама беріп, талдау жасадық.

Британдық академиялық ауызша ағылшын тілі (BASE) корпусы Уорвик және Рединг университетінің әртүрлі бөлімдерінде жазылған 160 дәріс пен 39 семинардан тұратын деректер базасы. Онда барлығы 1 644 942 токен бар (дәрістер мен семинарлар). Дерекқордаға мәліметтер негізгі 4 тақырыпты қамтиды. Олар:


Өнер және гуманитарлық ғылымдар;

Өмір және медицина ғылымдары;

Физика ғылымдары;

Әлеуметтік зерттеулер және ғылымдар [6];

1-сурет. BASE корпусының функциялары



European Language Resources Association 1995 жылы негізі қаланған коммерциялық емес ұйым, оның негізгі мақсаты адам тілі технологияларына арналған тіл ресурстарын (LR) жалпы қауымға қолжетімді ету. Осы сайттың каталог бөлімінен «әмбебап каталог» арқылы бүкіл әлемде анықталған тілдік ресурстарға (LR) қатысты ақпаратты алуға болады. Әмбебап каталогтың көмегімен зерттеушілер мен әзірлеушілер бұрыннан бар ресурстарды анықтауға және оларға қол жеткізуге мүмкіндік алады, қолданыстағы тіл ресурстары туралы ақпаратқа қол жеткізеді.

Ауызша корпустарды әзірлеруде 4 негізгі ресурс қолданылады. Олар: телефон, микрофон, сөйлеуді тану, бейнежазба (радио, телевидение). ELRA сайтынан аталған ресурстар негізінде құрылған корпустармен танысуға болады. Сол корпустың бірі бейнежазба негізінде құрылған «Reveal-This Corpus». Бұл мультимедиялық және көп жанрлы корпуста ағылшын және грек тілдеріндегі Еуропарламенттің пленарлық отырыстары мен баспасөз конференцияларының бейнелері, Еуропарламенттің іс-шаралары мен кешкі телехабарлар бағдарламалары және туристік деректі фильмдердің бейнелері қамтылған. Деректер әр тілде шамамен 80 сағатты құрайды [7].

Жоғарыда атап өткеніміздей ауызша корпус жасау сөйлеу технологияларын жасауда кеңінен қолданылады. Сондықтан қазақ ғылымында да ауызша корпус жасау ісі қарқынды қолға алынып жатыр. Қолданбалы лингвистиканың негізін салушы, филология ғылымдарының докторы Асқар Жұбанов еңбектерінде жетілген ауызша корпус жасаудың негізгі мәселелерін атап өтіп, шешу жолдары көрсетілген. Сол мәселелер мен шешімдерге тоқталсақ.

Сөйлеуді автоматты тану жүйелерін сапалы құру үшін өте маңызды 2 мәселені шешу керек:

1. Акустикалық жағынан үздіксіз болып келетін айтылымда «танымдық фонемамен» сай келетін минимальді бірліктерге сегменттеу;

2. Минимальді сегменттерді танымдық аспаптардың жадында сақталған электрондық үлгілермен сәйкестендіру;

Аталған сөйлеуді сегменттеу мен сәйкестендіру мәселелерінің шешімін табу акустикалық, программалық негіздермен қатар лингвистикалық негізде іске асуы қажет [8, 155]. Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты 335 сағаттық қазақ тілінің дыбыстық корпусы, 271 сағатты құрайтын қазақ тілі мәтінін дыбысқа түрлендіру деректер жиынтығын жасады. Деректер ашық ресурс ретінде қолжетімді.

2-сурет. ISSAI өнімдері



Қазақ тілі корпусы



Қазақ тілі дыбыстық корпусы 335 сағаттық аудиолардан құралған.

Исеке Рая Әсел Думан Гүлжанат

Менің атым Қожа болады. Ал сіздің атыңыз қалай?

GET AUDIO

Бағдарламалық жасақтамасы жақсы құрылған бұл дерекқорларды Асқар Құдайбергеновтың атап өткеніндей лингвистикалық модельдермен жетілдірген жағдайда, қазіргі таңдағы өнімнен де сапалы нәтижеге қол жеткіземіз.

Сөйлеу процесін автоматты тануды екі түрлі жолмен жүзеге асыруға болады.

1. Сөйлеу қызметінің моделін құру кезінде сегменттеу мен сәйкестендіру мәселесін лингвистикалық ережелерге жүгіне отырып шешу;

2. Танымдық аспаптың мүмкіндігіне бейімделген акустикалық сигналдар түсінігін сипаттай алатын алгоритмдер құру [8, 156];

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты танымдық аспаптың мүмкіндігіне бейімделген алгоритмдер негізінде ғана емес, сөйлеу қызметін толық атқара алатын тіл моделі негізіндегі ауызша корпус жасауды мақсат етеді. Ол үшін әлемдік тәжірибиелерді, отандық өнімдерді саралай келе, қазақ тілі заңдылықтарын толық ашатын сөйлеу тілінің моделін жасау керек.

Мәтінді сөйлету технологиясын құрудың негізгі мәселесінің бірі фонетикалық, әрі техникалық факторларға байланысты – орфографиялық мәтінді фонетикалық символдардың тізбегіне ауыстыра алатын транскрипция жасау. Мұндай күрделі мәселенің шешімін табу үшін арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен кез келген мәтінді фонетикалық пішінге келтіре алатын автоматтанған транскрипция жасау жүйесін құру қажет.

Сапалы түрдегі синтезделінген, яғни табиғи дыбысталатын, анық естілетін сөйлеу тілін жасау үшін таңбалардың фонетикалық транскрипциялары мен оларға сәйкес келетін аллофондардың акустикалық өлшемдерінің арақатынасын анықтау қажет. Жоғары сапалы синтез жасаудың тағы бір шарты – айтылымның интонациялық безендірілу ережелерін алгоритмдеу [8, 158].

Институттың білікті фонологтары, қолғанат (қолданбал) лингвистері мен бағдарламашылары бірлесіп отырып сапалы ауызша корпус жасауды жеделдету керек деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. <https://www1.essex.ac.uk/linguistics/external/clmt/w3c/corpus>
2. <https://www.phonetik.uni-muenchen.de/forschung/>
3. *Захаров В.П.* Корпусная лингвистика. – Петербург, 2020. – 234 с
4. https://en.wikipedia.org/wiki/Speech_corpus#cite_note-1
5. <https://www.languagehumanities.org/what-is-a-speech-corpus.htm>
6. <https://www.sketchengine.eu/british-academic-spoken-english-corpus/>
7. <http://elra.info/en/about/association/>
8. Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 280 бет.

А. ОМАРОВА

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология орталығының кіші ғылыми қызметкері*

Ж. ЕСКЕНДІР

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология орталығының
аға лаборанты*

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ КОРПУС ҚҰРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада терминологиялық корпус құрудың маңызы мен қажеттілігі туралы баяндалады. Терминологиялық корпусстың аударма, терминология мәселелерін шешу жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: терминология, аударма, терминологиялық корпус, терминдер, корпусдық лингвистика

Аннотация. В статье рассказывается о важности и необходимости создания терминологического корпуса. Показаны пути решения проблем перевода и терминологии с помощью терминологического корпуса..

Ключевые слова: терминология, перевод, терминологический корпус, термины, корпусная лингвистика

Annotation. The article describes the importance and necessity of creating a terminological corpus. The ways of solving translation and terminology problems with the help of a terminological corpus are shown..

Keywords: terminology, translation, terminological corpus, terms, corpus linguistics

Ғылымның негізі қаланып, арнаулы салалардың саралана бастауы сол салалардағы арнаулы ұғымдардың атауларын жасаудың қажеттілігін туғызды [1; 18]. Ақпараттың ұдайы артып отырған ауқымына байланысты көптеген білім салаларының мамандары оны кәсіби қоғамдастықта табу, өңдеу, ұсыну және беру үшін әртүрлі әдістерді қолдануға мәжбүр. Қазіргі ғылымда білім берудің алуан түрлері қолданылып келеді: мәліметтер базасы, фреймдік құрылымдар, семантикалық желілер, ақпараттық іздеу тезаурустары және т. б. Қазіргі уақытта ақпараттық жүйелерді ұйымдастырудың онтологиялық принципіне негізделген білімді ұсыну мен берудің ақпараттық жүйелерін дамытудағы интеграцияланған тәсіл ерекше өзекті болып табылады.

Бұл тұрғыда ақпараттық жүйелерді жасаушылардың да, лингвистикалық бейіндегі мамандардың да (терминшілер, сөздік түзушілер, аудармашылар, машиналық оқыту саласындағы мамандар) алдында тұрған аса өзекті міндет – терминологиялық корпус әзірлеу болып табылады. Бұл, әсіресе, аудармашылар үшін өте құнды дүние болмақ. Себебі қазіргі таңда баспа сөздіктерінен гөрі электронды сөздіктерді қолдану тиімді екені баршамызға белгілі. Электронды сөздіктер уақытты үнемдейді, көп томдық көлемді сөздіктерді ақтарып отырумен салыстырғанда, бар болғаны іздеу жолына бірнеше әріп теру арқылы сөздің аудармасын табу, әрине, өте тиімді. Ғаламторда көптеген онлайн сөздіктер мен аудармашыларды немесе глоссарийлерді табуға болады. Жоғарыда айтылғандардың барлығын браузерде табу немесе кеңес берілген сілтемелерді ұстану қиын емес. Бірақ бұл электронды көмекшілер аудармашының жұмысын жеңілдеткеннің орнына, керісінше шатасуға алып келетіні де күнделікті жайт. Себебі елімізде әлі күнге дейін сөздердің дұрыс аудармасын табу үлкен мәселе болып отыр. Бұл әсіресе терминдерге қатысты туындайтын жайттар.

Сол себептен, соңғы жылдары терминжасам үдерісінің белсенді дамуына байланысты, сондай-ақ қазіргі ғылыми білімнің әртүрлі арнайы салаларын толықтыратын терминдердің лексикографиялық сипаттамасының маңыздылығына байланысты белгілі бір терминдік жүйенің күйін объективті талдау үшін қажетті қазақ тілінің терминологиялық корпусын құру аса өзекті болып табылады. Корпусқа енгізілген мәтіндер арнайы бағдарламалар арқылы жұмыс істейді. Арнайы енгізілген бағдарламалар арқылы жеке сөздерді ғана емес, кез келген сөз формасын, ол сөз форманың әртүрлі позициядағы қолданысын тауып алуға және жиілігін айқындауға болады. Корпусқа енгізілген мәтіндердегі әрбір тілдік бірлікке, ол жеке сөз не қосымша болсын, лингвистикалық ақпарат беріледі. Сонымен қатар арнайы компьютерлік бағдарламада корпустың лингвистикалық мәліметтерді жаңғырту немесе жаңа мәліметтермен толықтыру мүмкіндігі ескеріліп отырады.

Корпустың алға қойған мақсатына және жіктелімдік белгілеріне қарай әртүрлі типтерін бөліп көрсетуге болады. Солардың бірі – параллельдік критерийі бойынша. Мұндай корпустар біртүрлі, екітүрлі және көптүрлі деп бөлінеді. Терминологиялық корпусқа қажеттісі – екі-

тілді және көптілді корпустар. Олар екі немесе бірнеше тілде жазылғандарына қарамастан, бір тақырыпқа қатысты мәтіндер біріктіріліп беріледі. Бұл корпус аудармашылар үшін өте тиімді.

Терминологиялық корпусының базасына бүкіл мәтіндер кіреді (диссертациялар, монографиялар, конференция жинақтары және т.б.), сондай-ақ корпус болашақта терминнің мәтіндегі қолданысын көрсетеді, ғылыми мәтін арқылы терминдерді іріктеуге мүмкіндік береді. Яғни арнайы орнатылған бағдарлама дайын терминжасам модельдері арқылы енгізілген мәтіннен терминді автоматты түрде өзі іріктеп алып, терминологиялық қорға енгізіп отырады. Сол арқылы тілімізді жаңа терминдермен толықтыру жүзеге асырылады. Мысалы, зат есімнен зат есім тудырушы -гер/- кер жұрнақтары арқылы жасалып отырған терминдерді бағдарлама өзі тауып алады: қалам/гер, қаржы/гер, тәлім/гер, қызмет/кер, сурет/кер, қайрат/кер және т.б. Бұл қазақ терминологиясының ілгері дамуына және бірізденуіне септігін тигізері сөзсіз.

Терминологиялық корпусының ерекшеліктері:

1. Терминнің басқа тілдегі бекітілген нұсқасын көруге болады;
2. Терминнің анықтамасы болады;
3. «Іздеу» батырмасы арқылы терминді тез табу немесе әліпбилік реті бойынша табуға мүмкіндік береді;
4. Таңдап алынған терминнің тіркес түріндегі қолданысын көруге болады, тіркесті басқан жағдайда, оның да аудармасы және анықтамасы, мысалдары шығады.

5. Терминнің мәтіндердегі қолданысымен танысу

Сонымен қатар біз ұсынған терминологиялық корпуста терминнің енгізілген күні көрініп тұрады. Бұл терминнің уақыт өте келе қандай өзгерістерге ие болғанын бақылап отыру үшін қажет.

Терминдерді қандай белгілері бойынша іздеуге болады?

1. Сала бойынша
2. Аудармасы бойынша
3. Сөз табы бойынша
4. Анықтамасы бойынша
5. Әліпбилік рет бойынша

Қазіргі таңда терминдерді іздеп табудың ең тиімді жолы «Терминком» сайты қолдану болып табылады. Оның артықшылығы:

- 1971-2021 аралығындағы хронология бойынша бекітілген терминдерді қазақша-орысша нұсқада іздеу;

- 30 томдық қазақша-орысша және орысша-қазақша терминдердің аударма сөздігінен, Н.Қаратышқановтың «Пән сөздері», «Әскерлік атаулар», «Терминдер 2012-2015» сөздіктері мен «Бекітілген терминдер жинағынан» қазақша-орысша нұсқада терминдерді іздеу мүмкіндігінің болуы;


- Терминологиялық алаңның болуы (бекітуге ұсынылған терминдердің рейтингісі мен статистикасы, дауысқа салынған термин аудармаларына дауыс беру мүмкіндігі, терминдерге пікір білдіру мүмкіндігі);

- мақалалардың, 86 кітаптың (журналдар, сөздіктер, ғылыми еңбектер) электронды нұсқасының берілуі;

- терминологиялық ғылыми-зерттеу еңбектер, сөздіктер, диссертациялар, конференциялар т.б. библиографиясының болуы;

- 10 тұлғаның терминологияға қатысты ұсыныстарының болуы;

- 4241 терминді қамтитын, пән бойынша және сынып бойынша термин іздеу мүмкіндігі бар.



Осы сайттан мысал келтіріп көрейік.

Орыс тілі	Қазақ тілі	Сөздік атауы
Конструкция	Құрастырым	Информатика және есептеуіш техника
	Құрылма	Механика және машинатану
	Конструкция, құрылым	Энергетика
	Конструкция, құрылма	Сәулет және құрылыс
	Құрылым	Ауыл шаруашылығы
	Конструкция	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
	Сындарлы, құрылым, құрылғы	Философия және саясаттану
	Конструкция, құрылым, құрастырма	Мәдениет және өнер
	Құралым	Әдебиет және лингвистика [2]

Көріп отырғанымыздай, бір ғана «конструкция» термині әр салада әртүрлі қолданылады. Осы ретте сайттың тиімсіз тұстары да барын аңғара аламыз:

- бекітілген терминдер мен салалық сөздіктерден терминдерді іздегенде әліпби ретімен және сайт беттерімен іздеуге мүмкіндік бар, бірақ жеке терминді іздегенде әліпби реті болмайды және сөз (термин) бен сөз тіркестері араласып шығады;
- іздегенде тек бекітілген терминдер мен қазақша-орысша аударма сөздіктердің шығуы;
- сайтта бар электронды мақалалардың, кітаптардың, ғылыми еңбектердің құрамындағы терминдердің жекелей мәтіндік нұсқада (корпустағыдай) іздеу мүмкіндігінің болмауы;
- түсіндірме сөздіктерді қамту мүмкіндігінің болмауы.

Бұдан қазіргі кезде терминология саласындағы жалғыз қолжетімді сайт – «Терминкомның» қолдануға әлі де тиімсіз екенін аңғаруға болады. Сол себептен біз терминологиялық корпусқа мұқтаж екенімізді түсініп, оны әзірлеуді қолға алуымыз қажет.

Терминологиялық корпусты құру қандай мәселелерді шешуге мүмкіндік береді?

- Терминологияны біріздендіру. Ш.Құрманбайұлы айтқандай: «Біріздендіру – терминологиядағы бірмағыналылықты қамтамасыз етіп, терминдер мағынасындағы дәлдіктің жетіспеушілігі мен қайшылықтарын және олардың қолданысындағы кемшіліктерді түзетуге бағытталған кәсіби қызмет» [1,7] бүгінгі күні бұл қызмет терминологиялық проблемалардың ең маңыздыларының бірі болып отыр. Сондықтан терминологиялық корпус осы тұрғыдан да бізге өте пайдалы болмақ:

- диссертация жұмыстарын, ғылыми мақалаларды онлайн форматта қолжетімді қылу;
- аударма мәселесі.

Осы аталғандардың барлығы қазіргі таңда шешуді талап етіп отырған мәселелер.

Терминологиялық корпустың үлгісі:

1	Термин іздеу	пайыз
2	Бекітілген жылдары	2009 жылы бекітілген термин 2000 жылы бекітілген термин
3	Нұсқалары	процент
4	Аудармалары	орыс т.: процент ағылшын т.: percent
5	Сөз тіркестері	есептік пайыз, пайыздық кіріс
6	Омонимдері	
7	Көп мағыналылығы	
8	Синонимдері	
9	Шартты белгісі	
10	Сөздіктер	30
11	Ғылыми еңбектер	20
12	Диссертациялар	10
13	Монографиялар	20
14	Мақалалар	110
15	Конференция, семинар, дөңгелеу үстел материалдары	10
16	Газет-журналдар	21

Бұл терминологиялық корпустың тек бастапқы беті ғана, әр белгіленімді басқан кезде, қосымша ақпарат беретін терезелерге кіре береміз. Мысалы, «Диссертациялар» деген белгіленімді бассaq, сол термин кездесетін диссертациялық еңбектер тізімі шығады, одан ары сол еңбекрдің әрқайсысымен танысуға, іздеп отырнған терминнің сол еңбектің қай беттерінде кездесетіні туралы мәлімет алуға мүмкіндік болады.

Корпус материалдары төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Тілдің лексика, грамматика салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүгізу үшін мол тілдік материал болу қызметі;

- Тілдің бірнеше кезеңдік тарихына қатысты мәліметтер бере алуы;

- Тіл білімінің барлық салаларына қатысты анықтамалық құрал қызметі;

- Автоматты түрде жиілік сөздік жасау мүмкнідігі;

- Екі тілді (аударма) корпустар негізінде автоматты аударма жасау мүмкнідігі;

- Тілді оқытуда немесе тілүйренім мүмкнідігі [3; 302].

Біздің ойымызша, терминологиялық корпус құру осы аталған нәтижелердің бәріне қол жеткізе алады. Қазақ тілінің терминологиялық корпусын құру мамандарға да, қоғамның барлық әлеуметтік топтарына, соның ішінде студенттерге, докторанттарға, магистранттарға, мектеп оқушыларына және еліміздің тарихы мен мәдениетіне қызығушылық танытқан барлық адамдарға материалдық және рухани халықтық мәдениеттің байлығына білікті қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сол себептен терминологиялық корпус құру өте маңызды мәселе екенін баса айтқымыз келеді.

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы, 2014 – 952 б.

2. <https://termincom.kz/termins>

3. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика [Мәтін] : оқу құралы /– Алматы: Қазақ тілі, 2017. – 336 б.

II СЕКЦИЯ. ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛІЛЕРІ

B.ABZHEKENOVA

Master of pedagogical science, Korkyt Ata Kyzylorda Univeristy

EFFECTIVENESS OF CRITICAL THINKING TECHNIQUES FOR THE DEVELOPMENT OF ENGLISH

Abstract. This research paper dedicated to research effectiveness of critical thinking techniques in English lessons. Nowadays, being professional teacher is important and in this case to appear questions that «how can teachers show proficiency of themselves» and «how can they be professional? Actually, being professional teacher includes lots of categories. The most important is to engage all students to educational process and to give proper knowledge with well-behaved methods and techniques. To create effective teaching atmosphere to use lots creative methods and techniques are beneficial. So on, our research article belonged to find out effectiveness of used creative techniques in a educational process. Especially, today»s development century learning English is actual, we need to use more beneficial creative ways which grow up learners interest to increase learners» level of English. That is why, our goal was to identify effectiveness of proposed creative techniques and made suggestions due to results. We have used literature review analysis and synthesis research methods and interview as a experimenting the given techniques. As a result, we made suggestions about used techniques, teachers which we took interview added their opinions about these techniques and interested to use them on their own lessons to increase quality of educational process.

Keywords: creative, critical thinking techniques, English, effectiveness, development.

Аннотация. Данная исследовательская работа посвящена исследованию эффективности методы критического мышления на уроках английского языка. В настоящее время важно быть профессиональным учителем, и в этом случае возникают вопросы: «Как учителя могут показать свою компетентность» и «Как они могут быть профессионалами? На самом деле, быть профессиональным учителем включает в себя множество категорий. Самое главное – вовлечь всех учащихся в образовательный процесс и дать правильные знания с помощью правильных методов и приемов. Для создания эффективной учебной атмосферы полезно использовать множество творческих методов и приемов. Итак, наша исследовательская статья посвящена выяснению эффективности используемых творческих техник в образовательном процессе. Тем более, что сегодня, в век развития, изучение английского языка является актуальным, нам необходимо использовать более полезные творческие способы, которые повышают интерес учащихся к повышению уровня владения английским языком. Поэтому нашей целью было выявить эффективность предложенных творческих приемов и сделать предложения по результатам. В качестве экспериментов с данными методиками мы использовали обзор литературы, методы исследования и синтеза, а также интервью. В результате мы внесли предложения по используемым методикам, учителя, с которыми мы взяли интервью, добавили свое мнение об этих методиках и выразили заинтересованность в использовании их на своих уроках для повышения качества учебного процесса.

Ключевые слова: креативность, техники критического мышления, английский язык, эффективность, развитие.

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысы ағылшын тілі сабақтарында шығармашылық ойлау әдістерінің тиімділігін зерттеуге арналған. Қазіргі уақытта кәсіби мұғалім болу маңызды және бұл жағдайда «Мұғалімдер өзін-өзі қалай көрсете алады» және «Олар қалай кәсіби бола алады?» деген сұрақтар туындайды. Шын мәнінде, кәсіби мұғалім болу көптеген санаттарды қамтиды. Ең бастысы – барлық оқушыларды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстырып, дұрыс әдіс-тәсілдермен дұрыс білім беру. Оқытудың тиімді атмосферасын құру үшін көптеген сын-тұрғысынан

ойлау әдістерімен мен техникаларын қолдану тиімді. Сонымен, біздің зерттеу мақаламыз оқу процесінде қолданылған креативті ойлау әдіс-тәсілдерінің тиімділігін анықтауға арналды. Әсіресе, ағылшын тілін үйренудің бүгінгі даму ғасыры өзекті, біз оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру үшін оқушылардың қызығушылығын арттыратын тиімді шығармашылық әдістерді қолдануымыз керек. Сондықтан біздің мақсатымыз ұсынылған шығармашылық әдістемелердің тиімділігін анықтау және нәтижеге байланысты ұсыныстар жасау болды. Берілген әдістерді эксперимент жасау үшін біз әдебиеттерді шолу бойынша талдау және синтездеу зерттеу әдістерін және сұхбат әдісін қолдандық. Қорытындысында қолданылған әдіс-тәсілдер туралы ұсыныстар айтылды, біз сұхбат алған мұғалімдер осы әдістемелер туралы өз пікірлерін айтып, оқу үдерісінің сапасын арттыру үшін өз сабақтарында қолдануға қызығушылық танытты.

Түйін сөздер: креативтілік, сын тұрғысынан ойлау техникалары, ағылшын тілі, тиімділік, дамыту.

Introduction.

The education system is a system that determines the prospects of development of each country. It is known that the global changes are aimed at creating a competitive, creative person who can make their own decisions in any situation. I think that the teaching staff, which has set itself the task of educating the next generation with our national identity, providing quality education to future citizens of our country, is, of course, always in search.

In today's globalization period the role of multilingual person is higher than others. We have known that, learning another language, being master of it, first of all, plays a special role in a international relations.

It is known that knowledge of a foreign language is not a fashion, but a modern requirement. Know and respect your native language. But don't be limited to one language, be versatile and learn the language. This is a guarantee not only of your future, but also of the future of your nation as a whole.

Nowadays, our society is developing in a multilingual, multi-cultural, multi-ethnic environment. This is evidenced by the establishment of relations with countries near and far, the development of science and education. That is, a multilingual society is the only tool that will lead us to success. And the basis for the formation of this multilingual society is to increase the number of young people who are fluent in foreign languages. Therefore, the formation of a multilingual, cultured personality in this developed society is one of the most pressing issues.

Currently, the good development of language skills has a very strong impact on improving communication skills. At the same time, there is an increase in interest in learning languages among people. In this regard, language development, including the desire to learn foreign languages, is very important in a socio-economic society.

In this regard, I would like to note the message of the first President of the country. In the Address of the First President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev on 16 February, 2008 which named «Growth of Welfare of Kazakhstan» Citizens is the Primary Goal of State Policy «discussed issues of language development under the project “Unity of three languages”[1]. That is, in the future, every young generation should be fluent in Kazakh, Russian and English. In this regard, he encouraged every young generation to learn three languages. He also stressed that the future of our independent country is to become a smart, intelligent, educated person who is fluent in three languages, fluent in foreign languages and able to present the culture of his nation abroad.

To achieve this goal, it is first necessary to change the content of education in accordance with modern requirements and introduce new methods in the field of education in order to improve the quality of education. Nevertheless, today there are significant changes in the education system of the country, because the education system is changing every day, we need to quickly master that information and constantly incorporate it into the education system. To do this, it is necessary to quickly master the new information technology in the teaching staff and create conditions for training students. After all, a quality education system is a guarantee of an educated generation.

It is known that today the development of trilingualism is one of the most pressing issues in society. In particular, the emphasis on teaching English is gratifying in the educational process. It is very important in the field of education to pay attention to such issues and contribute to improving the quality of education.

In this case, we know that to create beneficial atmosphere and to use critical thinking techniques is key of qualitative educational process. Following this statement teachers may suggest such kind of tips for all teachers. As a responsible person for whole educational process, we need to be able to be creative and more talented who adapted for any cases.

Tips belonged to teachers advice:

- To be real professional pedagogy who understand students opinions and agree with them and do it in real;

- To make condition for learners to understand materials;

- To use different kinds of methods which increase learners interest

- To create well-planned learning atmosphere which learners will not be bored;

All tips given above needed for all teachers who considers themselves as a real responsible teachers for learning process.

Literature review

We know that today's developed century to learn English is important. Why is it so important? How can we see its importance? Now I would like to consider widely importance of English and usage of it in today's developed era.

Due to the inform of researcher Zeeshan Naved given main 5 reasons of learning English and importance of it:

1. It's an international common tongue. That is, if you learn English we will be have an ability to access international information and media news.

2. It's the language of academia. You can access worldwide scientific knowledge through learning English.

3. It gives you access to a wealth of written media, online and printed. You can get a lot information about world which belonged to media, health, business and etc.

4. It comes in accessible when traveling. If you want to travel, you will be needed English to understand other natives. And to travel there as well as you waited for before.

5. It's essential if you want to work in international business or commerce.

Nowadays to work international companies is trend and it needed to know international language, even you have skillful knowledge belonged to one area but you don't know any international language, they don't get you for work. Form this we can see importance of English [2].

However, to develop English as a English teacher we need to be more creative and to influence process of learning English. Nowadays, critical thinking and increase learners critical-thinking abilities is significant. Main thing is to use critical – thinking techniques in process of teaching and understand its total meaning before use it.

Belonged to notes of Liang W. and Fung D. «Critical thinking has become increasingly prominent in language education in the 21st century» [3]. Due to this opinion we conclude such kind of opinion that without critical thinking we can not realize anything in educational process. Because it gives us opportunity to think widely and think about something comprehensive. Even so, today's language learners so comprehensive, to interest them is not easy, so we need to include more exciting tasks, methods and techniques which take their attention.

According to Sanavi, R. V. and Tarighat, S. «In addition, developing critical thinking provides opportunities to expand language acquisition beyond language skills and memorization» [4]. That is, critical – thinking ability gives learners opportunity to think widely and help students to increase memorization all language skill knowledge. As a result of Philip.C.A «Critical thinking (CT) is purposeful, self-regulatory judgment that results in interpretation, analysis, evaluation, and inference, as well as explanations of the considerations on which that judgment is based» [5]. From this point of view we made a like statement that critical thinking is comprehensive. Through learning it we can

access lot of things in educational process. For example: giving task to discuss that students think deeply and consider the topic critically. To develop students» critical thinking ability we need to pay attention usage of methods and task which have chosen. All actions done by teachers must be influencer for the development of students» critical - thinking ability. Even so, nowadays lots of methods and techniques belonged to increase learners thinking abilities.

What is the meaning of «critical-thinking»? Due to the research of Saleh.S.E given following notes. We would like to consider widely all opinions «- It means thinking twice, thinking out of the box and reflecting on what to do and knowing how to do it. That is, to consider all sides of one discussion topic and not to stop till make your own opinion and own notes.

- It means asking, analyzing, participating and giving feedback. That is, to be able to analyze something and make a feedback about it.

- Critical thinking is to let the learner/student know about their mistakes and weaknesses. Instead of only marking the mistakes, the instructor can make that in the form of questions that may help the learner/student find an alternative for their wrong answer.

- It is helpful to teach them think of the dimensions of making correct answers. Knowledge is about HOW and WHY things are so and so, not about HOW MUCH the student/learner has in his/her memory.

- Students have to be makers of knowledge, not only users. No need for making more copies of old products.

- Critical thinking is a way of changing and solving learning problems. It is a strategy of thinking about thinking that improves student work in order to be of good quality by making judgments, applying assessment forms and dealing with knowledge constructions.

- to think clearly and rationally» [6]. All of the opinions of researcher were the helper for us to make a concluding idea about critical – thinking.

Research methods.

We have used analyze and synthesize methods to make review about given topic and to look through literature materials due to the given topic. And also used interview research method to know opinions of teachers about critical – thinking methods. We think that all research methods were helpful for us to provide a research for given topic.

Results, analysis and discussion

Main point of provided research to range of critical – thinking techniques and to access all methods through the assessment of English teachers. All given methods used to increase learners vocabulary knowledge. So on, we suggest school teachers list of critical – thinking techniques and how do teachers understand usage of these methods and four questions to know total opinions about teaching methodology.

As part of the research, interviews were conducted with English teachers in secondary schools. This interview was aimed at identifying the scope of the methods proposed by English teachers for students in grades 6-7. It is also based on the general understanding of English teachers' use of general methods in the development of vocabulary.

The following questions were asked to determine the views of English teachers on the methods of developing the vocabulary of students in grades 6-7:

Questions of interview

1. What do you do in a process of teaching vocabulary of English?
2. What kind of methods do you usually use when you are teaching vocabulary?
3. What is the role of methods in a process of teaching vocabulary?
4. Which of following methods did you use in a process of teaching vocabulary? If you have used one of them, could you explain advantages and disadvantages of them?

Methods:

- Mind mapping
- Direct method
- Using illustrations and pictures

- Quality line
- Using flashcards
- Teams game tournament
- Think pair share
- Form changes
- Ripple effect
- Word wall
- Teaching vocabulary in color
- Magic eyes
- Picture gallery
- Teaching vocabulary using games
- Teaching vocabulary Using song

The analysis of the results of the above interview focused on the following issues: views on the methods proposed by English teachers and opinions on vocabulary teaching methods which is belonged to level of 6-7 grades. For the interview included 8 respondents to answer.

Table – 1. The results of taken interview.

Category	Code	Citation	Interpretation
The importance of method in a process of teaching vocabulary	try not to repeat one method a second time.	I use different methods during the lessons so as not to bore the children. I try not to repeat one method a second time [Transcript 5].	From this point of view, we can notice that respondent tries to make the lesson beneficial also interesting and not to bored them by using one method again and again
	methods take essential role in teaching process	from my point of view, methods take essential role in teaching process, especially teaching vocabulary. Because, by using different kind of methods teaching vocabulary will be effectively[Transcript 6]	Here respondent express her opinion widely like: she consider methods play an important role in a process of teaching vocabulary. Because it will be effective to remember words by method.
	way to simplify the learning process	teaching students through method is the only way to simplify the learning process and increase productivity [Transcript 3]	This opinion chosen because respondent considers usage of methods is the way of simplification and productivity. We strongly agree this opinion, cause really using methods affect to the quantity of the education process, So on, this opinion valuable with this key point.
	methodological skills	I think that it is better for each teacher to have a certain level of methodological skills in the teaching process. and all this implies the importance of the method in the learning process [Transcript 2]	From this point of view of respondent we can make like conclusion that every teacher should to have at least methodological skills to provide the education process, because your ability affect the quantity of learning process. So on, it is important to have methodological ability or skills, may be!

Opinions about methods	help to focus on giving topic	Mind mapping -help to focus on giving topic, remind all words that belongs to specific topic, to create own map depends on theme [Transcript 6]	From here, we understood that this methods is important for focusing on one theme in one map. And it will effective with this key. When pupil remember words, they will can remember other words together in one time.
	improving visual memory but	Method «magic eyes» improving visual memory of learners [Transcript 6]	Yes, of course this method increases learner visual ability, it also satisfied with the level of 6- 7 graders. Also it considered as a game in a learning process.
	memorize words quickly	Method « Picture gallery » helps children to memorize words quickly using their visual abilities. Enhances critical thinking skills, ensures that words are forever remembered by comparing and matching pictures [Transcript 5]	We consider this method help learners to increase their critical thinking ability that mentioned in this opinion. Because learners tries to match words with their meanings and this helps learners, firstly memorize and not to forget.

In a process of provided interviews mainly most of respondents said that «teaching vocabulary of English through using methods is more effective, and also it increase the usefulness of education process. Through the given questions and methods most of teachers understand that using these methods are interesting, also it helps to encourage pupils and affect to memorizing provided new words in each lessons. Now we would like to imply the table of interview

One of the respondents about role of methods said like «From my point of view, methods take essential role in teaching process, especially teaching vocabulary. Because, by using different kind of methods teaching vocabulary will be effectively. In addition, learners will interested in learning new words, will not be bored and it will be easier process both of learners and teachers. I guess that teachers have to apply various methods in any lesson and any process of teaching». From these opinion given above we can notice, that most of teachers need to choose appropriate methods which is satisfied with the level of students. Especially teaching vocabulary of English method plays an essential role. So on methods considered as key of teaching FLT process. In this case, We would like to suggest other one opinion about role of teaching. Here respondent states about role of method like «Vocabulary teaching methods are very important. This is because teaching students through method is the only way to simplify the learning process and increase productivity. The method is, first of all, a way for the teacher to explain and teach the subject to students. Second, the method used by the teacher depends on the students' mastery of the subject. There are different ways to teach vocabulary. The teacher should use a method that helps to achieve the main goal. The main purpose of teaching vocabulary is to teach students to understand words, recognize them from the text and use them in communication».

Respondents commented on the proposed methods for the development of the vocabulary, noting the advantages and disadvantages of the methods used. The majority of respondents mentioned the following methods as used in vocabulary work: Mind map, using pictures and illustrations, magic eyes, teaching vocabulary in colour, quality line, picture gallery and etc. Also one of the respondent expressed own opinion about «teaching vocabulary using songs». And we would like to discuss and suggest this

opinion. That is «I will use the vocabulary development method using the song below. This method will be interesting for students in grades 6-7. They quickly memorize words by adding their favorite music and repeating new words over and over again. When a child feels like a friend to a teacher, the development of the brain is enhanced by the ability to express themselves freely. Disadvantages: children may make noise in class, it is difficult to cover all students, a child who is not interested in music may not be able to join the rhythm». the reason of suggesting this answer is to know opinion about method that this respondent did not use, and wants to use in a process of teaching vocabulary.

Based on the results of the interviews, we made the following conclusions.

1. To increase the vocabulary of pupils with the help of methods is matter in a process of FL teaching
2. Suggested methods not to dependent for teaching material, that is, all teaching materials are available in a usage of these methods
3. Methods which are corresponds with levels of pupils are «mind mapping», «magic eyes», «using illustrations and pictures», «quality line», «teams game tournament», «teaching vocabulary in colour», «magic eyes», and «Picture gallery»

Conclusion.

Taken questionnaire and interview was big impact for our research and it affects to the result of taken methods which will be suggest as effective methods to increase learners vocabulary knowledge. In the questionnaire were methods which considered as a ineffective, that is, methods can not match with the level of pupils» of primary school. But can use for higher grades. As for the information about the interview, there were those who commented on the proposed methods and analyzed them as a method suitable for students in primary level. In general, these interview research method is part of the validity of our research topic.

So on, we can say that our research was beneficial that we can get access about provided research teachers» opinion about critical – thinking techniques and role of it due to EFL development and including vocabulary development. We know that each provided research has own impact for science. We can say that we can get own research goal which have set beginning the research.

References

1. Address of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the People of Kazakhstan February 16, 2008. https://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/address-of-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-nursultan-nazarbayev-to-the-people-of-kazakhstan-february-6-2008
2. *Zeeshan Naved.* 6 Reasons Why Knowing English Is Important in Today's World. <https://owlcation.com/humanities/importanceofenglishlanguages> .2022
3. *Liang W., Fung D.* Fostering critical thinking in English-as-a-second-language classrooms: Challenges and opportunities //Thinking Skills and Creativity. – 2021. – T. 39. – C. 100769.
4. *Sanavi R. V., Tarighat S.* Critical Thinking and Speaking Proficiency: A Mixed-method Study // Theory & Practice in Language Studies. – 2014. – T. 4. – №. 1.
5. *Abrami P. C.* et al. Strategies for teaching students to think critically: A meta-analysis //Review of Educational Resaearch. – 2015. – T. 85. – №. 2. – C. 275-314.
6. *Saleh S. E.* Critical thinking as a 21st century skill: conceptions, implementation and challenges in the EFL classroom //European Journal of Foreign Language Teaching. – 2019.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚУЛЫҚТЫҢ РӨЛІ (5-7 СЫНЫПТАР)

Андатпа. Мақалада оқушылардың лингвистикалық құзыреттіліктерін қалыптастырудың қандай маңызы бары талқыланып, лингвистикалық құзыреттілік қалыптастырудағы оқулықтардың атқаратын рөлі қарастырылды.

Кілт сөздер: тіл, қазақ тілі, лингвистикалық құзыреттілік, дағды, оқулық, грамматикалық ұғымдар.

Аннотация. В статье рассматривается значение формирования языковой компетенции учащихся и рассматривается роль учебников в формировании языковой компетенции.

Ключевые слова: язык, казахский язык, языковая компетенция, навыки, учебник, грамматические понятия.

Қазіргі жаһандану қоғамы жағдайындағы ХХІ ғасырда жас ұрпақ тәрбиесінің алатын орны ерекше. Мектептегі білім жеке тұлғаның және жалпы қоғамның қалыптасуына әсер етеді, өйткені ол әрбір адам үшін болашақ әлеуметтік белсенді тұлғаның қасиеттерін игеретін әлеуметтік институт болып табылады. Бұл үшін қажетті белгілі бір дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру және дамыту орта мектептердегі қазақ тілі сабақтарында да жолға қойылған. Соңғы жылдары орта мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесіне ғалымдардың, әдіскерлердің, практик мұғалімдердің тілдік құзыреттілік мәселелеріне деген қызығушылығы арта түсті [1, 3].

Тіл – адамның қарым-қатынасының, тұлғаның қалыптасуы мен рухани дамуының ең маңызды құралы. Нақ осы тілдің қоғамдағы рөлін түсіну оның «қазақ тілі» пәні ретінде басқа оқу пәндері арасындағы орнын анықтап, оны мектепте оқытудың түпкі мақсатын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Тілдік құзыреттілік, яғни, лингвистикалық құзыреттілік ерекше маңызға ие, өйткені ол оқушының кейінгі білім алуында, болашақ кәсіби құзыретті, әлеуметтік белсенді тұлға болып қалыптасуында, жалпы жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізі болып табылады. Лингвистикалық құзыреттілік оқушылардың әртүрлі тілдік құбылыстарды талдау және бағалау қабілеттерін, сөздік қарым-қатынас дағдылары мен білім-біліктерін дамытуды қамтып, қазақ әдеби тілінің негізгі нормалары мен сөйлеу тәртібінің ережелерін меңгеруге ықпал етеді [2, 4].

Жалпы орта мектеп оқушыларының лингвистикалық құзыреттіліктерін қалыптастыруда мектепте оқытылатын оқу құралдарындағы тақырып мазмұны мен әдістемесі үлкен рөл атқарады. 5-7 сыныптарға арналған қазақ тілі оқулықтарындағы тақырыптармен жаттығулар, тілдік тапсырмалар оқытудың төрт дағдысы – оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдыларын қалыптастыруға арналған. Бұл дағдыларды қалыптастыру оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың коммуникативті дағдыларын дамытуға негіз болады. Оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру, олардың ақыл-ой, интеллектуалдық дамуы, тілдік тұлғаны тәрбиелеу мақсатындағы қазақ тілі оқулықтарының (5-7 сынып) маңызына мыналар жатады:

- Тіл мен ақыл-ойдың дамуына зор мүмкіндіктер беру;
- Оқушылардың қазақ тілінің грамматикасын жүйелі меңгеруі;

- Оқушылардың жалпы білім алуына ықпал етіп, білімдерін байыту;
- Қазақ тілінің негізгі заңдары мен ережелерінің қамтылуы;
- Ойды жеткізудің тілдік құралдарының мол спектрі;
- Мектеп оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға, практикалық дағдыларының (орфоэпиялық және орфографиялық) базалық қалыптасуына ықпал ететін тапсырмалар мен жаттығулар;

- Морфологиялық білім, білік, дағдыны игерудің мол базасы [3, 12].

Қазақ тілі оқулықтарының бұл артықшылықтарының бәрі оқушылардың лингвистикалық және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін негізгі алғышарт болып саналады.

Дәстүр бойынша 5-7 сыныптарға арналған қазақ тілі оқулықтарының алғашқы беттерінде қазақ тілі туралы жалпы мәліметтер, тіл туралы белгілі ағартушы-ғалымдардың тұжырымдамалары келтіріледі. Бұл мәліметтер мектеп оқушыларын тілге тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, мәдени құбылыс ретінде де саналы көзқараста тәрбиелеу мақсатын көздейді. Оқулықтарда ұсынылған мәтіндерді мектеп оқушыларының оқып қана қоймай, байыппен түсінуі өте маңызды.

Мектеп оқушылары 5-7 сыныптарға арналған қазақ тілі оқулықтарынан классик жазушылардың қазақ тілі туралы шығармаларымен танысады, бұл жас ұрпақтың өз туған тілі туралы терең түсініктерін қалыптастыруға, сол арқылы оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамытуға ерекше әсер етеді.

Тілді оқытудағы лингвистикалық тәсілдің маңызды идеясы – қазақ тілінің ұлтымыздың басты байлығы екендігін, басты қарым-қатынас құралы екендігін оқушылардың санасына жеткізу. Лингвистикалық ақпарат тіл жүйесінде де (бірліктерінде, грамматикасында, лексикасында), сөйлеуде де сақталады. Демек, лингвистикалық құзыреттілікті оқулық көмегімен қалыптастыру екі бағытта жүруі керек:

- Оқулық арқылы мектеп курсының негізгі тілдік материалын оқу кезінде;
- Оқулық мәтіндерімен жұмыс жасау кезінде.

Оқулықтардағы (5-7 сынып) оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті ең құнарлы оқу материалы «Лексика» бөлімінде ұсынылған. Бірінші кезекте «Антоним», «Синоним», «Омоним», «Көнерген сөздер (историзмдер, архаизмдер)», «Неологизмдер», «Кіріме сөздер» тақырыптарын меңгеру оқушылардың тілдік білімдерін кеңейтіп, лингвистикалық құзыреттіліктерін қалыптастырады. Ал әр тақырып бойынша берілген лексиканы қамтитын жаттығулардың, әр жаттығу астындағы сұрақтар мен тапсырмалардың тілдік білімді бекітудегі пайдасын айтудың өзі артық.

Мәселен, 5-7 сыныптарға арналған қазақ тілі оқулықтарының оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған төрт дағды – оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым бойынша тапсырмаларға талдау жасасак:

- Оқылым дағдысы бойынша 5-7 сынып оқулықтарында берілетін тапсырмалар мәтінді жазу, айтудан гөрі берілген мәтіннің негізгі мәнін түсінуге негізделеді. Мысалы, 5 сынып оқушылары оқулықтағы «Қазақ ертегілері» тақырыбындағы мәтінді оқу арқылы оқылым мәтінінің тапсырмасы бойынша алдымен мәтінді оқып, кейін оның негізгі идеясын анықтауы керек. Яғни, бұл мәтінді оқып, мәтіннің негізгі мәні анықтау арқылы оқушыларда лингвистикалық құзыреттілік қалыптасады.

- Тыңдалым дағдысы бойынша 5-7 сынып оқулықтарында берілетін тапсырмалар тілге сай негізделеді. Оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыратын тыңдалым тапсырмалары диалог, әңгіме, хабарландыру немесе жарнама үлгісінде болады. Мәселен, 5 сынып оқушысының деңгейіне лайықты таңдалған тапсырма үлгісін алсақ: «Тапсырмада берілген сөздерге сай келетін зат есімдерді қою арқылы «Кім жылдам» ойынын ойнау».

- Оқулықтарда (5-7 сынып) оқушыларға айтылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше түрлері кездеседі. Мәселен, айтылым тапсырмалары тілдің белгілі бір формасына негізделсе, ол шаблонды оқытуға жатады. Үлгі ретінде 5 сынып оқушыларының деңгейіне арналған айтылым тапсырмасын талдап көрейік. Тапсырма бойынша берілген сөздерге сай келетін етістіктерді қойып, айту керек. «Мен кешкі ас , Мен таңертеңгі уақытта , Әкем екеуіміз үй тапсырмасын бірге »

- Оқулықтардағы жазылым дағдысына арналған тапсырмалардың бәрі дәптерге түсірілуі керек. Жазылым тапсырмаларына құттықтау қағазын жазу, хат, әңгіме, эссе, хабарлама жазу жатады. Мысалы 5 сыныпқа арналған тапсырма үлгісі бойынша: «мәтінді тыңдап, келесі жолдарды толықтыр» [4, 21].

Осындай үлгідегі оқулық (5-7 сынып) тапсырмалары оқушылардың тақырыпты меңгеруге деген қызығушылықтарын арттырып, күрделі материалды оңай игеруіне ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың лингвистикалық құзыреттіліктерін қалыптастырады. Әр сыныптың оқулығында берілген тапсырмалар сол сынып оқушысының деңгейіне сай беріледі.

Осылайша, қазақ тілін оқытуда оқулықтарды пайдалана отырып құзыреттілік тәсілін қалыптастыру тілдік тұлғаның даму көрсеткіші болып табылатын оқушының тілді меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылардың оқулық көмегімен қалыптасатын лингвистикалық құзыреттілік деңгейлеріне мыналар жатады:

- Оқулық тақырыбына сай арнайы білім деңгейі;
- Оқулықтағы тілдік материалмен әрекет ету тәсілдерін меңгеру деңгейі;
- Стандартты емес жағдайларда оқулықтан алған лингвистикалық білімдерін пайдалана білу деңгейі [5, 13].

Оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастырудың оқулыққа (5-7 сынып) негізделген әдістемелік жүйесін іске асыру стратегиясы оқулықтың дидактикалық құрылымын жүйелі тандаудан (оқушылардың тілдік ұғымдарды меңгеруіндегі қиындықтарды, оларды өз бетінше қолдану қиындықтарын ескере отырып тапсырмалар қою) тұрады [6, 24].

Оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін оқулық арқылы (5-7 сынып) қалыптастыру жүйесін жүзеге асыру оқулықтағы білімді бір арнаға жұмылдыру, оқушылардың оқулықты меңгерудегі іс-әрекетін басқару, оқу материалымен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін меңгеру және соның негізінде білім алу дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыруда оқулықты пайдалану критерийлеріне – оқулықтағы (5-7 сынып) тілдік бірліктерді анықтау, оларды өзге оқулықтардағы сырттай ұқсас бірліктермен салыстыру, оқулық арқылы іс-әрекет тәсілдерін меңгеру және осының негізінде жаңа білімді меңгеру жатады.

Оқушылардың лингвистикалық құзыреттіліктерін оқулық арқылы қалыптастырудың грамматикалық ұғымдарды меңгерудегі тілдік әрекеті мағыналық және формальды грамматикалық белгілердің бірлігін түсінуге, тіл құбылыстарының ішкі байланысын, сөйлеудегі тілдік бірліктердің қызметін түсінуге, сонымен қатар оқытылатын материалмен жүйелі әрекет арқылы сөйлеудегі тілдік бірліктердің қызметін меңгеруге бағытталған. Оқушыларды оқулық арқылы саналы лингвистикалық іс-әрекетке қосудың шарты – оқулық мәтінін оқу процесінде оқушының іс-әрекетінің алгоритмі бар білімді меңгеруге, оқу және тілдік дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететін арнайы тапсырмалар мен жаттығуларды, жадынамаларды, нұсқаулықтарды қолдану.

Оқулықтағы (5-7 сынып) грамматикалық ұғымдармен жасалатын жұмыстың барлық кезеңдерінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану мектеп оқушыларының тілдік тақырыптарды дұрыс меңгеруіне, оқулық бойынша оқытылатын тілдегі құбылыстардың бірігуіне және байланысын орнатуға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ақыл-ой мен сөйлеуінің дамуына ықпал

етеді, зейіндерін арттырады және оқытылатын пәнге деген қызығушылықтарын қалыптастырады. Демек, қазақ тілі оқулықтары тілдік білімді меңгеру құралына айналады, оларды оқу іс-әрекетінде пайдалану оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін ойдағыдай қалыптастыруға, интеллектуалдық дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13 мамыр 2016 ж. №292 қаулысымен бекітілген Жоғары Білім Берудің Мемлекеттік Жалпыға міндетті Стандарты.
2. *Оразбаева Ф.Ш.* Тілдік қарым-қатынас теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000 ж.
3. Қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламалары (5-7 сыныптар).
4. Оқу – әдістемелік құрал: Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. ISBN978-601-7239-83-1.
5. *Әбілқасов А.* Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1995.
6. *Исабаев У.* Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы, 1999.

А.АЛДАЖАРОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақ филологиясы мамандығының 1-курс магистранты*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «НАМЫС» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіліндегі «намыс» концептісі қарастырылған. Ғылыми зерттеулердегі концепт терминінің анықталуына талдау жасаған. Концептінің тілді зерттеудің антропоэекті парадигма аясында қарастырылуына, когнитивтік лингвистикадағы концептілік талдау әдістеріне сүйене отырып қазақ танымындағы намыс түсінігі анықталған. Мақалада концептіні зерттеген ғылыми зерттеулерге шолу жасалып, ғылыми пікірлер талданған. Тіл біліміндегі ғалымдардың концепті жайындағы пікірлері үш топқа ажыратылғаны, «мәдени концепт», «рухани мәдениеттің тірек сөздері» тіркестерінің мәні зерделенген. Зерттеу жұмысында «намыс» концептісі қазақ мақал-мәтелдері негізінде қарастырылған. Түсіндірмелі сөздіктердегі мағыналары келтіріліп, тіл біліміндегі концепт саласын зерттеген ғалымдар пікірлеріне сүйене отырып, «намыс» концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісі сараланған. «Намыс» концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісіне «ар-ождан», «абырой», «ұятқа қалмау», «ұлттың абыройы» деген төрт мағына енетінін қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің мазмұны мен мағынасына жасалған талдау көрсеткен. Намыс жеке бір адамның емес, тұтастай ұлттың абыройы деп танылатындығы аталған. Осы себептен де, «намыс» концептісі жеке адам тәжірибесі мен тұтас ұлт тәжірибесі тоғысынан туындаған деуге негіз бар. Сондай-ақ, адам ойының мәдени көрсеткіші деп анықталып, «мәдени концепт» аясында қарастырылып, талданады.

Түйін сөздер: концепт, намыс, таным, антропологиялық парадигма, когнитивтік лингвистика.

Аннотация. В данной статье рассматривается понятие «честь» в казахском языке. Он проанализировал определение термина концепт в научных исследованиях. На основе рассмотрения концепта в рамках антропоцентрической парадигмы языковых исследований и методов концептуального анализа в когнитивной лингвистике определяется понятие честь в казахском знании. В статье представлен обзор научных исследований, изучавших это понятие, и

анализируются научные мнения. Мнения ученых-лингвистов о концепте делятся на три группы, анализируются значения выражений «культурный концепт» и «опорные слова духовной культуры». В статье на основе казахских пословиц рассматривается понятие «честь». Приведены значения в толковых словарях, и на основе мнений ученых, изучавших поле концепта в языкознании, дифференцировано смыслоинформационное поле концепта «честь». Анализ содержания и значения пословиц казахского языка показал, что смысло-информационное поле концепта «честь» включает в себя четыре значения: «совесть», «честь», «бесстыдство», «народная честь». Упоминается, что честью признается не честь отдельного человека, а нации в целом. По этой причине есть основания полагать, что понятие «честь» возникло из соединения индивидуального опыта и опыта всей нации. Также он определяется как культурологический индикатор человеческого мышления, рассматриваемый и анализируемый в рамках «культурной концепции».

Ключевые слова: концепт, честь, познание, антропологическая парадигма, когнитивная лингвистика.

Annotation. This article discusses the concept of “honor” in the Kazakh language. He analyzed the definition of the term concept in scientific research. Based on the consideration of the concept within the framework of the anthropocentric paradigm of language research and methods of conceptual analysis in cognitive linguistics, the concept of honor in Kazakh knowledge is determined. The article presents an overview of scientific studies that have studied this concept, and analyzes scientific opinions. The opinions of linguists about the concept are divided into three groups, the meanings of the expressions “cultural concept” and “supporting words of spiritual culture” are analyzed. The article deals with the concept of “honor” on the basis of Kazakh proverbs. The meanings in explanatory dictionaries are given, and on the basis of the opinions of scientists who studied the field of the concept in linguistics, the semantic-informational field of the concept “honor” is differentiated. Analysis of the content and meaning of the proverbs of the Kazakh language showed that the semantic-informational field of the concept “honor” includes four meanings: “conscience”, “honor”, “shamelessness”, “people’s honor”. It is mentioned that honor is not the honor of an individual, but of the nation as a whole. For this reason, there is reason to believe that the concept of “honor” arose from the combination of individual experience and the experience of the whole nation. It is also defined as a cultural indicator of human thinking, considered and analyzed within the “cultural concept”.

Keywords: concept, honor, cognition, anthropological paradigm, cognitive linguistics.

Тілдің болмысына адамзат тіршілігінің ең басты құралы ретінде қарау, халықтың таным тереңінен сөз мағынасын өрбіту, адамның ойлау, пайымдау, қабылдау қабілеттерін тіл тарихымен бірлікте, сонымен қатар, тіл білімінің жаңа бағыттарын дәстүрлі парадигмамен бірге қарастыру тіл білімін жаңаша зерттеуге алып келді. Т.Кун ұсынған парадигма теориясы аясында, тіл білімінде қалыптасқан үш түрлі парадигманың ішінде антропоэзектік парадигма тілді зерттеудің жаңаша үлгісін алып келді. Тілді құрылым, жүйе ретінде емес, бүгінгі күні «тіл-адам» қатынасында зерттеудің маңыздылығы арта түскенін көреміз [1]. Зерттеушінің мынадай ойы назар аударуға тұрарлық: «Адамның анатомиялық жаратылысынан бастау алатын таным, ең алдымен, табиғи жүйенің бір бөлшегі, ішкі физиологиялық тәртіптің жемісі деп қарастырылатыны анық. Адамның психологиялық және когнитивті мүмкіндіктерін зерттеу – кез келген ғылым жетістігін жалпыадамзаттық игілік ретінде пайдаланудың бірден бір көзі» [2, 119]. Осы жерден мынадай ой туындайды, яки тілдің де, ұлттың да шынайы табиғаты таным әлемі мен тіл әлемін салғастырып зерттегенде анықталатынын байқаймыз [3]. Таным теориясы деп қарастырған әрі тілді сол тілді тұтынатын халықтың танымы негізінде қарастырған когнитивтік лингвистикада В.Гумбольд, Г.Штейнталь, А.Потебня, Н.Д.Артюнова, В.А.Маслова, В.Н.Телия,

Ю.С.Степанов, А.Вежбицкая, Е.Кубрякова, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Э.Сүлейменова, Б.Хасанов, Г.Смағұлова, М.Күштаева, Н.Айтова сынды өзге де зерттеушілер еңбек сіңірген. Когнитивтік лингвистика да маңызды тақырыптардың бірі концепт екені айқын. Біздің зерттеуіміз осы тақырыпқа арналады.

Концепттік жүйе адам танымының ерекшелігін сипаттайтын болғандықтан, тіл ғылымында үш түрлі жүйе ретінде анықталады.

– Ю.Степанов тұжырымы бойынша, концепт адам ойының негізгі әрі мәдени көрсеткіші деп танылады;

– Н.Алефиренко, А.Шмелев, Т.Блуыгина, Н.Арутюнова сынды зерттеушілер концептті тілдік таңбаның семантикасы ретінде қарастырады;

– Е.Кубрякова, Д.Лихачев сынды ғалымдар концепттің сөз мағынасынан емес, адамның жеке және халықтық тәжірибесінің сөз мағынасымен «қақтығысуы» нәтижесі екенін айтады.

Сонымен қатар, зерттеуші концептті ұжымдық білімнің бірлігі екенін, этномәдени ерекшелігі барын келтіреді. Концепт терминімен қатар, ұғым да қолданылады. Осы орайда, В.Маслова, осы екі терминнің арасын ажыратып береді. Оның ойынша, ұғым деп отырғанымыз энциклопедиялық анықтамада айқындалады, концепт – ғаламның шындық немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындайтын бірлік. Концептілер өзіндік ерекшелігіне, ақиқат дүниенің болмысына қарай, санада танылу деңгейіне байланысты эмоционалдық, ұлттық-мәдени, метафизикалық деп ажыратылады. Ойсурет, схема, скрипт, сценарий, фрейм сынды типтері де ажыратылады. Зерттеуші С.Исакова концептіні «хабарлы құрылымдарды түсінуге, тәжірибе мен білімнің бейнелі нәтижелерін адам санасының ойлау бірліктері мен ресурстарын түсінуге мүмкіндік беретін когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі» деп анықтайды [4].

Тұрмыс лексикасындағы әлемнің тілдік бейнесін зерттеген А.Молдасанованың көрсетуінше, концепт – ұлт тұрғысынан қарағанда сол бір атаудың берілген мағынасындағы ассоциативті түсініктердің жиынтығы, сондай-ақ, заттар мен құбылыстардың, абстракт атаулардың сол қауымға тиесілі дүниетанымындағы өзіндік және толық бейнесі. Сонымен қатар, кез келген ұлт тұлғасының танымы осы концепттерден орын алатындығын айтады. Зерттеушінің айтуынша, концепт түсінігі тек қана тіл арқылы ғана емес, сезім арқылы танылады. Қарапайым ғана әлем бейнесі мен ғылыми әлем бейнесінің шекараларын анықтау мәселесі концепт ұғымының пайда болуына, дамуына ықпал жасаған [5].

Кез келген халықтың алыс замандардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары – сол халықтың ғұмыр жолының айнасы. Өткен замандардан жеткен мұралары бүгінгі ұрпақ үшін тек тарихтың қарапайым куәгері ғана емес, сонымен бірге қазіргі сан тарау мәдениетіміздің бой көтерген берік тұғыры. Адам баласының таным-түсінігі толысқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған материалдық және рухани мұраларды зерттеп, игеруге деген қажеттілігі арта түспек. Бүгінгі таңдағы ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ел-жұрттың білім өрісі мен сауатын да, ойдың оралымдылығы мен тілдің құнарын да, материалдық және рухани қажеттіліктердің деңгей-дәрежесін де, ең арғысы талғамның татымына дейін мәдениеттің аясына сыйғызады. Демек, «мәдениет дегеніміз адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терісінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтиды». Әрине, «мәдениет» атауының мәні кең. Материалдық, рухани мәдениет деп екіге бөлудің өзінде де шарттылық бар. Осы тұрғыда базалық материалдық мәдениетті танытатын атауларды концепті түрінде тану керек. Әсіресе, ұлттың ұлттық ерекшелігін, таным-түсінігін, ой-өрісін, яғни бір сөзбен айтқанда, мәдени болмысын танытатын лексемаларды (атауларды) «мәдени концепті» когнитивті лингвистиканың өзекті мәселесіне айналып отыр. Когнитивті лингвистика, метафораның когнитивті теориясы – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан тіл-білімді жүйелеу мен құрудың құралы. Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық

және ассоциациялық өрісі арқылы айқындалады. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінде пайда болған ақпараттың құрамында когнитивті және прагматикалық мағыналардың элементтері бейнеленеді. Концепт сөздердің терминдік мағынасы – әр ғылым саласында әр түрлі. Адам күнделікті өмірде тағдыр, шындық, парыз, абырой, бостандық, еркіндік т.б. сөздерді қолданса да, олардың мағынасын анық түсіндіре алмауы мүмкін. Ол сөздердің беретін ұғым-түсінігін түсіндіру адамның тілді білу тәжірибесіне қарай әртүрлі болады. Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер рухани мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде танбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. Рухани-мәдени сөздердің лексикалық мағыналарын анықтау – жаңа үстеме мән-мағынаның ашылуына септігін тигізеді. Бұл өз кезінде бұрынғы түсіндірмелерді жаңа қырынан бағалауға әкеледі. Әсіресе, тірек концептілер (тірек сөздер) – мәдениеттің бір элементі, сонымен қатар оны түсінудің де кілті. Олар мәдениетті өз ішінен ұғынуға көмектеседі. Бұл сөздердің жаңа мағыналарының пайда болу механизмдерін тану арқылы, біз сол мәдениеттің өзін тани аламыз. Тірек концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай-күйін білеміз. Осымен байланысты «Мәдени концепт» анықталады. Н.Д. Арутюнованың ойынша, «мәдени концепт» – философиялық, этикалық ұқсас терминдер. Бұл сөздер танбалайтын ұғымдарды философиялық, этикалық ғылыми зерттеулер қарастырады. Сөйтсе де, ол сөздер кез келген тілдің актив сөздік қорына кіреді, яғни сол тіл өкілінің әрқайсысына түсінікті мағынада қолданылады. Осы мәселе төңірегінде В.А. Маслова мәдени ақпарат тілдің номинативті бірліктері арқылы төрт тәсілмен: «мәдени семалар», «мәдени ая», «мәдени концептілер», «мәдени коннотациямен» берілетінін айтады. Мәдени концептінің кілті тек жеке тілдік тұлға ғана емес, сонымен қатар лингвомәдени таным тұрғысынан жалпы қоғамдағы экзистенциалды мағыналы әлем бейнесінің өзегі болып табылатын тілдік бірліктерді айтады және мәдениеттің негізгі концептісіне ар, тағдыр, күнә, заң, бостандық т.б. дерексіз атауларды жатқызады.

Д.С. Лихачевтің анықтауы бойынша, концептілер адамның санасында белгілі бір мағынаға сілтеме ретінде және адамзаттың жалпы тілдік тәжірибесіне поэтикалық, прозалық, ғылыми, әлеуметтік, тарихи т.б. нұсқаушы ретінде туындайды. А.Я. Гуревич мәдени концептілерді: «кеңістік», мәдени универсалды деп аталатын философиялық категория (мезгіл, кеңістік, себеп, өзгеріс, қозғалыс) және «мәдени категориялар» деп аталатын әлеуметтік категориялар (бостандық, әділеттік, еңбек, байлық, жекеменшік т.б.) деп екі топқа бөледі. В.А. Маслова бұдан үшінші бір топ «ұлттық мәдени категорияларды» бөліп шығарған дұрыс деп көрсетеді. Мысалы, қазақтар үшін қонақжайлылық, батырлық, ерлік, ұйымшылдық, еңбекқорлық т.б. ұғымдар мәдени концептінің ұлттық мәдени категорияларына жатады. Осы қатарға «намыс» концептісін де қосуға болады деп ойлаймыз.

Сөздердің мәдени концепті қатарына енуі олардың прагматикалық, семантикалық сипаттарына байланысты. Біз концепті сөздерді мәдениеттің екі жағы іспетті материалдық және рухани мәдениеттің өзара байланысы ретінде қарастыру бағытын ұстандық. Рухани мәдениетті жан-жақты әрі терең танымдық зерттеу – тілдегі бүкіл сөздерді концептіге жіктеуге мүмкіндік береді. Қазіргі тіл ғылымында концепт терминінің қарастырылуы лингвистика мен философияның өзара қарым-қатынасының күшеюіне байланысты. Логикада «концепт термині» ұғым, түсінік терминдерімен бірдей мағынада қолданылады. Сөйтіп, концепт ұғымын «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі» ретінде тани отырып, біздің дүниетанымымыздағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарауды жөн көрдік. Дегенмен, концепт терминін «рухани мәдениеттің тірек сөздері» мағынасында ғана түсінбейміз, себебі тірек сөз концепт сөзіне емес, «мәдени концепт» тіркесіне балама ретінде қолданылады [6].

Ұлт ерекшелігін айқындауда мәдени концептінің маңызы зор. С.Исакованың келтіруінше, концептіні екі түрде қарастырады: индивидуалды концепт және мәдени концепт. Кең көлемде индивидуалды концепт ғаламды жеке тұлғаның қалай қабылдауын көрсетеді. Мәдени концептіде ұлттың, халықтың қалай қабылдайтынын анықтайды. Сонымен қатар, А.Вежицкая концептіні анықтауда «мәдениеттің түйінді сөздері» деуді дұрыс көрген [7]. Аталған тұжырымдарға сүйене отырып, халқымыздың танымында ерекше орын алатын «намыс» концептісінің когнитивтік сипатын анықтауды мақсат етеміз.

Халқымыз намысын ешкімге таптатып қоймаған. Жау алдында да, жұрт алдында да намысын беріп қарап тұрмай, жауап қатқан. «Жаным арымның садағасы» деп намысты өлімнен жоғары қойып, осы құндылық негізінде өмір сүрген.

Бұл халқымыздың өмірлік тәжірибесін түйіндеген мақал-мәтелдерде көрініс тапқан. Мысалы,

*Намысы бар жігіттің,
Нар күшіндей күші бар.
Намысы жоқ жігіттің,
Намыспенен несі бар [8].*

Намыс сөзінің сөздіктерде былайша анықталған: *Намыс* сөзі кірме сөздер қатарында араб тілінен енген сөздер құрамында. Сонда, *намыс* дегеніміз *ар, ұят, ұждан*. Қазақ тілінде «ұлттың, жеке бастың абыройы, *ар-ұжданы*» деген ұғымда да қолданылады. Қазақ фольклорлық жырларында «кегі қайту, тапталған *ар-ұжданының* қарымын қайтару» деген мағынаны білдіретін «*намыс қайту*» тіркесі жиі кездеседі [9].

Намыс сөзімен қатар, *намыскер* сөзі де қатар қолданылады. Мағынасы *намысқой, намысшыл, ар-ождан*ын бәрінен артық санайтын. Сонымен қатар, *намысты, намысшыл* сөздері де алмасып, кезектесіп келеді [10].

Сонымен қатар, сөздіктерде *намыс туы, намыс-кек, намыстану, намыс етті, намысы ояу, намыстылық, намыс қылды, намыс көрді, намыс болды* деген тіркестерде бар. Дегенмен, соңғы үш сөздің мағынасында *ар-ұятқа тиетін әрекет болды деп, өзіне мін санады, кемітіп, басынды деп тепсінді* мағынасында келеді.

Көріп отырғанымыздай, *намыс* сөзі халқымыз үшін жай мағынаға ие сөз емес. Мәселен, мақал-мәтелдерді қарар болсақ, бойында *намысы бар жігіттің* нардың күшіндей күш болатынын айтады, сонда, халқымыз бұл арқылы жігіт деп оның ішінде азаматын бөлек шығарып деп түсінеміз. *Намысы жоқ жігіт, әлбетте, намыспен ісі болмайды*. Ол елдің, жердің абыройын ойламайды. Ал бұл жерде *намысы бар жігіт* жүретінін көрсетеді. Осы мағынадағы қолданылатын мақал-мәтелдер қатарын тағы да келтіре беруге болады: *Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді*. Яки қамыстың сусыз жерде болмайтыны белгілі. Ал *намыс болса, азған елде болмайтынын* айтып, *намысты жоғары мағынада* қарастырады. Яки, *намыс – оқыған, білімді, көзі ашық елде болатынын* меңзеп тұрғанын көреміз. Сондай-ақ, *намысты ар-ождан* деп анықтайтынға қарасақ, *қасиет* деп те анықтауға болады. Не десек те, бұл сөз халқымыздың табиғатына сіңісіп кеткен, *намысты қозғағанда сонау ғасырдан келе жатқан құндылықтар* жайлы айтуға болады.

Әрине, *намыс* арқылы халқымыздың танымы анықталатынын көреміз. Мәселен, халқымызда ХХ ғасырға дейін ел мен жер үшін күреспеу *намыс* саналған. Ата-бабадан қалған жерді қорғамау ер жігітке *намыс* болған. Кейін, уақыт өте келе *намыс* сөзінің мағыналық ауқымы өзгерді. Әрине, о бастағы мағынасын сақтай отырып, жаңа мағынаға ауысқанын көреміз. Әр буын үшін *намыс* ұғымы өзгеріп отырды. Солай, «*намыс*» концептісі тірек сөздер ретінде әрі халқымыздың танымында мәдени концептілер деп анықталатынын көреміз. Рухани мәдениеттің тірек сөздері ретінде де *намыстың* анықталатынын байқаймыз. «*Намыс*» концептісі халық танымының терең қабатынан орын алған. Мәселен, М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шығармасын қарайық.

Жазушы астыртын түрде Күшікбай батырды беруі арқылы бұрынғының батырлары үшін ел мен жерді қорғау намыс болғанын, ал одан кейінгі кезеңдегі Ақан сияқты азған елдің адамдары үшін «намыспен» ісі жоғын көреміз. Сондай-ақ, намыстың жеке адам мен халық тәжірибесінің қақтығысынан орын алғанын көреміз. Намыс – жеке адамның да, тұтас ұлттың абыройы.

Сонда, намыс деп отырғанымыз ар-ождан екенін көреміз. Екіншіден, абырой. Үшіншіден, ұлттың, халықтың абыройы. Төртіншіден, өзге алдында, өзге жұрттың алдында ұятқа қалмау, абыройын, ар-ожданын қорғау барысында пайда болатын рухани сезім ретінде анықталады. Сонда, «намыс» концептісінің мағыналық-ақпараттық өрістері ретінде аталған ерекшеліктерді көреміз.

Біріншіден, ар-ождан мағынасында мына мақалдан көруімізге болады:

Ерді *намыс* өлтіреді,

Қоянды қамыс өлтіреді [11, 108].

Екінші мағынада былайша көрінеді:

Ерді *намыс* өлтірер,

Қоянды қамыс өлтіреді.

Сартты «бап-бап» өлтірер,

Ерді «қап-қап» өлтіреді.

Ердің қаны – жүз жылқы, намысы – мың жылқы.

Сусыз жерде қамыс жоқ,

Азған елде *намыс* жоқ [11, 110]. Ердің намысы деп оның абыройын айтып, ер адамның қанынан, намысы қымбат екенін меңзегенін көреміз.

Үшіншіден, ұлттың, халықтың абыройы ретінде: «Туған жердің намысы бөтен қолда кетпесін» (Қайрат Рысқұлбек//Екі мыңжылдық.) [12, 251].

Төртіншіден, өзінің ар-ожданы мен атақ-абыройын қорғауға қатысты көрініс табатын жеке адамдарға тән рухани сезім.

Зәр ұсынған кісіге нан ұсынған,

Алысудан аулақпын, шабысудан.

Ей, қазақтың баласы, есінде ұста,

Өлсем, өлем, сірә, мен *намысымнан* [12].

Келтірілген намыс концептісінің мәдени концепт екенін, халықтың дүниетанымын айғақтайтынын ескере отырып, мағыналық-ақпараттық өрісін сызба түрінде ұсынамыз:



Сонымен, «намыс» концептісі халқымыздың намысшыл болғанын, намыс жайлы әр кезеңге тән ойын анық көруімізге болады. «Намыс» концептісінің когнитивтік сипаты аталған төрт түрлі мағынадан анық көрінеді.

Әдебиеттер

1. *Оразалиева Э.* Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы: Ғылыми монография. – Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2007. – 312 бет
2. *Оразалиева Э.* Танымдық қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: «Мұрагер» Баспа үйі, 2005. – 176 бет

3. *Сұлтан Ж.* Тілтанымның бүгінгі бағыттары және Жұбановтану проблемалары: Оқу құралы. – Ақтөбе, 2010. – 151 бет
4. *Исакова С.С., Қуштаева М.Т.* Когнитивті лингвистика (6В020500 – «Филология: қазақ филологиясы») мамандығының студенттеріне арналған электронды оқулығы). – Ақтөбе, 2019ж. – 142 бет
5. *Молдасанова А.Ә.* Тұрмыс лексикасындағы әлемнің тілдік бейнесі. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – ҚР Алматы, 2007 жыл.
6. *Қуштаева М.* Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны («тары» концептісі бойынша). Монография. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2020. – 216 бет
7. *Есеналиева Ж.* Лингвистиканың өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2021 ж. – 288 б.
8. *Бабалар сөзі: Жүзтомдық.* – Астана: «Фолиант», 2011. Т.67: Қазақ мақал-мәтелдері (Қытай қазақтарының мақал-мәтелдері). – 464 бет
9. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі /Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
11. *Бабалар сөзі: Жүз томдық.* – Астана: «Фолиант», 2010. 66-том. Қазақ мақал-мәтелдері. – 2010. – 350 бет.
12. *Қалиев Б., Түймебаев Ж., Құрманбайұлы Ш., Исакова С.* «Мұқағали тілі» сөздігі. – Алматы, 2017. – 1064 б.

Д.АЛЯСОВА

*С.Демирел атындағы университеті,
Қазақ тілі және әдебиеті 2-курс магистранты*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СҰРАУ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақала қазақ тіліндегі сұрау мәнді құрылымдардың теориялық негіздерін зерттеуге арналған. Осы мақала аясында жай сөйлемнің түрлері, сұраулы сөйлемнің анықтамасы, оның жасалу жолдары, ерекшелігі тақырыптарындағы мәселелер көтерілді. Ғылыми мақалада қазақ тіліндегі сұрау мәнді құрылымдардың теориясына шолу жасалады. Сұраулы сөйлемдерді зерттеген қазақ тіл білімі ғалымдарының, оның ішінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Б.Шалабай, Б.Қалиұлы, Ә.Хасенов және сұраулы сөйлемдер туралы арнайы зерттеген О.Төлегеновтің көзқарастарынан мысалдар келтірілді. Сонымен қатар сұраулы сөйлемдердің синтаксистік бірлік екендігі, оның құрылымдық-семантикалық ерекшелігі және сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдары көрсетілді. А.Байтұрсынұлынан басталған зерттеуден соң ары қарай да сұраулы сөйлемдер одан әрі терең қарастырылып, оларды оқытудың әдістері туралы әртүрлі зерттеулер жасалды. Ғалымдардың жай сөйлемді жіктеудегі ерекшелігі көрсетіліп, мысалдар келтірілді. Жай сөйлемді жіктеу кезіндегі әр ғалымның сұраулы сөйлемге берген анықтамасы салыстырылды. Ғалымдар көрсеткен сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарына жан-жақты талдау жасалды. Сұраулы сөйлемді жасайтын бірліктерге тоқталып, олардың әрқайсысына нақты мысалдар келтірілді. Сондағы байқалған айырмашылықтар мақала соңында қорытындыланды.

Түйін сөздер: тіл, сөйлем, сұраулы сөйлем, жай сөйлем, синтаксис.

Аннотация. Статья посвящена изучению теоретических основ запрашиваемых структур на казахском языке. В рамках данной статьи были подняты вопросы по темам: виды простого предложения, определение вопросительного предложения, способы его составления, специфика. В научной статье дается обзор теории запрашиваемых существенных структур на казахском языке. Приводились примеры взглядов ученых казахского языкознания, изучавших вопросительные предложения, в том числе А.Байтурсынова, К. Жубанова, С. Аманжолова, Н.Сауранбаева, М. Балакаева, Б. Шалабая, Б. Калиевича, А. Хасенова и О. Тулегенова, изучавших вопросительные предложения. Также было показано, что вопросительные предложения являются синтаксическими единицами, их структурно-семантическая особенность и способы образования вопросительных предложений. После исследования А. Байтурсынова в дальнейшем были подробно рассмотрены вопросительные предложения, проведены различные исследования методов их обучения. Была продемонстрирована специфика ученых в классификации простых предложений и приведены примеры. При классификации простого предложения сравнивалось определение, данное каждым ученым вопросительному предложению. Проведен всесторонний анализ способов построения вопросительного предложения, указанных учеными. Остановились на единицах, образующих вопросительное предложение, и на каждом из них приводились конкретные примеры. Наблюдаемые различия были обобщены в конце статьи.

Ключевые слова: язык, предложение, вопросительные предложение, простое предложение, синтаксис.

Annotation. The article is devoted to the study of the theoretical foundations of the requested structures in the Kazakh language. Within the framework of this article, questions were raised on the following topics: types of a simple sentence, definition of an interrogative sentence, methods of its compilation, specifics. The scientific article provides an overview of the theory of the requested essential structures in the Kazakh language. Examples of the views of scientists of Kazakh linguistics who studied interrogative sentences were given, including A. Baitursynov, K. Zhubanov, S. Amanzholov, N.Sauranbayev, M. Balakayev, B. Shalabai, B. Kalievich, A. Khasenov and O. Tulegenov, who studied interrogative sentences. It was also shown that interrogative sentences are syntactic units, their structural and semantic features and ways of forming interrogative sentences. After A. Baitursynov's research, interrogative proposals were further considered in detail, various studies of their teaching methods were conducted. The specificity of scientists in the classification was demonstrated. When classifying a simple sentence, the definition given by each scientist to an interrogative sentence was compared. A comprehensive analysis of the methods of constructing an interrogative sentence indicated by scientists has been carried out. We stopped at the units forming the interrogative sentence, and specific examples were given on each of them. The observed differences were summarized at the end of the article.

Keywords: language, sentence, interrogative sentence, simple sentence, syntax.

Тіл – қарым-қатынас жасаудың құралы болса, сөйлем – қарым-қатынас кезіндегі адамның ойын сыртқа шығарудың негізгі құралы. Сөйлем арқылы ғана біз өз ойымызды жарыққа шығарып жеткізе аламыз. Ал тілдік тұрғыдан келген кезде, сөйлем – бұл синтаксис ғылымының басты зерттеу нысаны.

Адамның ойы алуан түрлі, әрқилы болғандықтан, сәйкесінше сол ойды айту үшін жұмсалатын сөйлемдердің құрамы да, мақсаты да түрлі болады. Осыған байланысты, сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай, оның ішінде сұраулы сөйлемдердің зерттелуіндегі ғалымдардың пікірлерін тереңірек қарауға тырыстық.

Мысалы, қазір тіл білімінде сұраулы сөйлемді бір нәрсені сұрау мақсатындағы сөйлем деп қарастырамыз. Яғни, сұраулы сөйлем – сол сұрақты жеткізуге құрылатын арнайы құралдары бар синтаксистік бірлік. Ал сұрақ – жауап алу мақсатында қойылған коммуникативтік әрекет.

Қазақ тіл білімінің синтаксис саласында көп еңбек сіңірген ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Б.Шалабай деп айта аламыз. Онда сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай бөліп қарастырған ғалымдар арасында әртүрлі зерттеулерді кездестіреміз. Сөйлемдерді алғаш зерттегендердің бірі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы айтылуына қарай сөйлемдердің төрт түрін атап көрсеткен еді: сұраулы, лепті, тілекті және жай сөйлем. Осындағы сұраулы сөйлемді «жауап сұралғанда айтылатын сөйлем» деп түсіндірді. Мысалы, сен тамақ іштің бе? Үйде кім бар? Соншама бұл бидайдың дәні көп пе? т.с.с. [1, 156]. Мұнда сұраулы сөйлемдер байқап отырғанымыздай, сұрау есімдіктері және сұраулық шылаулар арқылы жасалған. Алғашқылардың бірі болып зерттеген Қ.Жұбанов та сөйлем түрлі сазбен айтылады дей келе, оларды үш түрге (хабар сазды, сұрау сазды, леп сазды) бөліп көрсетіп, бір нәрсе жайлы сұрала сөйлеу сұрау сазды сөйлем деп аталатынын айтты. Осындай алғашқы зерттеулерден кейін сұраулы сөйлемдер одан әрі терең қарастырылып, оларды оқытудың әдістері туралы әртүрлі зерттеулер жасалды.

Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлем деп топтасуы туралы Б.Шалабай өз еңбегінде былай дейді: «Сұраулы сөйлемдер сөйлесуші жақтан шындық туралы жауап алу үшін жұмсалады. Мысалы: Асан қайдан келеді? дегенде, айтушы тікелей байымдау білдірмейді. Сұрақ тұлғасында ерік-тілек білдіреді. Сөйлесуші тарапынан қандай да болмасын байымдау берілуі көзделінеді. Сондықтан сұраулы сөйлемдерді екінші жақтың байымдау білдіруі үшін жұмсалады деп те айтуға болады. Әрине, ол баяндау тура емес, жанама байымдау болады. Бұл жай сұрақ мәнінің байланысты екенін, мақсаты жағынан сұраулы сөйлемдер хабарлы сөйлемдерге орайлас келетінін аңғартады» [2, 310].

Сөйлемді айтылу мақсатына қарай жоғарыдағыдай топтастырған Ғ.Бегалиев пен Н.Сауранбаев: «тыңдаушыдан бірдеме туралы сұрай айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз», – деді [3, 144]. Сонымен қатар ғалым бір ғана сөйлемді үш түрде жеткізе алатындығымызды айтады. Ол сөйлеушінің сөйлеген сөзінің дауыс ырғағына (интонациясына) байланысынан білінеді. Мысалы: «Жау жойылды» сөйлемін алсақ, бұл сөйлемді дәл осы қалыпта әртүрлі етіп (Жау жойылды. Жау жойылды? Жау жойылды!) айта аламыз. Осындағы сұраулы сөйлемде дауыс екпіні кенет жоғарылап, сұрау түскен сөз көтеріңкі айтылады. Бұл мысалдардан сұраулы сөйлемдердің тек қана сұраулық шылау немесе сұрау есімдіктері арқылы ғана емес, дауыс ырғағы арқылы да сұрау мағынасын бере алатынын байқаймыз. Осыған байланысты «Қазақ грамматикасы» еңбегінде сұраулы сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктеріне қарай қойылатын сұрақтар да әртүрлі болатынын жеткізеді: ашық сұрақ (тура сұрақ), күмәнді сұрақ, қарсы және риторикалық сұрақ.

Ал Б.Қалиұлы өз еңбегінде сөйлемдерді хабардың берілу мақсатына қарай екі топқа бөліп көрсетеді: хабарлы және сұраулы сөйлемдер. Және қандай сөйлем болса да (хабарлы, сұраулы) ол интонациямен жеткізіледі дей келе, «сөйлемдер тек құрылымдық жағынан емес, интонация жағынан да ажыратылады» деген пікірді ұстанады.

Профессор Ә.Хасенов: «Сұраулы сөйлем – қандай да болсын, бір нәрсенің, кімнің, не, қандай екенін, оқиғаның, істің жай-күйін, өткенін, қазіргісін, келешегін білу үшін айтылған сұрау мәні бар сөйлем» – деген анықтама берді [5]. Және бұған қоса оның бес жасалу жолын көрсетті:

1. Сұраулық мағынаны тудыратын сұраулық шылаулар;
2. Сұрау есімдіктері арқылы
3. Сұрау есімдіктерін «себепті, қыл, үшін, туралы, жөнінде» қосарлануы арқылы

4. «Шық, бол» көмекші етістіктерге -ар жұрнағының қосылуы арқылы

5. Интонация арқылы.

Ф.Оразбаева да осы жасалу жолдарын өз еңбегінде жазады. Оның -ма, -ме, -па, -пе сұраулық шылаулары, сұрау есімдіктері мен сұрау интонациясынан бөлек, сұрау мағыналы -ғой, -ау, -ше шылаулары және болар, шығар көмекші етістіктері арқылы жасалатындығын көрсетеді.

Мысалы,

– Балалы болды деп есіттім ғой?

– Ие, құр қол емес, күл шашары бар.

– Қаратаз ше? (Ә.Н.)

Немесе көмекші етістіктер арқылы:

– Көп керек шығар? – Екі жүз елу пұт жетеді. (Ғ.Мұст.) [4, 445].

Сонымен қатар сұраулы сөйлемдердің берілу қызметінде тек жауап алу емес, белгілі бір ақпарат немесе пікірді жеткізу мақсатында қолданылады деген пікірдегі ғалымдар да бар. Кей ғалымдар сұраулы сөйлемнің коммуникативтік типі тек қана ақпаратты сұрау ретінде қарастырылмайды деген пікірде. Себебі, коммуникативтік тип қатаң лингвистикалық критерий емес, ал сұрақ қою мен жауап алу бұл семантикалық тұрғыдан қарастырылуы керектігін айтады. Осы кезде сұраулық форма мен сұраулық мағына арасында қайшылықтар туындайды.

Ә.Хасенов пікірінше, сұраулы сөйлемдерді өзі сұраулық мағынадан айырылып қалатын кездері де кездеседі. Оны былай түсіндіреді:

1. Сұраулық мағынадан айырылып, белгісіздік немесе болымсыздық мағынаны білдіріп тұрған сұрау есімдіктері қолданылып тұрған сөйлемдер сұраулы сөйлем бола алмайды;

2. Құрмалас сөйлем құрамындағы алғашқы сөйлем сұрау мағыналы болып келсе де, соңғы сөйлем сұраулы сөйлем болмаса, оған сұрақ белгісі қойылмайды.

Ал сұраулы сөйлемді арнайы зерттеген О.Төлегенов өз еңбегінде сөйлем типтерінің төрт сала-жүйеге топтап, оның ішінде сөйлемдер нақтылы сөйлеу процесінде баяндаудың берілу мақсаты жағынан үш топқа жіктелетінін көрсетеді: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем. Автор осындағы сұраулы сөйлем туралы былай дейді [6]: «Сұраулы сөйлем белгілі бір шындық байланысы туралы сөйлесуші жақтан қандай да болмасын жауап күту үшін жұмсалады. Олар модальдік-эмоциялық мағынада бір айтушы баяндауы мен демеу-тілегін де білдіреді» және интонацияны сұрау мәні берілетін ең басты амал деп санайды. Айрықша интонация сөйлемдегі басқа сөздерге қарағанда сұрақ тұлғалы сөздің не мүшенің өзгеше құбылып айтылуына негізделеді. Яғни, сұраулы сөйлемдердің құрамындағы сөздер бір қалыпты болып келіп, белгілі сөзде жоғарылап, келте тынады. Қалыпты жағдайда сөйлем соңында келетін сұрау мәнді сөйлемдерде көтеріңкі ырғақпен айтылатын болса, кей сөйлемдерде интонация көтеріңкі ырғақ – бәсең ырғақ түрінде де беріледі. Мұндайда сұрау мәнді білдіретін тұлғалар сөйлем алдында қолданылып, дауыс та бірден күшті айтылып содан соң бәсеңдейді: Қайсы едің, жаңағы жақсы үнмен осы ауылды түгел тебіrentкен? (Әуезов) Ал үшінші жағдайда, сұрау мәнді тұлғалар дағдылы орын тәртібін сақтап жұмсалады: Мынау үй неге көшпей отыр екен? (Мүсірепов) Мұндайда сөйлемдер эмоциялық мәнде үстемеленбей айтылады. Бұл мысалдарды қарай отырып, сұраулы сөйлем интонациясының әртүрлі болуы оның сөйлеуіне, эмоциясына, сөйлемнің құрылымына және жұмсалуына байланысты екенін аңғарамыз.

О.Төлегенов сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарына байланысты жоғарыда келтірген ғалымдардың көзқарасындай ой қосып, сонымен қатар сұраулы сөйлемдер ашық, қалау, шартты райлы етістік баяндауыштардың орын тәртібінде жұмсалып, сұраулық ырғақпен айтылатынын мысалмен түсіндірді. – Мына кісіні де сонда көрсем керек? (Мұстафин) – Егер оған күйеу көнбесе? «Келем» дей берсе? (Мұқанов) Сондай-ақ сұраулы сөйлемді жасайтын сұрау есімдіктерінің сөйлемде әрқашан сұраулы мәнде жұмсалмайтындығына назар аудартады. Келесі

мысалдарда сұрау есімдіктері сұрақ мәнін сақтамай, жалпылама мағынада қолданылғанын байқаймыз: Әрине, айтылғаны рас. Бірақ, кімнің қалай айтуында көп мән бар ғой. (Әуезов) Сол қайырманьң неден шыққанын білемісің? (Мұқанов).

Сондай-ақ кейде баяндауыштар сөйлемнің алдында тұрып та жұмсалады. Бұл кезде сұраулы сөйлемнің жалпы интонациясы көтеріңкі және бәсең ырғақ түрінде беріледі де, баяндауыштың басым ырғағы тиянақсыз болады: – Ренжімессің, бір сөз сұрасам? – деді.

– Мүмкін, сіз табарсыз, бір лайықта жерді? (Мұқанов) Бұл мысалдардан сұраулы сөйлем жасауда интонацияның маңызды екенін, сондай-ақ олардың кей сөйлемдерде бәсең, кей сөйлемде көтеріңкі ырғақ түрінде жұмсалатынын көреміз.

Жоғарыда айтылғандай, сұраулы сөйлемнің негізге жасалу тәсілі – ма (ме, ба, бе, па, пе) ше демеуліктері [6]. Осы демеуліктің сөйлемдерде қалай кездесетінін қарастырсақ, ол жалаң, жайылма, сөйлемдерде ашық, қалау райлы, бұйрық райлы баяндауышқа тіркесіп жұмсалатынын байқаймыз. Олар орын тәртібін сақтап та немесе басқа сөйлем мүшелерімен орын ауыстырып та келе береді. Мысалы: Мені әнші деп жүрсіндер ме? (Сейфуллин) Мен бір қызық айтайын ба? (Майлин) Ал кейбір сұраулы сөйлемдерде логикалық екпін кейде баяндауышқа, кейде бұған тақау орналасқан басқа сөйлем мүшесіне түседі. Оны контекстен анықтай аламыз. Келесі мысал сөйлемдерге назар аударсақ: – Оның «Сырымбет» дейтін әнін **білесің бе?**

– Білем. (Мұқанов)

– **Көп** істедіңіз бе шахтада?

– Он жасымнан бері. (Мұстафин) Осы екі сөйлемді алып қарастыратын болсақ, бірінде екпін баяндауышқа түсіп тұрғанын, ал екінші сөйлемде «көп» деген сөзге екпіннің түсіп тұрғанын байқаймыз.

Және ма демеулігі сұраулы сөйлем ретінде емес, хабарлы не лепті сөйлем ретінде де жұмсалады. Мұндайда сұраулық демеулігі эмоциялық, модальдік, мақсат мәнді бір сөйлем мүшесінің тұлға-элементі болып жұмсалады. Мәселен: Мен ақылды осы сенің қасыңда отырып таптым ба деп отырмын. (Әуезов) Кең дүние-ай, мұнша сұлу болармысың! (Мұстафин).

О.Төлегенов сұраулы сөздерді жоғарыдағыдай қарастырып келеді де, сұраулы сөйлемдерді мағына жағынан іштей үш топқа бөледі. Ашық мәнді сұраулы сөйлемдер мағынасы жағынан да, қолданылу жағынан да кең кездеседі. Яғни, олар диалогта, монолог сұрақтарда айқындалады. Монолог сұрақ айтушының өзіне арналса, диалог сұрақ сөйлеуші жаққа арналады. Сұраулы сөйлемнің бұл түрі айтылатын мәліметті кеңейту үшін немесе белгілі бір сұрақтың жауабын нақтылау үшін қойылады.

Демеу мәнді сұраулы сөйлемдер де диалогта қолданылады. Олар көбінесе сөйлесуші жақтың көзқарасын анықтау тұрғысынан жұмсалып, айтушының оны іске қосудағы басым не үстеме бір талап-тілегін білдіреді. Осыған байланысты демеу мәнді сұраулы сөйлемді екінші жақ көзқарасын анықтайтын ашық сұрақтың бір стильдік түрі деп те қарауға болатынын айтады.

Ал риторикалық мәнді сұраулы сөйлем қолданылуы жағынан да, мазмұны жағынан да ерекшеленеді. Жалпы риторикалық сұраулы сөйлем әдеби тілге тән синтаксистік-стильдік амал. Осынған байланысты ол тыңдаушыны сендіру үшін, назарын аударту үшін айтылады. Мысалы сендіру үшін жұмсалатын сөйлемдер төмендегідей түрде кездеседі:

– Олардың несін сұрайсың? ... Күнге тию дегенді біле ме олар?.. – деп, Омар қостап тұр. (Мүсірепов). Жалпылай алғанда сұраулы сөйлемдер сұрақ мазмұны жағынан, оның берілу жолдары жағынан біркелкі болып келмейді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, тіл біліміндегі сұраулы сөйлемдер осылай зерттеліп келеді. Сұраулы сөйлемдерді қарастыру барысында А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың, Б.Шалабай, Ә.Хасенов, Б.Қалиұлы, О.Төлегенов т.б. ғалымдардың еңбегін қарастырдық.

Тілші-ғалымдардың сұраулы сөйлемге берген анықтамаларында өзара үндестік бар екені байқалды. Алайда сөйлемнің айтылу мақсатына қарай топтастырғанда кейбір ғалымдардан өзгешелік байқауға болады. Сондай – ақ зерттеулер де сұраулы сөйлемдердің жасалуында да сәйкестіктер байқалды. Барлық дерлік ғалымдар сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарын бірқалыпты түсіндіреді. Сұраулы сөйлемдерді жасаудағы бірліктерден бөлек, интонацияның маңызы зор екенін көрсетеді. Сұраулы сөйлемді арнайы зерттеген О.Төлегеновтің зерттеуінен сұраулы сөйлемдердің теориясын тереңдете отырып, қорытындылар жасалды. Жалпы қазақ тіл біліміндегі сұраулы сөйлемдердің теориясын қарастыру туралы мынадай түйін жасауға болады: Сұраулы сөйлем – жауап алу мақсатында туындайтын сөйлемдер. Яғни, сұрақ бұл белгілі бір хабардың, ақпараттың жеткіліксіздігінен немесе мүлдем жоқтығынан туындайды. Сұраулы сөйлемдер сұрақтың мазмұны жағынан, оның берілу мақсаты жағынан біркелкі болып келмейді. Диалогта сұраулы сөйлемдер көбіне жауап алу үшін айтылады. Ондай сөйлемдер монологта да қолданылып, модальдік не эмоциялық мағынада бір баяндау білдіріп отырады. Сұраулы сөйлем интонациясының түрлі ырғақта келуі сөйлеудің типіне, сөйлемнің эмоциялы болуына не болмауына, оның құрылысына, құрамындағы сөздердің жұмсалуды мен ерекшелігіне байланысты болады.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: «Сардар», 2009. – 348 бет.
2. Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арда», 2016. – 488 бет.
3. Бегалиев Р., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: «Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар» баспасы, 1948. – 268 бет.
4. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 535 бет.
5. Хасенов Ә. Сұраулы сөйлемнің түрлері // Халық мұғалімі. – Алматы, №6, 58-б.
6. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлемдер типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 159 бет.

А.АСКАРОВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 1-курс магистранты

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРІНДЕ «МЕКТЕП» КОНЦЕПТІСІНІҢ БЕРІЛУІ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп концептісінің ассоциативті өрісі анықталады. Когнитивті көзқарастар мен таным теориясы жайында қарастырылып, когнитивтік лингвистика саласының дамуына үлес қосқан ғалымдар аталып, пікірілері келтіріліп, талданған. Антропологиялық бағыт негізінде қалыптасқан когнитивтік лингвистикадағы концептілердің халық танымын көрсетудегі, анықтаудағы маңыздылығы зерделенді. В.Гумбольд пен Б.Қалиев, Ж.Манкеева пікірлеріне тоқталып, тіл біліміндегі концептілердің қызметі айқындалған. Қазақ тіл біліміндегі концептінің зерттелуіне тоқталып, халық тарихынан ақпарат беретін концептілер қатарында «мектеп» концептісі де талданған. «Мектеп» концептісінің ақпараттық-ассоциативті өрісі оқу, білім, ғылым, тәрбие, мұғалім деп анықталған. Мектеп жайлы түсіндірмелі, кірме сөздер сөздігіндегі мағыналары беріліп, «мектеп көрген» фразеологиялық бірлігі Б.Майлин шығармасынан алынып, жүйелі білім алған, оқыған, көзі ашық мағынасында анықталып, талданған. Қазақ жеріндегі мектептің қалыптасуы мен дамуы, медресе, интернат, молдадан оқу сынды бірліктер де

талданып, «мектеп» концептісін анықтауда қарастырылған. Мектеп жайында және ассоциативті өрісіндегі анықталған бірліктер негізі Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы шығармаларымен талданды. «Мектеп» концептісін анықтауда мектеп тарихы, халқымыздың білім беруі, ағарту жүйесі талданып, ХХ ғасырға дейінгі саяси жағдайлардың мәні қарастырылып, талданған.

Түйін сөздер: антропологиялық бағыт, когнитивтік лингвистика, таным теориясы, концепт, лингвомәдениеттану.

Аннотация. В данной статье определяется ассоциативное поле концепта школа. Рассмотрены когнитивные взгляды и теория познания, названы ученые, внесшие вклад в развитие области когнитивной лингвистики, приведены и проанализированы их мнения. Исследовано значение понятий в когнитивной лингвистике, сформированных на базе антропологического направления, в отображении и определении знаний народа. Акцентируются мнения В.Гумбольда, Б.Калиева, Ж.Манкеевой, определяется функция концептов в языковом образовании. Акцентируя внимание на изучении концепта в казахском языковом образовании, среди концептов, дающих информацию из истории народа, также был проанализирован концепт «школа». Информационно-ассоциативное поле концепта «школа» определяется как обучение, образование, наука, воспитание, учитель. Даны пояснения о школе, значения слов в словаре, а фразеологизм «вышколенный» взят из работы Б. Майлина, он определен и проанализирован в значении систематически образованный, начитанный, непредубежденный. Также анализируется становление и развитие школ на казахской территории, таких единиц, как медресе, школы-интернаты, образование у мулл, и рассматривается определение понятия «школа». Выявленные единицы в школьном и ассоциативном поле были проанализированы на основе работ Ы.Алтынсарина, А. Кунанбайұлы. При определении понятия «школа» были проанализированы история школы, образование нашего народа и система образования, а также рассмотрено и проанализировано значение политических условий до ХХ века.

Annotation. This article defines the associative field of the concept school. Cognitive views and the theory of knowledge are considered, scientists who contributed to the development of the field of cognitive linguistics are named, their opinions are given and analyzed. The significance of concepts in cognitive linguistics, formed on the basis of the anthropological direction, in displaying and defining the knowledge of the people has been studied. The opinions of V. Humboldt, B. Kaliev, Zh. Mankeeva are emphasized, the function of concepts in language education is determined. Focusing on the study of the concept in Kazakh language education, among the concepts that provide information from the history of the people, the concept of «school» was also analyzed. The information-associative field of the concept «school» is defined as training, education, science, education, teacher. Explanations are given about the school, the meanings of words in the dictionary, and the phraseological unit «well-trained» is taken from the work of B. Mailin, it is defined and analyzed in the meaning of systematically educated, well-read, open-minded. The formation and development of schools on the Kazakh territory, such units as madrasas, boarding schools, education from mullahs are also analyzed, and the definition of the concept of «school» is considered. The identified units in the school and associative field were analyzed on the basis of the works of Yu. Altynsarin, A. Kunanbayuly. When defining the concept of «school», the history of the school, the education of our people and the education system were analyzed, and the significance of political conditions before the XX century was considered and analyzed.

Қазіргі тіл ғылымында адам дүниетанымының кілті, ғалам жайындағы адам санасындағы ақпараттарды түзетін, шындықты игеруші мен шындық арасындағы дәнекер болатын, сана қызметінің нәтижесі деп санайтын когнитивтік көзқарас белең алды. Бұл арқылы адамның тілінде этнос жайлы, оның тарихы, дүниетанымы, әлемді қабылдауы жатқанын аңғарамыз. Когнитивтік көзқарастардың негізінде таным теориясы жатыр. Таным теориясы мен танымның

байланысы негізінде антропологиялық көзқарас қалыптасып, әлемдегі ең басты тұлға деп, негіз деп адамды тану саналады. Бұл өз кезегінде интеграциялық үрдісте тіл мен танымды, тіл мен мәдениетті, тіл мен халықты зерттеуді негіз еткен болатын. Тіл мен танымды бірге зерттеу негізінде қазақ халқының танымы жаңа көзқарастармен сараланып, ондағы ақпараттар талданған. Қазақ тіл білімінде «Қазақ әйелі», «байлық-кедейлік», «көз» концептілері зерттеліп, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың дамуына әсер етті. Қазақ тіл білімінде концепт жайлы көзқарастар мен пікірлер бар. Мәселен, А.Ислам концептіні тілде көрініс тапқан күрделі бірлік ретінде ұлттық дүниетанымның ықшамды, терең мағыналы құндылықтары [1, 15] – деп анықтайды. Когнитивтік лингвистиканың негізгі тұжырымдары мына ғалымдар зерттеулерінде орнықты: В.Гумбольд, Дж.Лакофф, Л.Вайсебергер, Л.Витгенштейн, Э.Сепир, Э.Кассирер, Е.Кубрякова, Ю.Арпесян, Ю.Караулов, М.Минский, Д.Лихачев, қазақ тіл білімінде бұл бағытта еңбек жазған ғалымдар: А.Ислам, Э.Оразалиева, Ж.Манкеева, Б.Қасым, Ж.Исаева, С.Исакова, С.Кенжеғалиев, Ә.Шадыкенов және концептіні ұлттық константалар деп зерттеушілер М.Күшпаева, Б.Ақбердиева. Қазіргі күні тіл білімі саласында үлкен жаңалықтар тілді антропологиялық негізде зерттеу екенін анық аңғарамыз. Тіл білімінің бұлайша жаңа арнада қарастырылуы адамның өмірдегі маңыздылығын айқындаса керек. Исламдағы жер бетіндегі барлық игіліктер адам үшін деген ұстанымды негізге алып қарасақ та, осы антропологиялық бағыттың маңыздылығын көреміз. Сондай-ақ, бұған дейін зерттеліп келген тіл білімі құбылыстары жаңа бағытта қарастырылып, мәні, мағынасы, санада қалай көрініс табатыны талданып, қарастырылып жатыр. Тілдің адам өмірінде коммуникативті қызметі ғана емес, одан да жоғары мағынаға ие екеніне көз жеткіземіз. Когнитологтардың айтуынша, концептіні анықтаудың мынадай реті барын айтады, яки концептілер бақыланған, қиялдан туған бейнелерді ұқсастырып, ұқсас дүниелердің ортақ белгілерін бір ортаға жинақтайтынын айтады, осы негізден когнитивтік моделі анықталатынын көреміз [2, 22]. Халық танымның көрінісі мен дүниетанымы «мектеп» концептісі арқылы анықталатынын да байқауға болады.

В.Гумбольд халық тілі оның рухында әрі халықтың рухы оның тілі екенін, тіл халықтың басынан кешкен оқиғаларынан тұратынын айтады. Бұған дейінгі уақытта, халқымыз мектеп деп медресені таниды. Оқу халқымыз үшін үлкен маңызға ие болғанын «мектеп» концептісінен аңғаруымызға болады.

Зерттеуші Б.Қалиев таным теориясымен сөз мағынасының тікелей байланысты екенін, зат пен құбылысты анық біліп, танығанда сөздердің мағыналары айқын білінетінін, таным негізінен сөз мағынасымен байланысты екенін жеткізеді [3, 133].

Зерттеуші Ж.Манкеева болса, тілдің танымдық қырын зерделей келе, тілдің кумулятивті, мұрагерлік қызметі тілдің ішкі мазмұны мен формасын, халқымызға тән рухани қазынаны бойына сіңіріп, сақтағанынан деп таниды [4, 12].

Ислам дінінің енуімен оқу, мектеп, медресе ұғымдары тарады. Мектеп сөзінің өзі де араб-парсы тілінен енген. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде «мектеп» – оқушылар білім алатын орын деп анықталады [5]. Ислам сөздерінің сөздігінде мектеп – «мақтаб» екенін, араб елдеріндегі «құттаб» өзінің баламасы ретінде, құрандық мектеп мағынасын беретінін көреміз. Сонда мақтаб деп жазу жазатын жерді, бастауыш мектепті, кабинет, кеңсе деп анықталатынын байқаймыз [6]. Қазақ тіліндегі араб-парсы тілдерінің түсіндірмелі сөздігінде «мектеп» – «мақтаб» деп аталып, оқушылардың білім алатын оқу орны деп анықталатынын көреміз. Мынадай мысал келтіріледі: «Барлық руханиларға уәзипа берілуге, неке, талақ, мирас, мектеп, медресе, ғұшпыр, зекет, фидия, туған балаларды жазу, өлген адамдарды жазу рухани басқармасына берілуге сөз берікті» [7, 98] деген сияқты мысалды көреміз.

Ислам діні халық арасына тарағаннан соң, медресе ашылып, қазақ балаларын молдаға оқытуға берген болатын. Он сегізінші ғасырға дейін қазақ арасында сауаттылар дін ісіне, араб жазуымен, Құранды білуімен анықталған. Ол уақыттарда азаматтық мектептер жоқ болды. Ресей

патшалығындай «горнизондық» мектептер он сегізінші ғасыр аяғында ашыла бастаған. Мектеп сөзі ХХ ғасыр басында енгенін, оған дейін молдадан оқу, медреседе оқу, қазақ жерінде ашылған орыс-қазақ мектептері негізінде школда оқу, интернатта оқу деген нұсқалар болғанын көреміз. Солай, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ халқының өмірінде экономикалық-әлеуметтік өзгерістер орын алады. Әсіресе, мектептер ашылуынан көрінеді. Орынбор, Қазалы, Торғай, Перовск сынды қалаларда қазақ балаларына арнап мектептер ашыла бастайды. Сол ғасырда екі кластық уездік және бір кластық болыстық мектептер ашылып, 4000 мыңға жуық бала оқып шығады. Оқу-білім мектеп пен медреселерде, үкімет қолдауымен ашылған мектеп-школдарда жүргізілгенін, дін үстемдік еткенін, көп аса ауқатты отбасылардың балалары оқығанын көреміз. ХІХ ғасырдың соңғы жылдарында мұсылманша оқытатын мектептер азайып, үкімет оқу орындары көбейді. Осы кезеңде Ы.Алтынсариннің мектеп ашып, балаларға білім берудегі қызметі айрықша. Б.Кенжебаевтың дерегіне сүйенер болсақ, ХІХ ғасырдың 70-80 жылдары 70 кітап қана басылса, 1900-1917 жылдары 200 кітап басылып шыққанын айтады. «Өзіміздің түрік тілі менен һәр түрлі балаларымызға оқытуға лайықты мектеп кітаптарын жазып, келешек күніміз үшін зор дәулет хазірлеуге керек», «мектеп, медресе сал», «Аулнай школдарымызда не болмаса мұсылманша мектеп медреселерімізде оқығандардың ішінде өткір зеректерін кентдегі орыстың орта школдарында оқытайық» («Айқап» газеті). С.Көбеев айтқандай, «Айқап» журналы қазақ тілін татар, парсы, араб тілдерінен тазартып, қазақтың сап күмістей таза, өзіндік тілін қалыптастыру, қазақ тілінде «жаңа әдіс» мектептерін ашу жөнінде елелулі мәселелер көтереді» [8].

Ы.Алтынсариннің «Сәтемір хан» әңгімесінде: «...талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен деп ойынын тастап, қалаға барды. Қалада бір зор білімді, оқымысты молда бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс. Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болған» [9, 68] деген үзіндіден оқу деп мектепте оқу екенін, оқу арқылы өз өмірін өзгерткенін көрсетеді. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде: «Солай да болса, әлемге ақылы жеткен патша баланың талапты, зерек екенін аңғарып, оқуға бергізіп, ақырында сол бала бүкіл орыс жұртына данқы шыққан Матвеев деген суретші болған» [10, 69], – деп оқуға бергізіп деп, мектепте оқыған соң, талабының жоғары болуынан дегеніне жеткенін көрсетеді. «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттарын» қарайтын болсақ, мынадай жолдарды кезіктіреміз. «балам, алаң болмай ұстаздарыңның айтқанын орнына келтіріп, берген сабақтарын толық үйреніп, білуге тырыс».

А.Вежбицкая концептті адамның дүние жайындағы мәдени түсініктері деп танитын болса, В.Телия біздің сол нысан жайында білетіндеріміздің барлық жиынтығы деп анықтайды. Концептті анықтаудың үш түрлі негізі бар. Сөздің кез келген мағынасында концепттің өмір сүреді деп анықтайтын лингвистикалық бағыт. Зерттелетін тілде сөйлейтін халық санасында концепттің тілдік бейнесін талдау арқылы анықталатын когнитивтік бағыт. Мәдениеттің ұйытқысы болып табылатын лингвомәдени бағыт деп анықталатынын көреміз [10]. Осы орайда, халық танымында «мектеп» концептісінің ақпараттық-ассоциативті өрісі былайша көрінеді:

- «Мектеп – оқу»
- «Мектеп – білім»
- «Мектеп – кітап»
- «Мектеп – тәрбие»
- «Мектеп – мұғалім»

Бірінші кезекте, оқу болатыны Абай лексиконында былайша кездеседі:

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім [11, 14], – деген жолдардан «медресе» «мектеп» ұғымында келгенін көреміз. Әрі «мектеп-оқу» ассоциативті өрісте анықталатынын көреміз.

Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы –
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
тілмаш, адвокат

Болсам деген бәрінде ой [11. 16], – деп интернаттың «мектеп» екенін, ал мектепке оқу үшін бару керектігін аңғарамыз.

Оқытарсың молдаға оны,

Үйретерсің әрнені [11, 23], – деген жолдардан молдаға оқытуды, баланы оқуға бергенде ел танысын деп беретінін жеткізеді. Солай, «мектеп» концептісі тарихи кезеңдерде түрліше қалыптасып келіп, ХІХ ғасырдың аяғынан бастап қалыптасқанымен, оған дейін түрліше танылғанын көреміз.

Жазу жаздық,

Хат таныдық,

Болдық азат молдадан.

Шала оқудан,

Не жарыдық,

Қалғаннан соң құр надан? [11, 25], деген жолдардан қазақ арасында «молдадан оқу» шала оқу болғанын, тек Абайдың емес көптеген ақындардың зерттеуінен байқауға болады. «Өзің диуанасың, кімге пір боласың?» деген қазақ мақалының жөні осыған келеді. Бұрынғы заманда мектеп болмағанда, молдалар келіп күз бен қыста араб әріптерін танытып, құранға түсіретін. Нағыз өз ісінің шебері де бар, арасында дүмше молдалар да кезігіп отырады.

Кітапты молда теріс оқыр,

Дағарадай боп сәлдесі [11, 27], – деп осы жерде де молдалардың бәрі бірдей сауатты еместігін, сәлдесі ғана болмаса, молда екенін ажыратып болмайтынын, теріс оқып, балаларды шала сауатты ететінін айтады.

Ғылым таппай мақтанба [11, 28], – деу арқылы мектепте оқып, ғылым іздеп әлемнің сырын түсінуге болатынын жеткізеді. Бұл уақыттарда қазақ арасына орысша мектептер ашыла бастаған болатын.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге [11, 30], – деу арқылы артық білуге, тануға қадам мектепте жасалатынын меңзеп, әрі оқушылардың өздеріне айтылған ақыл сынды сезіледі.

Орта ғасырда өмір сүрген, әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің айтуынша, «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген. Білім қай жерде беріледі десек, ол – мектеп. Сонда «мектеп» концептісінде ассоциативті өрісінде тәрбиені де көреміз.

Ы.Алтынсарин де, А.Байтұрсынов та қазақ жерінде мектеп ашып, балалардың сауаттануын қолдаған, сол негізде жұмыстанған болатын. Олардың ұсынулары бойынша, «мектептің жаны – мұғалім». Түрлі әдіс-тәсілдерді жүзеге асырып, оқушыларды білім нәрімен сусындататын мұғалімдердің орны қашанда жоғары. М.Жұмабаев: «Алты алаштың басы қосылғанда, төрдегі орын – мұғалімдердікі» дегеніндей, «мектеп» концептісінде де мұғалімдердің маңыздылығын көреміз. «Мектеп» концептісінің ассоциативті өрісін сызба түрінде қарастыратын болсақ.



Сондай-ақ, «мектеп көрген» деген тіркес қолданылады. Мағынасы: жүйелі білім алған, оқыған, көзі ашық. «Менен басқа бұрыннан мектеп көрген балалар өзара «Өте қатаң молда»

деп сөз қылысады» [12], – деп келтірілген тіркестің де оқу оқып, білім алғанын білдіріп, «мектеп» концептісінің ақпараттық-ассоциативті өрісін нақтылай түседі.

Қорыта айтқанда, «мектеп» концептісін анықтауда біз оның концептілік өрісіне халық танымындағы оқу-ағарту, білім, мұғалім, тәрбие түсініктері өзек болатынын айқындадық және оның концептілік мазмұндық құрылымы «медресе – интернат – мектеп» динамикасында өзгергенін, лингвомәдени ақпарат тасымалдағанын, маңыздылығын жоймағанын анықтадық.

Әдебиеттер

1. *Ислам А.* Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол.ғыл.докт.дисс. автореф – Алматы, 2004. – 47 бет
2. *Байғұтова А.* «Қазақ әйелі» концептісін этномәдени сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2008. – 31 б.
3. *Қалиев Б.* Қазіргі қазақ тілі: Фонетика. Лексикология. – Алматы, 2004. – 152 бет
4. *Манкеева Ж.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 356 бет
5. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. Құраст. Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 бет
6. Ислам энциклопедиясы. Бас редактор Р.Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. Бас редакциясы, 1995. – 306 бет
7. *Мамырбекова Г.* Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 бет
8. *Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Жазушы», 1968. – 248 бет
9. *Алтынсарин Б.І.* Кел, балалар, оқылық. Шығармалары. – Алматы: «Атамұра», 2006. – 168 б.
10. *Нұрдәулетова Б.* Когнитивтік лингвистика. Оқулық. – Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 бет
11. Абай. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. – Алматы: «Атамұра», 2020. – 288 бет
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. Құраст. Манкеева Ж., Бизақов С., Жүнісбек Ә. – Алматы, 2011. – 752 бет.

Д.ӘБУ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты

Г.РИЗАХОДЖАЕВА

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының аға оқытушы, PhD

FORMATION OF INTERCULTURAL-COMMUNICATIVE COMPETENCE OF SPECIALIZED CLASSES STUDENTS BASED ON EDUCATIONAL WEB-QUESTS

Аңдатпа. Мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде туындайтын тілдік және тілдік емес кедергілер түсініспеушіліктерге, қақтығыстарға және біржақты түсініктердің қалыптасуына әкелуі мүмкін. Мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсартудың және осы біржақты түсініктерден арылудың ең тиімді жолы-тілді үйрену. Мәдениетаралық шекараларды түсіну өркениеттердің бір-біріне жақындауы және салауатты қарым-қатынас орнатуы үшін өте маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, алдымен адамды экзистенциалды саяхатында басқа тіршілік иелерінен ерек-

шелендіретін тіл құбылысының не екенін анықтау керек. Адамда мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру тақырыбының өзектілігі қазіргі қоғам мен білім берудің даму тенденцияларымен анықталады. Ағылшын тілі мұғалімдерінің оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін веб-квест технологиясын қолдануға деген көзқарасын жақсы түсіну үшін осы мақалада біз олардың көзқарасын қарастырамыз. Ол үшін келесі зерттеу әдістері қол-данылды: талдау, сұхбат және зерттеу.

Түйін сөздер: ағылшын тілін оқыту, мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік, симуляциялық технологиялар, интернет-ресурстар, веб-квест.

Аннотация. Языковые и неязыковые барьеры, возникающие при межкультурной коммуникации, могут привести к недопониманию, конфликтам и формированию предвзятых представлений. Самый эффективный способ улучшить межкультурную коммуникацию и избавиться от этих предвзятых представлений – выучить язык. Понимание межкультурных границ необходимо для того, чтобы цивилизации могли сближаться и строить здоровое общение. С этой точки зрения, необходимо сначала выяснить, что представляет собой феномен языка, который отличает человека от других живых существ в его экзистенциальном путешествии. Актуальность темы формирования межкультурной компетенции у человека определяется тенденциями развития современного общества и образования. Чтобы лучше понять отношение учителей английского языка к использованию технологии веб-квестов для развития навыков межкультурной коммуникации у учащихся, в данной статье мы рассмотрим их точку зрения. Для этого были использованы следующие методы исследования: Анализ, интервью и исследование.

Ключевые слова: преподавание английского языка, межкультурно-коммуникативная компетенция, симуляционные технологии, интернет-ресурсы, веб-квест.

Annotation. Language and non-language barriers that arise during cross-cultural communication can result in misunderstandings, conflicts, and the formation of preconceived notions. The most effective way to enhance cross-cultural communication and get rid of these preconceived notions is to learn a language. Understanding intercultural boundaries is essential for ensuring that civilizations are able to get closer and build healthy communication. In this view, it is imperative to first clarify what the language phenomenon is that sets humans apart from other living things in their existential journeys. The relevance of the intercultural competence building topic for persons is determined by trends in the evolution of contemporary society and education. In order to better understand how English teachers feel about using web-quest technology to help students enhance their intercultural communication skills, this essay will look into their perspectives. This was accomplished using the following research techniques: Analyses, interviews, and research.

Keywords: teaching English language, intercultural-communicative competence, simulation technologies, internet resources, web quest.

Introduction

A person's or a society's communication style is directly influenced by the cultural concepts, beliefs, values, and traditions that are unique to that culture. Due of this, it may be challenging or impossible to fully convey meaning when people from various cultures speak with one another. Learning the language of a different culture is currently the main component of learning about that culture. A more effective relationship between the two systems can be achieved by recognizing cultural similarities and variances because language carries cultural aspects. In this sense, communicative competence has been linked to the idea of intercultural competence, and it has been asserted that communicative competence makes intercultural competence acquisition possible [1]. The cultural values that

individuals hold dear are the characteristics that make them who they are, thus it is a problem that needs to be presented in a very delicate way. Consequently, developing intercultural competency is a methodical process. People who want to be inter-culturally competent and ready must first be aware of cultural differences, recognize various cultural values, and respect other cultures during the learning process. They must also accept and value other cultures.

Intercultural communication refers to the interactions between individuals from various cultural backgrounds in various geographic locations in various spheres of daily and social life [2]. As a result, the field of intercultural communication can examine any circumstance in which there is a cultural difference and there is a relationship between these or other differences. The goal of intercultural communication is to comprehend, clarify, and forecast the communication that occurs between individuals from various cultural backgrounds.

Kim describes intercultural communication as “contact and communication between individuals with diverse backgrounds, expertise, and experiences [3]. He asserts that over time, the study of intercultural communication has extended to encompass “internal subcultural groups, particularly those with different racial and ethnic backgrounds. Understanding the interaction and message creation process between people or groups from various cultures is the major goal of intercultural communication. Intercultural communication research, in the words of Young Yoon Kim, is a communication phenomena in which people from various cultures come into direct or indirect touch with one other.

The diversity of the educational process, the stimulation of students’ own cognitive activity, the development of their interests, and active participation in the educational process are some of the pressing issues facing the educational profession [4]. The adoption of the most recent educational formats, techniques, and technology is necessary for this. The most well-liked are interactive formats that enable participation from all parties, allow you to express your creativity, and incorporate your existing knowledge, skills, and abilities into real-world situations. The Web-quest technology is one of these new technologies [5]. It is crucial to use the most recent information technologies during training sessions because a modern student is someone who is familiar with the majority of the newest «gadgets» It is the teacher’s responsibility to involve the student in the educational process, educational and creative activities to ensure that the abilities of each student are realized.

We concentrated on explaining how web-quest technology is utilized because it seems sophisticated and suitable for us to set up both classroom settings and remote learning of a foreign language. Bernard Dodge, a professor of instructional technology at the University of San Diego, created the theoretical underpinnings of web-quest in 1995. The core of this technology is how well students accomplish tasks on their own or in groups while using previously chosen Internet resources by the teacher. The presence of a web-quest requires not only looking for material on the internet, but also analyzing, generalizing, creating, and defending the individual’s point of view on the growing issue [6].

Methodology

Ten teachers of English participated in a qualitative study that was conducted. A variety of English teachers were contacted in order to collect data. 5 open-ended questions were posed to the interview subjects regarding teaching, student preferences for the English language learning process, intercultural communication skills, instructors’ opinions on the usage of simulation technologies, and other topics. The data was collected in a variety of ways, and it was then organized and presented in the most effective manner.

The following queries were presented to the interviewer, and more conversation was encouraged.

1. *Do you understand the meaning of the term “intercultural communication competence”?*
2. *How would you define the term “intercultural communication competence”?*

3. Do you use web quest technology in your English language teaching?
4. Do students enjoy web-quests that they participate in during class?
5. Do you agree that using web-quest technology can help students develop intercultural and communicative skills?

Results

The majority of the questions on the interview's outcomes were warmly received and thoughtfully addressed. Following is a distribution of the survey responses from English language instructors.

The first question's answers show that most teachers (70%) are familiar with the idea of intercultural communication ability, while 30% claimed that it is challenging to respond to this topic (Diagram 1).




Diagram 2 – The teachers' answers for the second question

2. How would you define the term "intercultural communication competence"?
3. Do you use web quest technology in your English language teaching?
4. Do students enjoy web-quests that they participate in during class?
5. Do you agree that using web-quest technology can help students develop intercultural and communicative skills?

Results

Regarding the results of the interview, most of the questions were welcomed and sincerely answered. The survey results of English language teachers were distributed as follows:




Diagram 1 – The teachers' answers for the first question

According to the results of the first question, many teachers (70%) know the concept of intercultural-communicative competence, while 30% said that it is difficult to answer this question (Diagram 1).

A personal characteristic that includes a variety of intercultural knowledge, abilities, and personality qualities that represent one's preparedness to interact professionally was selected by 30% of instructors in response to the second question. Intercultural and communication competency is defined by 40% of teachers as the capacity to interact with other cultures effectively, 20% of teachers as a respectful attitude toward other cultures and peoples, and 10% of teachers as choosing neither of these definitions (Diagram 2).

This diagram's findings show that 40% of English teachers use web-quest technology. However, this form of technology is not used by the remaining 40%.

On the following question, 50% of the teachers agreed that employing web-quest technology should involve student participation.

In response to the last question, 60% of the teachers believe that using web-quest technologies helps students develop their intercultural communication skills, demonstrating the value of intercultural communication skills.

This diagram's findings show that 40% of English teachers use web-quest technology. However, this form of technology is not used by the remaining 40%.

Conclusion

In conclusion, we point out that the web-quests creates the conditions for motivated study of a foreign language for intercultural-communicative competence, interdisciplinary knowledge integration, expansion of the general cultural and professional horizons, and the organization of interactive activities that involve the active participation of the entire group and each of its members in the choice of communication strategy and tactics, as well as the most appropriate forms and means. The accomplishment of a specific goal inspires shared activities, a sense of satisfaction, and the drive to advance their professional knowledge even in a foreign language.

References

1. *M. Byram*. Developing the Intercultural Dimension in Language Teaching. [Электронный ресурс] – http://www.coe.int/t/dg4/linguistic/Source/Guide_dimintercult_EN.pdf 21.
2. *Bryleva, V. A.* (2007), Development of intercultural competence of students – linguists by means of the virtual educational environment of the special faculty, dissertation, Volgograd.
3. *Dodge, B.* «Some Thoughts About Web Quests». 1995. URL: http://webquest.sdsu.edu/about_webquests.html
4. *Laborda, J.G.* «Using webquests for oral communication in English as a foreign language for Tourism Studies». Educational Technology & Society. 2009. No12 (1). PP. 258-270.
5. *Полеицук, Е.С.* «Веб-квест как способ организации поисково-исследовательской деятельности обучающихся при обучении иностранному языку». Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии. 2014, №44. III. 34-37.
6. *Мельник, О.Г.* «Веб-квест в обучении студентов». Известия Южного федерального университета. Технические науки. 2010. Вып. № 10. Том 111.

А.Е.ӘМІРЖАН

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
2-курс магистранты*

М.Т.КУШТАЕВА

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Андатпа. Мақалада халқымыздың этномәдени құндылығын аша түсетін салт-дәстүріміз бен фольклорымыздың өзара сабақтастығы сөз етіледі. Әр халық өзінің тілімен, дінімен, атауымен және де салт-дәстүрімен ерекшеленеді. Қазақ халқы ежелден салт-дәстүрлерін заңда жазылған ережедей сақтаған. Әр қадамында жасалу керек ырым-жоралғыларын өз ретімен орындап отырған. Тұрмыс-салт жырларының бір тармағы – отбасы, әдет-ғұрып өлеңдері – халықтық сананың сәбилік шағында туып, халықпен бірге жасасып келе жатқан ауыз әдебиетінің бай саласы. Салтқа байланысты фольклор күрделі әрі көп қырлы құбылыс. Оның жанрлық құрамы да сан алуан. Осыдан болар, зерттеу еңбектерде бұларды тарихи-этнографиялық тұрғыда талдау басым. Себебі олар халықпен бірге дамып келе жатқан жанрлар. Салтқа қатысты фольклордың өзіндік қасиеті оның көркемдік, эстетикалық бітімінде ғана емес, халықтың тыныс-тір-

шілігімен, белгілі бір дәстүрлерді атқару әрекетімен етене жақын болуында. Ол дәстүрлерді атқару мақсатында орындалады. Оның өзінде де адамның сезім иірімдерін бейнелеуден гөрі, наным-сенімге көбірек негізделеді. Бұл жерде өлең дәстүрді атқарудың бірден бір құралы болып табылады. Оның белгілі әрекетке және сөздерге кереметтей қасиет беру сипаты айқын. Мәселен, бесікті аластау, тұсау кесу мақсатында айтылатын өлеңдердің, сондай-ақ неке қияр сөзінің сипаты осыны көрсетеді. Белгілі ортаға ғана арналған, салтқа байланысты айтылатын өлеңдер бар. Оларды орындаудағы негізгі мақсат: түрлі дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды атқару барысында осы оқиғаларға қатысушылардың көзқарасын білдіру. Мақалада осы фольклор мен салт-дәстүрдің өзіндік ерекшелігі мен олардың өзара сабақтастығы сөз болады.

Түйін сөздер: этномәдениет, этнос, фольклор, ұлттық мәдениет, құндылық.

Аннотация. В статье рассматривается взаимосвязь традиций и фольклора, раскрывающая этнокультурную ценность нашего народа. Каждый народ отличается своим языком, религией, названием и обычаями. Казахский народ издревле соблюдал традиции и обычаи, как в законе. Он выполнял ритуалы, которые должны были совершаться на каждом шагу, в своем порядке. Одна из ветвей ритуальных поэм-семья, стихи обычаев-это богатая область устной литературы, рожденная в младенчестве народным сознанием и развивающаяся вместе с народом. Фольклор, связанный с обрядом, является сложным и многогранным явлением. Его жанровый состав также разнообразен. Отсюда следует, что в исследовательских работах преобладает их историко-этнографический анализ. Потому что это жанры, которые развиваются вместе с народом. Своеобразие фольклора по отношению к обычаю заключается не только в его художественном, эстетическом единстве, но и в непосредственной близости от жизни народа, деятельности по исполнению определенных традиций. Он исполняется с целью исполнения традиций. Даже в этом случае он больше основан на убеждениях, чем на представлении человеческих чувств. Здесь стихотворение-единственное средство исполнения традиции. Его характер наделяет известных действий и слов чудесным качеством очевиден. Так, об этом свидетельствует характер стихов, которые произносятся с целью раскрытия колыбели, а также слова брачный огурец. Есть стихи, посвященные только известной среде, рассказанные в зависимости от ритуала. Основная цель их выполнения: выразить отношение участников этих событий в ходе исполнения различных традиций, обычаев. В статье речь пойдет о своеобразии этого фольклора и обычаев и их взаимной преемственности.

Ключевые слова: этнокультура, этнос, фольклор, национальная культура, ценность.

Abstract. The article examines the relationship between traditions and folklore, revealing the ethno-cultural value of our people. Each nation is distinguished by its language, religion, name and customs. Since ancient times, the Kazakh people have observed traditions and customs, as in the law. He performed rituals that had to be performed at every step, in his own order. One of the branches of ritual poems is the family, the verses of customs are a rich field of oral literature, born in infancy by the national consciousness and developing together with the people. Folklore associated with the rite is a complex and multifaceted phenomenon. Its genre composition is also diverse. It follows from this that their historical and ethnographic analysis prevails in research works. Because these are genres that develop together with the people. The peculiarity of folklore in relation to custom lies not only in its artistic, aesthetic unity, but also in the immediate proximity to the life of the people, the activity of fulfilling certain traditions. It is performed for the purpose of fulfilling traditions. Even in this case, it is based more on beliefs than on the representation of human feelings. Here the poem is the only means of fulfilling the tradition. His character of endowing certain actions and words with a wonderful quality is obvious. So, this is evidenced by the nature of the verses that are pronounced in order to

reveal the cradle, as well as the words marriage cucumber. There are poems dedicated only to a certain environment, told depending on the ritual. The main purpose of their performance is to express the attitude of the participants of these events during the performance of various traditions and customs. The article will focus on the uniqueness of this folklore and customs and their mutual continuity.

Keywords: ethnoculture, ethnos, folklore, national culture, value.

Халқымыздың ерте кезден қаймағын бұзбай, ұлттық тәлім-тәрбие қазыналарын мұра етіп, оны іске асырудың басты құралы ретінде – этномәдениет қазыналарын сақтады. Этимологиялық сөздікке жүгінер болсақ, «Этномәдениет» сөзін тұтастай екі бөлікке бөліп қарастырады. «Этнос» ол – тарихи жағынан қалыптасып болған этникалық бірлестік – тайпа, халық немесе ұлт мағынасын аша түседі. Этномәдениет сөзінің мағынасын аша түссек дейміз. Бәрімізге белгілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырда «мәдениет» деген сөзін алғашқылардың бірі болып қолданып мағынасын ашқан. «Кейбірлері қалаларда жиналып, егінмен ас жасайды. Оларды: «мәдени халық – деп атайды, яғни «білімді жұрт» – дейді. Бұл жердегі мәдениет дегеніміз – арабтың «мудун» – яғни, «қала» деп түсіндірілсе, «мәдени» – «қалалық тұрғын» мағынасында қолданылған [1, 9].

Академик Ә.Т.Қайдаровтың пікіріне тоқталсақ: «Этностың эволюциялық кезеңінде кешіп өткен ғасырлар тоғысы, бейне-белгілері жартастарға қашалып жазылған көне жазу мен мәдени ескерткіштер кейпінде біздерге жетуі мүмкін. Алайда, бұлардың барлығы осы этнос ғұмырының көптен бір бейнесі ғана. Оның тілінде – дүниетанымы мен даналығы ғана сақталған. Әр дәуірде өмір сүруге керек болған қару-жарақ пен құрал-сайманның, ішкер тамақ пен киер киімнің, салт-сана мен тұрмыстық заттарға, наным-сенім мен әдет-ғұрыпқа, ойын-сауық пен той-томалағына қатысты ұғымдардың тілдік факті түрінде ғана, нақтырақ айтсақ, жеке сөздер мен сөз тіркесі немесе тұрақты тіркес пен мақал-мәтелдер арқылы бізге жетуі әбден мүмкін» [2, 34].

Фольклорлық тілдік ақпараттардың этномәдени ерекшеліктерін зерттеу – қазынаның мәдени-мұрагерлік қызметінің теориялық мәнін ашуға ықпал етеді. Г.Смағұлованың пікіріне жүгінсек, ұлттық мәдениеттің негізгі тірегі – ұлттық мінез бен халықтық сезім және салт-дәстүр: «Қаншама ғасыр өтсе де халықтың ұлттық сипаты мен мәдени өмірдің белгілері және түрлері тек қана тілде сақталады. Одан кейінгі ұрпақ тілдерінде сақталған түрлі атаулар арқылы этностың жүріп өткен жолын танып біле алады. Этномәдени лексика ғана ұлт болмысын айқындап, материалдық және рухани игіліктер ерекшеліктерін сипаттап, бізге жеткізе алады» [3,185].

Фольклор – халықтың өмір айнасы екені хақ. Ұлтымыздың тұрмыс салты, театр, сөз, би, ән-күй өнері фольклордың тұла бойында бір-бірінен ажырамай, біртұтас күйде өмір сүреді. Тіршілік кезеңдерінің тәжірибесімен қатар – ой, ойдың материалдық қабаты – тілдің дамуымен, сөзден өлең, өлеңнен ән дараланып шықты. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халық аузында әлі күнге дейін сақталған көркем сөз өнерін, оның айтылу және орындалу ерекшеліктерін фольклор дейміз [4, 9].

Коллективтік және ұлттық сипаты, варианттылығы мен дәстүрлілігі, тарихилығы және ауызекі дамуы – фольклордың басты сипаты ретінде айқындалады. Ғасырлар бойы түрлі жырау, жыршы, ақын, көркемсөз зергерлерінің өңдеуінен өткендіктен, қазақ фольклоры жанр жағынан да аса іргелі, қомақты. Жанр байлығына тоқталсақ, қазақ фольклоры жазба әдебиетке жете қабыл. Қазақ фольклорында бала бағу, бала тәрбиелеу, қыз ұзату, жаназалау, діни әдет-ғұрыпқа байланысты туған салт өлеңдері өте көп. Осы тұрмыс-салт жырларын мазмұны мен тақырыбына қарай бірнеше түрге бөлеміз:

- а) бақташылық жырлары (төрт түлік мал туралы);
- ә) діни әдет-ғұрыптар тудырған жырлар (жарапазан, бәдік);

б) үйлену жырлары (тойбастар, жар-жар, сынсу, жұбату, беташар);

в) ұлыс жырлары;

г) бөбек жырлары; жаназалау жырлары (естірту, қоштасу, жоқтау, т.б.) [4,44].

Үйлену салтына байланысты туған ән-өлеңдер мазмұны мен түрі жағынан әртүрлі. олар көп жағдайда салт-дәстүрге тікелей байланысты. Халықтық әдет-ғұрып қазақтардың отбасы-неке қатынастарында сақталатын әртүрлі салт-жораларда мейлінше толық ашылды. Әдет-ғұрыпқа байланысты үйлену жырлары қыз айттыру, жар-жар, сынсыма, қоштасу, жұбату, беташар, тойбастар түрінде айтылатын болған.

Қазақтың өзге жанрлық жырларында әдет-ғұрыптық салттар көрініс тауып жатады. Осыны негізге ала отырып, «Қамбар батыр» батырлық жырынан бірнеше тұрмыс-салт жырларының элементтерін аңғарамыз:

«Саусағы алтын сұңқарға,
Ілдірейін деп келдім.
Көлдегі үйрек, қазыңды,
Алтайы қызыл түлкіңе,
Қосайын деп ойлап ем
Құмай жүйрік тазымды.
Тікбекке ақ үй сұраймын
Ел қонбаған сазыңды.
Бұйырып патшам жіберген,
Қайталмаймын бұл жерден
Іздеген жоғым табылмай» [5, 43].

Бұл үзіндіден астарлап сөйлеу арқылы қыз баласын айттыру мақсатында айтылған шу-мақты көреміз.

Қазақ халқында қыз ұзатылғанда немесе келін түсірілген уақытта тойбастар айтылған:

«Бағлан серке, марғасқа, қой бастайды,

Қой алдында жануар ойқастайды», – деп келіп, қайым ұйқасқа құрылып, соңында «той – тойға ұлассын» деген тілектермен аяқталады. Қыз ұзату тойында айтылатын тойбастар қалыңдықтың ішкі жай-күйі мен көңіл-күйін суреттеу арқылы ақын өзінің құттықтау өлеңімен аяқтайды:

«Үстінде төсегіңнің әкең жылар,
Алланың ақ бұйрығы осылай деп,
Алдында саба аяқтың шешен жылар,
Қыз қылып әлпештеген басым-ай деп.
Егіліп сен жылайсың «Елім-ай» деп,
Құрбылас ойнап-күлген теңім-ай деп,» [6, 21] деген жолдар түзеді.

Қазақ халқында үйлену салтына қатысты туындаған жырлар мол екені белгілі. Сол тізбектің қатарын – «неке қияр» жырлары алады. Неке қияр – қалыңдық пен күйеудің некесін қию кезінде орындалатын өлеңнің бір түрі. Ол әнмен айтылмайды, алайда, ұйқаса құралып, тақпақ түрінде айтыла береді:

«Куә-куә-куәдүрміз,
Куәлікке жүрәдүрміз.
Мұнда халық қасында,
Таңда хақ алдында,
Екі кісі хақ куәлік берәдүрміз».

Пәленшеден жазған (әкесін айтады), пәленшеден туған (шешесін айтады) пәленше қызды (қызды айтады) халал жүптілікке қабыл көріп алдыңыз ба? – дейді.

Неке қияр мұсылман дінінің, яғни шариғат қағидаларына сай өткізіледі. Х.Арғынбаевтің айтуы бойынша, куәлікке үш адам жүреді. Қазақтар үшін тақ сан наным-сенімге байланысты киелі болып саналған. Сол себептен де куәлікке үш адамның жүруі де осы ұғымға сай келеді.

Сырлы тостағанға су құйып, қыз анасы неке суын дайындап, оның ішіне күміс жүзік, сақина не садақ жебесін салып, молданың алдына ақ шүберектің үстіне қояды. Молда неке дұғасын оқып, неке қияды. Қыздың әкесі молдаға неке қиярды малдай не ақшалай береді. Ал куәлікке жүрген жігіттер бір-бір шапан киеді.

Неке қиюдың осындай тәртібі жекелеген этнографиялық еңбектерде қазақтардың әдет-ғұрып, салттары әңгіме болғанда ғана жалпы сипаттамасы берілгені болмаса, фольклорға қатысты еңбектерде осы уақытқа дейін жеке жанрлық түр ретінде сөз болған емес. Тек алғаш рет неке қиярды А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» ауыз әдебиетін жалпы жіктей келе, ғұрып сөз деп атаған топтағы үйлену салт өлеңдерінің қатарында қарастырған болатын. Бұл өлең неке қию салтымен байланысты болғандықтан біз оны үйлену салт өлеңдерінің ішіне кіргізіп отырмыз [6, 35].

Үйлену салтына байланысты туындаған тағы да бір жырдың түрі – «жар-жар». Жар-жар әке-шеше, туған-туыс пен бауырларынан ұзатылып, жат жұртқа бара жатқан қалыңдықтың көңілін аулау мақсатында құралған. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов «жар-жар» деген қайырманьың мағынасын түсіндіре келіп: «Бұл сөз жар сүйю, екінші адаммен қосақтасып өмір сүру дегенді білдіреді. Әрбір жолды айтқан сайын «жар-жар» деп әдейі қайталайды. Онысы, сен енді жалғыз емессің, жаныңда сүйген жарың бар дегені» – дейді [7, 51].

Жар-жар өлеңі «Алпамыс батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпосында да кездеседі. Осы арқылы біз қай жанрдағы жырда болмасын, салт-дәстүрдің этномәдени құндылығын еш жоғалтпайтындығын көреміз. Бұған қарап, отбасы, әдет-ғұрып өлеңдерінің біршамасы эпостық шығармалардың тууына негіз қалаған деп ой түюге әбден болады.

Қазақ салт-дәстүрінің қаймағы сапырылып тұрған тұрмыс-салт жырының бірі – беташар. Ұлттық сана-сезім мен дүниетанымның тілдегі айқын көрінісі – беташар жырында. Ғаламның ұлттық сипаттағы тілдік бейнесі этномәдени реңкті тіл бірліктері арқылы айшықталады. Үнемі заманына қарай, ізгіліктеріне қарай сипатталып, жаңарып отырады. Ондағы ой орамдары, мазмұн байлығы, сөз саптастары, көркемдік бояулары, нақыштары, тәрбиелік өсиеттері, тілектері уақыт рухымен түлеп, жаңғырып, өзгеріп жатты. Беташар жыры халық санасына сіңіп, жадында жатталып қалса да, ол талай-талай дәуірлерді, әлеуметтік өзгерістерді басынан өткерді. Ол – ежелгі халық психологиясының, мәдениетінің, тілдік байлығының куәсі. Мысалы:

«Келін-келін келіп тұр,
Келін үйге еніп тұр.
Қайын жұрты – халқына,
Иіліп сәлем беріп тұр.
Үйдің іші толы адам,
Бәріңді келін көріп тұр.
Көргенменен танымай,
Қайсысы алыс, кім жақын
Сол жері көңілін бөліп тұр.
Көрімдік берсе көп адам,
Талай мал әзір болып тұр.
Қайынаға, қайыны, кәрі ата,
Сараңына кез қылмай,
Мырзасына жолықтыр.
Не қылсаң, халық, өзің біл,

Жат елден келіп жас келін,

Жаңа мейман болып тұр», [8, 8] – деп басталып, тарата айтар ақынның төкпе сөзі бірде салмақты ойға, бірде ағындаған батагөй сөзге ауысып, ал кейде мысқылды сынға құрылып өрлей береді. Келін түсіру өлеңдерінің бұл түрі мазмұны жағынан үш бөлімнен тұрады: біріншісі – жас қыздың жаңа жұртқа келін болып түсуінен басталады да, қайыңжұрттан көрімдікке енші алуымен аяқталады. Екінші бөлімде – жас келіннің жаңа шаңырақта қалай өзін ұстау керегі, қандай мінез-құлық көрсету керектігі өсиет арқылы айтылады. Үшіншіде – ақын айнала отырған жаңа туыстарын атап-атап таныстырып шығады. жас келін жасы үлкендерге иіліп, әрқайсысына жеке-дара иіліп сәлем етеді [9].

Салт-жоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілер мен мақал-мәтелдердің халықтың ауызша шығармашылығы мен адамдарының күнделікті тіршілігінде алар орны ерекше. Әсіресе, салт-жоралғы поэзиясы ел тұрмыс-өмірінің ажырамас бөлшегі еді. Халықтық өмір салт-жора мен әнсіз мүмкін емес секілді. Ол бай болсын, кедей болсын, әрбір қазақтың өміріндегі маңызды іс-шараларда өзіндік орын алып отырған. Біздің салт-дәстүр мен фольклордың сабақтасып дамып, әлемдік мәдениет аясында мәдениеттанымдық аспектілері этнографиялық, философиялық, тарихи, рухани-материалдық құндылық түрінде алар орны мен тәрбиелік маңыздылығы мол. Жұртымыздың көптеген ғасырлар бойы қалыптастырған мынадай материалдық-рухани мәдениеті ауқатты қорлары бүгінгі келешектердің отансүйгіштік қасиетін қалыптастыру тәрбиесі міндеттемелерін іске асыруда қолданылатын тәлім құралы ретінде есептеледі.

Әдебиеттер

1. Ә. Нұрмағамбетов, Сөз сырына саяхат. – Алматы: Жалын, 1990. – 128 б.
2. Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988.
3. Смағұлова Г.Н. Түркілер өркениеті: қазақ этномәдени лексикасы. –2017. –185-197 бб.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
5. Қамбар батыр. Қазақ эпосы. – 1-кітап. – Алматы, 1957.
6. Г.Болатова. Салт жырларындағы тәрбиелік үрдістер. – Алматы: «Рауан» 1997.
7. М.Әуезов. Әдебиет тарихы. – Алматы: 1991.
8. Беташар: Той-томалақ кітабы. – Алматы: Өнер, 1991. – 256 б.
9. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974. – 288 б.

А.Е. ӘМІРЖАН

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің

2-курс магистранты

Ақтөбе, Қазақстан Республикасы

aruiix@mail.ru

М.Т. КУШТАЕВА

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ «КЕЛІННІҢ» ЭТНОМӘДЕНИ ТҮЛҒАСЫ

Аңдатпа. Этномәдениеттің денін жұртымыздың – тарихы, әдебиеті, музыкасы, тілі, салт-дәстүрі, кәсіби, тұрмыстық фольклорлары негізіндегі тұрмысы құрады. Қазақ халқының дүниетанымында сан ғасырлардың бері қалыптасып, қырын алған мәдениет ол – салт-

дәстүріміз, ата-салтымыз. Осы мәселе тұрғысында мақалаға арқау болған, салт-дәстүрге тікелей қатысы бар кейіпкер – келін. Мақалада этномәдени лексикалық бірлік – келін тұлғасын аша түсетін ұлттық дүниетанымымыздың мәні баяндалады. Қазақ халқындағы келіннің алар орны мен оған қатысты ұлттық, тілдік, мәдени, салт-саналық аспектілер қарастырылады. Келін – қазақ үшін ұлттың ұйытқысы, құт-берекесі, әулеттің ырысы. Осындай бейненің тұлғасын аша түсер санамыздағы этномәдени түсініктер де мол. Сол «келін» тұлғасының этномәдениеттілігін мақалада жан-жақты ашу – мақсатымыз. Этнолексика түрінде сақталған осындай ұшан-теңіз байлық кез келген жеке тілдік фактіге байланысты емес, белгілі бір жүйе бойынша, мағыналық-тақырыптық топтарға бөлініп, өзара жіктеліп, сараланып, зерттелуі тиіс. Оның себебі: кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық және семантикалық топтардың негізіндегі тілдің құрылымдық жүйесінен құралады. Ғаламның ұлттық сипаттағы тілдік бейнесі этномәдени ренкті тіл бірліктері арқылы айшықталады. Үнемі заманына қарай, ізгіліктеріне қарай сипатталып, жаңарып отырады. Ондағы ой орамдары, мазмұн байлығы, сөз саптастары, көркемдік бояулары, нақыштары, тәрбиелік өсиеттері, тілектері уақыт рухымен түлеп, жаңғырып, өзгеріп жатты.

Кілт сөздер: этнолингвистика, этномәдениет, микроконцепт, әдет-ғұрып, келін, салт-жоралғы, ырым-тыйым, мақал-мәтел.

Аннотация. В основе этнокультуры – история, литература, музыка, язык, традиции, профессиональный, бытовой фольклор. В мировоззрении казахского народа многовековая культура – это традиции, обычаи. В контексте этого вопроса в статье был задействован герой-невеста, имеющая непосредственное отношение к обычаям. В статье излагается сущность национального мировоззрения, раскрывающего этнокультурное лексическое единство – личность невесты. Рассматриваются национальные, языковые, культурные, ритуальные аспекты, касающиеся места и места невестки в казахском народе. Невестка-источник нации, благоденствие, обряд династии для казахов. В нашем сознании много этнокультурных концепций, которые раскрывают личность такого образа. Цель-всестороннее раскрытие этнокультурности этой «невестки» в статье. Такое лето-морское богатство, сохраненное в форме этнолексики, не зависит от какого-либо отдельного языкового факта, а должно быть разделено по определенной системе на семантико-тематические группы, классифицировано, дифференцировано и изучено между собой. Причина: лексика любого языка складывается из структурной системы языка, лежащей в основе тематических и семантических групп в определенных отношениях и связях. Языковая картина национального характера Вселенной раскрывается через этнокультурные языковые единицы. Постоянно описывается и обновляется по времени, по добродетелям. Витки мыслей, богатство содержания, кружки слов, художественные краски, узоры, воспитательные заповеди, желания в нем отражались, возрождались и менялись духом времени.

Ключевые слова: этнолингвистика, этнокультура, микроконцепт, обычаи, невестка, ритуалы, суеверия, пословицы и поговорки.

Annotation. The basis of ethno – culture is the life of our people-history, literature, music, language, traditions, professional and household folklore. In the worldview of the Kazakh people, the culture that has been formed for centuries is our traditions and Customs, our ancestors. In the context of this issue, the heroine who became the subject of the article, directly related to the traditions, is the bride. The article describes the essence of our national worldview, revealing the identity of the bride – an ethnocultural lexical unit. The role of the bride in the Kazakh people and related national, linguistic, cultural, ritual aspects are considered. For Kazakhs, the bride is the breadwinner of the nation, the blessing of the family. It is important to note that the image of the Kazakh people has a lot of ethno-

cultural concepts that reveal the personality of this image. The ethnoculturality of this» Kelin « person is our goal in the article. Such wealth, preserved in the form of ethnolexics, should not depend on any individual linguistic fact, but according to a certain system, divided into semantic and thematic groups, classified, differentiated and studied among themselves. The reason for this is that the vocabulary of any language consists of a structural system of the language based on thematic and semantic groups in certain relationships and connections. The linguistic picture of the national character of the universe is expressed by ethnocultural linguistic units. It is constantly described and updated according to the times, according to the virtues. In it, thoughts, richness of content, words, artistic colors, patterns, educational precepts, desires were revived, revived and changed in the spirit of time.

Keywords: ethnolinguistics, ethnoculture, microconcept, customs, daughter-in-law, rituals, superstitions, proverbs and sayings.

Қазынаның мәдени-мұрагерлік қызметінің теориялық мәнін ашуға – фольклорлық тілдік ақпараттардың этномәдени ерекшеліктерін зерттеу ықпал етеді. Атап айтқанда, фольклор мәтіндерінде астарлы түрде қолданылатын онимдер жүйесі өзінің тәңірге табынушылық, діни, мифологиялық мазмұны арқылы кумулятивті қызметке ие болып отыр. Оларды космонимдер, антропонимдер, зоонимдер, топонимдер, мифонимдер және этнонимдер деп тармақтап қарауға болады. Қазақ фольклорының осындай онимдер жүйесінің этнолингвистикалық сипаты Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, Е.Жұбанов, Ә.Қайдар, Т.Қоңыратбаев, Ә.Қоңыратбаев, А.Сейілхан, т.б. еңбектерінде жан-жақты ашылған. Мысалы, күймелі арба, шатыр, қулық, шашу, енші, жұмыршақ, т.б.

Құнды этнолингвистикалық мәліметтерге бай тілдің саласы – киелі лексика. Оның құрамында қазақ халқының әдет-ғұрпы, наным-сенімдері мен ырым-жораларын бейнелейтін лексикалық бірліктері сақталған. Бұл лексиканың этнолингвистикалық сипатын зерттеген А.Керімбаев. Ол заттардың профандық және символикалық қос қызмет атқаратындығының мысалы ретінде киім-кешек, баспана, зергерлік бұйымдар, салт-дәстүрдің семиотикалық қызметі – киелі мәнін көрсетеді [1, 9]. Мысалы, қазақтардың киіз үйінің құрылымдық бөліктері: шаңырақ, төр, босаға, ошақ, т.б.

Қазақ халқының дүниетанымында сан ғасырлардың бері қалыптасып, қырын алған мәдениет ол – салт-дәстүріміз, ата-салтымыз. Халқымыздың даналығы мен парасаттылығын осы жөн-жоралғыларымыз арқылы тани аламыз. Салтымыздың дені фольклормен ұштасып сабақтаса, тұла бойымыздың терең текпірінен өзіндік ерекше орнын алған. Қазақтың салт-дәстүрлері бала дүние есігін ашқан сәттен бастау алып, өлім-жітімге дейінгі кезеңдерді бастан кешіреді. Қазақ халқының этномәдениетінің мұрасының бір бөлшегі – тұрмыстық немесе ғұрыптық фольклоры.

Ұлттық сана-сезім мен дүниетанымның тілдегі айқын көрінісі – беташар жырында. Ғаламның ұлттық сипаттағы тілдік бейнесі этномәдени реңкті тіл бірліктері арқылы айшықталады. Беташар сөзін негізге ала отырып, ондағы басты кейіпкер – «келін» екендігін түсінеміз. Қазақ халқында келін – шаңыраққа мәңгілікке келген қонақ, ұрпақ жалғастырушы жан. Оның өзіндік атқарар міндеттері бар. «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын» деген секілді ұлттық танымымызда өзіндік түсінік қалыптасқан.

Ежелден келе жатқан «келін» сөзінің сырына көз жүгірте отырып, ұлттық сипаты бар деген бұл сөзді – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтайды деп түйіндеуге болады. Келін – қазақ халқымызда ең әуелі қыз, келіншек, әйел, қатын, абысын-ажын, т.б. Осы ұғымдардың барлығы «келін» микроконцептісін кеңінен аша түсетін этномәдени бірліктер. Нақты айтқанда, мысалы, қолданылған материалдық мәдениетке қатысты атаулар

жай аталмайды, олар сол заманда өмір сүрген осы тұлғалардың мәдени әрекеті нәтижесінде рухани дүниесінде заттанады. Яғни, бұл – осы тұлғалардың өзіндік санасындағы мәдени ұғымның дискурстық сипаттағы айшықты көрінісі. Себебі, әр замандағы ұрпақтар жалғастығы, мәдени мұраларды игеру, қабылдау шығармашылық негізді тиімді іске асады.

Қазақ халқымыздың түсінігінде келін болып түскен қыз барған жерінде күйеуі жағының туыстарының атын ешқашан тіке, турасынан қаратып айтпаған. Бұл қазақ жұртының үлкендер алдында ибалық сақтау мәдениетінің өте жоғары екендігін көрсетеді. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жинап, оны бастырушы С.Кенжеахметұлы: «Жас мөлшері мен ерекше белгілі қасиетіне, туыстық қатынасы мен мәртебесіне қарай қисыны табылып қойылған әрбір аттан келіннің тапқырлығы мен ақылдылығы танылады», – дейді [2, 31]. Келіннің ой ұшқырлығы осындай маңызды сәттерде ерекше аңғарылатын болған. Үлкендерге атына сай есім табу арқылы қайын жұрты алдында ақылдылығын және кішіпейілділігін таныта алған.

Келіннің сәлем салуы – оның әркезде иіліп ізеттілік көрсетуі. Еліміздің кейбір жерлерінде, мысалға, Сыр өңірінде әлі күнге дейін жалғасын тауып, қаймағы бұзылмай келе жатқан осы дәстүрінің екі түрлі түрі бар, бірі – келіндердің өз күйеуінің үлкен ағайындарына, екіншісі – ет жеп болған соң табаққа сәлем салуы (ПМА – 1). Келінге қатысты қазақтың бұл дәстүрі беташар салтынан басталады. Беташарда келін күйеуінің ет жақын туыстарының әрбіреуіне арнау өлең айтылған соң қолтықтап тұрған жеңгелермен бірге иіліп сәлем салады. Келіннің беті ашылып, босаға аттаған күннен бастап, келін күйеуінің туыстарына көрген кезде екі қолын алдына бір-біріне айқастырып қойып «сәлем бердік» деп дауыстап, иіле сәлем етеді. Күйеу жағынан қандай да бір туыстары кездейсоқ жолығып қалған сәтте де осылайша иіліп сәлем салады. Келіннің салған сәлеміне үлкен кісілер «бақытты бол» немесе «көп жаса» деп тілеуін тілейді. Бұл дәстүр келіннің қайын жұртына деген құрметін білдіреді. Сыр өңірінде әлі күнге дейін сақталып отырған бұл дәстүрдің екінші түрі *табақ алу* сәтінде атқарылады. Ет жеп болған соң дастарқан басында отырған қонақтың үлкені табақты ұсынғанда, келін үнсіз сәлем салып барып алуы тиіс. Келіндер дәстүр бойынша ас желініп болғанын сезген бойда табақ алуға дайын тұрады. Үлкен жиын-тойларда немесе құдайы тамақ берілгенде тарту болған табақтардың санына орай келіндер бірінен кейін бірі қатар тұрып, әрбіреуі табақ аларда иіліп сәлем салады. Қара шаңырақта да қонақ келмей-ақ өздері отырып ас жеп болған соң да келін табақ алады. Бұл еттен дайындалған тамақты қазақтың үлкен асы деп санап, табақ басында отырған үлкендерге және шаңыраққа деген құрметтен туындаған.

Келінді жаңа ортаның салт-дәстүріне бейімдеп, жаңа тұрпатта қалыптастыруға байланысты жақсы ниетпен жасалатын іс-әрекет, шаралар мен ғұрыптар, сондай-ақ, жаманшылықтан сақтандыру үшін іс-әрекетке салынатын тыйымдар аз емес [3, 68].

Қазақ дүниетанымында келінге қатысты осы секілді ырымдар мен тыйымдар, мақал-мәтелдер, аңыз-әпсаналар, салт-жоралғылар көптеп кездеседі. Бұлай дейтініміз, қазақ халқында келіннің рөлі аса маңызды рөл ойнайтындығында. Халқымызда ертеден келінге байланысты мынадай ырымдар қатары кездеседі: жаңа түскен келіннің бетін ашқанда, жыр айтушы ақын оң қолымен ашады. Жеміс ағашына немесе тобылғы сапталған қамшының сабына қызыл торғын орамал байлап, сонымен ашады. Онысы – «Келіннің беті айдай жарық болсын, жемісті ағаштай ұрпағы көп болсын» деп ырымдағаны. Одан кейін жаңа түскен келін отқа сәлем береді, басқа әйелдер отқа май құйып, алақандарын қыздырып алып, келіннің бетін сипайды. «От ана, Май ана, жарылқа!» – деп тілек тілейді. Бұл – «келіннің жүзі жылы, дидары ыстық болсын, тіл-көз тимесін» дегені [4,151]. Халқымыздың бұлайша ырымдауы – тек жақсылықтың орын алуын қалау етуінде.

Ұлтымыздың аса бай тілінде келіннің статусы мен өзіндік орны әрі міндеттерін білдіріп, белгілеп, оны астарлап, тоқсан сөздің тобықтай түйінін дәл жеткізетін мақал-мәтелдері өте

көп. Халық аузында келінге байланысты «Жақсы келін – келін, Жаман келін – өлім», «Келін жаман емес, келген жері жаман», «Жақсы келін қызындай, жаман күйеу ұлындай» деген секілді бірсыпыра мақал-мәтелдер тобы кездесіп жатады. Бұл мақал-мәтелдердің мағынасын тереңінен ашпай-ақ, келіннің көркем мінезді болуы – бір шаңырақтың ұйытқысын ұстап тұруы немесе нашар болуы сол отбасындағы адамдардың әсер етуінен екендігін дәл айтқан. Әрі осы мақал-мәтелдер арқылы келін тәрбиесіне әсер етер ене мектебінің орнының ерекшелігі мен келіннің мінез-құлқын дұрыстауға арналған дөп айтылған өсиет сөздерді байқаймыз. Осы сарында бәрімізге белгілі, есімі ел аузында сүйіспеншілікпен айтылатын Шал ақынның да уақыт ағымына қарай мақалға айналған мынадай өлең жолдары дәйек бола алады:

«Келін жақсы болса,
Үйіңе көп кісі келеді.
Келін жаман болса,
Келген кісі кеткісі келеді.
Ас құй десең, төккісі келеді,

Төкпей құй десең, сөккісі келеді» [5, 177]. Ақынның осы жолдары арқылы келіндердің екі түрлі мінезді болатынын көреміз. Жалпы алғанда, келін жақсы болса – үйдегі құт-береке, шаңырақтың ұйытқысы мен отбасының жылуы, ал мінезі нашар болса кертартпа қылық көрсететіндігі хақ.

Қазақ фольклорында да осы келіндерге байланысты өсиет-батаға толы жырлар молынан кездеседі. Олардың басты мақсаты келінге келген жерінде өзінің тек жақсы мінез-құлқымен, әдептілігімен, үлкендерге құрмет көрсетуін ашық әрі нақты айту:

«Келін боп келген қиын іс,
Жасөспірім балаға.
Қызмет қыл иіліп,
Ата менен анаға,
Өзіңнен үлкен адамның,
Бетіне тіке қарама!
Үлкен кісі келгенде
Қатарласып отырмай,
Кейін отыр панада.
Сөлекет болып отырма,
Еркектей боп жүгініп,
Бір тізерлеп жөн отыр,
Төмен қарап бүгіліп.
Қатты қылып сөйлемей,
Ақырын сөйле мүдіріп.
Майдалығы сөзіңнің

Кеткендей болсын үгіліп...» [6, 9]. Міне, осылай тасқын ой-тілек үстемелеп төгіле береді. Осылай айтқан жырдың өне бойында фәнидегі барша пендеге тән әдептілік пен арлылық, ұят, намыс, ізеттілік пен адалдық, еңбекқорлық секілді мінез-құлықтарды тілге тиек етіп, жақсылықтың көзі осындай қасиеттер білдірумен ашылтанын еркін жария етеді, келінді ойға түйіп ақылға салуға шақырады, өнегелілікке, әдептілікке, тәрбиелілікке үгіттейді. Әр жолдың өне бойы келінге арналған өмірлік тәлімге, ғибратқа толы.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы келіндерге деген көзқарас дәстүрлі түрде емес екендігі анық. Жас келіндердің есте сақтар бұдан өзге де тыйымдар қазақ жұртында өте көп. Олардың дені дәстүрлі қоғамға тәуекел. Қазақ жұртымыз салт-дәстүрге кенде емес. Тек өзімізді емес, қайбір халықты алсақ та өзіне тән әдет-ғұрпы, жөн-жоралғысы,

тұрмыс-тіршілігі болады. Сонымен қатар, өздеріне тән дәстүрлерінен сол елдің мәдениетін де аңғарасың. Ал, сөзге бай қазақ халқының ұлттық дәстүрі – ат тергеу бүгінгі күні ұмыт қалып бара жатқан секілді. Олай болса, салт-дәстүріміз санамызда мәңгі жаңғырып тұруы үшін дәстүр сөйлейді. Келін жайлы халқымызда ертеден қалыптасып, санамызға сіңген мәдени ұғымымыз осындай. Этнолексика түрінде сақталған осындай келін этнобірлігі ұшан-теңіз байлыққа мол жеке тілдік фактіге байланысты емес, белгілі бір жүйе бойынша, мағыналық-тақырыптық топтарға бөліне отырып, әрі өзара жіктеліп, сараланып, зерттелді. Ұлттық сипаттағы тілдік бейнеміз этномәдени реңкті тіл бірліктері арқылы айшықталады. Әрдайым өз заманына қарай, ізгіліктеріне қарай сипатталып, жаңарып отырады. Ондағы ой орамдары, мазмұн байлығы, сөз саптаулары мен көркемдік бояулары, ұлттық нақыштары, тәлім-тәрбиелік өсиеттері мен тілектері уақыт рухымен түлеп, жаңғырып, жаңарып, өзгеріп жатты.

Әдебиеттер

1. Керімбаев А.Е. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 2007.
2. Кенжесахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2002. –126 б.
3. Диваев А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области // ИОАИЭКУ. Кн.4. 1900. С.1-27.
4. Дала фольклорының онтологиясы: Он томдық. – Т. 6: Ғұрыптық фольклор/ Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Рақыш Ж., Әлбеков Т., Алпысбаева Қ., Әуесбаева П., Жақан Д., Сәкен С. – Алматы: Brand Book, 2020.
5. Рсаев Т. Аталы сөз – ақылға көз. Қазақ мақал-мәтелдері/ Таңатқан Рсаев. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2021. – 856 бет.
6. Беташар: Той-томалақ кітабы. Алматы: Өнер, 1991. – 256 б.

Н.ӘМІРЖАНОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тіл мәдениеті бөлімінің меңгерушісі*

АЙТЫЛЫМ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСТЫ АУЫЗША ӘДЕБИ ТІЛДІҢ НОРМАЛАРЫ

Андатпа. Мақалада қазақ тіліндегі норманың үш негізгі типі (тілдік, коммуникативтік, этикалық) сараланып, тілдік норманың бір тармағы ретінде көрініс табатын орфоэпиялық норма, оның заңдылықтары сөз болады. Ауызша сөздің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормасы сөз болып, ауызекі тіл мен ауызша сөздің аражігі ажыратылады.

Түйін сөздер: ауызша сөз, ауызекі сөз, норма, орфоэпия.

Аннотация. В статье анализируются три основные нормы казахского языка (языковая, коммуникативная, этическая) и проводится анализ связанные с типом орфоэпической нормы казахского языка, являющейся основной нормой устного слова. Также рассматривается фонетическая, лексическая, грамматическая норма устной речи, проводится различие между разговорной речью и устной речью.

Ключевые слова: устная речь, разговорное слово, норма, орфоэпия.

Annotation. The article analyzes three basic norms of the Kazakh language (linguistic, communicative, ethical) and analyzes the type of orthoepic norms of the Kazakh language, which is the main norm of the spoken word. The phonetic, lexical, grammatical norm of oral speech is also considered, a distinction is made between spoken speech and oral speech.

Keywords: spoken word, colloquial word, spoken word, norm, orthoepy.

Қазақ тілінің ең жоғарғы ұлттық формасы – әдеби тіл. Әдеби тіл нормалары сұрыпталу, қалыптандыру сияқты үдерістерден үнемі өтіп отырады. Себебі, тіл – жанды құбылыс. Тіл – қоғаммен бірге өмір сүреді. Қолданушылардың тілді меңгеру және қолдану деңгейіне байланысты ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормалары сақталады не жойылады, дамуындағы негізгі үрдістер айқындалады не айқындалмайды, сөздің коммуникативтік сапасы артады не кемиді. Сондықтан әдеби тілдің кодификацияланған нормаларын үнемі назарда ұстап, оның қалыптануына барлық жағдай жасалуы тиіс.

Қазіргі кезде әдеби тіл нормаларының заңдылықтары айқындалып тұрғанымен, оны тиімді қолдану немесе меңгерту жағы әлі де ақсап тұр. Себебі қазақ тілін үйрету барысында айтылым үдерісіне қатысты ауызша әдеби тілдің нормаларын меңгерту мектепте, орта мектепте (кооледж), жоғары мектепте (ЖОО) қолға алынбаған мәселелердің бірі. Бұл «қазақ тілінің орфографиясы мен орфографиясы өте ұқсас», «айырмашылық жоқ» деген түсінікпен байланысты. Ғалымдар қазіргі қазақ тіліндегі айтылым нормалары жазылым нормаларына «жақындасу» немесе ауызша сөз нормаларының «жойылу» тенденциясы басым екенін айтып дабыл қағып отыр. Бұл мәселе біріншіден, алғашқы кезде жазбаша сөз нормаларын қалыптастыруға көп көңіл бөлінуінен ауызша сөз нормасы мәселесі елеусіз қалып келді. Ол заңды да еді. Ғасырлар бойы ауызша дамып келген тілдің айту нормалары ол кезде аса алаңдата қоймады. Мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда алғашқы күннен-ақ үндестік заңдары арнайы айтылып келеді. Алайда орфоэпия жайында арнайы тақырып, түсінік тек 80-жылдардан бергі жерде ғана бой көрсете бастады. Соның өзінде жоғары оқу орнына арналған оқулықта бұл мәселе әлі күнге жабулы күйде қалып келеді. Әрине, қазақ ауызша сөзінің негізгі үндестік заңында жатқанын, үндестік заңдарын меңгеру, айналып келгенде, айту нормаларын меңгеру екенін түсіну қиын емес. Сөздерді айтудағы кемшіліктер негізінен тілдің ауызша және жазбаша формаларының арақатынасына парықтамаудан, орфоэпия туралы үгіт-насихаттың жеткіліксіз жүргізілуінен болып отыр. Мұндай тілдік жағдайды реттеу үшін, жазбаша және ауызша сөздің ерекшеліктерін оқыту әдіснамасын қайтадан сүзгіден өткізе отырып, қарастыруды талап етеді.

Ауызша сөз негіздерін зерттейтін тілтаным салалары – фонетика, просодика, интонация, сөз мәдениеті, орфоэпия екені белгілі. Бірақ қолданыстағы ауызша сөз бен ауызекі тіл, ауызша сөз бен ауызша тіл ара жігі тілтанымдық тұрғыдан ажыратылғанымен [1], бірінің орнына бірін қолданушылық бар. Бұл «тіл» мен «сөз» ұғымдарының мазмұнына байланысты. Аталған екі ұғымның қарастыратын мәселелерінде ұқсастық болғанымен, айырмашылық жоқ емес. Айта кетерлік жайт, ХХ ғасырдың басында Ф.де Соссюр тіл және сөз ұғымдарын ажыратып, екеуі бір бүтін емес, екеуінің зертеу объектілері, ерекшеліктері екі басқа екенін анықтайды. Осы ілім негізінде тіл мен сөз ұғымдары – парадигмалық (тіл, тілдік жүйе, ереже) және синтагмалық қатынастағы (сөйлеу, сөзді қолдану, пайдалану) қолданым екенін түсінуге болады. Профессор Қ.Күдерина өзінің докторлық диссертациясында *ауызша сөз* – дыбысталған сөзді түсіну және ойды сөз ағыны арқылы жеткізуден тұратын сөйлеу әрекетінің түрі. Сөйлеу әрекетінің екі түрі бар, бірі осы ауызша сөз, екіншісі хатқа түскен сөзді түсіну және ойды жазу арқылы жеткізуден тұратын жазба сөз. Бұл екеуі бір-біріне қарама-қарсы қойылу арқылы ажыратылады деп көрсете отырып, ауызша сөз бен ауызша тіл екеуі бір емес екенін көрсетеді. Ғалым *ауызша тіл* – ауызша формада көрініс табатын ауызша сөздің санадағы ерекше жүйесі дей отырып, ауызша тілге тән фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік жүйе болады» деп көрсетеді. Осы тұжырымдар ауызша сөз – сөйлесім әрекетінің бір түрі екенін және ол нормаланған түрде көрініс табатынын және ауызша тілде тіл деңгейлері, жүйелерінің қызметі ерекше болатынын, ауызша сөзде сөздің фонетикалық бейнесін дұрыс, сауатты, қазақ әдеби тілінің нормасына сәйкес қолдану керектігін меңзейді [1].

Ортология – норма туралы ілім. Норма – тілдің жүйесі мен құрылымына, заңдылығына иек артады. Қазақ әдеби тілінің тілдік нормасы әртүрлі құралдар арқылы анықталады. Мысалы, жазу нормаларын кодификациялайтын ортологиялық құралдарға «Орфографиялық сөздікті», әртүрлі орфографиялық, пунктуациялық анықтағыштар мен ережелерді, ал ауызша

сөз мәдениетін көтеретін ортологиялық құралдарға «Орфоэпиялық сөздікті», «Орфоэпиялық анықтағышты» т.б. жатқызамыз.

Ауызша сөздің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптарымен қатар өзіне тән нормалар да болады. Оның нормаларына сөйлеу барысында сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібі жатады. Сөйлеген сөздің әсерлі, құлаққа жағымды, көңілге қонымды болуы, оның сазды айтылуынан болса, сөздің әсерлі-әсерсіздігі адамның эмоционалды-экспрессивтілігіне, көңіл-күйіне байланысты болуы қазақ тіліндегі орфоэпиялық және интонологиялық заңдылықтармен өлшенеді.

Қазақ тілінде норманың үш түрі бар. Олар: тілдік, коммуникативтік, этикалық нормалар [2].

1. Тілдік нормаларға орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, лексика-фразеологиялық норма, грамматикалық (сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) нормалар жатады.

2. Этикалық нормаларға сөз этикасы нормасы, моральдық принциптерге, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген тілдесу нормалары және сөз этикетінің нормалары жатады.

3. Коммуникативтік нормаларға қарым-қатынастың прагматикасына тән нормалар жатады. Бұл аталған норма түрлері ауызша және жазбаша сөзге бірдей қатысты, бірақ қолдану барысында өзіне тән нормасы арқылы да көрінеді [2].

Әдеби тіл нормасы өз ішінде кодификацияланған және кодификацияланбаған норма деп бөлінеді. Кодификацияланған норма: жазба тіл нормасы; сөйлеу тілі нормасы; ауызша тіл нормасы; мәтін нормасы; стильдік нормалар түрінде сараланады [2]. Біздің зерттеуіміз ауызша сөздің кодификацияланған нормаларына қатысты болмақ.

Кодификацияланған ауызша сөз нормасы дыбыстау деңгейімен, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық деңгейлермен өлшенеді. *Дыбыстау деңгейінде* – қазақ әліпбиіндегі әрбір әріпті дұрыс айту. Әліпбидегі әр әріптің жеке алғанда қолданылатын аты болады. Әріптердің атын білу сөзді дұрыс дыбыстау үшін, тілдің үндесімі мен үйлесімін бұзбау үшін қажет. Жазу тарихында әріптердің аты әртүрлі аталған. Мысалы, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде әріптердің аталуы ұлттық сипатта көрінді, яғни әріп аттары фонетикалық жағдайға тәуелсіз түрімен айтылды. Мысалы, с [сы], ж [жы], т [ты], и [йй, ый], г [гі], к [кі] т.б., ал сонор дыбыстар көбінесе [ңы], [мы], [ны], [лы], [ры] түрінде дыбысталды [3, 6]. Сонор дыбыстардың дыбысталымын есепке алмағанда 1940 жылға дейін әліпбидегі әріптер ұлттық негізде көрінді. 1940 жылдан бастап қазақ әліпбиіндегі әріптердің дыбысталуы және орфографиясы орыс грамматикасына жақындатылды. Яғни осы жылдан бастап әріптердің аталуы [бэ], [вэ], [гэ], [жэ], [зэ], [тэ], [цэ] түрінде өзгертіледі, ал 1957 жылы [бе], [ве], [ге], [де], [же], [зе], [те], [це] түрінде оқылады деген қаулы шығады (осы жылы й, ь белгілерінің де аты өзгерді: шолақ й деген – қысқа й, жуандық белгі деген – айыру белгісі деп атауларын өзгерткен еді). Тек 90-жылдардың басында бұл мәселе қайта қаралып, қазақ жазуындағы әріп аттары фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсіз түрі ғана таңдалуы қажет, тоғыз түрленімнің ішінен г [гі], к [кі], ң [ың], м [ым], л [ыл], р [ыр], ал қалған б [бы], ж [жы], т [ты] т.б., түрінде дыбысталады деген ғылыми тұжырымдама жасалған [3, 31] болатын. Ал сөзді дұрыс дыбыстау үшін фонетикалық заңдылықтарды білу қажет. Сөйлеуде буын үндесімі мен дыбыс үндесімі, ерін үндесімі дағдысын қалыптастыру керек. Жалпы айтқанда, фонетикалық деңгейде сегментті (фонетика-фонология) және суперсегментті (интонология, акцентология) бірліктерді жөнімен қолдану жатады. Ал ауызша тілдің *лексикалық деңгейі* сөйлесім үдерісіне түсетін коммуниканттың сөздік қорын, оның синонимдік, антонимдік, омонимдік қатарларды қолдану шамасын, неологизмдер мен фразеологиялық Санамалап көрсететін болсақ: а) әр сөздің мағыналық реңктері бойынша қолдану. Кез келген сөздің (бейтарап сөздер басқа) реңктік сипаты болады. Айталық, адамға немесе жануарларға байланысты айтылатын сөз, деректі не дерексіз затқа байланысты айтылатын сөз, жалпы не жалқылықты білдіретін сөз т.б. Мысалы, *мекендейді* сөзі жануарға, ұлт немесе этносқа қатысты айтылады. Ал жеке адамға қатысты бұл сөз қолданылмайды; ә) мәндес

(синоним) сөздерді орнымен қолдану (тәртібін, қолайын, реттілігін ескеру). Мысалы, адамның жасына байланысты айтылатын *жасар, жастағы, жасқа келген, жасаған* деген синонимдік қатарлардың қолданымдық нормасы әр басқа. Адам жасының бірден жиырмаға дейінгі кезеңін сипаттағанда *бір жасар, он екі жасар, жиырма жасар* деуге болады, ал *қырық жасар, сексен жасар* деп қолдану – нормадан жөнсіз ауытқу. Отыз бен елу-алпыс жас аралығындағы адамдарды *елу жастағы, елуге келген* деп, жас шамасы едәуір ұлғайғанда, *тоқсан жасаған, жетпіске келген* деп айтқан дұрыс деп саналады; б) тұрақты тіркестердің құрамдық компоненттерін (сөздерін) қысқартпай не өзге сөзбен ауыстырмай, мәтіндегі орнын тап басып қолдану; в) термин сөзді өз мағынасы мен дефинициясына сәйкес қолдану; г) көне, сирек қолданылатын сөздердің мағынасын анық білмей қолданбау; ғ) сөздің денотаттық, коннотаттық, сигнификативтік мағынасына сәйкес қолдану т.б. *Грамматикалық деңгей* бойынша грамматикалық категорияларды, синтаксистік конструкцияларды нормаға сәйкес қолдану. Синтаксис бойынша – ауызша және жазбаша сөздің жүйесіне сәйкес синтаксистік құрылымдарды және сөздердің байланысу амалдарын дұрыс қолдану. Морфология бойынша – жалғау мен жұрнақтардың негізгі сөзге беретін реңктік мағынасын ескеру т.б. *Стилистикалық деңгей* бойынша сөз дұрыстығы (әдеби тіл нормасын білу), сөз түсініктілігі (сөзді адресатты ойлап таңдау, бейәдеби лексиканы ажырата алу), сөз тазалығы (бөтен сөзден қашу, варваризмдер, кальканы білу), сөз дәлдігі (сөздердің тіркесім валенттілігін, семалар өрісін білу), сөз бедері (стильдік жағдаятқа тән қолданыстарды, стильдік маркерлі бірліктерді ажырату), сөз байлығы (гиперонимдік, гипонимдік қатынастағы лексикалық бірліктерді ажырату, грамматикалық форма алуан түрлілігінің функционалдық қызметін білу). Жұмысымызда біз айтылым үдерісіне қатысты ауызша тілдің дыбыстау деңгейіне қатысты талдаймыз. Себебі ауызша сөз нормаларын орфоэпия саласы реттеп отырады.

Әр тілдің орфоэпиясы сол тілдің басты фонетикалық заңдылықтарына сүйенеді. Мысалы, орыс тілінде сөздің дұрыс айтылуы екпінге байланысты болса, қазақ тілінде үндесім заңдылығына табан тірейді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесінде әсіресе дыбыс үндестігі ерекше орын алады. Сөздерді жазылуынша айту әсіресе жастардың тілінде үйреншікті машыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Мұны тіліміздің табиғи дамуының нәтижесі деп қарауға болмайды. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы және оның маңызы туралы алғаш пікір білдірген ғалымдардың бірі профессор М.Балақаев өзінің «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген еңбегінің алғы сөзінде былай дейді: «...Бірақ сөздердің айтылу нормасы және сол норманы сақтап сөйлеу мәселесі ескерілмей, елеусіз қалып келеді. Сондықтан да бізде бұл мәселе жөнінде күні бүгінге дейін ала-құлалық байқалады. Мына сөз былай айтылмайды, былай айтылады, мынасы дұрыс, мынасы теріс дегенді көп есітпейміз. Кім қай сөзді қалай айтады, қалай есітеді-бәрібір әйтеуір нобайы келсе болғаны. Бұл кемшіліктерден арылу үшін әрбір сөздің дұрыс айтылу нормасын сақтап сөйлеуді тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі етіп қою керек» дей отырып, сөздердің айтылу нормасы құлаққа жағымды, көңілге қонымды айтылғанның бәрі – норма бәрі дұрыс. Құлаққа жат не тосаң естілетін, көңілге қонбайтын бұлдыр, оғаш түсініксіз, дөрекі айтылғанның бәрі нормаға жатпайды, дұрыс емес» дейді [4]. Шындығында да, ғалымның сөзіндегі құлаққа жағымды, әуезді дегеннің ауызша сөз үшін маңызды. Себебі тілдің табиғи заңдылығы сақталса, сөз әуезді әрі әуенді болады.

Қазақ тілінде орфоэпиялық нормалардың жүйелі түрде заңдылықтарын белгілеген, кодификациялық нормасын саралаған ғалымдардың бірі – Р.Сыздық. Р.Сыздықованың «Сөз сазы» еңбегінде алғаш рет ауызша сөз нормалары 36 параграфке топтастырылып беріледі. Ғалым құрғақ, жайқағидалармен ғана түсіндірмей, өз сөзін нақты мысалдар арқылы дәлелдеп отырады. Еңбектің тағы бір артықшылығы ретінде сөйлеу үстінде сөздердің 15 түрлі ритмикалық топ құрайтыны анықталады. Сонымен қатар дыбыстардың синтагмалық қатынасқа түсетіндегі күйін, яғни қатаңдардың ұяңдануы, ұяңдардың қатаңдануы, жиылыңқылардың жайылыңқы, жайылыңқылардың жиылыңқы болуы, жуысыңқылардың тоғысыңқы, тоғысыңқылардың

жуысыңқы т.б. болуы сияқты мәселелер – акад. Р.Сыздықтың «Сөз сазы» еңбегінде жеке сөз, микроәтін деңгейінде талданады [5].

Ауызша сөздің дұрыс, нормаға сәйкес болуы не болмауы турасында сөз болғанда ең алдымен ерін үндесімінің ауызша сөзде сақталмауы пікір қайшылықтарды тудырады. Профессор Ә.Жүнісбек [6], С.Мырзабеков [7] сияқты ғалымдар жазуда соңғы буындарда еріндік белгіленбегендіктен, ерін үндестігі әлсіреп, сөздің айтылу нормасы бұзылды, бәрін бұзған жазу, жазу теріс болмаса, бәрі де дұрыс еді деген тұжырымдар жасап, орфография саласына орфоэпиялық мәселелерді де кіргізуді ұсынады. Ғалымдар «бабалар тілінің заңдылығымен» сөйлеп, үндеспелер арқылы айтылымды қалыптастыру керек деп есептеп, өміріміздің деп жазылатын сөзді ауызша тілдегідей өмірүмүздүң деп жазса, ауызша сөз нормасы дұрысталатындығын айтады. Ал М.Дүйсебаева сөз ішіндегі, түбір мен қосымша аралығындағы, қосымшалар жіктеріндегі және сөз тіркесі құрамындағы дыбыстардың айтылым үлгілерін көрсете отырып, қазақ тілінде ерін үндесуі екінші буында жиі ұшырайды, ал үшінші буында кейбір санаулы сөздерде ғана болмаса (көбелек, бөгелек, дөңгелек), ол көп кездеспейтінін айтады [8]. Сондай-ақ Қ.Ниеталиева да ерін үндестігі екінші буында анық байқалатындығын, ал үшінші буында оның күші әлсірейтіндігін айтады [9]. Орфоэпиядағы бұл мәселе осы күнге дейін шешілмеген мәселелердің қатарында. Қазіргі кезде ғалымдар ерін үндесімін латын графикасына негізделген әліпби арқылы жаңғыртуды да көздейтінін айтпай кетпеуге болмайды. Ғалымдар ерін үндесімін емленің фонетикалық ұстанымы арқылы, яғни сөз қалай айтылса, солай жазу болса, ерін үндесімінің қызметі артады деп есептейді. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, орфоэпиялық мәселелерді орфографиялық жолмен шешу де болған. Мысалы, Ботакөз емес Ботагөз, Аманкелді емес Амангелді деп жазу 30-жылдардан бері келе жатқан дәстүрлі базалық норма. Ал қыркүйек, көкөніс, көкөрай, шекара сияқты сөздерді орфоэпиялық норма бойынша жазу да тілдің айтылым заңдылығын ұштаумен байланысты өзгертілген жаңа норма.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан орфоэпиялық нормалары бар. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, біріншіден, жергілікті тіл ерекшеліктерге қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: жергілікті ерекшеліктерде: *жылқыдар, баладар, көңлі, маңлай, оңла-, чач, чыбық, құдағай, бона* (сәби) т.б. әдеби тілде: *жылқылар, балалар, көңді, маңдай, онда-, шаш, шыбық, құдағи, бөне* т.б.

Екіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне тән дыбыстық элементтерге қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: бейәдеби қарапайым сөйлеу тілінде *берсей, бересаиш, келатыр, баратып, босаишы, боишы, боп отыр, бері кеиш, кеп жүр, айал, дұспан* т.б. Әдеби тілде *берсеңші, бере салишы, болишы, болып жатыр, келіп жүр, әйел, дұшпан* т.б.

Үшіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылады: *нәсіп айласа, жәмигат, гиззатлү, хұрметлү, мақсұт, хас (хас дұшпан)* т.б.

Төртіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы кодификацияланған жазба тілдік элементтерге қарама-қарсы қойылады [жүмүшшү] – *жұмысшы*, [шәгара] – *шекара*, [кәсі бодақ] – *кәсіподақ*; [қашша] – *қазша, қасша* т.б. [2]

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасын сақтаудың мәдени-әлеуметтік мәні бар. Өйткені дыбыстаудағы ортақ заңдылықтар сақталмаса, әркім өз бетінше сөйлесіп, сөзді ұғыну қиынға түсіп, коммуникацияның ойдағыдай өрбуіне кедергі болады. Сондықтан қазақ әдеби тілінің ауызша сөз нормасы, заңдылықтары құрылатыны белгілі.

Әдеби тілдің ауызша сөз нормасы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін таяныш етеді. Қазақ тілінің ұлттық парадигмасында 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар. Бірақ бұл тілдік парадигма синтагмалық қатынасқа (дыбысты немесе сөзді айтқанда) түскенде әртүрлі реңктер арқылы көрініс табады. Дыбыстардың негізгі реңкі жазылады, ол инвариант фонема деп аталады. Ал қосалқы реңктер айтылымда болады. Фонология ғылымында қосымша реңктер дыбыстың варианты

және вариациясы ретінде түсіндіріледі. Парадигмадағы фонеманың синтагмалық қатынасқа түскенде, сол тілдің фонологиялық парадигмасындағы ұқсас дыбысқа ауысуы вариант деп аталады. Мысалы: <жұмысшы> – [жұмұшшү] сөзіндегі ы-ның ұ-ға, с-ның ш-ға ауысуы вариант деп аталады. Ал парадигмадағы фонеманың синтагмалық қатынасқа түскенде, сол тілдің фонологиялық парадигмасындағы ұқсас дыбысқа ауысуы вариация деп аталады: *Атсыз* – [атцыз], *хатшы* – [қатчы], *абай бол* – [авай-вол]. Қазіргі орфоэпияда инвариант фонемалардың вариант түрі едәуір зандастырылды. Ал вариациялық құбылыстар әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе. *Профессор Н.Уәли* «Инвариант дыбыстық жағдайға тәуелсіз, ал оның варианты мен вариациясы – белгілі бір позицияға тәуелді бірлік. Белгілі бір фонеманың әлсіз жағдайдағы варианты күшті жағдайдағы басқа бір инвариант фонемаға ұқсас болады. Ал фонеманың әлсіз жағдайда пайда болатын вариациясы күшті жағдайдағы инвариант фонеманың бір де біріне ұқсамайды» деп көрсете отырып, инвариантты вариант пен вариациядан, вариантты вариациядан ажырата білу жазу, дыбыстау нормаларына кодификациялауда белгілі бір жүйені ұстануға тиянақ болады дейді [2]. Ауызша сөздің дыбыстық қоры шексіз, ал оны зерттеу алдағы міндеттердің бірі болу керек. Себебі ауызша тілдің теориялық талданымы, ауызша сөздің дұрыс болуына ықпал етеді.

Орфоэпиялық норма – сөздердің белгілі бір нормаға сәйкес айтылуын, оның дыбыстық құрылымының бірлігін сақтайтын әдеби тілдің ауызша түрі. Қазақ тілі ауызша жүйесінің үлкен құрсауы үндесім заңын (сингармонизм заңы) басшылыққа алады. Фонетикада үндесім заңы екіге бөлінеді. Тіл және ерін үндесімі. Қазақ орфоэпиясы осы екі түрлі үндесімді басшылыққа алады. Тіл үндесімі – сөз бойындағы дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын түрі. Сөз түбірі мен оған қосылған жұрнақ, жалғанған жалғау, не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып отырады. Бірақ тіл үндестігіне жататын бұл заңдылық барлық жағдайда сақтала бермейді. Ол ең алдымен ә-ге байланысты. Қазақ тілінде ә дыбысы сөздің барлық буынында, әсіресе соңғы буындарда айтыла бермейді. Сондықтан жазуда екінші буыннан ары а әрпімен таңбаланады. Мысалы, күнәһар, тәкаппар, рәсуа, Жәмила, Рәбиға т.б. Ә дыбысының қазақ сөзінің аяқтамайтынын сөз соңындағы жалғаулардан да көруге болады: жайлауда – жәйләуда, куәландыру – күүәлөндіру, тәкаппарланғанмен – *тәкәппәрләңгаммен*, *Жәмилаға* – *Жәмйіләға*.

Екіншіден, қазақ тілінің үндесім құбылысына бағынбайтын түбірдің жуан, жіңішкелігіне үйлеспейтін мынадай жұрнақтар бар: *-қор, -паз, -кер, -кеш, -қой, -кент, -пен, -мен, -нікі, -күнем, -хан, -хана, -тал, -паң*. Сөздің түбірі тіл үндесімін басшылыққа алып, қосымшалар оған бағынбайды.

Үшіншіден, бір сыңары жуан, бір сыңары жіңішке біріккен қос, күрделі сөздер жазылуы бойынша аралас айтылады: *желбау* – *желбау*, *қара ет* – *қар»ет*, *Сәрсенғали* – *сәрсенғәлій*, *кесеаяқ* – *кес»айақ*, *кесеқап* – *кесегәп*, *Зеңгібаба* – *зеңгібаба*, *итарқа* – *йитарқа*, *итала* – *йитала*, *итжуа* – *йитижуа*, *ит-құс* – *йит-құс*.

Тіл үндестігінің тағы бір бұзылар тұсы **и** әрпі немесе **ый, йй** дыбыс тіркесі мен **х** дыбысы айтылатын сөздер шенінде. Мысалы, *тарихи, рухани, жиһаз, жиһангер, ислам, иллахи, илхам, табиғи* сөздері қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасында *тарыйхый, ыйлхам, табийғый* деп, бірыңғай жуан немесе *тәрийхйй, рүүхәній, жййхәз, жййхәңгер, ййсләм, ййлләхйй, ййлхәм, тәбийғйй* деп, бірыңғай жіңішке айтылмайды. Сондықтан бұл сөздер **х** дыбысының әсерінен және *йй*-дің табиғатымен аралас буын болып айтылады: *тарыйхйй, рүүхәній, жййхәз, жййхәңгер, ййслам, ййллахйй, ййлхам, табийғйй*. Бірақ аралас буын дегенді дұрыс түсіну керек.

Үндестік заңының екінші түрі – **ерін үндесімі**. Бұл – бірінші буындағы ерін дауыстылардың әсерінен (**о, ө, ұ, ү**) екінші-үшінші буындағы езуліктердің (**ы, і, е**) еріндікке айналып, ұқсап, жуықтап айтылуы. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі 2-3 буынға дейін сақталады. Ал ерін үндестігінің 2-3 буынға дейін анық естілетін, айтылатын тұсы ашық буын жағдайында. Мысалы: *көбелек* – *көбөлөк*, *құбылыс* – *құб»лұс*, *сүйініш* – *сүй»нүш*, *бөдене* – *бөдөнө*, *бұрылыс* – *бұр»лұс*, *бүлініс* – *бүл»нүс*, *көпене* – *көпөнө*, *күйініш* – *күй»нүш*, *құйылыс* – *құй»лұс* [10].

Қазіргі қазақ орфоэпиясында ең күрделі мәселелердің бірі – шеттілдік сөздердің айтылым нормасын белгілеу. Осы кезге дейін орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген интернационалдык термин сөздердің барлығы бірдей түпнұсқа тілдің орфоэпиясы бойынша айтылды. Жазуда түпнұсқа принципінен бас тартып, уәждемелі принцип бойынша сөзді сингармонизм заңдылығымен «сындырып» жазу болатын болса, жазудың коммуникациялық жағынан қиын болғанымен орфоэпиялық норманың бірізді болатынын көреміз. Яғни төл сөздердің үлгісі шеттілдік сөздерді қазақшалап айтуға негіз болады: *кәккей, кәмпүйтүр, үнйберсййтет, інійстййтүт* деп. Бірақ мұндай жүйені жалпыжұртшылық қабылдамауы мүмкін. Сондықтан ғалымдар жазбаша және ауызша дәстүрлі нормаларды сақтай отырып, я, ю, щ, ц сияқты әріптер есебінен ауызша сөзді жаңғыртуды ұсынады. Мысалы: көккей, униберситет, институт, компиутер, паркин түрінде айтуды ұсынады.

Әдебиеттер

1. *Күдерінова Қ.* Қазақ жазуының онтогенездік дамуы. – Алматы, 2006. – 330 б.
2. *Уәли Н.* Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил. ғыл. д-ры диссертация: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 330 б.
3. *Уәлиев Н.* Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1993. – 162 б.
4. *Балақаев М.* Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1984. – 84 б.
5. *Сыздық Р.* Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары. – Алматы, 1983. – 75 б.
6. *Джунисбеков А.* Просодика слова в казахском языке. – Алматы, 1987. – 115 с.
7. *Мырзабеков С.* Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы, 2001. – 320 б.
8. *Дүйсебаева М.* Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. – Алматы, 1973. – 75 б.
9. *Неталиева Қ.* Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 399 б.
10. *Уәли Н.* Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы, 2018. – 344 б.

Р.Қ.БАҚБЕРГЕНОВА

Г.Б.НҮПТЕКЕЕВА

Абай атындағы ҚазҰПУ

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа. Мақалада қазақ ұлттық филологиясының тұңғыш профессоры, лингвист ғалым, әдістемеші педагог Қ.Жұбановтың қазақ тілін оқыту бағытындағы еңбектерінің маңыздылығы, қазіргі білім берудің инновациялық технологияларымен сабақтастығы қарастырылады. Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынұлы сияқты зиялы тұлғалардың ағартушылық ой-пікірлерінен бастау алған профессор Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі програмы», «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбектері мазмұндық-құрылымдық жағынан ерекше, сындарлы оқыту теориясына толықтай негізделгендігі сөз болады.

Оқу-әдістемелік еңбектерінде *этнопедагогика, этнопсихология* ғылымдары негізінде қазақ ұлт мектебінің тұжырымдамасын жасап, даму қағидаларын нақтылап жасағандығы, маңызы баяндалады. Қ.Жұбанов еліміздегі қазақ мектептері мен мұғалімдеріне көмек көрсету, халықтың сауат ашу және өнер-білімге тарату мәселелерімен мақсатты түрде айналысып, ұлттық дидактика саласында ерен еңбек еткендігі қазіргі білім беру жүйесімен сабақтастықта тұжырымдалады.

Түйін сөздер: ұлттық дидактика, әдіснама, әдістеме, инновациялық технология, адам-танушылық ұстаным, интерактивті оқыту.

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы значимости трудов первого профессора казахской национальной филологической науки, ученого-лингвиста, педагога-методиста К.Жубанова в области преподавания казахского языка, их преемственности с современными инновационными технологиями в образовании. Уделяется значительное внимание работам К. Жубанова «Қазақ тілі программасы», («Программа казахского языка»), «Қазақ тілінің грамматикасы» («Грамматика казахского языка»), представляющим особый интерес и ценность не только в плане преемственности с трудами и воззрениями великих казахских просветителей Ы.Алтынсарина, А.Кунанбаева, А.Байтұрсынова но и как уникальные в структурно-содержательном плане методические издания, полностью основанные на теории критического обучения.

Анализируется важность учебно-методических трудов ученого, в которых на основе *этнопедагогика* и *этнопсихологии* выстроена концепция казахской национальной школы, а также конкретно означены принципы ее развития. Исходя из преемственности с современной системой образования, сделан вывод о том, что ученым, целенаправленно занимавшимся вопросами народного просвещения, внесен неоценимый вклад в казахскую методическую и дидактическую науку, в дело помощи учителям и школам, вовлечением широких масс населения в образование, науку и искусство.

Ключевые слова: национальная дидактика, методология, методика, инновационные технологии, антропоцентрическая позиция, интерактивное обучение.

Annotation. This article discusses the importance of the works of the first professor of the Kazakh national philological science, linguist, methodologist K. Zhubanov in the field of teaching the Kazakh language, their continuity with modern innovative technologies in education. Considerable attention is paid to the works of K. Zhubanov «Program of the Kazakh language», «Grammar of the Kazakh language», which is of particular interest and value not only in terms of continuity with the works and views of the great Kazakh enlighteners Y. Altynsarin, A.Kunanbayev, A.Baitursynov, but also as unique in terms of structure and content methodological publications based entirely on the theory of critical learning.

The importance of the academic and methodological works of the scientist is analyzed, in which the concept of the Kazakh national school is built on the basis of ethnopedagogy and ethnopsychology, as well as the principles of its development are specifically indicated. Proceeding from the continuity with the modern education system, it is concluded that scientists who purposefully dealt with issues of public education made an invaluable contribution to the Kazakh methodological and didactic science, to helping teachers and schools, involving the broad masses of the population in education, science and art.

Keywords: national didactics, methodology, methodology, innovative technologies, anthropocentric position, interactive learning.

Қазақ ұлттық филологиясының тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов туралы: «Кез келген ғылым саласының бастауында ғасырлар бойы маңыздылығын жоймайтын, уақыт өткен сайын, іздене үнілген сайын ұрпақ тың ой, терең пайымдау, жаңа білім табатын ғұмырлық еңбектер болады. Мұндай еңбектердің қатарынан ХХ ғасыр басында-ақ қаза тіл білімінің негізін қалауға айрықша үлес қосқан аса көрнекті тілші ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың зерттеулерін жатқызуға болады» [1.5], – деген пікір өте орынды берілген. Расында да, профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы уақыт өткен сайын тосын қырларынан таныла түсуде. Ғалымның бастамасымен қазақ тіл білімі жалпы тіл білімінің

құраушы бөлігі ретінде танылып, әлемдік лингвистика туралы қазақ оқырмандарының да ұғымы қалыптасты. Қ.Жұбановтың өткен ғасырдың 20-30-жылдары ішінде танылған тілге шынайы табиғи әрі терең философиялық көзқарасы бүгінгі кездегі лингвистиканың жаңа, тың салаларымен астасып жатыр [2. 346].

Қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов ҚазПИ-де қызмет еткен жылдары Қазақ КСР Ағарту халық комиссариаты оқу-методикалық кеңесінің жетекшісі, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Лингвистика секторының меңгерушісі қызметтерін атқарғандығы белгілі. 1933 жылдың 1 қыркүйегінен Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Методика, программа, оқулықтар секторының бастығы болып қызмет етеді. Қазақ тілі жөнінде алғаш монографиялық зерттеу жазып, алғашқы мектеп оқулығы мен оқу бағдарламасын жасайды. Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынұлы сияқты зиялы тұлғалардың ағартушылық ой-пікірлерінен бастау алған Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі программасы», «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбектері мазмұндық-құрылымдық жағынан ерекше, сындарлы оқыту теориясына толықтай негізделген. Ғалым өзіне дейінгі ағартушылардың идеяларын ғылыми-әдістемелік концепциялар негізінде дамытып, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының негізгі бағыттарын саралап көрсетті.

XX ғасырдың 20-жылдары белгілі психолог-ғалымдар И.П.Павлов, В.М.Бехтерев, А.А.Ухтомский, П.П.Блонский, Л.С.Выготский, М.Я.Басовтардың ғылыми еңбектерімен танысып, педагогика, психология, логика, рефлексология ғылымдарын меңгеруге талпыныс жасайды. Губерниялық оқу бөлімінің әдіскері қызметін атқара жүріп, Ақтөбедегі педагогтік техникумда педагогика, психология және логика пәндерінен сабақ береді. Профессор Қ.Жұбанов терең ізденімпаздығының нәтижесінде тіл мен психологияны байланыстыра қарай алатын құзыретке ие екендігін, білім дәрежесі болғандығын дәлелдейді. Әдістемені ғылым ретінде лингвистика, педагогика, психология т.б. ғылым салаларымен сабақтастырып, әдіснамалық жүйе ретінде қарастырды. Ғалымның педагогикалық, психологиялық зерттеу еңбектерін зерделей оқығандығын қызметтес болған В.Решетняктың: «...педагогиканы, психологияны сол кездегі беделді ғалымдар еңбегінен оқып үйренді» – [3] деген пікірінен де аңғарамыз.

Әдістеме ғылымы лингвистикамен байланысты. Қазіргі уақытта лингвистика ғылымында тіл негізінен екі парадигмада зерттелініп жүргені белгілі. Біріншісі – құрылымдық, екіншісі – антропоцентристік парадигма. Қазақ тілінің мұғалімі білім берудің мазмұнына сәйкес лингвистика ғылымындағы ғылыми анықтамалар мен ұғымдарды, терминдерді, ғылыми мәліметтерді жүйелі меңгеруі тиіс. Бұл ғылыми анықтамалар мен ережелерді білім алушыларға жаттап оқытпай, негізгі грамматикалық тұлғалардың формасы мен мазмұнын меңгерту мақсаты іске асырылады. Соңғы уақытқа дейін тіл ғылымындағы білімдерді оқулыққа енгізу, оны білім алушы санасына жеткізуде құрылымдық жүйе негізге алынды. Оқулық авторлары тіл ғылымындағы «*ішкі лингвистика*» бағытын ұстанып, тілдің құрылымдық моделі тілдік тұлғаға берілетін білімнің негізгі мазмұны болып есептелінді. Қазақ тілінде сөйлейтін халық, ұлт, тілдік тұлға, коммуникативтік тұлға, мұғалім, оқушы «*сыртқы лингвистика*» ретінде аталып, екінші кезекте қарастырылды [4, 2-3].

Ғалым-педагог Қ.Жұбановтың инноваторлығы тілдің құрылымдық моделін білім ретінде беру бағыты антропоцентристік парадигмаға негізделіп, яғни екі бағыттың синтезделген жүйесі түрінде болуы қажеттігі әдіснамалық ой тұжырымдарында терең қарастырылады. Лингвистика ғылымындағы теориялық ақпараттар коммуникативтік бағытта, яғни тілдік қарым-қатынастық (*коммуникативтік*) құзыреттілік, лингвомәдениеттанымдық құзыреттілік қалыптастыруға бағытталуы қажеттілігін дәйектейді.

Профессор Қ.Жұбановтың өткен ғасырдың 30-жылдары тілдерді меңгертуде технологияның маңыздылығын баса көрсетіп, төмендегідей анықтама береді: «Бүгіндегі біз біліп, көріп

жүрген тілдердің жетіскен, өте игерілген тілдер болушылығы – бүгіндегі еңбек техникасының өркендегенін әр нәрсеге технология көзімен қараушылығымыз». Ғалымның әдістемелік еңбектерінде қазіргі әлемдік білім беру жүйесіндегі дамыта оқыту технологиясы, деңгейлік оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, кешенді оқыту технологиясы, қашықтан оқыту технологиясы, коммуникативтік оқыту технологиясының негіздері толық көрініс тапқандығын дәлелді түрде айта аламыз. Білім беру жүйесінде ақпараттық-компьютерлік технологияның кеңінен енгізілуімен байланысты білім алушыларға қашықтан оқыту (дистанционное обучение) технологиясының белсенділігі артып отыр. Аталған технологияның ерекшеліктері мен маңыздылығы ғалымның «*Аулақтан оқыту*» мақаласында қарастырылады. «Бұл еңбегінде автор ертеңгі күнді алдын ала болжай отырып, аулақтан оқытудың мамандардың білім деңгейін көтеру; әртүрлі аймақтардағы оқу орындарының оқушыларын, мұғалімдерін, студенттерін біріктіретін ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; студенттердің білімді өз бетімен меңгеруіне көмектесу сияқты артықшылықтарын атайды» [5, 21]. Қазіргі білім беру жүйесінде аталған инновациялық технологиялары жаңа мазмұнда қолданыс табууда. Ғалымның «Аулақтан оқыту» технологиясы ЖОО-да «Қашықтан оқыту технологиясы» кеңінен қолданыс тауып отыр.

Профессор Қ.Жұбанов – қазақ тілі дидактикасының жалпы заңдылықтарын, ережелері мен қағидаларын, әдістері мен даму жолдарын ғылыми негізде зерттеп, терең тұжырым жасаған педагог-ғалым. Профессор Қ.Жұбановтың оқу-әдістемелік кешендері – қазақ тіліндегі теориялық материалдарды практикамен ұтымды сабақтастырып, білім *алушылардың коммуникативтік, лингвомәдени, когнитивтік және әлеуметтік-тұлғалық* құзыреттіліктерін жетілдіруге негізделген *кешенді оқыту технологиясы*. Оқу-әдістемелік еңбектерінде *этнопедагогика, этнопсихология* ғылымдары негізінде қазақ ұлт мектебінің тұжырымдамасын жасап, даму қағидаларын нақтылап көрсете білді. Қ.Жұбанов еліміздегі қазақ мектептері мен мұғалімдеріне көмек көрсету, халықтың сауат ашу және өнер-білімге тарту мәселелерімен мақсатты түрде айналысты. Ұлт мектептерінде ана тілімен қатар сол халықтың рухани мәдениеті мен тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмысы мен салт-дәстүрлері негізінде жүйелі білім беру мәселелері жөнінде 1934 жылы Қазақстанның екпінді мұғалімдерінің I съезінде айтқан ұтымды ой тұжырымдары қазіргі уақытта да құндылығымен ерекшелінеді. Педагогика ғылымының дидактика және тәрбие салалары бірлікте іске асырылғанда ғана білім алушыларға жүйелі, сапалы білім беруге болатындығын ерекше атап көрсетіп қана қоймай, өзі де осы бағытта педагогикалық қызмет жасады. *Оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту концепциясын* негізге алу қажеттілігіне ерекше мән беріп, осы принципті нық ұстанды. Қазақ тілі сабақтарында *сөйлем талдау, құрастыру, баяндау* жұмыстарында қазақ халқының еңбек құралдары, қоршаған орта құбылыстары мен ұлттық қолөнер бұйымдары арқылы табиғи әдіс арқылы оқытудың тиімділігін дәлелдейді.

Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігінде әдіскер ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер тарапынан ұтымды технология ретінде құнды болып саналып отырған *сын тұрғысынан ойлау ұстанымының* құндылығын профессор Қ.Жұбанов сол кездің өзінде-ақ дәлелдеген болатын. Инноватор ғалым-педагог «*Жанғазыға хатында*» қазақ тілінің емлесі туралы өзінің ғылыми ой-пікірлерінің дұрыстығын, тілдік қолданыста қалай болатындығы жөніндегі тұжырымдарына өзі де сыни тұрғыдан қарап, ауыл мұғалімі Жанғазының да сын тұрғысынан ойлана отырып, жауап беруін талап етеді. Сын тұрғысынан ойлау «*ойлау туралы ойлану*» ретінде сипатталады. Сыни ойлау маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Олай болса, тілші ғалым-педагог оқытуда қолданған әдістерінің тиімді, тиімсіздігін «*Неден бастадың?, нені үлгіге алдың?, нені жаттықтырасың?, немен аяқтадың?»* мазмұндағы сын тұрғысынан ойлау технологиясының сұрақтары арқылы

нақты, дәлелді жауап беруін талап етеді. Ғалым мұғалімдердің сабақ барысында кездестірген қиындықтарын талдап, анықтауға тырысады. Бұл айтылғандардың барлығы сыни тұрғыдан ойлаудағы іс-әрекеттегі зерттеу мәселелерін қамтиды.

Қ.Жұбановтың Жанғазыға хатының мазмұны сын тұрғысынан ойлау технологиясына дәлме-дәл екендігіне төмендегі анықтама толық дәлел: «Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға, негіз, түрткі болуы да мүмкін» [6, 45]. Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде қолданған *жалпылау, жүйелеу, талдау, жаттау, жинақтау, салыстыру, баяндау, сұрақ-жауап, сұхбат* т.б. негізгі әдістері сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде қазіргі тілді оқыту әдістемесінде интерактивті әдістер қатарында қолданылып келеді.

Интерактивті оқыту технологиясындағы ең негізгі әдістің бірі – сұхбат әдісінің элементтерін тілші ғалым мүмкіндігінше пайдаланған. Пәнаралық байланыс мәселесінің қойылуын да назардан тыс қалдырмай, сұхбат әдісінің қазақ тілі сабағына қоса табиғат тану, қоғам тану сабақтарында да қолданыс табуына назар аударады. Ғалымның әдістер классификациясы туралы пікірлері «Әдіс бірлестіктері мен әдіс үйірмелерінде оқу жылының екінші жартысында талқыланатын әдіс-программа мәселелері» мақаласында толық қарастырылады [7].

Қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологияға негізделген *түйінді мәселеге көңіл аудару түсіндіру әдісі, сөзбен суреттеу, көрнекілік, өмірге үңілдіру, еңбек процесімен байланыстыру, жүйелі ойға төселдіру, оқушы алдына проблема қоя оқыту, бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету, миға гимнастика жасату* т.б. әдістері білім беруде Қ.Жұбановтың адамтанушылық ұстанымын негізге алғандығының нақты дәлелі. Ғалым-педагог әдістер классификациясын жасауда оқытудың инновациялық технологиясында кең өріс алған интербелсенді әдіс элементтерін ұсынғанын айтқымыз келеді. Ол – «*миға гимнастика жасату әдісі*». Тіл үйренушілерге қазақ тілін меңгертуде бұл әдіс «*миға шабуыл*» деп аталынып, интерактивті оқыту технологиясында жаңа әдіс ретінде қолданылып келеді.

Профессор Ф.Ш.Оразбаева тілші-ғалымның жоғарыда аталған кейбір әдістері: «бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып қана қоймай, қазіргі кезде басымдылық беріліп отырған іздендіре, дамыта оқытудың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін қалаған ой-пікірлер болғанын аңғару қиын емес. Мәселен, қазіргі оқыту мәселелеріне байланысты қарастырылып жүрген *таным* процесі – *өмірге үңілдіру; проблемалы оқыту* – оқушы алдында проблема қоя оқыту; *пәнаралық байланыс* – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету; *дамыта оқыту* – жүйелі ойға төселдіру; *тіл дамыту* – сөзбен суреттеп көрсетудің, т.б. негізгі бағыт-бағдарымен сәйкес келеді», – деген ой қорытындысын жасайды [8, 268].

Профессор Қ.Жұбанов білім беру жүйесінде теориялық білімі жетік мұғалім дидактикалық әдісті дұрыс сұрыптап, оқу үрдісінде орынды, сапалы қолданады деген тұжырым жасайды. Ғалым қазақ тілін оқыту әдістемесінде қазіргі кезеңде де актив қолданылатын дәстүрлі технологияға негізделген әдістерді өз тәжірибесінде қолданды: *баяндау, сұрақ-жауап, жалпылау, жүйелеу, айыру, жаттау, талдау, жинақтау, салыстыру, сұхбат* т.б. Қазақ тілін оқытуда профессор Қ.Жұбановтың дәстүрлі технология негізінде ұсынылған әдістері қолданылды. Аталған әдістердің ішінде сұхбат әдісі тілдік тұлғаны интерактивті қатысым жасауға бағыттайтын белсенді әдіс болып табылады.

Қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосқан профессор Қ.Жұбановтың қазақ тіл біліміне қатысты теориялық тұжырымдары мен дидактикалық тәжірибесі – жаңа үлгідегі ұлттық мектеп моделін жасауда негізгі ұстаным. Инноватор педагог-ғалымның ғылыми-әдістемелік тұжырымдарын зерделеу, ғылыми ізденістерді жалғастыру ұлттық педагогика ғылымының қорын үздіксіз толықтырып, терең білімді, бәсекелестік жағдайда рухани өресі биік, азаматтық бетбейнесі қалыптасқан зияткер тұлғаны тәрбиелеуде үлгі екендігі анық.

Әдебиеттер

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: МТДИ, 2010. – 608 б.
2. Сұлтан Ж. Өшпес мұра. Кітапта: Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов. – Алматы: «Шафран» ЖШС, 2013. – 528 бет. – (Ұлы дала тұлғалары).
3. Решетняк В. Ұмытылмас дос // Қазақстан мұғалімі. – 1970 ж., 8 январь.
4. Уәлиұлы Н. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген сөздіктердегі ақпараттарды білім беру жүйесінде қолдану туралы // Қазақ тілі: әдістеме. – Алматы: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №3, 2009.
5. Жазықова М.Қ. Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2008.
6. Жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы. Студентке арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері», 2015.
7. Жұбанов Қ. Әдіс бірлестіктері мен әдіс үйірмелерінде оқу жылының екінші жартысында талқыланатын әдіс-программа мәселелері // Ауыл мұғалімі. – 1934. – №3.
8. Оразбаева Ф.Ш. Профессор Қ.Жұбановтың педагогикалық мұрасы. // Жинақта: Құдайберген Жұбанов тағылымы: ғылыми сабақтастық және жаңа бағыттар: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарына арналған мақалалар жинағы. – Алматы, 2009.

А.С.БАРМЕНҚҰЛОВА

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
2-курс докторанты

ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ

Аңдатпа. Мақалада лингвомәдениеттану ғылымының қажеттілігі қарастырылады. Сонымен қатар, қазақ тіл білімінде шетел және отандық ғалымдарымыздың зерттеулеріне лингвомәдениеттанымдық талдаулар жасалады. Қортындысында этномәдени бірліктердің халық өмірінде қалай көрніс табатыны туралы сөз болады.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, этномәдени бірлік, этнолингвистика.

Аннотация. В статье рассматривается необходимость науки лингвокультурологии. Кроме того, проводится лингвокультурологический анализ исследований наших зарубежных и отечественных ученых в области казахскоязычного образования. В заключении будет рассказ о том, как этнокультурных единицы отражаются в жизни людей.

Ключевые слова: лингвокультурология, этнокультурное единицы, этнолингвистика.

Annotation. This article deals with need for linguistic and cultural science. In addition, a linguaculturological analysis of the research of our foreign and domestic scientists in the field of Kazah language education is being carried out. In conclusion, there will be a story about how ethnocultural units are reflected in peoples lives.

Keywords: linguocultrology, ethnocultural units, etnolinguistics.

Қазіргі таңдағы ұлтымыздың алға қойған басты мақсаты – дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Бұл ұлы мақсатқа қол жеткізу үшін қай салада болса да, қазақтың материалдық, рухани байлықтарын әлемге таныту.

Лингвомәдениеттану тіл ғылымының бір саласы ретінде ХХ ғасырдың 90 жылдары туындады. «Лингвомәдениеттану» терминінің өзі ресейлік фразеологиялық мектептің өкілдері

В.Н.Телия, Ю.С.Степанов, А.Д.Арутюнова, В.Воробьев, В.Шаклеин, В.Маслованың зерттеулерінде пайда болды. Бірақ тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы алғаш рет XIX ғасырда В.Фон Гумбольдтің «О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человеческого рода» еңбегінде анықталды. Гумбольдт осы еңбегі арқылы тіл ғылымында антропоэзектік үрдісті қалыптастырды. «Ұлттың тілдік санасы» деген ұғымды ең алғаш болып енгізген В.Гумбольдт болатын. Ғалымның зерттеуінде: «Ұлттың тілдік санасы деп тілде көрініс тапқан халықтың дүниетанымы мен аялық білімі, түсінігін атау керек. Әрбір тіл ұлттың қоршауында, өз ішінде сипатталады, себебі ол қоршау сол ұлтқа ғана тиесілі. Өзге қоршауға түскенде тілдегі мәдениетті игеру үшін сол мәдениетті бойға сіңіре алу қажет» [1, 10-11 б.].

В.Н. Телия: лингвомәдениеттанымдық талдау жүргізу үшін мағынаның макрокомпонентті моделі жасалуы керек. Мағына моделін жан-жақты кеңістікте қарастыруға болады, яғни мағына арқылы берілетін ақпараттарды пресуппозиция аясында, денотация, рационалды баға шеңберінде, мәдени таңбаның уәжі негізінде, эмоционалды және эмотивті баға қалыптастыру қызметінде зерттеу тиімді» делінеді [2, 87 б.].

В.Воробьевтің айтуынша, мәдениет – материалды және рухани құндылықтардың жүйесі. Мәдениеттің басты белгісі – тұлғаның рухани құндылығын арттыруға негізделеді [3, 31 б.]. Гумбольдтан кейін тіл мен мәдениеттің қоғам мен адам дамуындағы маңыздылығы жоғары екенін және тілде мәдени ақпараттардың ашылып насихатталу бағытының дұрыс екенін А.Потебня да мойындаған болатын. Ғалымның «Мысль и язык» еңбегінде: «Адам сөзсіз жабайыға айналады» делінген [4, 123 б.].

Осы тұжырымдарды саралайтын болсақ, тіл мен мәдениеттің тұтастығы қоғамның дамуына, ұлт болып қалыптасуға, ұлттың ұлттұтастырушылық әлеуетін арттыруға едәуір ықпал етеді. Демек, тіл – ұлттың мәдени құндылығының айқын көрінісі, ал ұлттың мәдениетін – оның жүріс-тұрыс, киім киісінен ғана емес, ең бірінші сөйлеген сөзінен байқау тиімдірек. Себебі, киімді біреу кигізе салуы мүмкін. Жүріс-тұрысты, әдептілік құлықтарын тез арада үйреніп алуы мүмкін. Ал тіл – ол адамның туа бітті қалыптасатын құндылығы болғандықтан, тіл – адам мәдениетінің маңызды көрсеткіші бола алады деген қорытынды жасаймыз.

Осы мәселеге қатысты қазақ тіл білімі ғалымдарының зерттеулерінде лингвомәдениеттанымдық талдаулар әртүрлі деңгейде болды. Лингвомәдениеттану термині қалыптаспай тұрғанда-ақ этнолингвистикалық зерттеулер аясында тіл мен мәдениеттің сабақтастығында тіл арқылы ұлтты тануға болатыны туралы тұжырымдар академик Ә.Қайдар еңбегінде көрініс тапты. «Қазақтар ана тілі әлемінде: Адам, қоғам, табиғат» атты этнолингвистикалық сөздігінде өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, тек ұлтқа ғана тән мәдени атаулардың мағынасын айқындап берді [5] әрі қазақ сөзінің семантикасын жаңғыртты. Ұмытылуға айналған көне ескіліктердің жаңғыруына себепші болды.

Біздіңше, лингвомәдениеттану саласының қажеттілігі мен маңыздылығы – ұлттық рухани және материалдық мәдени атаулардың көне уәжді мағыналарын өшіріп алмай сақтауында болып отыр.

Қазақ лингвистикасында тіл мен мәдениет байланысын зерттеген ғалымдардың бірі – профессор Е.Жанпейісов. Ғалым этнолингвистикалық зерттеулер жүргізгенімен, заттық және рухани мәдениеттің қазақ ұлтына ғана тән екенін дәйектеу үшін бірнеше тілдермен салғастыра зерттейді. Лингвомәдениеттанудың ерекшелігі де осында. Лингвомәдени талдау жұмысында бір ұлттық мәдени атауларын нақтылау үшін бірнеше тілдегі эквиваленті бар/жоқ екені анықталады. Толық эквивалентті, жартылай эквивалентті және бейэквивалентті мәдени атаулар жігі ажыратылады. Е.Жанпейісов төрт түлік малдың жабдықтарын (әбзелдерін) күтіміне қатысты, жөн-жоралғыларын, ауруына қатысты атауларын түркі тілдерімен салыстыру арқылы қазақтың төл мәдениетіне қатысты материалдық мәдениет атауларының мән-мағынасын айқындап бер-

ді [6]. Отандық лингвистикада лингвомәдениеттану ғылымын өз парадигмасында зерттеген ғалымдардың бірі – профессор Ж.Манкеева. Заттық мәдени атаудың мәдени-семантикалық мағынасын зерттеген ғалым Ж.Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп қарауға болмайды. Себебі мәдениеттің көрінісі – тіл. Барлық мәдениет түрлері тіл арқылы кумулятивтік қызметтің негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі», – деп көрсетеді [7, 28 б.].

Мәселен, академик Рәбиға Сыздық көне сөздердің табиғатын зерттеуде, сөздердің тура мағынасынан тыс мазмұнын ашуға қатысты зерттеу әдістемесін көрсеткен болатын. «Сөздер сөйлейді» еңбегінде ғалым: «Бүгінгі жұртшылыққа таныс емес, бірақ ана тіліміздің қазынасында сақталған сөздер мен сөз тіркесінің тарихи-тілдік мағыналарын ашып, «әр халықтың өзіндік тұрмыстық-мәдени сөз қорының кездесуі табиғи құбылыс», – деп көрсетеді [8, 28 б.].

Демек, антропоэзектік бағыттың аясында айқындалған жаңа тіл салалары арнайы атау алмай тұрып-ақ, бірқатар ғалымдардың зерттеу нысанына айналғаны байқалады. Лингвомәдениеттану деп аталған атауы қалыптаспай тұрып-ақ тілдегі мәдени-семантиканың уәжін сақтау, тіл арқылы мәдени ұғымдарды айқындау талпынысы сөз мағыналарын зерттеу барысында әрқашан байқалып отырған.

Материалдық лексиканың бір бөлігі тұрмыстық лексикадан тұрады. Ал тұрмыстық лексикаға талдау жүргізу дегеніміз жеке бір ұлттың, адамзат қауымының даму үрдісіне және көрші жатқан елдердің бір-біріне, тіпті тым алыстағы елдің белгілі бір ұлт пен халықтың, этностың тұрмыс-тіршілігіне жанасатын тұстарын, сол арқылы тіліне тигізген әсерін анықтауға мүмкіндік алумен бірдей.

Жағылан – *зат. көне*. Қайыстан, теріден, былғарыдан істелген әдбіре сандық. Қазақстанның Оңтүстік өңірінде чемоданды да кейде *жағылан* деп атайды (ҚҰЭ). *Төрдің алдына жүк жиналған, астында қызыл ала кебеже, оның үстінде тең-тең кілемдер, қызыл жағылан сандық* (С.Талжанов, Ұлдай). *Жүгінде атлас көрпе, жағылан сандық. Ала тек қора кілем, жасау, жастық. Текемет қызыл ала жастықтарын, жинағанда жайнап қалды қаз-қатар гып* (С.Керімбеков, Өленд.). (ҚӘТС) 15 т, 5-том.

Жағыланның негізі жұқа тақтайдан құрастырылып, сырты түгелдей қалың былғарымен қапталады. Тек беткі жағы ғана әртүрлі ою-өрнекпен көмкеріледі.

Қорыта айтқанда, Қазақтың ұлттық киімінде халықтың ұлттық эстетикалық талғамдары, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастары ерекше көрініс табады. Міне бұдан этномәдени бірліктердің халық өмірінде қалай көрініс табатынын білеміз. Киімнің шығуы адам еңбегінің ерекшеліктеріне, қоғамдық өндіріс пен мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан да тұрмысқа қажетті түрлі дүниелер адамдардың тіршілік керегіне жарап, тек қана жарап қоймай өздерінің әдемі өрнектері мен соңғы кезге дейін жетіп, бүгінгі күннің де кәдесіне жарап жүр.

Әдебиеттер

1. Гумбольдт В.Ф. Язык и философия культуры. – М., 1985.
2. Телия В.Н. О специфике отображения мира психики и знания в языке. // Сущность, развитие и функция языка. – М., 1987.
3. Потебня А.А. Слово и миф. – М., 1933.
4. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1995.
5. Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведения М.Ауезова). – Алма-Ата, 1989.
6. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: «Жібек Жолы» 2008. – 56 бет.
7. Сыздық Р. (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы / Алматы: «Ел-шежіре», 2014.

Д.ДӘУІТХАНҚЫЗЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты

Г.Қ.БЕККОЖАНОВА

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының доцент м.а., ф.ғ.к.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ШЕТТІЛДІК МӘДЕНИЕТТІ АУТЕНТТІК ЛИНГВОМӘДЕНИ МӘТІНДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аңдатпа. Мақалада шетел тілін оқыту барысында аутенттік лингвомәдени мәтіндерді оқушыларға оқыту үдерісінде қолданудың аспектілерін отандық және шетел әдебиеттерін қолдана отырып жалпылау және талдау мақаланың негізгі зерттеу мақсаты болып табылады. Мақалада аутентті мәтіндермен жұмыс жасаудың артықшылықтары және де шет тілді меңгеру мен қатар оқушының мәдениет аралық қатынас дағдысының дамуына өз ықпалын тигізетіні келтірілген. Эмпирикалық зерттеудің нәтижесі аутентті тексттермен жұмыс жасаудың тиімділігі жайлы ақпараттар берілген. Тілдік ортадан тыс шет тілін оқытудың жолдары және аутентті тексттердің оң ықпалы туралы ақпарат келтірілген. Шетел тілін оқытуда аутентті мәтіндерді пайдалану оқытушы мен оқушылар үшін тіл мен сол елдің мәдениетін меңгеруде кең мүмкіндіктер ашады. Осыған орай, оқушылардың коммуникативті күзіреттілігін аутентті мәтіндерді қолдану арқылы дамыту үшін, білім алушылардың шет тілінде дағдылары қалыптасқан және орта, жоғары деңгейлерді меңгергендегі маңыздылығын ескере отырып. Мақала оқушылардың шеттілдік коммуникативті күзіреттілігін оның ішінде сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу дағдыларын дамытуда аутенттік мәтіндерді қолдану әдісіне арналады.

Тірек сөздер: аутенттік лингвомәдени мәтін, шет тілін оқыту, күзіреттілік, дағды, әдіс.

Аннотация. В статье основной исследовательской целью статьи является обобщение и анализ аспектов использования аутичных лингвокультурных текстов в процессе обучения учащихся с использованием отечественной и зарубежной литературы. В статье представлены преимущества работы с аутичными текстами, а также их влияние на развитие навыков межкультурного общения учащихся, а также овладение иностранным языком. Результатом эмпирического исследования стала информация об эффективности работы с аутичными текстами. Представлена информация о путях обучения иностранному языку вне языковой среды и положительном влиянии аутичных текстов. Использование аутичных текстов в обучении иностранному языку открывает широкие возможности для преподавателя и учащихся в изучении языка и культуры этой страны. В этой связи, для развития коммуникативной компетентности учащихся с использованием аутичных текстов, с учетом значимости обучающихся в освоении среднего, высшего уровней и сформированности навыков на иностранном языке. Статья посвящена методу использования аутичных текстов в развитии иноязычной коммуникативной компетенции учащихся, в том числе навыков речи, аудирования, чтения, письма.

Ключевые слова: аутентичный лингвокультурный текст, обучение иностранному языку, компетентность, навыки, метод.

Annotation. The main research purpose of the article is to generalize and analyze aspects of the use of autistic linguistic and cultural texts in the process of teaching students using domestic and foreign literature. The article presents the advantages of working with autistic texts, as well as their impact on the development of intercultural communication skills of students, as well as mastering a foreign language. The result of the empirical study was information about the effectiveness of working with autistic texts. Information is presented on the ways of teaching a foreign language outside the language environment and the positive impact of autistic texts. The use of autistic texts in teaching a foreign language opens up wide opportunities for teachers and students to learn the language and culture of

this country. In this regard, for the development of students' communicative competence using autistic texts, taking into account the importance of students in the development of secondary, higher levels and the formation of skills in a foreign language. the article is devoted to the method of using autistic texts in the development of foreign language communicative competence of students, including the skills of speech, listening, reading, writing.

Keywords: authentic linguocultural text, foreign language teaching, competence, skills, method.

Ұлттардың араласуы, тілдердің және мәдениеттердің тоғысу заманында оқушылардың бойында оқып жатқан тілдің, сол елдің мәдениеті, тілі жайлы дұрыс пікір, білім, дағды қалыптастыру маңызды талаптың бірі. Осындай білім-дағды оқушының бойында коммуникативті компетенция қасиетін қалыптастырады. Қазіргі уақытта жаһандық дамуда, шет тілін оқытудың әдісінде күзиреттілікті дамытуда «Аутенттік» ұғымы жиі кездеседі. Осыған байланысты, коммуникативті күзиреттіліктің қалыптасуы қазіргі лингводидактиканың орталық мәселелерінің бірі болып табылады. Тілдің негізгі құралдарын меңгерумен қатар, коммуникативті күзиреттілік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін қамтиды: оны сұхбаттасу кезінде жүзеге асатын ақпаратқа жеке пікірді білдіру үшін оны өз идеясына сәйкес өзгерту. Сонымен, аутенттік мәтіндер дегеніміз не? Олар қандай мәтіндер деген ой келеді. James Harmer-дің айтуы бойынша аутенттік мәтін деп – ана тілі болып саналатын адамдарға арналған мәтіндер деп есептейді. Лингвистикалық тұрғыдан мән берсек аутенттік мәтіндер өзгеше лексикамен ерекшеленеді: есімдік, шылаулар, одағай сөздер, эмоциялы-экспрессивті бояу, сөз тіркесі, фразеологизмдер, заманға сай сөздер және сөйлемдердің толық ашылмауы, қысқа сөйлемдердің көп қолданылуы жатады. Аутенттік мәтінде ауызекі сөйлеудегі лексика, ұлттық-мәдениет компоненттері, күнделікті өмірде қолданылатын лексика тән. Ол оқушыға оқып жатқан тілінің ұлттық-мәдениетін танып білуге және сол тіл ана тілі болып табылатын адамдай тілді игеруге көмектеседі.

Зерттеудің нысаны: аутенттік лингвомәдени мәтіндер

Зерттеудің пәні: аутенттік мәтіндердің ағылшын тілі сабағында қолданылуы

Мақсаты: Қазақстандағы ағылшын тілі сабағында аутенттік мәтіндердің алатын орны және оның тілді меңгеру барысында тигізетін оң ықпалына мән беру болып табылады. Және де шетел методикасында аутенттік мәтіндердің қолданылуы және тәжірибиесі қамтылған.

Міндеттері:

- аутенттік лингвомәдени мәтіндерді қолданудың пайдасы және тілді меңгеру барысында тигізетін оң ықпалы;

- аутенттік мәтіндердің ағылшын тілі сабағында алатын орны және ролі.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Соңғы уақытта аутенттік мәтіндерге деген көз қарас өзгеріп, оны сабақ барысында қолданудың ерекшеліктері мен пайдасын көрсету мақсатында зерттеулер эмперикалық және анализ әдісімен жүргізілген. Эмперикалық зерттеудің нәтижесі аутенттік мәтіндердің оң ықпалы және оқушылардың мәдени аралық қатынастық қабілетінің артқаны жөнінде мәліметтер қарастырылған.

Белгілі болғандай, аутенттік мәтін бейімделмеген, шынайы айқын мәтін [3, 99 б.]. Яғни аутенттік мәтіннің авторы зерттелетін тілге қатысты мәдениеттің өкілі болуы керек дегенді білдіреді.

Сонымен бірге коммуникацияның материалдық құрамдас бөлігі шындық болып табылады. Тілдік ортадан тыс шет тілін оқыту жағдайында табиғи тарихи лингвомәдени қоғам ретінде объективті шындық аутенттік мәтіндерде көрініс табады. Шет тілін оқыту процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда аутенттік мәтіндер лингвомәдени күзиреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз ете алады [4, 15 б.]. Сонымен қатар, газеттер мен журналдар шынайы айқын өмір бейнесінің көрсетуде тиімді әдістердің бірі болып табылады. Газеттер мен журналдарды оқу – зерттеліп жатқан тілде сөйлеуші адаммен қарым-қатынас орнату нысандарының бірі деген пікір бар [5, 175 б.].

Осы ойды қолдаушы авторлардың пікірі бойынша, аутентті мәтін лингвистикалық және экстралингвистикалық шындықтың феномені ретінде күрделі құбылыс болып табылады: бұл байланыс құралы, ақпаратты сақтау және беру тәсілі, белгілі бір тарихи дәуір өнімі, мәдени өмір формасы және ұлттық мәдениеттің көрінісі (салт-дәстүр, әдет-ғұрып және т.б.) [4, 15 б.].

Шынында да шет тілін оқу дегеніміз бұл түрлі мәдениеттер өкілдері арасында «көпір» құруға бағытталған іс деген пікірмен келіспеу қиын. Сондықтан тіл мен мәдениетті өзара байланысты және өзара байланысты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырған жөн. Демек, аутентті мәтіннің осындай бай мәдени мәні оның ең жақсы үлгілерінің бірі ретінде қызмет ететіндігінің маңызды дәлелі болып табылады, сондықтан оны оқу процесінде қолдану міндетті істердің бірі. Аутентті мәтіндердің бір ерекшелігі – аутентті мәтіндердің құрамында қысқа тіркестер, сөздер, сөз тіркестері, құрама сөздер болуы мүмкін, өз тілімізде баламасы жоқ болуы мүмкін, сондықтан қиындықтар тудырмас үшін оқушыларға осы сөздердің мағыналарын алдын ала түсіндіру қажет [2, 99 б.].

Аутентті мәтіндерде қысқартулар мен қысқартулардың болу фактісі, олардың оқылуын және түсінуін біршама қиындатса да, «аутентті қатынасты» қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Басқаша айтқанда, кез келген қысқартулардың немесе құрмалас сөздердің мағынасын бір рет түсініп алса, болашақта тіл үйренушіге зерттелетін тілдегі газет мақалаларын оқуда, жаңалықтар бағдарламаларын көріп және басқа мазмұнды контенттерді оңай түсінуіне ықпал тигізеді.

Г. О. Рахымбекова аутентті мәтіндердің келесі ерекшеліктеріне назар аударады:

1 Аутентті мәтіндер тілдің қызметін оның сөйлеушілері қабылдаған нысанда және табиғи әлеуметтік контекстте бейнелейді;

2 Аутентті мәтіндер әр түрлі тақырыпта және алуан түрлі стильде, олармен жұмыс жасау студенттердің қызығушылығын арттырады;

3 Аутентті мәтіндер зерттеліп жатқан елдің мәдениетін оқытудың ең жақсы құралы болып табылады;

4 Аутентті мәтіндер зерттелетін тілдің фразеологизмдерімен танысу үшін тамаша материал болып табылады. Мақал-мәтелдермен және фразеологиялық айналымдармен таныстыру, оқушылардың сөйлеу әрекеті дағдыларын қалыптастырады, ал ағылшын, орыс, қазақ фразеологизмдерін салыстыру әрқашан пәнге деген қызығушылықты арттырады [6, 167 б.].

Кейбір авторлардың пікірі бойынша, сыныпта түпнұсқалық мәтіндерді қолданудың келесі артықшылықтары бар: біріншіден, оқушыларға аутентті материалдар ұсынылған кезде олар зерттелетін тілде сөйлейтіндер немесе мақсатты тілді қолданушылардың көпшілігі тілді қалай қолданатындығы туралы нақты мысалдарды көреді. Екіншіден, студенттер тілді сәйкесінше дұрыс мағынада қолданып тұрғанын білсе, онда олардың шет тілінде дұрыс сөйлей алу, тілді меңгеріп кетуге деген сенімдері арта түседі. Шынайы мәтіндердің көмегімен оқушыларға нақты контексте қолданылатын сөздер мен тіркестер беріледі. Оқушылар осыған ұқсас жағдайларға тап болған кезде, олар бейресми жеке сөйлесулерді дұрыс жүргізуіне ықпал тигізеді. Үшіншіден, аутентті оқыту материалдар бейресми, әлеуметтік бағытталған және кеңінен қолданылады. Олар ережелер мен үлгілік оқулықтарды толықтыруда құнды материал бола алады [8, 73 б.].

Аутентті мәтін тек тілдік құзіреттілікті қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге елдің және зерттелетін тілдің мәдени ерекшеліктерін жақсы түсінуде маңызды рөл атқаратыны анық. Аутентті мәтіндер шетел қоғамының лингвистикалық және мәдени сипаттамаларының «айнасы» ретінде көрінеді.

Шеттілін үйрену барысында аутентті мәтіндерді қолдану минималды әрекетпен студенттерге шет тілдік ортаға және лингвистикалық, мәдени және коммуникативті ортаға ену құзіреттілігіне мүмкіндік береді.

Шет елдік тәжірибиеде де ағылшын тілі сабағында аутенттік мәтінмен жұмыс жасаудың өз ерекшеліктері бар. М. Лироланың мақаласына сүйенсек, егер шет тілінің оқытушысы өзінің

сабағында әлеуметтік мазмұндағы түпнұсқаны қолданған кезде, оқушылар үшін мәтін мен қоғам арасындағы, қоғам мен мәтін арасындағы реалийді көруге мүмкіндік береді [9, 67 б.].

Түпнұсқаларды сабақ барысында қолданудың тағы бір ұтымды тұсы, ол яғни оқушылардың сабақта алған білімдерін нақты өмірде қолдану мәселесі. Тілді үйрену аясында бұл мәселенің маңызы арта түседі. Өйткені тілді үйренудің мақсаты – оны нақты өмірде, қоғамдық қатынастар жүйесінде қолдану. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында аутентті мәтіндердің алатын орны ерекше. Мысалы шет елде саяхатта жүріп әуежайларда билет сатып алу, бағыт бағдар сұрастыру, қонақ жайларда орналасу. Осы сияқты қарапайым жағдайлар тілді нақты өмірде қолдану болып табылады.

Ағылшын тілін үйренушілер үшін әдетте аутентті мәтіндерді бірден түсініп оқу қиындық туғызады, өйткені тіл үйренушілер немесе оқушылар негізінен өздерінің тілдік деңгейлеріне сәйкес бейімделген коммуникативті оқулықтарды қолдана отырып шет тілін оқуға дағдыланған.

Яғни, аутентті материалдарды оқу арнайы жасалған материалдарды оқудан гөрі ауыр. Сондықтан да аутентті материалдардың өзін оқыту керек сияқты.

Аутенттік мәтіндер тіл меңгеруші үшін мотивация құралы болып табылады, ескере кететін жайт аутенттік мәтін әртүрлі саладағы мәтіндердің алуан түрін ұсына алады (журналистік мақала, әдеби үлгідегі мәтін, академиялық мәтін) [10, 55 б.]. «Аутентификация» термині алдын ала дайындалған және бейімделген оқулық үлгілеріне қарсы реакция ретінде пайдаланылды. Ал аутенттік мәтіндер студенттерге коммуникативті ғана емес, сонымен бірге мәдени құзыреттіліктерін жетілдіруге көмектесетін құрал ретінде де қарауға болады. Аутенттік термині ол құрылған тілдік қоғамдастықтың кейбір әлеуметтік мақсатын орындау үшін жасалған мәтін ретінде анықталды [11, 275 б.]

Авторлардың аутентті мәтінге қатысты пікірлері орынды деп санаймыз. Өйткені шынында да, аутентті мәтіндердің мазмұны сол қоғамдағы әлеуметтік құндылықтармен және оларды сақтау және жүзеге асыру жолдарымен тығыз байланысты. Бірақ бұл ерекшелік тілді үйренуші тұлға үшін белгілі қиындық туғызады. Оның себебі, мәдениеттер мен әлеуметтік құндылықтардың әртүрлі болуы. Аутенттік мәтінді оқыту үшін оның сөздерінің және сөйлемдерінің контекстілік мәнін түсіну үшін сол мәтінге тиесілі қоғамның құндылықтар жүйесімен таныс болуы қажет. Ал бұл мәселені шешудің оңай әрі жолы аутентті мәтіндерді сабақ барысында қолдану. Аутентті газеттік мәтіндерді қазіргі таңда интернет желісі арқылы кез келген мұғалімге қолжетімді, ол тек дербес компьютер және ғаламторға шығу мүмкіндігі болуы тиіс.

Аутентті мәтіндерді шет тілін оқыту барысында қолдану қажеттілігі көптеген білікті тіл мамандарымен және де арнайы зерттеулер нәтижесі де растайды. Акбари мен О. Разавидың мақаласына сүйенсек аутенттік мәтіндер Иран Ислам Республикасының жалпы білім беру мекемелерінде 30 жылға жуық уақыттан бері қолданыста екен. Эмпирикалық зерттеулердің нәтижесі аутентті мәтіндердің тіл меңгеруде орасан зор пайда көрсеткені жайлы мәліметтер бар. Анығырақ айтсақ аутентті мәтіндер студенттерге:

- шетілінде ауызша сөйлеу дағдысының жақсаруына;
- шетілінде оқып түсіну дағдысының, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйрену арқылы жақсарғаны;
- шетілінде жазу шеберліктерінің артқаны туралы мәліметтер келтіруге [12, 106 б.].

Көріп отырғанымыздай аутентті мәтіндерді сабақ барысында қолданудың пайдалы тұстары аз емес екені анық. Бірақ осы орайда туындайтын сұрақ аутентті материалдарды шет тілін үйренушілер үшін қай деңгейде қолданғаны дұрыс? Ф. Киликая ойынша түпнұсқаны тек тіл деңгейлері *intermediate* және *advanced* дәрежесі бар студенттерге қолдануды дұрыс деп санайды [13]. Шет тілді меңгеру қысқа уақытта жасалатын іс-шара емес, бұл мәселе көп еңбекті және уақытты талап етеді. Көптеген аутентті материалдар қазіргі уақытта қолжетімді, оларды сабақ барысында қолдану тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырады. Аутентті материалдарды 4 деңгейге бөлуге болады:

- аутентті аудио және бейне материалдар: өлеңдер, деректі фильмдер, радио және теледидар бағдарламалары, сауалнамалар, мультфильмдер, кинолар, кәсіби аудио-таспалы қысқа әңгімелер мен романдар;

- аутентті көрнекі материалдар: фотосуреттер, суреттер, оқу тақталары, суреттер, мөртаңбалар, көше белгілері, сөзсіз сурет кітабы, газет және журналдар;

- аутентті баспа материалдар: газет мақалалары, мейрамхана мәзірлері, туристік ақпарат брошюра, журналдардағы немесе газеттердегі жаңалықтар, мақалалар, буклеттер және түбіртек, т.б.;

- шынайы материалдар: маска, қуыршақ [14, 330 б.].

Жоғарыдағы көрсетілгендей аутентті мәтіндер түрлері сан алуан, оларды қолдана отырып оқушылардың 4 бірдейтілдік дағдыларды (есту, сөйлеу, жазу, оқу) дамыту үшін жақсы құрал ретінде де қарауға болады. Оқушының төрт дағдысын аутентті мәтіннің көмегімен дамыту үшін Е.В.Емельянованың ойынша тіл үйренушіге мәтіндік материалдармен түрлі операцияларды үйрету маңызды, әртүрлі сипаттағы сөйлемдер, сөз тіркестерінің бірлігін, бастапқы мәтіннің белгілі бір класының жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін ескеру, мәтінді жанрға сәйкес саралау дағдысын үйрету маңызды [15, 57 б.].

Қорытындылай келе, заманауи шет тілін оқыту ана тілінің өмірінен алынған немесе қабылданған және қолданылатын сөйлеу нормаларына сәйкес олардың мәдениеті мен менталитетінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған материалдарды қолданған жағдайда ғана мүмкін болатындығын ерекше атап өткен жөн. Аутентті мәтіндерді пайдалану оқу процесін тиімді жүргізуге, шет тілінде сөйлеу ортасына еліктеуге және оқытылатын тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігіне сәйкес қарым-қатынас процесін жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аутентті мәтіндер, өз тұрғысынан студенттердің қызығушылығын шет тілін үйренуге деген ынталарын арттыратын оқу құралы. Әдістемелік мақсатта жасалған осындай аутенттілік оқу – шеттілдік түпнұсқа материалдардың пайдалану сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу дағдыларының барлық түрлерін оқытуды тиімді жүзеге асыруға, шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. *Кунанбаева, С.С.* Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы: Эдельвейс, 2010. – 344 с.

2. «Концепция развития иноязычного образования РК». – Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. – 2006 г. [Электронды ресурс]. – <https://multiurok.ru/blog/kontsiptsiiia-iazykovogho-obrazovaniia-riespubliki-kazakhstan.html> (Доступ 17.01.2020).

3. *Рысбаева, Г.Қ., Жақсыбаева, А.Қ.* Шетел тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдері // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2016, № 1. – 98-102 бб.

4. *Сидикова, Б.А.* Аутентичные тексты в программе профильного обучения как база формирования инофонной картины мира // Шетел тілін оқыту әдістемесі. Методика обучения иностранному языку. – 2013, № 1. – С. 12-17.

5. *Кушанбаева, Д.Т.* Аутентті газет мәтіндерінің шетел тілін үйретуде алатын орны // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы: Филология сериясы. – 2014, № 3. – 172-177 бб.

6. *Рахимбекова, Г. О.* Выбор и применение аутентичных текстов при обучении иностранному языку в неязыковом вузе // Сейфуллинские чтения – 9: новый вектор развития высшего образования и науки, посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан: Материалы республиканской научно-теоритической конференции (28-29 ноября 2013 г.) / Казахский

агротехнический университет им. С. Сейфуллина. – Астана: КазАТУ им. С.Сейфуллина, – 2013. – С. 167-168.

7. *Мустафина, К.Е.* Работа с аутентичным текстом в оптимизации процесса формирования речевых умений и языковых навыков // Состояние и перспективы обучения профессиональному казахскому, русскому и иностранным языкам: Материалы методического семинара, 29 января 2013 г. / сост. Ескатова Г. К. – Костанай: Костанайская академия МВД РК, 2014. – С. 54-58.

8. *Gauriyeva, G.M., Zhumabekova, A.A.* Use of Authentic Texts for Formation of Students» Linguistic Competence // bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2018, № 2. – P. 74-76.

9. *Lirola, M.* A proposal for teaching with authentic texts in order to develop social awareness in a language subject in tertiary education. In *Argentinian Journal of Applied Linguistics*. – 2016, № 1. – P. 59-73.

10. *Rodriguez, G., Fernando, L.* Learning Strategies: A Means to Deal with the Reading of Authentic Texts in the EFL Classroom In *Signo pensam*. – 2016, № 69. – P. 50-63.

S.ESENKELDIKYZY

Master student

N.O. ZHETPEISOVA

Disertation supervisor

Docent of the Department of Foreign Languages and Translation,

Ph.D. Korkyt ata University

FORMATION OF INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE OF HIGH SCHOOL STUDENTS THROUGH SIMULATION TECHNOLOGIES

Abstract. The tendencies in the advancement of contemporary society and education determine the applicability of the topic of intercultural competence formation to the individual. The goal of this article is to investigate English teachers' views on the use of simulation technologies in the development of students' intercultural communicative competence. For this goal, the following research methods were used: Interview, research, and analysis. The participants of the research were English language teachers of the school-gymnasium №1.

Keywords: teaching English language, intercultural-communicative competence, simulation technologies, English teachers, English lessons

INTRODUCTION

Every culture has its own unique cultural concepts, beliefs, values, and traditions, and these values have a strong bearing on how people communicate as individuals and as a society. As a result, when people from various cultures communicate with one another, there may be challenges or barriers in the way that meanings are exchanged [1]. Currently, studying the language of another culture is the main component of learning about that culture. Understanding cultural similarities and variances can enhance the connection between the two systems because language conveys cultural characteristics. In this view, the idea of intercultural competence has been linked to communicative competence, with the claim that communicative competence makes intercultural competence acquisition possible. The cultural values that people possess are the factors that define a person, so it is a topic that needs to be presented in a very delicate way.

The diversity of the teaching process, the stimulation of students' own cognitive activity, the development of their interests, and active participation in the educational process are all significant issues in the educational area [2]. This necessitates the adoption of cutting-edge educational formats,

methods, and technologies. The most popular are interactive formats, which allow all participants to participate, realize your creative powers, and embody current knowledge, skills, and abilities in practical actions. Simulation technology is one of these current technologies. In terms of language, this is an imagined, fabricated, and acted recreation of interpersonal connections centered on a problem situation: researching a case, solving an issue, reaching a choice, and so on. In other terms, simulation is an activity in which participants (acting on their own behalf or in distinct social roles) discuss a topic or a series of related problems under certain specified conditions. In the classroom, students act out a real-life scenario.

Educational simulation, according to B. E. Avzhanova, is an organized scenario with a precise system of rules, goals, and tactics with a specified purpose – the acquisition of specific competencies that can be directly transferred to the actual world [3].

The process of modeling (simulation) in the teaching of foreign languages involves the imitation, fictitious, and acted reproduction of interpersonal contacts, the focus of which is a problem situation, according to F. Debizer, the inventor of the technology for modeling communication situations (global imitation) [4]. It could involve researching a case or procedure, figuring out a problem, coming to a decision, planning an event, etc. A language exercise known as simulation is one that is sparked by a communication difficulty and is carried out as naturally as possible. We also observe that the student's perspective on the discussed communication issue plays a significant part in the simulation process.

The design, planning and implementation, and assessment phases are the primary stages of modeling a communicative situation or simulation. The purpose of the simulation, the topic and the problem of the communicative situation (concept, name, place, content) are determined during the design phase, rules are established, roles are assigned, an activity strategy is chosen when the students present the situation, didactic material and the necessary equipment are chosen.

In the next stage, the preparation and implementation stage, students begin to study didactic materials, practice applying what they have learned, search the Internet and other sources for additional information to model a communicative situation, assign roles and tasks among group members related to a predictable problem situation. Working independently in class and outside of class takes a lot of time. It may include conducting lexico-grammatical exercises, working with audio and video materials, compiling a glossary, clusters of text materials, studying additional information, selecting photos, illustrations, and writing creative papers. While conducting the simulation, students are immersed in a simulated communication situation to create a tangible product, creative and at the same time personally meaningful to the students. It should be noted that the resulting product is integrated into the context of communicative interaction of subject-oriented content.

Kholodinskaya claims that the benefit of technology for simulating communication circumstances is the ability to include each participant in carrying out a work that is doable for him and the opportunity to demonstrate his knowledge, skills, and talents. In addition, students must demonstrate a critical mindset that is logically related to the search for potential solutions in order to complete a problem-solving activity [5].

METHODOLOGY

A qualitative study was carried out, in which 10 English teachers took part. Data were gathered through conversations with a variety of English teachers. Ten open-ended questions were asked during the interviews about teaching, students' preferences in the English language learning process, intercultural-communicative competence, teachers' views on the use of simulation technologies and so on. All of the information was gathered in various ways and presented in the most relevant format.

The following questions were asked during the interview, and further discussion was encouraged.

1. *Do you know the concept of «intercultural-communicative competence»?*

2. What does the term «intercultural-communicative competence» mean to you?
3. Do you use the simulation technologies in teaching English?
4. Do students enjoy participating in simulation activities during the lesson?
5. Do you agree that simulation technologies are effective in forming the intercultural-communicative competence of students?

RESULTS

Regarding the results of the interview, most of the questions were welcomed and sincerely answered. The survey results of English language teachers were distributed as follows:

1. Do you know the concept of “intercultural-communicative competence”?




Diagram 1 – The teachers» answers for the first question

According to the results of the first question, many teachers (70%) know the concept of intercultural-communicative competence, while 30% said that it is difficult to answer this question (Diagram 1).




Diagram 2 – The teachers» answers for the second question

What the results of the second question show, 40% of teachers think that intercultural-communicative competence is the ability to successfully communicate with representatives of other cultures, 20% of teachers think it is a respectful attitude towards other cultures and nations, 30% of teachers chose the option of personal quality, which includes a set of intercultural knowledge, skills and personal qualities that reflect its readiness for professional communication, 10% of teachers believe that intercultural-communicative competence is a set of knowledge, skills and abilities (Diagram 2).




Diagram 3 – The teachers» answers for the 3, 4, 5 questions

The answers to questions 3, 4, and 5 are shown in the following chart. According to the results of this diagram, we can see that 40% of the teachers use simulation technologies during the teaching of English. But the remaining 40% do not use this type of technology.

On the next question, 50% of teachers supported that during the use of simulation technology students actively participate.

On the last question, 60% of teachers think the use of simulation technology is effective for the formation of intercultural communicative competence of students, which proves the importance of intercultural communicative competence.

CONCLUSION

In conclusion, we point out that the simulation creates the conditions for motivated study of a foreign language for intercultural-communicative competence, interdisciplinary knowledge integration, expansion of the general cultural and professional horizons, and the organization of interactive activities that involve the active participation of the entire group and each of its members in the choice of communication strategy and tactics, as well as the most appropriate forms and means. The accomplishment of a specific goal inspires shared activities, a sense of satisfaction, and the drive to advance their professional knowledge even in a foreign language.

References

1. *M. Byram*. Developing the Intercultural Dimension in Language Teaching. [Электронный ресурс] http://www.coe.int/t/dg4/linguistic/Source/Guide_dimintercult_EN.pdf 21.
2. *Bryleva, V. A.* Development of intercultural competence of students –linguists by means of the virtual educational environment of the special faculty, dissertation, Volgograd. – 2007.
3. *Авжанова Б.Е.* Использование технологии моделирования коммуникативных ситуаций при изучении профессиональноориентированного иностранного языка [Электронный ресурс]. URL: <http://www.scienceforum.ru/2015/pdf/17605.pdf>
4. *Tanner J.R, Stewart G, Totaro MW, Hargrave M.* Business simulation games: Effective teaching tools or window dressing? *American Journal of Business Education (AJBE)*. 2012 Feb 9;5(2):115-28.
5. *Холодинская И.И.* Симуляция как эффективный метод обучения иностранному языку в неязыковом вузе [Электронный ресурс]. URL: http://elib.bsu.by/bitstream/123456789/22768/1/holodinskaya_BMW_2010.pdf

М.ЖОЛШАЕВА

*Сулейман Демирель атындағы университеті
филология ғылымдарының докторы, СДУ профессоры
e-mail: maira.zholshayeva@sdu.edu.kz*

Г.ЖҰМАХМЕТОВА

*Сулейман Демирель атындағы университеті
2-курс магистранты
e-mail: gulldana97@gmail.com*

ТЕСТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Білім беру жүйесінде бүгінгі күнге дейінгі тест әдістерінің даму тарихына шолу жасалды. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы тестолог-ғалымдар жұмысының қазіргі заманғы тестілеудің негізгі принциптерінің қалыптасуына қысқаша тоқталады.

Тестілерді пайдалану бағыттарының өзгеруі көрсетілген. Қазіргі уақытта орталықтандырылған тестілеуге ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі заманғы тесттер тек бақылау үшін ғана емес, сонымен қатар оқу үшін де қолданылады. Мақалада тест әдістерін оқыту технологияларына бейімдеумен байланысты қазіргі заманғы тестологияның даму бағыты көрсетілген.

Кілт сөздер: тестілеу, даму тарихы, тестология, бақылау әдісі.

Abstract. An overview of the history of the development of test methods in the educational system until today was made. The work of testologists-scientists of the end of the XIX - beginning of the XX century briefly focuses on the formation of the main principles of modern testing.

Changes in directions of use of tests are shown. Currently, special attention is paid to centralized testing. Modern tests are used not only for monitoring, but also for learning. The article shows the direction of development of modern testology related to the adaptation of test methods to teaching technologies.

Keywords: testing, development history, testology, control method.

Ақпараттық технологиялардың қоғамда кең қолданыс табуы, еліміздің еуропалық білім беру жүйесінің кеңістігіне икемделуі, оқыту жүйесіндегі өзгерістер жаңа ұрпақ өкілдерін оқытуды және білімді бағалау жүйесін қайта қаралуымен байланысты білім беру саласында бірқатар өзгерістер болды. Білім беру жүйесінде қазіргі таңда жаңа білім беру технологияларын құрастыру мен ұсынуда, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануда қашықтықтан оқыту, жобалар дайындау, кейс әдістер, тестілеу жүйесі, білімді рейтингтік бақылау сияқты сан алуан тараптағы жұмыстар жүзеге асырылуда. Бұл аталғандардың ішінде тестілеу жүйесі оқыту үдерісіндегі өзекті мәселелердің бірі саналады. Оқу материалдарын меңгеру деңгейін анықтауда, білімді меңгеруде, игерілген білімді бағалауда тестілеу қолданылады.

Білімді тексеру және бағалау білім алу процесіндегі оқушының және білім берушінің арасындағы білім сапасы жөнінде сандық мәлімет береді. Оқытушы өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге уақытылы баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке оқушылармен жұмыстың деңгейін анықтамаса, берілген білім тексерілмесе, оқушы өз білімін терең, жан-жақты дұрыс бағалай алмаған болар еді.

Осы ретте тест оқушылардың білімін тереңдетуге және тиянақты білім жүйесін қалыптастыру үшін қажет. Тест түрлерін сабақта қолдану, оқушылардың білімін байқау, жалпы сыныптың білімін бағалау, білім сапасы мен ой-өрісін арттыру, өтілген материалдар бойынша

білімдерін бір жүйеге келтіру үшін маңызды. Тестілеу – оқушылардың білімін, білігін, дағдысын бақылаудың және тексерудің қазіргі уақыттағы міндетті элементі.

Ғылымдағы тестология ұғымы теория мен практикада, адам қызметінің әр түрлі салаларында, соның ішінде білім берудегі тестілерді қолдану тәжірибесінде 120 жылдан астам уақыт бойы дамыды.

Бүгінгі күні тестілеудің пайда болу мерзіміне қатысты әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Бір деректерде тестілеудің шығу тарихы төрт мың жылдан астам уақытқа созылады деп тұжырымдаса, енді бірі тесттердің шығу тарихын 1890 жылы «Тесттер және өлшемдер» атты еңбегін жариялаған Дж.Кэттелдің есімімен байланыстырады.

Тесттік бақылаудың түрлері өте ерте заманнан бастау алады. Тестілеу әдісінің тарихына шолу жасасак, ертеректе антикалық дәуірде Грецияда білім алушылардың білім деңгейін анықтауда ақыл-ой өрісінің дамуын және дене икемін бақылайтын әртүрлі сынақтар жүргізіле бастаған.

Мәселен Ежелгі өркениетте Египетте тестілеу дін қызметкерлері арасынан мамандардың «кәсіби қабілеттілігін» тексеруге бағытталған еді. Діни қызметке үміткер кезең-кезеңімен «тексеріліп», сыртқы келбетін бағалаудан бастап, сұхбат форматындағы әңгімелесу, өмірбаяндық мәліметтерді жеткізе білуі, білім деңгейі, сөйлеу қабілеті, жұмыс істеу потенциалы, тұлға бойындағы тыңдау және үнемдеу қабілеттері ескерілген.

Ал біздің дәуірімізге дейінгі 2200 жылдары Ежелгі Қытайда жоғары мемлекеттік лауазымдарға қабілетін тексеру және кадрларды іріктеудің алғашқы жүйесі пайда бола бастады. Үш жыл сайын барлық жоғарғы дәрежелі шенеуніктер императордан өнердің алты бағыты бойынша – музыка, садақ ату, атқа міну, жазу, санау, ұлттық рәсімдерді білу бойынша жеке емтихан тапсырды. Сонымен қатар, күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарға қарым-қатынасы, мінез-құлқы бағаланды. Бұл сынақтардан өтпеген адам өз қызметінен айырылып отырды.



Еуропалықтарды сол замандағы қытайлық мәртебелі адамдардың, шенеуніктердің ағартушылығы мен ғылым-білімге деген жоғары ынтасы, көп сатылы жазбаша емтихандардың қатаң байқауынан өтуге ұмтылысы тәнті етті. Емтихандарды арнайы таңдалған мемлекеттік қызметкерлер салтанатты түрде және шектеу шаралары күшейтілген қатаң жағдайдағы арнайы бөлмелерде өткізіп отырған. Сол кездің өзінде үміткерлерден бөгде заттардың бар – жоғын тексеріп, емтихан қағазын белгілеп, емтихан алушының емтихан болатын үй-жайларынан, тұрақтарынан шығуына және алғашқы кезең басталғанға дейін үміткерлермен сөйлесуіне тыйым салынған [1].

Еуропадағы жоғары оқу орындарында білім беру процесінде сынақтар енгізіле бастағаннан бастап орта ғасырларда пайда болған университеттердегі ғылыми атақтар мен дәрежелер беру ресми емтихандардың нәтижелеріне сүйенді. XIX ғасырдың аяғында еуропалық жоғары оқу орындарында білімді бақылаудың екі дәстүрі қалыптасты. Біреуінде екі адамнан тұратын комиссияның қатысуымен болатын емтиханның ауызша түрлеріне баса назар аударылса, біреуінде бүкіл курстың білім деңгейін көрсетуді қажет ететін бір-екі салыстырмалы көлемді

сұрақ қойылатын. Дәстүрлі бақылаудың тағы бір түрі әртүрлі тақырыптардан құрастырылған он-он екі қысқа жауапты қажет ететін жазбаша емтихан тапсырмалары ұсынылды [1].

Әртүрлі үлгіде бастау алған тестілеу нұсқалары XIX ғасырда да кең қанат жайып, сынақ кітаптары, оқу материалдары жарыққа шығып, эксперименттер жүргізіле бастады.

Адамның ақыл-ой және физикалық мүмкіндіктерін қандай да бір түрде сандық түрде бағалауға ұмтылу Еуропа құрлығында XIX ғасырдың соңғы қырық жылында – XX ғасырдың алғашқы онжылдығында басталды. Бұл әрекеттер ағылшын психологы және антропологы Фрэнсис Гальтон мен Француз невропатологы, патопсихологы Альфред Биненің есімдерімен тығыз байланысты [2].

Ф.Гальтонның психологиялық зерттеулерінде адам қабілеттерінің дамуындағы генетикалық алғышарттары зерттелді. 1822 жылы Бирмингемде дүниеге келген Фрэнсис Гальтонның балалық шағы ауқатты, ғылымға жақын отбасында өтті. Оның анасы атасы Чарльз Дарвин болған көрнекті ғалым Эразм Дарвиннің қызы болатын. Кэмбридж университетінде (1844) медицинаны, содан кейін математикаға деген қызығушылықтан кейін ол 1860 жылдардың басында адамның физикалық ерекшеліктері мен ақыл-ойының тұқым қуалау қабілеті тақырыбындағы зерттеулермен көбірек айналыса бастайды. Адам баласын қабілетінің сан алуан болып келетіндігі Гальтонды психометрияға, психологиялық және психофизиологиялық зерттеулерге әкеледі. Ол ақыл-ойды өлшеуге арналған алғашқы сынақтарды жасады. Бұл тақырып аясында мағлұмат, түсінік алу үшін жаппай зерттеулердің нәтижелеріне сүйену қажет деп санады. Психофизикалық айырмашылықтарды өлшеу үшін ғалым бірқатар құралдарды ойлап тапты. Ассоциативті және бейнелі жадыны зерттеуді бастай отырып, ол алдымен британдық ғалымдардың үлкен тобына олардың психологиялық типтік ерекшеліктеріне қатысты қызықты ақпараттарды жинап, талдай отырып, ғалымдардың жеке басын ғылыми зерттеу объектісіне айналдырды. Бұл зерттеу еңбегінде ол тестілеу сынақтарының алғашқы бастамасы қабілеттерді диагностикалаудың кейбір әдістерін ұсынады. Ф.Гальтонның өзі жеке айырмашылықтарды зерттеу әдістерін «тест» деп атап, артынша Америка құрлығындағы оның идеяларының ізбасары психолог Дж.Кэттел де солай атауды жөн көреді. Ол физикалық және психикалық тұрғыдағы қасиеттер мен қабілеттерді тексеруге арналған тесттің 50 түрін әзірлейді. 1896 жылы ол колледжде түсушілердің интеллектуалды дайындығын зерттеу үшін тестілеу түрлерін қолданады. Зерттеулерін Колумбия университетінде жұмыс жасаған уақытында жалғастырған Дж. Кэттел зияткерлік қабілеттерді дамытуға бағытталған басқа дағдыларды меңгеріп, АҚШ-тағы тесттердің белсенді насихаттаушысы болды [3].

Тестологияның алғашқы негізін қалағандардың бірі Джеймс Маккин Кэттел 1890 жылы психологиялық әдебиеттерге алғашқылардың бірі болып «ақыл-ой тесті», «интеллектуалды тест» терминдерін енгізді.

А. Анастази Дж. Кэттел мен оның ізбасарлары ежелгі өркениеттерде қолданылған әдістермен салыстырғанда тестілеуді тек сынақ құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ұсынылған талаптарға сай бағалау әдісінің озық методикасы ретінде қарастырды деп көрсетеді [4]:

- барлық сыналушылар үшін шарттардың стандарттылығы (ұқсастығы);
- тестілеу уақытының шектеулі болуы (шамамен бір сағат);
- тестілеу кезінде бөгде жандардың болмауы және басқа да сыртқы кедергілердің орын алмауын қадағалау;
- тест нұсқауларының түсінікті әрі нақты болуы;
- нақты нәтижені саралау үшін тест бойынша статистикалық деректердің болуы (ең жоғары, ең төменгі және орташа көрсеткіштер);
- тесттің өзін сыртқы критерий бойынша тексеру (Кэттел ұсынылған тесттің дәлдігін тексеру қажеттілігін атап өтеді).

Жоғарыдағы критерийлердің енгізілуіне байланысты Дж.Кэттелдің тест теориясының негізін қалаушы ретінде ғылыми ортада танымалдылығы артып, бұл тұжырым бірнеше бағыт бойынша өріс ала бастайды.

Ғылымдағы бағалау құралы ретінде тесттің сапасын тексерудің жоғарыда сипатталған өлшемі, сондай-ақ мұндай тексерудің әдістемесін жасауға тырысу тестілеудің заманауи тұжырымдамасын қалыптастырудың бастамасы болған еді.

А.Н. Майоров және И.А. Цатурова да педагогикада тесттік бақылаудың жүйелі өлшемдерінің басталуын 1894 жылға жатқыза келіп, диагностикалық әдістемелерді зерттеуде емлелік білімді тексеру үшін Дж.Райстың алғашқы *педагогикалық тесті* пайда болған уақытпен байланыстырады. Дж. Райс жеке оқу пәндерін меңгеру деңгейін анықтауға арналған алғашқы тест сынақтарын жасаушылардың бірі болып табылады. Ол 1894-1895 жылдары жазу дағдыларын қалыптастырудағы тиімділікті анықтау мақсатында екі емле тестін дайындап, кейін арифметика тестін ұсынған еді.

Сонымен қатар, А.Анастази алғашқы педагогикалық тест әйгілі американдық психолог Дж. Кеттелдің шәкірті американдық психолог Эдуард Торндайкке (1874-1949) тиесілі екендігін жазады. Оның пікірінше, ол педагогикалық өлшемдердің негізін қалаушы және алғашқы стандартталған тесттер де Э. Торндайкке тиесілі [4].

Э. Торндайктың жетекшілігімен алғашқы стандартталған педагогикалық тест Стоунның арифметикалық есептерді дамытуға арналған тесті жарық көріп, ол алғаш рет арнайы «бағалау өлшемдерімен» нақтыланады. 1909-1914 жылдар аралығында Хиллегас ағылшын тіліндегі эсселерді бағалау шкаласы, Бекингам емле шкаласы, көркем жазуды және емлелік бағалауды жүзеге асыратын Айрес шкаласы мен негізгі төрт арифметикалық амалдарды білуді анықтайтын С.А.Кортис тесттерін ұсынады.

1915 жылы Йеркс өзінің тест сынақтарының сериясын ұсынады, оның басты айырмашылығы – бағалау жүйесінің өзгеруі. А. Бине ұсынған бағалау жүйесінің орнына субъект дұрыс шешілген әрбір тест үшін белгілі ұпай санын алады. Бұл тестті өткізуге және нәтижелерін есептеуге қатысты ыңғайлылықты арттырумен қатар, алынған ұпайлардың саны берілген стандарттар бойынша аударылып, дарындылық деңгейі нықталды [5].

Тесттерді іс жүзінде жаппай қолданудың бастамасы француз дәрігері А.Биненің есімімен байланысты, ол Т. Симонмен бірге «Бине-Симон тесті» (1905) деп аталатын ақыл-ой дамуын өлшеуге арналған жекелеген тапсырмалардан тұратын тест үлгілерін ұсынады. Тест әртүрлі жастағы балаларға арналған тапсырмалардың күрделілігі мен тест нәтижелері арасындағы сәйкестігін мектеп мұғалімдерінің пікірлерін ескере отырып бағалау қажеттігінен туындаған. Әртүрлі зерттеушілер алған нәтижелердің салыстырмалылығына қол жеткізу үшін тест авторлары оны білім алу жүйесіндегі жеке айырмашылықтарды барынша азайтуға арналған стандартты нұсқаулықпен қамтамасыз етіп отырды.

Алайда, А.Биненің сынақтары топтық тестілеуге бейімделмеген, жеке шкалалар болды. Сонымен қатар, Бине шкаласы тестін тек білікті психолог қолдана алатын еді. Осыған байланысты бұл технология ауқымды қолданысқа ие болмады. Кейінірек 1916 жылы Стэнфорд университетінде Л.М.Термина жетекшілігімен тестілеу құралы ретінде жасалған Стэнфорд-Биненің жетілдірілген психикалық даму шкаласымен алмастырылды. Дәл осы нұсқада интеллект коэффициенті (IQ) немесе ақыл-ой жасының хронологиялық қатынасы алғаш рет қолданыла бастады [5].

Батыс мемлекеттеріндегі тестілеу дәуірінің даму тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жаңа арнаға бағыттала бастайды. 1884 жылы Америка Құрама Штаттарында математика, тарих, грамматика, навигация бойынша тесттер және бес балдық шкала бойынша ұпаймен жауаптары бар кітаптар жарық көріп, бұл педагогика саласындағы білім деңгейін анықтауға бағытталған алғашқы бастамалардың бірі болды.

АҚШ білім беру жүйесіндегі тестілеу және тест индустриясының қалыптасуы

Адамдардың үлкен топтарының дайындық деңгейін бағалау үшін жаппай зерттеулерде тестілеуді қолдану үшін жаңаша үлгідегі тесттер қажеттілігі туындады.

А.Анастасидің айтуынша, көп ұзамай мұндай міндет әскерге шақырылушыларды (қосымша күш) аз уақыт ішінде ара жігін айыру үшін, АҚШ-тың бірінші дүниежүзілік соғысқа кіруіне байланысты 1914 жылы Фридерик Дж.Келли С.Артур Отистің зерттеулері негізінде әскери психологтардың ықпалымен топтық интеллектуалды тест (немесе қазір оларды жабық тест деп атайды) құрды, оның басты артықшылығы – дұрыс жауапты таңдау қажеттігі (multiple choice).

Альфа әскері (Army Alpha) және Бета әскері (Beta Alpha) деп аталған алғашқысы сауаттыларға, кейінгісі сауатсыздар үшін 1918 жылы 2 миллион шақырылушыға топтық тестілеу жүргізіледі [7].

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін әскери сынақтар азаматтық мақсатта қолданыла бастады, олар көптеген топтық интеллектуалды тесттердің үлгісі және негізі болды. Тестілеу технологиясы дербес бағытқа айналып, даму жолында үлкен серпілістер байқала бастады.

XX ғасырдың алғашқы жартысында мектептегі білім беру нәтижелерін өлшеуге арналған Э.Л.Торндайктың психологиялық зертханаларында алғашқы стандартталған тесттер пайда бола бастады. Мұндай сынақтардың үлгісі ретінде жоғарыда аталған көркем жазуды және эсселердің сапасын бағалау шкалаларына арналған, арифметикалық амалдарды меңгеруге арналған тестілеу үлгілерін атауға болады.

Біраз уақыттан кейін бұл салада жетістіктер шоғыры пайда бола бастады, оның басталуы 1923 жылы Стэнфордтық тесттер жинағының алғашқы басылымы болды. Оның авторлары сол кездегі тест әзірлеу саласындағы жетекші үш маман: Труман Л. Келли (Truman L.Kelley), Джойлс М.Рач (Giles M.Ruch) және Льюис М.Термен (Lewis M.Terman).

1920 жылға қарай нарықтағы тест индустриясында дұрыс жауапты таңдау арқылы тест форматын қолдана отырып интеллектуалды тесттердің танымалдығы арта бастады. Осы уақытта бастауыш және орта мектеп үшін өз қызметтерін ұсынған АҚШ-тың негізгі тест компаниялары да болды: Колледж Кеңесі (College Board), Хьютон Миффлин компаниясы (Houghton Mifflin), Психологиялық корпорация (PsychCorp), Калифорния тест бюросы (California Test Bureau) және Дүниежүзілік кітап (World book) компаниясы [8].

Эссе түріндегі алғашқы колледжге түсу емтихандарын 1902 жылы колледж кеңесі ұйымдастырады. Алайда 1920 жылдардың басында дұрыс жауап таңдаумен интеллектуалды тестілерді кеңінен жариялағаннан кейін осындай үлгідегі сынақ үлгілерін дайындауды колледж Кеңесі үміткерлерді қабылдау кезінде қолдану мүмкіндігін анықтау мақсатында сарапшылар комитетін құрды. Сарапшылар комитетінің жұмысының нәтижесі 1926 жылы 8000 үміткерге арналған жабық типтегі тест форматында әзірленген жаңа SAT (Scholastic Aptitude Test) – академиялық қабілеттілік тестін құру болды.

1940 жылдардың басында эссе түріндегі емтихандар толығымен жойылды, өйткені SAT зерттеулер эссе түріндегі емтихан сияқты мектеп оқушыларының білім деңгейін анықтай алатынын дәлелдеді.

1947 жылы колледжге түсу емтихандары Кеңесі (College Entrance Examination Board – CEEB), Карнеги Қоры және американдық Білім Кеңесі (American Council of Education) арасында бөлінген тестілеу функциялары уақыт өте келе барлық бағдарламалар үшін жауапкершілікті өз мойнына алған жаңадан құрылған тестілеу қызметіне (Educational Testing Service – ETS) берілді. Бұл университеттерге, қоғамдық колледждерге және үкіметтік ұйымдарға арналған тестілеу еді [9].



Білім беруде ірі реформаларды жүргізу, атап айтқанда, 80-ші жылдардың аяғында әр штатта жаңа білім беру стандарттарын қабылдау, ұлттық білім беру мақсаттарына сәйкес келетін жаңа тест сынақтарының пайда болуына ықпал етті.

Educational testing service

Компьютерлік технологияның пайда болуы да тестілеуді басқарудың және тест ұпайларын есептеудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынды және соңғы жиырма жыл ішінде тест индустриясының дамуына да әсер етпей қоймады.

80-ші жылдардың басынан бастап компьютерлер деректерді талдауды және сынақ ұпайларын есептеуді жүзеге асыратын техникалық жабдықтың бір бөлігінен тест үлгілерін әзірлеу және басқару процесінің ажырамас бөлігіне айнала бастады. Компьютерлік технологиялар тестілеу кезінде екі нұсқада қолданыла бастады.

Бірінші нұсқа – компьютерлік тестілеу (computer-based testing CBT), студенттер сұрақтарға жауап бергенде, қарындашпен қаламның орнына компьютерді пайдаланады.

Екінші нұсқа – компьютерге бейімделген тестілеу (computer-adaptive testing CAT), ол тестті тестіленушінің қабілетіне немесе білім деңгейіне бейімдеу арқылы компьютерлік технологияның артықшылықтарын пайдаланады.

Қазіргі уақытта АҚШ-тағы оқу жетістіктерінің барлық дерлік сынақтары (SAT, GRE, GMAT, TOEFL, ACT және басқалары) тестілеу аяқталғаннан кейін бірден нәтиже беретін компьютерлерде ғана тапсырылады, тек эссе бағасы кейінірек қойылады [10].

Жоғарыда ұсынылған деректердегідей тесттік бағалау жүйесінің әртүрлі салаларда пайда болуына байланысты «тестология» термині пайда болды. Тестология – тесттерді зерттеумен айналысатын икемділікті, дағдыны, біліктілікті бақылау, бағалау мақсатында тесттің сұрақтарын өңдеуді қажет ететін психология, әлеуметтану, педагогика және сол сияқты ғылымдардың тарапынан пайда болған деп айтуға толық негіз бар.

Тестология XX ғасырдың алғашқы жартысында педагогикалық бағыт бойынша да дами бастады. Ой-өрістің даму деңгейін анықтау бойынша американдық В. А. Макколл тесттерді педагогикалық тест (Educational TEST) және психологиялық тест (Intelligence Test) деп екіге бөліп қарастырады. Педагогикалық тесттің негізгі қызметі – белгілі бір уақытта оқытылған пәндер бойынша білімді тексеру, сонымен қатар оқытушының білім беру технологиясы мен әдістерін тексерді. Сондай-ақ Макколл педагогикалық тесттерді қолдану мақсатын бірдей көлемдегі материалды бірдей жылдамдықпен меңгеретін оқушылар тобына біріктіруді ұсынды [11].

Ресейдегі білім беру жүйесіндегі тест индустриясының қалыптасуы

Ресейде XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында білімді бақылаудың тесттік нысандары пайдаланылмады және зерттелмеді. Кеңес Одағының құрылуы тұсында «Вальдорф мектебі», «Монтессори мектебі», «Дальтон жоспары» және тестілеу жүйесі сияқты педагогика саласында жаңаша оқу жетістіктерін бағалайтын үлгілер бағыт алды. 1926 жылы орта мектептерге арналған тестілеу жүйесі құрылып, сынақтан өткізілді. Ал 1933 жылы Кеңес мемлекетінің тарихында бі-

рінші рет барлық мектеп оқушыларының деңгейін анықтау үшін сынақтан өту туралы шешім қабылданды. 1930 жылдары Кеңестер Одағында алғашқы сынақ тесттер жүргізіле бастады. Бұл салада М. Я. Басов, М.С.Бернштейн, П.П. Блонский, А. П. Болтунов т.б. ғалымдар жұмыс істеді. 1936 жылы тест «буржуазиялық қалдықтар» деп аталып, педагог-ғалымдардың тестілеу жүйесімен айналысуына қатаң тыйым салынды. М. Я. Басов, М.С. Бернштейн, П.П. Блонский, А. П. Болтунов, С.М. Василевский, Г. И. Челпанова сияқты атақты ғалымдар қудалауға ұшырап, 1937 жылы 300-ге жуық педагог-ғалымдар репрессия құрбаны болды. Тек 1978 жылы ғана кеңес ғалымы В.С. Аванесев «Психологиялық тесттердің мәселелері» деген еңбегін жазды [12].

Тестілеудің іргетасын құруға тағы бір елеулі үлес ХХ ғасырдың соңғы онжылдығына тұспа-тұс келеді. Осы кезеңде Ресейде теориялық және ғылыми-практикалық қойма біртіндеп жинақтала бастап, онда қазіргі заманғы тест теориясы (IRT) ең маңызды орын ала бастайды. Ресейдегі осы кезеңдегі маңызды теориялық жұмыстарға ең алдымен В.С.Аванесов, В. А. Болотов, В. И. Васильев, Н. Ф. Ефремова, С. Ковалева, Макарованың еңбектері жатады.

Қазақстандағы тестілеудің ұйымдастырылуы

Қазақстанда тест технологиялары өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басынан бастап дами бастады. 1992 жылы Республикалық тестілеу орталығы құрылып, оның басты міндеті жоғары оқу орындарының студенттерін іріктеу жүйесіне тестілеуді енгізу болды [14].

1993 жылы еліміздің жекелеген жоғары оқу орындарында түсу емтихандары тестілеу негізінде өткізіле бастады. Қабылдау емтихандарында тестілік технологияларды кеңінен қолдану 1994 жылы басталды. Сынақтар мектеп бағдарламасының жеті пәні бойынша, әр пән бойынша жиырма тест тапсырмасы бар кешенді тестілеу түрінде өткізілді. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің алқасы «Студенттерді аттестаттаудың тесттік нысандарын енгізу туралы» №212 шешім қабылдап, оның нәтижесі көптеген жоғары оқу орындарында тестілеуді ағымдағы бақылау ретінде пайдалану көзделді. 2004 жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, атап айтқанда мемлекеттік бақылау туралы 35-бапқа Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілді [13].

ҰБТ енгізу мектеп түлектерін қорытынды аттестаттауды жоғары оқу орындарына түсу емтихандарымен біріктіріп қана қоймай, орта білім беру жүйесінің жұмыс істеу сапасына тәуелсіз сыртқы бақылауды енгізуге мүмкіндік берді.

ҰБТ енгізудің негізгі себептері:

- орта білім беру жүйесінің жұмыс істеу сапасына тәуелсіз сыртқы бақылаудың болмауы;
- мектеп бітіру емтихандары шеңберінде оқу нәтижелерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мүмкін еместігі;
- мектеп түлектерінің біліміне бірыңғай талаптардың болмауы;
- оқушылардың оқу нәтижелілігін өлшеу үшін әртүрлі тәсілдер мен критерийлерді қолдану [15].

Мемлекеттік деңгейдегі қоғамдық-әлеуметтік мәні бар ұлттық тестілеудің білім сапасын анықтаумен қатар, оқу жетістіктерін бағалауда әлемдік білім беру жүйесінің ажырамас бір бөлігі ретінде даму үстінде. Қазіргі уақытта тестілеу түрлерін қолдану шеңбері еліміздегі көптеген салаларда белең алып, техникалық жағынан уақытты үнемдеумен қатар, мамандардың біліктілігін анықтауда да тиімді әдістердің бірі болып отыр.

Жоғарыдағы берілген тестілеу тарихына шолу жасай отырып, тестілеуді білімді тексерудің құралы ғана емес, оқушы бойына өзге де құндылықтарды сіңіруде ауқымды ақпараттарды оқушыға ұсынуда тестілеудің жаңа үлгілерін отандық әдіснама қорына ұсынуды қажет ететін секілді. Алдағы зерттеулерімізде де осы тұрғыдан қарастырып, тестілеудің білімді игертумен қатар, күрделі мағлұматтар мен ауқымды ақпараттарды берудегі оңтайлы әдістеріне талдау, зерттеу жұмыстарын ұсыну басты назарда.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы білім беру жүйесін жандандырудың бірден-бір жолы – тестілеудің бейімдік жүйесін ұйымдастыру болып табылады. Яғни тестілеу білім беру үрдісінде білімді меңгеру нәтижесін бақылаудың тиімді құралы екені күмәнсіз.

Тестілеу – заманауи білім беру үдерісінің ажырамас құрамдас бөлігі. Сандық немесе сапалық өлшеу (тестілеу) оқушының материалды қаншалықты жақсы меңгергенін, оқу бағдарламасы уақыт шарттарына сәйкес келе ме, қызметкер өз лауазымына лайық екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Тестілеуді білімді тексерудің әмбебап әдісі деп атауға болмайды, өйткені бұл әдісті қолдана отырып компас пен сызғышты, картаны қолдана білуді, өлеңдерді мәнерлеп оқу, химиялық реакциялар жүргізу сияқты дағдыларды тексеру мүмкін емес. Тесттік бақылау кезінде, әдетте, теориялық білім көп дәрежеде бағаланады. Ал, студенттер мен оқушылардың практикалық мәселелерді шешудегі кей дағдылары бағаланбай қалуы мүмкін.

Тестілеу дәстүрлі бақылау әдістерін алмастырмауы керек, ол педагогиканың білімді бағалаудағы тиімді, ұтымды әдісі ретінде уақытты үнемдей отырып тестілеушілердің біліміне анализ жасауда қолданылуы қажет.

Әдебиеттер

1. *Бөкешов С.*, Тестілеу қалай пайда болды. Г.: Ана тілі газеті, №21 (1122), 2012. – 18 б. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/9410>
2. <https://ik-ptz.ru/dictations-on-the-russian-language--class-2/makkin-kettell-frensis-galton-alfred-bine-i-psihomeicheskaaya.html>, Первые интеллектуальные тесты
3. *Кандневский В.М., Лемми В.В.* Ф.Гальтон – учёный-энциклопедист, один из создателей научного метода тестов, Педагогика, – 9-12 с.
4. *Балуян С.Р.* Исследования в области истории тестологии. Известия ТРТУ –С. 76-78.
5. *Маутканов Г.* Еще раз о тестах и тестировании: откуда, как и куда?. 2005 №1-2. С.: Республиканский научно-методический журнал, Заместитель директора школы. –С. 26-29.
6. Тестирование интеллекта во время Первой мировой войны. <https://aboutyourself.ru/kogn-psi/istoriya-iq-testirovaniya.html>
7. *Сухорукова Н.В.* Тестирование: вчера, сегодня, завтра. Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). 2011.10 (112). – С. 48-51.
8. *Савельева Т.Н.* Откуда родом тесты /Т.Н. Савельева, И.В.Родионова//Пралеска часоп. 2009, №3. – С. 17-20.
9. *Кандневский В.М.* Генезис тестирования в истории отечественного образования: – Омск, 2007. – 369 с.
10. *Шерматов Д.С.* История развития и становление теории тестов. Национальная ассоциация ученых. №7, 2021. – С. 30-34.
11. *Поляков О.Г.* Тестирование по английскому языку как иностранному: моногр. – Тамбов, 1999. – 113 с.
12. *Ткачева Н. М.* Реализация педагогической модели тестирования компетенций школьника в процессе контроля и оценки результатов обучения, дисс. Воронежский государственный педагогический университет.
13. *Султашева З.Ш.* Тестті пайдаланудың тиімділігі. – М.: Елорда ғылыми хабаршысы, 2014. – 63-65 бб.
14. *Бисенгазиева Қ.* Тестілеу – оқушылардың білім, білік дағдысын бақылаудың бір түрі, 2012. – 15-16 бб.
15. *Мустафина Г. К.* Тестирование как эффективное средство контроля знаний будущих учителей английского языка, Д: Астана, 2009.
16. https://wiki5.ru/wiki/Educational_Testing_Service

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУІН ДАМЫТУДА ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Андатпа. Бұл мақала жоғары сынып оқушыларының ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын қалыптастыру үдерісінде әлеуметтік-лингвистикалық факторларды зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты – жоғары сынып оқушыларының ағылшын тілі сабақтарында әлеуметтік-лингвистикалық факторларды тиімділігін теориялық негіздеу. Мақалада тәжірибелік-эксперименттік жұмыс, атап айтқанда оның мақсаты, міндеттері, кезеңдері, шарттары, мазмұны, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруды оқыту әдістемесі сипатталған.

Кілт сөздер: Ағылшын тілі, сөйлеу дағдысы, әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік, әлеуметтік-лингвистикалық факторлар.

Аннотация. Данная статья посвящена изучению социолингвистических факторов в процессе формирования навыков говорения на английском языке у старшеклассников. Цель исследования – теоретическое обоснование эффективности социолингвистических факторов на занятиях английским языком старшеклассников. В статье описывается практическо-экспериментальная работа, в частности, ее цель, задачи, этапы, условия, содержание, методика обучения формированию социокультурной компетентности старшеклассников.

Ключевые слова: Английский язык, разговорные навыки, социолингвистическая компетентность, социолингвистические факторы.

Annotation. This article is devoted to the study of sociolinguistic factors in the process of forming English speaking skills among high school students. The purpose of the study is a theoretical substantiation of the effectiveness of sociolinguistic factors in English classes for high school students. The article describes practical and experimental work, in particular, its purpose, tasks, stages, conditions, content, teaching methods for the formation of socio-cultural competence of high school students.

Keywords: English, speaking skills, sociolinguistic competence, sociolinguistic factors.

Жаһандану кезеңінде шет тілін меңгеру қазіргі әлемге кірігудің қажеттілігіне айналып отыр. Дүние жүзіндегі адамдардың мобильділігінің жоғары деңгейі мәдениетаралық өзара әрекеттесуге әкеледі. Дегенмен, тіл үйрену көптеген аспектілерді қамтиды, олардың бірі – әлеуметтік-лингвистикалық. Ана тілінде сөйлейтіндермен тікелей қарым-қатынас жасау тек шет тілінің грамматикасы мен фонетикасы мәселелерінде ғана емес, сонымен қатар шетел мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары саласында да құзыретті талап етеді [1].

Тілдерді оқу мен оқытуға әртүрлі әлеуметтік факторлар әсер етеді. Бұл зерттеу жұмысы әлеуметтік лингвистика мен тілді қолдану арасындағы байланысты қарастырады. Шет тілі сабағында мұғалімдер көбінесе әлеуметтік лингвистикалық аспектілерді елемейді және негізінен оқу жоспарында қарастырылған мазмұнды оқытуға назар аударады. Сондықтан мұғалім шет тілі оқушыларының белсенділігін әлеуметтік жағдаймен байланыстыру керек.

Әлеуметтік лингвистика ХХ ғасырда дамыған ерекше зерттеу саласы болып табылады және «әлеуметтік лингвистика» терминін тіл білімінде алғаш рет Евгений Нида Морфологияның екінші басылымында қолданған. Көптеген лингвистер мен педагогтар әлеуметтік лингвистика прагматика мен контекстік жағдайды сипаттайтын лингвистикалық саланың маңызды бөлігі болып табылады деп дәлелдеді. Мириам Мейерхофф былай анықтайды: «*Әлеуметтік лингвистика өте кең сала және тілді үйренудің көптеген әртүрлі тәсілдерін сипаттау үшін пайдаланылуы мүмкін*» [2].

Әлеуметтік-лингвистика саласы негізінен прагматиканы зерттеуге бағытталған. Холмс әлеуметтік-лингвистиканы «тіл мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты» зерттеу деп анықтайды. Бұл тіл мен әлеуметтануды зерттеу арқылы мәдениетпен тығыз байланысты пәнаралық зерттеу саласы. Әлеуметтік лингвистика – кең ауқымды зерттеу саласы, сондықтан әлеуметтік лингвистиканың не екенін білу маңызды. Әлеуметтік лингвистикаға түсінігі мен зерттеулеріне қарай анықтама берген бірқатар лингвистер бар: Спольский бойынша «*әлеуметтік лингвистика – тіл мен қоғам арасындағы байланысты, лингвистикалық вариацияны және тілге деген қатынасты зерттейді*» [3], Хадсон «*тіл мен тап, жас, жыныс және этникалық сияқты әлеуметтік факторлар арасындағы қарым-қатынасты зерттеу*» және Белл «*тіл мен мәдениеттің байланысын және тілдің әртүрлі әлеуметтік контексттерде қалай қолданылатынын зерттейтін антропологиялық лингвистиканың бөлімі*» [4].

Питер Трудгилл әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер тілді оның әлеуметтік контекстінде зерттей отырып, адам тілінің табиғатын жақсырақ түсінуге көмектесетінін атап өтті [5]. Сондай-ақ тіл мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың табиғатын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Одан әрі ол әлеуметтік лингвистикаға былайша анықтама береді: «*Әлеуметтік лингвистика – бұл тілді әлеуметтік және мәдени құбылыс ретінде қарастыратын тіл білімінің бір бөлігі. Ол тіл және қоғам саласын зерттейді және қоғамдық ғылымдармен, әсіресе антропология, адам географиясы, әлеуметтану және әлеуметтік психологиямен тығыз байланыста болады*». Бұл сондай-ақ гипотезаны қалыптастыру, қорытынды жасау және статистикалық тестілеу сияқты ғылыми әдістерді ең көп қабылдайтын салалар. Әлеуметтанушы мамандардың жоғарыдағы анықтамалары әлеуметтік лингвистиканың адам қоғамы көптеген өзара байланысты заңдылықтар мен мінез-құлықтардан тұратынын ұсынатын зерттеу саласы ретінде белгілі екенін көрсетеді.

Әлеуметтік лингвистика тілді оқыту мен зерттеуде таптырмас зерттеу саласына айналып, тілдің қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, әлеуметтік бірегейлікті жасаушы ретіндегі рөлін әркім біледі. Әлеуметтік лингвистика мұғалімдер үшін қызықты тіл саласы болып табылады, өйткені ол тілдің нақты әлемде қалай қолданылатынын мен қалай ойлалатынын қарастырады. Сондықтан, ағылшын тілін оқыту кезінде баланың бар мәдениетіне және ағылшын мәдениетіне қатысты сыныптық саралаудың кез келген төзбеушілік көріністерін елемей өте маңызды.

Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілік деңгейін бағалау үшін әзірленген критерийлер мен көрсеткіштер жүйесіне сәйкес диагностика жүргізілді, оның негізінде әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілік деңгейлері анықталды. Критерийлерге мыналар жатады: когнитивтік, мотивациялық, операциялық-белсенділік, аксиологиялық. Бұл критерийлер 1-кестеде көрсетілген көрсеткіштер арқылы анықталады.

1-кесте – Әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілік критерийлері мен көрсеткіштері

Мотивациялық	мотивацияның түрі
Когнитивтік	ресми және бейресми жазу стилінің айырмашылығын білу; идиомаларды білу; әдебиет, ағылшын тілінде сөйлейтін авторлар және ағылшын тілді елдердің мәдениеті туралы жалпы білім.
Операциялық қызмет	ресми және бейресми хаттарды жаза білу; қарым-қатынас жағдайында сөз тіркестері мен идиомаларды қолдана білу; зерттелетін тіл елдерінің төл мәдениеті мен мәдениетінің фактілерін салыстыруға негізделген аймақтану дағдылары
Аксиологиялық	әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыру процесіне қатынасы

Таңдалған критерийлер мен көрсеткіштерді ескере отырып, біз әлеуметтік лингвистикалық құзыреттің үш деңгейін ажыратамыз: төмен, орташа және жоғары.

Шет тілі пәнін тереңдетіп оқытудың мүмкін болатын әлеуметтік лингвистикалық факторларды анықтау мақсатында 15 оқушы арасында диагностика жүргізілді.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды.

1. Мотивациялық критерийді талдау үшін: оқу мотивациясының бағытын диагностикалау әдісі Т.Д. Дубровицкая (1-диаграмма).


2. Оқулық негізіндегі когнитивтік компонентті талдау үшін Action 10 Student»s book for Kazakhstan кітабында тест әзірленді (2-диаграмма).

3. Операциялық-белсенділік компоненті Action 10 Student»s book for Kazakhstan негізінде әзірленген 10 практикалық тапсырманы қолдану арқылы бағаланды: ресми және бейресми хат жазу, кемінде 2 идиоманы және кем дегенде 5 этикеттік фразаны немесе жиынтық өрнектерді пайдаланып диалогты сахналау (3-диаграмма).


4. Аксиологиялық компонент «Оқытылатын тіл елінің мәдениетін зерттемейінше шет тілін білу мүмкін емес» тақырыбында ағылшын тілінде эссе жазу арқылы бағаланды (4-диаграмма).




1-диаграмма – Мотивациялық компонент деңгейлері



2-диаграмма – Когнитивтік компонент деңгейлері



3-диаграмма – Операциялық-белсенділік деңгейлері



4-диаграмма – Аксиологиялық компонент деңгейлері

Қорытынды

Мотивациялық компонентті талдау кезінде оқушылардың 20% мотивация деңгейі төмен екені анықталды. Басқа құрамдастардың ешқайсысында деңгейі төмен оқушылардың мұндай жоғары пайызы жоқ. Бұл факт сабақтар кешенін құрастырған кезде мотивациялық компонентке ерекше назар аудару керектігін көрсетеді.

Когнитивтік компонент аясында ең төменгі көрсеткіштер Идиомалар және Әдебиет бөлімдерінде белгіленді. Басқа тақырыптар бойынша білім орташа және жоғары деңгейде игеріледі.

Операциялық-әрекеттік компонент аясында қарым-қатынас жағдайында этикеттік өрнектер мен идиомаларды қолдана білу ең төменгі деңгейді көрсетті. Бұл диагностикада қарастырылғандардың барлығының төмен деңгейіндегі жалғыз көрсеткіш. Ресми және бейресми хаттарды жазу дағдысы орта деңгейде игеріледі.

Аксиологиялық компоненттің бір бөлігі ретінде, жалпы алғанда, оқушылар ана тілінде сөйлейтіндердің мәдени ерекшеліктерін білмейінше тілді үйрену мүмкін емес екендігімен келісетінін атап өту орынды, бірақ эссе жазу кезінде көптеген студенттер нақты мысалдар, өрнектер, идиомалар бере алмайды, бұл операциялық компонентпен жұмыс істеу қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен, бұл мақалада әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілікті мотивациялық, когнитивтік, операциялық, белсенділік және аксиологиялық компоненттері диагностикаланады. Зерттеу нәтижелері бойынша мотивациялық, операциялық-белсенділік және аксиологиялық компоненттер орташа деңгейде, когнитивтік компонент жоғары деңгейде қалыптасатыны анықталды.

Әдебиеттер

1. Abasilov A. Қазақстандағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер: ізденістер мен жаңа мүмкіндіктер, проблемалар. Исследования по социальной лингвистике в Казахстане: поиски и перспективы, новые проблемы //Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2015. – Т. 149. – №. 3.
2. Горина Н.С. К вопросу о сущности социолингвистической компетенции // Теория и практика общественного развития. – 2012, № 2. С. 157-159.
3. Meyerhoff M. et al. Sociolinguistic fieldwork. – 2011.
4. Erkinovna T. M., Aleksandrovna F. L. ЯЗЫК И ОБЩЕСТВО. СОЦИОЛИНГВИСТИКА // Zbiór artykułów naukowych recenzowanych. – С. 27.
5. Бобрикова О.С., Иванова В.И. Социолингвистическая компетенция переводчика: сущность и компонентный состав//Вестник Брянского госуниверситета. –2016, №1.С.212-16.

Э.А.ИБРАГИМОВА

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
гуманитарлық ғылымдар магистрі*

Ж.Н.СУЛЕЙМЕНОВА

педагогика ғылымдарының докторы,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ФИЛОЛОГ МАМАННЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Университет студенттері зерттеумен не үшін айналысады? Зерттеуде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриат студенттерінің ғылыми-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру үдерісін теориялық тұрғыдан зерттеу нәтижелері берілген. Мақалада авторлар «зерттеушілік қызмет», «құзыреттілік», «зерттеушілік қабілет», «зерттеушілік әңгіме», «әдіс»

ұғымдарын қарастырып, білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдарына тоқталған. Сонымен қатар, мақалада университетте білім беру процесінде студенттердің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етуге қажетті іс әрекеттерге сипаттама берілген. Мақаланың авторлары ЖОО-да зерттеумен айналысу мүмкіндіктерін айқындап, білім алушылардың зерттеушілік қабілетінің деңгейін ажыратып, ғылыми-зерттеу нәтижесі, зерттеу тиімділігі мен әсерінің мағынасын түсіндірген. Мақала авторлары зерттеу әрекетінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру, анықтау және жетілдіру тәрізді өзекті мәселелерге теориялық талдау жүргізген. Зерттеу жұмысын жүргізуде филолог мамандар мен білім алушыларға арналған қолайлы жағдайлар, зерттеушілік қабілетті жетілдіру жолдары жөнінде айтылған. Мақалада «Конструктивті оқыту әдістемесі» пәнінің практикалық сабағында сыни ойлау модулі тақырыбы бойынша қолданылған «зерттеушілік әңгіме» стратегиясы, «миға шабуыл», «контур ағашы» әдістерінің зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру мен студенттердің зерттеушілік дағдысын жетілдірудегі маңызы айқындалған. Практикалық сабақ барысында қолданылған топтық/жұптық жұмыс тапсырмасы мысалдары беріліп, сабақ нәтижесіне рефлексия жасалған.

Тірек сөздер: филолог маман, зерттеушілік қызмет, құзыреттілік, зерттеушілік қабілет, зерттеушілік әңгіме, әдіс.

Аннотация. Для чего студенты университета занимаются исследованиями? Представлены результаты теоретического изучения процесса формирования научно-исследовательской компетенции студентов бакалавриата по специальности «казахский язык и литература». В статье авторы рассмотрели понятия «исследовательская деятельность», «компетентность», «исследовательские способности», «исследовательская беседа», «метод» и остановились на эффективных путях формирования исследовательской компетентности обучающихся. Кроме того, в статье дана характеристика действий, необходимых для обеспечения формирования научно-исследовательской компетентности студентов в процессе обучения в вузе. Авторы статьи определили возможности занятия исследованиями в вузе, выделили уровень исследовательских способностей обучающихся, объяснили значение результатов исследований, эффективности и влияния исследований. В исследовательской работе проведен теоретический анализ таких актуальных проблем, как формирование, выявление и совершенствование исследовательской компетентности студентов в исследовательской деятельности. В университете озвучены благоприятные условия для проведения исследовательской работы преподавателей и обучающихся, пути повышения исследовательской деятельности. В статье определено значение стратегии «исследовательская беседа», «мозговой штурм», «контурное дерево», использованных на практическом занятии дисциплины «Методика конструктивного обучения» по теме модуля критического мышления, в формировании исследовательской компетентности и совершенствовании исследовательских навыков студентов. Групповые/парные работы, использованные в ходе практического занятия, представлены на примере заданий и отражены результаты урока.

Ключевые слова: филолог, исследовательская деятельность, компетентность, исследовательские способности, исследовательская беседа, метод.

Abstract. Why do university students do research? The results of a theoretical study of formation of students» research competence on the specialty «Kazakh language and literature» is presented. In the article, the authors examined the concepts «research activity», «competence», «research ability», «research conversation», «method» and focused on effective ways developing the students» research competence. In addition, the article gives a description of the actions necessary to ensure the students' research competence formation at the university. The authors identified the possibilities of conducting research, students» research ability level, explained the significance of research results,

the effectiveness, impact of research. A theoretical analysis of relevant problems as formation, identification, improvement of students» research competence in research activities was carried out in the research. The university announced favorable conditions for conducting research work of teachers and students, ways to improve research activities. The article defines the significance of the strategies «research conversation», «brainstorming», «outline tree»« used during the practical lesson of the discipline «Constructive learning methods» on the critical thinking module topic, in research competence formation and improving students' research skills. Group / pair work used during the practical lesson is presented on the example of tasks and the lesson results are reflected.

Keywords: philologist, research activity, competence, research ability, research conversation, method.

Қоғамдық өмірде болып жатқан қазіргі заманғы өзгерістер білім берудің жаңа тәсілдерін, жеке тұлғаның дамуымен айналысатын педагогикалық технологияларды, шығармашылық бастаманы, ақпараттық кеңістікте өз бетінше қозғалу дағдысын дамытуды, білім алушының өмірінде туындайтын проблемаларды шешуде, күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешу үшін міндеттер қоюды және қиындықтарды шешу үшін әмбебап дағдысын қалыптастыруды, өзін-өзі дамытуды талап етеді.

Бұл принципті іске асырудың бірден бір әдісі студенттердің шығармашылық, зерттеушілік және ізденушілік қызметін ұйымдастыру болуы мүмкін, оның негізінде танымдық дағдыларды, ақпаратты өз бетінше алу, ақпараттық кеңістікте шарлау және өз білімдерін құру, мәселеге үңілу, тұжырымдау және шешу, субъективті шешім қабылдау мүмкіндігі жатыр.

Зерттеушілік қызмет студенттердің шығармашылық, зерттеу мәселелерін алдын ала өздеріне белгісіз жолмен шешумен байланысты және негізгі кезеңдерді қамтитынын болжайтын қызмет. Аталмыш қызмет проблеманы қою, осы мәселеге арналған теорияны зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау және оларды практикалық тұрғыдан игеру, тақырыпқа сай материалдарды жинау, оны талдау және жалпылау, ғылыми түсініктеме беру, өзіндік тұжырымдар жасау секілді кезеңдерден тұрады.

Зерттеушілік қызметті оқу процесіне енгізу шығармашылық әлеует пен табиғи қабілеттердің дамуына әкеледі; әр студенттің әмбебап дағдылары мен дағдыларын игеруіне жағдай жасайды; тиімді жағдайлар жасайды; білім алушыларды қызметтің әртүрлі салаларында проблемалық жағдайлардың болуымен сипатталатын қазіргі әлемде өмір сүруге дайындайды.

Студенттер білім алуда негізгі буын болып табылады [1, 92], сондықтан қазіргі педагогиканың өзекті міндеті-тұлғаның үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге дайындығын дамыту, бұл оның ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің белгілі бір деңгейге жетуін білдіреді.

Бакалавриат студенттерінің ғылыми-зерттеу құзыреттілігі олардың оқу ғылыми-зерттеу қызметі барысында қалыптасады.

Ғылыми-зерттеу қызметі жаңа, ғылыми негізделген білім алуға бағытталған адамның нақты қызметі мағынасымен түсіндіріледі [1, 96].

Студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру, ең алдымен, зерттеу қызметінің дағдыларын игерумен байланысты, оның негізінде белсенділік идеясы жатыр [2, 304].

Көрнекті педагог ғалымдар ««Өзін-өзі тәрбиелеу» және «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, бірін бірі толықтыратын компоненттер және бірыңғай жүйе» деген пікір айтады (П.Ф.Каптерев, Я.Л. Коменский, А.Н. Острогорский, И.Г.Песталоцци, В.В.Розанов, Ж.-Ж. Руссо, К.Д. Ушинский және басқалар) [2].

Білім беру процесінде студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін университетте ең алдымен тиімді педагогикалық жағдай жасалу керек.

Университеттің білім беру процесінде студенттердің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін төмендегі іс әрекеттерді орындау қажет:

Зерттеумен айналысуда педагогикалық қолдау көрсету;

Білім алушының зерттеушілік білімі мен дағдыларын анықтау;

Сабақтар жоспарына зерттеу және жобалау жұмыс түрлерін енгізу;

Жеке тұлғаны дамытатын оқыту технологиялары арқылы студенттердің жеке әлеуетін іске асыру және байыту [2, 305].

Университеттерде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу формалары шектеулі, бар әдебиеттерді қарастыру және зерттеулерді жазу зерттеу жұмысымен айналысудың негізгі нысаны болып табылады және практикалық зерттеулерге арналған өтінімдер мен ғылыми зерттеу бағдарламалар саны аз.

Университет студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысын жазған кезде қолданатын негізгі әдісі кітапханалық әдебиеттер мен электронды ресурстарға сілтеме жасау болып табылады, бірақ кейбір мектептер үшін кітапханалық және цифрлық ақпараттың құрылымы студенттердің талаптарын толық қанағаттандырмайды [3, 58].

Университетте білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу формасы шектеулі деген пікірмен келіспеймін, өйткені университетте зерттеу жұмысымен айналысуға шектеу жоқ. Практикалық зерттеулерге қатысу өтінімінің аздығын білім алушылардың зерттеушілік қабілетінің төмендігімен байланыстыруға болады. Кітапханалық және цифрлық ақпараттың құрылымы студенттердің талаптарын қанағаттандыра алмауын зерттеу жүргізген кезде туындаған мәселелермен байланыстыруға болады, қажетті әдебиеттер мен ресурстарға қолжетімділіктің болмауынан қиындықтар мен кедергілер туындайды.

Ғылыми-зерттеу қабілеті де, оқыту қабілеті де зерттеу университеттеріндегі мұғалімдер жұмысының негізгі сапасына қойылатын талаптар. Олардың ішінде оқытуда мұғалімдердің негізгі білімді пайдалана білу қабілетін көрсету бар. Ғылыми зерттеу қабілеті – бұл шекаралық білім туралы зерттеулер және зерттеу университеттерінде ғылыми зерттеушілік қабілет маңызды рөл атқарады. Өртүрлі көзқарастағы ғалымдар зерттеушілік қабілетті зерттеудің негізі және мазмұны, зерттеу қабілетінің құндылығы мен рөлі деп талдаған [4].

Марапаттар мен жүлделерге көбірек назар аударылады, ал іргелі зерттеулерге аз көңіл бөлінеді.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша отандық негізгі зерттеулер негізінен «нәтижелер» көзқарасына негізделген. Сун Хайхуа мен Цю Ён ғылыми зерттеулердің өнімділігі негізінен ғылыми зерттеу нәтижесі, ғылыми зерттеу тиімділігі және ғылыми зерттеу әсері секілді үш аспектіден тұрады және бағалау негізінен академиялық мақалаларға, кітаптарға, марапаттарға, алынған патенттерге және басқа да ғылыми зерттеу нәтижелеріне бағытталған деп есептейді [5, 3611].

Ғылыми зерттеу нәтижесі болу үшін көп жұмыс жасау керек, ғылыми зерттеу тиімді болу үшін өндіріске енгізу керек деп ойлаймын, өйткені өндірісте тәжірибеден өткен кезде ғана зерттеудің тиімділігі, тиімсіздігі байқалады.

Университет саланың жалпы дамуына ықпал ете алады. Дегенмен, көптеген мұғалімдер өз жұмысының көптігіне назар аударады және зерттеу жұмыстарының сапасына мән бермейді, қысқа мерзімді нәтижелері бар теориялық зерттеулерге үлкен мән береді және ұзақ мерзімді энергияны қажет ететін іргелі зерттеулерден бас тартады. Екінші жағынан, зерттеу өзегі озық технологиялық зерттеулерде қалады және бірқатар нәтижелерге қол жеткізеді, бірақ олардың көпшілігі әлемнің ықпалына ие бола алмайды [6, 531].

Университетте оқытушылардың қызметтік міндеттемесінде жұмыс санының көп болуына байланысты зерттеу жұмысын жүргізуге уақыты жеткіліксіз, сондықтан да ұзақ мерзімді зерттеу жұмыстарын жүзеге асыра алмайды.

Университет прометейлерге идиографиялық және қолайлы жағдай жасайтын ұйым. Бұл жер тек кітап материалдары мен зертханаларды ғана емес, сонымен қатар тыныштық, кадр-

қасиет, еркіндік, жоғары деңгейдегі қоғамдық іс-шаралар, академиялық қарым-қатынас және әртүрлі өмірді қамтиды.

Қазіргі таңда университетте зерттеумен айналысудың артықшылықтары бар. Зерттеу барысында жас ұстаздар сенімділікті дамытып, талпыныс жасауы тиіс, сәтсіздіктен қорықпауы, беделге табынбауы керек және академиялық зерттеумен айналысатындардың батылдығы мен сенімділігін сезінуі керек [7, 4821].

Университетте зерттеумен айналысу үшін қолайлы жағдай жасау үшін ғылыми орта жүйелі түрде жұмыс жасап, зерттеуге қатысты мәселелер талқыланып отыруы тиіс. Оған қоса білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту керек, жай ықпал етіп қана қоймай, зерттеу жұмысын дұрыс жүргізуді кезең-кезеңімен түсіндіріп, жетекші ретінде ынтымақтасып әрекет ету керек.

Зерттеушілік қабілет тек ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып, ғылыми жұмысты жазу дегенді білдірмейді. Зерттеушілік қабілетті білім алушыларда сабақ барысында қалыптастыру қажет деп ойлаймыз.

Зерттеушілік қабілетті айқындауда зерттеушілік әңгіменің маңызы зор. Ол үшін педагогикалық практика кезінде «Конструктивтік оқыту әдістемесі» сабағында жүргізілген бақылаудың нәтижесіне тоқталып кеткен жөн.

Тақырып: Сын тұрғысынан ойлауға үйрену және сын тұрғысынан ойлау туралы түсінік беру.

Бұл модуль шеңберінде мен жоғарғы оқу орнында «Қазақ тілі мен әдебиеті» Білім беру бағдарламасы бойынша оқитын топтарға сабақ өткізілді. Студенттерді топқа бөліп, сыни ойлауды қамтамасыз ету үшін тапсырмалар берілді. Сын тұрғысынан ойлау тақырыбында сабақтар жүргізілді.

Мақсатымыз: Көрсетілген видео материалдар төңірегінде студенттердің сыни тұрғыдан пікір алмасуын қалыптастыру, видео материалда көрсетілген эпизодтарды негіздей отырып ақпаратты саналы оймен қабылдап, ұғынып, бағалап, талдап сын тұрғысынан ойлау түсініктерін дамыту, зерттеушілік қабілетін арттыру.

Табыс критерийі:

Студенттер сын тұрғысынан талдау мен бағалауды, дәлелдеуді шешімдер мен қорытындылар шығаруды, тиісті ақпарат жинауды, зерттеу жасауды үйренеді.

Сабақты бастамас бұрын топты шағын топтарға бөліп, кіріспе ретінде сұрақ берілді.

«Сын тұрғысынан ойлау дегенімізді қалай түсінесіздер?»

Мақсатымыз: Студенттерді сын тұрғысынан ойлауды қаншалықты түсінетіндіктерін айқындау.

Студенттер өз жауаптарын жинақтай келе сын тұрғысынан ойлау тиісті ақпарат жинау деген тұжырымға келді.

Дәлелдеуді сын тұрғысынан талдау мен бағалау екенін айта келе алты қалпақ тәсілі арқылы мақсаттың жүзеге асатыны туралы айтылды.

Алты топқа берілген нақты тапсырмалар бойынша жұмыс жасау кезінде байқағаным топта 6 негізгі қағида бойынша әр топ зерттеу жасап, талқылап, өз ойларын ашық жеткізе алды.

Студенттер ақпарат пен идеяның шынайылығын ажырату мақсатында зерттеушілік әңгіме жүргізді, ойларын қорытты, әр тақырыпқа түсініктеме берді, өзінің оқуына қатысты тандау жасады, және басқалардың идеяларына күмәнмен қарап, дәлел келтіруін талап етті. Сол себептен жоғарыдағы айтылған жайттарды ескере отырып сын тұрғысынан ойлауды пайдалану болашақта баға жетпес тәжірибе болатындығына сенімдіміз.

Екінші бөлім: Сабақ барысында сын тұрғысынан ойлауды пайдаланудың тиімділігі.

Практикалық сабақта студенттерге сын тұрғысынан ойлау туралы түсінік берілді, тыңдағанды қаншалықты меңгергендігі мен түсінгендігін білу мақсатында студенттерге «Сыни

тұрғыдан ойлауда шынайы/фейк ақпаратты қалай ажыратуға болады» (сын тұрғысынан ойлау) тақырыбына сабақ өткізілді. Сабақ өтпес бұрын студенттер нөмірлеу бойынша топқа біріктірілді. Одан кейін топты шағын топтарға бөліп, «Миға шабуыл» әдісі пайдаланылды. Сұрақ: Әлеуметтік желіде шынайы/фейк ақпаратты қалай ажыратасыздар?

Студенттерге топта талқылап, ойларын ақылдаса отырып, «outline tree» әдісі арқылы тұжырымдамалық карта жасау тапсырмасы берілді.

Мақсатымыз: Студенттердің «outline tree» әдісін пайдалана отырып, шынайы/фейк ақпараттар туралы негізгі идеялар туралы ойларын қорытып, мәселеге сын көзбен қарап пайымдауын үйрету.

Студенттер межелі уақыт бітісімен берілген тапсырмалар бойынша тұжырымдамалық картасын түсіндіруге шықты. Студенттердің жауаптарын тыңдай отырып, берілген тапсырмаларды жүйелі, көркем, белсенділікпен, қызығушылықпен орындағандарына көзіміз жетті. Зерттеушілік әңгіменің жақсы өрбігені байқалды. Себебі, сабақта сын тұрғысынан алған білімдерінің әсері, сондай-ақ шынайы/фейк ақпарат, контур ағашы сияқты тірек ұғымдары өзекті мәселе болғандықтан білім алушылар тапсырманы өз деңгейінде орындады.

Сабақта білім алушылар топтық, жұптық жұмыс орындау кезінде жоспар бойынша берілген тақырыпшаларды бөліп алып, оқып шығып, теорияға қатысты негізгі идеяларға зерттеу жүргізіп, топтық/жұптық жұмыс барысында зерттеушілік әңгімені жүзеге асырды.

«Конструктивтік оқыту әдістемесі» сабағы барысында көп қолданылатын, зерттеу дағдысын жетілдіретін зерттеушілік әңгіме түрінің пайдасы зор. Зерттеушілік қабілетті тек осы стратегия арқылы ғана дамыта алмаймыз, зерттеу дағдысы білім беру бағдарламасының әр пәнін оқыту кезінде дамиды.

Қорытынды

Университетте студенттер мен оқытушылардың зерттеушілік құзыреттілігін жетілдіруге қолайлы жағдай жасалуы қажет. Білім алушылардың зерттеушілік қабілеті деңгейін көтеру үшін зерттеу жұмысын жазу ережелері мен нұсқаулықтарын қолданған жөн. Зерттеу жұмысын бастамас бұрын 2-ші курста академиялық жазу моделі деген сабақты барлық білім беру бағдарламаларына енгізу керек, пән бойынша барлық тақырыптарды меңгергеннен кейін ғана білім алушыларға кезең-кезеңімен зерттеу жұмыстарына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындаған дұрыс. Әдістеме жүйесіне кіретін барлық пәндерді оқытуда топтық/жұптық жұмыс барысында зерттеушілік әңгіме қолданылса студенттердің зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасып, зерттеу жұмыстарын сауатты жазуға септігі тиеді.

Әдебиеттер

1. *Лекомцева Е.Н.* Научно-исследовательские компетенции бакалавра. Ярославский педагогический вестник. Серия «Гуманитарные науки». № 3-2009 (60). С. 92-96.
2. *Чураева Е.П.* Теоретико-методологический аспект процесса формирования научно-исследовательской компетентности студентов-филологов Вектор науки ТГУ. 2013. № 4, С. 304-305.
3. *Yanming Qi, Jingui Wang, Handan* A Talent Cultivation Model for Improving the Innovation Ability of College Students in Scientific Research Volume.15 No.18 (2020) p. 58
4. *Yuemin Zhang, Wanbing Shi* Empirical Analysis on the Scientific Research Ability of Physical Education Teachers in Research Universities International Conference on Contemporary Education, Social Sciences and Humanities. (ICCESSH 2016).

5. Yunjun Pan Relationship between Dual Innovation Ability and Scientific Research Performance of High-level Talents in Colleges and Universities Kuram Ve Uygulamda Egitim Bilimleri Educational Sciences: Theory & practice 18 (6) December, 2018, p. 3611.

6. Hui LIN, Lijuan WANG, Qin SUN, Yanfeng TIAN, Changsheng ZHAO, Congying SHAO The Problems and Strategies in Improving the Universities» Independent Innovative Abilities 2nd International Conference on Education, Management and Information Technology (ICEMIT 2015) p. 531.

7. Liqun Gao, Yang Li, Gai Pan, Kun Wang How to Improve Scientific Research of Young Teachers 2009 Chinese Control and Decision Conference (CCDC 2009) p. 4821.

8. Li Erbin, Zhu Shigui, Qian Baoying, Deng Liqun, Liu Hao, Li Li. Establish and improve scientific research evaluation system, and promote the industry characteristic development and prosperity of humanities and social science in colleges and universities-take Nanjing agricultural university as an example[J]. Management and Review of Social Sciences, 2013, 03: 33-41.

9. Schützenmeister F., University research management: an exploratory literature review [J]. Institute of European Studies UC Berkeley, 2010(2):1-32.

10. Fang Chen, The cultivation of scientific research ability of young college young teachers [J]. Fight - Sports Forum, No. 1: 16-17, 2012.

11. Gui, X.H. (2018). Improving college students» innovative ability based on scientific research practice. Experimental Technology and Management, 35(2): 21-25.

Д.С.ИКАПОВА

П.ф.к, ассоц.проф. ХБКҚ

БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Андатпа. Бұл мақалада студенттердің қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері туралы айтылады, тілді оқытуда интернет ресурстарын пайдаланудың ерекшеліктері, әдістері, заманауи ақпараттық технологиялардың артықшылықтары, студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инновациялар, компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік.

Аннотация. В данной статье речь идет о новых информационных технологиях в повышении интереса студентов к казахскому языку, рассматриваются особенности, методы использования интернет-ресурсов в обучении языку, преимущества современных информационных технологий, формирование межкультурной компетенции студентов, использование интернет-ресурсов.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, инновации, компьютерная грамотность, информационно-коммуникационная компетентность.

Annotation. This article deals with the possibilities of the Internet in increasing the interest of students in the Kazakh language, discusses the features, methods of using Internet resources in teaching the language, the advantages of modern information technologies, the formation of intercultural competence of students, the use of Internet resources.

Keywords: information and communication technologies, innovations, computer literacy, information and communication competence.

Мемлекеттік тілді жаңаша оқыту әрқашан өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оқытушылардың сабақты жобалаудағы жауапкершілігі студенттердің қазақ тілінде нәтижелі тілдік қарым-қатынас және әлеуметтік мәдени құзіреттілігін қалыптастыруына мүмкіндіктер туғызады. Олар аз уақытта жаңа технология көмегімен үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үрдісіне инновациялық технологияларды және интернет-ресурстарды ендіру, оқытушылар мен студенттерге дәстүрлі формаларды және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Инновация дегеніміз тек қана жаңалық енгізу ғана емес, сонымен қатар жаңаны дәстүрлі оқу-тәрбие үрдісіне қолдана білу.

Көптеген елдерде ақпаратты тасымалдаудың сандық үлгіге ауыстыру процесі жылдам жүзеге асырылуда. Себебі адамзат «қағаз мәдениетінен» «экран мәдениетіне» ауысуда. Ғалымдардың пікірінше, жақын болашақта қағаз күйіндегі кітаптардың орнын электронды кітаптар толықтырмақ.

Қазақ тілінің алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі – қазақ тілін технологиялармен жақындастыру. Себебі болашақта бізді қоршаған барлық дүниелер, сонымен қатар тілдің өміршеңдігі, оның кең қолданысқа енуі көп жағдайда технологияларға тәуелді болмақ.

Бүгінгі күнде интернетке деген қолжетімділікті арттыруға мемлекеттік деңгейде зор көңіл бөлінуде. Қазақстанда интернет тұтынушылардың саны, соның ішінде мобильді интернет тұтынушылар күн сайын артып келеді..

Ақпараттық технологиялар мен интернеттің қарқынды дамуы адамдар арасындағы коммуникациялық қарым-қатынасты арттыруда. Бұл өз кезегінде үлкен көлемдегі сандық ақпараттың жинақталуына алып келді. Ақпарат алмасу тек технологиялық қарым-қатынас қана емес, сонымен қатар лингвистикалық құбылыс. Адамдардың тілді пайдалануы, сөз бен сөз тіркестерін қолдануы, мәліметтердің контекстуалдық ортасын түсінуі сынды мәселелер тіл білімінің маңызды саласына айналып, компьютерлік ғылым мен лингвистиканың тоғысқан жерінде компьютерлік лингвистика саласы пайда болды.

Білім беру үрдісінде интернет-ресурстарын жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Білім беру үрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік, педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

- білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу;
- білім алуға мотивацияның жоғарылауы;
- өз бетінше жұмыс істеу;
- өзін-өзі бақылау және т.б.
- жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылдану іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және т.б.)
- әлеуметтік-мәдени тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір сала бойынша маман дайындау және т.б.). Оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т.б.) [2, 45].

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында жаңа технологияларды қолдану мәселесі кеңінен талқыланып жүр. Бұл дегеніміз оқытудың жаңа формалары мен әдістері. Оқытушының міндеті студенттердің қазақ тілін үйренуге қолайлы жағдай туғызу.

Бұл жағдайда студент өзінің шығармашылық белсенділігін көрсете алатын оқытудың тәсілін қолдану. Интернет ресурстарын қолдану студенттердің индивидуалдық ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі. Қазақ тілі сабағында студент интернет көмегімен түрлі тапсырмаларды орындай алады, олимпиадаларға, конкурстарға қатыса алады.

Интернетпен жұмыс студенттердің қабілеттерін дамытып, олардың сенімін арттырады, қолайлы әлеуметтік, психологиялық атмосфера туғызады.

Қазіргі таңда білімді дамыту студенттің ақпараттық деңгейін дамыту деген сөз.

Әлемдік ақпараттық қоғамға ену үшін студент ақпараттық мәдениетті, компьютерлік экранды білу қажет, яғни интернетпен тығыз байланыста болу керек. Ақпараттық жүйе ретінде Интернет түрлі ақпараттар мен ұсыныстар ұсына алады.

- электрондық хат
- теле конференция
- видео конференция
- ақпараттық ресурстарды қолдану
- ақпараттық жиынтықтар
- желіде сөйлеу мүмкіндігі.

Студенттер өздеріне қажет ақпаратты табуды, оны оқып, ішінен ең маңыздысын анықтап, өз қажеттілігіне жұмсап үйренуі шарт. Студенттер өз бетінше білім алуды, бүгінгі күн талабына сай ізденуді, ақпараттық ағымда жол табу және өзін-өзі дамытуды әрі қарай жетілдіру қажет. Студенттер арасындағы байланысты, топтық ұжымдық жұмысты дамытуға мүмкіндік беруіміз қажет. Бұларды іске асыруда Интернет таптырмас құрал. Интернет студенттің өзін-өзі дамыту және жаңа істі меңгеруге зор ықпалын тигізеді. Студенттер түрлі зерттелген мәліметтерді пайдалануды үйренеді, оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады, өз ойын нақты және жүйелі түрде қағаз бетіне түсіруді, мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратты жіберу немесе қабылдауды, шешім қабылдауды үйренеді. Студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасын арттыру олардың төмендегі шараларға қатысуы негізінде жасалынады: диспуттар, байқаулар, олимпиадалар, электрондық пошта, телеконференция, видеоконференциялар.

Тапсырмалар студенттерге бағалауды үйрену, салыстыру, модельдеу, тындау, көру, бақылау, сұхбат құру, мазмұндау т.б ақпараттық компетенцияларын дамытады.

Қазақ тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып, студенттер психологиялық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, студенттердің жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын оқытушының тікелей қатыспауы, студенттерге өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімді болуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Тілдік құрылымды жаттаумен шектелу, тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді.

Қазақ тілінде тілдік қарым-қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол студенттердің қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Дәстүрлі қазақ тілі сабағына сипаттама жасасақ, көп жағдайда қазақ тілін оқыту үрдісінде оқытушы студенттің ойын басқарады. Студентке өз ойын айтуда еркіндік берілмейді. Студент мәселені түсінбей, өзіне қажетті ақпаратты ала алмай, мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келу мүмкіндігінен айырылып, өзінше ой қорытып, оны тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетіне ие бола алмайды.

Білім беру технологиясының үш түрлі типі бар. Олар дәстүрлік, инновациялық және ақпараттық. Бастысы технологияның жиынтығы емес, оның дәрежесі. Студенттердің әртүрлі ақпарат көздерін, ресурстарын пайдалану арқылы компьютерлік технологияның көмегімен өздерінің дербес ізденуі арқылы тілді игеруге кәсіби шеберлігін шыңдайды. Жаңа ақпараттық технологияға әртүрлі ақпараттарды электрондық әдіспен енгізу, сақтау және беру болып табылады.

Оларды оқу процесінде пайдалану ерекшелігіне сай мына төмендегідей топтастыруға болады:

- Компьютерлік оқу бағдарламалары (электрондық оқулықтар, тренажерлар, тьюторлар, лабораториялық жаттығулар, тест жүйесі);

- Мультимедиялық технологияға сай оқу жүйесі компьютер, видеотехника, оптикалық дискінің жиындысын пайдалану арқылы жүргізіледі;
- Электрондық пошта, телеконференция, түрлі телекоммуникациялық қондырғылар;
- Электронды кітапханалар.

Жоғары оқу орындарында көбіне электрондық пошталар жиі пайдаланылады. Қазіргі кезде аудиоақпарат алмасу, видеоақпарат алмасу, виртуалды аудиторлық тақта, тақырыптық ақпарат енгізілген клавиатуралар, файлды алмасу, көпжақты конференциялар өткізу кеңінен таралған көпке белгілі компьютерлік видеоконференция байланыстың әдістемесіне жатқызылады.

Компьютер жүйесі оқу процесін жетілдіру құралы болып табылады. Дегенмен, Интернет жүйесіндегі оқуға байланысты ақпараттар сирек, аз, жүйеленбеген. Оқу процесін аралық байланыс арқылы басқару электрондық почта арқылы материалдар қабылдау интерактивтік хабарлар алмасу арқылы жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, интернет ресурстарын және инновациялық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелілігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жанашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Егер біз мемлекеттік тілдің өміршендігін қамтамасыз етіп, оның кең қолданысқа енуін қаласақ, онда бар күшімізді тіл мен технологияны кешенді түрде достастыруға жұмсауымыз керек.

Әдебиеттер

1. *Исабаев У.* Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: 1999.
2. *Сергеева М.Э.* Новые информационные технологии в обучении //Педагог. – 2005. – №2. – С.162-166.
3. *Налбадян А.А.* Методические основы использования ресурсов Интернета при обучении чтению на уроке Дисс. ...канд. пед. наук. М., 2004.

N.N. KARMENOVA

*Professor, candidate of sciences in Geography,
Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty*

SH.B. ARGINGAZINA

*Senior teacher of Korkyt Ata Kyzylorda University,
Candidate of Philological Sciences, Kyzylorda*

U.S. TOKTAGULOVA

*PhD student,
Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty*

EFFECTIVENESS OF USING NEW INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING

Annotation. The article considers the effectiveness of using new innovative technologies as one of the most effective ways and methods of teaching geography. In the course of the study, the types of geographical education and effective pedagogical technologies used in the learning process were identified in the new educational paradigm. As a result, the effectiveness of the development and use of new innovative technologies in geography lessons was demonstrated.

Keywords: geographical knowledge, paradigm, learning technology.

Түйіндеме. Мақалада географияны оқытудың ең тиімді әдістері мен әдістемелерінің бірі ретінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында жаңа білім беру парадигмасында оқыту процесінде қолданылатын географиялық білім беру түрлері мен тиімді педагогикалық технологиялар анықталды. Нәтижесінде, география сабағында жаңа инновациялық технологияларды әзірлеу мен қолданудың тиімділігі көрсетілді.

Тірек сөздер: географиялық білім, парадигма, оқыту технологиясы.

Аннотация. В статье рассматривается эффективность использования новых инновационных технологий, как одного из наиболее эффективных методов и методов обучения географии. В ходе исследования были выявлены виды географического образования и эффективные педагогические технологии, используемые в процессе обучения в новой образовательной парадигме. В результате была продемонстрирована эффективность разработки и применения новых инновационных технологий на уроках географии.

Ключевые слова: географическое образование, парадигма, технология обучения.

INTRODUCTION

Along with the change in the educational paradigm, the process of establishing a national model of education in Kazakhstan is currently urgent. Based on the model of the system of main achievements of theories and methods, research practices on education and discipline are organized.

The new educational paradigm puts the development of the students personality through education, training, and education at the forefront. Today, there are many variants of the educational process in theory and in working practice. Each author and performer introduces their own thoughts and corrections into the pedagogical process.

METHODS

One of the most effective technologies used in the educational process is pedagogical technologies implemented through the educational system. In this case, the main form of organization of the educational process - the lesson changes. They are: features of modern classes, the atmosphere of joint work, changes in relations with students, their involvement in learning, teacher's work. Therefore, during the lesson, the teacher spends his efforts on teaching students how to independently organize their cognitive activities. If the lesson is conducted in a creative direction, the lesson will not be monotonous, everyday, boring.

Learning technology has become a means of simplifying learning activities based on the achievements of science and technology. Pedagogical technology is a model that can be implemented in the practical activity of a teacher. Currently, the search for effective ways and new methods of teaching is crucial. One of them is continuing geographical education.

The main goals set for continuous geographical education are: firstly, to create conditions for continuous education of people at different stages of their lives; secondly, to create conditions for people to adapt to a rapidly changing life, creatively serving to accumulate knowledge on their own; thirdly, to encourage students to quickly perceive news, to teach them to apply it in life.

The essence of geographical thinking is the ability to analyze the laws of space, determine the relationships between Geosystem and their components on the basis of historical methods that give an idea of the geographical picture of the modern world. A geographer should be able to predict changes in nature and economy on the Earth's surface and its individual areas using various materials. All geographical sciences study the spatial relationship of developing territorial objects. As science develops, the goals of geographical research change, as new objects and new methods appear.

Since the subject of geography is a unique subject, it is a science that studies the common land – the Earth, our planet, the flora and fauna that live on it, the terrain, the wealth and the life of several thousand peoples and nationalities living on it. Therefore, being a geography teacher requires teachers who have a broad, deep knowledge, a strong memory, and a deep nature.

The types of geographical knowledge can be divided into: geological, climatic, cartographic, nomenclature, historical, environmental and economic knowledge.

1) Through geological knowledge, students get acquainted with stable and unstable types of the Earth's crust and in connection with this, learn from the history of natural development of nature for several centuries. We can combine this theoretical knowledge with practical skills by assigning tasks to determine the types of rocks that we have collected in our region during practice.

2) Climate education is provided by teaching the dependence of the Earth's climate on climate-causing factors, the impact of weather phenomena on the organization of agriculture, the ability to use maps and read them and the ability to develop logical thinking.

3) Cartographic education is provided when students work with maps. In the geography lesson, the geographical map is of great importance in determining the shape of the terrain, calculating distances using scale, studying the climate of each continent using a climate map, determining climate-forming factors, describing the physical and geographical position of countries and describing their economic geography, etc.

4) Nomenclature education is provided if the student works with maps and learns geographical names.

5) Environmental education helps to protect nature, and feel the moral duty of a learner to the native land. We can help students to improve their environmental knowledge by giving various environmental tasks, such as describing rivers in their village, observing changes in the seasons, determining their place in the life and economy of the rural population, finding the causes and ways to eliminate changes in nature that occur as a result of human activity.

By mastering the above types of knowledge, the use of new innovative technologies increases the cognitive level of students in teaching geography subject. Students independently complete tasks, master the content of educational materials well and express their thoughts in a complete and reasoned manner. Their ability to think and speak increases. On their own, they find the right material and learn to perform tasks correctly.

The visualization for a geography lesson is used both as a recognition of a new one, for imagining a thought or conversation, for memorizing material. Visual aids are used at all stages of the educational process: when communicating new knowledge, sometimes instead of communicating new knowledge by the teacher (for example, showing a movie, conducting an experiment); when performing tasks assigned to the house during the consolidation of knowledge and the formation of business and skills, drawing tables, performing illustrations, etc.; when controlling learning (for example, speaking on a map, schedule, explaining the structure of instruments). The visual effect is used taking into account the age characteristics of students [1, 56].

The innovations introduced in the general education system include the organization of working with groups in testing students' knowledge, self-testing of students, checking each other, a model learning system and the use of new methods and techniques.

In order to improve the level of assimilation of the topic in the geography lesson, it is necessary to implement the following conditions: when developing the theoretical basis of the methodology of conducting games, the linear-step logic of the geography course is taken into account; games are conducted to reveal and form the main economic and economic-geographical concepts of the course; methods and tools that increase the cognitive and creative activity of students are used in the process of conducting the game; decision-making positions are revealed in a given simulation situation.

In the modern era of scientific progress, the teacher should be constantly in search, without stopping in one place. The term “information learning environment” is becoming relevant in connection with the qualitative change in the use of the information environment. The concept of informatization is closely related to computer technology and computerization. It is impossible to implement information technology without computer technology. In all developed countries, computer training technologies are used. Firstly, the lack of use of this technology in teaching affects a decrease in the intensity of the learning process [2, 27].

RESULTS

New changes in society and the speed of its informatization and development have radically changed the requirements for education and set the following tasks in the field of education to meet the needs of society: improving the quality of education; entering the world educational space; informatization of secondary education; using the internet system; electronic textbooks [3, 32].

The use of new innovative technologies in geography lessons is characterized by updating the content of education, forming an information environment, as well as high-quality educational opportunities. The computer information environment of learning, being the object of independent knowledge acquisition forms the following paradigm: student-learning environment technology system. On the basis of this system, the student receives self-education. Too strict management of the student’s activities deprives him of his own thinking and the ability to work independently.

If we focus on the effectiveness of new information technologies in teaching geography, we can note it as:

- text editor-a tool for creating geographical documents (abstract, tabular);
- graphic editor-a tool for creating works of creative classes (drawing symbols, drawing a geographical plan, drawing a picture of nature, drawing a graph of temperature);
- multimedia Editor-a tool for creating natural processes in the classroom (geological, climatic);
- create a presentation of the country;
- using the geographical library on a Laser Disk (map, reference book, Encyclopedia); local testing;
- access the Internet, make a virtual trip to any place in the world;
- creation of own online fund on Geographical Science, exchange of experience, live lessons of famous teachers;
- ability to use email, exchange ideas about Geographical Information, Exchange News;
- compliance of the content of education with the requirements of the time; complete acquisition of the necessary knowledge, independent assimilation of knowledge, self-assessment.

CONCLUSION

To improve the quality of learning, it is effective to use the strategies of the project “critical thinking” in teaching geography in everyday lessons. Critical thinking means improving the students’ critical attitude to the environment, the world of information and their actions. The advantages of using this technology are: they stimulate the students’ personal interest in the subject; form cognitive abilities; form socio-cultural education; involve the student in creative work; save the teachers’ time; provide additional information; give students confidence; talented, capable students will further consolidate their abilities and flexibility, the weak will have a desire to learn and overcome self-doubt; studying in study groups with the same degree of knowledge becomes easier.

The acquisition of new innovative technologies has a positive impact on the formation of the intellectual, professional, moral, spiritual, civic and many other human qualities of a teacher. The method of critical thinking is one of the methods of illustrative, explanatory, argumentative, creative, self-developing teaching, which refers to the technology of development in teaching. [4, 58]. The

method of critical thinking is combined with the formation of students' knowledge on the basis of individual, group work, organizing in the activities of the teacher. This strategy is aimed at revealing individual opportunities for the student. The peculiarity of this method is that it is used in the reading method. Students' oral and written language, mental memory, and critical attitude to each information, as well as to their own and other's creativity develop their creative abilities.

Thus, the effectiveness of the development and use of innovative technologies in geography lessons is shown in the following ways: the student is given a compact, concise educational material; the student has the opportunity to develop the ability to think, reproduce, compare to understand the meaning and content of a descriptive sign; the student learns to choose the most basic of the educational material; teaches to link and systematize the chosen cognitive educational concepts; the students' work is not only writing, but also drawing, thinking of a conditional sign independently; the students learn how to work with a group together and develop their cognitive levels.

References

1. *Alimov A.* Application of interactive methods in higher educational institutions. – Almaty, 2012. – p. 187.
2. *Dushina I.V.* New pedagogical technologies of teaching geography //Geography at school. 2001, №3.
3. *Kozhamkulova Zh.* New information and pedagogical technologies. – Almaty, 2013, – p. 356.
4. *Isachenko A.G.* Theory and methodology of geographical science: Textbook for students. – Moscow: Publishing Center «Academy», 2004. – p. 400.

А.ҚАСЫМҚҰЛ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің магистранты

ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫ – ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада «мәдениет» ұғымының қалыптасуы, дамуы, адам мен мәдениет арасындағы байланыс туралы кеңінен сөз қозғалған. Сондай-ақ тұрмыстық лексиканы мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, қазақ тіл біліміндегі тұрмыстық лексиканың мәдениетпен байланысы, ұлттық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуындағы аса маңызды рөл атқаратын құралдар жайында айтылған. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын қолөнер туындыларын бөлек тарихи-мәдени категория ретінде қарастырған. Киіз үйдің сүйегі, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу, сондай-ақ моншақ, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы секілді т.б. көптеген зергерлік бұйымдарды қазақ халқының ерекше қолөнер бұйымдары ретінде қарастырған. Соның ішінде қазақ халқы үшін аса маңызды қолөнер бұйымы ретінде киіз үй жабдықтарына тоқталып яғни, ағаш, сықырлауық, маңдайша, топша, кереге, уық, шаңырақ, күлдіреуіш, босаға, есік, табалдырық, жақтау, таяныш, т.б. жеке-жеке анықтамалар берілген. Сондай қолөнер бұйымдарының ішіндегі тағы бір көзге түсетін, үй тұрмысына қажетті жабдықтар мен бұйымдарға қатысты тұрмыстық атауларға да тоқталып өткен.

Түйін сөздер: мәдениет, қолөнер, тұрмыстық лексика, халық, бұйым.

Аннотация. В данной статье широко обсуждается становление, развитие понятия «культура», связь между человеком и культурой. А также рассматривается бытовая лексика как неотъемлемую часть культуры, говорится о связи бытовой лексики с культурой в казахском

языкознании, об инструментах, играющих важнейшую роль в становлении и развитии национальной культуры. В качестве отдельной историко-культурной категории рассматривались ремесленные произведения, используемые в быту казахского народа. Многие ювелирные изделия, такие как кости юрты, деревянные кровати, вышивка, плетение паутины, валяние, а также бусины, браслеты, кольца, серьги, ожерелья, шолпи и т. д., считались уникальными изделиями казахского народа. В частности, в качестве особо важного для казахского народа изделия ручной работы были даны отдельные определения: дерево, скрип, вывеска, топша, кереге, уык, шанырак, босага, дверь, порог, рама, перила и др. Кроме того, он отмечается и бытовые наименования, связанные с оборудованием и изделиями, необходимыми для домашнего обихода.

Ключевые слова: культура, ремесла, бытовая лексика, народ, изделие.

Abstract. This article extensively discusses the formation and development of the concept of «culture», the relationship between man and culture. Household vocabulary is also considered as an integral part of culture, it is said about the connection of household vocabulary with culture in Kazakh linguistics, about tools that play an important role in the formation and development of national culture. Handicrafts used in the everyday life of the Kazakh people were considered as a separate historical and cultural category. Many jewelry items, such as yurt bones, wooden beds, embroidery, web weaving, felting, as well as beads, bracelets, rings, earrings, necklaces, sholpi, etc., were considered unique products of the Kazakh people. In particular, as a particularly important handmade product for the Kazakh people, separate definitions were given: wood, creak, signboard, topsh, kerege, uyk, shanyrak, bosaga, door, threshold, frame, railing, etc. In addition, it also marks household names related to equipment and products necessary for household use.

Keywords: culture, crafts, household vocabulary, people, product.

Кіріспе. Адам мен қоғам қызметінің нәтижесінде мәдениет пайда болады. Қоғамда адамнан тыс мәдениет қалыптаспайды. К.Қ.Күркебаев өзінің оқу құралында мәдениетке мынадай анықтама береді: «Мәдениет –жеке адамның өзіне тән қасиеттерінен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын күрделі ұғым. Мәдениетті жасайтын оны тұтынатын – адам. Сондықтан мәдениет, ең алдымен адам әлемі ретінде саналады. Өйткені мәдениеттің қандай түрі болмасын онда адамның ақыл-ойы, парасаты, наным-сенімі, дүниетанымы, эстетикалық талғамы заттандырылып, материалдық және рухани игіліктер көрініс табады» [1, 6 б.]. Мәдениет сөзінің пайда болуына байланысты әртүрлі деректер кездеседі. Мәдениет этимологиясы антика заманында жер өңдеу дегеннен басталып, одан кейінгі деректерде мәдениет сөзі бізге араб тілінен енген, арабтың «қала», «қалалық» деген сөзінен шыққан дейді. Ежелгі Рим ғалымы, шешені Цицеронның еңбегінен кейін мәдениет ұғымының сипаты адамдарға қарай, адами құндылықтарға қарай ауысты. Кейінірек бұл сөз жалпыхалықтық маңызға ие болып, адам жасағанның барлығын «мәдениет» ұғымына сыйғызды. Мәдениет әр түрлі қоғамдық топтардың, әлеуметтік құрылымдардың, адамдардың тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру жағдайларына байланысты пайда болып қалыптасты.

Мәдениет – күрделі ұғым, әр заманның ой танымына қарай мәдениет ұғымының сипаты да өзгеріп отырды. Жалпы мәдениет ұғымының мыңнан аса анықтамасы бар, ХІХ ғасырда «мәдениет» ғылыми категория ретінде қарастырыла бастады. Эдуард Тайлор: «Мәдениет – қоғамның мүшесі ретінде адамның бойында қалыптасқан білім, сенім, құндылық дағдыларының жиынтығы» деген анықтама берді. Алайда көптеген ғалымдар «мәдениет» сөзіне нақты бір анықтама беру мүмкін емес дейді.

Тұрмыстық лексика-мәдениеттің ажырамас бөлігі. Тіл білімінің тұрмыстық лексикасы – сол тілді мәдениетпен, тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастыратын, қазіргі кезде дамып, қалыптасқан, жүйеленген лексика. Ол жалпы алғанда тіл білімінде семантика мәселелерін де қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, тұрмыстық лексика кез келген халықтың сөздік қорындағы ғасырлар бойы қордаланып, шоғырланып тұратын лексикалық байлықты жүйелеп, ретке келтіріп қарастырады.

Тұрмыстық лексика – ұлт болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатынан туындаған лексика. Әр халықтың материалдық, рухани құндылығы өзіндік ұлттық ерекшелігімен дараланатын болса, ол сол халықтың ана тілі арқылы жасалады, әрі нығая түседі. Сол себепті ана тілі – ұлттық мәдениеттің қалыптасуының, сақталуының және дамуының аса маңызды құралы.

Тіліміздегі тұрмыстық атаулар бір замандағы қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрініс. Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгеріске ұшырауы салдарынан этнографизмдер қалыптасқан. Жалпы тілімізде адамның тұрмыс-тіршілігіне байланысты сан алуан тұрмыстық атаулар, этнографизмдер мен тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Оның барлығы ұлттық тәлім-тәрбиеге, таным-түсінікке негізделген.

Халқымыздың ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай толық жеткен дәстүрлі қолөнері – қайнар бұлақ, халқымыздың сарқылмас қазынасы. Ол туралы белгілі этнограф-ғалым Х.Арғынбаев былай деп жазады: «Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Қазақ халқы – кең-байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениет пен қолөнердің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы» [2, 6 б.].

Қазақ жерінде қолөнер негізінен үй кәсібі түрінде дамыды. Көшпелі шаруашылықтың қажетіне орай қолөнершілер мал шаруашылығына қажет әртүрлі керек-жарақтарды, құмнан, тастан, саз балшықтан, мүйізден, сүйектен, теріден тұрмыста тұтынатын түрлі бұйымдар, киіз үй жабдықтарын, саз аспаптарын, т.б. жасап шығарды, соған сәйкес тілімізде қолөнерге байланысты мәдени атаулар туындады.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын қолөнер туындылары – тарихи-мәдени категория. Оның кейбір дәстүрлі түрлері мәдениеттің терең қатпарларын құрайды. Олардың көпшілігі қазіргі әлеуметтік даму сатысында өзінің жүйелі даму сипатынан айрылып, көптеген түрлері жойылып, кейбіреулері өздерінің құнды қасиеттерінен мәңгілікке айрылған. Ол туралы Ж.Манкеева былай дейді: «Қолөнер туындыларының әр қабатында, түрінде қоғамның әлеуметтік-тарихи, материалдық-экономикалық дамудың таңбалары қалып отырады. Ғасырлар бойы халық екшеуінен өтіп келе жатқан қолөнер туындылары қашанда сап алтын күйін жоймайды. Олардың өзі жойылса да, көпшілігі атау ретінде ана тілімізде сақталған» [3, 101 б.].

Халқымыздың дәстүрлі қолөнері – сарқылмас қазына, мол байлық. Себебі әр халықтың іс-әрекеті, тұрмыстық болмыс, дүниетанымы, өзі жасаған туындылардан елеулі орын алады. Мысалы, бұл туралы «Қазақ совет энциклопедиясында» былай дейді: «Қазақстанда қолөнер үй кәсібі түрінде дамыған. Көшпелі шаруашылықтың қажетіне байланысты қолөнершілер мал шаруашылығына керекті шылбыр, жүген, ер-тұрмандар, т.б. жасаумен шұғылданған. Сонымен бірге құмнан, тастан, саздан ыдыс-аяқ мүйізден, сүйектен, теріден әшекейленген нақышты мүліктер, саз аспаптарын жасады, киім тікті. Қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу, сондай-ақ моншақ, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы секілді зергерлік бұйымдар жасау кең етек алды» [4, 597 б.].

Тұрмыста қолданылатын қолөнер туындылары – тарихи-мәдени, рухани категория. Оның кейбір дәстүрлі элементтері туралы ақпаратты Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов,

Қ.Бегмановтың еңбектерінен алуға болады. Мысалы, ол туралы Х.Арғынбаев былай дейді: «Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Оған Қазақстан жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады» [2,7 б.].

Тілімізде киіз үйдің ағаш жабдығын «үйдің сүйегі» деп атайды. Ол үйдің сүйегіне мыналар жатады: ағаш, сықырлауық, маңдайша топша, кереге, уық, шаңырақ, күлдіреуіш, босаға, есік, табалдырық, жақтау таяныш. Керегенің өзіне қатысты бірнеше атау қалыптасқан. Мысалы, керегенің қанаты (төрт, бес, алты, сегіз, тоғыз, он, он екі қанат), керегенің басы, керегенің көзі, керегшенің құлағы, керегенің аяғы, керегенің иегі. Киіз үйдің жабдықтарының атауы: түндік, үзік, туырлық, есік, дөдеге. Киіз үйдің жабдықтарына қатысты атаулар белгілі орыс түркологы В.Радловтың сөздігінде беріледі: сықырлауық – киіз үйдің ши есігінің ішкі жағынан жабылатын, оюлап жасаған, жарма ағаш есік. Үзік – киіз үйді жабатын киіз. Үлдірік/ ілдірік – киіз үйде киім ілу үшін қойылатын бақан. Уық – төбені құрайтын ағаш, таяқ.

Киіз үйдің жабдық атауларының ішінде дөдеге туралы көркем әдебиеттерде, эпикалық жырларда көп кездеседі. Дөдеге дегеніміз – киіз үйдің сыртын айналдырып сән үшін үзік етегіне салатын, жалпақтығы сүйем не қарыс мөлшеріндегі әшекей киіз. Ол туралы Дулат Бабағайұлы «Сүлейменге» деген өлеңінде былай деп жырға қосады:

Айбарлы ақ ордада
Әшекейлі дөдеге
Шаншулы найза, ілулі
Алтын сапты селебе
Айқара қамқа жамылған,
Алдында күміс тегене...

Негізінен ғасырлар бойы халық екшеуінен өтіп келе жатқан қолөнер туындылары қашанда өзінің сап алтын күйін жоймайды. Олар халық санасында, ауызекі сөйлеу үдерісінде мәңгі сақталып, тілдік қолданыс табады. Сондай-ақ қолөнер бұйымдарының ішіндегі ерекше көзге түсетін атаулар – үй тұрмысына қажетті жабдықтар мен бұйымдарға қатысты тұрмыстық атаулар. Мысалы, шымшуыр, қауға, оймақ, алаша, кебеже, асадал, сырмақ, адалбақан, шамдал, жүкаяқ, түйемойнақ, иінағаш, итарба, дағара, көпшік, әбдірә, т.б.

Қазақ ежелден азық-түлік сақтауға кебежені пайдаланған. Ол негізінен Қазақстанның барлық аймақтарына кең тараған. Тілімізде осы бір ғана мәдени атауға қатысты тіркес, сөздер қалыптасқан. Мысалы, кебеже шана (шөп таситын қанатты шана), кебеже қарын (құрсақ мағынасында. 1) денелі әрі семіз, қарыны үлкен адам), кебежедей (бүйрегі шығыңқы, үлкен, рабайсыз), кебежеқап (түсті матаны киізге оюлап жапсырған кебеженің қабы), кебежелі (кебежелі үстел – азық-түлік салатын бар кең үстел). Яғни кебеже кезінде кімге болсын өте қажетті бұйым ретінде танылған. Мысалы, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Тәтіқара ақын Абылай ханға айтқан жырын былай деп бастайды:

Кебеже қарын, кең құрсақ,
Артық туған Абылай,
Көтере көр бұл істі...[5, 70 б.].

Бұл жыр жолдарынан біз халық арасында тұрмыстық атаулардың көп қолданыста болғандығын байқаймыз.

Қазақ халқында ыдыс-аяқ жасау үшін ағаштан жасалған бұйымдардың бірі – асадал. Қолда бар этнографиялық деректерге қарағанда, қазақ жерінде асадалдың бірнеше түрі болған. Оның ең көне түрі қазіргі тұрмыста өзіміз қолданып жүрген тумбочка тәрізденіп енінен биік-тігі артық болып жасалған. С.Қасиманов асадалға мынадай анықтама береді: «Асадал – ішіне тамақ, ыдыс-аяқ қоятын биік кебеже. Ол бірнеше бөлмелі, суырмалы, ашпалы болады» [6, 210 б.]. Ғалым әрі

қарай өз зерттеуінде бұл бұйымның жасалу технологиясына, қандай мақсатта қолданылатынын түсіндіреді. Яғни, әр заттың адам өмірінде аса маңызды екендігін көрсетеді. Заттың өзінің аты айтып тұрғандай, мұндай жерде сақталған асты жеудің өзі бір ғанибет және жер асымыз адал болады. Сондықтан бұл кебеженің атауы солай аталса керек.

Осындай алуан түрлі мәдени атаулар кездесетін қазақтың қолөнерге қатысты тұрмыстық лексикасының тілдік деректері сан салалы. Оларды тек жадымызда сақтап, қордалау үшін этнолингвистика тұрғысынан зерттеп, зерделеу қажет.

Қорытынды

Халықтық қолөнер бұйымдары әрбір халықтың заттай және рухани мәдениетінің көрінісі болып табылады. Қолөнер бұйымдары тек эстетикалық объект қана емес, сонымен бірге ол халықтың белгілі бір тарихи кезеңдегі таным-түсінігі, өмір салты мен әсемдік туралы талғамынан хабар береді. Сондықтан ата-бабаларымыздың бізге қалдырған осы бай мұрасына қатысты тілімізде қалыптасқан тұрмыстық лексиканы бүгінгі ұрпақ санасына сіңіріп, оның рухани құндылығын таныту – бүгінгі тіл мамандарының тікелей міндеті.

Қазіргі кезде қазақ қоғамындағы ұлттық рух жаңғырып, салт-дәстүрлер қайта жанданып жатқан кезеңге сай рухани-әлеуметтік құбылысты дұрыс бағалап, бағдарлайтын, негізін түсіндіретін заңдылықтар адамның рухани дүниесімен байланысты екенін қазіргі қазақ тіл білімінің этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика сияқты бағыттары дәлелдеп берді. Осыған байланысты ұлтты рухтандырып, оның ішкі-сыртқы келбетін өрнектеп көрсететін негізгі сипаты тіл екендігі белгілі. Сол себепті халық көкірегінде жатталып, жадында жатталған көне тамырлы этномәдени атаулардың ұлттық болмыс-мазмұнын анықтауда біз ең алдымен тілімізге сүйенеміз.

Әдебиеттер

1. *Күркебаев К.* Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы. – Алматы, 2013.
2. *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1987.
3. *Манкеева Ж.* Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008.
4. Қазақ совет энциклопедиясы. – I-II том, 1976. – 80 б.
5. XV-XVIII ғ. қазақ әдебиеті. – Алматы, 1976.
6. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1969.

А.Қ.ҚОЖАХМЕТОВА

*РМК «Ғылым ордасы» базасында
ҚР БҒМ ҒК Ғылыми-зерттеу институттары
мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
бірлескен оқу бағдарламасы,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
2-курс PhD-докторанты*

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІННІҢ ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Е.Муратованың мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін ұсынған формуласы арқылы ($СК = A/N$) ақын М.Мақатаевтың өлеңсөздерінің синергетикалық күштілігі анықталады. М.Мақатаев өлеңдеріндегі поэтикалық күші мен тілдік

ерекшеліктерін, ондағы дүниетанымдық лексиканың қолданысын тоқталумен көркемдік ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы отырып, ақын өлендерінің маңыздылығын, оның синергетикалық сипатының күштілігі айқындалады.

Түйін сөздер: синергия, синергетикалық мәтін, маркер, метафор.

Аннотация. В данном статье синергичности стихотворений поэта М.Макаева определяется с помощью формулы предложенной Е.Муратовой для определения синергетического коэффициента текста. В статье на конкретных примерах раскрывается поэтическая сила и языковые особенности произведений М. Макаева, художественные особенности с акцентом на использовании мировоззренческой лексики, раскрывается значимость стихов поэта, сила синергетического характера его творчества.

Ключевые слова: синергия, синергетический текст, маркер, метафора.

Annotation. The article synergy of the poems of the poet M. Makataev is determined using the formula proposed by E. Muratova to determine the synergistic coefficient of the text ($SK = A/N$). The article uses concrete examples to reveal the poetic power and linguistic features of M. Makatayev's works, his artistic features with an emphasis on the use of ideological vocabulary, the significance of the poet's poems and the synergetic nature of his work.

Keywords: synergy, synergetic text, marker, metaphor.

Бүгінде синергетика ғылымның түрлі саласында қолданылып, әртүрлі табиғаттағы күрделі жүйелер мен үдерістерді зерттеудің әдіснамасы ретінде қолданылып келеді. Ал күрделі жүйелердің қатарына тіл де жатады. Синергетика» термині физика-химиялық құбылыстардың өзіндік ұйымдасуын зерттеу үшін қолданылған болса, кейін басқа да, соның ішінде лингвистикада зерттеу объектісі етіп алына бастады. Нақтыласақ, синергетика екі бағытта – жүйенің ішіндегі жүйесіздікті немесе керісінше жүйесіздіктегі жүйелілікті зерттейді.

Жаратылыстану ілімдері саласынан ауысқан синергетика термині компоненттер мен кіші жүйелердің құрылымындағы бір-бірімен күрделі түрде әрекеттесуі нәтижесінде іштей ұйымдасуға әкелетін ортақ жүйені анықтайтын пәнаралық бағытқа қатысты қолданылады.

Бұл терминнің авторы Штутгард университетінің профессоры Герман Хакен. Ғалымның түсінігінде бұл оның бөліктерінің өзара әрекеттесуі кезінде бүкіл жүйеде жаңа қасиеттердің пайда болу теориясы.

Д.С.Чернавский синергетиканы әртүрлі табиғат жүйелеріндегі тұрақсыздықтың жалпы теориясы ретінде анықтайды [1], ал С. П.Курдюмов пен Е.Н.Князева «синергетика» терминін әлемнің күрделі жүйелерінің эволюциясы мен өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретінде түсіндіреді [2].

Көптеген ғалымдардың беделді пікірлерінен кейін «синергетика» термині күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы саласындағы пәнаралық зерттеулердің жалпы атауын білдіреді. Демек, синергетиканың қағидасына сай кез келген жүйе тұрақсыз, тепе-теңсіз, ашық, динамикалық, бейсызықтық өзін-өзі ұйымдастырушы сипатта дамиды.

Қазіргі қазақ тіл білімінде мәтінді синергетикалық үдеріс ретінде қарастыра отырып, мәтіннің синергетикалық сипатын анықтау бүгінгі күнде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осымен байланысты ғылымның қазіргі кезеңінде пәнаралық тәсілді қолдану арқылы ғылыми зерттеулер жүргізу де пәнаралық үрдістер «жүйелілік, кешенділікті» зерттеуде тиімді болып отырғандықтан қазіргі заманауи тіл білімінде жаңа синергетикалық тәсіл лингвистикалық зерттеуде тиімділігі айқындалып отыр. Тілді таным құралы, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметі негізінде дамығатын жеке адам, тілдік тұлға екені белгілі.

Тіл де – іштей дамып, өзі ұйымдаса алатын динамикалық күрделі жүйе. Сонғымен синергия – тілдік бірліктердің бірегейлігі мен әркелкілігін семантикалық тұрғыдан тоғыстырып, көпмағыналылық пен мағынаның шексіз ұлғаюын қалыптастыратын үдеріс. Синергетиканың объектілері динамикалық, ашық, диссипативті жүйелер болып табылады. Көптеген зерттеушілер тіл осы қасиеттердің бәрін иеленетіндіктен синергетика объектісі бола алады деп тұжырымдайды.

Лингвосинергетика – тілді адами, әлеуметтік, биопсихикалық, когнитивтік және әлеуметтік құбылыстар ретінде танитын жаңа парадигма. Лингвосинергетика негізінен тілдің өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде сыртқы ортамен (коммуниканттардың санасы мен тілдің жалпы жүйесімен) тығыз байланысты. *Лингвосинергетика ғылымы тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық және өзін-өзі реттеушілік тетігін зерттеуге арналған білім* [3].

Поэтикалық мәтіндерге зерттеу жүргізген Е.Ю.Муратованың пікірінше, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың механизмдеріне жаңаша қарауға жол ашады. Ғалым Е.Муратова мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін мынадай формула енгізген: $СК = A/N$, мұндағы А – маркер саны, N – шумақ саны [4].

Мысалы Мұқағали ақынның «Мұздама, жылы жүрегім» деген өлеңін алар болсақ:

Дәрменсіз, ойсыз шарқ ұрып,

Қалғаниша қатып қайғыға.

Дариям бітіп, тартылып,

Кіргенше өлім қойнына.

Мұздама, жылы жүрегім,

Сөнгенше сәулең біржола.

Өлімнің салып жүгенін

Болғаниша табыт қу мола! [5, 10].

Жоғарыда берілген өлең 8 жолдан тұрады, 5 маркер қолданылады. ***Дариям бітіп, тартылып, кіргенше өлім қойнына, жылы жүрегім, өлімнің салып жүгенін, болғаниша табыт қу мола.*** Жол саны – 8. Мәтіннің синергетикалық коэффициенті – 0,60.

Жете алмайсың, сен неге асығасың?

Соққы көріп сен жиі басыласың.

Сезгендейсің... ол тұман маған бірақ,

Сен менен не құпия жасырасың?

Сотқар жүрек, соқтықпа әрнемеге!

Әбігерге түскенмен, ол келе ме?

Қайғының малынсаң да уына сен,

Қайырылып қамқоршы жан нәр бере ме?

Жүрегім неге... сонша көрсеқызар?

Сезе қалса, селт етіп көңіл бұзар.

Құмарлығы неге оның басылмайды?

Бір жапырақ ет жүрек неге ынтызар? [5, 71].

Ақынның «Жүрегім неге...» өлеңінде 4 маркер бар: сотқар жүрек, қайғының уы, жүрегім көрсеқызар, бір жапырақ ет жүрек. Жол саны – 12. Мұндағы синергетикалық коэффициенттің мәні – 0,33. Демек бұл жоғарыдағы өлеңге қарағанда синергетикалылығы төмен деуге болады.

Метафора кез келген халықтың ұлттық тілінің қоғамдық өмірімен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ол тілді байытады, көркейтеді, өзіндік ерекшелігімен, эстетикалық көркемдігін күшейтеді.

Қорытындылай келсек, Поэтикалық мәтіндерге зерттеу жүргізген Е.Ю.Муратованың пікірінше, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың механизмдеріне

жаңаша қарауға жол ашады. Лингвопоэтикада әркез зерттеушілердің бірқатар мәтінді қабылдау және түсіндіру үшін оның «күрделілігі, жеңілділігі, қиындығы» маңызды мәселелердің бірі болған. Синергетикалық талдау арқылы осындай мәселелерді шешуге мүмкіндік бере алады. Ғалымның анықтауынша: «Синергетикалық мәтін – бұл бірден байқалмайтын мағыналарды және мәтіншілік сызықтық емес (нелинейный) қатынастар мен үдерістердің жиынтығын білдіретін көп кодталған мәтін». Сондай-ақ Е.Муратова мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін мынадай формула енгізген: $СК = A/N$, мұндағы А – маркер саны, N – шумақ саны.

A/N қатынасы жоғары болса, соғұрлым мәтіннің синергетикалық күші жоғары болады. Осындай мыңдаған поэтикалық мәтіндерді зерттей отырып, мынадай тұжырымға келген: $СК = 0,25$ (яғни 4 шумақтағы бір маркер: $1/4 = 0,25$). Осылайша, **синергетикалық мәтін** – бұл мәтіннің 0,25 кем емес синергетикалық коэффициенті бар мәтін. Яғни Бұл коэффициент жоғары болған сайын мәтіннің синергетикалық сипаты күшті болады [4].

Синергетика – пәнаралық әдіс ретінде осы немесе басқа да өлшемдерді анықтауға, жаңа лингвистикалық зерттеулерді енгізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Чернавский Д.С. Синергетика и информация. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 288 с.
2. Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Синергетика и принципы коэволюции сложных систем // Проблемы общественного развития. – 1998. – № 3-4. – С. 3-6.
3. Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы, Қазақ ұлттық университеті, 2021. – 272 бет.
4. Муратова Е.Ю. Синергетический анализ поэтического текста // Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2012, №2.
5. М.Мақатаев шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. Құраст. Оразақын Асқар. 3-басылым – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. I-том: Өлеңдері мен дастандары. – 320 б.

Ұ.МҰРАТ

ҚазҰлтҚызПУ магистранты

А.С.МУРЗИНОВА

аға оқытушы, PhD

РЕАЛИЙ СӨЗДЕР – МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Андатпа. Бұл мақалада реалий сөздердің шығу тегі, алғашқы зерттелу кезеңдері, тіл біліміне пән ретінде ену тарихына шолу жасалынып, бірнеше ғалымдардың реалий сөздерге берген анықтамасы салыстырылып, реалий сөздердің мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытудағы рөлі, мәдениетаралық коммуникация кезінде туындайтын қиындықтар талқыланады. Қазіргі таңда тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне айналған реалий сөздердің басқа мәдениет өкілдерімен коммуникацияға түскен кездегі рөлі жан-жақты қарастырылады. Реалий сөздер деп белгілі бір халықтың материалды мәдениетіне, тарихи деректеріне тән тілдік мәдени бірліктер, бұл тілдік бірліктер басқа халықтың мәдениетінде көрініс таппайды. Коммуникация (қатысым) кезінде қарым-қатынас жасаушылар екі түрлі ұлт өкілдері болса, олардың таным болмысында өзіндік ерекшеліктер кездесетіні анық. Сондықтан, қазіргі таңда басқа да халықтардың салт-

санасын, дәстүрін, әдеп-ғұрпын, тұтас өзіндік ойлау ерекшеліктерін, таным түсінігін, материалды мәдениетін, ұлттық ерекшеліктерін білу заман талабына айналып отыр. Мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде мәдени «қақтығыс», яғни түсініспеушілік болмауы үшін тілдің реалий сөздерін білу қажет. Реалий сөздер – бұл тіларалық қатынас үшін пайдаланылатын жалғыз ғана тәсіл екенін және сол арқылы мәдениетаралық қарым-қатынастардың жақындайтынын білеміз.

Кілт сөздер: тіл, реалий сөздер, қарым-қатынас, мәдениет, ерекшеліктер

Аннотация. В данной статье проводится обзор происхождения реальных слов, первые этапы исследований, история их вхождения в языкознание как предмет, сравнивается определение реалий слов несколькими учеными, обсуждается роль реалий слов в развитии межкультурной коммуникации, трудности, возникающие при межкультурной коммуникации. В настоящее время всесторонне рассматривается роль реалий, ставших одной из актуальных проблем языкознания при вступлении в общение с представителями других культур. Реалии – это языковые культурные единицы, присущие материальной культуре, историческим данным конкретного народа, эти языковые единицы не отражаются в культуре другого народа. Если при общении (участии) собеседники являются представителями двух разных национальностей, то ясно, что в их познавательной природе имеются специфические черты. Поэтому в настоящее время знание обычаев, традиций, нравов других народов, особенностей целостного самосознания, понимания познания, материальной культуры, национальных особенностей становится современным требованием. При межкультурном общении необходимо знать реалии языка, чтобы не было культурного «конфликта», то есть недопонимания. Мы знаем, что реалии – это единственный подход, используемый для межъязыкового общения, и, таким образом, межкультурные отношения сближаются.

Ключевые слова: язык, слова реалии, общение, культура, особенности.

Abstract. This article reviews the origin of real words, the first stages of research, the history of their entry into linguistics as a subject, compares the definition of the realities of words by several scientists, discusses the role of the realities of words in the development of intercultural communication, difficulties encountered in intercultural communication. Currently, the role of realities, which have become one of the urgent problems of linguistics when entering into communication with representatives of other cultures, is comprehensively considered. Realities are linguistic cultural units inherent in the material culture, historical data of a particular people, these linguistic units are not reflected in the culture of another people. If the interlocutors are representatives of two different nationalities when communicating (participating), then it is clear that there are specific features in their cognitive nature. Therefore, at present, knowledge of customs, traditions, customs of other peoples, features of holistic self-awareness, understanding of cognition, material culture, national characteristics is becoming a modern requirement. In intercultural communication, it is necessary to know the realities of the language so that there is no cultural “conflict”, that is, misunderstanding. We know that reality is the only approach used for interlanguage communication, and thus intercultural relations are coming closer.

Keywords: language, real words, communication, culture, features

Тіл мәдениеттің маңызды категорияларының бірі, өйткені адамның дүниетанымы тіл арқылы қалыптасады және көрінеді. Дегенмен, тіл тек құрал ғана емес, ол адамның өмірлік тәжірибесін айқындайтын адамның қалыптасып, өмір сүретін ортасы. Тіпті, адам тілдің ішінде өмір сүріп, оның әсерін үнемі сезініп отырады деуге болады. Тіл тек адам әлемін және оның мәдениетін бейнелемейді. Тілдің ең маңызды қызметі – мәдениетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Міне,

сондықтан да тіл тұлғаны, ұлттық мінезді, халықты, ұлтты қалыптастыруда шешуші, маңызды рөл атқарады. ХХІ ғасыр кез келген халық, ел, ұлттар арасындағы халықаралық, мәдени, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық-саяси байланыстардың кеңейіп, мәдениетаралық қарым-қатынастардың дамып тұрған шағы. Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері мекендейтіні баршамызға мәлім. Осындай әртүрлі ұлттар мен халықтардың бір-бірімен еркін қатынас жасауы мәдени байланыстардың дамуына ықпал етеді. Мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде этно-мәдени өзгешеліктердің әсерінен адамдар арасында түсініспеушіліктер туындауы мүмкін. Осындай түсініспеушіліктердің болмауы үшін басқа да халықтардың мәдениетін білу бүгінгі заман талабы. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесі мамандарды – мәдениеттанушыларды, лингвисттерді, философтарды ғылыми қызығушылық тудыратын мәселелердің қатарына кіреді.

Мәдениет пен тіл сияқты құбылыстардың бір-бірімен тығыз байланысты екені даусыз. Тіл мен мәдениеттің ортақ нүктелері:

- Біріншіден, тіл де, мәдениет те адамның дүниетанымын көрсететін сана формалары;
- Екіншіден, олар тығыз өзара әрекеттесу арқылы өмір сүреді;
- Үшіншіден, бұл құбылыстардың тақырыбы әрқашан адам (жеке тұлға) немесе қоғам (қоғам) болып табылады;
- Төртіншіден, екі құбылыстың да тән белгілері-нормативтілік пен тарихизмге деген ұмтылыс;
- Бесіншіден, екі құбылыс бір жағынан үнемі өзгеріп отырады, екінші жағынан олар тұрақтылыққа, қол жеткізілгендердің шоғырлануына ұмтылады;
- Тіл мен мәдениет қарым-қатынас процестерімен (адамдардың қарым-қатынасы), адамның жеке басын, сондай-ақ жалпы қоғамды қалыптастырумен тығыз байланысты.

Көбінесе бір тілдің тілдік жүйелері басқа тілде баламасын таппай, аудармашылар мен зерттеушілерге әлеуетті қиындық тудырып, тілдік реалийлерді қалыптастырады. Ал, енді тіл білімінің бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселесіне айналып отырған реалий сөздердің шығу тегіне, тарихына шолу жасайық. Қазіргі ғылыми парадигмадағы «реалий» термині ерекше орын алады және зерттеушілер үшін өзекті мәселе болып табылады. Реалий сөздер тәуелсіз пән ретінде аударма теориясының пайда болуынан басталады. «Реалий» ұғымы латын тілінен «realis» сөзінен шыққан «шындық», «нақты», «заттық» деген мағынаны білдіреді [1]. ХХ ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап зерттеушілерді баламасыз лексика жүйесіндегі лингвистикалық реалийлердің маңыздылығы туралы сұрақ қызықтырды. Ең алдымен, реалий сөздерге берілген нақты анықтама жоқ, әр ғалым бұл ұғымға өзінше анықтама беретінін айтқым келеді. Мысалы, реалийді анықтауды ұсынған алғашқы лингвисттердің бірі – Л.Н. Соболев 1952 жылы қазіргі заманғы мағынада «реалий» терминін қолданады, ол «бұл басқа тілдерде жоқ ұлттық өмірден алынған сөздер, өйткені басқа елдерде бұл заттар мен құбылыстар жоқ» деп тұжырымдады [2, 283 б.]. Реалийлер үшін Г.В. Чернов негізінен баламасыз лексика ұғымын қолданады және А.Е.Супрун реалийді экзотикалық лексика ретінде қарастырады [3, 184 б.]. Е.М. Коломейцева мен М.Н. Макеева Л.С. Бархударовтың еңбектеріне сүйене отырып, баламасыз лексика ұғымын қолданады, оны басқа тілдің лексикалық бірліктері арасында толық немесе ішінара сәйкес келмейтін тілдердің бірінің лексикалық бірліктері ретінде түсіндіреді [4, 38 б.]. Е.М. Верещагин мен В.Г.Костомаров мазмұнын ешбір шет тіліндегі лексикалық бірліктермен салыстыруға келмейтін сөздерді баламасыз деп санау керек екенін көрсетеді [5, 80 б.]. Мұндай сөздер аударылмайды. Біздің ойымызша, болгар ғалымдары С.Влахов пен С. Флорин шындықтың ең толық анықтамасын береді: «Реалий – бұл бір халықтың өміріне (тұрмысына, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына) тән және екіншісіне жат объектілерді атайтын сөздер (және сөз тіркестері), олар ұлттық және тарихи бояудың тасымалдаушысы бола отырып, басқа тілдерде

нақты сәйкестіктері (баламалар) жоқ, сондықтан белгілі бір тәсілді қажет ететін жалпы негізде аударуға болмайды» [6, 47 б.].

С.И.Ожегов реалийдің «материалдық мәдениет объектісі, объективті дүние құбылысы, біртұтас объект, зат» сияқты концепциясын атап өтеді [7, 671 б.], яғни реалий сөздерді бейнелеу құралдарының ерекше категориясы, қоғамдық-мәдени өмірдің өзіндік фактісі ретінде сипаттайды. Г.Д.Томахин пікірінше, реалий – «белгілі бір ұлттар мен халықтарға ғана тән материалдық мәдениет объектілерінің, тарихи фактілердің атаулары, ұлттық және фольклорлық қаһармандардың, мифологиялық жаратылыстардың есімдері...» [8]. Осылайша, автор жалпы мәдени-тарихи ақпаратқа емес, мәдениеттің неғұрлым нақты элементтеріне: этнографиялық және фольклорлық ұғымдарға, жалқы есімдерге, эмоционалды экспрессивті реңктерге назар аудара отырып, «реалия» ұғымының мазмұнын кеңейтеді.

Кез келген құбылысты реалийге жатқызудың шешуші факторы олардың референттерінің ұлттық бояуы (түсі) болып табылады [8], оның көмегімен мәдениеттің ұлттық ерекшеліктері белгіленеді және белгілі бір реалияны берілген мәдени аймақтан тыс пайдалану мүмкін еместігі туындайды. Демек, реалийлер белгілі бір аймақтың мәдени, тарихи, саяси аспектілерін түсіну үшін оқырманға, сұхбаттасуға, аудармашыға қажетті фондық білімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде коммуниканттардың таным түсінігіндегі өзгешеліктер әлем бейнелерінің «қақтығысуына» әкелуі мүмкін. Мәдениетаралық қақтығыстардың пайда болу себептерінің ауқымы өте кең: мәдениетаралық қақтығыстың негізінде тілді жеткіліксіз білу және қарым-қатынас кезінде серіктесінді түсінбеу, тілдің материалдық мәдениетінің объектілері болып табылатын реалий сөздерді жетік білмеу. Осындай мәдениетаралық «қақтығыстарға» төменде бір мысал келтірейік.

Мысалы, мынадай жағдайды елестетіп көріңіз: Сізден уақытыңызды қалай өткізгеніңізді сұрайды, ал сіз бас бармағыңызды жоғары көтеріп қимылымен жауап бересіз. Белоруссияда және басқа посткеңестік елдерде және Ұлыбританияда немесе АҚШ-та сізді дұрыс түсінеді: яғни, бәрі керемет! деп қабылдайды. Бірақ Грецияда немесе Иранда бұл қимыл қорлау ретінде қабылданады. Гректер оны қалай «үндеме» деп түсінеді, ал ирандықтар тіпті жұдырықтасуы мүмкін. Олар үшін бұл «мынаның (яғни, бас бармақтың) үстіне отыр» дегенді білдіреді. Сондай-ақ, танымал «ОК» сөзін барлығымыз қолданамыз, оны сіз қимылымен – бас бармақ пен сұқ саусақты қосып, шеңбер түрінде біріктіріп көрсеттіңіз деп елестетейік. Бұл халықаралық белгіні су астындағы сүңгуірлер олардың жақсы екенін хабарлау үшін кеңінен қолданады. Ал АҚШ-та ол әдеттегі күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылады. Бірақ, егер сіз оны Бразилияда немесе Түркияда әңгімелесушіге көрсетсеңіз, ол сіз оны дененің ұятсыз бөлігімен салыстырып жатырсыз деп ойлауы мүмкін. [9, 35 б.]. Міне, осындай мәдениеттер өзгешелігін айта берсек, мысал көп. Мұндай жағдайлар қазіргі күнде де өте көп кездеседі. Мәдениетаралық өзгешеліктердің арты үлкен «қақтығысқа» да ұласып жатады. Бұндай түсініспеушіліктерді болдырмау үшін, серіктесінді дұрыс түсіну үшін ол елдің мәдениетімен, ұлттық ерекшеліктерімен, тұтас менталдық ойлау жүйесімен таныс болу керек. Сондай-ақ, тілдің реалийлерін, сөздің мағыналарын, халықтың ұлттық құндылықтарын білу қажет.

Қорытынды

Сонымен, лингвистикада, аударматануда және лингвоаймақтануда реалийлік деп зерттеліп отырған тілдің өлкесінің мәдениетіне, тұрмысына, тарихына, шаруашылығына қатысты заттар мен құбылыстарды білдіретін, басқа тілдерде баламасы жоқ, ұлттық бояуға ішінара немесе толығымен тәуелді сөздер мен сөз тіркестерін айтамыз. Сондықтан, қазіргі білім ғылымның, мә-

дениетаралық қатынастардың қарқындап дамуы белгілі бір елдің тарихын, тарихи және саяси қызметтің маңызды оқиғаларын, әдебиетін, өнерін, музыкасын, фольклорын білу заман талабы. Яғни, қорыта келгенде реалия сөздер – бұл тілдер аралық қатынас үшін пайдаланылатын жалғыз ғана тәсіл. Оның негізі мақсаты – әр түрлі тілдерде сөйлейтін кісілердің қатынасын максималды түрде бір тіл ширегінде сөйлейтіндей ету. Тіл білімінде, аударматануда, мәдениетаралық коммуникацияда реалия сөздердің маңызы өте зор, сондықтан оларды қолдану әлі де зерттелуде. Олар белгілі бір халықтың өмірін түсінуге көмектеседі. Реалия сөздер өте ерекше тілдік бірліктер, сонымен бірге кез келген тілдің лексикалық жүйесінің өте күрделі және екіұшты категориясы.

Әдебиеттер

1. *Турсунов, Ф.М.* Реалии – специфическая составляющая безэквивалентной лексики [Электронный ресурс] / Ф. М. Турсунов. – Душанбе, 2016. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/realii-spetsificheskayasostavlyayuschaya-bezekvivalentnoy-leksiki> – Название с титул. экрана.
2. *Соболев Л.Н.* Пособие по переводу с русского языка на французский / Л. Н. Соболев. – Москва, 1952. – 298 с.
3. *Вернигорова В.А.* Перевод реалий как объекта межкультурной коммуникации // Молодой учёный. 2010. № 3 (14). – С. 184-186.
4. *Коломейцева Е.М.* Лексические проблемы перевода с английского языка на русский: Учеб. пособие / Е.М. Коломейцева, М.Н. Макеева. – Тамбов, 2004. – 92 с.
5. *Верещагин Е.М.* Язык и культура. Три лингвострановедческие концепции: лексического фона, рече-поведенческих тактик и сапиентемы; Под ред. Ю.С. Степанова / Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров. М.: «Индрик», 2005. – 1040 с.
6. *Влахов С., Флорин С.* Непереводимое в переводе. – М., 1986.
7. *Ожегов, С.И.* Толковый словарь русского языка / С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. – Москва, 200. – 944 с.
8. *Томахин, Г.Д.* Реалии в языке и культуре. Реалия-предмет и реалияслово / Г. Д. Томахин // Метод. мозаика. – № 8. – Москва, 2007. – С. 20-28.
9. Психология общения. – М.: Дрофа.

Д.У. САРСЕНОВА

доцент кафедры Русский язык и литература КУ имени Коркыт ата

С.Е. АЙТМУХАНОВА

Учитель русского языка и литературы школы-лицея №36 имени А.Тажимаева

Кызылординской области

ИМЯ НАРЕЧЕНИЕ – КУЛЬТУРНОЕ БОГАТСТВО НАКОПЛЕННОЕ ВЕКАМИ

Аннотация: Казахский народ издавна придавал большое значение имянаречению, считая имя своеобразным идентификационным кодом, от которого может зависеть судьба человека. В статье определяется частотность современных имён девочек в конкретном регионе и определяется их значение.

Ключевые слова: имя, знак, сила, мистическая сила, судьба.

Аңдатпа: Қазақ халқы ежелден ат қоюға үлкен мән берген, есімді адам тағдыры соған байланысты болатын сәйкестендіру кодының бір түрі ретінде қарастырған. Мақалада белгілі бір аймақтағы қыздардың қазіргі атауларының жиілігі анықталады және олардың мағынасы анықталады.

Кілт сөздер: есім, белгі, күдірет, тылсым күш, тағдыр.

Annotation: The Kazakh people have long attached great importance to naming, considering the name as a kind of identification code, on which the fate of a person may depend. The article determines the frequency of modern names of girls in a particular region and determines their meaning.

Keywords: name, sign, power, mystical power, fate.

Современный этап развития мирового языкознания определил особую значимость антропоники как науки, изучающей только именованья людей, так как их изучение способствует не только разгадке тайн прошлого, но и дает ценный материал для выяснения целого ряда сложных вопросов истории языка, развития самого народа, вопросов этнографии, социологии, психологии, астрологии и других смежных наук [1].

«Имя человека является одним из первых знаков судьбы, данного ему при рождении в качестве путеводного сигнала, постоянного и настойчивого, остающегося с человеком на протяжении всей его жизни», – писал легендарный сын казахского народа Бауыржан Момышулы.

Самой главной радостью для родителей всегда было и остается рождение ребенка. Поэтому новорожденный всегда воспринимается как начало всех начал.

Рай этой жизни для родителей,

Весь смысл мира,

Вся сладость его –

Рождение ребенка твоего.

Так казахский народный поэт-импровизатор Майлыхожа выразил стихами отношение казахов к детям [2].

Имя человека – это то, что он получает при рождении и с чем живет всю свою жизнь. Оно важно в различных социальных и коммуникативных ситуациях, имя помогает нам общаться, утверждаться, фиксироваться.

Для нас имя – это своего рода социальный идентификационный код, то есть имена выполняют важные социальную и юридическую функции – идентификацию личности в обществе, дающие возможность войти в различные социальные институты [3].

В различных ситуациях мы пользуемся именем, не думая о его значении и форме. К сожалению, многие не сразу могут ответить на вопрос о том, что означает его имя, кто и почему дали именно такое имя, и только тогда задумываются над его значением и историей. Поэтому эта тема актуальна во все времена, пока существует род человеческий в этой, как сказал Шекспир, «земной суете».

В настоящее время родители при наречении детей порой не задумываются над его значением и не учитывают, что имя данное девочке при рождении, не только формирует ее сознание, вырабатывает у нее характер и привычки, но еще в той или иной степени влияет на ее жизненный путь и даже судьбу.

Значимость имени собственного в процессе международной интеграции и глобализации также важный фактор, обуславливающий ответственность близких при имя наречении рожденного младенца.

Познание самого себя начинается с познания своего имени. Надо дать ребенку такое имя, которое не будет представлять ему трудностей, а наоборот, поможет гармонично развиваться. Необходим осознанный подход к выбору имени.

Имя девочки – это ее талисман, который отражает красоту души и тела женщины, жены и матери.

Давая имя своей малышке, родители как бы передают ей некое послание, в котором отражены ее будущие жизненные устремления, основы черт характера, отличительные особенности нрава и даже поведения, также в какой-то части и судьба в целом.

Важно не только его значение, но и звучание, поэтому родители в силу своих знаний и представлений «дают своим дочерям благозвучные, модные на этот период имена» [4].

Для определения современных тенденций в имяназвании девочек нашего небольшого посёлка нами были собраны и проанализированы имена девочек школьного контингента, то есть 11-ого, 9-ого, 5-ого и 1-ого классов школы-лицея №36 имени А. Тажибаева, и имена девочек, родившихся с 1-ого января по 15-ое сентября 2022 года в Сырдарьинском районе Кызылординской области, где мы проживаем.

Таблица 1

Наиболее частотные и редкие имена

Контингент	Количество исследуемых	Количество имен	Наиболее частотные имена	Редкие имена
11 класс	28	25	Аружан (3) Аяулым (2)	Динарида, Жанель Аруна
9 класс	39	36	Айым (3) Жансулу (2)	Шахризада Шакиза Нурифат
5 класс	63	49	Айару (8) Каусар (3) Еркеназ (3) Акбота (2) Жания (2) Нурай (2)	Адина Адель Жанетта Алина Алмазия
1 класс	47	35	Айару (5) Айзере (5) Айша (3) Амина (3)	Элина Зайнаб Арина
2022 года рождения	185	128	Медина (9) Айлин (7) Томирис (5) Раяна (5) Аянат (5) Сафия (5) Айзере (4) Шахназ (4) Айкоркем (4) Адина (3) Инжу (3) Аяна (3) Аруназ (2) Аяулым (2) Жасмин (2) Азиза (2) Айару (2) Гулим (2) Нурила (2) Нурханым (2) Айганым (2) Айым (2) Каусар (2) Зере (2)	Азима Шахкерим Даяна Жанайым Данелия Айсафи Ясина Айя-Сафия Ай-Бибі Ильфира Нур-Бегім

Как видно из таблицы, наиболее популярными в последние годы являются такие имена как Медина, Айлин, Раяна, Сафия, Айару, Айзере, Томирис, Аянат, Шахназ, Айкоркем. К редким именам можно отнести такие имена как Динарида, Аруна, Адина, Адель, Алмазия, Азима, Данелия, Жанайым, Айсафи и Ильфира.

Встречаются двойные женские имена, пишущиеся через дефис: Айя-Сафия, Ай-Бибі, Нұр-Бегім.

Остановимся на значениях наиболее частотных имен 2022 года.

Имя Медина арабского происхождения и означает «город». Такое наименование городов и населенных пунктов можно встретить Северной Африке, а также в Марокко, Алжире, Тунисе и Ливии. Для людей, исповедующих ислам, город «Медина» занимает второе место после священной Мекки. Город стали именовать «Городом пророка» после наплыва мусульманских паломников. До этого момента город «Медина» именовался «Ясриб». Многие связывают «Медина» имя со святыней, поэтому оно трактуется еще «священное городище», «город проповедника единобожия», «город пророка».

Что означает имя «Медина» в других культурах?

В Западной Европе это женское имя тоже довольно распространено, но оно никак не связано с мусульманами. За Рубежом оно популярно из-за красивого звучания. Есть версия, что в Европе женская вариация имени появилась от мужского «Маден». Переводится мужское имя как «счастливчик».

Удивительное женское имя Айлин одинаково гармонично звучит в европейской и восточной культурах. Его обладательниц отличает особое обаяние, нежность и утонченность. Каков характер юной Айлин, как пройдет ее детство и какая судьба ждет взрослую женщину с этим именем? Происхождение и значение имени Айлин.

Споры о происхождении имени Айлин не утихают до сих пор, ведь в нем есть как тюркские, так и ирландско-шотландские корни. Какая версия звучит более правдоподобно и что значит это редкое имя? Какое происхождение имени Айлин? В ономастике рассматривают несколько версий о происхождении этого женского имени. Его корни ищут в английской и тюркской культуре. Если считать, что Айлин – это мусульманское имя, то не удивительно, что оно вошло в сборник «Мусульманские имена». Айлин – популярное казахское имя. Оно относится к именам, заимствованным из других культур, как утверждает антропонимика.

Согласно отчету Министерства юстиции Республики Казахстан, имя Айлин входит в топ самых популярных женских имен последних лет [5].

Если же рассматривать вторую версию происхождения имени, то Айлин – это сокращенный или видоизмененный вариант имени Хелен, Эвелин или Авель. Последнее имя древнееврейское, то есть эти корни есть и у имени Айлин.

Что же означает имя Айлин? Оно состоит из двух слов: «ай» переводят как «Луна» или «вдохновение», а «лин» означает «свет». Проще говоря, имя переводится как «лунный свет», «свет Луны», «вдохновенное сияние». Это один из вариантов трактовки, в котором учитывают тюркское происхождение имени. Согласно второй версии, Айлин — это производное от Хелен (Елена). Шотландцы, ирландцы и британцы переводят это имя как «светлая». Нумерология приписывает имени общность с числом пять. Люди-пятерки свободные, не терпящие ограничений, талантливые и живые. Они предпочитают творческие профессии, стремятся увидеть мир, влюбчивые и очаровательные. Айлин находится под покровительством Меркурия и Марса, любит красный цвет. Имя Айлин соответствует по значению с исконно казахским именем Айнур, а произносится мелодичнее и благозвучно.

Значение имени Раяна

Происхождение имени (арабское, персидское (тюркское), мусульманское, ирландское, английское)

Имя Раяна считается многокультурным именем, поскольку его можно встретить и у мусульман, и у европейцев (англичан и ирландцев). Есть разные версии толкования этого имени:

У арабов существовало мужское имя «Раян», которое позже преобразовалось в женское – «Раяна». Арабский перевод имени «Раяна» означает «сочная», «плодоносная».

С тюркского языка дается значение – «плодоносная», «прямая» и «развитая». С шотландского (гэльского) – означает «вода» или «струя».

Что означает имя Раяна?

Среди мусульман ценится и женская, и мужская вариация имени, поскольку в исламе дверь в рай называется Ар-Райян. Ее могут открыть только праведные мусульмане, которые постятся в священный месяц Рамадан.

В Англии считается, что женская форма имени образовалась от мужского «Райан» – «царственный».

С ирландского это имя переводится тоже как «царственная», «королевская». Чаще встречается версия перевода – «принцесса». Раньше в Великобритании и Ирландии мужская форма имени «Райан» была довольно распространена среди правителей. Высокопоставленные чины нарекали своих дочерей женской версией – Райана.


Таблица 2

Исконно казахские и иноязычные имена

Происхождение имен	11 класс	9 класс	5 класс	1 класс	2022 г.р.
Исконно казахские	92,9%(26)	92,3%(36)	85,7%(54)	85,1%(40)	66,1%(122)
Иноязычные	7,1%(2)	7,7%(3)	14,3%(9)	14,9%(7)	33,9%(63)

В ходе исследования было выявлено, что основной фонд женского именника выбранного контингента составляют исконно казахские имена, но неоспорим тот факт, что с каждым годом растет количество женских имен иноязычного происхождения. В частности, среди девочек, родившихся в 2022 году заметно увеличилось количество иноязычных имен, в частности арабского (мусульманского) происхождения.

Диаграмма 1.



Нами также были собраны и проанализированы имена 362 девочек. Как видим, имена собственные быстро реагируют на общественные изменения и чрезвычайно подвержены влиянию моды.

По данным Бюро национальной статистики и АСПиР в первом полугодии 2022 года в Казахстане родилось 96188 девочек, и самым современным и красивым именем казахстанские родители считают имя Айша – 3056 родителей назвали этим именем своих дочерей. На втором месте имя Медина (2869) и замыкает тройку лидеров имя Амина (2222). В десятку популярных имен вошли также Айлин (2216), Раяна (1964), Асылым (1962), Томирис (1660), Сафия (1496), Аяла (1490), Айзере (1364), Айым (1240).

В целом, на основе проанализированного материала нам удалось выделить в современном женском имянаречении следующие тенденции:

- основной фонд именника составляют исконно казахские имена;
- наблюдается значительный рост мусульманских имен в связи с широким распространением и принятием ислама, особенно молодежью;
- растет количество иноязычных имен, ставших интернациональными;
- наблюдается наречение новорожденных двойным именем;
- предпочтение в имянаречении отдают благозвучным и модным именам;
- исчезновение одних имен и включение в именник «новых», модных имен является показателем обновления женского именника.

Литература

1. *Ермолович Д.И.* Имена собственные: Теория и практика межъязыковой передачи / Изд. «Р.Валент» Россия, 2005. – 416 стр.
2. *Оспан Бердалы Әсілханұлы.* Есімдер: Сақтардан қазақтарға дейін / – Алматы: «Асыл сөз» баспасы, 2019. – 744 бет.
3. *Лосев А.Ф.* Вещь и имя / Санкт-Петербург: Изд-во Олега Абышко, 2016. – 573 стр.
4. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 552 бет.

Ж.Б.САТКЕНОВА

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
Филология ғылымдарының кандидаты*

Б.И. ӘБДІЛЛА

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты

УАҚЫТҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ АҚТ-НЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі уақытқа негізделген фразеологизмдерді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесі сөз болады. Білім беруде жаңа заманауи технологияларды ұтымды қолдану – заман талабы. Білім беру саласы қашан да сапалы өзгерістер мен инновациялық технологияларды қажет етеді. Жас ұрпақтың жаңаша деңгейде ойлануына, дүниежүзілік сапа деңгейіндегі білім негіздерін меңгеруіне септігін тигізетін жаңаша білім мазмұнын қалыптастыру білім беру саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі. Сол себептен, ЖОО-дары сапалы өзгерістерді қалыптастыра отырып, заман талабына сай білім беруі тиіс. Заман талабына сай ұлттық санасы жетілген жаңаша ұрпақ тәрбиелеу аса маңызды. Бүгінгі білім беру жүйесінде де заманауи әдіс-тәсілдер, технологияларды пайдалану оң нәтиже беріп жүр. Кез келген тақырыпты түсіндіруде, студенттің назарын өзіне аударуда, тақырыпты жеңіл түсінуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану өте тиімді. Лингвистика саласындағы өзекті мәселелердің бірі – когнитивті лингвистика. Яғни, тілді танымдық тұрғыдан

зерттеу мәселесі. Аталмыш бағыттың негізгі ұғымдарының бірі – концепт. Соның ішінде «уақыт» концептісінің тілдік сипатын аша отырып, оның фразеологизмдердегі көрінісін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып оқыту мақаламыздың өзектілігі болып табылады.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, әдіс-тәсілдер, білім беру, уақыт, фразеологизмдер, педагогика, компьютердендірілген оқыту.

Аннотация. В статье речь идет об использовании информационно-коммуникационных технологий при изучении фразеологизмов казахского языка, основанных на времени. Рациональное использование новых современных технологий в образовании – требование времени. Сфера образования всегда нуждается в качественных изменениях и инновационных технологиях. Формирование нового содержания образования, способствующего созерцанию подрастающего поколения на новом уровне, овладению основами знаний мирового уровня качества, является одной из самых актуальных проблем в сфере образования. Поэтому ВУЗы должны обучаться в соответствии с современными требованиями, формируя качественные изменения. Важно воспитывать новое поколение со зрелым национальным сознанием. В сегодняшней системе образования положительные результаты дает использование современных методов и приемов, технологий. Очень эффективно использовать информационно-коммуникационные технологии в интерпретации любой темы, в привлечении внимания студента, в легком понимании темы. Одной из актуальных проблем в области лингвистики является когнитивная лингвистика. То есть проблема изучения языка с когнитивной точки зрения. Одним из основных понятий данного направления является концепт. В том числе актуальностью нашей статьи является изучение языкового характера концепта «время», его проявления во фразеологизмах с использованием информационно-коммуникационных технологий.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, методы, образование, время, фразеология, педагогика, компьютерное обучение.

Abstract:

The article deals with the use of information and communication technologies in the study of phraseological units of the Kazakh language based on time. Rational use of new modern technologies in education is a requirement of the time. The field of education always needs qualitative changes and innovative technologies. The formation of a new content of education that promotes the contemplation of the younger generation at a new level, mastering the basics of world-class knowledge of quality, is one of the most pressing problems in the field of education. Therefore, universities should study in accordance with modern requirements, forming qualitative changes. It is important to educate a new generation with a mature national consciousness. In today's education system, the use of modern methods and techniques, technologies gives positive results. It is very effective to use information and communication technologies in the interpretation of any topic, in attracting the student's attention, in an easy understanding of the topic. One of the urgent problems in the field of linguistics is cognitive linguistics. That is, the problem of learning a language from a cognitive point of view. One of the main concepts of this direction is the concept. In particular, the relevance of our article is the study of the linguistic nature of the concept of «time», its manifestations in phraseological units using information and communication technologies.

Keywords: information and communication technologies, methods, education, time, phraseology, pedagogy, computer training.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жаңа реформалар, жаңа технологиялар мен креативті идеялар жыл сайын қарыштап дамып келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа

технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Заманауи технологиялар білім беру барысында компьютерді пайдалануға, электрондық оқулықтар мен интерактивті тақтаны қолдануға, ғаламтор арқылы жұмыс істеуге бағытталады. ХХІ ғасыр озық технологиялар ғасыры болғандықтан, әр адам үшін компьютерлік сауаттылық маңызды. Заманауи технологияларды пайдалана отырып білім берудегі басты мақсат – студентті бүгінгі қоғам сұранысына сәйкес компьютерлік бағдарламаларды оңтайлы пайдалана алатындай шәкірт тәрбиелеу.

Оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы – инновациялық технологияларды тақырыпты түсіндіруде, семинар барысында пайдалану. «Инновация» латын тілінен тәржімалағанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді. Демек, инновация – жаңалыққа талпыну, яғни білім, тәрбие беру ісіне жаңалық енгізу, жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңа техникалық құралдарды қолдану. Ж.Аймауытұлының «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», – деуі бекер емес [1, 85]. Түптеп келгенде, білім беру жүйесінде жаңашыл идеяларды ойлап табу, оны іс жүзінде қолдану, үйрену, өзгелерге үйрету «инновация» деп ұғынылады. Білім беруде әдіс-тәсілдерді үнемі жетілдіру арқылы студенттердің белсенділігін арттырып, қызығушылығын оята аламыз.

«Инновация» ұғымына қатысты шетелдік ғалымдар жан-жақты анықтама берген. Э.Раджерс: «Инновация – адам санасында пайда болатын жаңа идея» десе, Майлс: «Инновация – жаңа бағытқа қарай өзгеріс» деп көрсетеді [2, 69]. Бұл ұғым педагогика саласында ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында қолданысқа түскен. Қазақстанда «инновация» ұғымына ең алғашқылардың бірі болып анықтама берген – Н.Нұрахметов. Ғалым былайша анықтама береді: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» [3, 17].

К.Д.Ушинский: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», – деп тұшымды пікір білдірген. Ресей педагогінің бұл сөзін ескерер болсақ, егер әр педагог білім деңгейін үнемі дамытып, бұрынғы дәстүрлі бағыттағы сабақтардан гөрі, қазіргі заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беруде жүзеге асырса, семинар сабағы да ерекше тартымды, тиімді, озық болары анық.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – білім беру үдерісінің ауқымын кеңейтіп, іс-жүзіндегі практикалық әлеуетін дамыта түседі, студенттердің белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Орыс ғалымы Л.В.Зенков «Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану – білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы», – деп көрсетеді. Демек, ақпараттық-коммуникациялық технологияның басты көздейтін мақсаты – ғылым мен тәжірибенің жоғары деңгейлі жетістіктерінің негізінде әр студенттің туа біткен дарынын аша түсу, берілген ақпарат көздерінен пайдаға жарарлық керегін ала отырып, өздігінен әрекет қылуға ықпал ету, креативтілігін жетілдіру.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Г.Б.Корнетов педагогикалық өткенді бүгінгі күннің талабына сай түзетуге болатындығын айтады. Ғалымның сөзіндегі «бүгінгі күннің талабы» деп отырғанымыз, қазіргі таңда өзекті болып отырған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Отандық білім беру жүйесін жаңғыртудағы бірден-бір әсер етуші фактор деп осыны айтуға болады.

Бүгінгі зерттеуімізде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, «уақыт» концептісін, соның ішінде уақытқа негізделген фразеологизмдерді оқыту мәселесін қарастырамыз. Бұл тұста когнитивтік лингвистиканың да алар орны ерекше. Когнитивтік лингвистика тілдегі көріністі адам санасындағы таным ұғымымен байланыстыру, яғни тілді антропологиялық бағытта қарастыру [4, 51].

Когнитивтік құрылымның басты бөліктерінің бірі – концепт. Ғалым Ж.Манкеева былайша анықтама береді: «Концепт – жалпы әлем туралы білім жүйесінің бір бөлшегі, үзіндісі, яғни индивидтің объективті шындық туралы өз танымындағы тірек ұғымдары, білетіні, ойлайтыны, елестететіні» [5, 44]. Ал Г.Г.Молчанованың пікірінше, концепт адамның менталды дүниесіндегі мәдениеттің басты ұясы және ол ассоциацияларды қамтиды.

Көптеген зерттеуші-ғалымдар концептіні мәдениетпен байланыстыра отырып қарастырады. Концептінің қандай да бір мәдениетпен тығыз байланысты болуы – оның негізгі қасиеттерінің бірі. Өз кезегінде, мәдениет өзін туындатқан халықпен біте қайнаса отырып, әлемдік деңгейдегі ұғымдардың қалыптасуына ықпал етеді. Түптеп келгенде, мұндай ұғымдар ұлттық дүниетаным, мәдениет негізінде пайда болады. Тілімізде әдеби-мәдени, рухани құндылықтарды көрсететін тілдік бірліктер жетерлік. Мұндай құндылықтардың қатарында тамырын сан ғасырлық тарихтан алатын фразеологизмдеріміз бар. Біз нысанаға алып отырған уақытқа негізделген фразеологиялық тіркестерді де тілімізде көптеп ұшырастыруға болады.

Қазақ дүниетанымында уақыт аса маңызды рөл атқарады. Кезінде бүгінгі күні кең қолданысқа ие метрикалық өлшем атаулары, яғни, сағат, минут, секунд, жыл, ай, күн сынды сөздер қолданысқа ие болмаған. Десе де, дене мүшелерін білдіретін атауларды қолдану арқылы шамалап отырған. Мәселен, бүгінгі күнгі секунд ұғымын білдіру үшін қас пен көздің арасында, көзді ашып жұмғанша сынды тұрақты тіркестерді қолданған. Төмендегі кестеде секундтың, минуттың, сағаттың кезінде қалай қолданыста болғандығы көрсетілді. Сондай-ақ, уақытқа негізделген мұндай фразеологизмдер бүгінгі күні қандай уақыт аралығын білдіретіндігі шамалап көрсетілді.

секунд	минут	сағат
қас пен көздің арасында	сүт пісірім – 10-15 минут	ет пісірім – 2-3 сағат
көзді ашып жұмғанша	шай қайнатым – 20-30 минут	ет асым – 2-3 сағат
қас қағым		бие сауым – 1,5-2 сағат
ә дегенше		бір тәулік – 24 сағат

Ұлтымыз уақытқа қатысты өздерінше болжап, әрқайсысына өзіндік атауларын ұсынған. Яғни, уақытты арнайы сағатпен нақтылап, өлшемесе де шамалап болжап отырған. Мәселен, минутқа қатысты бие сауым, сүт пісірім, шай қайнатым сынды тұрақты тіркестерді қолданған. Тілімізде мұндай фразеологизмдердің қалыптасуына түрткі болатын ұйытқы сөздер де бар. Қазақ тіл біліміндегі қолданысқа ие бірнеше тұрақты тіркестердің қалыптасуына ықпал жасайтын мұндай сөздерді жүйелей келе мынадай топтарға бөліп қарастырамыз:

1. Алғашқы түрі **төрт-түлік атауларының** ұйытқы болуымен жасалған уақытқа негізделген фразеологизмдер. Мысалы: *мал өрістен қайта, сиыр сауып жатқанда, бие сауым уақыт.*

2. Келесі түрін ғалым, филология ғылымдарының докторы Әсет Болғанбаевтың тілдегі сөздік қорды нығайтуда айрықша орын алатын соматизмдерге қатысты зерттеулерін басшылыққа ала отырып қарастырған жөн. Ғалым өз зерттеуінде анатомиялық атаулар сөздік қордың басым көпшілігін құрай отырып, бірнеше мағыналы, әрі туынды жаңа сөз жасауға икемді болып қана қоймай, фразеологизмдерді жасауда да актив қолданылатындығын айтады. Демек, мұндай өлшем атауларын соматизмдердің ұйытқы болуымен жасалған уақытқа негізделген фразеологизмдер деп атаймыз. Мұндай сөздерге ауыз, аяқ, көз, қас, қан, иек сынды сөздер жатады. Егер фразеологизмдердің құрамында дене мүшелерінің атаулары кездесетін болса, мұндай сөздер соматикалық фразеологизмдер деп аталады. Уақытқа негізделген тұрақты тіркестердің жасалуында да соматикалық атаулардың алатын орны ерекше. Мысалы:

КӨЗ: *көз ілеспеу, көзді ашып-жұмғанша, көз байланған кез, көзге түртсе көрінбейтін қараңғы // көзге түрткісіз қараңғы // көзге түртсе көргісіз қараңғы.*

АУЫЗ: *ауыз жиганша [жсмай жатып], [жсмай].*

АЯҚ / ҚОЛ: аяқ [табан] астынан, аяқ-қолы жерге тимеу.

ҚАС: қас қағымда, қас пен көздің арасында

ҚАБАҚ: қабақ қақпай [қақтырмай], қабақ [кірпік] қаққанша

3. Ыдыс-аяқ, тағам түрлері атауларының ұйытқы болуымен жасалған уақытқа негізделген фразеологизмдер. Мысалы: сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым.

І.Кеңесбаев «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты еңбегінде фразеологизмдерді қарастыра отырып, бірнеше тәулік кезеңдеріне қатысты атауларға тоқталады: таң атқанда, таң алагеуімде, таң себелеп атқанда, таң сыз бергенде және т.б. [6, 167 б.]. Ә.Болғанбаев та өз зерттеулерінде тәулік кезеңдері атауларын фразеологизмдердің қатарына жатқызады. Ғалым мынадай мысалдар келтіреді: *қас қағымда, қас пен көздің арасында, екінті мен ақшамның арасында, сүт пісірім, әне-міне дегенше, ел орынға отыра, іңір қараңғысында, құлқын сәріде, таң аппақ атқанда.*

Тілімізде уақытқа негізделген фразеологизмдердің қалыптасуына түрткі болатын ұйытқы сөздердің бірі – сан есімдер. Бұл жөнінде арнайы тоқталғандардың бірі – ғалым І.Кеңесбаев. Ғалымның айтуынша, фразеологизмдердің көпшілігі сан есімдердің айналасына топталып жүреді. Бұдан бөлек мұндай сөздердің қандай бір нәрсенің, құбылыстың символ ретінде қолданылатынын, ескі наным-сенімнің, түсініктің негізінде қалыптасқандығын жазады.

Мысалы, *екі кеіттің арасында* – апақ-сапақта, іңір қараңғысында, көз байланар-байланбаста.

Үш ұйықтаса ойға кірмеді // үш ұйықтаса түсіне енбеген [кірмеген] – солай болады деп күтпеген, ойламаған кезде.

Жеті қараңғы түн // жеті түн – тастай қараңғы түн, түн іші, беймезгіл уақыт.

Тіліміздегі уақытқа негізделген фразеологиялық тіркестердің қалыптасуына түрткі болған келесі ұйытқы сөздердің бірі – жан-жануар атаулары. Бұлай болуының себебін кезінде адамдардың жан-жануарлармен тығыз байланыста болуымен, аң аулауы нәтижесінде адам дүниетанымына, өзіндік көзқарастарының қалыптасуына ықпал етуімен байланыстыруымызға болады. Бұл тұста уақыт негізіндегі фразеологиялық тіркестер табиғат құбылыстарын салыстыра отырып, теңеу арқылы қалыптасқан [7, 109]. Мысалы: **ҚҰЛАН:** *құланның қасуына мылтықтың басылуы – сәті түскен шақ мағынасында, таң құлан иектегенде.*

Осындай тұрақты тіркестердің семантикасын студенттерге түсіндіруде – ақпараттық коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Яғни, біз уақытқа негізделген фразеологизмдерді компьютер тіліне енгіземіз. Бұл тұрғыда бірнеше ақпараттық-коммуникациялық технологияларды аңғардық. Мәселен, *Online Test Pad, Google test, Classroom, Kahoot, Plickers, ZipGrade, Quizlet, Class Dojo, Prezi, Survio.com, Padlet, Wordwall, Google Hangouts* сынды ақпараттық технологиялар уақытқа негізделген тұрақты тіркестерді оқытуда өте тиімді болып келеді. Аталмыш компьютерлік, интернет бағдарламалары тақырыпты түсінуді жеңілдетумен ғана шектелмейді, студенттердің функционалдық білімінің қалыптасуына да ықпал етеді.

Google test – сапалы түрде тест құрастыруға арналған бағдарлама. Уақытқа негізделген тұрақты тіркестерді оқытуда пайдалануға өте ыңғайлы. Мысалы, соматикалық атаулар ұйытқы болған уақытқа негізделген фразеологизмдерді табыңыз деген сынды сұрақтар қою арқылы сабақты қорыту мақсатында, студенттердің тақырыпты түсінген-түсінбегенін анықтау мақсатында құрастыруға болады.

Classroom – студенттермен белгілі бір мәселені талқылауға өте ыңғайлы бағдарлама. Яғни, бұл тұста проблемалық оқыту технологиясымен тығыз байланысты болып келеді. Мысалы, педагог уақытқа қатысты тұрақты тіркестер жазылған арнайы құжат дайындап, оны студенттерге ұсынады. Студенттер құжат ішінен уақытқа негізделген фразеологиялық тіркестер жазылған көрнекіліктерді семинар барысында пайдаланады. Демек, бұл жерде практика мен теорияны ұштастыра отырып білім деңгейлерін көтереді. Уақытқа қатысты фразеологизмдер жөнінде ауқымды түрде түсінік қалыптастырады.

Kahoot – қазіргі таңда өте танымал ақпараттық технология. Бұл бағдарламаны алғашқыда Норвегиялық университеттің студенттері ойлап тапқан екен. Kahoot ойын технологиясымен тығыз байланысты, яғни викторина түрінде жүзеге асады. Бұл бағдарламаны семинар барысында тақырыпты бекітуде қолданған өте тиімді.

Quizlet – жаңа сөздерді оқытуда кеңірек қолданылады. Бұл ақпараттық технологияны уақытқа негізделген фразеологизмдерді оқыту барысында да қолдануға болады. Мұндай тұрақты тіркестер тілімізде ежелден қалыптасқанымен, көпшілігі біле бермейтін, түсіне бермейтін уақытқа қатысты тұрақты тіркестер де жетерлік. Осындай сөздерді студенттерге үйретуде, меңгертуде бұл бағдарлама таптырмайтын мүмкіндік.

Google Hangouts – бұл, әсіресе, қашықтықтан оқытуда тақырыпты түсіндіруде өте ыңғайлы бағдарлама. Zoom бағдарламасына ұқсас болғанымен, функциялары өте ауқымды. Тақырыпты түсіндіруде ол функциялар өте тиімді болып келеді. Мәселен, «уақыт» концептісін, уақытқа негізделген фразеологизмдерді оқытуда экранды аудиториядағы тақта секілді пайдаланып, сол сәтте экранға жазу жазып, сызбалар сызып түсіндіру мүмкіндігі жоғары.

Тақырыпты тиімді түсіндіріп, сабақты пайдалы өткізу үшін, студенттердің тақырыпты түсінуге деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру үшін әр сабақты түрлендіріп отыру маңызды. Сондықтан тақырыпты игертуде ақпараттық-коммуникациялық, компьютерлік технологияларды пайдалана отырып оқыту аса тиімді болып келеді. Аталмыш технологияны тәжірибеде қолдануда студенттердің тақырыпты түсінуге деген қызығушылығын арттырып, ерекше ынтамен меңгеруге ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы студенттер жаңашылдыққа ұмтылады. Тақырыпты түсінуге деген ынтасын арттырып қана қоймай, сабақ барысында жағымды ахуал қалыптасырады.

Қазақ тілі мен әдебиеті оқыту әдістемесінің негізін қалаушылардың бірі, ғалым әрі ағартушы А.Байтұрсынұлы: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Әдіс керектіктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы не жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Әдістің де озығы бар, тозығы бар, әрбір ұлт тіліне лайықты-лайықсызы бар, қолайлысын таңдап алу күрделі іс», – дейді. Ғалымның бұл сөзі әлі күнге дейін білім саласында өте өзекті. Кез келген педагог ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қажеттілікке сәйкес ұтымды түрде, тиімді түрде қолданғанда нақты бір оң нәтижеге жете алады.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық технологиялар жаңа тақырыпты түсіндіруде, оны студенттердің қабылдауында өте тиімді болып келеді. Студенттерге ұсынылған дидактикалық тапсырмаларды логикалық тұрғыда ойлана отырып орындауға итермелейді. Нәтижесінде студенттің шығармашылық ойлау қабілеті дамиды. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың арқасында студенттердің сөздік қоры мен танымы да кеңейеді. Сондықтан да уақытқа негізделген фразеологизмдерді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі маңызды.

Әдебиеттер

1. *Аймауытұлы Ж.* Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 147 б.
2. *Арысбаева З.* Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі. – 2007, №1. – 81 б.
3. *Жүнісбек Ә.* Жаңа технология негізі – сапалы білім. // Қазақстан мектебі. – 2008, №4. – 82 б.
4. *Маслова В.А.* Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2007. – 296 с.
5. *Манкеева Ж.* Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2001, №4. – 112 б.
6. *Кеңесбаев І.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 608 б.
7. *Сарышова К.С.* Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер. филол. ғыл. канд. дисс. – Қызылорда. – 2006. – 221 б.

А.И.СЕЙТИМОВА

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Е.Е.ТҮЙТЕ

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ЖЫРТҚЫШ ҚҰС АТАУЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН КЕЙБІР ТІЛДІК ҰҒЫМДАР

Аңдатпа. Құсбегілік сонау ықылым заманнан бері туған халқымызбен бірге жасасып, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан Ұлы дала мәдениетінің ішіндегі төл өнеріміз болып саналады. Оның екі мың жылдан астам бай тарихы бар. Оған тастағы таңбалар, жазулар, белгілер және археологтарымыздың жер астынан тапқан әртүрлі бұйымдары куә. Мақалада құсбегілік атауларына байланысты сөздердің тілдік ерекшеліктері қарастырылған. Қазақ халқының ментальдық ерекшеліктерінен ақпарат беретін тілдік бірліктер – құсбегілікке қатысты атаулардың жалпыадамзат мәдениетінің бір бөлшегі ретінде, халықтың өзіне ғана тән тұрмыстіршілігінен хабар беретіні жайлы сөз болады. Аңшылық, саятшылыққа қатысты тілдік бірліктердің қолданылу аясы қарастырылып, мысалдармен дәлелденеді. Құс атауларына, құсбегілікке байланысты көптеген сөздердің анықтамасы мен шығу төркініне қатысты мәліметтер беріледі. Сонымен қатар олардың түр-сипаты, қимыл-қозғалысы сипаттала отырып, аң-құс жөніндегі тотемдік түсініктерге талдау жасалынады. Мақаланы жазу барымсында құсбегілікке қатысты отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері, олардың танымдық негізін айқындауда тілші ғалымдардың зерттеулері пайдаланылды. Құсбегілікке қатысты лексиканың өзіндік ерекшеліктерін көрсету мақсатында ұлттық салт-дәстүрге негізделген жинақтар, көркем әдебиеттер дереккөз ретінде пайдаланылды.

Түйін сөздер: теңеу, тілдік бірліктер, құсбегілік, аңшылық, саятшылық, бүркіт, саят, фольклор.

Резюме. Искусство обучения ловчих птиц охоте считается нашим родным искусством в культуре Великой степи, которое создавалось вместе с нашим народом с древних времен и продолжается по сей день передаваясь от отца к сыну, из поколения в поколение. Он имеет богатую историю, которая насчитывает более двух тысяч лет. Об этом свидетельствуют каменные знаки, надписи, символы и различные предметы, найденные под землей нашими археологами. В статье рассматриваются языковые особенности слов, связанных с названиями ловчих птиц. Также говорится о том, что языковые единицы, дающие информацию о ментальных особенностях казахского народа, имена, связанные с искусством обучения ловчих птиц, являются неотъемлемой частью общечеловеческой культуры, и очень точно информируют о жизни народа. Рассмотрена и на примерах доказана сфера применения языковых единиц, связанных с охотой. Предоставляется информация об определении и происхождении многих слов, связанных с названиями птиц и наблюдением за птицами. При этом описываются их характеристики и движения, анализируются тотемные представления о животных и птицах. В процессе написания статьи использовались научные труды отечественных ученых, связанных с искусством обучения ловчих птиц, а для определения их познавательной основы были использованы исследования ученых-корреспондентов. В качестве источников использовались сборники, основанные на народных традициях, художественная литература, чтобы показать особенности лексики, связанной с искусством обучения ловчих птиц охоте.

Ключевые слова: сравнение, языковые единицы, искусство обучения ловчих птиц охоте, охота, орел, фольклор.

Annotation. The skill of hunting birds training is considered our native art in the Great Steppe Culture, which had been created and mastered by and along with our people since ancient times

and has been continuing to these days, being conveyed from father to son, from generation to generation. It has a rich history dated more than two thousand years. Stone signs, lettering, symbols and various objects found underground by our archaeologists evidence it. The article states the linguistic features of the vocabulary associated with the hunting birds names and designations. Also, the work explicates that language units, provided information about the mental characteristics of the Kazakh people; names, associated with the skill of hunting birds training, are an integral part of common heritage of mankind; and portray the people's life very precisely. The area of language units usage, related to hunting, is not only considered here, but also proved with examples. The information about origin, along with definitions of many words, related to bird and animal names and observation is considered in this work as well as their characteristics, modifications, totemic concepts. Working on this article and coming up with the ideas, I used the scientific works of our local scientists, related to the art of hunting birds training, and for the designation of their cognitive basis I used the researches of the scientists-correspondents. Elaborating my scientific paper I learned a myriad of literature, tutorials and scientific works based on folk traditions and fiction to show the vocabulary peculiarities associated with the art of hunting birds training.

Keywords: comparison, language units, the art of training birds of prey to hunt, hunting, eagle, folklore.

Аңшылық, саятшылық, құсбегілік жайындағы туындылар – алуан түрлі шығармалар ішіндегі ең байырғы да көне түрі. Мұнда сонау бағзы бір замандағы адамдардың тұрмыс халі, еңбегі, күнкөріс кәсібі суреттеледі. Әсіресе, өзін қоршаған жанды-жансыз дүниеге, оның жат сырлы өзгеше сипатына таңданып, табынудан туған ұғым-нанымдар мол. Соның ішінде небір тағы хайуандар мен аң-құс жөніндегі тотемдік түсініктерді, сол алғашқы дәуір адамдарының аңшылық әрекетінен қалған әдет-ғұрыптарды танып білуге болады. Хайуанат жайындағы ертегілерге ғалымдық терең талдау жасаған академик М.Әуезов: «Адамның өзінен өзге, жанды-жансыз дүниенің ішінде, ерте күннен ең көп араласатын ортасы – осы жан-жануар, неше алуан дос-қас хайуанат ортасы. Ол сан, сан сырлы, санап бітіргісіз жұмбағы көп, ерекшелігі, ерсілігі көп ең дүние. Есте жоқ ескі заманнан бері қарай адам сол жануар хайуанат дүниесімен әр күйде ойласу арқылы олардың алуан-алуан жаратылысы, мерзім-машығы, тірлік-тәсілі, өзгешеліктері туралы көп нәрсе білген таныған» – деп, аң-құс пен азамат өмірінің сабақтастығын ашып көрсеткен.

Аңшылық дәстүрі ерте кездегі адам баласына өзін қоршаған табиғат әлемінің мың түрлі сырын түсінуге, өз бетінше өмір сүруге, жабайы қоғаммен күресуге үйретті. Алғашында тұрпайы түрде жүргізілген аңшылық адамның ақыл-ойының, қоғамның дамуына байланысты үлкен өнерге айналды. Ол басында күнкөріс-тіршіліктің өзекті бір саласы болғанымен, дами келе әсем табиғат аясындағы ең көңілді демалысы мен әсерлі қызығына айналды.

С.Мұқановтың айтуынша, этнографиялық әрі фольклорлық материалдарға қарағанда адамның аңға, аңның адамға айналу сенімі бір кездегі аңшылардың, құсбегілердің аң терісін жамылып, жасырынып жүруінен аңға, құсқа ұқсап, соның бар қимыл-қозғалысын салып қайталаудан шыққан секілді. Бұл турасында академик А.Афанасьев айтқан мынадай бір қызықты жорамал бар. Ол: *«Язык и предания – ярко засвидетельствовали тождество понятий превращения и переодевания. Слово «оборотиться», «обернуться» (об-воротиться, об-вернуться) означает собственно: окутаться, покрыть себя платьем, а «превратиться» – переодеться, изменить свою ожежду – свой внешний вид, надеть ее навыворот»* – дегенде сол ескі мифтік, тотемдік түсініктің тіліміздегі ежелгі көріністерін айтып отыр [1, 58].

Қазақтар аңшылық турасындағы көрген-білгендерін «Ақбоз ат», «Көк жендет», «Ақсақ құлан», «Ақ серкеш», «Үш тоты құс», «Әуілдек», «Боз жорға», «Бозша торғай», «Бұлбұл», «Гегегеу», «Көкек», «Көк көбелек», «Қараторғай» деп ән етіп айтқан.

Ал осы шығармалар қайсысы қай дәуірде, қай заманда шықты, оны әрине, дәл басып айтып беру қиын. Алайда бұл туындылардың біразы сонау ерте кезде туып, біреуден-біреуге, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқаны мәлім. Және соның өзі бір кезде аң мен құсқа еліктеуден, соның жаратылысына, машығына, жүріс-тұрысына даусына, түр-сипатына ұқсатудан туған секілді. Бұл туралы әртүрлі жорамалдар бар. Мысалы, Б.Уахатов бұл туралы өз еңбегінде академик И.Лепехиннің мына тұжырымдамасына тоқталады: «өз дауыстарын хайуандарға, сондай-ақ түрлі құстардың дауысына ұқсатып көрсеруге тырысқан» – дейді. Шынында да, *қазақта аққудың сыңқылын, әуілдектің әуілін, көкала үйректің гегегеуін, қара торғайдың шырылын, ақбоз аттың аяқ алысы мен ақсақ құланның аяулы күйін* арқау етпеген туындылар кемде-кем [2, 81].

Көк аспанды шарлаған қыран мен жер басқан төрт аяқты хайуандардың тілін білу бір замандағы аңшылардың арманы болған. Бұл туралы елімізде ілгеріден қалған талай әңгіме, жырлар бар. «Баяғыда бір қыран үнемі бұлтқа қонып, айға қонақтайды екен. Көк қаршыға аспанда жолығып, түз қыранына: Сіз қалай шаршамайсыз, – деп сұрапты. – Мен неге шаршаймын. Талпына-талпына тау шыңына жеттім. Талаптана-талаптана ай бетінен де мекен таптым. Бұрын *«ұша берсем, қанатым талады, жерге түсем Жалайыр Шор алады»* – деп қорқушы едім депті. Тілімізде *«ұша берсем, қанатым талады, жерге түсем Жалайыр Шор алады»* деген тілдік бірлік содан қалса керек.

Қазақтың аңшылық өнерінде көне заманнан күні бүгінге дейін ең көп қолданатын әдісі – ит жүгіртіп, құс салу. Ең алдымен ит туралы. Қазақ ұғымында: «ит – жеті ырыстың біреуі». «Итті тепкен ырысты тебеді», «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал», яғни тамақтандыр, т.б. айтылады. Итті қадірлеу мал шаруашылығымен шұғылданған көшпелі елде қажет-ақ. Өйткені ит – адамның үйде де, түзде де сенімді серігі. Сондықтан «итті иесімен қинасын» деген. «Ауыл итінің құйрығы қайқы» деген мақал бар. Бұл әр ит өз ауылында күшті деген және басқа да астарлы ұғымды білдірген.

Қазақтар барлық хайуанаттарды «адал» және «арам» деп екіге бөледі. Адалы – шөппен, жеммен қоректенетіндері, яғни басқа да тірі жәндіктерді өлтіріп, етпен қоректенетіндері. Бұларды әдетте «жыртқыш аңдар», «жыртқыш құстар» деп атайды. Сол сияқты әрбір халықтың өздерінің пір тұтатын, аңыз ететін жыртқыш құстары болады. Біздің қазақтардың мұндай аңыз ететін құстарының бірі – *бидайық*. Ертегі, аңыз бойынша бөденеден бастап аққуға дейін бидайықтың ілмейтін құсы болмайды. Бірақ, шын мәнінде, бұл құс табиғатта болған емес. Осындай аңызға айналған құстардың ең зоры да, ең күштісі де екі басты *самұрық*. Дүниеде мұның күші жетпейтін ешбір жан-жануар жоқ деп саналады. Сондықтан патшалар, корольдер оны таж-тағының қорғаушысы көріп, оның суретін «герб» аталатын мемлекеттік белгілеріне салған. Россияның соңғы патшасы II Николайдың да гербі – екі басты *самұрық*. Арғы тегі Иран елінен шыққан *Самұрық* туралы ертегілер қазақта да көп.

Енді табиғатта бар, өзіміз білетін қыран құстарға келейік. Құстардың ішінде қазақ халқы қадірлейтіні – бүркіт. Қазақтардың айтуынша, азулы аңдар арыстан ғана екі күшіктен артық таппайды. Сондай-ақ, қасиетті аталатын құс аққу мен жыртқыш құс бүркіт қана екіден артық жұмыртқаламайды. Бүркіт ұясын ең биік ағаштың басына, тау шыңдарының ең биік төбесіне, жел мен аяздың ең күшті өтіне салады. Р.Әлімбаевтың айтуынша, құспен аң аулаудың мәнісі – саятшы адам аңды өзі атып алмай, әдейі үйретілген, еті қатқан, бапталған қыран құспен алдырады. Аңды құспен ілдіру мылтықпен не басқадай әдіспен аулаудан гөрі өнімді келеді. Құспен аң аулау әр жерде әртүрлі болған. Оның себебін географиялық жағдаймен байланыстыруға болады [3, 75]. Сондықтан да, бүркіттің балапандары жұмыртқа күйінде де, жұмыртқаны жарып шыққаннан кейінгі балапан күйінде де желге, ыстық пен

суыққа шынығып, сомдалып өседі. Орман мен таудағы ұядан алынған «Бала бүркіт түлкіге түсуге тайынбайды» деп қазақ құсбегілері әдетте бүркіттің ересегін емес, ұшар шақта балапанын ұядан алуды дұрыс көреді. Тау бүркіті қазақ үшін бағалырақ. Ол қырағы да, өжет те, алғыр да. Сондықтан ең алғыр бүркітті қазақ «*таудың ақиығы*» деп атайды. «Қарақұс» тектес бүркіттің түсі қарасұр келеді. Халық оны «*Қарақұс қайырғанмен бүркіт болмас*» деп әжуалайды. Осыған орай тілімізде құсбегілікке қатысты тілдік бірліктер пайда болған. Бүркіттің көбі қоян, қарсақ, борсық, түлкі сияқты ұсақ аңдарға түседі. Ал қасқыр, аю, бұғы сияқты ірі аңдарға түсетіндері де болады. Сонда оларды тоқтатуға әлі келмей бара жатса, бір аяғымен кез келген затқа, ағашқа жармасады екен. Мұндайда мықты аңдар бүркіттің денесін бөліп әкететін жайлары да кездесетін көрінеді. Әдетте алар аңын көрген бүркіт әуелі аспанға шырқай көтеріледі де, алатын жеміне жоғарыдан төмен қарай түйіледі. Құйылып түскен бүркіт аңды бір аяғымен бастан, екінші аяқпен сауырынан қайқайта тұяқтары қасқырдың немесе түлкінің аузына түсіп, шайналып қалатын шақтары да болады.

Сарамен айтысқан Біржанның:

Түлкінің жүгірісін қыран байқар,

Ойласаң сөзің емес маған айтар

Жел – қабаз, жез тағалы еңіреумін,

Сен түгіл қасқыр көрсем бірақ шайнар [4, 96] – деуі содан.

Аң да бүркітке оңайлықпен алдыра қоймайды. Олар орманның, таудың қуысы сияқты тасаға паналауға тырысады. Қазақтың ғашықтық өлеңінде жігіттің:

Аспанда мен бір бүркіт қыран дағы,

Қыздар-ау, сендер түлкі сырандағы,

Қиялап, қия шыңда жүрсең дағы,

Қизаштап қанатымды бұрас дағы, – деп өздерін қыран бүркітке теңейтіні сондықтан.

Бүркіт өзге құстардай, жыл сайын ескі жүнін тастап түлейді. Жақсы түлету үшін, қазақтар оған «ақ жем», қанын арылтқан, шикі етті береді. Сонда бүркіт тез арықтайды, арықтаса тез түлейді, семіз бүркіт нашар түлейді. Иесі бүркітке алған аңның жүрегін жұтқызады. Оның аты – «тоят». «Тоят» алған бүркіт көңілді ұшады. Бүркіт жаз түлеген кезінде тышқандармен қоректенеді де, олардың кейбір кішігірімін тұтас күйінде қылғудан да қояба болады. Адамның несеміне араластыра жентектеген қарды асатып жіберсе, бүркіт құсады, сонда томалақтанған қояба түсе қалады. Кейде сөзден шатасқан біреулерді «*қоябасын шығарады*» деп реніш білдіру осыдан қалған. Қартайған бүркіт еріншектеніп, ірі аңдарға жөнді түспей, ұсағына ұмтылады. «*Бүркіт қартайса тышқандай болады*» деген тіркес содан қалса керек.

Қазақтың атақты құсбегілері бүркіттің тегін, қырандық белгісін, жасын айыруға шебер-ақ. Қазақ:

Талдан таяқ жас бала таянбайды,

Бала бүркіт түлкіден аяңдайды, – дегенде бүркіт атаулының ішіндегі өжеті де, батылы да бала бүркіт екенін айтып отыр. Осыған орай қазақ тіл білімінде бүркіттің жасына қатысты атаулар пайда болған: *балапан, 2 жас – қан түбіт, 3 жас – тірнек, 4 жас – тас түлек, 5 жас – мұзбалақ, 6 жас – көк түбіт, 7 жас – қана, 8 жас – жана, 9 жас – май түбіт, 10 жас – барқын, 11 жас – баршын, 12 жас – шөгел.*

Ал бүркіттің тегін, түр-түсін, бітім-тұлғасын сипаттау тілімізде қара сөзбен де өлең түрінде де көрініс тапқан. Мәселен,

Жұқалау көктұмсығы болса жалтақ,

Мелжемді, жұмыр аяқ, бұты талтақ,

Көзі адуынды, қып-қызыл, кекиіл маңдай,

Іші кең, саны жуан, болса шалқақ... және Күйкентай қыз бен Оспантайдың қақтығысында Оспантай ақынның айтатын:

Қарағайдың қара болар қаршығасы,

Аузымнан балдай сөзім тамшылашы, – деген сөзінде сол қаршығаның түр-түсіне берген сипаттама бар.

Бүркіттің және басқа алғыр құстардың бабын білетін адамды «құсбегі», немесе «саятшы» деп атайды.

Орта Азияда бүркіт салатын – қазақ пен қырғыз. Өзге халықтардың аздап ұстайтындары: түйғын, лашын, қаршыға, ителгі, тұрымтай, қырғи, жағалтай сияқты ұсақ құстар. Ондағы саятшылар осындай ұсақ құстарды баулыған. Мысалы, Орта Азияның, Қырымның, Еділ бойының хандары бірінші уәзірін «құсбегі» атаған.

Ұсақ қырандардан саятшылардың сирек қолданатыны – ителгі. Қазақтар оны үйрету қиын деседі. Ал үйрене қалса, өте өжет және алғыр болатын көрінеді. Ителгінің мөлдіреген қап-қара көзі өте сүйкімді. Сондықтан жігіт қызды мақтағанда:

Алдырған томағансын ителгідей,

Көзіңнен айналайын жаутаңдаған, – дейді.

Түйғынның өзге қырандардан айырмасы – оның аққуға түсуі. Өзгелердің аққуға түсуге батылы жетпейді, әлі де келмейді. «Құстың төресі» аққуға сұңқардың түсуі батырлық деп есептеледі. Ол жүректі де, намысты да құс.

Лашын – ең алғыр құс. Көбіне лашынды үйрек алуға салады. Үйрек алу лашынға қиын емес. Шалшықты көлдерде, тасада отырған үйректерді алу аздап қиынға соғады. Сондықтан оларды тасадан шығару үшін әрбір құс салатын адамның қолында дабылы болады. Ол шеңберлеп иген ағашқа керілген кепкен тері. Оны қамшының сабымен қаққыласаң, күңгірлеген дауысы маңайды жаңғыртып жібереді. Ыбырай ақынның «Гэккуінде» «құс_салып, айдын көлді дабылдаттым» деп осыған байланысты айтса керек. Қазақта қыран құс қисық ұшып, түзу ілер деген сөз және тағы бар.

Атан өлсе сойылар,

Атам өлсе қойылар,

Бұл сияқты қансонар

Маған қашан табылар – деген өлең жолдары да осы құсбегілікке, аңшылық, саятшылыққа қатысты. Бұл айтылғандарға қосатын сөз: алғырлығының үстіне, лашын тепкіш және қиғыш құс. Топталған құрбандарына жолыққанда ол жеткенінің желкесін қиын, теуіп, жерге түсіре береді дейді. Атақты Махамбет ақынның:

Әу, қызғыш құс, қызғыш құс.

Көл қорыған сен едің,

Ел қорыған мен едім,

Сені көлден айырған –

Лашын құстың тепкіні

Мені елден айырған –

Хан Жәңгірдің екпіні, – деуі содан [4, 112]. Ең көп ұсталатын алғыр құс – қаршыға. Қаршыға да қазақ саятшыларының көп ұстайтын құсы. Кейбіреулер «*жігіт сұлу көрінбес қаршыға алмай*» деген ақылға сүйеніп, оны сән үшін де ұстайтын болған.

Жоғарыда аталған құстардың барлығы – жыртқыш құстар. Аң аулауға үйретілген, қолда ұстауға болатын сұңқарлар тобы. Және осы кәсіпке, құсбегілікке қатысты тілімізде сөз тіркестері, сөйлемдер, мақал-мәтелдер қалыптасқан. Қазақ халқы құс атауларына қатысты терминдерді күнделікті ауызекі тілде ғана қолданып қоймай, сонымен қатар оларды тұрмыс-салт жырларында, батырлар жырларында да пайдалана білген. Мәселен,

Сарының басы сары дала, үкі-ау.

Сауыққа шығарбоз бала, үкі-ау

Үйде де туып, түзде өскен, үкі-ау.

Күні де құрысын қыз бала, үкі-ау
Бір ағаң аты Боқтыбай, үкі-ау.
Өтті зой жалған тоқтамай, үкі-ау.
Қыздың да күні құрысын, үкі-ау.
Борышқа берген жылқыдай, үкі-ау.

Міне, осындағы «үкі-ау» деп отырғаны кәдімгі үкі – құс. Қазақ үкінің қанат-жүнін қасиеттеп, оны киелі дүние санаған, сол үшін қыздардың тақия, бөркіне, ұлдардың көйлек, камзолына қадап, жас баланың бесігіне байлап қоятын болған. Бұл жерде осы *үкілі тақия, бөрік* мағынасында айтылып отыр. Өйткені оң жақта отырған қыз енді үкілі тақиясын тастап, еріксіз сәукеле киеді. Бұрын көріп, білмеген жат жұртқа келін болып түседі. Міне, ұзатылғалы отырған қыздың «үкі-ау» деп қайта-қайта айтып, қайталауының бір мәнісі осы. Бұдан басқа мағынасы қыз бен үкіні бір-біріне ұқсатып, салыстыру, балау мағынасында тұрғандығы. Қазақта жақсы көрген қыз-ұлды «үкім» деп үкіге ұқсатып, «үкідей боп өсіп келеді екен» деп айтатын әдет бар.

Ал, енді осы аң мен құстың тілін білген қазақ халқының тарихында сол неше түрлі жан-жануарлардың мінезіне, бабына, күйіне, қимыл-қозғалысына, ең аяғы бітім тұлғасы мен дауысына байланыстырып қолданған сұлу да көрікті бейнелерді кез келген өлең-жырлардан, шығармалардан, әңгіме-ертегілерден кездестіруге болады. Қазақ бір нәрсені айтып, дәл жеткізу үшін оны әр уақыт хайуанат, аң құс өміріндегі бір құбылыспен салыстырып, суреттеп көрсетеді. Халық батырлар бейнесін жасағанда, олардың елден ерек күші мен сырт келбетін айтқанда *«арыстандай», «жолбарыстай»* немесе *«арыстандай айбатты», «жолбарыстай жүректі»* деп отырады. Бұл қазақ халқының ұзақ ғасырлар бойы аңшылық, саятшылық өмір тәжірибесінен туған көркемдік тілдік теңеулер екені рас.

Тілімізде сонау арғы, көне дәуірдің көрінісі болған бәдік, бақсы, бата-тілек тәрізді жырлардың өзінде де аңшылыққа, саятшылыққа байланысты айтылған әсерлі сөздер, суреттер жиі ұшырасады.

Бата тілектен:

Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап (теңеу)

Бақсылықтан:

Ақ түйғыным, бопам-ай!
Томағаң сенің күмістен,
Аяқ бауың жібектен,
Екіде бірдей баршын құс,
Бауырың шұбар, арыын құс,
Құйту-құйту, сары құс!
Жеген жемің бәрі дұс!
Темір қанат қара құс.

Бұл құсбегілікті кәсіп қылған қазақтардың ең ертедегі тіршілігінен қалған жұрнақтар.

Сонымен, қорыта келгенде, қазақ тіршілігінің тірегі болған кәсібі – аңшылық, құсбегілік екен. Бұл кәсіп түрі қай халықтың болмасын өмірінде бар. Бұған ел ішінде айтылған әртүрлі өлең жырлардың, аңыз-әңгімелердің, ертегілердің мазмұны дәлел бола алады. Халық атақты аңшыларды «кұралайды көзге атқан мерген» деп, бүркіт баптап, қаршыға, түйғын ұстаған адамдарды құсбегі, саятшылар деп бекер айтпаған. Аң аулап, саятшытық құру өнері – ата-бабаларымыздың, біріншіден, күнкөріс құралы болса, екіншіден, қасиетті қадірлеген өнері, үшіншіден, сөз байлығын арттырудың бірден-бір тәсілі.

Әдебиеттер

1. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы: Жазушы, 2002. – 304 б.

2. Уахатов Б. Алтын бастау. – Алматы: Рауан, 1993.
3. Әлімбаев Р., Төреходжаев Ж. Құстар тіршілігі. – Алматы: Қайнар, 1972.
4. Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш томдық. II том. – Алматы: Ғылым, 2001. – 672 б.

Ж.Қ.БЕКСҰЛТАН

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университеті, Қазақстан, Алматы
e-mail: beksltanzudir@gmail.com*

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің біріне айналған оқыту үрдісінде мультимедиа технологияларды тиімді пайдалану жолдары талқыланады. Білім беруде мультимедиа технологиясын ұтымды пайдалануға көп назар аударуымыз қажет. Мақалада мультимедиа технологиялардың біршама мүмкіндікері сараланып, қолдану мәселесі талқыланады. Мультимедиа технологиялардың бірнеше түрі көрсетіледі. Дүниежүзінде мультимедиа технология күн сайын жылдам даму үстінде. Мультимедиа технологиялардың дамуы бейнетехниканың және ІТ технология, компьютерлік программалардың жоғары деңгейде жаһандануының нәтижесінде жүзеге асып отыр. Оқу процесіндегі мультимедиа – таным көкжиегінің кеңеюіне ықпал ететін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық танымдық, арнайы бағдарламалық құрал. Мультимедиа барлық типтегі ақпараттарды бір жүйеге жинақтауға мүмкіндік беретіні анықталды.

Кілт сөздер: мультимедиа технологиясы, компьютерлік технология, педагог, ақпараттану, технология.

Аннотация. В данной статье обсуждаются способы эффективного использования мультимедийных технологий в процессе обучения, которые стали одной из актуальных проблем современности. Большое внимание необходимо уделить рациональному использованию мультимедийных технологий в образовании. В статье обсуждается вопрос использования мультимедийных технологий. Будет показано несколько видов мультимедийных технологий. Мультимедийные технологии быстро развиваются каждый день по всему миру. Развитие мультимедийных технологий осуществляется в результате высокой глобализации видеотехники и ІТ технологий, компьютерных программ. Мультимедиа в учебном процессе-дидактическое познавательное, специальное программное обеспечение, способствующее расширению кругозора познания, представляющее образовательный контент в интерактивной форме. Было обнаружено, что Мультимедиа позволяет объединять все типы информации в одну систему.

Ключевые слова: мультимедийные технологии, компьютерные технологии, педагог, информатика, технологии.

Annotation. This article discusses ways to effectively use multimedia technologies in the learning process, which have become one of the urgent problems of our time. Much attention should be paid to the rational use of multimedia technologies in education. The article discusses the use of multimedia technologies. Several types of multimedia technologies will be shown. Multimedia technologies are developing rapidly every day around the world. The development of multimedia technologies is carried out as a result of the high globalization of video equipment and IT technologies, computer programs. Multimedia in the educational process is a didactic cognitive, special software that helps to broaden the horizons of knowledge, presenting educational content in an interactive form. It was found that Multimedia allows you to combine all types of information into one system

Keywords: multimedia technologies, computer technologies, teacher, computer science, technologies.

Кіріспе

Мультимедиа технология – компьютердегі бағдарламаларды барлық үрдісте кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Мультимедиа әртүрлі типті ақпараттарды ұсыну мен өңдеудің озық құралы болып табылады. Мультимедиаға сипаттама беру үшін, оның информатикамен байланысына, ақпараттық үдеріс ұғымдары мен ұсыну әдістеріне ерекше назар аударамыз. Бұл арқылы мультимедиа, мультимедианың бағдарламалық құралдары, мультимедиалық ресурстар, мультимедиалық технология сынды бірқатар терминдер қолданысқа енді. Оқу процесінде мультимедиалық технология арқасында компьютердің қолданылу саласы кеңейеді. Мультимедиалық технологиялар әртүрлі құрылымдағы мәліметтерді әзірлеу, өңдеу, бірегейлендіру, таныту мақсаттарын бағдарламалық және ақпараттық құралдарды пайдалану арқылы іске асыратын әдіс-тәсілдер мен технологиялық құралдардың жиынтығы.

Негізгі бөлім

Мультимедиалық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы [1]. Мультимедиа – бейнеақпараттармен, дыбыстармен, суреттермен, жоғары сапалы компьютерлік графикамен, анимациямен, мәтіндермен қамтамасыз ететін интерактивті жүйе. Мультимедианың негізгі қызметі динамикалық, статикалық және дыбыстық ақпараттарды нормаға сай қолдануды негізге алады. Латын тілінен аударғанда «multi – көп», ал «media – орта» деген мағынаны береді, демек «Мультимедиа» сөзінің термин негізгі мағынасы «ақпараттық орта». Ал оның мағынасын кеңінен ашатын болсақ, мультимедиа:

- әртүрлі типті ақпараттарды түрлендіру мен ұсынуға мүмкіндік тудыратын компьютерлік жабдық;
- түрлі типті ақпараттарды ұсыну негізінде құрылған ресурс;
- әртүрлі типті ақпарат құралдардың пайдалану тәртібін анықтайтын технология;
- пайдаланушыға барынша ықпал жасау мақсатында техникалық және түрлі бағдарламалық технологиялар спектрі.

Технология сөзі ғылымда кең таралған, ар салада оның мағынасы сан түрлі. Технология сөзі «techne – шеберлік» «logos – ғылым» деген мағынаны береді. Технология оқыту технологиясында – білім беру орталықтары, орта мектеп бағдарына, оқытудың мазмұны мен мақсатына негізделген, оң нәтижеге жеткізетін оқыту жүйесін құрастыру болып табылады. Бұл білім беру процесін басшылыққа алу және оқушының қызметін бақылау сынды екі процесстен тұрады. Оқыту технологиясында бағдарлама мен оқыту жоспарының ұзақтығы, көлемі, деңгейін анықтау көзделеді. Содан кейін оқыту тәсілдері мен әдістері алынады, танымдық қызмет пен оның бейнелеудің құрадары, формалары анықталады.

Оқу-білім алудың, дүниені танып білудің негізгі көзі. Оқу-оқыту процесі үстінде іске асырылады. Оқыту педагогикалық-психология ілімінде екі түрлі мағынада қолданылады: біріншіден, оқушының білімге ұмтылып, оны талпынып оқуы, екіншіден, мұғалімнің басшылығымен оқу мазмұндарына баланың ұғыну процесстерін ұйымдастыра білуі [1]. Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметті ұсыну, жинақтау, танымдық іс-әрекетті басқару, жеткізу, бақылауды ұйымдастыру сынды функциялар аясында педагогикалық шарттарын жасаудың тәсілдері мен әдістер жиынтығы. «Білімді ақпараттандыруды үйрену ақпараттық технологиялардың әртүрлі тұрғыда білім саласына енуін танысуды қамтуы қажет. Жеке алғанда, білімде қолданылатын ақпараттандырудың техникалық құралдары, бағдарламалық құралдары, олардың мазмұндық толтырулары нақты қарастырылуы тиіс» [3, 37].

Білім беруде мультимедиалық технология бойынша ақпарат беру және оқыту бағдарламасын іске асыру өте тиімді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша дәстүрлі оқу форматы негізінде берілген материалдың көру арқылы 33%-ы, көру-есту арқылы 50% білім алушының есінде қалады екен, ал мультимедиалық интерактивті оқыту бағдарламасы аясында берілген материалдың 75% есте сақталады деп дәлелдеген. Сонымен қатар мультимедиалық интерактивті оқыту бағдарламасы негізінде жасалынған лазерлік дискілердің ерекшелігін айта кеткен жөн. Мультимедианың ажырамас бөлігі болып табылатын лазерлік дискілерде электрондық оқулықтар, аудио жазбалар, сөздіктер, электрондық энциклопедиялар жазылған. Арнайы жасалынған дискілердегі электрондық сөздіктерде сөздердің аудармасы мен бірге, айтылу үлгісі де қамтылған. Біз күнделікті тұрмыста үнемі қолданатын мультимедианың құрамдас бөліктері – теледидар және кино.

Мультимедиа – техникалық жүйе арқылы бейнені, анимацияны, мәтіндер мен графиканы жүйелеуге болатын жаңартылған компьютерлік ақпараттық технология. Оның пайда болуы білім беру саласына ғана емес, ғылым, өнер, компьютерлік бағдарламалар мен мәдениет саласына да үлкен өзгерістер әкелді. Мультимедиалық технология үш элементтен тұрады: графика, дыбыс, мәтін. Олар компьютердің мүмкіндіктерін синтездеу арқылы ақпарат құралдарымен бірігуін қамтамасыз етеді.

Жалпы мультимедианы сызықтық емес және сызықтық деп жіктейді.

Сызықтық мультимедиа аналогы кино деп мысал келтірейік. Оны тамашалаған адам бұл құжаттың желісі мен қорытындысына ешқандай өзгеріс енгізе алмайды. Ақпаратты берудің сызықтық тәсілі барысында медиа-дисплеймен әрекеттесуге мүмкіндік береді, сол себепті бұл процесті «интерактивтілік» деп те атайды. Компьютерлік ойындар санатындағы әдіс компьютер мен адамның өзара әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Мультимедиалық ақпарат берудің сызықтық әдісінің тағы бір жиі аталатын атауы – гипермедиа.

Сызықтық емес әдіске презентация жатады. Тікелей презентация берілетін ақпаратты синтездеуге, тақырыпты ашуға, аудитория сұрақ қоюына әсер етеді. Мультимедианы пайдалана арқылы білім берудің әртүрлі аспектілерін жетілдіруге болады. Олар білім берудің танымдық аспектілері, ақпаратты дамытудың когнитивті аспектілері.

Оқыту негізінде түрлі дыбыс, экран, график формаларын қолдану «мультимедиа» идеясын туғызды. Оқытушы ол арқылы көптеген бағдарламаларды пайдалана алады. Мысалы, қазақ тілін өзге ұлт сыныптарына оқытуда компьютердің атқаратын қызметі мұғалім үшін маңызды. Сонымен қатар бейнелеудің түрлі формаларына жататын мәтін, дыбыс, график, қозғалыс оқу үдерісінде қолданылатын функцияларына қарай ерекшеленеді. Бұл функцияларды кешенді түрде қолдану, өнімді әрі нәтижелі жұмыс жасауға тікелей мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаға жазылған ақпарат еріксіз есте сақталады. Интерактивті тақта сабақ барысында көрнекі құралдың орнын толтырады. Мұғалім сабақ өту барысында тақырыпқа сәйкес транспаранттарды қолданады. Демек, мультимедиа барлық функциялардың мүмкіндігін кеңейтіп интеграциялай түседі. Технологияның мультимедиасы – өзара әрекеттескен тәртіпке негізделген әртүрлі формалардың мүмкіндігін көрсетеді. Оларға графика, анимация, дыбыс видео, дискілер жатады.

Мультимедиалық ойындар – компьютер жасап шығарған виртуалды ортамен өзара әрекеттесетін ойындар. Тактиль, көру, естуді қолдану арқылы виртуалды орта ойыншыға түрлі әдістер арқылы ақпарат береді. Бүгінгі күні ойын консоліндегі барлық ойындар түгелімен дерлік мультимедиалық ойындар тобына жатады. Бұл ойын түрлерін жергілікті компьютер немесе ғаламдық желі арқылы өзге топтармен де ойнауға болады.

Мультимедиалық технологияның педагогикаға келуі ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарламасымен тығыз байланысты.

Мемлекетіміз оқу орындарында білім беруді ақпараттандыруды жүзеге асыру үшін негізгі бағыттарын жасады. Онда баса аударған негізгі мәселелер:

- білім беруде ұйымдарында интернетті жетілдіру;
- оқытудың инновациялық технологиясын қалыптастыру;
- ақпараттық технологияларды оқыту процесіне сүйене отырып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- білім беру ұйымдарының техникамен қамтамасыз етілуін қадағалау;
- білім беретін ұйымдарда қашықтан оқыту технологиясын даярлау;
- мультимедиалық және ақпараттық технологияларды білім саласында қолдана алатын мамандар дайындау.

Осы тұста айта кететін зат, алаштың зиялы қауім өкілі, ағартушы А.Байтұрсыновтың Қазақ газетінде жариялаған «Мектеп керектері» мақаласында жазған пікірі әлі де актуалды екенін аңғарамыз. А.Байтұрсынов бұл мақаласында мектепке методикадан хабары бар, білімді толық меңгерген, өз ісінің нағыз маманы мектепке керек дей отырып, сол мұғалімге қажет қандай да бір тиімді құрал болу керектігін, сонымен қатар белгіленген арнайы бағдарлама болуын анық көрсеткен.

Аталған мәселелерге қазіргі заманда мультимедиалық технологиялардың үлкен потенциалық пайдалана алатын, оқу процесінде талапқа сай қолдана алатын мұғалім қажет. Қазіргі таңда еліміздің көптеген аймақтарында мектептер мультимедиалық технологиялармен жабдықталды. Дегенмен, еліміздегі жоғарғы оқу орындарында, оның ішінде педагогикалық мамандықтарды даярлайтын университеттерде студенттердің компьютерлік технологияларды меңгеруіне баса назар аударылып, ал мультимедиалық технологияларды игеру қажеттілігі ескерілмеген. Жоғары оқу орнын аяқтаған педагог маман оқушылармен жұмыс барысында мультимедиалық технологияларды өз дәрежесінде пайдалана алмауы мүмкін. Білім беру барысында мультимедианы қолдану ұтымды әрі жүйелі сабақ өтуге мүмкіндік беретіні айдан анық, ал жоғарғы оқу орнында арнайы мультимедиалық технологияны өтпеген жас педагог оны өз дәрежесінде пайдалана алмайды. В любом виде деятельности человека необходимо знать и уметь пользоваться средствами для выполнения социального заказа. Педагог не является исключением. «Средства обучения – те инструменты, с помощью которых педагог осуществляет деятельность» [4, 8].

Екінші мәселе, оқу орындарының компьютерлік-ақпараттық технологиялар базасын жаңа бағдарламалық құралдармен жаңарту қажеттілінен туындайды. Яғни, жұмыс жүргізу үшін техниканың мүмкіндіктері үнемі жаңарып отыруы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңыздылығын арттыру барысында орта мектептерді мультимедиалық құралдармен.

Үшінші мәселе, жаңаша сипаттағы оқу-әдістемелік бағдарламаларды жандандыру, кезең-кезеңімен білім саласында жүзеге асыру.

Мультимедиалық технологияның мүмкіндіктері көп. Оның көмегімен спикерлер сахнада ойнату құрылғыларын да қолдана алады. Арнайы жасалынған презентацияны тікелей эфирде трансляциялай алады, алдын ала жазып алуға да мүмкіндік бар. Ақпаратты сақтау немесе тарату үшін электрондық технологияларға негіздейді. Желідегі мультимедианы компьютерге жіктеуге және бірнеше тәсілмен көбейтуге, деректерді тікелей интернеттен көрсете отырып ойнатуға болады.

Қорытынды

Білім беруді жетілдіру мен білім берудің жаңа талаптарын ескере отырып – мультимедиалық технологияларды оқытуда қолдану бүгінгі күннің басты талабы. Ал оның техникалық мүмкін-

діктері мен дидактикалық мүмкіндіктерін зерттеу жұмыстары маңызды болып табылады.

Бүгінгі күндегі маңызды қажеттіліктер қатарына мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалану мен дамыту жатады. Осыған байланысты төмендегі іс-әрекеттер орындалуы тиіс: мультимедиалық технологияларды ұтымды пайдалана алатын педагогтерді даярлау; ақпараттық технологиялар базасына өзгеріс енгізіп, жаңартып отыру, білім беруді дамытуға арналған арнайы бағдарламалар дайындап, оқу-әдістемелік бағдарламалар негізінде жаңаша сипатта жүргізу.

«Мұндай жаңа ортаның басты мақсаты – оқушылардың жаңа ақпаратқа сай білім қорын жинай алуы, ойлаудың логикалық, құрылымдық сапаларын өз бойларында дамытуы, қандай да бір жаңалықты тез игеру дағдыларының қалыптасуы және сауатты, жаңалыққа құштар, жаңа нәрсені тез қабылдағыш және жаңа ортаға бейімделе алатын етіп тәрбиелеу» [5, 17]. Кәдімгі оқулықтағы тапсырмаларға қарағанда, мультимедиалық технология материалды сапалы меңгертеді, жалпылауды, ойлау үрдісін жетілдіре отырып, мұғалімнің жұмысын едәуір жеңілдетеді. Демек оқытушы мультимедиалық технология арқылы ұтымды жұмыс жасайды.

Әдебиеттер

1. Мұқанов М. Педагогикалық психология очерктері. – А., 1962.
2. Молдабекова Б.Қ. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. – Қарағанды, 2018.
3. Бидайбеков Е.Ы., В.В. Гриникун, Г.Б. Камалова, Д.Н. Исабаева, Б.Ф. Бостанов. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. – Алматы, 2014.
4. Беловский Г.Г. Современные технические средства обучения в профессиональной подготовке педагога// «Высшая школа», 2008.
5. Балтымова М.Р., С.Ж. Ниязмаганбетов. Әдебиет пәнін оқытуда мультимедиялық технологияларды қолдану әдістері. – Ақтөбе, 2021.

Л.К. ТОГЖАНОВА

МУИТ, г. Алматы

Ш.А. ТАЖИБАЕВА

Казгосженту, г. Алматы

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕДИА-РЕСУРСОВ И СМАРТ ТЕХНОЛОГИЙ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Андатпа. Мақалада смарт-білім ұғымы қаралыстырылады. Университеттердегі білім беру мазмұны мен сапасына қойылатын талаптарға ақпараттық технологияларды дамытудың әсерін негіздеу келтіріледі. Смарт деп танылған білім беру саласына арналған әртүрлі технологиялық шешімдер талданады: смарт-оқулықтар, смарт-проекторлар, смарт-тақталар.

Түйін сөздер: смарт-білім, ақпараттық қоғам, білім беру технологиялары.

Аннотация. В статье рассматривается понятие «смарт-образование», приводятся обоснование значительного влияния информационных технологий на требования к содержанию и качеству образования в высших учебных заведениях. Проанализированы различные технологические решения для сферы образования, которые представлены как «смарт»: смарт-доски, смарт-учебники, смарт-проекторы.

Ключевые слова: смарт-образование, информационное общество, образовательные технологии.

Annotation. The article discusses the concept of «smart education», provides a justification for the significant impact of information technology on the requirements for the content and quality of education in higher education institutions. Various technological solutions for the field of education are analyzed, which are presented as «smart»: smart boards, smart textbooks, smart projectors.

Keywords: smart education, information society, educational technologies.

Внедрение новых технологий в сферу образования ведет за собой переход от старой схемы репродуктивной передачи знаний к новой, креативной форме обучения. Одна из главных задач современного образования – это создание устойчивой мотивации обучаемых к получению знаний, другая – поиск новых форм и инструментов освоения этих знаний с помощью творческих решений.

Цифровые образовательные технологии являются способом организации современной образовательной среды. В настоящее время существуют разные подходы к определению понятия «цифровая образовательная среда».

Так, исследователь В.Г. Лапин считает, что «цифровая образовательная среда – это совокупность ресурсов, обеспечивающих учебный процесс и процесс управления профессиональной образовательной организацией» [1].

По мнению М.Э. Кушнир, «цифровая образовательная среда – это «открытая совокупность информационных систем, предназначенных для обеспечения различных задач образовательного процесса». [2].

Целесообразное применение интернет-технологий в образовательном процессе является одним из условий формирования профессиональных компетенций студентов.

В сложившихся условиях в педагогическом образовании необходимы новые точки роста. В частности, разработка модели компетенций современного цифрового педагога, формирование надпрофессиональных навыков из Атласа новых профессий; трансфер новых технологий обучения и методик преподавания в образование; методическая поддержка не только выпускников университета с применением ДОТ, но и действующих учителей, внедрение смешанных программ, увеличение доли онлайн-образования, внедрение взаимозачета курсов сетевых партнеров.

В течение последних 30 лет образовательные технологии сильно изменились. Интернет, социальные медиа, открытые онлайн курсы, сетевое обучение, искусственный интеллект, открытые образовательные ресурсы стали неотъемлемой частью не только образовательного, но и жизненного пространства современного человека. На смену привычному аудиторному и электронному обучению постепенно приходит smart-образование.

Применение новейших SMART-технологий (вебинаров, блогов, твиттеров, видео и аудио подкастов) в процессе обучения языкам и литературе как раз и позволяют моделировать ситуации, все больше дополняют традиционные методы обучения, помогают формированию самостоятельного решения коммуникативно-познавательных задач, повышают мотивацию студентов к учёбе, заставляют по-новому взглянуть на изучаемые предметы, раскрывая, таким образом, их интеллектуальный и творческий потенциал.

Английское слово «smart» многозначно и действительно отражает суть smart-технологий. Оно характеризует их как разумные и эффективные. В практике образовательной деятельности – это использование разнообразных комплексных средств и современных интерактивных методов обучения, а также условие дальнейшего развития образования. Традиционно пространство для smart-образования было спроектировано для оказания поддержки преподавателям и студентам с помощью компьютеров, соединенных между собой ведущей сетью в аудиториях, приспособленных для чтения лекций. С недавнего времени широкое

внедрение мобильных вычислительных устройств и доступность беспроводных сетей в образовательном пространстве значительно повлияли на процесс обучения. Повсеместный доступ к информации помог изменить вектор образования из простой передачи информации в активное получение навыков и знаний. Существует предположение, что знание в обществе формируется в ходе достижения общего консенсуса между его представителями. То есть когда студенты делятся своим опытом и идеями во время интеллектуальной беседы, происходит повышение способности к пониманию среди других участников, результатом которого становится активное обучение.

Следует отметить, что в настоящее время система понятий в области смарт-образования имеет слабую структуру. По нашему мнению, систематизация необходима для построения общей теории смарт-образования. Формирование понятий само по себе является методологическим приемом для проведения исследований в области Smart-образования.

Теоретической базой исследования явились научные работы ученых Т.Е. Исаевой [3], Рабинович П.Д. [4], Алисултановой Э.Д. [5], А. Миддлтон [6] и других. Исследование опирается на дискурс-анализ различных источников, посвященных проблематике смарт, к числу которых относятся журнальные статьи в ведущих рецензируемых периодических изданиях, интернет-ресурсы, систематизацию материала, общий анализ различных программных и организационных решений в области смарт.

Смарт-образование является комплексом, который предусматривает полную модернизацию всех образовательных процессов, а также методов и технологий, используемых в этих процессах. Концепция «смарт» в образовании приводит к появлению новых смарт-технологий.

Если проанализировать различные технологические решения для сферы образования, которые позиционируются как смарт, то можно перечислить следующие: смарт-доски, смарт-учебники, смарт-проекторы, программное обеспечение для создания и распространения образовательного контента, что имеет интерактивный и коммуникативный характер. Ряд других технологий, прежде всего, различные виды Social Media и технологии Data Mining используются в сегменте смарт-образования.

Каждая из этих технологий позволяет по-новому построить процесс разработки контента, его доставки и актуализации. На современном этапе развития образования все чаще возникают потребности, которые не могут удовлетворить не только классические образовательные технологии, но и технологии электронного обучения. В настоящее время происходит переход от электронного обучения к смарт-обучению.

Следует отметить, что накопленный опыт электронного обучения имеет большое значение для смарт-образования. Открытые образовательные ресурсы и бесплатные массовые онлайн-курсы, которые предоставляются многими вузами через такие системы дистанционного образования, как Coursera, edX, Udacity в настоящее время дополняют и расширяют возможности вузовского образования.

Смарт-образование включает в себя накопленные и выработаны подходы к обучению в традиционном их понимании и с использованием электронных технологий, однако не ограничивается ими.

Концепция смарт-образования – это наличие большого количества источников, разнообразие мультимедиа, способность быстро и легко настроиться под уровень и потребности студента.

Меняется также роль преподавателя, который, в случае использования смарт-технологий, должен создавать новую систему контроля.

Смарт-образование – это современная образовательная среда; объединение усилий преподавателей, специалистов и студентов для использования Всемирных знаний и перехода к активному контенту.

Цифровые средства обучения представляют собой интерактивные системы, позволяющие одновременно работать с анимированной компьютерной графикой, со звуком, видеокадрами, статическими текстами и изображениями. На пользователя идёт одновременно воздействие по различным информационным каналам, где ему отводится активная роль [7].

В сети Интернет существуют различные ресурсы для смарт обучения:

- Khan Academy: предлагает большое количество материалов из разных предметов, таких как математика, научные дисциплины; лекции по вопросам финансов, а также викторины для проведения уроков.

- Quora: широко используется для целого ряда целей, и это может быть одним из лучших технологических инструментов для учителей и воспитателей. Удобная среда, чтобы студенты могли научиться обсуждать образовательные темы или найти ответы на вопросы путем размещения вопросов в Quora.

- Capsules: позволяют собирать видео, фотографии, публикации в блоге и документы в одном месте. Преподаватели могут использовать его для ведения онлайн проектов и для обучения в классе.

- Google Docs: эффективная технология для преподавателей. Преподаватели могут создавать формы обратной связи для проектов, сделанных студентами. Более того, создание и обмен документами, таблицами, презентациями между преподавателем и студентами в классе происходит быстрее с помощью Google Docs.

- Evernote: позволяет пользователям быть мобильными; делать и сохранять фотографии, идеи, записи или что-то еще и получать доступ к ним в любом месте. Идеально подходит для планирования уроков.

- Socrative: поощряйте студентов до различных упражнений и игр с помощью этой системы ответов студентов, что называется Socrative. Этот инструмент, доступный на планшетах, компьютерах и мобильных устройствах, позволяет преподавателям отслеживать прогресс студентов и их оценки.

- YouTube: на YouTube есть множество важных учебных материалов, которые можно использовать в классе для оптимизации обучения. В YouTube также есть специальный раздел для образования. Благодаря некоторым ограничениям студенты могут максимально использовать YouTube, не отвлекаясь.

- Dropbox: один из лучших технологических ресурсов для преподавателей для хранения, доступа и обмена любыми данными из любого места. Dropbox является бесплатным и простым в использовании.

- SlideShare: загрузка презентаций, видео проектов и любых других документов довольно легко с помощью SlideShare.

Предпосылками к разработке концепции смарт-образования являются: 1) технологические факторы, которые обеспечивают новые средства и технологии обучения в современной информационно-телекоммуникационной среде; 2) социальные факторы, включающие потребность общества в новом качестве образовательных услуг; 3) экономические факторы, которые заключаются в том, что образование всегда делала значительный вклад в развитие макроэкономики. А в условиях формирующегося информационного общества соответствующая система образования определяет место университета в развитии этой системы.

Основная задача смарт-обучения – это создавать условия для получения большей эффективности в учебном процессе. Применение смарт-обучения требует комплексного подхода, включая организационный подход, технологический и педагогический.

Характеристиками данного вида образования являются: обеспечение совместимости программ между различными операционными системами. Это позволит студентам заниматься

на равных, независимо от используемых устройств, что будет обеспечивать непрерывность образовательного процесса, мобильность и скорость доступа к информации. Необходимо, чтобы сложность доступа к любой информации не тормозила процесс образования, а была как можно доступнее. Студенты и преподаватели будут более автономны.

Использование смарт-технологий делает процесс обучения более динамичным и более результативным. В этом процессе есть некоторые трудности, но и достигнуто уже много успехов. Главный успех – интерес студентов, их готовность к восприятию нового материала, потребность в получении новых знаний и ощущение самостоятельности в этом процессе. Смарт-технологии позволяют делать занятия не похожими одно на другое. Ощущение постоянной новизны и самостоятельности способствует развитию у студентов интереса к получению новых знаний.

XXI век – это век, когда информационные технологии становятся неотъемлемой частью жизненного пространства человека. Сегодня с уверенностью можно констатировать факт существования нового поколения людей, поколения digital, для которых мобильный телефон, компьютер и Интернет являются такими же необходимыми составляющими их жизненного пространства, как природа и общество. Для развития современного образования уже недостаточно влияния человеческого капитала. Необходимо изменять саму образовательную среду, не просто наращивать объемы образования трудовых ресурсов, а менять само содержание образования, его методы, инструменты и среды.

Анализ работ А.Зубова, Л.Карташова, Л.Морского, Ю.Гапон, В.Николаевой, В.Ляудис, Е.Маслик, Е.Носенко, К.Bucher, M.Collins, M.Simonson, A. Thompson и др., изучение результатов научных форумов и конференций, связанных с информатизацией, свидетельствуют о тенденции перехода информационного общества в Smart-общество, построенного на принципах Smart-философии, которая предполагает генерацию новых идей, знаний и интеллектуального капитала профессионально-подготовленными специалистами. Сущность системного подхода к определению понятия «смарт-образования» заключается в видении его как системы, обеспечивающей приобретение гражданами необходимых знаний, навыков, умений и компетенций с помощью Интернета, взаимодействия с окружающей средой и процессом обучения и воспитания [8].

Смарт-технологии в образовании – это технологии, базирующиеся на объединении технических и педагогических ресурсов для осуществления в активной образовательной среде с помощью специально-разработанного контента.

Именно Smart-технологии позволяют разрабатывать революционные учебно-методические материалы, а также формировать индивидуальные траектории обучения для студентов. Обучение становится возможным не только в классе, но и дома и в любом месте: общественных местах, таких как музеи или кафе. Основным же элементом, связывающим образовательный процесс, становится активный образовательный контент, на базе которого создаются единые репозитории, позволяющие снять временные и пространственные рамки. Таким образом создается иллюзия постоянной доступности знаний, в результате чего у студента не теряется интерес к запоминанию.

Смарт-технологии уверенно входят в практику обучения языкам. Благодаря простоте использования и мобильности, они стали привычными и естественными средствами обучения.

Хотели бы привести несколько примеров связи творческих методов работы с умными технологиями:

- Геймификация. Геймификация – это процесс включение игровых элементов в обучение. Такой метод позволяет повысить вовлеченность обучающихся, а также помогает быстрее и интереснее изучать материал.

При внедрении геймификации на передний план выходит образовательная цель, при этом инструментарием могут быть цифровые носители, компьютерные игры, а также аналоговые устройства. В качестве преимущества геймификации перед другими методами обучения следует подчеркнуть тот факт, что игра помогает обучающимся избавиться от страха перед ошибками. В игре можно пройти уровень заново, при этом проведя «работу над ошибками», или освоить новое пространство. Кроме того, задача может быть усложнена, поскольку, как и в обычной игре учащийся переходит на следующий, более высокий [9].

Геймификация может применяться на любом этапе обучения и на разных уровнях языковой подготовки. Мы рекомендуем использовать игровые технологии на этапе отработки и закрепления лексико-грамматического материала. В Интернете можно найти много готовых обучающих игр, особенно по английскому языку: «Funbrain», «The Plular Girls», «Stay Afloat», «Grammar Gorillas» и др. [10].

Кроме того, преподаватели могут сами разработать задания разного уровня сложности для того или иного уровня.

- Онлайн-доски для совместной работы преподавателя и учащихся. Такие доски могут стать местом планирования занятий, а также инструментом объяснения и визуализации какого-либо материала.

- Мобильные приложения для заучивания терминов и правил дисциплины. Сюда можно отнести Quizlet, Kahoot.

Kahoot! – это бесплатный сервис для создания опросов, викторин и тестов. Он эффективно применяется в образовательных целях. Студенты могут отвечать на вопросы викторины с помощью любого гаджета – смартфона, планшета или ноутбука, имеющего доступ к интернету. Для участия в тестировании они должны открыть приложение или сайт и ввести PIN-код игры.

Сейчас известна и распространена мобильная технология – QR-код. QR (Quick Response) в переводе означает «быстрый ответ». Любой смартфон может расшифровать данные кода. Вам понадобится только программа для распознавания QR-кода. А после ее установки нужно просто поднести камеру смартфона (или телефона) к коду. QR-код программа расшифрует его через несколько секунд, а затем предложит выполнить определенное действие. Для урока понадобится создать свой Q-код. Его можно создать с помощью программы QR Code Studio, а также с помощью сайтов www.qrcoder.ru, www.classtools.net. Мы используем смарт-технологии QR-код в учебном процессе для перехода по ссылкам к толкованиям ключевых слов новых тем или к обучающим видео.

Социальный сервис Facebook, сервисы и инструменты Google, веб-сайт Wiki, подкасты для распространения звуковых файлов или видео в сети Интернет, блоги, видеохостинг Youtube – все это есть Smart-технологии, которые можно и нужно использовать в педагогической практике.

Также студенты имеют возможность практиковать и вводить новые лексические единицы в свой активный словарь с помощью функции съемки видео. Например, при изучении определенных лексических тем по программе курса преподаватель дает задание снять небольшое видео информационного характера и загрузить его в Youtube. Студенты из одной группы должны сделать комментарии. Обсуждение видео помогает студентам взаимодействовать друг с другом, задавать уточняющие вопросы, выражать свое мнение.

В Twitter или Instagram: использование #хэштега. Данная технология может стать частью обучающего тренда общения в цифровую эру. Также хэштеги могут организовывать и способствовать обсуждению лексических тем по языку.

Понятность идеологии и интерфейса социальных сетей большей части Интернет-аудитории позволяет сэкономить время, минуя этап адаптации обучаемых к новому коммуникативному

пространству. Мультимедийность коммуникативного пространства предельно облегчает загрузку и просмотр в виртуальной учебной группе видео и аудиоматериалов, интерактивных приложений [11].

В мире социальных сетей особую роль играют блоги как место размещения учебного материала и средство общения между преподавателем и студентами. Они отличаются открытостью и доступностью информации, линейностью структуры, ограниченным набором функций в процессе обучения: создание группы-сообщества, на базе которой могут выкладываться фильмы и аудиозаписи как преподавателями, так и студентами. Работая в команде и создавая совместные проекты, студенты учатся преодолевать свой собственный страх допустить ошибку в публикации, это во многом повышает их самооценку. Эта технология также привлекает внимание большого количества молодых людей через активное ведение блогов известными людьми, которые являются кумирами современной молодежи. Следовательно, многие ученики и студенты ведут свои собственные блоги после занятий.

На портале YouTube можно найти огромное количество видеоматериалов: от полноценных видео уроков, созданных специально для использования в процессе обучения определенному языку, до влогов, монтируемых блогерами, которые также можно активно включать в образовательный процесс. Видео уже давно считается эффективным инструментом преподавания и обучения.

Не стоит обделять вниманием и тенденцию к переходу молодежи на новые, альтернативные платформы по мере роста их популярности. Освоение наиболее популярных в их среде социальных сетей воспринимается как нечто нормальное, продвинутое. Так, многие представители молодого поколения переходят с видеохостинга YouTube на новейшие платформы, в том числе и «Тик-Ток». Сервис дает возможность просмотра и создания коротких видеороликов о себе с применением разнообразных визуальных фильтров или видеоклипов с применением аудиофрагментов из широкого спектра музыкальных жанров [12].

Что вызывает несомненный интерес, так это Smart-учебники, потому что в ближайшее время они станут наиболее оптимальными для обучения, оставив далеко позади не только учебники на бумажном носителе, но и электронные учебники.

Smart-учебник – это комплексный учебный материал, что создается и обновляется средствами технологических инноваций и интернет-ресурсов. Как правило, Smart-учебник состоит из блока изучения нового материала, блока усвоения учебного материала, блока практического применения материала, блока обсуждения и блока контроля.

Проведенный теоретический анализ проблемы показал, что смарт-обучение – это новая модель в глобальном образовании, способная повысить качество образования. Грамотное применение смарт-технологий позволит:

Преподавателям: повысить результативность обучения; развивать вовлеченность и мотивированность студентов; поддерживать самостоятельные исследования обучаемых; вовлечь студентов в совместную активную деятельность; улучшить усвоение изучаемого материала.

Студентам: повысить мотивацию, активность; развить навыки самостоятельного обучения; улучшить свои учебные результаты; приобрести новые навыки работы с учебным материалом.

Следовательно, применение Smart-технологий разнообразит учебный процесс, повышает познавательный интерес и мотивацию студентов за счет видимого, реального результата их повседневной профессиональной деятельности, позволяет значительно расширить традиционные технологии обучения, оптимизирует расходы университета на материально-техническое обеспечение, а также обеспечивает выход на новый уровень качества образовательных услуг, это, в свою очередь, является основанием для исследования использования Smart-технологий преподавателями-филологами с целью обучения дисциплин филологического цикла.

Литература

1. *Латин В.Г.* Цифровая образовательная среда как условие обеспечения качества подготовки студентов в среднем профессиональном образовании // *Инновационное развитие профессионального образования*. 2019. № 1 (21). С. 55-59.
2. *Кулинич М.* Цифровая образовательная среда. URL: <https://medium.com/direktoria-online/thedigital-learning-environment-f1255d06942a> (дата обращения: 04.11. 2019).
3. *Исаева Т.Е.* Использование информационно-коммуникационных технологий в процессе обучения иностранным языкам в вузе: методологический аспект // *Общество: социология, психология, педагогика*. 2020. – №3. С.111-117.
4. *Рабинович П.Д., Заведенский К.Е.* и др. Цифровая трансформация образования: от изменения средств к развитию деятельности// *информатика и образование*. 2020. №5 (314). С. 4-14.
5. *Алисултанова Э.Д., Моисеенко Н.А., Усамов И.Р.* Цифровая образовательная среда как основа формирования современного IT-специалиста// *ЦИТИСЭ*. 2019. – №3 (20). С.27.
6. *Middleton A.* Smart Learning: Teaching and learning with smartphones and tablets in post compulsory education [Электронный ресурс]. URL: https://www.academia.edu/12512765/Smart_learning_teaching_and_learning_with_smartphones_and_tablets_in_post_compulsory_education (дата обращения: 21.08.2021).
7. *Захарова М.В.* Цифровые инструменты преподавания английского языка//*Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал*. 2020. – №06 (47).
8. *Рыбичева О.Ю.* Перспективы внедрения смарт-технологий в образовательный процесс// *Вестник Вятского государственного университета*. 2019. – №4 (134). С.76-82.
9. *Гольцова Т.А., Проценко Е.А.* Геймификация как эффективная технология обучения иностранным языкам в условиях цифровизации образовательного процесса // *Отечественная и зарубежная педагогика*. 2020. – Т.1, №3 (68). С. 65-77.
10. <https://englex.ru/learning-english-through-games/>
11. *Масалова А.А., Алексанян Г.А.* Социальные сети в формировании самостоятельной деятельности обучающихся//*Материалы XII Международной студенческой конференции «Студенческий научный форум»*
URL: <https://scienceforum.ru/2020/article/2018022507> (дата обращения: 15.10.2022).
12. *Горобцов Е.В., Лопатин Р.Д., Митчелл П.Д.* Короткие видео на платформе «Тік-Ток» как средство формирования социокультурных навыков у обучающихся английскому языку//*Вестник тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки*. Тамбов. 2021. – Т.26, № 194.С.25-34.

С.С. ТУРДИКУЛОВА

Академик Ә.Қуатбеков атындағы

Халықтар достығы университеті, Шымкент қаласы

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ СИПАТЫ

Ұлттық идеяның табиғатын түсіну үшін, алдымен «идея» мен «ұлт» түсініктерінің ғылыми анықтамаларына тоқталуымыз қажет.

Идея сөзі грек тілінен аударғанда – көрініп тұрған нәрсе, бейне, яғни, мағына, ой, пікір, маңыз, мән ұғымдарын білдіретін, түрлі мағынада қолданылатын философиялық термин. Идея болуға тиістінің жалпы кескінін көрсетеді, соның жалпы бағытын анықтайды. Сол идеяның негізінде кейін тұтас бір жүйелер, олардың нақты түрлері мен формалары өрбиді. Осы жағынан

алғанда идеялар саяси және әлеуметтік өмірде, көркемөнерде, дінде, философияда шын мәнінде белгілі бір (жалпыадамзаттық, ұлттық, гуманистік, т.б.) құндылықтармен тығыз байланысып жатады. Қоғамдағы әрбір адамның өзіндік идеялары, өмірге деген көзқарастары, идеалдары мен құндылықтар жүйесі бар. Бұлар жиналып келіп, адамның рухани жан дүниесін құрайды.

Сонымен, идея – бар нәрсені емес, басқа ұғымдардан өзгеше әлі жоқ нәрсені, жасалуға тиіс дүниелерді білдіреді. Идея өзі тарихи дамудың нәтижесі ретінде өзінің даму барысында өзінің көптеген қырларын айқындап толысқан ұғым. Ол бүкіл даму тарихындағы жасалған рухани байлықтардың бәрін бойына сіңірген, бір жүйеге біріктірген.

Ал «ұлттық» термині ұлтқа тиесілі деген мағынаны білдіреді. «Ұлт» ұғымына Қазақстанның ұлттық энциклопедиясында былай деп анықтама берілген: ұлт – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі. Сонымен бірге, көптеген ұлттардың ортақ аумағы, ортақ экономикасы, сол ұлт өкілдерін біріктіретін мемлекеті болады. Ұлт қалыптасуында адамдардың бірлігінің бастауы болатын ортақ этногенетикалық тек те маңызды рөл атқарады. Осындай талап тұрғысынан қарастырғанда «ұлт» және «этнос» ұғымдары біріне бірі өте жақын, этнос ұлттың туып, қалыптасуына негіз болады. Дегенмен, әлі де философиялық және саяси-әлеуметтік ой-пікірде «ұлт», «этнос» категориялары туралы бір арнаға тоғысқан түсінік қалыптаспаған.

Бұл орайда, ұлт туралы О.Бауер: «Ұлт – тағдыр ортақтығы байланыстырған ортақ сипатты адамдардың бүкіл жиынтығы. Осы тағдыр ортақтығы негізінде пайда болған белгі ұлттық мәдениет ортақтығын интернационалдық ортақтықтардан: кәсіби, таптық, мемлекетті құрайтын халықтық – бір сөзбен айтқанда, түп негізін бір тектілік құрайтын осындай барлық ортақтықтардан бөліп тұрады. Ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы, одан басқа ештеңе де емес», – деп айтады.

Әлемдік философиялық, әлеуметтік-саяси ойда «ұлт» ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Себебі, әр мемлекетте «ұлт» ұғымы жергілікті әлеуметтік және саяси ахуалға байланысты қабылданады. Дегенмен, ұлт дегеніміз «этнос» негізінде пайда болатын әлеуметтік қауымдастық. Ұлттық белгілер этникалық белгілерден туындайды. Халықтарды әлеуметтік-экономикалық формациялар теориясына сүйеніп ұлтқа, этносқа, ұлысқа, тайпаға бөлу маркстік идеялардың негізінде пайда болған.

Жоғарыда айтылғандардан, ұлт – бұл өз ерекшелігімен анағұрлым дамыған әлеуметтік-этникалық қауымдастық. Бұл этникалық қауымдастықтың тұрақты белгілері негізінде пайда болған қауымдастық, оған – ортақ экономикалық байланыстар, территория, тіл, мемлекет және ұлттық сипат жатады, бұл ұлттың мәдениеті, тұрмыс ерекшелігінен көрініс тауып отырады. Мәдениеттегі ұлт көрінісі – бұл тек тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр ғана емес, сонымен қатар, халықтың өзіндік мінезі, тілі, психологиясы, оның тарихи негізі және әлемді қабылдау ерекшеліктері.

Жоғарыда айтылған «идея» мен «ұлт» терминдерін біріктіретін болсақ, онда ұлттық идея бұл ұлттың ойы, санада көрініс табатын мақсат-мұраттары десе де болады. Ол ұлттың өзіндік санасының жүйеленген көрінісі ретінде халықтың, этностың, ұлттың өмір сүру мәнін анықтап, ұлттың пайда болуы мен тарихын, оның тарихи миссиясын көрсетеді.

Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген этностық сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ұлт бар жерде ол да бар. Ұлтпен бірге өмір сүреді, жойылмайды, құбылып өзгермейді.

Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашыл бағыттар сараланып, қаламгерлер шығармашылығығылыми, әдеби-теориялық тұрғыдан зерттелінді. Дәстүрмен жаңашылдықтың жаңа дәуірдегі көрінісіне талдау жасалынды. Мақаланы жазу барысында қазіргі қазақ лирикасындағы

жаңашыл бағыттар сараланып, қаламгерлер шығармашылығы ғылыми, әдеби-теориялық тұрғыдан зерттелінді. Дәстүр мен жаңашылдықтың жаңа дәуірдегі көрінісіне талдау жасалынды. Мақаланың негізгі мақсаты – қазіргі қазақ лирикасындағы көрнекті қаламгер шығармашылығының бет-бейнесін ашу, жаңашылдықты анықтау, қазіргі лириканың өзіндік ерекшеліктерін тану, туындылардың қазақ әдебиеті тарихындағы орнын белгілеу болып табылады. Мақалада қазіргі қазақ лирикасының жаңашылдығы сөз бола отырып, тәуелсіздік алған тұстан бері қарай қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбамен, үнмен келген ақындар легінің шығармашылығына ден қойып, қазіргі белгілі ақындарымыз Қалқаман Сариннің, Ақберен Елгезектің, Әлібек Шегебайдың, Алмас Темірбайдың, Асылзат Арыстанбектің шығармалары талданады. Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдықты зерттеуге бағытталған бұл мақаланы жоғары және орта оқу орындарында, жекеленген ақындар шығармашылығымен таныстыруда қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

Белгілі бір дәуірде өмір сүрген суреткерлер шығармаларында болжалды идея үнемі бірыңғай күйде көрініс таппай, сан-салалы көркемдік шешімдер арқылы бой көрсететіні ақиқат. Әрбір әдеби бағыттың, көркемдік әдістің өз шеңбер шегі, шектеулі мүмкіндіктері бар. Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Бұл бағыттарды біріктіретін бір-ақ ұстаным бар, ол – ұлттық рух» [1, 176].

Ұлттық рух жолындағы күрес белгілі бір дәуірде идеяға айналады. Барлық адамзаттың күш-жігері мен мүмкіндік-қабілеттері сол идея айналасында қызмет етеді. Осылардың ішінде әдебиет өкілдері идеяны жүзеге асыратын бірден-бір «күш иелері» болып табылады. Әдебиет те, әдебиет тарихы да, әдебиет өкілдері де қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді.

Ел тарихындағы жыраулар орнын М. Әуезов: «Анығында өсиетші қария толғаушыл жыраудың міндеті өлеңшілік емес, елге басшылық істеп, басықы айту болатын. Хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешек болса, барлығына шешу сөзді солар айтатын. Ел тіршілігінің барлық ауыр істері осылардың қабылдауымен іске асатын. Қайым тіршілігінде бұлардың саяси салмағы сондайлық зор болғандықтан, аузынан шыққан сөзі олқы болмауға керек. Көлденең кісі мін таба алмайтындай, қорғасындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Сол себепті бұлардың сөзі асыл өлең өлшеуімен шығуы шарт болған. Ел билеген жақсы туралы заманның сыны мен ұғымы сондайлық болғандықтан, әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен, сөз тапқыш өткір деген суырылған шешеннен, суырылған ақыннан алатын» [2, 196-197] – деп бағалаған екен. Ендеше XV–XVIII ғасырлардағы жыраулардың қай-қайсысыда осы талаптан табыла білген.

Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сынығы,
Билер отты би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл шалқыған жалғызы,
Бұлұт болған айды ашқан
Мұнар болған күнді ашқан
Мұсылман мен кәпірдің,
Арасын өтіп, бұзып дінді ашқан
Сүйіншіұлы Қазтуған!!! [3, 50], –

деп ұранды жырдың үлгісін салған Қазтуған да, өзін «Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағасы» деп бағалаған Доспамбет жырау да – өткеннен бізге үзігі жеткен ерлік пен азаттықты ұштастырған отты жыр дәстүрінің тарланбоздары.

Тәуелсіздікті ту көтерген жыр үлгісі солардан қалған. Олар – еш қаймықпайтын, елінің тағдырын өзімен еншілес көрген жаужүрек жыраулар. Қажет тұсында қол бастап, бейбіт кезеңде сөз бастап, елінің еркіндігін – ер мерейі деп білген ел ағалары, жұрттың қамы жолында шейіт болар өлім де оларды өкіндіре қоймайды. Белгілі әдебиетші ғалым Ж.Тілепов Доспамбеттің жыраулық болмысын былайша тұжырымдайды: «Доспамбет жырау өмірінің өкініші мен шүкіршілігі турасында көп толғаған үлкен философиялық өренің, белгілі бір пікірді тұжырымдап айтар, жаратылысына жалтақтық пен жасқаншақтық жат өр мінезді, өжет ойдың иесі» [4, 79].

Доспамбет жырау өзінің «Айнала бұлақ басы тең» – деп басталатын ұзақ толғауында:

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен,
Аймедетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынан
Зырлап аққан қара қан
Тыйылмайды жанның уақ тамырдан,
Сақ етер тиді саныма,
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты,
Жарықшылар жоқ па екен,
Жармай білте саларға,
Жағдайсыз жаман қалып барамын
Жанымда бір туғанның жоғынан!... [3, 69-70] –

дейтін жолдар бар. Мұхтар Мағауин «Жорықшы жырау» деп атаған Доспамбет жырының біз мысалға келтірген соңғы екі жолында өкініш лебі естілгендей. Бірақ толғаудың аяқталар тұсында өршіл жолдар бұл күмәнді ойды жоққа шығарады. Өзінің өмір жолын, ерлік істерін жырлай келіп жырау қас батырға тән өжет мінезбен өлімге бас тіккендігіне өкінбестігін білдіреді.

Әдебиеттер

1. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Алдаспан / Құраст.: М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1971.
4. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Мектеп, 1967.

Д.А. УМБЕТОВ

магистрант 2-го курса КФУ

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ПОЭТИЧЕСКОГО ТЕКСТА С РУССКОГО ЯЗЫКА НА КАЗАХСКИЙ (НА МАТЕРИАЛЕ М.Ю. ЛЕРМОНТОВА «ГОРНЫЕ ВЕРШИНЫ» И АБАЯ КУНАНБЕВА «ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП»)

Аннотация. Мақала Лермонтовтың «Горные вершины» және Абай Құнанбаевтың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдері негізінде поэтикалық шығарманы орыс тілінен қазақ тіліне аударудың ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Зерттеу негізінде М.Ю.Лермонтовтың өлеңінің аудармасын жүзеге асыру барысында Абай орыс классигінің шығармасын қазақ менталитетіне бейімдеу мақсатын көздегені анықталды.

Кілт сөздер: поэзия, поэтикалық мәтін, поэтикалық аударма, көркем аударма, өлең, поэтикалық тіл.

Аннотация. Статья посвящена изучению специфики перевода поэтического произведения с русского языка на казахский на материале стихотворений М.Ю. Лермонтова «Горные вершины» и Абая «Қараңғы түнде тау қалғып». На основании проведенного исследования было выявлено, что в ходе реализации перевода стихотворения Лермонтова Абай преследовал цель адаптации произведения русского классика для казахской ментальности.

Ключевые слова: поэзия, поэтический текст; поэтический перевод, художественный перевод, стихотворение, поэтический язык.

Abstract. The article is devoted to the study of specificity of the translation of the poetic work from Russian into Kazakh on the material of Lermontov's poem «Mountain peaks» and Abay's poem «Qarangy tynde tau kalgyp». On the basis of the conducted research it was revealed that during the translation of Lermontov's poem, Abay pursued the goal of adapting the work of the Russian classic for the Kazakh mentality.

Keywords: poetry, poetic text, poetic translation, artistic translation, poems, poetic language.

Поэтический текст представляет из себя один из способов реализации межкультурной коммуникации: по мнению знаменитого советского филолога М.М.Бахтина, одной из главных задач художественного текста является диалог автора не только с читателем, но и с культурой. В свою очередь перевод поэтического текста позволяет представителям одних культур познакомиться с литературным наследием других.

Одним из самых знаменитых казахских переводчиков является Абай Кунанбаев, чья просветительская миссия заключалась в окультуривании казахского народа посредством перевода произведений русскоязычных поэтов. Произведения М.Ю.Лермонтова стали известны в казахской степи благодаря переводческой деятельности автора Абая Кунанбаева.

Одна из отличительных особенностей переводов Абая заключается в том, что он, как переводчик, старался сохранять художественную ценность своего языка, благозвучность в переводе на казахский язык в той степени, в котором текст являлся бы близок к оригиналу, уметь воспроизводить чужую культуру на родной казахский язык. Особенно ярко переводческая самобытность Абая Кунанбаева продемонстрирована в переводе стихотворения «Горные вершины» М.Ю. Лермонтова.

Стихотворение «Горные вершины» было переведено Абаем на казахский язык в 1893 году, название произведения было интерпретировано следующим образом – «Қараңғы түнде тау қалғып» [1]. Особое переводческое видение казахского поэта демонстрируется в первых строках стихотворения: если лермонтовские горные вершины находятся в полном состоянии сна (Горные вершины / Спят во тьме ночной...), то переводе Абая глагол «спать» меняется на «дремать» (Қараңғы түнде тау қалғып...). Далее казахский поэт при помощи глагола «балбырау» (*засыпать*) описывает процесс изменения фазы природы – все вокруг пребывало в легкой дрёме, однако теперь погружается в сладкий крепкий сон (Ұйқыға кетер балбырап...) [3].

Абай в своем переводе использует такие формы глагола как: «қалғып» (дремля), кетер (уходят), «балбырау» (засыпать), түн басады (наступает), салбырлап (повиснув) дел-сал қып (впасть в апатию) и др. Данные глаголы и глагольные формы поэт использует, чтобы наглядно продемонстрировать не только процесс наступления ночи и погружение всего живого в сон, но и динамизм ночной природы, в то время как у Лермонтова взгляд движется сверху вниз, от большего к меньшему (от вершины до листа), и всё это происходит в ночное время.

В ходе перевода Абай также прибегает к изменению места действия, адаптируя «долину» Лермонтова (тихие *долины*) под казахскую ментальность, тем самым заменив ее на слово «степь»

(Даланы жым-жырт, дел-сал кып...). Для достижения гармоничной картины лермонтовской ночи Абай использует такие слова как «жым-жырт» (*безмолвный*), «дел-сал» (*пассивность, апатия*) – изображение природы с помощью представленных выше художественных средств также описывает внутреннее состояние лирического героя стихотворения [5].

Заключительную часть «Горных вершин» Абай также наполняет особым смыслом (Тыншы-гарсың сен дағы, /Сабыр қылсаң азырақ.): последние строчки произведения Лермонтова (Подожди немного, / Отдохнёшь и ты.) кардинально отличаются от казахского перевода. Абай вводит слово – «сабыр», что для казахского степняка и верующего мусульманина обозначает не ожидание, а высшую степень терпения, выдержки и прочности. В свою очередь слово «тыншы-гарсың» связано не с отдыхом, а с обретением умиротворения.

Исходя из сказанного выше, можно сделать вывод о том, что перевод литературных произведений является важным звеном межкультурного диалога. Переводческая деятельность Абая ярко демонстрирует его поэтический дар и просветительскую миссию – в ходе перевода поэт пропускает стихотворение сквозь призму казахской ментальности, тем самым приближая замысел поэтического произведения к реалиям своей родной культуры. С переводом Абая стихотворение «Горные вершины» заиграло новыми красками, не утратив своей первоначальной мудрости и красоты. Большая заслуга Абая Кунанбаева заключается в правильной передаче особенностей «иной» культуры на казахский язык для своего народа – именно это в свое время ознаменовало переход переводческой деятельности в Казахстане на потенциально новый уровень, который сегодня должны поддерживать все переводчики поэтических произведений.

Литература

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы: Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2002 – 336 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2002 – 336 б.
3. Ахметов З.: Абайдың ақындық әлемі / Абай әлемі. – URL: <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=871> (дата обращения: 15.11.2022).
4. Бектаев К. Большой казахско-русский, русско-казахский словарь. – Казахстанский проект развития государственного языка, 1996. – 697 с.
5. Тарақов Ә.С. Абайдың аудармашылық таланты [Текст]: оқу құралы / Ә.С. Тарақов. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 259 б.

ШӘЙХУЛОВ ЮНЫС ДАНИСУЛЫ,

КФУ, 2 нче курс магистранты,

Казан шәһәре 21 нче гимназиясенең туган тел (татар теле)

һәм әдәбияты укытучысы

yunus19981812@mail.ru

ТӨРКИ СҮЗЛӘРНЕҢ ИНГЛИЗ СҮЗЛЕКЛӘРЕНДӘГЕ УРЫНЫ

Аннотация. Инглиз теленә төрки алынмаларның ничек килеп элэгүен, телдә ничегрәк яшәвен, хәзерге инглиз телендә аларның сакланып калу-калмау үзенчәлекләре барланды. Гомумән алганда, инглиз телендә төрки алынмаларның шактый булуына игътибар ителде, аларның үзләштерелү юллары барланды.

Төп сүзләр: төрки сүзләр, алынмалар, сүзлекләр, телләр, инглиз теле;

Annotation. It was investigated how Turkic loanwords got into the English language, whether they have been preserved in modern English. In general, attention was drawn to a significant number of Turkic borrowings in the English language, on the way of their assimilation and their place in English dictionaries.

Keywords: turkic words, borrowings, dictionaries, languages, english.

Тел галимнәре теләсә кайсы телнең үсештә-үзгәрештә булуын даими рәвештә искәртеп тора. Телнең лексик катламы, билгеле булганча, социаль факторларга тиз бирешә. Башка халыклар белән мөнәсәбәткә кереп, икътисади, мәдәни, сәяси бәйләнешләр булдыру нәтижәсендә, телдәге сүзлек составы сизелерлек дәрәжәдә арта. Бу вакытта, нигездә, яңа төшенчәләр һәм реалийлар барлыкка килә. Глобальләшү шартларында әлеге процесс даими рәвештә үзгәрә, чөнки тормышка бәйле үзгәрешләр төрле милләتلәр арасындагы аралашуларның артуына китерә. Нинди дә булса телгә төрки телләр аша үтеп кергән теләсә кайсы сүзгә төрки алынма дип атыйлар. Төрки телләргә эзербайжаннар, балкарлар, башкорлар, гагаузлар, казаклар, караимнар, каракалпаклар, карачайлылар, кумыклар, татарлар, төрекләр, төркмәннәр, үзбәкләр, чуашлар һәм башкалар кебек тугандаш халыкларның телләре керә. Төрки халыкларның саны кырыктан артып китә дип исәпләнә. Төрки телнең гомуми саны – 150 миллион тирәсе.

Ә төрки алынмалар инглиз теленә ничек килеп эләккән соң? Инглизләр белән төркиләр ничек бәйләнешкә кергән? Әлеге ике халык янәшә яшәми, хәтта иң танылган төрки тел булган төрек теленә роле һәм абруе да инглиз теле белән янәшә тора алмый. Болай уйлау – ялгышлык. Төрле заманнарда һәм Евразия кыйтгасының төрле урыннарында төрки халыклар күп төрле дәүләتلәр булдырганнар, шул исәптән, Хун империясе, Төрки каганат, Алтын Урда һәм башкаларны да әйтәргә кирәк. Төрки телләр, башка телләр белән беррәттән, инглиз телендә дә шактый тирән эз калдырган. Моңа түбәндәге халыкларның телләрен кертеп карарга мөмкин: балкарлар, гагаузлар, казаклар, караимнар, үзбәкләр, каракалпаклар, татарлар, төрекләр, төркмәннәр, карачайлылар һ.б. Төрле тарихи чорларда төрки халыклар Евразия континенты территориясендә үз дәүләтләрен булдыра. Моңа Хуннар империясен, Төрки каганатны. Алтын Урда дәүләтен һ.б. кертеп карарга мөмкин. Галимнәр исәпләвенчә, инглиз телендә 400 гә якын төрки алынма бар. Шуларның 55 % – этнографик реалийлар, 26 % – ижтимагый-сәяси юнәлештәге сүзләр, 19 % – табигый реалийлар тәшкил итә.

Табигый реалийлары арасында *badian, beech, irbis, jougara, mammoth, sable, taiga, turkey* һәм башкаларны атап үтәргә кирәк. Бу төркемгә 18 минерал атамасы да керә, мәсәлән, *dashkesanite, turanite* һәм башкалар.

Игътибарга лаек ижтимагый-сәяси реалийлар: *bashi-bazouk, begum, effendi, chiaus, cossack, ganch, horde, janissary, khan, lackey, mameluke, pasha, saber, uhlan*.

Этнографик реалийлар арасында шулай ук инглиз лексикасының ерылгысыз өлешенә әверелгән төрки алынмалар да бар: *caviar, coach, kiosk, kumiss, macrame, shabrack, shagreen, vampire* һ. б.

Шунысын да әйтәргә кирәк: төрки алынмаларның инглиз теленә уңышлы гына үтеп кереп «яшәп» киткәннәре аз түгел. Аларны стилистик яктан нейтраль алынмалар дип атарга була. Чөнки әлеге сүзләр әдәбиятта да, сөйләм телендә дә шактый иркен файдаланыла. Төрки алынмаларның инглиз телендәге фразеологизмнар составында очравы моның ачык мисалы булып тора. Төрки алынмаларны инглизләр еш куллана. Кайчандыр инглиз теленә үтеп кергән алынмаларны инглиз халкы үз сүзләре кебек файдалана һәм шуңа күрә дә алар инглизләр сөйләмдә еш күзәтелә. Шулай ук төрки алынмалар аша инглиз телендә сөйләшүчеләрнең дөнья картинасына булган карашлары да шактый кинәя төшә.

Илләр арасында сәяси һәм икътисади мөнәсәбәтләр үсү белән бәйле рәвештә, инглиз теленә Азия, Африка, Көнъяк һәм Төнъяк Америка һәм Австралия территориясендә яшәүче

күп кенә халыклар телендә булган сүзләр үтеп керә. Галимнәр хәзерге инглиз телендә якынча 50 телдән кергән алынма яши дигән фикердә тора. Алынма сүзләр ярдәмендә телнең лексик байлыгы үсә, шулай ук алынмалар сүзләрнең яңа тамыры, сүз ясалыш элементлары һәм төшенчәләре барлыкка килүгә этәргеч бирә һәм кешелекнең ижтимагый яшәеш шартларына яраклаштырыла. Алынмаларның үтеп керүенә нәрсәләр йогынты ясаган дигән сорауга илләр һәм дәүләтләр арасындагы сәүдә мөнәсәбәтләрен актуаль җавап итеп китерергә мөмкин. Шуңа күрә дә инглиз телендәге алынмаларның шактый өлеше Англиягә үтеп кергән эшләнмәләрнең исемнәре белән бәйлә.

Шәрәкь илләре белән сәяси, икътисади һәм мәдәни мөнәсәбәтләренң тыгыз булуы инглиз теленең сүзлек байлыгында тирән эз калдырган. Ягъни инглиз теленә әлеге илләрдәге халыкларның сөйләмә, көнкүрешә, тормышында булган шактый гына сүзләр үтеп кергән. Нигездә, инглиз телендә күпләгән гарәп һәм төрки алынмаларны очратырга мөмкин. Төрки телләрнең инглиз теленә үтеп керүенә тагын бер юлы – викинг теле. Викинглар IX-XII гасырлар аралыгында, ягъни озак вакытлар дәвамында болгарлар, печенеглар, кыпчаклар һәм башка төрки халыклар белән тыгыз элемтәдә яши һәм, шул сәбәпле, алардан кайбер төшенчәләргә ала. Викинглар – дингез гизүчеләр, хәрбиләр, сәүдәгәрләр – 800 елдан башлап үз экспансиясен башлап җибәрә, V гасырларда ук һуннарның кылычларына өстенлек бирә. Ә Скандинавия Англия өстеннән хакимлек иткән чорда (IX-XII гасыр) викинглар теле инглиз теленә көчле йогынты ясы.

XI-XIII гасырларда төрки сүзләр инглиз теленә иске француз теле аша үтеп керә, әлеге телдә Англиянең идарә итүче катламы сөйләшә. Инглизләрнең төрекләр белән турыдан-туры мөнәсәбәтә тәре походлары вакытында башлана, анда үз сугышчылары белән инглиз феодаллары да катнаша. 1096 елдан алып 1270 елга кадәр Палестинага җиде тәре походы оештырыла.

Буталау, яулап алу походлары Европа мәдәнияте өчен уңай нәтиҗәләргә китерә. Көнбатышта ашар алдыннан кулларны юа башлылар, өстәл артында пычаклар һәм чәнечкеләрдән файдаланырга өйрәнәләр, кайнар мунчага керә башлылар, киём-салымнарын алыштырырга өйрәнәләр. Европалылар дөгә, караодай, лимон, абрикос, карбыз үстерергә керешә, ризыкка шикәр куша башлы. Европада ефәк тукымалар һәм көзгеләр ясарга өйрәнәләр, металллар яхшырак эшкәртелә.

Тәре йөртүчеләргә төп көндәшләр – төркиләр белән бәрелешергә туры килә. Аларны Көнбатышта сарацинналар дип атап йөртәләр. Шунысы кызык, караодайның инглиз телендәге атамаларының берсе – Saracen corn – «сарацин ярмасы». Бу исә әлеге культура атамасының үтеп керү урыны һәм вакыты турында сөйли. Европалылар «Saracen» (кыпчакның синонимы) төрки кабиләсенә атамасын барлык мөселманнарга, шул исәптән, Сирия, Палестина һәм Мисырда яшәүче гарәпләргә тараткан. Моңа бәйлә рәвештә күп кенә этимологик сүзлекләрдә Saracen сүзен гарәп алынмасына кертеп карыйлар.

Инглиз теленең лексик составында алынмалар шактый зур әһәмияткә ия. Чит тел элементлары башка телгә үтеп керә һәм бөтенләй башкача «яши» башлы. Кайбер очракларда алар алынмаларны кабул итеп алучы телгә килеп керү белән, шул телдәге фонетик, грамматик, сүз ясалыш нормалары нигезендә үзгәреш кичерә һәм шул рәвешле, сөйләмгә дә күчә. Ә башка очракларда алынма сүзләр милли үзенчәлекләргә саклы һәм милли колоритны җиткерүдә мөһим роль уйна.

Төрки сүзләр инглиз теленә турыдан-туры да үтеп кергән һәм арадашчы телләр аша да үзләштерелгән. Төрки телләргә бәйлә сүзләр инглизләр һәм саксларның бабалары IV гасыр ахырында һуннар-төркиләр белән бәйләнешкә кергәннән соң үтеп керә башлы. 376 елда бөтен Үзәк Европа һуннар хакимияте астында кала һәм бары тик 449 елда гына, һуннар короле Атилла үләр алдыннан гына, инглиз, сакс һәм юртларның кайбер төркемнәре

Британия утрауларына күченә башлый. Әлеге күчеш процессы 150 елга яқын дәвам итә. 1579 елдан башлап, Төркия белән Англия арасында дустанә мөнәсәбәтләр урнаша. Төркиягә күп санлы инглиз сәүдәгәрләре килә. Анда инглиз сәүдә колонияләре булдырыла һәм чиркәүләр төзелә. Төркиягә килгән инглизләр әхлак, көнкүреш, горейф-гадәтләр, мәдәният, Төркиянең ижтимагый-сәяси корылышы турында үзләренең хатлары, көндәлекләре һәм хисапларында тәфсилләп язып калдыра.

Инглиз язучылары үз әсәрләрендә Көнчыгыш тематикасын яктырту өчен төрки сүزلәрдән актив файдалана. Бигрәк тә Кристофер Марло, Шекспир, Байрон, Скоттлар төрки алынмаларны аеруча да күп куллана. 1847 елда Истанбулда инглиз телендәге ике газета *The Levant Herald* һәм *The Levant Times*, француз телендәге жиде газета, немец телендәге бер газета һәм төрек телендәге 37 газета чыга.

Төрки алынмалар инглиз теленә төрек теле аша гына үтеп керми. 1558-59 елларда инглизләр яңа гына Мәскәү дәүләте кулына эләккән Идел сәүдә юлын Иран аша Һиндстанга чыгу өчен файдаланырга омытты. 1558 елда инглиз коммерсанты Антони Дженкинсон ярдәмчеләре Ричард һәм Роберт Джонсон һәм грамоталар белән тәэмин ителгән татар-толмачы Иван IV белән Идел буйлап аска таба китә. Алар Казанда, Әстерханда, Мангышлак ярымутравында, Бакуда, Бохарада һәм Сәмәркандта була. Дженкинсоннан соң Идел буена инглиз сәяхәтчеләре еш килә. 1601 елда Мэр Антони Шерли ярдәмчесе Уильям Парис белән Каспий дингезе буйлап сәяхәт кыла. 1625 елда ул әлеге сәяхәттән алган тәэсирләрөн бастыра.

Төрки алынмалар инглиз теленә төрле телләр аша үтеп керә. Мәсәлән, аларның күбесе немец теле аша үзләштерелә: *shabrack*, *trabant*; шулай ук испан теле аша үтеп кергәннәре дә бар: *bocasin*, *lackey*; латин теле аша түбәндәге сүзләр кергән: *janissary*, *sable*; итальян теле аша да төрки алынмалар үзләштерелгән: *bergamot*, *kiosk*. Төрки алынмаларның иң күп өлеше инглиз теленә француз теле аша үтеп керә, мәсәлән: *badian*, *caique*, *caviar*, *odalisque*, *sabot*, *turkuose* сүзләре шуның ачык мисалы булып тора. Алынмалар инглиз теленә берничә тел аша үтеп кергән очракларда, әлеге телләрнең соңгысы, нигездә, француз теле була.

Кайбер тикшеренүчеләр һун чорындагы төрки алынмаларга түбәндәге сүзләргә дә кертеп карый: *beech*, *body*, *girl*, *beer*, *book*, *king*. Инглиз теленең үсеш процессында борынгы инглиз сүзләренең күпчелеге, шул исәптән, һун чорында төрки телләрдән үтеп кергән алынмаларның күбесе, алман телләре сүзләре белән алышынган, яки иске француз телендәге сүзләр йогынтысында кысырыклап чыгарылган. Мәсәлән, төрки телдән үтеп кергән *tarog* борынгы инглиз сүзе ахе алман сүзе тарафыннан кысырыклап чыгарыла.

Шунысы кызык, «тапа» – «кисү» тамырыннан ясалган бу сүз гарәп, фарсы һәм рус телләренә дә үтеп керә һәм бүгенге көнгә кадәр аларда, шулай ук Көнчыгыш төрки телләрдә сакланып кала. Көнбатыш төрки телләрдә, мәсәлән, төрек һәм татар телләрендә бү сүзгә шул ук мәгънәдәге балта сүзе этеп чыгара, мәсәлән, татар телендәге тапагыч дигән сүз шуның ачык мисалы булып тора.

Еш кына гарәп һәм фарсы телләрендә төрки йогынты исәпкә алынмый диярлек. Әйтик, әгәр дә нинди дә булса инглиз сүзе, мисал өчен, *kourbash* яки *kismet* төрки һәм гарәп телләрендә дә бар икән, Европа этимологлары бу сүзгә инглиз телендәге гарәп алынмасы дип саный. Алар гарәп яки фарсы телләре – борынгы мәдәният телләре – төркиләрдән нинди дә булса сүзләргә үзләштергән дигән фикерне карамый. Шулай ук вакытта гарәп һәм фарсы телләрендә төрки лексиканың шактый катламы булуын да әйтеп үтәргә кирәк.

Дерес булмаган этимологиянең тагын бер мисалы – *sabot* – тәре походы вакытындагы алынма. *Sabot* һәм тамырдаш сүзләр булган *saboteur*, *sabotage* сүзләренең килеп чыгышы француз

теленә барып тоташа, sabot сүзе төрек теле һәм гарәп теле йогынтысында үтеп керә. Sabot сүзе гарәп теленнән килеп чыккан диелә, sabbat «сандалия» дигәнне аңлата. Чынлыкта исә, әлеге сүз гарәп теленә дә, иске француз телләренә дә Якын Көнчыгышта яшәүче төркиләр теле аша үтеп керә.

Төрки телләрдәге чабат (чабат, чабат, сабат, шабат) сүзе «кисү, чабу» мәгънәсен белдергән фигыльдән килеп чыккан һәм башта агач кисәгеннән киселгән аяк киemen аңлаткан. Аннары ул агач аяк киemenнән төрләрән, шул исәптән, үрәп эшләнгән аяк киemen дә белдерә башлый. Агач аяк киemenнән күпчелек төрләре кулланылыштан төшөп калу сәбәпле, әлеге сүз төрле төрки телләрдә төрле аяк киemenнән төрләрән белдерү өчен кулланыла. Хәзерге татар телендә дә «чабата» сүзе бар, ул борынгы вакытта кулланылышта булган үрәп ясалган аяк киemen белдерә. Иске француз теленә әлеге сүз иске мәгънәсе белән үтеп керә, ягъни sabot – агач кисәгеннән ясалган аяк киemen аңлата.

Рус телендә «чебота» буларак кулланылучы сүз шулай ук төрки телләрдәге чабат сүзенә барып тоташа. Испан теленә бу сүз гарәп хәлифәтләре вакытында Испаниядә төпләнөп калган төрки кабиләләр теленнән кергән һәм аның zapata дигән формасы да бар.

Инглиз телендә, sabot, saboteur, sabotage сүзләреннән кала, чабу фигыленнән ясалган тагын берничә төрки алынма бар. Моңа түбәндәге сүзләргә кертеп карарга мөмкин: chabouk (chabuk, chawbuk) – «камчы, озын сыек чыбык»; chibouk – «чыбык, трубка»; saber(sabre) – «кылыч»; sjambok – «чыбыркы, мөгезборын тиресеннән эшләнгән камчы».

«Чабу» фигыленнән ясалган алынмалар инглиз теленә француз, алман, африкаанс, малайя һәм һинд телләре аша үтеп кергән. Әлеге барлык төрки алынмаларда да «чабу» фигыленнән «кисү, турау» кебек мәгънә төсмере сакланып калган. Күп кенә төрки алынмалар инглиз теленә гарәп, фарсы һәм һинд телләре аша кергән. Coach сүзе инглиз телендә иң еш кулланыла торган төрки алынмаларның берсе булып тора, ул «зур ябык арба» мәгънәсен аңлата. Күпчелек этимологик сүзлекләр coach сүзеннән килеп чыгышын Венгриядәге авыл исеме белән бәйләп карый. Ул авыл Кос дип аталган, анда, янәсе, беренче зур ябык арба ясалган. Тик борынгы рус телендә «кочь» төрки алынмасының булуы да мәгълүм, ул «күчәнү өчен кулланыла торган зур ябык арба» дигәнне аңлаткан, соңрак аны «кибитка» (көймәле арба) дип атый башлыйлар.

Төрки лексиканың борынгы инглиз теленә турыдан-туры йогынтысы, ким дигәндә, 73 ел дәвам иткән дигән сүз. Бу төркиләрнән алман кабиләләре өстеннән идәрә итү шартлары белән бәйле. Ул вакыттагы төркиләрнән, алман кабиләләре белән чагыштырганда, мәдәни яктан да, хәрби өлкәдә дә өстенлеген исәпкә алсак, борынгы инглиз теленә бик күп төрки алынмалар, бигрәк тә хәрби, ат тоту белән бәйле терминология, шулай ук дәүләт структурасы белән бәйле төшенчәләргә белдерүче сүзләр үтеп кергән булырга тиеш.

1858 елда Казахстанда да булган Томас Аткинсон үз сәяхәтнамәләреннән китабы басыла. Сәяхәтчеләр, дипломатлар һәм сәүдәгәрләрдән тыш, XIX гасырда Урта Азиягә инглиз разведчиклары да килә. Мәсәлән, 1824 елда Кокандада һиндстан мөселманнары буларак сәяхәт иткән капитан Конолли һәм полковник Стотгардт жәзалана. XX гасыр башына инглиз капиталистлары кулында Казахстан территориясендәге барлык бакыр, полиметалл, күмер сөңгеләрнән күчermәләре була. Аларны күп кенә квалификацияле инглиз эшчеләре һәм инженерлары эшли. Идел бие, Кавказ арьягы, Урта Азия һәм Себердә яшәгән инглизләрнән көндәлекләре, хисаплары, хатларында күп кенә төрки алынмалар кулланыла. Аларның инглиз телендәге эквивалентлары булмый. Мондый алынмалар исәбенә түбәндәгеләр керә: astracan, aul, batman, carbuse, jougara, pul, saigak, toman, turquoise һәм башкалар.

XIX гасырга кадәр инглиз теленә үтеп кергән төрки алынмаларның күбесе кулыштан төшөп калган. Калганнары, нигездә, төрки төбәкләрнән флорасы, фаунасы, көнкүреше, горөф-

гадәтләре, ижтимагый-сәяси тормышы һәм административ-территориаль халәтен тасвирлау өчен файдаланыла.

Әмма гомуми кулланыштагы лексикага караган төрки алынмалар да аз түгел. Кайбер төрки алынмалар, мәсәлән, *bosh, caviare, coach, horde, jackal, kiosk* һәм башкалар, башка мәгънә белдерә башлый. *Attila, the Scourge of God, Gengis Khan, Baber, Tamerlane* кебек яулапалучылар ялгызлык исемнәр булып кереп кала. **Hun, saracen, Tartar, Turk** кебек алынмалар белән дә шул ук хәл күзәтелә. Инглизләр үзләренең кире, үжәт малайларын *young Tartar* дип атый, ул «кечкенә татар» дигән мәгънәгә ия. «Күпкә көчлерәк көндәш белән очрашу» дигән гыйбарә инглиз телендә «*to catch a Tartar*» дип әйтелә. Төрки алынмалар инглиз теленә төрле телләр аша үтеп керә. Мәсәлән, аларның күбесе немец теле аша үзләштерелә: *shabrack, trabant*; шулай ук испан теле аша үтеп кәргәннәре дә бар: *bocasin, lackey*; латин теле аша түбәндәге сүзләр кәргән: *janissary, sable*; итальян теле аша да төрки алынмалар үзләштерелгән: *bergamot, kiosk*. Төрки алынмаларның иң күп өлеше инглиз теленә француз теле аша үтеп керә, мәсәлән: *badian, caïque, caviar, odalisque, sabot, turkuose* сүзләре шуның ачык мисалы булып тора. Алынмалар инглиз теленә берничә тел аша үтеп кәргән очрақларда, әлеге телләренең соңгысы, нигездә, француз теле була.

Төрки телләренең башка телләр белән мөнәсәбәткә керү күренешен өйрәнү хәзерге лингвистиканың үзәк мәсьәләләреннән санала. Төрки алынмаларның бүтән телләргә, шул исәптән, инглиз теленә дә үтеп керү сәбәпләрен, вакытын һәм юлларын тикшерү һәм өйрәнү, аларның башка телдә яраклашып китү үзенчәлекләре тарихи лексикологиядә дә актуаль булып кала. Моннан тыш, инглиз теле һәм төрки телләр кебек төрле төзелешкә ия булган телләренең үзара мөнәсәбәткә керү күренеше дә бик кызыклы.

Әдәбият

1. *Ахматнуров С.* Распад тюркского каганата, 2015.
 2. *Биккинин И.* Тюркизмы в английском языке.
 3. *Бурибаева М.* Тюркизмы в русском языке, 2015.
 4. *Егер О.* Всемирная история: В 4 т. Т.2. Средние века. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2000. – 696 с.: илл.
 5. *Иванова И.П., Чахоян Л.П., Беляева Т.М.* История английского языка. Учебник. Хрестоматия. Словарь. Серия «Учебники для вузов. Специальная литература» / Оформление обложки С.Л. Шапиро, А.А.Олексенко. – СПб.: Издательство «Лань», 1999. – 512 с.
 6. История средних веков: Европа/ А.Н. Бадак, И.Е. Войнич, Н.М.Волчек и др. – Мн.: Харверст, 2000. – 736 с.
 7. *Крысин Л.П.* Слово в современных текстах и словарях, 2014.
 8. *Мухамметдинов Р.Ф.* Тюркив истории мировой цивилизации/Груммант, Казань, 2018. – С.155.
 9. *Расторгуева Т.А.* История английского языка: Учебник / Т.А.Расторгуева. – 2-е изд, стер. – М.: ООО «Издательство Астрель»: ООО «Издательство АСТ», 2002. – 352 с. – На англ. яз.
- Интернет источники:
1. Online Etymology Dictionary [Электронный ресурс]: Интернет-версия этимологического словаря. Режим доступа: <http://www.etymonline.com>
 2. <http://tatarica.narod.ru>
 3. <http://www.rusnauka.com>

ПОСЛОВИЦЫ С КОМПОНЕНТОМ-ЗООНИМОМ В ТАТАРСКОЙ ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ

Аннотация. В статье рассматриваются татарские пословицы с компонентом-зоонимом. Выявляются установки культуры, отраженные в пословицах и стереотипные представления татарского народа о животных.

Ключевые слова: паремия, компонент, зооним, пословица.

Abstract. The article deals with tatar proverbs with the component of zoonym. The article reveals cultural attitudes reflected in proverbs and stereotypical ideas of the tatar people about animals.

Keywords: paremia, component, zoonym, proverb.

На сегодняшний день глобализация и интеграция признаются интенсивными процессами которые реализуются во всемирном масштабе и они, с одной стороны, являются предпосылкой возникновения интереса к другим культурам, этнографическим особенностям, а с другой стороны являются причиной противоположного процесса – стремления сохранить национальное самосознание, национальные особенности. Как известно, паремии ярко выражают мировоззрение народа, его бытовые особенности, на сегодняшний день многие исследователи считают, что «паремии – составляют фрагмент языковой картины мира» [6, 52 стр.]. Как пишет И.В. Горбань, «паремии, являясь одной из форм ментальной репрезентации, вбирают в себя итог, результат восприятия человеком себя и действительности» [1, 174 стр.]. Поэтому, они являются удивительно богатым материалом в исследованиях разного направления. Например, М.Л. Ковшова изучив паремии в семантическом и прагматическом аспектах, приходит к следующим выводам: «паремиям свойственно не только языковое значение, а также и культурная коннотация» [5, 25 стр.]. Такие особенности отмечаются и татарскими учёными-исследователями. К примеру, по словам Р.Р. Замалетдинова «уже в момент возникновения и фиксирования паремий в системе языка, участвуют национально-культурные стереотипы и эталоны» [3, 123 стр.]. Паремии дают возможность больше узнать о национально-культурной семантике знаков в языке, о культуре, обрядах и обычаях народа; в их внутренней форме ярко выражается национально-культурная коннотация. Всё это объясняет глубокий интерес к паремиям.

Татарский народ издревле жил в единстве с природой. Именно поэтому в паремиологическом фонде татарского языка очень много пословиц с компонентом-зоонимом. Довольно большую часть таких паремий составляют пословицы с зоонимами номинирующие птиц. По мнению исследователей, в таких пословицах встречаются около 40 наименований птиц, самыми распространёнными являются ворона, курица, гусь, петух, соловей, воробей, журавль [7]. В основном пословицы с компонентом-зоонимом применяются, когда речь идёт о дружбе или любви, говоря точнее, они конкретизируют является ли ровней или нет тот или иной человек:

- Нәр кош үз ише белән очар [4, 58 стр.].
- Каз – каз белән, үрдәк – үрдәк белән очар [4, 58 стр.].
- Былбыл былбылга очар, козгын козгынга очар [4, 58 стр.].
- Каз дунгызга иптәш түгел [4, 58 стр.].

Здесь мы поподробнее хотим остановиться на пословице «Каз дунгызга иптәш түгел» (букв. Гусь свинье не товарищ). Гусь и свинья довольно отличаются по строению тела, величине,

питанию и образу жизни. Гусь длинноватого телосложения, любит чистоту, питается зерном. Свинья же низкорослая, любит валяться в грязи. В источниках данная пословица представлена как паремия русского языка [2]. Несмотря на это, заслуживает внимания её популярность и среди татарского народа.

В татарских пословицах, в целом как и в народном творчестве соловей является символом любви, тоски. Эта птица довольно часто встречается в лесах Татарстана, поэтому она очень хороша знакома татарам. По нашему мнению, в становлении соловья символом любви и тоски повлияли следующие факторы:

1) Окрас груди соловья в жёлтый цвет. А жёлтый цвет, у татарского народа считается цветом тоски, печали;

2) Человек переживающий чувства печали, тоски в пении птиц находит по своему утешение.

Приведём примеры пословиц с символическим образом любви и тоски:

- Сандугач гыйшкыннан сары булган [4, 74 стр.].

Образы птиц, по манере своего щебетания в пословицах представлены и как носители песен. Например:

- Сандугач жырын жырлыым дип, үз жырыңны онытма [4, 47 стр.].

- Һәр кошның үз моңы [4, 48 стр.].

- Һәр кошның үз тавышы үзенә матур [4, 48 стр.].

- Һәр кош үз тавышыннан тәм таба [4, 48 стр.].

В сборнике пословиц составленным Н. Исанбетом вышеприведённые паремии внесены в тематическую группу «Песня-музыка». Мы считаем, эти полны глубокого смысла пословицы можно применить относительно разных областей жизни. Проиллюстрируем наши наблюдения. Во первых, очень часто в татарской литературе образ птицы тождественен образу поэта. А значит говоря «Һәр кошның үз моңы» (букв. У каждой птицы своя песня), можно понять что у каждого поэта свой метод творения. Пословица «Сандугач жырын жырлыым дип, үз жырыңны онытма» (букв. Стремясь петь песню соловья, не забудь свою песню) предостерегает человека о том, чтобы он не забывал своё истинное предназначение подражая кому-то. Пословицу «Һәр кошның үз тавышы үзенә матур» (букв. Голос каждой птицы красив для себя самого) можно понять как очарование своим даром. По нашему мнению, также образ птицы можно отождествить с нацией, а голос, пение, щебетание птицы с языком этой нацией. В этом случае каждая вышеприведённая пословица звучит уместно.

Конечно, образы птиц раскрывают и другие особенности национального характера, образа жизни народа. Например:

- Аның этәче дә күкәй сала [9, 109 стр.].

Данная пословица применяется тогда, когда у соседа (знакомого и т.д.) дела всегда идут хорошо, всё складывается удачно. Эта пословица интересна для исследователей тем, что она даёт информацию о быте татарского народа. И вправду, долгое время основным местом житья у татар считалась деревня. В деревнях же практически не было человека который бы не держал кур, петухов. Общеизвестно, петух не несёт яйца, эти строки служат для создания смехотворной ситуации. Пословица демонстрирует следующее: вместе с тем, что татарам свойственны многие положительные качества (усердие, ловкость, терпение и т.д.), есть и некоторые отрицательные моменты. Среди них – зависть.

В татарских пословицах наименования пресмыкающихся животных встречаются не так часто, в основном эти пословицы связаны с образом змеи. Следует сказать, это – один из противоречивых образов и это противоречие связано с историей, поверьями народа. Если желание быть всегда молодым сбрасывая кожу делает змею символом бессмертия и молодости, то своей ядовитостью она символизирует и смерть. Если факт того, что змея может укусить

ядовитым языком делает её символом коварства и зла, то польза от её яда при осторожном его применении делает её святочем науки, особенно в области медицины. В татарской картине мира, изначально, змея представлялась в положительном русле, но уже много веков назад, под воздействием русской культуры она начала восприниматься как коварное животное. Такое мировоззрение быстро набрало популярность и вскоре укоренилось в пословицах:

- Еланни кем үтерсә, шуңа сәвап;
- Еланни сөт белән туендырсаң да зәһәре кимемәс;
- Еланни коткарсаң, ин элек сине чагар;
- Еланның елтырагына ышанма;
- Еланның түше шома, эче агу;
- Йоклаган еланни уятма [8, 12 стр.].

Как мы видим, в вышеприведённых пословицах посредством образа змеи критикуются такие человеческие качества как хитрость, коварство. Но в отдельных пословицах сохраняются и древние поверья, по которым змея существо, которое отвечает добром на добро:

- Анда елан мөгезе генә юктыр [9, 109 стр.].
- Өндәвен белсәң, елан да күнә [4, 82 стр.].
- Димли белсәң, елан кызын бирә ди [4, 82 стр.].

В татарских пословицах часто встречаются образы барана, лошади, коровы, утки, курицы, это и понятно, ведь это наиболее популярные животные в хозяйстве татар, человек жил и живет с ними рядом, пользуется их силой, выносливостью, использует их как пищу (мясо) и т.д. Некоторые из этих пословиц появились на основе наблюдения за животными, подмечания общих закономерностей жизни между животными и людьми. Например:

- Тавык симерсә, арты бөрәшер [4, 625 стр.].
- Симез куйның гомере кыска [4, 625 стр.].
- Сыеры нинди – бозавы шундый [9, 106 стр.].
- Тана бозау тарлауда, үгез бозау үләндә [9, 106 стр.].
- Песи ачка сызланыр, аш салдыңмы – сырланыр [4, 515 стр.].

Рассмотрим другие зоонимы в качестве компонента пословицы. Весьма частотны и разнообразны, на наш взгляд, пословицы с компонентом «лошадь». Это животное занимает важное место в сельском хозяйстве. Как показывают наши наблюдения, а также анализ теоретической литературы, в татарской языковой картине мира лошадь – это сила. В большинстве пословиц раскрываются особенности использования этого животного в сельском хозяйстве, например, лошади способны перевозить тяжёлый воз:

- Ат тартмаслык оят, үгез тартмаслык гаеп [9, 109 стр.].

Достойна внимания и следующая пословица:

- Атның асылына атлан [4, 53 стр.].

Интересно то, что написанная как совет данная пословица приводится как пример к выбору мужа девушкой. По нашему мнению, исходя из этого, можно сказать: в древности не только мужчины, но и женщины были храбрыми воинами, и если возникала потребность они оседлав лошадь, с оружием в руках могли противостоять врагу.

В паремиологическом фонде татарского языка есть и пословицы с образами животных живущих в лесу. Например, волк в пословицах имеет двоякий характер. Он и хищник, убивающий домашний скот, и символ опыта, воинственности:

- «Карт бүре көрт ера» [4, 357 стр.].

В данном случае на примере образа старого волка описываются уловки опытного мужчины побеждать врагов. Как пишет сам Н. Исанбат, поговорка вошла в жизнь народа благодаря наблюдательности охотников, которым приходилось встречаться со случаями, когда старый

волк, практически окруженный со всех сторон, прокладывает дорогу через сугроб с целью достичь гибели врагов [4, 357 стр.].

Очень редко в татарских пословицах можно встретить образы животных, не обитающих в наших краях:

- Арыслан үз көче белән туяр [4, 519 стр.].

Подытожив всё вышесказанное можно сказать следующее: в татарской паремиологической системе пословицы с компонентом-зоонимом довольно часто встречаются. Особенно частотны в пословицах названия таких животных как лошадь, гусь, змея, соловей. Пословицы с компонентом-зоонимом помогают характеризовать человека, раскрывать как положительные стороны его, так и отрицательные.

Литература

1. *Горбань И.В.* Роль паремий в речевых актах (на материале языка русской художественной литературы): дис. ... канд. филол. наук. – Краснодар: КубГУ, 2010. – 196 с.

2. Гусь свинье не товарищ. – URL: <http://fb.ru/article/299665/gus-svine-ne-tovarisch-znachenie-frazeologizma>; дата обращения: 28.09.2022.

3. *Жамалетдинов Р.Р.* Тел һәм мәдәният: татар лингвокультурологиясе нигезләре. – Казан: Мәгариф, 2006. – 351 б.

4. *Исәнбәт Н.* Татар халык мәкальләре. Өч томда. 2 нче т. – Казан: Татар. кит. нәшр., 2010. – 749 б.

5. *Ковшова М.Л.* Культурно-национальная специфика фразеологических единиц (Когнитивные аспекты): дис. ... канд. филол. наук. – М., 1996. – 244 с.

6. Русские паремии: новые формы, новые смыслы, новые аспекты изучения / науч. ред. Т.Г.Никитина. – Псков: ПГПУ, 2008. – 238 с.

7. *Сафина Э.И.* Названия и образы птиц в паремиях татарского языка. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/v/nazvaniya-i-obrazy-ptits-v-paremiyah-tatarskogo-yazyka>; дата обращения: 28.09.2022.

8. Татар халык иҗаты. Мәкальләр һәм әйтемләр / Төз. Х.Мәхмүтов. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1987. – 591 б.

9. Татар халык иҗаты: хрестоматия. – Казан: Мәгариф, 2005. – 479 б.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

І СЕКЦИЯ. ҰЛТТЫҚ КОРПУСТАР ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫН ӘЗІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Фазылжанова А. Үлкен жиілік сөздік туралы.....	5
Белботаев А.Б. Қазақ тілі лексикографиясында жиілік сөздіктердің пайда болуы және оның қазірге дейінгі дамуы.....	12
Белботаев А.Б. Ақын-жазушы шығармалары тілінің сөздігі туралы.....	22
Алдаш А. Сөздің лексикалық-семантикалық сипаттамасын айқындау туралы (тезистер).....	25
Сиразитдинов З.А. Структурно-семантическое моделирование двухактантных обобщенно-личных пословиц башкирского языка (на материале фольклорного корпуса).....	27
Жаңабекова А.Ә. Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау тәжірибесі.....	35
Миров М., Садуакас Н. Асқар Жұбанов және қолданбалы тіл білімінің дамуы.....	47
Алдашев Н.М. Профессор Асқар Жұбанов және қазақ тілінің ұлттық корпусы.....	52
Бускунбаева Л. А. Система поиска в корпусе публицистики башкирского языка (на материале районных газет).....	55
Бесиров Е.Б. А.Қ. Жұбанов еңбектеріндегі баспа ісін автоматтандырудың лингвистикалық негіздері және баспа ісін автоматтандыру	60
Тлегенова Г.Б., Арыстанбекова Б.А. А.Жұбанов еңбектеріндегі автоматтанған оқу жүйесінің негізгі ұстанымдары және білім беру корпустарын жасаудың әлемдік тәжірибесі.....	64
Пірманова К.Қ. Статистикалық есептеу және ықтималдық теориясы (профессор а.қ. жұбанов еңбектері бойынша).....	67
Мурсал А., Қожахметова А.Қ. Корпустық лингвистикадағы күрделі етістік мәселесіндегі морфологиялық белгіленім.....	72
Имангазина М.А. А.Жұбанов еңбектеріндегі лексика-семантикалық топтарды кодтау мәселелері және корпуста семантикалық белгіленім енгізудің әлемдік тәжірибесі.....	77
Бейсенхан С. Ауызша корпустар жасаудың әлемдік тәжірибесі және А.Жұбанов еңбектеріндегі қолданбалы лингвистиканың фонетикалық аспектілері.....	82
Омарова А., Ескендір Ж. Терминологиялық корпус құрудың алғышарттары.....	86

II СЕКЦИЯ. ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abzhekenova B. Effectiveness of critical – thinking techniques for the development of English.....	91
Ақынбек Қ.Ғ. Оқушылардың лингвистикалық құзыреттіліктерін қалыптастырудағы оқулықтың рөлі (5-7 сыныптар).....	98
Алдажарова А. Қазақ тіліндегі «намыс» концептісінің когнитивтік сипаты.....	101
Алясова Д. Қазақ тіліндегі сұрау мәнді құрылымдардың теориялық негіздері.....	107
Аскарова А. Қазақ тілі лексика-фразеологиялық бірліктерінде «мектеп» концептісінің берілуі.....	112
Әбу Д., Ризаходжаева Г. Formation of intercultural-communicative competence of specialized classes students based on educational web-quests.....	117
Әміржан А.Е., Куштаева М.Т. Қазақ фольклоры мен салт-дәстүр сабақтастығының этномәдени құндылығы.....	121
Әміржан А.Е., Куштаева М.Т. Қазақ халқындағы «келіннің» этномәдени тұлғасы.....	126
Әміржанова Н. Айтылым үдерісіне қатысты ауызша әдеби тілдің нормалары.....	131
Бақбергенова Р.Қ., Нүптекеева Г.Б. Профессор Қ. Жұбанов еңбектеріндегі дидактикалық мәселелер.....	137
Барменқұлова А.С. Тұрмыстық лексикадағы этномәдени бірліктердің табиғаты.....	142
Дәуітханқызы Д., Қ.Беккожанова Г. Шетел тілін оқытуда шеттілдік мәдениетті аутенттік лингвомәдени мәтіндерді қолдану арқылы дамыту.....	145
Esenkeldikyzy S., Zhetpeisova N.O. Formation of intercultural communicative competence of high school students through simulation technologies.....	150
Жолшаева М., Жұмахметова Г. Тесттік бақылаудың білім беру жүйесінде пайда болу тарихы мен маңызы.....	154
Жумабаева А. Жоғары сынып оқушыларының ағылшын тілінде сөйлеуін дамытуда әлеуметтік лингвистикалық факторларды қолдану.....	162
Ибрагимова Э.А., Сулейменова Ж.Н. Филолог маманның зерттеушілік қабілетін қалыптастырудың жолдары.....	165
Икапова Д.С. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану.....	171
Karmenova N.N., Argingazina Sh.B., Toktagulova U.S. Effectiveness of using new innovative technologies in teaching	174
Қасымқұл А. Қолөнер бұйымдары – тұрмыстық лексиканың ажырамас бөлігі.....	178
Қожахметова А. Поэтикалық мәтіннің лингвосинергетикалық интерпретациясы.....	182
Мұрат Ұ., Мурзинова А.С. Реалий сөздер – мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде.....	185
Сарсенова Д.У., Айтмуханова С.Е. Имянаречение – культурное богатство, накопленное веками.....	189
Саткенова Ж.Б., Әбділла Б.И. Уақытқа негізделген фразеологизмдерді оқытудағы акт-ның рөлі.....	194
Сейтимова А.И., Түйте Е.Е. Жыртқыш құс атауларына қатысты қалыптасқан кейбір тілдік ұғымдар.....	200

Бексұлтан Ж.Қ. Оқыту үдерісінде мультимедиалық технологияны қолданудың тиімді жолдары	206
Тогжанова Л.К., Тажибаева Ш.А. Использование медиа-ресурсов и смарт технологий в современном образовании.....	210
Турдикулова С.С. Қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным сипаты.....	217
Умбетов Д.А. Особенности перевода поэтического текста с русского языка на казахский (на материале М.Ю. Лермонтова «Горные вершины» и Абая Кунанбева «Қараңғы түнде тау қалғып»).....	220
Шәйхулов Ю.Д. Төркі сүзләрнең инглиз сүзлекләрдендәге урыны.....	222
Яруллина З.Ф. Пословицы с компонентом-зоонимом в татарской паремиологической системе.....	228

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Қазақ тіл білімінің қолданбалы лингвистика саласының негізін салушы, көрнекті
ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор
Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың 85 жылдық мерейтойына арналған
«АСҚАР ЖҰБАНОВ ОҚУЛАРЫ»
тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында
**«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
КОРПУСТАР ҚҰРАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ»**
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Техникалық редакторы, беттеген:
Еркін Бесіров

Мұқабасын көркемдеген:
Дильмухамедова Инара

Теруге берілді 01.11..2022. Басуға қол қойылды 10.11.2022.
Қалыбы 60x84 ¹/₈. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 15.
Есепке алынатын баспа табағы 14,75.
Таралымы 250. Тапсырыс №39.

Редакцияның мекенжайы:
050010, Алматы қ. Құрманғазы көшесі, 29
ҚР ҒЖЖМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

Адрес редакции:
050010. Алматы, ул.Курмангазы, 29
Институт языкознания им. А.Байтұрсынова КН МНВО РК
Тел: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61